

л 2009  
19646к

ЭБИЛБЕК НҰРМАҒАМБЕТОВ

БЕС ЖҮЗ  
БЕС СӨЗ







ӘБІЛБЕК НҰРМАҒАМБЕТОВ

БЕС ЖҮЗ

БЕС СӨЗ

(Сөз төркіні)

АЛМАТЫ «РАУАН» 1994

ББК 81.2-4я 2  
Н 86

Пікір жазған филология ғылымдарының докторы **Ә. Ибатов**

Н 86 **Нұрмағамбетов Ә.** Бес жүз бес сөз.— Алматы:  
Рауан, 1994.— 304 бет.  
ISBN 5-625-02459-6

Кітапта бес жүзден астам сөздің шығу төркіні мен тарихына талдау жасалады. Еңбек VII—XII ғасырлардағы ежелгі түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің деректері негізінде жазылған. Сондай-ақ онда түркі тілдерімен туыс саналатын моңғол, тунгус-маньчжур тобына жататын тілдердің ғана емес, араб, парсы, ішінара қытай, үнді тілдерінің де деректері пайдаланылған.

Кітап жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, аспиранттарға, мұғалімдерге, сондай-ақ ана тіліндегі сөздердің тарихын білуге құмар көпшілік оқырманға арналған.

Н  $\frac{4602030000-080}{404(05)-94}$  240—95

ББК 81.2-4я 2

ISBN 5-625-02459-6

© Нұрмағамбетов Ә., 1994

## АЛҒЫ СӨЗ

Сөз тарихы қызық. Ал сөз тарихының арқауы, негізі — оның мағынасы. Демек, мағынадан, түсініктен тыс қары сөздің өмір сүруі мүмкін емес. XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген неміс ғалымы В. Гумбольдтың дәл осы жөнінде «адам өз бетінің пішінін сыпырып тастай алмайтыны сияқты, ұғым да сөзден арылуы мүмкін емес» дегені бар.

Сөз мағынасының тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Дәлірек айтқанда, қоғамның әр дәуірде дамуына қарай сөз мағынасы да соған сәйкестене отырып, ілгері дами түседі. Осыдан да болар, өз кезінде Оноре де Бальзак: «Сөз жөнінде қандай тамаша кітап жазуға болар еді!.. Бірақ бұл үшін, ең алдымен, тұтас бір ғылым жасау керек», — деген болатын. Бальзактың бұл айтып отырғаны XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген тіл білімі ғылымы еді.

Сөз және оның мағыналарының маңызы жөнінде жазған ғалымдар аз емес. Бірақ оның бәрін тізіп беру біздің міндетімізге жата қоймайды.

Ертеден қалыптасқан қағида бойынша, тілдің негізгі өлшемі, негізгі категориясы — сөз екендігін еске алсақ, тіл тарихы дегеніміз — соны құрастырған сөздер тарихы.

Біздің оқырман қауымға ұсынып отырған мына кітабымызда қазақ тілінде осы күні қолданылып жүрген сөздердің тарихы, анығырақ айтсақ, сөз мағыналарының қоғам дамуына байланысты өзгеруі және солардың алғашқы шыққан төркін тілдері туралы әңгіме қозғалады.

Қазақ тілінде бұл тектес еңбектің тұңғышы — 1966 жылы баспадан шыққан — «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Оны құрастырған — он автор да, қамтылған сөз саны — 337. Екінші бір шағын еңбек — Р. Сыздықованың авторлығымен жарық көрген — «Сөз-



дер сөйлейді» (1980). Бұл еңбекте батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, өткен ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларында, мақал-мәтелдерде кездесетін, бұл күнде мағынасы түсініксіз сөздер төркіні баяндалады. Бұл кітаптардан біз өз еңбегімізге «ашқарақ», «кешқұрым» сияқты санаулы ғана сөздерді кіргіздік. Өйткені олардың алғашқы мағынасы мен түпкі төркіні туралы пікірлер күмәнді көрінді. Сондықтан да басқаша болжам, жорамал ұсындық. Кімдікі дұрыс, кімдікі теріс — оны оқырман көпшілік төрелігіне саламыз.

Сондай-ақ, ішінара болмаса, тілімізге ауысып келген араб, иран (парсы) тілдерінің сөздеріне талдау жасауды мақсат етпедік. Себебі олардан енген сөздер туралы жазылған кітаптар жоқ емес (Н. Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік, 1974; Е. Б. Бекмұхаметов. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері, 1977; Н. Оңдасынов. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік, I том, 1984).

Әрине, тілімізде кездесетін сөздердің барлығының төркінін ашып беру мүмкін емес. Кітапта 500-ден астам сөз қамтылды.

Сөздіктің құрылысы жөнінде бірер сөз. Ең алдымен, алфавит тәртібі қатаң сақталды. Тарихы мен төркіні баяндалатын әрбір сөздің қазіргі тіліміздегі мағынасы сол сөздер қатысқан сөйлемдер арқылы ашылып отырды. Олар көбіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» алынды.

Кітап көлемін ықшамдай түсу мақсатымен, пайдаланылған сөздіктер мен кейбір еңбектерді тиісті жерінде жақша ішінде келтірдік, Бұлардың ішінде жиірек қайталанатындары алғашында толық, кейін қысқа түрде берілді. Мысалы, В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» немесе Э. Пекарскийдің «Словарь якутского языка» және т. б. осы сияқты еңбектер «В. Рад., Опыт... 1, 2»; Л. Буд. Срав...», «Э. Пек., СЯЯ» түрінде қысқартылды.

Оқырмандарға, әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттерге түсінікті болуы үшін, кітапта кездесетін араб, парсы, тіпті латын сөздерін қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген алфавитпен бердік.

**Абысын.** «Ағайын тату болса, ат көп, *абысын* тату болса, ас көп» дейді халық мақалы. Келтірілген мақалдағы және қазақ арасында жиі қолданылатын «абысын» сөзі бәрімізге де түсінікті. Алайда бұл сөздің алғашқы мағынасы түркі тілдерінде нені аңғартқандығы көбімізге беймәлім. «Абысын» тек қана әйелдер арасындағы ілік, жақындыққа арналған сөз екендігін еске ала отырып, төркінін тап басуға болады. В. В. Радлов сөздігінде: «абы» қойбол тілінде біздегі «әйел» сөзінің орнына қолданылады (В. Рад. Опыт... I, 1, 626). Ал Л. З. Будагов сөздігінде «абысын» тұлғасына жақын «епчи» сөзін ұшыратып, «әйел» мағынасын беретіндігін білеміз (Л. Буд. срав... II, 391). Мұндағы «с» дыбысының орнына «а», «п»-ның орнына қолданылған «б» және «ч»-ның «с» дыбысына сәйкестігі — түркі тілдеріне ортақ заңдылық екендігі ертеден мәлім (қараңыз: Н. И. Золотницкий. Корневой чувашско-русский словарь, сравненный с языками и наречиями разных народов тюркского, финского и других племен. Казань, 1879, VII—VIII). Сондықтан да басқа түркі тіліндегі «епчи» сөзінің қазақ тілі дыбыс заңдылығына сәйкес «абсы» болып айтылуы таңдандырмауы тиіс. «Абсы»-ның «абысын» тұлғасына дейін өзгеруін түсіндіріп жату да артық. Бұл жерде — қазақ тілінде қатар келген екі дауыссыз ортасына қысаң дауысты «ы» не «і» дыбыстарының бірі килігуін және соңғы «н» дыбысын есім тудыратын қосымша деп еске алсақ (мыс.: қос + ын, жи + ын т. б.), бұл сөздің төркіні түркі тілдерінің біріндегі әйел мағынасын беретін «абы» не «епчи» сөзінен екені күмән тудырмайды.

**Ағаттық.** «Ағаттық ісімізді білмедік пе? Көңілін бір нәрседен кірледік пе?» (І. Жансүгіров, Поэм.). Поэма үзіндісінен тіліміздің түсіндірме сөздігінде берілген «әбестік, қателік, жаңсақтық» мағыналарын ұғынамыз. Бірақ «ағаттық» сөзінің тұңғыш мағынасын басқа түркі тілдері деректеріне зер салғанда ғана аңғара аламыз. Якут тілінде: оғотук — балалық, аңғырт, аңқау, жетілмеген (Як.—рус. сл., 1972, 266) деген мағыналарға нұсқайды. Якут тіліндегі осы мағыналардың алғашқысы — «балалық» та, басқалары кейін пайда болған — туынды мағыналар. Өйткені бұл тілде: «оґо»—«бала», ал «оґото» тұлғасында «балапаным» дейтін мағына бар. С. Маловтың топтастыруы бойынша, якут тілі —

түркі тілдері ішіндегі өте көне тілдердің бірі. Осы көне тілдің ескі сөзі қазақ арасында да сақтала отырып, дыбыстық тұлғасын өзгерткен деуге әбден болады. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылығы бойынша көне тілдегі «о» дыбысы қазақ тілінде «а» болып, «оғото» сөзі «ағата», одан әрі «ағат» қалпына дейін жеткен. Бұл тұлға әлі де «бала» дегенді ғана аңғартып тұр. Оның «балалық» мағынасын беруі үшін, белгілі бір қосымша жалғануы қажет. Ол қосымша тек қана қатаң дауыстыдан басталмақ. Осылайша «ағаттық (ағат-тық)» тұлғасы пайда болып, бұл сөз алғаш «балалық» мағынасын аңғартса, уақыт өткен сайын үстеме мағына жамап, «әбестік», «жаңсақтық» ұғымдарын да беретін болған. Ойға салып қарасақ та, мұндай сипаттар көп жағдайда балаға, балалық шаққа тән екендігін байқау қиын емес. Мысалы: «Балам, түне күнгі ағат қылығыңнан соң жұрт көзіне түсуге өте қымсынатын көрінесің»... (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Осы сөйлемдегі «ағат» тұлғасының орнына «бала» дегенді қойсақ та, беретін мағынасына онша нұқсан келе қоймайды. Сөйтіп, «ағаттықтың» алғашқы мағынасының қазақшасы — «балалық» болмақ та, кейінгі мағыналары — аңғырттық, аңқаулық; әбестік, қателік, жансақтық деп топшылаймыз.

**Адырай немесе адыраю.** Тіліміздің екі томдық түсіндірме сөздігінде оның мағынасы — «ажыраю, көзін шарасынан шығара ашулы пішінмен қарау, бадыраю» дей келе, мысалға «Рахым інісіне көз астымен *адырая* бір қарап қойды» дегенді келтірсе, 10 томдық түсіндірме сөздікте: Адырай — көздің әдеттен тыс ашылуы, ажыраю, бадыраю. Мысалы: «...өкпесі қысылып, екі көзі *адырайып* шарасынан шыға жаздады».

Жеңіл-желпі, сырт қараған жанға «адырай» сөзін түсіндірме сөздіктердегі «адыр» түбірімен тектес қарап, төркінін содан шығара салу қиынға соқпайды. Алайда «адыр» сөзінің екінші — о жар, ұрт, ұр да жық мағынасын естен шығаруға да болмайды. Шындап келгенде, соңғы сөздердің мағынасы «жынды» дегеннен тіпті де алшақ кетпейді. Олай болса, дәл осындай мағына берерлік сөз түркі тобына жататын тілдердің басқа біреуінен табылуға тиіс.

Якут тілінде: адырай — жын, шайтан деген мағынаны ұғындырады.

Егер біз жоғарыда көркем әдебиеттен келтірген мысалдардағы сөйлем ішіне «адырай» орнына «жын» сөзін



қойсақ, жалпы мағынаға нұқсан келмей, қайта қабыса түседі («жындана бір қарап қойды» немесе «көзі жынданып, шарасынан шыға жаздады»).

«Адырай» сөзінің мағынасын түсіндіруде көмегін тиізіп тұрған «ажырай» тұлғасы «адырайдың» дыбыстық өзгеріске түскен түрі. Түркі тілдерінде дыбыс сәйкестіктерінің жиі құбылыс екендігі жоғарыда көрсетілді. Түркі тілдерін былай қойғанда, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреуінде біздегі «ажырай» тұлғасының «адзарай» болып дыбысталып, мағынасы — сотқар, тентек дегенге келеді. (Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков, т. I, Л., 1975, 16). Мұның өзі алғашқы мағынадан (жын, шайтан), сәл ғана ауытқушылықты көрсетеді. Оны бурят тіліндегі «ажарай» (мағынасы — шайтан, пері) сөзі анықтай түседі. (Бұл да сонда.)

**Ада-жұда.** Қазіргі тілімізде «біржола, мүлде» мағыналарын беретін бұл қос сөздің әр сыңары жеке-дара кездеспейді. Кездесе қалған күнде де, жергілікті тіл ерекшелігі (диалектизм) қалпында ғана айтылады. Көркем әдебиеттен мына бір мысалды ұсынайық: «...езгі тіршіліктің ескі жұртынан *ада-жұда* қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар да аз емес (Ө. Қанахин, Дәмелі).

Қазіргі тілімізде «ада» сөзі бар әрі оның мағынасы да көпшілікке мәлім. Бірақ мына қос сөз құрамындағы алғашқы сыңардың оған қатынасы жоқ. Алайда түркі тілдерінің кейбіреуінде, дәлірек айтсақ, якут тілінде бұл тұлғалас сөз жеке тұрып та қолданылады: адъас — тіпті, мүлде, өте мағыналарын береді. (Як.-рус. сл., 1972, 32). Қазақ тілінде «с» дыбысы түсіріліп, «ада» қалпында сақталған.

Ал қос сөздің екінші сыңары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарын мекендеген қазақтар тілінде «жүдә», «жұда», «жүде» дыбыстық құрамдарында жиі қолданылып, «өте», «тым», «тіпті», «мүлде» мағыналарын ұғындырады. Басқаша айтқанда, жергілікті тіл ерекшелігі есебінде кездеседі. Бұл өңірдегі тұрғындарға «жұда» — өзбек, түрікмен сияқты көрші отырған түркі тілдерінен ауысқан. Осыған қарап, сөз төркінін түркі тілі деп тапсақ, өте қате болар еді. Көрсетілген түркі тілдеріне ол сөз парсы тілдерінен енген. Парсы тілінде: джода — бөлек, жеке; айырылған, аулақтаған іспеттес мағыналарға ие. Осы сөз өзбек, түрікмен тілде-

ріне ауысып, «жуда» тұлғасына дейін түрленіп, мағынасы да өзгеріске душар болған.

Қорыта айтқанда, «ада-жуда» қос сөзінің алғашқы сыңары түркі тілдерінің меншігі де, соңғысы иран тілінің еншісіне жатады. Қазіргі тілімізде осы екі сөз қосарлана келіп, бір мағына төңірегіне топтасқан. Егер осы қос сөзді қазіргі ұғымымызға сәйкестіре айтсақ: «өте-өте», «тіпті-тіпті», «мүлде-мүлде» сияқты бір сөзді қайталау болып шығады.

**Ай дер ажа, қой дер қожа жоқ.** Ежелден келе жатқан бұл мәтелдің мағынасын ұғынбайтын қазақ жоқ. Алайда осы тіркес ішіндегі «қожа» сөзін қоя тұрып, «ажа» тұлғасының тамырын бассак, тарихи төркінін төңіректерлік тірек табамыз. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Ажа — ауылдың сыйлы, құрметті үлкен адамы» деген түсінік берілген. Берілген түсінік, мағынасына қарағанда, өте орынды. Дәл осы мәтел қырғыз тілінде де бар. Қ. Юдахин «Қырғызша-орысша сөздігінде»: ажа — жасы үлкен (старшой). Алтай, тува тілдерінде де тұлғасы мен мағынасы осы іспеттес. Өзіміздің түсіндірме сөздігімізге қайта оралсақ, «әже» сөзіне берілген түсініктер ішінен «әй дер әже, қой дер қожа жоқ» сияқты тіркестерге де тап болып, «бетке қарсы келер ешкім жоқ» деп ұғындырғанын көреміз. Мұнда да жалпы мағынасы дұрыс берілген. Оның «әже» реестрінде көрінуін сөздік жасаушылардың қателігі деуге де ауыз бармайды. Сөз о баста «а» дыбысымен басталғандығын тілдік деректерге сүйене отырып, сәл кейін дәлелдейміз. Кейде «ә» дыбысымен басталып, «әже» қалпына жету — уақыт озып, алғашқы мағына көмескілене түсіп, бір дыбысты соған үндес екінші дыбыспен сәйкестіруден туған құбылыс. Екінің бірі «ажа» деп жатудан гөрі «әжені» дағдыға айналдырған. Көркем сөз шеберлерінен де осыны байқаймыз: «Жаман ойлы бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп, неше түрлі талан-тараждар істесе, әй дейтін *әже*, қой дейтін қожа жоқ еді» (С. Сейфуллин. Тар жол.).

Әрісі ойлау, берісі қазақтың сөз саптаудағы ішкі заңдылықтарына жүгінсек, сөздің тұңғыш дыбысталуы «ажа» болғандығын дәлелдеу қиынға соқпайды. Халқымыз ежелден сөз құрастыруда тек сөз соңындағы буын ұйқасын ғана місе тұтпай, іргелес, көрші сөздердің бастапқы дыбыстарын әуендес етіп қалыптастыруға да машықтанған. Дәлірек, қазіргі ғылым терминімен айт-

сақ, аллитерация мен ассонансқа кеңінен жол берген. Сөзіміз жалаң болмас үшін қыруар мақал-мәтелден бірекеуін көлденең тартайық. «иттің несі болса, түлкінің тәңірісі бар», «арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде», «тайға таңба басқандай» т. б. Осылардың қай-қайсысында да жапсарлас сөздер бір дыбыстан басталған. Біз әңгіме етіп отырған тіркестер де осы тәсілмен жасалып, оған қосымша ұйқас қуалай құрастырылған. Алғашқы сөйлем өзегі «ажа» болғандықтан, соңғы сөйлем желісі «қожа» болмай, басқаша дыбысталу мүмкіндігі жоқ. Немесе керісінше. Осылайша ең алғаш «ай дер ажа, қой дер қожа» мәтелі пайда болған. Бұл — жорамал. Жорамалды тіл деректерімен де бекіте түсу қиын емес. Көне түркі сөздігіне (Древне-тюркский словарь—ДТС, 1969) көз салсақ, дыбыс құрамы сәйкес мына екі сөзді көреміз: ачу (6-бет) немесе аджу (74-бет). Екеуі де ескі түркі тілдерінде «әке» мағынасында (әсіресе, құдайға жалбарынғанда) қолданылған. Осы екі сөздің (кейінгі заманда «әже» қалпына дейін өзгергені сияқты) өз дәуірінде, түркі тілдеріндегі дыбыс заңдылықтарына сәйкес, «ажа» дыбыстық құрамында көрінуі ешкімді тандандырмаса керек. Сонда «ай дер ажа» дегеніміздің кезіндегі мағынасы — «ай дер әке», әрегірек ала айтсақ, «әй дер құдай» болып түсіндірілмек. Бұл жерде «қожа» сөзінің төркінін әңгімелеу артық.

**Ажар.** Қазіргі тілімізде бұл сөздің негізгі мағынасы — көрік, келбет, шырай. «*Бет ажарын* қарасаң, *Жазғы* түскен сағымдай. Ет *ажарын* байқасаң, Терісінен айырған Арпа-бидай ақ ұндай» (Ер Тарғын).

Сөздің арғы шыққан тегі жүйесі басқа араб, парсы тілдерінен болар деуге, мұндай сөзді Н. Ондасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі» (1974) мен «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінен» (1984), сондай-ақ Е. Бекмұхаметовтың «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» (1977) кітабынан да кездестіре алмадық. В. В. Радлов сөздігі бұл сөздің осы мағынада тек қазақтарға ғана екендігі аңғартылады. Алайда бізден басқа оны қырғыз тілі сөздігінен ұшыратамыз.

Біздің ойымызша, сөздің шыққан төркіні парсы тілі болса керек. Бұл тілде: эзар — бет, жақ (Персидско-русский словарь, Пер.—рус. ст., 1983) мағынасын беретіндігі айтылып, кітаби сөз деп белгіленген. Көрік, шырай сөздерінің бетпен байланысты қолданылатынын ескерсек, жорамал теріске кетпейтін сияқты.



**Ажырық.** Бұл сөздің белгілі бір өсімдік түріне тән атау екендігі әркімге мәлім. Түптеп келгенде, нақтылы қандай өсімдікке тән атау болатынын кез келген адам ажыратып бере алмайды. Басқаны былай қойғанда, қолда бар сөздіктеріміздің өзінен түрліше түсінікті оқи-мыз. Екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Ажырық — құмды жерге шығатын жылқы малы өте сүйіп жейтін шөп; осы сөздіктің қазір шығып жатқан көп томдығында: Ажырық — тамырланып өсетін шөптің бір түрі. «Қазақ Совет Энциклопедиясында»: «*Ажырық* — астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік... сортаңды және құмдауыт жерлерде кездеседі» (I, 127). Қ. Юдахинның «Қырғызша-орысша сөздігінде» — ажырық — пальчатка (растение). Мұны қазақша айтсақ — жапырағы салаланған өсімдік. Келтірілген анықтамаларға қарасақ, өсімдік түр-тұлғасы әр түрлі. Әйтсе де, оның өсетін жері — құмдақ, шөлейт, сортаң екендігі айқын. Өсімдіктің өсетін жеріне байланысты, оған қойылған атауға жорамал жасауға тура келеді. Араб тілінде: аджрағ — тақыр, құмды жер (Араб.-рус. сл., 1970). Біздің ойымызша, осы сипаттағы жерге өсетін өсімдікке араб тіліндегі «аджрағ» сөзі ауыс мағына ретінде телинген болуы мүмкін. Демек, «ажырық» сөзінің алғашқы төркіні араб тілі де, тұңғыш мағынасы — тақыр, құмды жер. Араб тілінің өзінде де бұл мағына туынды деуге тура келеді. Өйткені осы тілде бұл тұлғалы сөздің тағы бір мағынасы — жұту, сіміру. Шынында да, құмды жер қасиеті суға қанбай, жұта, сіміре беру. Кейінгі мағына сол тілдің өзінде жер сипатына тән ат болып тағылуы ықтимал.

**Азық-түлік.** Қос сөздің тіліміздің түсіндірме сөздігіндегі мағынасы — әр алуан тамақтық зат. Қос сөздің алғашқы (азық) сынары көптеген түркі тілдерінде осы тұлғада қолданылып, «тамақ», «тағам» мағынасын береді. Алайда осыған сәйкес тұлғада оны парсы тілінен, дәл сондай мағынада кездестіреміз: газа немесе гәза, ал көпше түрі — ағзийе — тағам, тамақ, ас (Пер.-рус. сл., II 1983). Э. Севортян Г. Дёрфер дерегіне сүйеніп, бұл сөз парсыларға түркі тілдерінен ауысқандығын айтады (Э. Севортян. Этимологический словарь тюркских языков.— Э. Сев.—ЭСТЯ, 1974). Солай болуы да мүмкін.

Тіпті «азық» тұлғасын «астық» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі деп қарауға да тілдік дерек жоқ емес. Мысалы, якут тілінде: астық — жұғымды, тоқ

(Як.-рус. сл. 1972) мағыналарын береді. Анығырақ айтсақ, бұл — адамға тамақ, нәр боларлық заттардың басты қасиеті. Осы сын есімдер заттың аты болып ауысуы да ықтимал. Дыбыстық өзгерістер түркі тілдеріндегі заңдылықтан тыс кетпейді: астық > азтық > аз(т)ық > азық > азык. Ал қос сөздің екінші сыңары — «түліктің» төркіні туралы мынаны көрсетуге болады. В. Радлов сөздігінде: тұлук (шағатай тілінде) — тамақ, ас, ал сағай, қырғыз тілдерінде: тұлук — ішім-жем заттары, солардың қоры (В. Рад. Опыт..., т. III, часть 2, 1262, 1570). Бұл тілдік деректер қос сөз құрамындағы «түлік» алғашқы сыңар — «азықтың» түркі тілдеріндегі тағы бір синонимы екендігін анықтап береді. Демек, «азық-түлік» дегеніміз «тамақ», «ішім-жем заттары» мағынасын қайталау болмақ.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде азык сөзін адамның тамақ ішетін мүшесі — ауызбен байланыстырып, соның ауыспалы мағынасы (АТС, 21) деп ескерткенін де атай кетуді жөн көрдік.

**Айлас, мұңдас.** Бұл сөздерді қатар, қабаттастыра талдауымыздың себебі — екеуі тілімізде қолданылатын «Айлас қатын мұңдас» деген мақалдың құрамында келуі. Сырт қарағанда, «айластың» да, «мұңдастың» да мағыналарын түсіну қиындық тудырмайды: айлас — босанатын айы, мезгілі бір, шамалас, ал мұңдас — «қайғысы мен қуанышын ортаға сала сөйлесетін сияқты ұғымдар береді. Кейбір тіл деректеріне зер салсақ, біздің бұл білетін мағыналарымыз — сол сөздердің соңғы, туынды мағыналары екендігін аңғартады. Хакас тілінде «айлығ» тұлғалы сөз — қазақ тіліндегі «екі қабат», «жүкті әйел» мағынасында қолданылады. Хакас тілінде ондай әйелдердің босану мерзімінің шамалас, бірдей екендігін ажыратпай, тек жалпы екі қабат әйелдерге ғана айтылады. Ал сарыкөл тілінде: мыңдош — әңгіме, сөйлесу (Т. Пахалина. Сарыкольско-русский словарь, М.— Т. Пах. Сарык.-рус. сл., 1971) мағыналарын береді. Егер осы тілдік мәліметтерді еске алсақ, қолданылып жүрген мақалымыздың мағынасы «айы, күні бір қатындар мұңдас» емес, жалпы алғанда, «жүкті әйелдер әңгімелес» немесе «екі қабат қатындардың әңгімесі өзара ортақ, жарасар» дегендей түсінік беретіндігін байқаймыз.

**Аймала.** Қазақ тілі түсіндірме сөздіктеріндегі мағыналары былай берілген — сүйіп құшу, піскелеу, құшақ-

тау, еркелету (1959) елжіреп құшу (1974) «Ұлберген Ботакөзді аймалап, бауырына басып, сүйіп, иіскелеп, біраздан кейін мауқын басты» (Мұқанов).

Сөздікте берілген түсінікке сепсек, «иіскелеу», «еркелету», «сүйіп құшу», «елжіреп құшу» — бәрі де «аймала» сөзінің синонимі санына қосылғандай. Алайда С. Мұқановтың «Ботакөз» романынан келтірілген мысал — ол түсінікті теріске шығарғандай әсер қалдырады. Шын мәнісінде, иіскеу, сүю етістіктерінің мағына жағынан «аймалаудан» ерекшелігі сезіледі. Әрине, бүгінгі таңда алғашқы етістіктер (сүю, иіскеу) соңғы — «аймала» етістігінің ауқымынан аса алмай, аралас мағына меншіктенгенін теріс дей алмаймыз. Бірақ «аймала» сөзінің алғашқы мағынасы мүлде басқаша болғандығы байқалады.

В. В. Радлов сөздігінде бұл тұлғаның түбірі «айма» қалпында көрінеді де, мағынасы — жармасу, ұстай алу (I том, 63). Телеүіт, Тобыл татарлары тілінде осы түбірден туындаған «айманыш» тұлғасы бірін-бірі ұстау, бірине-бірі жармасу сияқты мағыналарға нұсқайды (бұл да сонда, 65). Бұл деректер «аймала» сөзінің ертеректегі түбірі — «айма», ал алғашқы мағынасы — «ұстау» екенін аңғартады. Ал оның кейінгі тұлғасы біздің тілімізде «аймалаға» дейін толысып, «күшақтау», «күшу» мағыналарын қосып алғандығын көреміз.

**Айт-үйт.** «Айт-үйт жоқ», «айт-үйтке қарамай» сияқты тіркестер құрамында жиі айтылады. Түсіндірме сөздіктегі түсінігі — ештеңеге көңіл бөлмеу, алаң болмау: «...*айт-үйтке* қарамай бір күннің ішінде кетіп отырды» (К. Сатыбалдин, Қараторғай). «*Айт-үйт* жоқ, бас салды» (Ел аузынан).

Қос сөздің бізге жұмбақ болып отырған сыңары — «үйт». Бірінші сыңары — «айт» күнде қолданылып жүрген «айту» етістігінің бұйырық райлы түрі екендігі анық. «Үйт» сөзінің де мағынасы «айт» сөзінің төңірегінен табылатындығы байқалады. Якут тілінде: ыйыт — сұрау, сұрап білу (Як.-рус. сл., 1972). Дәл осы мағынада, тек «үйт» дыбыстық құрамда, чуваш тілінен де ұшыратамыз. Егер біз «айт-үйт жоқ» деген сөз тіркесін қазіргі тұрғыда қазақшаласақ, «айту-сұрау жоқ» болмақ. С. Е. Малов «үйт» сөзін «айттың» дыбыстық варианты деп жорамал жасайды.

**Айы.** «Жалғыздықтың айы өтті» сияқты некен-саяқ тіркестер ішінде келгені болмаса, «айы» сөзі қазақ ті-



лінде жеке тұрып ешбір мағынаға ие бола алмайды. Сондықтан да болар, оның тіркес ішінде нендей мағынада қолданылып тұрғанын айыру қиын.

Ертедегі жазба ескерткіштер мен кейбір тілдер дерегіне үңілсек, «айы» сөзінің дербес мағынасы болғандығына көз жетеді. Орхон-Енисей жазуында: айыи — қорқу, қауіптену (ДТС, 1969, 29) мағынасында сақталса, қазіргі түркі тілдерінің ішінен туваларда: айыылдыг — қауіпті, ал айыыл — қауіп (Рус.-тув. сл., 1980) деген мағыналарды береді. Тіпті осы тұлғалас әрі мағыналас сөз монғолдардан да табылады: айх — қорқу, елегізу, шошу болып түсіндіріледі (Мон.-каз. сөз., 1954; Қаз.-мон. сөз., 1977). Осы деректерге сүйене отырып, «жалғыздықтың айы өтті» деген тіркестен «жалғыздықтың қорқынышты (қауіп) өтті» сияқты түсінік алуға болады.

**Аламан.** «Түсіндірме сөздікте» егіске үлкен зиян келтіретін ...тышқанның түрі деген түсінік берілген. «... кеміргіштердің ішіндегі ең зияндыларының бірі болып саналатын аламан деген аң жиі кездеседі» (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

«Қазақ Совет Энциклопедиясында» бұл (ҚСЭ) тышқанның түр-түсі толығырақ жазылған (I том). Сондағы сипатына қарай «аламан» атауын түгінің түрлі-түсті болуымен байланыстыра «ала» сөзінен шықты деп болжау да теріс көрінбейді. Алайда тышқанның аласы жалғыз ол емес екендігін, әрі көптеген тағы хайуандар атауына қосылатын -ан жұрнағының (арыстан, бұлан, құлан т. б.) бұл жерде «ала» сөзіне тікелей жалғанбай, «м» дыбысының дәнекер болуын еске алсақ, «ала» сөзімен байланыстыру көңілге онша қонымды болып шықпайтын тәрізді.

Монғол тілінде «алам» біздегі «ін» мағынасында қолданылады (Мон.-каз. сөз., 1954). Осыны тілге тиек етіп, «алам» тұлғасына -ан жұрнағы қосылып, «аламан» атауы пайда болған (қазақша: індегі аң, іннің аңы болмақ қой) деген жорамалға да көңіл толмайды. Өйткені аң, тышқан атаулының көбі інді мекендейді, соны ұя етеді. Бұл жағдайда, барлық тышқан тұқымдасқа «аламан» атауы неге телінбеген деген сұрау тууы да орынды.

Біздің болжауымызша, «аламан» атауы — «ін» мағынасын беретін «алам» сөзімен байланысты болса керек. Әрине, бұл жерде біз «аламан» атын оның інде тұруымен ұштастырудан аулақпыз. Сөз болып отырған тыш-

қанға тән, соған ғана меншікті бір қасиет бар. Ол қасиет — аламанның ұрт көлемінің аумақтылығы, сол арқылы дәнді молырақ қамтын, ішіп ілезде толтыра алады. Демек, екі ұртының өзі кіші-гірім інге сәйкес келеді. Осы қасиетін еске алғандықтан да болар, аламанды кей жерде халық «алақоржын» деп те атайды (ҚСЭ, I том). Екі ұртының аумақтылығын інге ұқсатудан (монғолша — «аламға»). «аламан» аталуы ықтимал.

**Алас-құлас.** Түсіндірме сөздігімізде бұл қос сөздің «алас-қапас» түрі де кездеседі. Мағына жағынан бірінен-бірі онша алшақ кетпейді: қарбалас, асығыс, апыл-ғұпыл, тығыл-таяң мағыналарын береді. «Ауыл *алас-күлес*» немесе «Осы *алас-қапаста* ақ түйені іздемек болған адамның жартысы... ауылдан аттанып та кетті» («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» — ҚТТС, 1974). Орфографиялық сөздікте бұл іспеттес қос сөздің — алас-калас, алас-қапас, алас-құлас түрлері ұшырайды.

Көрсетілген қос сөздердің қай-қайсысында да тұлғасы жағынан өзгеріске түспегені — бірінші сыңары — «алас». Осыған қарағанда, қос сөздің мағыналы сыңары — біріншісі болар да, екіншісі соның сарынымен ыңғайласа туған болса керек деген ой келеді. Бірақ бұл жорамалымызды кейбір тілдік деректер қуаттамайды. Алдымен қос сөздің алғашқы сыңарының тұңғыш мағынасы туралы. Түркі тілдерінің ішінде тұлға жағынан бұған сәйкес келерлік сөзді якут тілінен табамыз: аалас — тобырлану, топтану; тобырлана қозғалу (Як.-рус. сл., 1972). Түркі тілдерінде алғаш осындай мағынаға не болған сөз кейін келе сол тілдердің кейбіреуінде (мысалы, қазақ тілінде) «тобырлана қозғалудан» пайда болатын істің берекесіздік қалпын аңғартуға ауысуы да ықтимал. Әрине, асығыс, қарбаластық — берекесіз қозғалыс нәтижесі болмақ.

Екінші сыңары — «құлас» та осы «тобырлана қозғалудың» бір қырын аңғартатын мағыналы сөз екендігін тағы да якут тілінің мәліметі анықтап береді: кулаһый — айналу, үйірілу, тынырлау сияқты мағыналарда қолданылады (Як.-рус. сл., 1972). Осы тұлғадағы «h» дыбысы қазақ тілінде «с» болып дыбысталатынын ескерсек, «құлас» сөзінен алшақ кетпейтінін көреміз. Ал мағынасы «тобырлана қозғалудағы» іс-қимылдың түрлі қалыпта болатынын сездіргендей. Осы тұрғыдан қарасақ, «алас-құласымыз» — «берекесіз қозғалыс, тыпыршу» деген мағынамен бара-бар.

Бұл қос сөздің «алас-қалас» түрі «алас-құластың» дыбыстық нұсқаларының бірі болмақ.

**Алдап-арбау.** Қос сөздің қазіргі мағынасы — қулықпен, айламен қолға түсіру, дегеніне көндіру. «...ол енді Ғайниді айтқанына сөзбен көндірмек болып, *алдап-арбап* айналдыруға тырысты» (С. Сейфуллин, Шығ.).

«Алдау» етістігін жеке алып төркіндеткен автор жоқ емес («Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» — ҚТҚЭС, Алматы, 1966, 32—33). «Алдау» сөзінің төркінін іздестірген зерттеуші пікірін, оның келтірген тілдік деректерін теріс дей алмаймыз. Сөздің түбірі ертеде «ал» болғандығы және мағынасы «алдау» екендігі дұрыс көрсетілген. Ал біздің қарастырғалы отырғанымыз — «алдаудың» қатысымен жасалған қос сөз тұлғасы. Оның екінші сыңарының төркініне болжам жасаумен бірге алғашқы — «алдау» туралы да тілдік деректерге негізделген өз ойымызды ұсына кетпекпіз.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде «ал алдағ» кездеседі де, мағынасын «әдіс», «тәсіл» деп түсіндірген (ДТС, 31). Осы тіркестегі соңғы тұлға (алдағ) қазіргі қазақ тілінде «алдау» қалпында айтылатынын да еске алған жөн және мағынасының ертеректегі түркі тілдерінде өзгеше екенін көріп отырмыз. Демек, ерте кездің өзінде де «ал», «алдаудың» тағы бір мағынасы болғандығы байқалады. Мұны қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінің дерегі анықтай алады. Мысалы, хакас тілінде: алда — көндіру, алдандыру (Хак.-рус. сл., 1954) делінген.

Қазіргі тілімізде қос сөздің екінші сыңары «арбау» да жеке қолданылып, «алдаудың» синонимы есебінде көрінеді (Қараңыз: ҚТТС I том, 1974). М. Қашқари сөздігінде: арва — дуалау мағынасында берілген (ДТС, 58).

Түркі тілдерінің ішінде көне саналып жүрген якут тілінде бұл сөздің өзгеше мағынасын байқаймыз: арбау-мақтау, дәріптеу (як.-рус. сл., 1972).

Көрсетілген тіл деректерін жинастыра келгенде, «алдап-арбау» дегеніміз қазіргі түсінігіміз бойынша «көндіріп-дәріптеу» болатындығын байқаймыз. Тілдегі заңдылыққа қарасақ, алдымен іс-әрекеттің себебін, содан соң салдарын (нәтижесін) білдіретін сөздер орналасуға тиіс. Ал мына қос сөз құрылысынан керісінше жағдайды көреміз. Әрине, тілде мұндай жағдай, сирек болса да, кездесіп отырады. Шын мәнісінде, алдымен мақтап, дө-

ріптей отырып, сонан кейін көндіру орындалмақ. Осы себептен де арбап-алдау деп қолдану орынды көрінбек. Расында, дәл қазір мәселе сөздердің орнында болып отырған жоқ, олардың алғашқы мағынасында. Оны біз жоғарыда көрсеттік те.

**Алдар көсе.** Есімі атам заманда қалыптасқан аңыз кейіпкерінің аты-жөнінен сыр тарту талас тудыруымен қатар таңдандыруы да ғажап емес. Кез келген қазақ бұл күрделі есімдегі әр сөздің мағынасын ажыратып, біріншісі — «алдау» етістігімен түбірлес те, екіншісі — сақал-мұрт шықпаған адамға тағылатын «көсе» екендігін айтып бере алады. Біз де солай ойлап келгенбіз. Бірақ байқап қараған адамға, ол тек алдаумен ғана шұғылданып, аты шыққан кейіпкер емес. Алдаумен қатар қулығы, ақылы, тапқырлығы да мол жан. Көсенің сараң, сығырдаң байдың бергісі келмеген асын ішуі, өз атының орнына оның атын бауыздаттыруы, қызын алып кетуі сияқты қылықтары жаңағы қасиеттердің айғағы емес пе? Бойына осынша ерекшелік дарыған көсеге «алдау» етістігінен шыққан «алдар» сөзін жалаң жапсыра салу — аяққа етікті қоңылтаяқ кию сияқты.

Енді таза тілдік қырынан алып қарасақ та, алдайтын қасиеті бар адамды қазақтардың «алдар» қалпында айтуы кездеспейді-ақ. Оның орнына «алдағыш», «алдамшы», сирек болса да «алдампаз» тұлғалары жиі айтылады.

Тіркестің қалыптасуы өте ерте заманда болғандықтан, «алдар» сөзінің түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі мағынасы ұмытылған болса керек. Бұл сөздің қазіргі тұлғасы мен басқа бір мағынасын түркі тілдерімен тектес деп шамалап жүрген монғол, тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдерден табуға болатын деректер бой көрсетеді. Жазба монғол-тілінде: алдар — даңқты, атақты; қазіргі моңғол, бурят тілінде де осы тұлғалас сөз — атак, абырой мағыналарын ұғындырады (ССТМЯ, I, 1975, 31). Көне түркі сөздігінде де «ал» сөзінің мағынасы «алдау» дегеннен басқа қулық, әдіс, даналық сияқтыларды түсіндіреді (ДТС, 31). Мұндай қасиеттер жиіні кім-кімді де атак, абыройға не етпек. Маньчжур тілінде осымен түбірлес сөз (алдуна) ерекше, дағдыдан тыс, дарақы, қылжақбас сияқты мағыналарға сілтейтінін көрсете кеткен жөн.

Осылардың бәрін есепке, еске ала келіп, Алдар көсе есімінің алдындағы сөз тек «алдау» дегенді ғана аңғарт-

пайды, атақты, дақты, ерекше мағыналарын береді демекпіз. Қазіргі қалыпта айтсақ, «Алдар көсе» — Ерекше көсе, Атақты көсе болмақ. «Көсенің» төркіні парсы тілі екендігін көрсетіп қана өтеміз: күсә — сирек сақалды, сақалсыз (Пер. -рус. сл., т. II, 1983).

**Алжы (алжу).** Қазіргі түсінігімізде — жасы жетіп, қартайғанда ақылдан, дұрыс ойлау қабілетінен айырылуды аңғартады. «Алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші» (Б. Алтынсарин. Таңд.).

Бұл тұлғалас сөзді тек түркі тілдерінен ғана емес, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден де табамыз. Бірақ мағыналары әр қилы болса да, онша алшақ кетпейді. Түркі тілдерінің бірі — якутша: алджан — бұзылу, бүліну дегенді білдірсе, монғол тілінде: алжаах — қажу, шаршау мағыналарында қолданылады. Бурят тілінде де бұл тұлғалы сөз монғол тіліндегі мағынаны береді. Көрсетілген деректерге сүйеніп, «алжы» сөзінің алғашқы мағынасы якут тіліндегі «бұзылу», «бүліну» немесе монғол, бурят тілдеріндегі «қажу», «шаршау» десек, өте асығыс болатын түрі бар. Бұлардың қайсысы болса да, туынды болар деген ойға итермелейтін тағы бір тіл дерегіне тап боламыз. Маньчжур тілінде: алджа — айырылу, айырылысу сияқты мағынаға нұсқайды (ССТМЯ, I, т., 1975).

Көрсетілген тілдердегі «алжы» сөзімен байланысты мағыналардың қай-қайсысы да бірінен-бірі өте жырақ кетпейді. Алғаш жас организмнің ескіре келе бүліну, бұзылу (якут тілінде), шаршау, қажуы (монғол тілінде) заңды, осылардың жиыны — ақылдан айырылуға (маньчжур тілінде) әкеліп соқтыратыны даусыз құбылыс. Маньчжур тілінде бұл тұлғалас сөздің тағы бір мағынасы — өзгеру, өзгеріске түсу. Келтірілген тілдік деректер «алжы» сөзінің алғашқы мағынасы — өзгеру деп топшылауға мүмкіндік береді. Осы «өзгерістен» «алжы» сөзінің монғол, якут, қазақ тілдеріндегі басқа мағыналары туындаған дей-аламыз.

**Алқынды.** Дәл осы тұлғада бұл сөз қазіргі тілімізде бір ғана сөзбен тіркеседі. Ол — «сабынның алқындысы». Осы себептен де болар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» I томында (1959 жылғы) жуылған сабынның қалдығы деп түсінік берілген. Ал он томдық түсіндірме сөздікке, жеке сөз болып реестрге ілінбеген. Қырғызша-қазақша, сөздікте бұл сөз тек сабынның ғана емес, соны-

мен бірге майдың «қалдығы» дегеннің орнына да қолданылады (Қ. Юдахин. Қиргизско-русский сл., —Қ. 10 д. ҚРС).

«Алқынды» сөзі Х ғасырдағы ұйғыр жазуы мен М. Қашқари сөздігінде кездеседі. Бұларда ол кез келген сөзбен тіркеске түсіп, «сарқынды», «бітті», «жоғалды» мағыналарына мезгейді. Мұның өзі өте ертеректе оның қолдану өрісі кең болғандығын аңғартады. Кейін келе қазақ тілінде тек сабынның ғана меншігіне тигенін көріп отырмыз. Сонымен «сабынның алқындысы» тіркесі — «сабынның қалдығы» дегенмен синонимдес.

**Алын.** «Жаяу көп жүрем деп аяғым алынып қалды» (ел аузынан). Мысалдан «алын» сөзінің түбірі түсіндірме не екі тілді сөздіктерімізде жиі кездесетін «бер» етістігінің антонимі — «ал» етістігімен байланысы жоқтығы байқалып отыр. Тілімізде қолданылатын осы етістіктің сөздіктерімізде кездеспеуі таңдандырады.

Алайда, якут тілінде де осы етістік тұлғасын ұшыратамыз: аал — 1) ысқылау; 2) қажалу; аалын — қажалау (Як. -рус. сл., 1972). Бұл сөзді осы мағынада тіпті 1938 жылғы С. В. Ястремскийдің «Грамматика якутского языка» деген еңбегінен де табамыз.

Осы деректер бойынша, тілімізде жиі қолданылатын «қолымның терісі алынып қалды», «аяғым алынып қалды» тіркестеріндегі «алыну» етістігі «қажалу» сөзімен бара-бар екендігін аңғарамыз. Оның сөздіктерде кездеспеуіне қарағанда, ұмытылуға бейімділігі байқалады.

**Аңсары ауу.** Тіркестегі алғашқы сөз, сырт қарағанда, тіліміздегі «сағыну» сөзінің синонимі — «аңсау» тұлғасымен түбірлес деуге тұрарлық. Алайда, «Түсіндірме сөздікте» бұл тіркестің мағынасы құштар болу, көңілі ауу дегенді аңғартып, өзге түсінікке сілтейді. «Аңсар» сөзінің төркіні жөнінде пікір айтқан авторлар да бар (ҚТҚЭС, 1966). Бірақ біз ол пікір жөнінде қалыспыз.

«Аңсары ауу» тіркесіндегі «аңсар» төркінін басқа тілден іздестірген жөн. Монғол тілінде: анхаарал — назар (Қаз. -мон. сөз., 1977) деген ұғымды меншіктенсе, енді бірде: анхаарал — назар, көңіл, ілтипат, ал анхаарах — көңіл бөлу, назар салу, еске алу; карау (Мон. -қаз. сөз., 1954) мағыналарына мезгейді. Сөздің монғол тіліндегі түбірі — «анхаар» екендігі анық көрініп тұр. Монғол тіліндегі «анхаар» тұлғасының біздің тілімізде «аңсар» болып өзгеріске түсуі әбден мүмкін.

Осы дерекке сүйенсек, тіліміздегі «ансары ауу» сөз тіркесінің түсініктірек түрі «назары ауу» болып шықпақ.

**Анысын аңдау.** Тұрақты тіркестің қазіргі мағынасын бір істің бет алысын, ыңғайын байқау деп түсінеміз (ҚТТС, 1974, I том). Мысалы: «Бұлар әлі істеліп жатқан ұлы жұмыстың құшағынан аулақ жатқандар; ұлы думанның аңысын аңдай алмағандар» (І. Жансүгіров, Әңгім.).

Тұрақты тіркестегі «аңыс» сөзінің тілімізде жеке, дара тұрып қолданылуы өте сирек кездеседі. Ал оның алғашқы мағынасы нені түсіндіретіндігі де беймәлім. Кейде бұл тіркес сөйлеу тілінде «аңдысын аңдау» тұлғасында да ұшырасады. Бұл да «аңысын» сөзінің төркінін тұмандандыра түседі.

Біздің байқауымызша, «аңыс» сөзінің түпкі төркіні монғол тілі болса керек. Бұл тілде: аньса — көздің қабығы (Мон. -қаз. сөз., 1954). Егер біз мұнда тек сөз тұлғасының ұқсастығына сүйенсек, қателескен болар едік. Бірақ тіліміздегі «қас-қабағына қарау» іспеттес тіркес мағына жағынан «аңысын аңдаумен» жақын. Әрі қазақта қабаққа қарап адамның көңіл-күйін анықтау жиі ұшырасатын құбылыс. Сондықтан да болар, тіліміздегі етістіктердің біршамасы «қабақ» сөзімен тіркеске жиі түседі (қабағы түсу, қабақ кату, қабағы ашылу, қабағын түю, т. б.) Ерте кезден тіл жағынан түбірлес, тарихи жағдайлармен аралас-құралас болған монғолдар мен қазақтар арасында сөз ауыс-түйісі болмады деу қиын. Осындай дәуірлердің бірінде монғол тіліндегі «аньсага» сөзі қазақ халқын құраған тайпалардың біріне ауысып, «аңдау» сөзімен тіркеске түскенде қысқара түсіп, «аңысын аңдау» қалпында тұрақтауы ғажап емес. Осы жобалауымыз бойынша, «аңысын аңдау» тіркесі «қабағын байқау» дегенмен мағыналас болмақ.

**Апта, күпте.** «Алтынмен аптап, күміспен күптеді». Аталған тұрақты тіркестердегі «апта», «күпте» етістіктерінің мағынасы түсіндірме сөздікте — безендірді, әдеміледі, жайнатты. Біздер дәл осылай ұғындық. Алайда бұл сөздердің алғашқы мағынасы ұмыт қалып, жалпы ұғымға көшкен. Шын мәнінде, әр сөздің өз алдына дербес мағыналары болғандығын басқа түркі тілдері деректерінен табамыз. Якут тілінде: аптар — жапсыра тігу (нашивать) (Э. Пекарский. Словарь якутского языка. — Э. Пек. СЯЯ. I, 125); Ал башқұрт тілінде: көпләу — кап-



тау (облицовка) (Баш. -рус. сл., 1958). Осыларды ескерсек, «алтынмен аптап, күміспен күптеді» тұрақты тіркесі, қазіргі тұрғыдан алсақ: «алтынмен тігіп, күміспен қаптады» дегенді ұғындырмақ.

Ескерте кетерлік жайт — соңғы кездерде «апта», «күпте» сөздерінің «айран», «күбі» сөздерімен тіркесіп, «айрандай аптап, күбідей күптеп» сияқты тұрақты тіркестер тудырғанын байқаймыз. Бұл, әрине, көркем әдебиеттегі сөз зергерлерінің шеберлігінен туған. «Аптап» «күптеп» сөздері ең алғаш «алтын», «күміс» тұлғаларымен тіркеске түскендігі дау тудыра қоймас.

**Аптығу, асығып-аптығу.** Қос сөздің алғашқы сынары — «асығудың» мағынасы әркімге аян және түсіндірме сөздікте дәл берілген. Сондай-ақ екінші сынарының да мағынасы, түсіндірме сөздікте, «асып-сасу, алқыну, демігу» дегенге нұсқайды (ҚТТС, I, 1974).

Біздің байқауымызша, «аптығу» сөзі жүйесі басқа тілдердің бірінен, дәлірек айтсақ, парсы тілінен ауысқан сияқты. Бұл тілде: абатил (кітаби сөз) — әбігер, босқа әурелену (Пер.-рус. сл., I, 1983) мағынасын ұғындырады. Бір қызығы, «аптығу» сөзі араб, парсы сөзі екендігі не Е. Бекмұхаметовтың, не Н. Ондасыновтың жоғарыда аталған еңбектеріне енбеген. Сондықтан да біз мұны сөз төркінін аңғарту үшін әдейі сөз етіп отырмыз. «Абатил» сөзінің қазақ тілінде «аптығу» тұлғасына дейін өзгеруі, біріншіден, тіліміздегі дыбыс заңдылықтарына сәйкес болса, екіншіден, қос сөзге тән қасиет — екінші сынарының алғашқыға ұйқаса байланысуынан деуге болады. Сөйтіп, қос сөздің екінші мағынасы «асығу» іс-қимылынан туатын нәтиже — әбігерлену, босқа әуреленуді ұғындырып тұр.

**Апшысын қуыру.** «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл тұрақты тіркеске екі түрлі анықтама берілген: а) көлемін тарылту, азайту: «... асфальт жолдың *апшысын қуырып*, зырлап келеді» (З. Шашкин, Сенім); ә) асып-састыру, тездеттіру: «...үй ішінің *апшысын* сол *қуырып* әкетеді де, бар байлам асығыс, ашу үстінде болады» (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

Тілімізде «апшы» сөзінің жеке қалыпта, басқа сөзбен де тіркесуі жиі, бірақ біз оған тоқталмаймыз.

Әңгіме болып отырған тіркестегі «апшы» сөзінің төркінін іздестіруде мынадай тіл деректерін көлденең тартайық: қырғыз тілінде: апчы — шап беріп ұстау, бас салу (К. Юд., ҚРС 1965); монғолша: авчих — жиырылу,

бүрісу (Қаз.-мон. сөз., 1977); тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде: аапчаа — қақталған (күн көзінде); екіншісінде: апча — жинау (ССТМЯ, I, 1975).

Енді осыларды ой елегінен өткізіп, сұрыптап, саралай қарап, «қуыру» етістігімен тіркеске түсуге қайсысының ыңғайы бар десек, біз ең алдымен «қақталған» мағынасындағы «аапчаа» тұлғасын атар едік. Бұл пікірімізге тірек боларлық қағида тілдегі плеоназм заңдылығы (тілдегі мағыналас сөздердің тіркес құруы — жас бала, кәрі шал, аса таяқ т. б.). Дұрысында, «қақтау» мен «қуыру» мағыналарының ара қашықтығы кереғар еместігі де белгілі. Олай болса, монғол тіліндегі «авчих» тұлғасы — «қақтау, қуыру» сияқты әрекеттен пайда болатын нәтиже — жиырылу, бүрісу мағыналарын меншіктенген. Демек, жиырылу мен бүрісуден әр нәрсенің көлемі тарылады, азаяды. Осыдан тіліміздегі «апшысын қуыру» тіркесінің, жоғарыда көрсетілген, бірінші мағынасы келіп шыққан. Ал екінші — асып-састыру, тездеттіру мағынасының пайда болуына қырғыз тіліндегі «апшының» әсері тиюі ықтимал. Өйткені «шап беру», «бас салу» шапшаңдық пен тездіктің сыбайласы. Мұны былай қойғанда, қақтағанды қайнатып, шикіні қуырып жатпай, тек қақтағанды қуырудың өзі де тездету, шапшандатудың тәсілі демеске болмайды.

Қорыта айтқанда, өте ертеде қалыптасқан «апшысын қуырудың» қазіргі мағынасы, сөзбе-сөз аударсақ, «қақтағанын қуыру» болмақ деп ойлаймыз.

Мына бір тілдік деректі де еске салған лазым. Парсы тілінде: афшар — 1) сығылған, қысылған; 2) сығушы, қысушы (Пер.-рус. сл., 1983). Шындап келгенде, мұнында біз көрсетіп отырған тіркестегі «апшы» сөзіне арқау боларлық себебі мол. Өйткені мағына жағынан алшақтық сезілмейді. Бірақ парсы тіліне бұл сөз жоғарыда көрсетілген тілдердің біреуінен ауысуы ықтимал.

**Арамза.** Түсіндірме сөздікте бұл сөздің екі мағынасы бар. Біздің қарастырып, төркінін іздегелі отырғанымыз — мезгілінен бұрын туған қозы, лақ ұғымы. 1974 жылы шыққан «Түсіндірме сөздіктің» I томында осы мағынадағы «арамза» сөзінің тұсына араб сөзі деген белгі қойылған. Бұл әрине, жаңылыс, қате пікір болар. Өйткені араб сөзі боларлық «арамза» — залым, қу, алдамшы мағынасында қолданылатыны болса керек.

Сөздікте алғашқы мағынадағы «арамзаға» мынадай мысал келтірілген: «...арамзадан азап көбейеді» (С. Ома-

ров, Қой бағу.). Жалпы алғанда, мезгілінен бұрын туған қозы, лақтардың азабы көп болатыны шындыққа келеді. Өйткені олар арық, әлсіз әрі пәзік болып туады да, күтімді көп қажет етеді. Осыған орай, дәлірек айтқанда, әлсіз, көзге қораштығына байланысты «арамза» атына ие болған десек, тоншылауымыз теріс кете қоймаса керек. Себебі кейбір түркі тілдерінде, дәл айтсақ тува тілінде: ырымза — әлсіз, сидаң, көзге қораш мағынасын береді (Рус. -тув. сл., 1980). Осы «арамза» сөзі қазақтарда да сақталып, тек соңғы кездерде мағына жағы солғындана бастаған деуге болады.

**Арам, арам шөп.** Сөздікте арам шөп-егістік арасында өсіп, пайдалы өсімдіктердің өсуіне зиянын тигізетін шөп. Түсінік бойынша, «арам» сөзінің ертедегі мағынасы мүлде ұмытылған. Оны осы сөздіктегі мына мысал дәлелдегендей: «Жусанды және басқа да *арам шөптерді*... Ертедегі мағынасы қазір тілімізде қолданылып жүрген «жусанды» ұғындырған. Мұның дәлелін башқұрт тілі дерегі көрсетеді: эрәм — жусан (полынь) (Баш.-рус. сл., 1958). Бұл тұлғалас сөздердің түркі тілдерінде ертеден барлығын М. Қашқари сөздігіндегі «Арамут» тұлғасындағы жер атауы растайды (I, 139). Дәлірек айтсақ, тіліміздегі дәл бүгінгі «арам шөп» тіркесі. өте ерте заманда «жусан шөп» мағынасына нұсқайды. М. Қашқари сөздігіндегі жер атауы — жусаны көп жер болғандықтан тууы ықтимал. Бұл жерде ертедегі түркі тілінде, тіпті қазірдің өзінде от~ут — «шөп» дегенді ұғындыратынын еске алсақ болды. Сонда «Арамут» жер аты «жусаны көп», «жусанды» дегенді түсіндірмек. «Жусанның» «арам» болып аталуына арабтың «харам» сөзінің ықпалы болуы да еске алмайтын нәрсе емес.

**Аран, араны ашылу.** Түсіндірме сөздігімізде «аран» сөзі жеке қолданылса, «нәпсі, құлқын» деген, ал «араны ашылу» тіркесінде келсе, «тойымсыз, ашқарақ, қанағатсыз» сияқты мағыналарға ие болатындығы келтірілген. «Аран» сөзінің жеке қолданылуынан гөрі «араны ашылды» тіркесінде келуі жиі ұшырайды. Бізге «аран» сөзінің ертедегі мағынасы не нәрсеге нұсқайтыны мәлімсіз.

Егер біз монғол тіліне не бурят тілінің эхирит-булагат говорына зер салсақ, «аран» сөзінің алғашқы мағынасын ашуға мүмкіндік аламыз. Монғол тілінде — араа (Қаз.-мон. сөз., 1977), эхирит-булагат говорында — араан (Исследование бурятских говоров, II, 1968, стр. 12) сөздері қазақ тіліндегі «азу» (азу тіс) мағынасын

береді. Сондай-ақ Н. А. Баскаков алтай тілінің солтүстік диалектісінде «арсыл» сөзі «азулы» дегенді ұғындыратынын айтады (Н. А. Баскаков. Диалект черневых татар ДЧТ, 1966, 103). Егер «аран» сөзінің орнына өзімізге мағынасы белгілі «азу» сөзін қойсақ, «азуы ашылды» тіркесін көрген болар едік. Біздің ойымызша, азу сөзінің өзі «аран» сөзінің дыбыстық варианты болса керек. Өйткені түркі тілінде р~з дыбыс сәйкестігі өте жиі кездесетін құбылыс (мысалы, чуваштарда — хийр, бізде — қыз т. б.).

Сөздің іні келгенде айта кетерлік нәрсе — «аң патшасы» аталған арыстан да өз есімін осы «араа» (азу) сөзімен байланысты алса керек деген ой туады. Жоғарыда, алтай тілінде «арсыл» сөзінің «азулы» мағынасын беретінін көрдік. Ал хакас тілінде: арсыл — ашулы, қатал мағыналарына сілтейді (Хак. -рус. сл., 1953). Аңның ашулы, қатал болуы күшіне әрі тісіне байланысты. «Арсыл» сөзіне өзімізге белгілі «аң» сөзін немесе көптеген аң атаулыға қосылатын -ан (қоян+ан, бұл+ан т. б.) жұрнағын қоссақ, «арсыл+аң» немесе «арсыл+ан» пайда болмақ. Оның қазақ тілінде «арыстан» тұлғасына дейін өзгеруі де заңды құбылыс. Бұл ойымызды оның басқа түркі тілдерінде: арыслан, арыслан, араслан, аслан т. б. дыбыстық тұлғада болуы анықтай түседі (Э. Сев., ЭСТЯ, I, 1974). Осы деректерге қарағанда «арыстанның» қазақшасы «тісті аң», «азулы аң» әрі кетсе «ашулы, айбынды аң» болмақ.

**Арапшы.** Бұрынғы кезді былай қойғанда, қазірдің өзінде тілімізде «азғырушы», «эзэзіл» мағыналарында «арапшы» сөзінің қолданылуын өте сирек құбылыс дей алмаймыз. Соған қарамастан бұрынғы не соңғы түсіндірме сөздіктерде ұмыт қалғаны таңдандырады. К. К. Юдахин құрастырған сөздікте — көрсетілген мағыналарда — «арапчы» тұлғасында (К. Юд., КРС 1965) кездесетінін айта кетуді міндет деп білдік.

«Арапшы» сөзінің арғы тегі, төркіні түркі тілдері деп топшылаймыз және екі түбір сөз, бір қосымшадан құралғандығына мына тілдік деректер айғақ болғандай. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде: ар — алдау, азғыру, өтірік айту (ДТС, 1969) дегенді оқимыз. Бұдан біз бірінші түбір — «ар» екенін байқадық. Екінші түбір сөзді («ап»-ты) берісі мінғол тілдері, эрегірек барсақ тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден табамыз. Бурят тілінде: аб — (кейде «аба») — арбау, сиқырлы күш

(Т. Бер. МССИЯ, 1969) мағынасына мезгесе, тунгус-маньчжур тобына жататын эвенкі тілінде: апта — сиқырлау, дуалау (ССТМЯ, II, 1977) дегенді ұғындырады. Сөздікте эвенкі тіліне якут тілінен ауысқандығы белгіленген. Ертедегі монғолдардың жазба тілінде: аб — сиқырлық, көз байлаушылық (ССТМЯ, II, 1977) мағыналарында болғандығын оқимыз.

Сөйтіп бірінші түбір «ар», екіншісі «ап» екендігі айдан анық. Тіпті ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде екеуінің қос сөз қалпында қолданылғаны жөнінде де дерек бар: ар-йув — алдау, адастыру (ДТС, 1969). Осы қос сөздің екінші сыңары қазақ тіліндегі қолданыста «ап» қалпына айналуы таңдандырмаса керек. Әрі қос сөз кейін келе қазақ тілінде біріккен сөзге айналып «арап» тұлғасы пайда болған. Ең соңындағы -шы, баршаға аян, белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдарды білдіруде қосылатын жұрнақ. Сөйтіп, «арапшы» тұлғасының, қазіргі тұрғыдан алғанда, қазақша мағынасы — «алдаушы», «сиқыршы» дегенді білдіреді екен.

**Арба.** Сөз төркінін анықтауда оның түсінігі де жәрдемін тигізеді. «Арба» түсінігі «Түсіндірме сөздікте» былай — көлікке жегілетін төрт дөңгелекті, екі дертелі (жетекті) тасымал құралы.

Э. Севортян сөздігінде де «арба» сөзінің төркіні төңірегінде біршама пікірлер талқыланған (Э. Сев. ЭСТЯ, I, 1974). Алайда «арбаның» шыққан тегі түркі тілдері ме әлде араб, парсы тілдері болар ма деген сияқты мәселе шешілмей қалған. Кавказ, Орта Азия, Шығыс Европа жерінде мекендеген түркі тілдерінде бұл сөз «арба», «араба», «абра», «арава» дыбыстық құрамында түрленіп айтылатындығын байқаймыз. Оның керісінше, Сібірдегі кейбір түркі тілдерінде «арба» мағынасын беретін сөздер өзгеше дыбыстық құрамда көрінеді: хакасша — ханьяа, бұл тілде «арба» сөзі тек диалектизм ретінде аталады (Хак. -рус. сл., 1953); туваша — терге (Рус. -тув. сл., 1980), бұл — шамасы монғол тілінен ауысқан болса керек, мон. -тэрэг (Қаз. -мон. сөз., 1977); якут тілінде орыс тілі әсерімен — тэлиэге (Рус.-як., 1968) түрінде көрінеді.

Біздің жобалауымызша, қазіргі «арба» мағынасын беретін түркі сөзі хакас тіліндегідей «хаңаа» тұлғасында болған демекпіз. Өйткені көне түркі жазба ескерткіштерінде осыған сәйкес «қаңлы» сөзі «арба» мағынасын

берген. Осындай деректер болған жерде жүйесі басқа тілдеп, әсіресе, араб, парсы тілдерінен ауысып алынған «арбаға» жармасудың реті келмейтін сияқты. Араб тілінде «арба»— гэрбэ болып дыбысталса (Н. Оң., ПҚТС, Алматы, 1974), парсыша — эрабэ қалпында тұлғаланады (Пер.-рус. сл., I, 1983). Бұған қосымша, осы тілде «дөңгелек» сөзі — эррадэ болып айтылады. Дөңгелексіз арба болмайтынын еске алсақ, «арба» атауының өзі дөңгелекпен байланысты туғандығын байқау қиын емес сияқты. Рас, чуваш тілінде де «дөңгелек» мағынасын беретін сөз «араба» дыбыстық құрамында кездесетіні бар. Мұны өте ерте кезде ауысқан араб, парсы сөзі демекпіз. Сөйтіп «арба» араб сөзі екендігі, оның бұл атауы араб, парсы тілдерінде осыған сәйкес дыбысталатын «дөңгелек» мағынасындағы сөзден туындаған деп болжам жасауға болады.

**Арбандау.** Қазіргі тілімізде — өрескел, ерсі қимылдау дегенге мезгейді. Дұрысын айтсақ, алғашқы мағынасы — сын есім — ірі, үлкен, биік мағыналарын бергендігін хакас тілі деректері анықтайды (Хак.-рус. сл., 1953). Кейін сын есім түбіріне -да қосымшасының жалғануы арқылы ірі, үлкен тұлғалы жан иесінің қимылын білдіретін етістік пайда болған. Бұл ойымызды «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мысал ретінде алынған мына сөйлем қуаттайды: «Қажакен... шапанын лақтырып тастап, аренаға *арбаңдап* шыға келді». Әңгіме Қажымұқан туралы. Атақты балуанның дене мөлшері қандай болғандығы әркімге де белгілі болса керек.

**Арқалан.** Дәл бұл жерде тек Абай өлеңінде бір рет қана кездесетін «арқалан» сөзінің төркіні туралы сөз қозғағалы отырмыз.

Кез келген қазақ баласы жатқа білетін Абайдың —

«Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, *арқалан*.  
Сен де — бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан,—

деген өлеңіндегі «арқалан» сөзінің, сырт көзге, мағынасы әркімге де анық, түсінікті сияқты. Осы күндері баспадан шыққан түсіндірме сөздіктерімізде де, бұл сөздің түсінігіне келгенде, жұртқа мәлім мағынадан аса алмаған. 1959—61 жылдары шыққан екі томдықта Абай өлеңіндегі «ар-

қалап» сөзіне «біреуге сену, сүйену» деп түсінік берілсе, «Абай тілі сөздігінде» (1968): Арқалану — өз күшіне сену, масаттану, мақтану. Ал 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» бірінші томында (1974): Арқалан — арқа сүйеу, сену. Абай осы өлеңінің соңында: «Мақтанды іздеп, қайғы алма...» десе, «арқалан» сөзі дәл бұл жерде «масаттан, мақтан» мағынасы орнына қолданылып отыр деуге ауыз бармайды. Міне, осындай пікір таласы үстінде ертедегі түркі жазба ескерткіштері дерегінің пайдасын қолма-қол көреміз. Өткен дәуірдегі түркі тілдерінде «арқаланның» біз білетін мағынасымен қоса екінші ұғымы да болған. Ол — ізден, іздену: «біліг чіндә ерсә сіз арқаң»—«даналық Қытайда десе де, сіз іздеңіз» (ДТС, 54). Сөйтіп, Абай «арқаланының» мағынасы «ізден» дегенге нұсқайды. Егер өлең желісін ой таразысына салсақ та, елегінен өткізсек те, өз пікірімізге, көңіліміз кәміл сене түседі. Өйткені «ізденбей», тек «мақтану, масаттанумен» жүрген өнерпаз дүние «кетігін тауып, кірпіш болып қалана қоюы» екіталай. Бұл жерде біз жазба ескерткіштегі бір сөзді тауып алып, ойымызға арашашы болсын деген ниетпен, жармасудан аулақпыз. «Арқа» сөзінің «ізде» мағынасы қазіргі кездегі тоға, тұва, алтай іспеттес түркі тілдерінде сақталғандығымен де дәлелдейміз (В. И. Рас. ФЛТЯ 1971, 155).

**Аршын.** Ұзындық өлшемі. Түсіндірме сөздікте: Аршын — метрге тең өлшем! (Ә. Н.). Шынын айтсақ, түркі тілдеріндегі барлық деректерде, ол (аршын) метрге тең емес, не бары 0,711 метр немесе 71 см. Аршын сөзі орыс тілінде де кездеседі. Алайда, бұл сөздің негізгі төркіні иран тілі: арш — шынтақ (Н. Дмитриев. Стрій тюркских языков. 1962, 522—523). Ал В. Радловтың көрсетуінше: арш — шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралық (В. Рад., I, I, 331). «Арш» сөзі түркі тілдеріне ауысқаннан кейін -ын қосымшасын жалғап алған да, одан әрі орыс тіліне өткен.

**Аса таяқ.** Ұзын таяқ; аса. «Оның қолынан аса таяғы түспейді». Е. Жанпейісов «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» атты кітабында «аса, келтек» сөздеріне талдау жасай отырып, «Аса — ұзын да, келтек — қысқа келеді» дейді (1976, 132—133). Бірақ «аса» сөзінің төркіні туралы әңгіме болмаған.

Біздің жорамалымызша, «аса таяқ» екі сөз. Араб тілінде: ғәса — таяқ, жіңішке таяқ. Иран тілінде де осы тұлғада «таяқ» мағынасында қолданылады (Пер.-рус.



сл., 1959). Сөйтіп «аса таяк» тіркесіндегі «аса» жүйесі басқа (араб, иран) тілдерден ауысып, өз тіліміздегі «таяк» сөзімен қосарланып, «таяк таяк» дегенді ұғындырады.

**Асқазан.** Әдетте, тамақ қорытатын мүшені осылай атаймыз. «...ешкі сүті *асқазанға* өге жұғымды...» (Тарту).

Екі түбірден тұратын бұл сөздің алғашқысы, баршаға мәлім, «ас» (тамақтың синонимі). Ол туралы әңгіме қозғамаймыз. Соңғы түбір — қазан. Сырт көзге, мұның да төркінін іздестірудің қажеті жоқ сияқты. Алайда, дәл мұндай біріккен сөздің басқа (Өзбек пен ұйғыр тілін қоспағанда: өзбекше — ошкозон, ұйғырша — ашқазан) — хакас, якут, қырғыз, түрікмен сияқты түркі тілдерінде кездеспеуі, өзгеше бір болжамға жетектейді. Аталған тілдерде біздегі «асқазан» мағынасын бөтен тұлғалы сөздер береді. Әрине, екінші сөзді кәдімгі өзімізге аян тамақ пісіретін қазанға ұқсатудан найда болған деу оп-онай. Бұлай қарау негізсіз, үстірт болар еді.

Қарастыра келгенде, мынадай тіл деректері біздің жорамалымызға жол бергендей: араб тілінде: *һадзем* — тамақ қорыту (Араб.-рур. сл., 1970); иранша: *һәзм* — тамақ қорыту (Пер.-рус. сл., 1959). Осы сөздер кейбір түркі тілдеріне (қазақ, ұйғыр, өзбек) ауысқанда тұлғасын өзгерте отырса да, мағынасын сақтап «ас» сөзімен тіркесе түсіп, кейін бірігіп кеткен деу орынды көрінеді. Төл сөздеріміздің араб, иран тілінен ауысқан сөздермен бірігіп кеткен жағдайларына мысал іздеп жатудың реті келе қоймас (әркім, асхана, демалыс, шаштараз т. б.).

**Атым, бір атым насыбай.** Ауызға бір-ақ рет салуға жарарлық насыбай мөлшері екендігі белгілі. Әрі «атым» тек насыбаймен ғана тіркесетіні де ежелден аян. «Достың көңілі *бір атым насыбайдан* қалады» (мақал).

Сөз төркінін болжауға мына бір тіл дерегі себепші болғандай. Монғол тілінде «уыс», «шеңгел», «шымшым» мағынасын беретін сөз «атга» тұлғасында көрінсе, қалмақ тілінде — «атх» дыбыс құрамында айтылады. Әрине, насыбай ауызға уыстап емес, шымшыммен ғана салынады. Мына тіркесте сол «бір шымшым насыбай» орнын, «бір атым насыбай» болып, монғол тілінен ауысқан «атга» сөзі меншіктеніп тұрғандығы байқалады. Соның өзінде тіліміздің морфологиялық жағы сақталып қалғандығын соңғы -ым қосымшасынан көріп отырмыз («шымшым» соңындағы -м жұрнағы, сол мағынадағы

монғол сөзіннің соңына көшіп, «атга» тұлғасы «атым» қалпында көрініп тұр).

**Ауалану.** Он томдық «Түсіндірме сөздікте» аталған сөздің екі түрлі мағынасы берілген. Оның екіншісі — көңілін алдау, тоқмейілсу. Алайда, сөздікте мысал үшін берілген сөйлем ішіндегі «ауаланудың» мағынасы түсінікте берілген ұғымға көп жанаса бермейді. Ондағы келтірілген сөйлемнің бірі — «Қызығып дүние үшін *ауаланба*, Бер ақыл, білім барда өзіңе өзің!» (Үш ғасыр жырлайды). Сөйлем ішіндегі «ауаланба» мағынасы «көңіл алдама», «тоқмейілсімеден» гөрі «ынтықпа», «құмартпа» дегенге әлдеқайда жақындығын сезіну қиын емес.

Бұлай болудың басты себебі — «ауалану» сөзінің қазақ тіліне жүйесі басқа тілдерден ауысып келгендігінен. Бір тілден екінші тілге сөз ауысқанда мұндай жағдайлар ұшыраса береді. Мысалы, парсыларға түркі тілдерінен енген «йайағ» (қазақша — жайлау) сөзі «дача» мағынасына ие болған (Пер.-рус. сл., I, 1983).

Дәл сол сияқты «ауалану» сөзінің төркіні парсы тілі: ынтығу, құмарлану, сұқтану (Пер.-рус. сл., II, 1983) мағынасын береді.

**Ауан.** Қазақтың қазіргі әдеби тіліндегі мағынасы — ағым, ыңғай, икем. «Жігіттіктің *ауаны* да, қыдыра берсін». Қазақ тіліне иран тілінен ауысқан деуге болады. Бұл тілде сөздің жекеше түрі — ан, ал көпше тұлғасы — эван болып тұлғанады да, мағынасы — уақыт, кез, кезең. Түркі тілдеріне ауысқаннан кейін мағынасына біршама өзгеріс енген.

**Аужал.** Бұл сөз сөйлем ішінде көбіне «ал», «ет» етістіктерімен тіркесіп келеді. Түсіндірме сөздікте үш түрлі мағынасын ұшыратамыз. Оның екеуі ауыспалы мағнада көрсетілген. Ауыспалы мағынаның бірі — қуат, күш, демеу сияқтыларды ұғындырады. Осындай мағнада оны қырғыз тілінде «оож ал» тіркесі күйінде табамыз (К. Юд., КРС 1965). Мұнда алғашқы «оож» тұлғасы араб тілінен ауысқандығы көрсетілген. Сөздің араб тіліндегі мағынасы — күш, қуат. Ал екінші бөлегі «ал» түркі тілдерінің өзіне тән етістік түбірі. Сонда қырғыз тіліндегі: оож ал — күш жинау, қуат алу мағынасын ұғындырады. Араб тілінен енген «хуж» қырғыз тілінде «оож», қазақ тілінде «ауж» (салыстырыңыз: қырғызша — тоо, қазақша — тау) тұлғасына дейін өзгеріске түсіп, оған осы тілдердегі «ал» етістігі тіркесіп, қырғыз

тілінде бөлек жазылса, бізде, кейін келе бірігіп кеткен. Осы бірігу нәтижесінде қазақ тілінде «аужал» қалпында көрініп, тағы да «ал», «ет», «бол» сияқты етістіктерді талап етіп дағдыланған: «Еркең енді-енді ғана серпілгендей, әзілді *аужал* етуге кірісті» (Ғ. Сланов, Домбыра күйі.).

**Ауық-ауық.** «Таудан *ауық-ауық* самал жел соғады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Ана тілімізде ежелден етене болып байырғы қос сөзіміздің біріндей қолданылып келе жатқандықтан да болар, түпкі төркіні, жүйесі басқа тілден дерліктей, шикілік нышанын да танытпайды.

Қай тіл болмасын, өзге бір тілден (әсіресе, жүйесі басқа тілден) сөз ауысып алғанда, көбіне, өзінің дыбыс шығару орындарының қабілетіне сәйкестендіруге тырысатыны дағдылы құбылыс. Дәл осы жағдаймен өзгеріске түскен араб, парсы сөздері тілімізде біршама ұшырасып отырды. Солардың бірі — «ауық-ауық». Шын мәнісінде, бұл да қазіргі кезде тілімізде жиі қолданылып жүрген арабтардан келген — «уақыт» сөзімен түбірлес те тамырлас. Дәлірек айтсақ, соның өлшеусіз өзгеріске түскен түрі.

Ең алдымен қос сөз болып қалыптасу барысында, қайталау нәтижесінде соңғы «т» дыбысы түсіріліп, «уақ-уақ» түріне жеткен. Араб, парсы тілдерінен енген сөздерде бұл құбылыс жиі ұшырайтынын парсы тілінен келген дос (иранша — дуст), дұрыс (дорст), рас (раст) іспеттес сөздер кепіл бола алады. Одан әрі сөздегі дыбыстар орнының ауысу (метатеза) заңдылығы араласып «уақ» сөзі «ауқ» тұлғасына дейін өзгерген әрі соңғы «у» мен «қ» арасына қысаң «ы»-ның килігуі де орынды. Осылайша «ауық-ауық» қос сөзі тілімізге сіңісіп кеткен. Мұндай тілдік құбылыстар басқа халықтар ішінде де болып жатады. Дәлел үшін бірер мысал: орыс тіліндегі «стакан» немесе «собака» сөздері түркі тілдерінен ауысқан «тостаған» және «көпек» тұлғаларының дыбыстық өзгеріске түскен түрі екендігін қазіргі орыс тілі мамандары дәлелдеп отыр (Е. Н. Шипова, Словарь тюркизмов в русском языке, Алма-Ата, 1976).

Ыңғайы келгенде айта кетейік, тіліміздегі «оқтын-оқтын» қос сөзінің пайда болуына себепші болған да арабтан енген осы «уақыт» сөзі. Мұндағы өзгеріс жолы «ауық-ауық» қос сөзінен басқаша болса да, тіл заңдылығынан тыс кетпейді. «Уақыт» тұлғасындағы «уа» буы-

ны жалаң «о» дыбысымен ауыстырылып, соңына -ыш қосымшасы жалғану арқылы жасалған дей аламыз.

**Ауыл-аймақ.** Қос сөзді тұтас алсақ та немесе оның құрамындағы «ауыл» мен «аймақ» сөздерін дербес қарағанда да мағынасы кез келген адамға түсініксіздік тудырмайды. Алайда басқа түркі тілдерінің немесе туыс саналып жүрген өзге тілдер дерегіне үңіле қарасақ, осы сөздердің қай-қайсысының да тұңғыш, алғашқы мағыналары болғандығы анықтала түседі.

Қазіргі тұрғыдан алғанда, «аймақ» сөзінің екі түрлі — өлке, өңір, атырап және айнала, маңай, төңірек сияқты мағыналары бар: «...Таусылар емес тау қырман, *Аймаққа* төне тұр қарап» (Ғ. Қайырбеков, Құрдас.). Ал «ауылдың» (түсіндірме сөздігіміздің көрсетуінше) төрт мағынасын білеміз. Ауылдың қазақ тіліндегідей мағынасы қырғыз, алтай, хакас тілдерінде де кездеседі.

Өте ерте кездерде «ауыл» сөзінің «көрші» мағынасы болғандығын жазба монғол тілі деректерінен табамыз: айил — көрші (сосед) (ССТМЯ, I, 21). Дәл осы мағынада оны қазіргі монғол тілінен де табу қиын емес.

Қазіргі якут тілінде: аймах — туыс (родня) деген ұғымға не болса, монғол, бурят тілдерінде «аймақ» сөзінің мағынасы — тайпа, ру, ұрпақ сияқтыларды түсіндіреді. Бір қызығы, жазба монғол тілінде: «айил — аймаг» қос сөзі «туыстар» дегенмен барабар.

Осы деректерді еске ала келгенде «ауыл» сөзінің көне мағынасы «көрші», «аймақ» сөзінің ескі түсінігі — «туыс» болғандығы байқалады. Сөйтіп, қазіргі қолданылып жүрген қос сөзіміз «ауыл-аймақтың» тұңғыш мағынасы кең де көлемдірек болып, «туған-туысқан», «көрші-көлем» қос сөздерінің мағынасын қоса, тұтас қамтығандығын аңғарамыз.

**Ашқарак.** Сөз төркіні бұдан бұрын шыққан бір еңбекте талданған болатын (ҚТҚЭС. Алматы. 1966, 45—46). Қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен осы сөзді төркіндетуші авторлар мақаласында анық, айқын, дұрыс берілген. Мәселе, сөздің мағынасында емес, оның шыққан тегі, төркіні туралы болғандықтан, біз оларды қайталап жатуды артық санадық.

«Ашқарак» сөзінің төркінін зерттеушілер пікірінше, бұл сөз тілімізде жиі қолданылатын «аш» (тамақ ішпеген, нәр татпаған мағынасындағы) сөзі мен кейбір түркі тілдерінде (тува, хакас, якут, сары ұйғыр) «көз» мағы-

насын беретін «қарак» немесе «харах» тұлғаларының қосындысынан туғандығы байқалады.

Түркі тілдерінде, жалпы тілдерде, сөздердің бірігуі арқылы үшінші бір сөз жасалып, өзгеше мағынаға ие болатынын теріс деуге, әсте, болмайды. Сондықтан да «ашқарак» сөзінің төркінін зерттеушілердің болжамы көңілге қонымды, ойға оралымды екендігінде дау жоқ.

Алайда, кейбір тілдік деректер бұл жорамалға жасқана, күдіктене қарауға мәжбүр етеді де, сөз төркінін басқаша қарастырса қалай болар еді деген ойға жетектейді.

Тіліміздегі «аш» сөзі тува, хакас, якут тілдерінде де дәл осы дыбыстық құрамаға сәйкес — аш, ас, ачык тұлғаларында айтылса, ал біздегі «көз» бұл тілдерде карак, харах (хакас, якуттарда) болып қолданылатыны да рас. Осылай бола тұрса да бұл тілдерде «аш» пен «харах» сөздері қосылып, қазақ тілінде «тамақсау», «комағай» мағынасын беретін — «ашқараққа» дыбыстық жағынан сәйкес келетін сөз тудырмауы және мұндай мағынадағы сөздер: туваша — топпас, хакасша — тоспас, якутша — топпот болып тұлғалануы таңдандырады. Дәлірек айтқанда, «ашқарак» сөзінің төркіні боларлық тілдерден оған сәйкес тұлға таппаймыз.

Сондықтан біздің жобалауымызша, сөз төркіні парсы тілі демекпіз. Мұны сол тілдің мына сияқты деректері дәлелдей түседі. Ең алдымен, парсыша: хош — жақсы; хорак — тамақ (Пер.-рус. сл., I, 1983, 581, 579). Бұл сөздердің қазақ тіліне сінгендігі сондай, кейде тілімізде басқа сөздермен де тіркесіп, түсінік бере алады (қош келдініз, хош ніс, қорек ету, қорегі жоқ т. б.). Одан әрі, парсы тілінің өзінде осы екі сөздің бірігуінен жаңа мағыналы сөз туатынын да көреміз: хошхорак — 1) жақсы және көп ішіп-жеуді ұнататын адам; 2) тамақ талғмайтын адам (Пер.-рус. сл., I, 1983, 584) деген мағыналарда қолданылады.

Осыларды көрсете отырып, тіліміздегі «ашқарак» сөзі парсының «хошхорак» сөзінің туындысы болар деген тұжырымға келеміз. Бұл ойымызды тіліміздің заңдылықтары да қуаттайды. Араб, парсы тілінен ауысқан сөздердің басындағы «ғ», «х» дыбыстары кейде біздің тілімізде түсірілуіне байланысты алғашқы сөз бірінші дыбысынан айырылып, «ош» одан әрі «аш» тұлғасына дейін өзгерген. Ал екінші — «хорак» сөзінде «х» орнына «қ», бірінші буындағы «о»-ның орнына «а» дыбысы қол-

данудан «қарак» қалпына жетіп, қазақ тілінде «ашқарақ» түрінде тұлғаланып тұр. Болжамымызды қырғыз тілінің дерегі де анықтай түседі: ашкорок — түскі тамаққа арналған үзіліс (К. Юд. КРС 1985). Мұнда мағына жағынан өзгеріске душар болған.

Тағы бір ескеретін нәрсе — «ашқарақ» пен «аш көз» сөзін синоним ретінде қараудың өзі де ой салады. Өйткені «ашқарақ» тек қана тамаққа субъектінің көзқарасынан туған сөз де, ал «аш көз» дүниеге жалпы көзқараспен байланысты. Сондықтан да оның мағынасы көп жағдайда «сарандық, қараулыққа, күншілдікке» нұсқайды.

**Ашы. Жаны ашыды.** Біз бұл тіркестің мағынасын — есіркеді, мүсіркеді, аяды қалпында түсінеміз. «Шын жаның ашыса, Нұржанды құтқарып алудың қамын ойла» (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

Тілімізде «ашы» етістігінің басқа да сөздермен тіркеске түсетіні бар: миы ашыды; удай ашыды сияқты. Бірақ мына «жанмен» тіркесіп келген «ашы» етістігінің жөні басқа, мағынасы өзгеше болса керек. Әрі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне монғол тілінен ауысқан деген жорамалдамыз. Өйткені монғол тілінде: ачих — қамқор мағынасында қолданылады. Шынында да, жанын сала қамқор болған адам ғана есіркей, мүсіркей, аяй білмек. Осы жорамал дұрысқа сайса, «жаны ашыды» тіркесіміз «жанымен қамқор болу» дегенді ұғындырмақ.

**Аяз.** Бұл сөзді естісек не еске алсақ, қыстың ызғарлы суығы ойға оралады. «...боран... ашылған соң, қатты аяз болды» (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

Мезгіл өткен сайын сөз мағынасының өзгеріске ұшырап отыратындығына осы бір тұлғаның өзі де куә болғандай. «Аяз» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын ертедегі жазба ескерткіштер мен кейбір түркі тілдерінің дерегі анықтай түседі. Мысалы, М. Қашқарида: айас — таза, ашық; айас көк — ашық аспан (ДТС, 27); тува тілінде: аяс — ашық (Тув.-рус. сл., 1955); Хак-каша: аяс — ашық, бұлтсыз; аяс күн — ашық күн (Хак.-рус. сл., 1954) мағыналарын береді. Қазақ тіліндегі «аяз» тұлғасынан бұл тілдердегі айырмашылық соңғы «з»-ның орнына «с» дыбысының қолданылуы ғана болса, мағына жағынан да аса артық өзгешелікке ұшырай қоймаған. Өйткені, біздегі аяз — қанша қатты суықты ұғындырса да, оның тек қыстың ашық күндерін-

де болатыны белгілі. Ал тува, хакас тілдерінде қыс, жазына қарамастан тек бұлтсыз, жауынсыз ашық күн болса «аяс» дейтін көрінеді.

**Аю.** Аңның бұл түріне түсінік беріп жату артық болар. Түркі тілдерінің көбінде — айув, айығ, айыв, азығ, адығ және т. б. дәл осыларға сәйкес дыбыстық құрамда кездеседі. «Аю» сөзінің пайда болуы жөнінде ғалымдар көзқарасы әр түрлі (Э. Сев. ЭСТЯ, 1974, 112—113). Олардың бәрін қайталап жатудың қажеті бола қоймас.

Біздің байқауымызша, «аю» өз атын бойына біткен кейбір қасиеттеріне байланысты алса керек. Аңның бұл түрі күшті әрі қорқынышты.

Ертедегі түрлі жазба ескерткіштерінде: айығ — ашулы, жауыз; айын — қорқынышты, қауыпты (ДТС, 28, 29) мағыналарында кездеседі. Қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде «ай» түбірлі сөздерде осы сияқты мағыналардың сақталғандығы байқалады. Тува тілінде: айыылдығ — қауыпті (Рус.-тув. сл., 1980); хакасша: айдас — күшті, ірі, мықты (Хак.-рус. сл., 1953) мағыналарында қолданылады. Дәл осы сияқты мағынадағы сөз сол іспеттес тұлғада монғол тілінде де ұшырасады: аюул — қауып; айх — қорқу, шошу (Мон.-қаз. сөз., 1954).

Сөйтіп бұл аңның аты тілімізде өте ерте кездерде «қорқынышты», «қауыпты», «күшті» сияқты мағыналарда қолданылған «айығ», «ай» сөздерінен пайда болса керек.

## Ә

**Әбдіре.** Тілімізде бірде «абдыра», кейде «әбдіре» қалпында айтыла беретіндігі «Түсіндірме сөздіктен» белгілі. «Орфографиялық сөздікке» (1978) сүйеніп, біз бұл жерде «әбдіре» дыбыстық вариантын алдық. Ал мағынасына үлкен сандық деген түсінік берілген: «Олар да жігіттерден қалыспай түйеге *әбдірені*, кебежені теңдеп артып жатыр». (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Сөздің төркінін іздестірген Э. Севортян «абдыра» тұлғасының түркі тілдеріне монғолдардан ауысқандығынан басқа еш нәрсе қоспайды. Әрине, монғол тобындағы тілдерде мұндай тұлғалы сөз тек «сандық» қана емес, «кебеже» мағынасын да қоса қамтиды. Мон.: авдар — кебеже, сандық (Мон.-қаз. сөз., 1954); қалмақша: авдр — сундук (Рус.-қал. сл., 1964).

Біршама түркі тілдерін былай қойғанда «әбдіре» сөзі



парсы тіліне де жайылған. Әрине, мұнда сәл-кем мағына өзгерісіне душар болған: абдари — қол сандықша (саквояж) (Пер.-рус. сл., 1983).

Егер біз монғол тіліндегі «авдар» сөзінің алғашқы түбірін бір буынды деп шамаласақ (ав), онда осыдан пайда болған әрі мағынасы жағынан «авдарға» жақын, жуық келетін «авс» сөзіне тап боламыз. Мұның мағынасы — табыт (Қаз.-мон. сөз., 1977). Көрсетілген екі зат атқаратын қызметі жағынан онша алшақ кетпейтіндіктен де, түбірі бір болу керек деген ойдамыз.

Түбірлері бір-ақ болсып, бірақ осы екі сөздің, олардың түбірлерінің шығуына неідей нәрсе себеп болған, төркінін қандай сөзге апарып тіреуге болады деген сияқты мәселе әлі де тұйық қалып отыр.

Жорамал жетегіне еріп, мына бір болжамды ұсынбақпыз. Маньчжур тілінде: «абдари моо» тіркесі «ағаштың бір түрінің атауы», дәлірек айтқанда «емен тектес ағаш» (ССТМЯ, I, 1975, 5). «Моо» бұл тілде «ағаш» деген ұғым берсе, «абдари моо» — абдари ағашы деген түсінік береді. Демек, алғаш сандық, кебеже, табыт атаулы ыдыстар осы (абдари) аттас ағаштың мықты, берік түрінен жасалып, кейін келе ағаш атауы өзінен жасалған зат атауына өтуі ғажап емес. Монғол тіліндегі «авдар», «авс» — сол тілдегі қосымшалар арқылы мағына ажырату үшін пайда болған тұлғалар болуы ықтимал.

**Әбес.** «Менің бұл ойым *әбес* көрінуі де ықтимал» (С. Омаров, Тастағы жазу.). Келтірілген мысалдан бұл сөздің түсінігі — оғаш, ерсі болмақ.

«Әбес» сөзі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан деуге болады. Бұл тілде: *әбес* — бос, босқа, пайдасыз (Пер.-рус. сл., II, 1983). Ауысып алынған сөз қазақ тілінде аз-кем дыбыстық әрі мағыналық өзгеріске түскендігін байқаймыз.

**Әйәй.** Түсіндірме сөздік бойынша, сөз мағынасы — көркем, сұлу, әдемі: «Мына өзіміздің Адайда Ақбөбек атты *әйәй* қыз бопты» (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

Дәл осы тұлғада әрі мағынасы жақын сөзді басқа түркі тілдерінен кездестіре алмадық. Алайда түрікмен тілінде: «овадан» тұлғасы «сұлу», «әдемі» мағынасында кездесетінін көрсете кетеміз. Бірақ бұл сөз монғол тілінен ауыспады ма екен деген ой да келеді. Өйткені ол тілде: овоо — көркем, тәуір (Мон.-қаз. сөз., 1954).

Тунгус-маньчжур тобындағы көптеген тілдерде «айа»,

«ай», «ай...ай», т. б. тұлғалар — жақсы, сұлу, кербез сияқты жағымды мағыналарда қолданылады (ССТМЯ, I, 1975, 18—20). Сондай-ақ монғол, бурят тілдерінде де: «аятай», «ая» сөздері — тәуір, оңды мағыналарын қамтитынын еске саламыз (Бұл да сонда).

Осы деректермен санассақ, тіліміздегі «эйэй» сөзі монғол, тунгус-маньчжур тілдерінің әсерінен пайда болған деп топшылаймыз. Қазіргі тіліміздің түсінігіне салсақ «эйэй» — «жақсы» сөзін қайталау нәтижесінен «өте жақсы» мағынасын тудырып тұр.

**Әйнек.** Бұл сөз кейде «көз» сөзімен тіркесе келіп, «көзілдірік» мағынасының синонимі «көз әйнектің» тууына да себепші. «Әйнектің» жеке тұрғандағы мағынасы «шынымен» синонимдес екендігі әркімге мәлім.

Дәл қазіргі әңгіме етпегіміз «Көз әйнек» тіркесі жөнінде: «Профессор тағы да кіршіксіз ақ орамалымен көз *әйнегін* сұртті» (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). «Көз» туралы мәселе қозғамай, әңгімеміз «әйнек» туралы болмақ.

Парсы тілінде «әйнек» сөзінің қара басының өзі-ақ біздегі «көзілдірік» мағынасын бере алады. Енді бізге осы тілдегі «әйнек» сөзінің төркінін қарастыру қажет. Тағы да сол тілде: *әйн*, *әнн* — көз мағынасында қолданылатынын байқаймыз (Пер.-рус. сл., II, М., 1983). Бұл дерекке бой ұрсақ, сөз түбірі «көз» мағынасын беретін — «*әйн*» екен де, ал — *әк* қосымшасы жалғанып (*әйн* + *әк* > *әйнәк* > *әйнек*) қазақ тіліндегі «көзілдірік» ұғымын беріп тұр. Кейбір зерттеушілер «*әйн*» араб сөзі де, ал *-әк* парсы тілі қосымшасы деп санайды (Н. Оң. ПҚТС, Алматы, 1974, 193).

Жалпы алғанда, қазір біз қолданылып жүрген «көз әйнек» тіркесін толық қазақшаласақ — «көз көзілдірік» тіркесін тудырған болар еді.

**Әккі.** Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан алсақ, мағынасы — ысылған, тәжірибелі, тісқаққан сияқты ұғымдарға нұсқайды. Көбіне сын есім қызметін атқарады: «Жазықта құтылмасын біліп, *әккі* қасқыр «Жеті құдықтың» обалы шоқысына беттеді» (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). «Қыз Жібек» жырында да бұл сөзді «*әккі* болған қу екен» сияқты тіркесте ұшыратамыз.

Алтайдағы телеуіттерде: *акка* — белгілі, ерекше (В. Рад. Опыт..., I, I, 109) мағынасында көрінеді. Тұрақты тіркес құрамында «*әке*» тұлғасында қырғыз тілінде — тәжірибелі, тісқаққан ұғымын береді (К. Юд.

ҚРС, 1965, 944). Бірақ онда бұл сөз көбіне әйелдерге қолданылатындығы ескертілген.

Түптеп келгенде сөз төркіні монғол тілі болса керек деген жорамалға келеміз. Монғолдарда: айхтар — га-жап, керемет мағынасында айтылады (Мон.-қаз. сөз., 1954).

Осы тұлға түркі тілдеріне ауысып, олардың қолданылуында дыбыстық өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ал мағна жағына көп нұқсан келмеген.

**Әндеме.** «Түсіндірме сөздікте» сөз мағынасы — сылақшының үй сылайтын қалағы деп берілген. «...беліне әндемесін қыстырған бір сұңғақ бойлы жігіт кетіп барады екен» («Қаз. әдеб.»).

Дәл қазақ тіліндегідей мағынада — «андава» дыбыстық құрамда өзбек тілінде де кездеседі (Уз.-рус. сл., 1959). Ал ұйғырша бұл мағынадағы сөз — «һандуга» (Уйғ.-рус. сл., 1961).

Қарастыра келгенде байқайтынымыз қазақтар «ән-деме» сөзін Орта Азиядағы түркі халықтарынан ауысып алған сияқты. Оларға парсы тілінен келген. Парсыша: әнда немесе әндуд — сылау (Пер.-рус. сл., I, 1983, 133; 134). Осы түбірге -ме қосымшасы жалғанып «әндеме» тұлғасына дейін өзгеріп, үй сылайтын құрал атауына ие болған.

**Әпенді.** Қожанасыр есімімен байланыстыра айтылатын аңқаусынған, тақуасынған кісі (ҚТТС). Қазіргі кезде Қожанасыр мінездес адамдарға да қолданыла береді: «Аттарының басы салбырай, тырна тізбектеліп, әпенді құсап ілбіп келеді» (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

Мұның көп жайылған жері Орта Азия түркі халықтары тілі. Өзбекше: «афанди» сөзінің төрт түрлі мағынасы бар. Солардың ішінде қазақ тіліндегісіне сәйкес келетіні «аңқау», «дарақы» мағынасын беретін түрі (Уз.-рус. сл., 1959); ұйғыр тілінде: әпенди — 1. мырза; 2. қалжыңбас (Уйғ.-рус. сл., 1961). Сөздікте бұл мағынада оны Синьцзян ұйғырлары қолданылатыны белгіленген. Қазақ тіліндегі мағынада, «әпенде» тұлғасында қырғыз тілінен де табамыз (Қ. Юд., ҚРС, 1965). Түріктерде «эфенди» қалпында дыбысталып, мағынасы — ер адамдармен сыпайы қарым-қатынаста қолданылатын сөз делінген («Краткий словарь иностранных слов», М., 1971). «Әпенді» сөзі парсы тілінде де бар: әфэнди — мырза (Пер.-рус. сл., I, 1983, 108).

Қ. Юдахинның пікірінше, парсы тіліне грек тілінен

ауысқан. Сөйтіп, қазіргі қолданылып жүрген «әпендінің» төркіні грек тілі екен де, алғашқы мағынасы біздегідей «аңқау», «дарақы» емес, «мырза» дегенді білдірген.

**Әумесер.** Қазіргі түсінігімізде — алаңғасарланып не болса соған ұрынғыш, әулекі адам. «Бұл өзі сыпайы, биязы жігіт деп жүрсек, *әумесер*, содыр ма, қалай...» (З. Шашкин, Сенім).

Тұлғасы әрі мағынасы жағынан жақын, жуық сөзді парсы тілінен кездестіреміз: оубаш — 1. есерсоқ, бұзық (Пер.-рус. сл., I, 1983, 140). Бұл сөздің түркі тілдеріне ауыса қалғанда дыбыстық өзгеріске түсуі қиынға соқпайды: оубаш > аубас > аумас > әумес + ер > әумесер.

Бірақ оның өзгеріске бейімділігіне сүйеніп, төркіні парсы тілінен деуге түркі тілдерінің кейбір тілдік деректері ырық бермейді.

Қырғыз тілінде «оома» сөзінің бір мағынасы — тұрақсыз, ықпалға тез берілуші дегенді білдіреді. (К. Юд. КРС, 1965, 574). Қазақ тілінде дәл осы мағынадағы сөз «аумалы» қалпында айтылатыны мәлім.

Егер біз ертеректегі бұл сөздің түбірі қырғыз тіліндегіге жуық десек, «оома» қазақ тілінде «аума» тұлғасына дейін өзгерері даусыз. Соңғы тұлғаға тілімізде күнде қолданылып жүрген «есер» сөзін тіркесек «әумесер»-дің қалай пайда болғанын анықтау қиын емес: аума + есер > әуме + есер > әумеесер > әумесер. «Есер» сөзі түркі тілдеріне ертеден тән екендігін де ескерткен жөн (ДТС, 184). Көрсетілген деректерді еске ала келіп, парсы тіліндегі «оубаш» тіліміздегі «әумесердің», оларға ауысқаннан кейінгі қысқара қабылданған тұлғасы болар деген жорамалға жол бермекпіз.

## Б

**Бадал.** «Бармасаң бадал, қара жерге қадал» тәрізді қарғыс сөз құрамында жиі қолданылады. Қазір байқасақ, кейбір жазушылар ықпалы ма, осы тіркестерге кіргізілген жаңалық па әлде сирек қолданылып, көмескі тартып ұмытушылықтан туған ба, дәл ашып айту қиын, «бармасаң бада бол, қара жерге қада бол» қалпына шейін өзгерген (ҚТТС, II том). Кейбір жазушы осы сөз арқылы «бада бол» тіркесін тудырады: «Енді ол отырған жерге барсам *бада* болайын» (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан).

Қазіргі сөздігімізде: бадал — жоғал, құры деп түсін-

діріледі. Бұл, әрине, осы сөздің көп дәуірді басынан өткізіп, кейін пайда болған соңғы мағынасы болмақ. Ол заңды да. Сөз мағынасы да қоғам тарихының дамуымен жарыса отырып, тұңғыш ұғымын жаңғыртып, жаңартып отыруы кімге де мәлім құбылыс. Әрине, мұндай құбылыс ақиқаттығына осы іспеттес және бұдан да басқа күрделі сөз құрамдарын тұтас алып, терең түрде тілдік талдау жүргізгенде ғана жетуге болады.

«Бадалдың» алғашқы мағынасы «жоғал, құры» болса, қарғысқа ұшыраған жанының көз алдында көлбеңдеп, қадалып тұруын қай адам ұната қоймақ. Осындай ой жетегіне ере түсіп, ізденіске бет бұрсақ, өзге бір туыстас тіл деректеріне әкеліп тірейді. Қырғыз тілінде буйдал — тоқтау, бөгелу (задержаться, замешкаться) мағыналарында көрінеді (К. Юд.). Бұл жерде «бадал» сөзінің дәл алғашқы мағынасын тап баспасақ та, соған жақын келгендігімізді байқаймыз. Өйткені, «тоқталу, бөгелу» сөздері мағына жағынан «тұру» етістігіне бір табан жуық. «Бадалдың» алғашқы мағынасы «тұр» екендігін монғол тобына жататын бурят тілі дерегінен білу қиын емес: бодо — тұр (встать). Ал монғол тілінде: босох — тұру, түрегелу. Бұл топтағы тілдердің өзінде де дыбыс сәйкестіктері жиі болатын құбылыс. Сондықтан да, бірде «бодо», кейде «босох» болып дыбысталу  $d \sim c$  дыбыстарының сәйкестігінен туған нәрсе. Сөз соңындағы -л дыбысы — бурят тіліне тән жұрнақ. Монғол тіліндегі «о» дыбысы орнына қазақ тілінде «а» қолданылу дағдылы жағдай: монғ.— ороох, қазақ.— орау; монғ.— оточ, қазақ.— оташы т. б.

Аталған деректер «бадал» сөзінің алғашқы мағынасы «тұр» екендігін аңғартып, «бармасаң бадал, қара жерге қадал» дегеніміз қазіргі қазақ тілінде — «бармасаң тұр, қара жерге қадалып» сияқты ұғымға саятын тәрізді.

**Бажа.** Бір кісінің (кейде бір ауылдың, бір елдің) қыздарына үйленген адамдар арасындағы жақындық, іліктік осылай аталады. «Екі аяқтыда *бажа* тату, төрт аяқтыда бота тату» (мақал).

Осындай дыбыстық тұлғада бұл сөзді кейбір түркі тілдерінде кездестіреміз. Қырғызша — бажа (К. Юд. ҚРС, 1965, 93); түрікмен тілінде — бажа (Рус.-түрк. сл., 1956, 683); өзбекше — божа (Уз.-рус. сл., 1959, 78); тува тілінде — бажа (Рус.-тув. сл., М., 1980, 524).

Монғол тобына жататын тілдерде де «бажа» мағы-

насын беретін сөздің тұлғасы дыбыстық құрамы жағынан сәйкес келіп жатады: монғол тілінде — баз (Қаз.-мон. сөз. Уланбатыр, 1977, 49); Қалмақша да дәл осы тұлғада (Рус.-кал. сл., 1964, 635); Бурятша — база (ССТМЯ, I, 1975, 63).

Тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілде де «баца» сөзі біздегі «бажа» мағынасын береді (ССТМЯ, I, 1975, 63).

Түркі тілдерінің ішінде якут тілінің дерегі басқаша мәлімет береді. Мұнда «база» тұлғасы «келін» мағынасын ұғындырады (ССТМЯ, I, Л., 1975, 63). Осы сөз арқылы «бажаның» түпкі төркініне жол табуға болады. Маньчжур тілінің дерегі сөз төркініне бір табан жақындата түседі: «баша» бұл тілде біздегі «балдыз» мағынасында қолданылады. Ол маньчжур тілінде монғол тілі әсерінен пайда болғанын байқаймыз.

Жазба монғол тілінде — бачаган, қазіргі монғолша — бацган, бурят тілінде — басага(н) тұлғалары «қыз», «қыз бала» мағыналарында көрінеді (ССТМЯ, I, 1975, 78).

Келтірілген деректерді ой елегінен өткізіп, зер сала қараған адамға «бажа» сөзінің тууына себепші болған монғол тілінде «қыз» мағынасын беретін «бачаган» сөзі болуы лайықты. Бұл тұлға басқа тілге өткен сайын өзінің мағынасына өзгеріс кіргізіп отырғанын маньчжур тілінің дерегінен көрініп отыр. Біреудің балдызына үйленген адамға «баша» сөзі қолма-қол ауысқан деп айтсақ, қоғам дамуына байланысты сөз мағынасының өзгеріп отыратын заңдылыққа теріс, кереғар бола да бермейді.

Сөйтіп, «бажа» сөзінің төркіні монғол тілі екен де, тұңғыш мағынасы «қыз» дегенді білдіріп, одан кейінгі кездерде «балдыз» ұғымын, басқа тілдерге ауысқанда балдызға үйленген ер адамдарға «бажа» аты ауысқан деуге болады.

**Базына.** Түсіндірме сөздігімізде бұл сөздің мағынасы — қатар-құрбы, замандас адамдардың бір-біріне жасайтын наздығы. «Басылған бас көтерсе жазалы, Базаршы *базынасын* айтса жазалы» (Мақал).

Қазақ арасында бұл сөздің мағынасын түсіндіріп жату ыңғайсыз. Ал сөздің арғы тегі, төркінін табу қиынырақ. Өйткені осы тұлғалас, мағынасы жуық сөзді тунгус-маньчжур тобындағы тілдермен бірге иран тілінен де ұшыратамыз. Тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде:

бадыңа — әзіл, ойын мағынасына нұсқаса (ССТМЯ, 1975, 4), яқут тілінде: бадзы — болмашы нәрсемен біреуге тиісу дегенге мезгейді.

Алтай тобына жататын бұл тілдерді былай қойғанда оны біз («базынамен» байланысты сөзді иран тілінде: «базы» тұлғасында, «ойын, әзіл, ермек, ойыншық» мағынасында кездестіреміз (Л. Буд. Срав. I т, 225; Пер.-рус. сл., I 1983, 192).

Осы деректерді ой елегінен өткізе келіп, біздің топшылауымызша, сөздің шыққан тегі, төркіні иран тілі болса керек. Өйткені, бұл тілде осы түбірден туындаған басқа да сөздерді жиі ұшыратамыз. Ал түркі, тунгус-маньчжур тілдерінде «базының» қара басынан бөтенді табу қиын.

**Байғұс.** Бұл сөздің қазіргі мағынасы — бишара, бақытсыз сияқтыларды ұғындыратыны бәрімізге мәлім. «Кімге батар ол байғұс тартқан күйік» (Абай).

Сөз төркіні парсы тілі. Онда: биһуш — санасыз, сезімсіз мағынасын береді (Пер.-рус. сл., 1959). Иран тіліндегі түбір — һуш. Ал «би» түбір алдында келетін, біздегі «-сыз, -сіз» қосымшасы орнына жүретін буын. «Байғұс» сөзін қазақша айтсақ — санасыз, сезімсіз болмақ.

**Байтақ, ұлан-байтақ.** Көп жағдайда, бұл екі сөз осылайша, тіркесіп келген күйде, жиі қолданылады. Кейде көркем әдебиетте бірінен бірі ажырап, басқа сөздермен де тіркеседі. «...ұлан ұзақ Сарыарқаға ...көз тастайды» (Е. Жанпейісов. Аталған кітап, 97). «...сонау байтақ мал даласын қамтымақ» (ҚТТС).

«Байтақ» сөзінің тарихы жөнінде жеке-дара пікір жоқ емес. Р. Сыздыкова сөз төркіні туралы «... өте ертеде парсы тілінен енген болу керек. Парсыша «пайтахт» сөзі «астана» (дәлме-дәл: тахтың төменгі жағы) «дегенді білдіреді» дей келіп, «байтақ» сөзі кейін келе қазақ тілінде «жұрт», «кең, үлкен, ұшы-қиырсыз» деген ауыспалы мағыналарға ие болғандығын айтады (Сөздер сөйлейді. 1980, 43, 44 Н. Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде» де «байтақ сөзінің ауыспалы мағынасы — шексіз, кең деп берілген (1974, 67) Р. Сыздыкова келтірген Шалкиіз, Махамбет өлеңдеріндегі «байтақ» парсының «пайтахт» сөзінен өрбуі мүмкін. Мұны К. Юдахин шығарған «Қырғызша-орысша сөздік» те растайды (байтақ — столица, 98). Бірақ дәл осы «байтақ» қазақ тілінде «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» мағы-



насына ауысқан деген пікірге қосылу қиын. Өйткені тағы бір тілдің дерегі мұны қолдауға қарсы. Араб тілінде: бидағ — шөл; дала (пустыня; степь) сияқты екі мағына береді. Осы сөз түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерінің заңдылығына байланысты «байтақ» қалпына дейін құбылып, мағына жағынан өзгеріске ұшырамай-ақ жеткен. Дәлірек айтқанда қазақ тілінде де, «дала» мағынасын иеленген.

Тіркестің бірінші сыңары «ұлан» туралы бірер сөз. Е. Жанпейісов аталған еңбегінде «ұлан» сөзін түркі тілдерінің кейбіреуінде кездесетін «оғлан» («ұл» мағынасындағы) сөзімен тектестіреді. Мұны өзі келтірген «асыл ұлан» тіркесіндегі «ұланмен» жарастыру орынды. Сөзін сабақтай түсіп, ол: «Әуезов бұл «ұлан» сөзін байтақ, үлкен, ұзақ мәнінде келтіреді» деп түйсіді (97). Бұған қосылуға да кейбір тілдің деректері ырық бермейді. Якут тілінде біздегі «үлкен» мағынасы — «улахан» тұлғасында айтылады. Егер, кейде біздің тілімізде «қ», «ғ», «г» дыбыстарының түсіріліп айтылатынын ескерсек (кей тілдерде — сарық, бізде — сары; қазақ тілі диалектілерінде — құмған, кигіз, әдеби тілде — құман, киіз т. б.), «улахан» тұлғасының «улаан», одан әрі — ұлан болуы таңданарлық жайт емес. Тіпті әрегірек барсақ, «ұлан» сөзін монғол тілінен шығаруға да болады. Онда: уудам — кең; олон — көп, қалың. Осы тұлғалардың қайқайсысы да біздің тілімізге ауысқанда «ұлан» қалпына дейін өзгеруі дыбыс сәйкестіктері заңына сәйкес (н ~ м, д ~ л, о ~ ұ сияқты). Монғол тілі деректерінен гөрі, «ұлан» сөзінің төркінін «улахан» сөзімен ұштастырған жөн сияқты. Сөйтіп, «ұлан-байтақ» тіркесі — түркі және араб тіліндегі сөздерден өрбіп, қазіргі түсінікке сәйкестіре айтсақ — «кең, үлкен дала» дегенді ұғындырады екен.

**Бал-бұл.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — бетіне нұр ойнап, өңі ажарлану дегенге мезгейді. «Ажарлы реңі бал-бұл жанып, ... басын изеді...» (К. Оразалин, Көктем).

«Бал-бұл» қос сөзінің бізге алғашқы — «бал» сыңарының түпкі мағынасына іздеу салу қажет. Екінші сыңары біріншісінің қайталауы (аз-кем дыбыс өзгерісімен) деп қана қараймыз.

Зер сала байқаған адамға «бал-бұл» қос сөзінің тек «жану» етістігімен ғана тіркеске түсетін қасиетін аңғару қиын емес. Мұны жоғарыда келтірілген мысал да анықтай түседі. Осыған қарағанда оның (бал-бұлдың)

«жанумен» тектестігі болар деген жорамал ойға оралады. Жорамалымызды кейбір түркі тілдерінің, әсіресе, қырғыз тілінің дерегі қуаттай алады: бал — айқын қалыпта, лапылдай, жалындап жану (К. Юд. ҚРС, 1965, 102) мағынасын береді. Сөйтіп, «балдың» алғашқы мағынасы «жанумен» тектестігі ашылады.

**Балғын.** Мағынасы — 1. Қатпаған балауса өсімдік; 2. Толықсыған, уылжыған жас: «Тек күріш емес, күріш сияқты *балғын* жастарды да өсірдім» (Ы. Жақаев, Мейің бақытым).

Сөз төркіні жөнінде мынадай пікір айтуға болады. Араб тілінде: балиғ — ер жеткен, есейген (Араб.-рус. сл., I, 1970, 103). Н. Д. Оңдасынов өзінің «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» деген соңғы еңбегінің бірінші томында (1984) осы тұлғалас сөзді араб сөзі ретінде бірде — балиғ (58), екінші жерде — балағат (64) тұлғаларында көрсетіп қана қоймай, одан туындаған қазақ тіліндегі басқа да сөздерді келтірген. Бірақ бұлардың ішінен, біз әңгіме етіп отырған, «балғын» сөзін көре алмадық.

Біздің ойымызша, тіліміздегі «балғынның» пайда болуына араб тіліндегі «балиғ» сөзі себепші болса керек. Осы түбірге қазақ тіліне тән сөзден сөз тудыратын -ын жұрнағын қоссақ: балиғ + ын > балиғын > бал(и)-ғын > балғын тұлғасы пайда болады.

Екінші бір жорамалға тиек боларлық дерек қырғыз тілінен табылады: балғын — тал не шіліктің бір түрі (вид кустарника) (К. Юд. ҚРС, 1985, 104). Мұны ескерсек, жас өспірім балалардың тал-шыбықтай бұралып тұратындығына байланысты, теңеу нәтижесінен тууы да ғажап емес-ау деп қаларлықтай ойға да ерік беруге болады. Алайда, алғашқы жорамал сенімді көрінеді.

**Балдыз.** Біздің қазіргі түсінігімізде бұл сөз мағынасы — әйелдің жасы кіші туыстары (ҚТТС). «Мырзаханның бұрынғы әйелі өліп, *балдызы* Қайшаны алды» (К. Оразалин, Ақ жазық).

Еске алатын бір жайт — қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктерінде «балдыз» сөзі тек қыз балаларға ғана қолданылады. Бұл әсіресе, Алматы, Жамбыл обылыстарын мекендеген қазақтар тілінде жиі ұшырайды. Мұны еске салып отырған себебіміз — осы сөздің төркінін іздестіру барысында, тарихи жағынан алып қарағанда, осы қолданыстың өзі де қолдау табатын реттер байқалады.

«Балдыз» сөзімен тұлғалас сөзді якут тілінен табамыз: балыс — 1. Жас жағынан кіші адам; 2. Қарындас. (Як.-рус. сл., 1972, 62). Екінші мағына, сөз жоқ, туынды мағына.

Монғол тілінде: балчир — кішкентай (адамға айтылады) немесе жас, нәзік (Қаз.-мон. сөз., 1977; Мон.-қаз. 1954).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде әйелдің сінділері — «балтыр» тұлғасында айтылған (ДТС, 81).

Келтірілген тілдік деректерді қорыта отырып, мынадай тоқтамға келеміз. Сөздің алғашқы түбірі «бал» қалпында тұлғаланып, тұңғыш мағынасы — «кіші», «жас» дегенге нұсқаған болса керек. Кейін келе бұл түбірге («бал») әр тілдің өзіне тән қосымшалары қосылып, мағына жағын да түрлендіре түскен. Мысалы, якуттарда «бал+ыс» болып, қыз баланың кішісін, монғолдарда «бал+чир» тұлғасында жалпы «кіші», «жас» деген мағыналарды иеленген. Ертедегі жазба ескерткіштегі тұлға қазіргі тіліміздегі «балдызға» өте жақын. Тек «т»-ның орнына бізде «д», «р» дыбысы «з»-ға ауысқан (балтыр > балдыз). Бұл алмасулар тіл заңдылығындағы дыбыс сәйкестіктеріне тура келеді. Бұл деректегі «балтыр» сөзінің мағынасы да, тіліміздің кейбір жергілікті ерекшеліктерімен деңгейлес (жоғарыда көрсетілген).

Сөйтіп, «балдыз» сөзінің арғы тегі түркі, монғол тілдеріне ортақ екен де, алғашқы мағынасы — кіші, жас дегендерді ұғындырған сияқты.

**Балтыр.** Қазіргі тілімізде — адам жiлiншегiнiң сыртқы еттi жерiн осылай атаймыз: «Бұлшық еттi бiлек пен *Балтырдан* күштi дене жоқ» (Сейфуллин).

Әдетте адам сирағының тізеге жақын жері етірек болғандықтан жуандау келеді. Оның «балтыр» атауына ие болуы да толық, жуандығымен байланысты ма деген ой келеді. Бұл жорамалға итермелеп отырған кейбір тіл деректері. Мысалы, якут тілінде: балчыр — толықтау деген мағынаны ұғындырады (Як.-рус. сл., 1972). Якут тіліндегі «балчыр» тұлғасының қазақтардың айтуында «балтыр» болып дыбысталуын — түркі тілдеріне тән ч, т дыбыстарының өзара сәйкестігінен деп түсінген жөн (қазақша — қашыр, құмықша қачыр, ноғайша — қатыр т. б.).

Бұл болжамға екінші бір себепші болып отырған нәрсе — монғол тілінің дерегі. Монғолша: балтгар — жуан деген мағынаға мезгейді (Мон.-қаз. сөздік, 1954). Мұның

қазақ тіліне ауысқанда «балтыр» қалпында естілуі де тіл заңдылығынан сырт кетпейді. Қазақ әдеби тілі мен жергілікті ерекшеліктерді салыстыра қарасақ, ол заңдылықты анық байқаймыз. Мысалы, әдеби тілде — «киіз», «құман», «біз» (етікші құралы) болса, кейбір жергілікті ерекшеліктерде бұл сөздер «кигіз», «құмған», «бігіз» дыбыстық құрамында айтыла береді. Демек, монғол тіліндегі «балтгар» қазақ тіліне ауысқанда «г» дыбысынан арылып, «балтар» одан әрі — «балтыр» болып қалыптасқан. Сөйтіп, «балтыр» дегеніміз «жуан», «толықша» ұғымын береді деп шамалаймыз.

**Бапан.** «Басы бапан, аяғы сапан» деген тұрақты тіркес мағынасын — бітпей аяқсыз қалған берекесіз іс қалпында түсінеміз (ҚТТС, II том). Тіркестің сөйлем ішінде келуі мына түрде көрінеді: «...енді тағы біреуі бір жаққа тартса, автономияның *басы бапан, аяғы сапан* боларына күмән жоқ» (Х. Есенжанов, Тар кезең).

Тіркес ішіндегі «бапан» не «сапан» сөздері қазіргі тілімізде басқа бір сөздермен тіркеске түскенін көру қиын. Сондықтан да болар, бұларды жеке бөліп алып, мағынасына түсінік беру қиындық тудырады. Дегенмен, кейбір түсіндірме сөздігімізде (1959 ж. I том) «бапан» сөзінің мағынасын — үлкен, үп-үлкен деп ұғындырады. Ал «сапанның» қара басына орфографиялық сөздіктен орын да тимеген (1978). Оны (сапанды) бұл сөздікте өзінің өмір серігі болып келген «бапан» қасынан да таппаймыз. Бұл сын емес, ізденіс үстінде жол-жөнекей байқағанымыз. Бізге қазір керегі — «бапан» мен «сапанның» алғашқы мағынасынан сыр тарту.

Қырғыз тілінде: бапан — алыс, қиыр шет; ал, бапанға кет — өте алыс, қиыр шетке жүріп кету мағынасын берсе, сапан — тарап, тозып кету дегенді ұғындыратынын көреміз. Және қырғыз тіліндегі тұрақты тіркес құрамы біздің тіліміздегіге қарағанда толығырақ «башы кеткен бапанға, аяғы кеткен сапанға» — болып айтылады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркес — «басы бапан, аяғы сапан» қырғыз тіліндегінің ықшам түрі деуге болады.

Қырғыз тілінің дерегін еске алып, сөз табына қарай бөлгенде «бапан» — сын есім, ал сапан — етістік қызметін атқаратындығы көрініп тұр. «Сапан» сөзінің түбірі «сап» екендігін түрік тілі дерегі қуаттай түседі: сапмак — тарау, ыдырау (Л. Буд. Спав., I, 683).

«Басы бапан, аяғы сапан» тұрақты тіркесінің (қазіргі

тұрғыдан алғанда) түсініктірек мағынасы — «басын алысқа айдап, аяғын тоз-тоз етіп, таратып жібереді» сияқты деп шамалаймыз. Әрине, бұл жерде «бас» пен «аяқ» өзінің тура мағынасында емес, «алдын», «соңын» сияқты ауыспалы қалыпта қолданылып отырғанын да ескерткен жөн.

**Баран.** Қазіргі түсіндірме сөздігімізде бұл сөз мағынасы — қара қоңыр, қара кер жылқы түсін білдіретіндігі ескертілген. «Алдыңғы ат *баран* болмай, қылаң болды, Жығылмаса Құлагер қайда деймін» (Ақан сері, Шығ.).

Қазақ тілінде «баран» сөзі тек қана малдың, оның ішінде көбіне жылқының түсін білдіру үшін қолданылады. Осыған қарағанда әрі кейбір тілдердің дерегіне сүйенсек, әңгіме болып отырған сөз тілімізге «кірме» сияқты.

Монғол тілінде: бараан хүрэн — қызыл қоңыр деп түсіндіріледі (Мон.-қаз. сөз., 1954). «Бараан» тұлғасының «қоңыр» мағынасын беретіндігін осы тілдегі «бараахан» сөзінің «қараңғылау», «күңгірттеу» деп түсіндірілуінен байқау қиын емес. Монғол тіліндегі «бараан» қазақ тіліне ауысқан деп түйін жасауға да болар еді, бірақ парсы тілінің дерегі бұған ерік бермейді. Иран тілінде: поррәнг — қою боялған қоңыр түс деген түсінікке ие (Пер.-рус. яз., 1959).

Бұл сөз парсылардан монғолдарға ауысты ма әлде керісінше ме, әрине, бұл жағын ашып айту қиын, бірақ оның алғашқы мағынасы малдың түсіне емес, жалпы түстің бір түрін аңғартуға арналғаны бесенеден белгілі. Ойымызды парсы тілінде бұл сөздің өте қою қайнатылған қызыл шайға да арналып айтылуы қостай түседі. Сөйтіп, сөз төркіні парсы тілі де, алғашқы мағынасы — «қызыл қоңыр» болған деп болжам айтпақпыз.

**Баранды, үйлі-баранды.** Қос сөздің екінші сыңары «баранды» сөзінің алғашқы мағынасын мал түсін аңғартатын «баран» тұлғасымен шатыстыру мүмкіндігі жоқ. Әңгіме болып отырған сөзді түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерге ерте кездерден ортақ деп қарап, төркінін сол тілдерден іздестіргенде ғана табамыз. Маньчжур тілінде — баран, солон тілінде — бараа, эвенкілерде — барама тәрізді тұлғалардың берер мағынасы — көп, толып жатқан (ССТМЯ, 1975, I, 73); буряттарда: баран — бәрі, барлығы; қырғызша: бараандуу — көп, сансыз. Осылардың қай-қайсысы болса да көне түр-

кі тілі жазуларындағы «бару» (ДТС 84), қала берді қазіргі қазақ тіліндегі «бәрі» тұлғаларымен тоғысады. Демек, қазіргі кезде мағынасы көмескі тартқан «баранды» сөзі, алғаш «көп, толып жатқан» сияқты мағына беріп, бері келе, біздің тілімізде, «бәрі, барлығы» деген ұғымға не болса керек. Сонда «үйлі-баранды» қос сөзі «үйі, бәрі» дегендей түсінік береді.

**Барымта.** Бұрынғы, кейінгі шыққан сөздіктер дерегіне сүйеніп, Е. Жанпейісов, Р. Сыздықова жоғарыда аталған еңбектерінде (ретімен 69-б; 44-46-б.) және «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» Ж. Болатов сөз төркінін монғол тіліндегі осы тұлғалас сөздің — негіз, дәлел, факт, есеп сияқты мағыналарымен ұштастырады. Бірақ бұл ұғымдар тіліміздегі «барымта» сөзінің алғашқы мағынасы, шыққан төркіні болар деуге басқа бір тілдік дерек қостамайды. Бурят тілінің тункин говорын зерттеуші Д. А. Абашеев «барымта» (мағынасы — дәлел, сылтау) сөзі «бариха» сөзінен жұрнақ арқылы пайда болғанын айта келіп, соңғы сөздің (бариха) мағынасы аулау, ұстау екендігін көрсетеді (Аталған зерттеулер жинағы, I, 1965, 14). Мұны ертеректегі жазба монғол тілі дерегі қуаттайды: бари — ұстау, алу, шап беріп ұстау (ССТМЯ, I, 75). Ертедегі қазақтар арасында болған іс-әрекеттің сипаты да соңғы деректерді қостайды. Шынында да, «барымта» сөзі «ұстап алып кету, айдап кету» мағынасы орнына жүргендігін теріске шығара алмаймыз.

**Бармақ.** Ең үлкен, бірінші саусақтың «бармақ» аталатынын түсіндіріп жату артық: «хат білмесең *бармағыңды* бас...» (Ақынжанов).

Сөздің алғашқы атауы заттың атқаратын қызметіне байланысты туған сияқты. Монғол тілінде: барь — ұста; барих — ұстау іспеттес мағыналарда айтылады. Қолдың саусақтарының, оның ішінде бірінші саусақтың атқаратын басты қызметі — белгілі бір затты ұстау. Монғол, түркі тобындағы тілдердің тегі бір, туыстығы бәрімізге аян. Туыс тілдер арасындағы сөз қатынасы жиі болып, бір тұлғадағы сөздің түркі тілдерінің бірінде бір мағына, екіншісінде өзге мағына иемденіп отыруы аз ұшыраспайды. Сол сияқты монғол тіліндегі «ұста» етістігі қазақ тілінде саусақтардың бірінің атауына не болуы да таңданарлық құбылыс дей алмаймыз. Монғол тіліндегі «бармақ» мағынасын беретін «эрхий», якут тіліндегі «эрбэх» тұлғаларының өздері де ұзақ уақыт ішінде ды-



быстық өзгеріске ұшыраған «барь», «барих» сөздерінің туындысы демекшіз. Бұл пікірімізге монғол тіліндегі кейбір тұрақты тіркесте «эрхий» орнына «барих» тұлғасының, сирек болса да, кездесіп қалуы куә болғандай. «Барь» немесе «барих» тұлғаларының қазақ тілінде «бармақ» болып өзгеруін түсіндіру де артық сияқты (бар + мақ > ұста + мақ).

**Бастаңғы.** Мағынасы — үлкендер жол жүріп кеткенде қалған қыз-келіншектердің бас қосып, тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы. «...құрбылары жиылып, бастаңғы істетіп жатыр» (М. Әуезов, Абай жолы).

Ертеден келе жатқан бұл дәстүрдің негізгі арқауы — жастардың тамақ дайындап бас қосуы да, ойын-сауық құру соның жол серігі деп ұғынсақ, әңгіме болып отырған сөздің төркінін тек түркі тілдерінен іздестірген лазым.

Мұндай түркі тілі — тува тілі болып шығады. Оның лексикасында «паштанчы» сөзі біздегі «аспаз» немесе «асшы» мағынасын ұғындырады (Рус.-тув. сл., 1980, 234, 392). Бұрын қазан басында, төңірегінде болмаған жастардың, үйдегі үлкендер кеткеннен кейін, енді асқа өздері иелік жасап, оны пісіру, әрине, «аспаздықпен» барабар демеске болмайды.

Алайда, тува тіліндегі «паштанчы» сөзінің қалай пайда болғанына болжам айту, сөз төркінін іздестірудің басты міндеті. Іздестіре түссек, мынадай тілдік деректерге тап боламыз. Тува тілінде: паш — қазан (Рус.-тув. сл., 1980, 226) мағынасында қолданылады. Бұдан сол тілдегі «паштанчы» сөзін құрастырудағы алғашқы сөздің мағынасына жол табамыз. Ал екінші сөз «танның» түбірін монғол тілінде біздегі «пісіру» мағынасын беретін «чанах» тұлғасымен байланыстыра қарауға болады. Бұл жерде туваларға монғолдардан сөз ауысудың жиі ұшырайтынын есепке алдық. «Чанах» сөзіндегі бастапқы «ч» дыбысы түркі тіліне кіргеннен соң «т»-ға айналуы заңды құбылыс. Сөйтіп, монғолдың «чанах» сөзі «танах» қалпына келмек. Түркі тіліндегі «танах» соңғы монғол жұрнағын түсіріп, «тан» қалпына дейін қысқаруы да ықтимал. Енді жоғарыдағы «қазан» мағынасын беретін «паш» сөзіне, «пісіру» не «асу» (монғол тілінде «ет, қазан асу» дегендегі «асу» сөзі де «чанах» тұлғасында айтылады, (Қаз.-мон. сөз., 1977) мағынасындағы «тан» сөзін қоссақ, «паштан» тұлғасы пайда болатыны өзінен өзі белгілі де, осыған тува тілінің -чы жұрнағы (қазақ-



ша -шы) жалғанғанда «паштанчы» болады да, мағынасын қазақшаласақ — «қазан асушы» болып шығады. Тува тіліндегі «пашанчы» қазақ тілі қолданысында «бастаңғы» қалпында айтылуы да түркі тілдеріндегі тіл заңдылығына қайшы келмейді.

**Басы, басы артық.** «Басы артық сөзді қоя тұрайық». Бір қызығы «басы» тұлғасы «артық» сөзімен өте жиі қолданылады да, «кем» дегенге көп жолай бермейді. Осыған орай оны («басы» сөзін), бәрімізге мәлім, «бас» мағынасын беретін тұлғадан туындаған деуге көңіл дауаламайды. Оның өзіне ежелден меншікті, алғашқы мағынасы болғандығын сарыкөл тілінің деректері анықтайды (сарыкөл тілі — үндіевропа тілдерінің ішінде иран тобына жатады. Мұнда түркі тілдерінен ауысқан сөздер де баршылық). Онда: баш — артық; ая башы — көп, мол (Т. Пах., Сарыкөл-рус. сл., 1971, 256) сияқты мағыналарды түсіндіреді. Сарыкөл тіліне түркі тілдерінен сөз ауысқанындай, керісінше ауыс-күйіс болуы танданарлық құбылыс емес. Сөйтіп, тіліміздегі «басы артық» тіркесін түсініктірек айтсақ — «артық артық» немесе «көп, молымен артық» дегенге саяды.

**Баттию.** Көзге айқын көріну, түсуді, әдетте, осылай — «баттию» деп те айта береміз: «...көзге баттиып тұр» (Мұқанов).

Сөздің алғашқы төркіні араб тілі деуге тура келеді. Арабша: бадди — анық, айқын; ал бада — көріну, біліну сияқты мағыналарды меншіктенеді (Араб.-рус. сл., I, 1970).

**Бәйбіше.** Көп әйелді адамның ең алғашқы, үлкен жамағаты, зайыбы (КТТС). «Тоқал мен бәйбіше... мұнда қалып барады» (Б. Майлин. Шығ.).

Құрылысы жағынан «бәйбіше» біріккен сөздер қатарына жатады. Мұны түркі тілдерінің деректеріне сүйене айтып отырмыз. Алғашқы сөз — бәй. Мұның өзі түркі тілдерінің бірі якуттарда «бии» тұлғасында көрініп, мағынасы «үлкен» мағынасын ұғындырады (Э. Пек СЯЯ I, 1958, 451; Як.-рус. сл., 1972, 69). Қазақ тілінде осы сөз «бәй» тұлғасына дейін өзгерген. Сөздің екіншісі «біше». Тобыл татарларында «біцә» (В. Рад., Опыт..., IV, 2. 1783), ноғайларда «пише» (Ног.-рус. сл., 1958, 269), Барабин татарларында «пицә» (Д. Тумашева, язык сибирских татар — ЯСТ, Т. Казань, 1968, 25) тұлғаларында кездесіп, мағынасы біздегі «әйел» дегенді білдіреді.

Осы тілдік деректердің басын қоса келгенде (бии +

+пише>бэй+бише>бэйбіше) тіліміздегі «бэйбіше» сөзі пайда болып, қазіргі тілімізге бейімдегенде мағынасы — «үлкен әйел» дегенді ұғындырып тұр. Осы жолмен жасалған қазақ тіліндегі басқа да сөздер жорамалымызды жоққа шығармайды (бәйтерек — үлкен, биік терек, бәйшешек — үлкен гүл т. б.).

**Безгек.** Тондырып, дірілдетіп басталатын жұқпалы ауру (ҚТТС). «...жалғыз еркек баласы Серік те *безгек*» (М. Әуезов, Таңд. шығ. I).

Сөздің төркіні туралы зерттеуші ғалымдар әр түрлі жорамалдар көрсетеді. Бірақ белгілі бір тоқтамға келмегендігі байқалады (Ә. Сев. ЭСТЯ, II, 1978, 104, 105).

Біздің топшылауымызша, сөз төркіні монғол тобындағы қалмақ тілі болса керек. Өйткені ауруға тән қасиетті және сол қасиетіне байланысты оның атауын да тек осы тілден ғана табамыз. Қалмақ тілінде: бегзих — бүрісу, жиырылу (Рус.-кал. сл., 1964, 156). «Бүрісу» — тонудың нәтижесі. Ал «тоңу» болса, безгек ауруының басты белгісі. Ауру осы қасиетіне байланысты өзінің атауына ие болған дей аламыз. Өйткені, қалмақша: безг — безгек (малярия) (Рус.-кал. сл., 1964, 281). Қалмақ тіліндегі «безг» түбіріне тілімізде жиі қолданылатын -ек қосымшасы жалғанып, «безгек» сөзін тудырған.

**Безеру.** Қазіргі түсінігімізде — міз бақпай мелшию, сазару сияқты мағыналар береді. «Бұл араның *безерген* Қызыл шақа көбі құм...» (С. Мәуленов, Жолдас).

Міз бақпай мелшиген жанның тағы бір белгісі көзі бедірейіп, үн-түнсіз қалыпта болатыны да белгілі. Ондай адам пішіні бейне бір жапалақ іспеттес көрінеді. «Безерген» де, оған түсінік ретінде келтіріліп отырған «мелшию» де өте ертеректе мұндай күйдегі адамды жапалаққа ұқсатудан тумады ма екен деген ой келеді. Бұл ойымызды осы аттас құстың бойына біткен қасиеттерімен бірге кейбір түркі тілдерінде оған тағылған аттардың өзі-ақ кепіл болғандай. Тува тілінде «жапалақ» атауы «межерген» (Тув.-рус. сл., 1980, 546), якуттарда — «мэкчиргэ» (Рус.-як. сл., 1968, 543). Бұлардың бірі қазақ тілінде «безерген», екіншісі «мелшию» қалпына дейін өзгерсе, тіліміздегі дыбыс сәйкестігі заңына теріс емес.

**Бесік.** Сөздің мағынасы — жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек (ҚТТС). «...*Бесікке* белі бүгілген. Түн ұйқысын төрт бөліп, «Құлыным» деп жүгірген» (Тоқмағамбетов).

Сөз төркінін іздестіре бастағанда, оны табуға мүмкіндік беретін деректерді тек түркі тілдерінің өзінше ғана байқаймыз. Демек, сөз түркі тілдеріне, әрі кетсе, тунгус-маньчжур тілдеріне ортақ. Оның пайда болуына себепші болған етістік түбірі екенін якут, сары ұйғыр тілдерінен көреміз. Якуттарда: бигээ — тербету (бесікті) (Як.-рус. сл., 1972, 68) немесе билиэ — бесікті тербету (С. Яст. ТЯЯ, 1938, 36), ал сары ұйғырларда пеле — әлдилеу (баланы) (Э. Сев. ЭСТЯ, II, 1978, 123). Келтірген деректерден байқайтынымыз етістік түбірі «би» не «пе». Осы түбірлерді сәл дыбыстық өзгеріспен «бесік» мағынасында тунгус-маньчжур тілдерінен кездестіруіміз, жобамыздың онша теріске кетпейтінін аңғартса керек. Бұларда: бээ — бесік немесе әлдилеу (ССТМЯ, I, 1975, 118).

Жоғарыдағы тілдік деректер бізге сөздің алғашқы түбірі етістік «би» (мағынасы «тербету»), оған түркі тілдеріне тән, бізде қазақ тіліне меншікті жұрнақтар қосылуы нәтижесінде зат есім туып, оның мағынасы — жас нәрестеге арналған төсек, тұлғасы «бесік» болып қалыптасқан деген пікір айтуымызға ырық береді. Мұның өзгеріс жолы мына схемадан көрінеді: би > >бе + сік > бесік (бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер тілімізде көп-ақ).

**Бет.** Адам басының алдыңғы жағын біздің тілімізде осы сөзбен айтатыны белгілі. Мысалы: «Машинист Дәрібекті көтеріп алып, екі *бетін* алма кезек сүйді» (Омаров).

Түркі тілдері үшін «бет» сөзінің тұңғыш мағынасы тіпті басқаша болғандығын қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінің дерегі анықтайды. Тува тілінде: бети — алды, дейін, бұрын (Тув.-рус. сл., 1955); Тофа тілінде: беът — алдыңғы жақ, алды (Фон. и лек. тофаларского языка, 1971). Осы деректерге қарағанда өте ерте кездерде түркі тілдерінде әр нәрсенің алдыңғы жағын «бет» деп атап, бұл сөз кейін келе, мағына ажырату нәтижесінде, адам басының алдыңғы жағы және кейбір заттардың үстіңгі жағына меншіктелгендігін көріп отырмыз (су беті, кітап беті т. б.).

**Бетпақ.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — бақытсыз, сорлы қалпында берілген. «— Пәтшағар, *бетпақ*, секең-демей басылсаңшы, — деп молдекең Гүлсімге зекіп тастады» («Лен. жас»).

Сөз төркінін жүйесі басқа тіл, дәлірек айтсақ парсы

тілінен екендігін айтқан авторлар баршылық. Н. Оңдасынов «бетбақ» сөзі парсының «бәдбәхт» тұлғасынан туғанын және соңғыны екі сөзден деп қарап, «бәд» түбірінің мағынасын «жаман, нашар», ал «бәхт» — біздегі «бақыт» сөзінің түпкі төркіні екендігін айтады. (Н. Оң., ПҚТС, Алматы, 1974, 46). Дәл осындай деректі Е. Бекмұхаметов еңбегінен де кездестіреміз («Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері», Алматы, 1977, 47). Мұның бәрін теріс дей алмаймыз. Өйткені, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де осы біріккен бұл сөздің алғашқысы (бәд) «бат», «бад» тұлғаларында ұшырасып, «жаман», «нашар» мағынасын беретіндігі және екеуі де, (бат, бад) парсы тілінен ауысқандығы белгіленген (ДТС, 88, 89). Осыған арқа сүйеп, оның (бетпақтың) түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне өте ертеде ауысқанын заңды деп ұғып, «сөз төркіні парсы тілі» екендігіне сеніп, әңгімені доғаруға да болар еді.

Кейбір түркі тілдерінде, әсіресе, араб, парсы тілдерінің әсері жоқтың қасы тува, қала берді якут тілдерінде «жаман, нашар» мағыналарын берерліктей, тұлғасы жағынан «бетбақ» сөзіне өте ұқсас тұлғалар табылады. Мысалы тува тілінде «пат» және «бак» сөзінің екеуі де «жаман, нашар» мағыналарын бере алса (Рус.-тув. сл., 1980, 147, 390), якут тілінде: быдыр — жаман (скверный) Рус.-як. сл., 1968, 578). Осыларды еске алсақ, тіліміздегі «бетбақ» сөзінің төркіні түркі тілдерінің өзі деуге де боларлық. Әсіресе, тува тіліндегі «пат», «бак» сөздері қосарлана айтылып, кейін келе бірігіп кеткендігін теріске шығару да қиын: пат+бак>петбақ>бетпақ. Әрине, сөз төркінін әлі де іздестіре түскен жөн.

**Бешпент.** «Жеңілдеу тігілген астарлы шапан» мағынасында қолданылады (ҚТТС). «Кимесем екі *бешпент* сән болмайды» (Қаз. әндері).

Басқа түркі тілдерінде де кездесетін осы тұлғалас сөздің төркіні жөнінде іздестірген ғалымдар жоқ емес. Олардың пікірі бойынша, бұл сөздің төркіні түркі тілдері дегенге саяды. Э. В. Севортян еңбегінде сол пікірлерді келтіре отырып, сөз төркіні түркі тілдерінен шықты дегенге күмәндана қарайды да, бірақ өз тарапынан еш нәрсе ашып айтпайды (Э. Сев., ЭСТЯ, II, 1978, 123—124).

Э. Севортян күмәнін қостайтын деректі біз парсы тілінен табамыз: пәшм — жүн, жабағы, ал пәшминэ — жүннен жасалған (тоқылған) мата және осыдан жасал-

ған киімдер (Пер.-рус. сл., 1983, 304) деген мағыналарда қолданылады. Осы тұлғалы сөз парсылардан арабтарға өткен болса керек, араб тілінде: бишт — плащ іспеттес киім (Араб.-рус., I, 1970, 86) мағынасын береді.

Парсы тіліндегі «пәшминэ» тұлғасы түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне ауысқан соң «бешпент» қалпына дейін өзгеруі өте заңды құбылыс. Ал ерте кездерде бұл сияқты киімнің жүннен тоқылған матадан тігілетінін де теріске шығара алмаймыз.

Сөйтіп, «бешпент» сөзінің төркіні парсы тілі, бұл тілдегі оның алғашқы мағынасы «жүн» дегенді ұғындырған екен. «Бешпент» дыбыстық құрамына жеткенше мына өзгерістерді басынан өткен: пәшминэ > бәшмин > бешмен > бешпен > бешпен + т > бешпент.

**Бодау(ына).** Қазіргі тілімізде бұл сөз «күн, төлеу» мағыналарында қолданылады. «Тайлақтың бодауына түк таба алмай, Еріксіз, көп ойланып, қисса жаздым (Айтыс) (ҚТТС).

Кейбір түркі тілдерінің деректеріне сүйеніп, сөз төркіні осы тілдер, әрі кетсе, монғол тілдерінен деген жорамал айтпақпыз.

В. Радловтың сөздігінде Алтай халықтары ішіндегі саян диалектісінде «пода» сөзінің мағынасы — әйел алғанда қалың мал орнына төленуге тиісті ақша делінсе, төлеуіт тілінде «подо» тұлғасындағы сөз — бір нәрсеге баға қою, бағалау мағынасында көрінсе, екіншісі — қызға күзде қалыңмал үшін төленетін 40 дана ақтиын терісі (В. Рад. Опыт..., IV, 2, 1285). Бұл деректерден байқайтынымыз, тіліміздегі «бодау» сөзінің ертедегі мағынасы тек қалыңмал үшін төленетін заттар екендігі.

Біздің ойымызша, бұл «бодау» сөзінің бергі кездегі мағынасы. Сондықтан әлі де болса, өте ертеректегі мағынасына ой жүгірту қажет сияқты.

Ерте кезде қазақтар қалыңмал төлемін аң терісімен де, ақшамен де өтемегені белгілі. Олардың орнына мал жүрген. Бірақ тілімізде малмен байланыстырарлық «бодау» тұлғалас сөзді таппаймыз. Алайда, монғолдар да қалыңмалды қазақтар сияқты малмен төлегенін ескерсек, осы тілде «бодаумен» байланысты дерек табылып қалар деген ойымыз орнын тапқандай да болады. Монғол тілінде: боды — 1. Мал; 2. ірі қара мал (Мон.-қаз. сөз., 1954, 40) мағыналарында айтылады. «Қалыңмал» деген төлеудің өзі малмен байланысты туған сөз екен-

дігін естен шығармасақ, біздің бұл болжауымыз онша теріс те емес деп ойлаймыз.

Осыларды жинақтай келіп, ерте кезде түркі, монғол тілдерінде қалыңмал төлеумен байланысты туған «пода» сөзінің алғашқы мағынасы кейін келе басқа да заттардың орнына төлем ретінде қолданылған деп қараймыз. Монғол тіліндегі «боды» сөзі түркі тілдерінде «пода», одан әрі қазақ тілінде «бода» «бодау» болып дыбыстық өзгерістерге ұшырауы да тіл заңдылығы тұрғысынан дұрыс құбылыс екендігін есепке алмасқа болмайды.

Сөйтіп: боды (монғол тілінде — мал) > пода (қалыңмал үшін төлейтін ақшалай, заттай төлем — төлеуіттерде) > бода, бодау (қазақ тілінде — кез келген заттың орнын толтыруға арналған төлем).

**Божырау.** Қазіргі түсіндірме сөздігімізде — сылбырлыққа салыну, кожырау деп түсінік берілген. «Бас ие болмаған соң жұмыс *божырап* кеткен екен»... (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Сөз төркінін түркі тілдерінен табамыз. Мысалы, шор тілінде: пөзү — қалғу, мүлгу (В. Рад. Опыт..., IV, 2, 1305).

Ертеректе осы тұлғалас сөздің мағынасы қазақ тілінде де «қалғу, мүлгу» мағыналарын беріп, кейін одан «сылбырлық, маужырау» сияқты ауыспалы мағына пайда болып, алғашқы ұғым ұмытылған болуы мүмкін. Тіл дамуының барысында «пөзү» тұлғасы «божы» қалпына дейін өзгеру дағдылы құбылыс. Осы түбірге жұрнақ қосылу нәтижесінде «божыра» етістігі келіп шыққан. Бұл болжам тіл заңдылығына сәйкес: пөзү > бөзү > бозы > божы + ыра > божыра + у > божырау.

**Боза.** Тек қана қазақ тілінде емес, басқа да түркі тілдерінде бұл сөз — дәнді дақылдан ашытып жасалған ішімдік. «Қуаныш арақ пен *бозаны* шелектеп ішуде ме екен...» (Т. Нұртазин, Адам бекерге.).

Э. Севортян бұл сөз тек түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер ғана емес, семито-хамит, үнді-европа тілдерінде де кеңінен жайылғанын айта келіп, «боза» сөзінің төркіні туралы да жорамалдардың әр қилы екенін көрсете отырып, боза//бузаның төркіні туралы мәселе әлі де анықталмай қалғанын ескертеді (Э. Сев. ЭСТЯ, II, 1978, 173—174).

Біз өз тарапымыздан мынаны көрсеткіміз келеді. И. Е. Фишер 1774 жылғы «Сибирская история с самого открытия Сибири до завоевание сей земли русским ору-

жием» деген еңбегінде (101-бет). Унгар тілінде «буза» — бидай мағынасын беретіндігін айтады. Бұны дұрыс деп білсек, бозаны қазіргідей басқа дәнді дақылдардан емес, алғаш тек бидайдан жасап, соның нәтижесінде бидайдың «буза» аты содан жасалған ішімдікке ауысуы мүмкін.

Егер башқұрт тілінің кейбір диалектісінде «бұйзай» тұлғасында ұшырасатынын еске алсақ «буза» унгар тіліне түркі тілдерінен ауысқан деуге болады. Осыған қарағанда сөз төркіні — түркі тілдері дей аламыз.

**Бойдақ.** Әдетте, үйленбеген жалғыз, салт басты адамға, сондай-ақ төлдемеген малға да қолданылады. «Сол кісі Ұлжанды ырқына көндіріп ала алатын айлакер, бойдақ жігіт болуы керек» (Ж. Тілеков, Қайнар).

Кейбір түркі тілдерінің деректеріне назар салсақ, «бойдақ» тұлғасының түбірі «бой» екендігін аңғару қиынға соқпайды. Алтай, телеуіт тілдерінде «пой» қазақша — «өз», «өзі» мағыналарына ие (В. Рад. Опыт..., IV, I, 1262). Осы мағынадағы сөздерді якут тілінде «бэй» (Рус.-як. сл., М., 1968, 98), туваларда «бот» (Рус.-тув. сл., 1980, 516) тұлғалары бере алады. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін еске алсақ, «бэй», «бот» тұлғаларының «бой» сөзінен сәл өзгешелігі таңдандырмайды. Мысалы, тува тіліндегі «бой» — т ~ й дыбыстарының сәйкестігі қазақша — аяқ, якутша — атах т. б.).

Сөйтіп, «бойдақ» сөзінің түбірі «бой» тіліміздегі «өзі» дегенді ұғындырады екен де, -дақ қазақ тілінде есім сөзден есім тудыратын жұрнақ: мысалы — шаң + дақ > > шаңдақ, құм + дақ > құмдақ т. б.

Дәлірек айтсақ, бойдақ сөзін түсініктірек болсын десек, «өзі ғана» деп аударуға болады.

**Борбай.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — аяқтың тізеден жоғарғы бөлігі, бұт. «...лай су ... борбайым мен сирақтарыма сорғалап...» (С. Сейфуллин, Әңгім.).

Сөз төркінін тек қана жүйесі басқа — парсы тілінен табуға болады. Бұл тілде: пәрпа немесе пәрпай — аяғы жүнді (күс туралы) (Пер.-рус. сл., I, 1983, 279). Парсы тілінің өзінде «пәрпай» екі түбірдің бірігуінен пайда болған. Алғашқы «пәр» түбірінің бірнеше мағынасы бар, соның бірі — мықты, тегеурінді (көрсетілген сөздік, 277), ал «па» немесе «пай» — аяқ ұғымында қолданылады (бұл да сонда, 253, 270). Осы екі сөздің біріккеннен кейінгі мағынасынан — тегеурінді аяқ, мықты аяқ дегенді



ұғынуға болады. Шынында да, аяқтың ең бұлшық етті, күшті бөлігі сан, бұт екендігін еске алсақ, бұл жорамалымызды теріс деу оңай емес. Борбай сөзі монғолдарда «борви» болып айтылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 42). Бұларға да парсы тілінен ауысуы мүмкін.

**Бордақылау.** Сөз мағынасының — малды жемге байлап семірту екендігі баршаға мәлім. «Цыгай қойы бордақылағында да тез семіреді» (М. Ермаков, Қазақст. биязы.).

Түркі тілдерінің ішінде осы мағынада бұл сөзді «бордокула» тұлғасында тек қырғыз тілінен табамыз (Қ. Юд. КРС, 1965, 146). Түрікмен, тува, якут тілдерінде бұл мағынадағы сөздер өзгеше дыбыс құрамында кездеседі.

Монғол тобындағы тілдерде — монғолша: бордах — бордақылау (Қаз.-мон. сөз., 1977, 67); қалмақ тілінде: бордх — бордақылау (Рус.-кал. сл., М., 1964, 412).

Сөз түбірі монғол тілінде «бордоо» қалпында тұлғаланып, мағынасы — жем (малдың) дегенді ұғындырады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 42).

Сөз төркінін тап басып, дәл осы тіл болады деу қиындау. Өйткені тағы бір тілдік деректер мынадай мәліметке нұсқайды. Тунгус-маньчжур тілдерінде: бурдука — ұн. Малды байлап, семіруге беттеген адам оған берілетін жемді ұнтақтап беруді қолайлы көреді. Осыған орай сөз төркіні тунгус-маньчжур тілдері болар десек, бұған мына бір жағдай тағы ырық бермейді. Якут тілінде «бурдук» сөзінің үш түрлі мағынасы бар: 1) ұн; 2) астық (дән); 3) арпа (ССТМЯ, I, 1975, 112—113). Осыған қарағанда тунгус-маньчжур тілдеріне «бурдука» сөзі якуттардан ауысқандығы байқалады.

Қалай болғанда да, сөз төркіні түркі, әрі кетсе, монғол тілі екендігі, ал алғашқы мағынасы «дәнді дақылдардың» бірі болғандығы дау тудырмайтын сияқты.

**Босаға.** Есіктің екі жағындағы жақтауы қазақтар түсінігінде осылай аталатыны мәлім: «... босағада ілулі шахтер шамы көрінеді» (Мұстафин).

Есік атаулының құрамына кіретін маңдайша, табалдырық сияқтылардың алғашқы төркінін іздеп жатпаса да түсінікті сияқты. Ал «босағаның» тұңғыш мағынасын анықтау қажет.

Біздің жобалауымызша бұл сөздің түбірі — «босоо» болуы ықтимал. Мұндай тұлға монғол тілінде — «тік», «тігі» мағыналарын меншіктенеді. Ал осы тілде: бос-

гох — тік тұрғызу дегенге нұсқайды. Егер маңдайша мен табалдырықты ұстап тұратын ағаштың көлбеп жатпай, тік қалпында тұруын ескерсек, біздің болжамымыз өте теріс те емес. Бір қызығы, монғол тілінің өзінде керісінше жағдайды көреміз: босго — табалдырық мағынасында қолданылады (Мон.-қаз. сөз., 1954).

**Босу.** Бұл сөздің біздегі түсінігі — бір жерден екінші жерге ауып көшу, шұбыру: «...Патшаның зорлығымен босып көштік» (Әзірбаев).

«Босу» сөзінің алғашқы түбірі мен мағынасын түркі тілдерінің өзінен іздеп табамыз. Хакас тілінде: позы — босатылу, ал посхын — босатылу, байлаудан босау (Хак. рус. сл., 1953). Қырғыз тілінде осы түбірмен дыбыстас «боз» сөзі — қашу мағынасын береді (К. Юд. КРС). Қай тілде болмасын «босу» ерікті қозғалыс еместігі аңғарылады. Демек, босу үшін, ең алдымен, босану керек те, содан соң қаша көшу қажет. Осы құбылыстардың қай-қайсысы да біз атаған тілдердің бәрінен де сезіліп тұр.

**Ботқа.** Күріш, тары т. б. жармадан бөктеріп жасалатын қою тағам. (КТТС). «Біздің ел күрішті ботқа қып пісіретін» (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Азғана дыбыстық ауытқулармен бұл сөз осы мағынада якут, тува және басқа біршама түркі тілдерінде кездеседі. Монғол тобындағы тілдерде көрсетілген мағынада бұл тұлғалас сөз — монғолша: будаған; қалмақ тілінде: будаан дыбыстық құрамында көрінуіне сүйеніп, Э. Севортянның айтуынша, кейбір ғалымдар «ботқа» сөзінің негізі қалмақ тілінде «араластыру», «аударыстыру» мағынасын беретін етістік «бутхаха» болар деген жорамалға бой ұрады (Э. Сев. ЭСТЯ, II. М. 1978, 201).

Біздің байқауымызша, «ботқа» сөзінің алғашқы төркіні соны жасайтын дәнді дақыл атымен байланысты болса керек. Тунгус-маньчжур тілдерінде «буда» сөзінің жарма, ботқа (каша) мағыналарынан басқа «тары» дегенді де ұғындыратындығын көреміз (ССТМЯ, I, Л. 1975, 102). Осыған орай, тамақтың бұл түрі әуелгі кездерде тары жармасынан жасалып, кейін мағына ауысуының нәтижесінде тарының алғашқы аты — «буда» — осыдан дайындалған тамақ атына көшуі ықтимал.

**Бөгде.** Танымайтын, бөтен, жат синонимі ретінде тілімізде сирек қолданылады. «Мен емен сол өмірге бөгде, бөтен».

Түркі, монғол тобына жататын не араб, иран тілдерінен тұлғасы не мағынасы сәйкес келерлік сөзді ұшы-

ратпадық. Алайда, тунгус-маньчжур тілдерінің ішінде эвенкілерде: богдо — басқа ұлттардың адамы дегенді білдіреді. Дәлірек айтсақ, бурят, монғол, қытай халықтарының өкілін осылай атаған (ССТМЯ, I, 87). Әрине, қазақ тіліне «бөгде» сөзі эвенкілерден өткен деу шындыққа жанаспас еді.

Аталған үш халық өкілдеріне «бөгде» атауының қойылуы тегін емес. Бұлар табынатын пұттың (идолдың) аты «богдо» тұлғасымен белгіленген. Біздің ойымызша, «богдо» (бөгде) қалмақтардың қазақ жеріне жасаған шапқыншылығы арқылы келген сияқты. Қазақтар пұтқа (идолға) — богдаға табынушыларды олардың пір, әулие тұтқан тәңірісінің есімімен атап, кейін келе жалпылама қолданылу нәтижесінде «бөтен, жат» сөздерінің синонимі болып қалыптасып кеткен тәрізді.

**Бөктеру.** Белгілі бір затты қанжығаға байлау түсінігін беретіні әр кімге аян. «Газеттерді бір буда, бөктерін ап жөнелдің». Тіліміздегі «қанжыға» сөзі монғол тілімен ортақ тұлға. Монғолша — ганзга. Дегенмен, кейбір түркі тілдерінде, атап айтсақ, қырғыз тілінде «қанжыға» тұлғасымен қатар, «бөктөргө» сөзі де қолданылады. «Бөктеру» етістігінің осы сөзбен байланысты туғандығы анық. Хакас тілінде: тиргі — қанжыға (Хак.-рус., 1953, 226). Бұл деректі тілге тиек етсек, қырғыз тіліндегі «бөктөргө» — екі түбір қосындысы. Олар: «бөк» және «төргө». Енді осы сөздерді түркі тілдерінен іздестіргенде мынадай деректерге тап боламыз. Хакас тілінде: поғ — байлау, байлап тастау; якут тілінде: төргүү — жіңішке қайыс (Як.-рус. сл., 1972, 395 б.). Бұларды былай қойғанда, тунгус-маньчжур тілдерінде: туру-қайыс (II, ССТМЯ, 187). Тұлға жағын (дыбыстық құрамын) былай қойғанда, бұл екі сөздің қосындысы ердің соңғы (артқы) қасына өткізілген заттың тегіне және атқаратын қызметіне де сәйкес келіп, беретін мағынасынан да бірлестік табамыз: поғ+төргүү. Қосылған сөздер қазақ тіліндегі заңдылыққа байланысты және соңғы сөздің алғашқы сөзге ықпалы нәтижесінде «бөктергі» болып өзгеруі орынды құбылыс. Бұл сөзді қазіргі тұрғыдан қазақшаласақ — «байлау қайыс» түсінігі туады. Тілімізде «қанжыға» сөзі орныққаннан кейін, «бөктергі» сөзі қысқара түсіп (бөктер), етістік қалпында ғана сақталғандығы аңғарылады.

**Бөтеке.** Құстың ас қорытатын мүшесі. «...Тауық бөтекесінен інжу іздеген тәрізді ақтарды» (Нәжми). Респуб-

ликамыздың кей жеріндегі тұрғындар «бөтеге» деп айтып, «бүйрек» мағынасы орнына да қолдана береді.

«Бөтеке» сөзінің алғашқы мағынасы ұқсату, салыстыру нәтижесінде пайда болғандығын якут тілі арқылы білеміз. Бұл тілде: мөчөкө — түйір, кесек мағыналарында қолданылады (Як.-рус. сл., 1972, 243). Сырт қарағанда құстың бөтекесі немесе адамның, басқа сүт қоректілердің бүйрегі түйіршікті еске салады. «Мөчөкө» сөзі басқа түркі тілдерінде тұлғасын өзгерте отырып, белгілі бір дербес зат атауы дәрежесіне дейін жеткен деуге болады. «Мөчөкөнің», «бөтеке» түріне дейін өзгеруін тіліміздегі дыбыс сәйкестігі заңдылығымен дәлелдеу қиын іс емес. Ол туралы бұдан бұрынғы жолдарда айтылған болатын.

**Бұйырғын.** Құмды жерде, тақыр шөлдерде өсетін жапырақсыз, басы бүршікті шөп (КТТС). «...*Бұйырғын*, күйреуік жиі кездеседі...» (Х. Қыдырбаев, Дала көркі).

Өсімдіктің бұл түрі бір жерге шоғырланып өспей, шашыла, бірінен бірі алшақ өседі де, сабақтары да бытыраңқы орналасқан. Сондықтан өсімдік өз атауына түр-тұлғасына байланысты ие болғанға ұқсайды. Бұл жорамалымызды түркі тілдерінің ішінде, әсіресе, тува тілінің дерегі куәландыра түседі. Онда: бұйырғын — шашыраған, бытыраған (Тув.-рус. сл., 1955) мағынасында қолданылады. Кім біледі тіліміздегі «бытырау етістігінің өзі тува тіліндегі «бұйырғын»-ның тек өзгеріске түскен түрі болып та қалар. Өйткені түркі тілдері үшін «т» мен «й» дыбыстарының сәйкестігі жиі болатын құбылыс.

**Бұлаудай.** Сөз мағынасы қазіргі түсінігімізде көп жылағандықтан, беттің не көздің ісіп кетуі (КТТС). «...көзде жас, беті *бұлаудай*» (Ш. Мұхамеджанов, Ана.).

Сөз соңындағы әркімге белгілі -дай қосымшасын есепке алмағанда сөз түбірі «бұлаудың» төркінін қарастыруға тура келеді. Рас, «бұлау» сөзі жеке алып қарасақ, басқа мағыналары бар: бірі — ауырған адамды терлету үшін жасалатын ем, екіншісі — көз жасын ағызу (жылау). Бірақ бұлардың ешқайсысы «бұлаудай» сөзіндегі түбірге қай жағынан да жанаспайтын тәрізді.

Якут тілінде адам денесінде аурудан пайда болатын үлкен бүршікті, қазақша айтқанда «ұраны» — боллох тұлғасында қолданады (Рус.-як. сл., 1968, 47). Бұған қарап сөз төркінін сол тіл деу мүмкіндігі жоқ. Өйткені басқа түркі тілдерінен мұндай сөзді кездестірмедік. Із-

дей келгенде, бұл сөз якут тіліне монғолдардан ауысқандығы байқалады. Монғолша: адам денесіндегі ұраны — «булуу» деп атайды (Мон.-қаз. сөз., 1954, 46). Осы сөз қазақ тіліне ауысқанда «бұлау» тұлғасына дейін өзгеріске түсіп, оған сын есім жұрнағы -дай қосылып, «бұлаудай» сөзі пайда болған.

Осыны одап әрі қазақшалай түссек, «ұрадай» сияқты түсінік береді. Дәлірек айтқанда, көп жылаудан іскен бет пен көзді «ұра» көлеміне сәйкестіруден туған.

**Бұлғын.** Аң атауы екенін түсіндіріп жату артық болар. «Аңнан жолбарыс, аю, сілеусін... түлкі... бұлғын... бар» (Ш. Айманов, Қыран.).

Аңның дәл осындай атауы түркі тілдерінде өте сирек ұшырайды. Қырғыз тілінде «булгун» тұлғасында кездескенмен Қ. Юдахин оны тек эпоста ғана қолданылатынын ескертеді (К. Юд. ҚРС, М., 1965, 158).

Осыған қарағанда «бұлғын» сөзінің төркінін басқа тілдер тобынан іздестірген жөн сияқты. Монғол тілінде — «булга»(н) (Қаз.-мон. сөз., 1977, 72); қалмақша — булһи (Рус.-кал. сл., 1964, 661). Сөйтіп, «бұлғын» сөзінің шыққан төркіні монғол тобындағы тілдер екендігін көреміз. Сөздің қалай, қандай жолмен пайда болғанын да осы тілдер дерегі арқылы анықталатын қалпы бар. Қалмақ тілінде: бұл — түк, түбіт (Рус.-кал. сл., 1964, 573). Осы түбірге (бұл) монғол тобындағы тілдерге тән -гин жұрнағы қосылып, «түкті», «түбітті» мағынасын беретін «бұлғын» атауы туған. Демек, бұл атау аң түгінің қымбаттылығынан, түбітке ұқсатуынан шыққан.

**Бұлан, бұлан-талан болу.** Тілімізде «бұлан» да, «талан» да жеке кездеспей, тек қос сөз қалпында әрі көбіне «бол» етістігінің тіркесіп келуі арқылы ғана қолданылып, «әбігер», «астан-кестен болу» мағыналарымен синонимдес болып келеді. «...өрт таянып қалғандай сескеніп, аз үйлі жатақ бұлан-талан» (Ғ. Мүсірепов) (ҚТТС., I, Алматы, 1959, 131).

Сөз төркінін алыстан іздемей-ақ түркі тілдерінің өзінен табамыз. Сондай-ақ біздегі қос сөз құрамындағы (бұлан және талан) екі сөздің әр сыңары ертедегі түркі тілдерінде жеке қолданып-ақ, қазақ тіліндегідей мағынаға ие болғандығын қазіргі кездегі кейбір түркі тілдеріндегі деректер анықтайды. Қырғыз тілінде «әбігер болу, абыржу» сияқты мағыналарды — булаан (К. Юд. ҚРС., 1965, 157), якут тілінде — түлүөн (Як.-рус. сл.,

1972, 411) іспеттес сөздер бере алады. Қазақ тілінде осы тәрізді қос сөздер ішінара кездесіп тұратынын басқа да мысалдардан көруге болады: бала-шаға (осындағы екінші сыңары шаға — түрікмен тілінде «чаға» тұлғасында көрініп, «бала» мағынасына не) т. б.

Якут тіліндегі «түлүөн» сөзінің дыбыстық құрамы жағынан «бұланмен» ыңғайластығын екі түрлі себеппен дәлелдей аламыз. Біріншіден — түркі тілдеріндегі дыбыстар сәйкестігінің заңы, екіншіден — тілімізде қос сөздер, әдетте, үндесе құралатын дәстүр. Осыдан: бұлаан-түлүөн > бұлан-төлөн > бұлан-тәлен > бұлан-талан қос сөзі пайда болып, мағынасы жағынан «әбігер-әбігер», «абыржу-абыржу» дегенмен бара-бар.

**Бұралқы.** Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің мәліметі бойынша бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар: 1. Қаңғыған иесіз ит. «Сүйегімізді бұралқы иттей айдалада қалдырмайық» (З. Шашкин, Ұядан ұш.). 2. Сырттан келген бұратана адам. «Мың бұралқыдан, бір байырғы» (М. Әлімбаев, 666 мақал).

Қазақ тілінен басқа «бұралқы» сөзін «буралқы» тұлғасында қырғыз тілінде айтылатынын көреміз. Мағынасы — әлсіз, жетілмеген, арықтап біткен (К. Юд. ҚРС., 1065, 160).

Басқа түркі тілдерінен мағынасы мен тұлғасы сәйкес келерлік сөзді кездестіре алмадық. Сондықтан сөз төркінін өзге топтағы тілдерден іздестіруге бет қойдық. Монғол тілінде әлсіз, нашар, қуатсыз мағынасын «буурай» тұлғасындағы, ал «әлсіреу» дегенді «буурах» сөзі білдіреді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 48, 49). Монғол тілінде бұл тұлғалардың түбірі «бяр» болады да, ал мағынасы бізше «күш» дегенді ұғындырады. Осы түбірге сол тілге тән бірнәрсенің жоқтығын білдіретін -гүй қосымшасы жалғанғанда «бяргүй» тұлғасына дейін өзгеріп, күшсіз, әлсіз, қуатсыз дегендерді ұғындырады (көрсетілген сөздік, 54).

Осы соңғы тұлға қазақ тіліне ауысқаннан кейін дыбыстық өзгерістерге душар бола отырып «бұралқы» (бяргүй > биаргү > бирагу > бұралгу > бұралку > бұралқы) қалпына дейін жеткен болса керек деген жорамалдамыз. Қаңғыған жан иесінде күш, қуат бола бермейтінін еске алсақ жорамал ойға сиымды, көңілге қонымды көрінеді. Сонда «бұралқы ит» дегенді басқаша айтсақ — әлсіз, күйсіз ит болмақ. Оның адамға қолданылуы — бейнелеуден туған, ауыспалы мағына әсері.

**Бұл...**, **күл**. Қөбіне бұл екі сөз «Күл болмасаң, бұл бол» сияқты қарғай айтылған тіркесте жиі айтылады. Кейде «бұл» тұлғасының өзі де, сирек болса да қолданылатын реттер кездеседі. Сондықтан да болар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» анықтамада: Бұл бол — (етістік, көне) бүліну мағынасын беретіндігін айта келіп, «озбыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен *бүледі*» деген мақалды мысал ретінде ұсынған.

Бұл екі сөздің қай-қайсысының да ертедегі түркі тілдерінде жеке тұрып та қолданылғандығына қазіргі кездегі түркі, әрі кетсе, монғол тобындағы тілдер дерегі куә болғандай.

«Бүлдің» де, «күлдің» де бұрынғы мағыналары қазіргі кездегімен сәйкес келе бермейтіні де осы тілдер дерегі арқылы анықталады.

Баравин татарларының тілінде «пұл» — опат болу, құру (В. Рад. опыт., IV, 2, 1401), хакастарда «уплай» — кенеттен опат болу, өлу (Хак.-рус. сл., 1953, 165) мағыналарында айтылады.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де «бұл» тұлғалы сөз кездеседі, бірақ мағынасы сәл өзгешелеу болып, «бұзылған, бүлінген; тозған» сияқты ұғымдарға мезгейді (ДТС, 132).

Ендігі кезекті «күл» сөзінің төркіні жөніндегі мәселеге берер болсақ, дәл түркі тілдерінің өзінен «күл» тұлғалы және оған мағынасы сәйкес келерлік сөзді кездестіре алмадық. Бірақ түркі тілдерімен тектес саналатын монғол тобындағы тілдерден мынадай деректерге кез боламыз: Монғолша: гүй немесе үгей болох жоғалу, жоқ, құру (Мон.-қаз., 1954, 67; Қаз.-мон., 1977, 200); қалмақ тілінде: гедрх — жоғалу, ғайып болу (Рус.-кал. сл., 1964, 559) мағыналарында қолданылады.

Осы деректер бізді, ерте кездерде «күл», «бұл» сөздері түркі, монғол тілдеріне ортақ болған шығар деген болжамға жетелейді. Ал «күл болмасаң, бұл болдың» қазіргі түсінігі «жоғалмасаң, құрып кет» дегенді аңғартады. Жоғарыда келтірілген мақалдың «күншіл күндеумен бүледі» бөлігінің осы кездегі мағынасы — «күншіл күндеумен құриды» болмақ.

**Бүлдірге.** Түсіндірме сөздігімізде «бүлінген елден *бүлдірге* алма» мақалын келтіріп, бірінші сөзге (бүлінгенге) — бұзылу, құлау, қирау, ал екіншісіне (бүлдірге) — қамшы, сойыл, шоқпарға тағылатын қайыс белбеу



деген анықтамалар берілген. «Бүлдіргесін саусағына ілген...» (М. Әуезов, Танд. шығ.).

Мақалда келтірілген «бүлінген» сөзі жөнінде бірер сөз. Қазіргі тілімізде мұның мағынасы сөздікте берілген түсініктегідей екендігіне дау жоқ. Бірақ кейбір тіл деректерінде осы тұлғалы сөздің басқа бір мағынасы да ой салады. Мысалы, тунгус-маньчжур тілдерінде «булээн» сөзінің «жау», «жауласу», «соғыс», «соғысу» сияқты да мағыналары бар екенін көреміз (ССТМЯ, I, 1975, 109—110).

Ал ертедегі түркі ескерткіштерінен «булун» тұлғасын «тұтқын» ұғымында көрсек (ДТС., 123), дәл осы мағынада оны Шағатай кітаби тілінде де кездестіреміз (В. Рад., Опыт..., IV, 2, 1844). Осы деректерді жинастыра келгенде «бүлін» (бүлінген) сөзінің ең алғашқы мағынасы «жау», «жауласу», «соғыс», «соғысу» болып, біздің қазіргі тілімізде қолданылып жүргеніміз осы іс-әрекет нәтижесінен пайда болған, соңғы мағынасы ма деген де ой келеді. Осы ойды бүгінгі күнге дейін сақталған жоғарыдағы мақал мазмұны да теріске шығара қоймайды. Оның ертедегі мән-мағынасы — «жауласқан елден бүлдірге алма» болуы да ықтимал.

Енді «бүлдірге» сөзінің төркіні туралы өз пікірімізді ұсынып байқайық. Қазіргі таңда «бүлдірге» сөзінің басқа бір мағынасы бар дегенге қай-қайсымыз да сенбейміз және білмейміз де. Бірақ мақалда келтірілген «бүлдірге» дәл қамшы, шоқпар сабына тағатын қайыс бау бола қоюы ой сабасына сиымсыз сияқты. Өйткені жеңілген жау елінен қамшы сабынан ажыратып, ешкім де бүлдіргіні олжа қылып ала қоймас. Мұндайды нақыл ретінде айтқанда да одан да гөрі ұсақ-түйек аталарымыздың аузына түсе қоймаған деп ойлау да қиын. Сондықтан да мақалдағы «бүлдіргенің», жалпы «бүлдірге» атаулының мағынасы ерте кезде өзгеше болса керек деген жорамал туады. Бұл ойымызды кейбір түркі тілі мәліметі қостағандай да болады: туба-кижилерде: бүлдүрү — эшекей (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 110).

Осы деректерге сүйеніп, «бүлінген елден бүлдірге алманың» алғашқы мағынасы «жеңілген жау елінен эшекейлі зат алма» болса керек деген ойдамыз.

**Былқыту.** Түсіндірме сөздік бойынша, қазіргі түсінігімізде шымырлап қайнап, бабымен пісу. «Ет те *былқып* пісіп, өзір боп қалған екен» (Д. Әбілев, Ақын.).

С. Е. Маловтың топтастыруынша, қазіргі түркі тіл-

дері ішіндегі көне тілдердің біріне якут тілі кіреді. Осы тілдің дерегіне қарасақ, «былқы» (былқу) сөзінің мағынасы ертеректе өзгеше болған ба деген ой туады. Якуттарда: балғыт — жиегіне дейін толтыра, асыра құю, салу; бір нәрсені мол дайындау мағынасын беретіндігін айта келіп, мынадай мысал келтіреді: «эти куэстээн балгыт». (Як.-рус. сл., 1872, 61). Мұнысын қазақшаласақ — етті мол пісіру (үлкен қазанның жиегіне дейін толтыра). Осыған бой ұрсақ, «былқыту» етістігінің ертеректегі мағынасы — еттің қалай пісу сипаты емес, етті мол сала пісіру, демек өлшемді ұғындырады екен.

**Былтыр.** Сөз мағынасының — «өткен жыл» екендігі кез келген қазаққа белгілі. Сондықтан да белгілі бір деректі мәліметке сілтеуді артық санадық. Сөйлем ішінде мына түрде кездеседі: «...Бекайдар алғаш рет *былтыр* жазда келген-ді» (І. Есенберлин, Айқас).

Қазіргі қазақ тілінде «биыл» сөзінің қалай пайда болғандығы әрбір оқыған, зиялы азаматтарға ертеден белгілі (бұл жыл > бұйыл > биыл).

В. Радлов осы тұрғыдан қараған болуы мүмкін, «былтыр» сөзін былайша талдайды — бір + йыл + түр (В. Рад. Опыт..., I, 2, 1494 және IV, 2, 1731). Дұрысын айтсақ, бұл талдауды біршама түркі тілдерінің дерегі қостамайды.

Қырғыз тілінде: балдыр — ертеде, бұрын (К. Юд. КРС., 1965, 104); қуманды тілі диалектінде: пултура-бұрынғы (Н. Бас. ДК., 1972, 243); якут тілінде: былыр — ертеде, бұрын, өткен кез (Э. Пек. СЯЯ, I, 1958, 614; Як.-рус. сл., 1972, 93) мағыналарында айтылады.

Осыларға қарағанда, «былтыр» үш сөздің кірігуінен емес, ертеден өз алдына дербес мағынасы бар сөз екендігі анықталады. Өте ертеректе қазақтар қолданысында «былтырғы жыл» тіркесінде айтылып, кейінірек «жыл» сөзін түсіріп, «былтыр» деп айтса да «өткен жыл» мағынасын бере аларлықтай дәрежеге жеткен.

Жинақтай келгенде «былтыр» сөзінің тұңғыш мағынасы «ертеде», «бұрын», «өткен кез» сияқтылар болған.

**Білеу.** Қазіргі түсінігімізде — ұзынша жұқалау қайрақ (КТТС). «Бір дегенің — *білеу...*» (С. Сейфуллин, Шығ.).

Монғол тілінде «қайрақ» мағынасын «билүү» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 171), қалмақша — «бүлү» (Рус.-кал. сл., 1964, 710) сөздері және осы тілдерде «қайрау» мағынасын — «бүлүү», «бүлуда» тұлғалары беретінін бетке ұс-

тап, монғол тобындағы тілдердің әсері дей салу оп-оңай. Алайда, кейбір түркі тілдерінде де осы іспеттес дыбыстық құрамындағы сөздер монғол, қалмақ тілдеріндегідей ұғымға жуық келеді. Якут тілінде: биилээх — өткір, ал бии — еңбек құралдарының (балта, пышақ) жүзі дегенді береді (Як.-рус., сл., 1972, 69); туваша: бизээр — өткірлеу (Рус.-тув. сл., 1980, 172). Якут тіліндегіен мұндағы өзгешелік «л» дыбысы орнына «з» болып келу ғана. Бұл — түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігінің туындысы деп қараймыз. Салыстыра келгенде монғол тілдерінде «бұл» етістік түбірі іс-әрекетті, анығырақ айтсақ «қайрау» мағынасын иеленсе, якут, тува тілдерінде сол іс-әрекеттің нәтижесін — «қайраудан» кейінгі еңбек құралының өткірлігін, жүзін ұғындырады.

Қазақ тілінде де ерте кездерде «білеу» етістігінің «қайрау» мағынасын бергендігі «азуын айға біледі» сияқты тұрақты тіркес дәлелдей түседі.

Демек, сөздің алғашқы төркіні — түркі, монғол тобындағы тілдер және «біл»-дің тұңғыш мағынасы «қайраның» синонимі, бері келе кейбір түркі тілдерінде (якут, тува) «өткір», «жүз» (пышақтың жүзі) сияқты мағыналарды да иеленгендігін келтірілген тіл деректері анықтап отыр.

## Г

**Гүйлі, үшті-гүйлі.** Қазақ тілі орфографиялық сөздігінде (1978) «үшты-күйді» дыбыстық құрамда көрінеді. Ал 1963 жылғы басылымда — «үшті-күйлі». Біз болсақ, «үшті-гүйлі» қалпында жазып отырмыз. Осылардың қайсысы дұрыс? Бұған жауап беру, дәл қазір, біздің міндетімізге жата қоймайды. Бірақ, қос сөз төркінін анықтау барысында автордың, жол-жөнекей болса да, өз пікірін ортаға сала кетпек ойы бар.

Сөз төркіні түркі тілдерінің өзінен деуге басқа бір тіл деректері ырық бермейді. Бір қызығы, бұл қос сөз, көп жағдайда, «жоқ» сөзімен тіркесіп келуге қалыптасқан («үшті-гүйлі жоқ»). Тілімізде «үшті» де, «гүйлі» де жеке кездеспейді, кездесе қалғанда өз алдына, дербес берер мағынасы жоқ. Осы себептермен де қос сөздің екі сыңарының бірі, әсіресе, соңғысының біздегі «жоқ»-пен мағынасы жағынан байланысы болмады ма екен деген ой келіп, басқа тілдерден қарастыра бастағанда мынадай дерекке тап болдық. Монғол тобына жататын тіл-

дердің қайсысын алсақ та, біздегі «жоқ» мағынасын беретін мынадай сөздер бар: монғолша — гүй, үгүт; бурятша — угы; қалмақша — уга. Көрсетілген тұлғалар ішінде, біз әңгімелеп отырған қос сөздің екінші сыңарына тұлға жағынан ең жақыны монғол тіліндегі — гүй, үгүй. Осы тұста тағы бір сұрақ тууы ықтимал. Ол — соңғы -лі жұрнағының көрінуі қалай дәлелденбек? Бұдан қос сөздің бірінші сыңарының төркінін табу қажеттілігі туады. Оны да монғол тілінен табамыз: «жойылу» бұл тілде — устах болып дыбысталады. Егер «жоқ» және «жойылу» мағынасын беретін монғолдың жоғарыдағы көрсетілген сөздерін қосақтасақ «ұстах гүй» тіркесі пайда болады. Қазақ тіліне ауысқан бұл тіркес сол күйінде қала беруі мүмкін емес. Кейін келе алғашқы сөздегі «х» дыбысы түсіріліп, одан әрі дыбыс сәйкестіктеріне байланысты (а~ы~і, с~ш, у~ү) ол сөз «үшті» қалпына дейін жеткен. Қазақ тіліндегі қос сөздер жасалуында ыңғайластық, үндестік, ұйқас сияқты ажырамас заңдылық қоса жүреді (мін+гесіп-ұш+қасып, тала+сыптарма+сып және т. б.). Осы заңдылықпен орайлас «үшті» сөзі екі буыннан және соңғысы -ті буынына аяқталғаннан кейін, «гүй» бір буынды болып қалуы мүмкін емес, сонымен бірге оған жалғанатын қосымша -ті — мен үндес болу қажет. Ондай буын тек-лі. Осылайша қазіргі тілімізде қолданылып жүрген «үшті-гүйлі» қос сөзі қалыптасып, мағынасы —«жойылды жоқ» дегенмен бірдей демекпіз.

Ойымызды дәлелдей түсетін тағы бір тілдік дерекке жол берейік. Қырғыз тілінде: куюк — жоғалып кету. Бұл да дыбысталуы әрі мағынасы жағынан біздегі қос сөздің екінші сыңарымен сәйкес.

Дұрысын айтсақ, әңгіме болып отырған қос сөздің жазылуы әрі кеткенде, «үшті-күйлі» қалпында ғана көрінуі мүмкін. Ал біз жазып отырған «үшті-гүйлі» — орфоэпия заңына сүйенгендіктен туған. Бұл жағынан 1963 жылғы орфографиялық сөздікті құптаймыз. Ал соңғы сөздікте «ұшты-күйді» болып көрінуін, біз өз тарапымыздан ғана сөйлесек, ешбір тіл заңдылығы шеңберіне сиғыза алмадық. Кей ғалым осы қос сөз өзімізге етене етістіктер «ұшу», «кую» арқылы жасалған болар деген жоба ұсынып, сол қабылданып, «ұшты-күйді» қалпында жазылуы да мүмкін.

**Даңғаз.** Ертеректе шыққан екі томдық түсіндірме сөздігімізде «даңғазға» берілген түсінік-ретсіз сөйлеген сөз, ың-жың, у-шу. «Не дегенді маңа *даңғаз*мен ұқпай қалдым, сұрады деп айып етпе» (Мұқанов) (КТТС I, 1959). Ал соңғы 10 томдық түсіндірме сөздікте — даурықпа, даңғой. «Енді байқаса, дархан өмір сүрдім дегені *даңғаз*, бейпіл өткен күндер сияқты» (Т. Ахтанов, Дала сыры).

«Даңғаз» сөзінің тіліміздегі мағынасының құбылмалы болуының да өзіндік себебі бар. Басқа бір түркі тілі дерегіне қарағанда бұл сөз жүйесі басқа тілден ауысқанын аңғарамыз. Қырғыз тілінде оның тұлғасы «даңаза» болып көрініп, екі мағынада қолданылатындығын байқаймыз: 1. Әсемдік, сән-салтанат, молшылық; 2. таң қаларлық оқиға (сенсация), шуылдаған қауесет. Сөздікте мұның қытай тілінен ауысқандығы белгіленген (К. Юд. ҚРС., 1965, 184). Осыған қарағанда, сөз тәркіні — қытай тілі, алғашқы мағынасы — әсемдік, таң қаларлық оқиға да, ал қалған мағыналары — туынды болса керек деген ойдамыз. Өйткені, түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде бұған қай жағынан да (тұлға, мағына) сәйкес келер сөзді кездестірмедік.

**Даңғыл, даңғыл жол.** Сайрап жатқан, кең тегіс жол. «Бұл жолмен ертеректе қалың ел көшіп, *даңғыл* боп жатады екен» (С. Мұқанов, Есею жыл.).

Дәл осы тұлғадағы сөзді басқа түркі, қала берді, монғол тобындағы тілдердің кейбіреуінен кездестіреміз. Бірақ кейбіреуінің мағынасы сәйкес келмейді. Құмық тілінде: данғыл — құм, шөл; данғыл авлакь — құмды жер (Кум.-рус. сл., 1966); Қырғыз тілінде: даңғыл — мықты, күшті (К. Юд. ҚРС., 1965, 184). Ал қалмақ тілінде біздегі «даңғыл» мағынасын «даң уга» тіркесі береді. Бірақ монғол тілінде мұндай мағынаны басқа дыбыстық құрамдағы сөз бере алады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 86).

Көрсетілген деректерді салыстыра отырып, ой жүгіртсек, сөз тәркіні түркі тілдері деуге тура келеді. Көп әрі жиі жүрістен, көлік аяғымен шиырлана түскен жол берік әрі мықты болатынын ескерсек, бұған қырғыз тілі дерегі куә болғандай, егер сөз түбірін бір буынды — «дан» деп санасақ, бұл топшылауымызды тува тілі дерегі қостайды. Тува тілінде: дыңзығ — мықты, күшті (Рус.-тув. сл., 1980, 228). Мұндағы «дың» біздегі «даң»-

мен ұқсас деуге түркі тілдеріне тән а~ы дыбыс сәйкестігі жол береді. Сөйтіп, сөз төркіні түркі тілдері де, ал түбірі — «даң~дың», мағынасы — мықты, күшті. Құмық тіліндегіні ауыспалы мағына деуге болады да, ал қалмақтар түркі тілдерінен ауысып алуы мүмкін.

**Дарақы.** Бұрынырақ шыққан екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» — жеңілтек, ұшқалақ, өзін өзі ұстай алмайтын, бейбастақ мағынасында түсіндіріледі (1959, I том, 160). «Сүйегі тым бос емес, іске тәуір, Барықсыз, *дарақы~ау*, бойы бұлғаң» (Торайғыров).

Сөзге төркін боларлық «дарақы» тәрізді тұлғаны түркі, монғол тобындағы тілдерден кездестіре алмадық. Ал тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде дәл осы тұлғалас әрі мағыналас сөз бар екендігін көреміз. Маньчжур тілінде: *дэраку* — ұятсыз, арсыз, әдепсіз деген мағыналарды ұғындырады.

Тұлға әрі мағына жағынан маньчжур тіліндегі сөз біздегі «дарақидан» тіпті де алшақ кетпейтіндігін көріп отырмыз. Маньчжур тіліндегі «дэраку» екі тұлғаның, дәлірек айтқанда, түбір мен қосымшаның бірлігінен пайда болғандығы жөнінде де дерек табуға болады. Осы топтағы тілдердің кейбіреуінде: эвенкілер, солондар, эвендер т. б. «дэрэ» тұлғасы біздегі «бет» мағынасында қолданылса, ал «аку» — болымсыздық қосымшасы. Осы екеуін біріктіре келіп (*дэре+аку>дэраку*), сөзбе — сөз аударғанда «беті жоқ» немесе «бетсіз» деген ұғым беретіндігін көреміз (ССТМЯ, I, 1975, 236). Бұл жерде тіліміздегі «бетсіз» сөзінің өзі мағына жағынан біздегі «бейбастақ» немесе маньчжур тіліндегі «әдепсіз» сияқтылардың синонимі екендігін еске салу артық та болар. Дегенмен, сөз төркінін ашу үшін бұл да қажет нәрсе.

Тіл деректерінен көрінгендей, қорыта келгенде, сөз төркіні маньчжур тілі екен де, оның қалыптасуына тунгус-маньчжур тобындағы басқа да тілдердің қатысы барлығын байқадық. Маньчжур тілінен ауысқан сөздің қазақ тілінде «дарақы» қалпына жетуі де қиын құбылыс емес: *дэраку>дэраку>дараку>дарақы*.

**Дардай.** Әдетте, өзін зор тұтып, әлдеқандай болып жүретін адамдарға қолданылатыны белгілі. «...Ағайынға айбатты Биік-ақсын *дардайсың*» (Дөнентаев).

Сөз төркіні боларлық тұлғаны түркі тілдері ішінен туваларда ғана кездестіреміз: *дарға* — бастық (лауазым) (Рус.-тув. сл., 1980, 284). Басқа түркі тілдерінен бұл іспеттес сөз кездеспеуіне қарағанда, туваларға мон-

ғол тілінен ауысқандығы байқалады. Монғолдарда да «бастық» мағынасын «дарға» тұлғасы бере алады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 75; Қаз.-мон. сөз., 1977, 56).

Осы тұлға қазақ тіліне ауысқанда монғолдарға тән -га жұрнағы түсіріліп, оның орнына тілімізде ұқсату, сол іспеттес деген мағынаға мезгейтін -дай қосымшасы жалғанып «дардай» тұлғасына дейін жеткен деуге болады. Әрі ой елегінен өткізсек те, өзін зор тұту, қоқилану сияқты мінез көрсету, лауазым жағынан алғанда, бастықтарға тән қасиет екені белгілі. Сонда, «дардай» сөзіміз түсініктірек айтқанда, «бастықтай» деген болып шығады.

**Дария.** Суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз «дария» аталатындығын түсіндірме сөздіктен білеміз. «Дария біздің елдің ұғымында теңізден кіші, өзеннен үлкен су» (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Дәл осыған ұқсас тұлғада әрі мағынасы жағынан да жақын сөзді парсы тілінен табамыз. Кейбір зерттеушілер оны осы тілдің туындысы деп қарайды. (Н. Оң., ПҚТС, Алматы, 1974, 133; Е. Бек., ҚТАПС, 1977, 58). Сөз төркінін парсы тілі дерлік мықты дәлел — «дарияны» тудыратындай мағынасы жағынан жуық келерлік түбір табу қиын. Сондықтан біздің ойымызша, сөз төркінін түркі тілдерінің өзінен іздеуді жөн көрдік.

В. Радлов сөздігінен: дарйа — түпсіз, терең мағынасын береді. Ол мұны қарайым тілі дерегінен ұсынады (В. Рад. Опыт..., III, 2, 1630). Осыған бой ұрсақ, «дария» сөзі тек «терең» -нің дыбыстық өзгеріске түскен түрі ме деген де ой келеді. Мұны біз тек бір тіл дерегіне сүйеніп қана айтып отырған жоқпыз. Түркі тілдерінде т~д, е~а дыбыстары бірінің орнына бірі қолданыла беретінін «терең» сөзінің кейбір тілдерде: тарән, дәрін, дерин тұлғасында кездесулерінен-ақ байқау қиын емес (Ә. Сев. ЭСТЯ, III, 1980, 208—209).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөз түбірі — «тера» қалпында болғандығын анықтай түседі: терә — алқап, ойпат (ДТС, 553). Жазық жерге қарағанда алқап, ойпаттың терең көрінетінін ескерсек, «терең» сөзінің алғашқы түбірі — «терә» болғандығына сенбеске де болмайды. Біздің түсінігіміздегі «дарияның» суының тайыз болмай, терең келетінін ойласақ та, оның тұңғыш төркіні «терә» скендігіне сенім молая түседі. Осыдан: терә > терә + н > терең немесе терә > терә + й > терй > дәрй > дарй + а > дарйа > дария пайда болған сияқты.



**Дәсердей.** Бұл сөз бірде — шаттану, масаттану, кейде — дандайсу, асқақтау мағыналарында айтылады. «Дәсерсін шектен шықсаң, даңқтың өзі аяусыз жазалайды...» (С. Сейітов, Жаңғырық).

Қазақ тіліне араб, парсы тілінен ауысқан сөздер туралы жазған Н. Ондасынов, Е. Бекмұхаметов кітаптарында көрсетілген сөзді кездестіре алмадық. Солай бола тұрса да, «дәсердейдің» алғашқы шыққан төркіні араб тілі екендігін байқаймыз. Арабша: дасир — байлық, молшылық (Араб.-рус. сл., I, 1970, 311) мағыналарын береді.

Асқақтау, дандайсу байлықтың нәтижесінен туатынын сезінсек, сөз төркіні араб тілі екендігіне дау айту қиын. Араб тілінен ауысқан бұл сөзге қазақ тіліндегі сын есім жұрнағы қосылып, байға тән іс-қимыл көрсететін адамға қолданылатын болған. Демек, дәсир+дай дасир+дай>дәсердей тұлғасына дейін өзгеріп, «бай сияқты», «байдай» деген ұғымға иелік еткен.

**Дедектеу.** Қазақ тіліндегі мағынасы — тез, шапшаң жүру, алып ұшу. «...жүгіре басып, штаб жаққа қарай *дедектеп* келеді» (Т. Ахтанов, қаһарлы күн.).

Қырғыз тілінде бұл сөздің түбірі «дедек» тек тұрақты сөз тіркесінде ғана қолданылатыны байқалады: дедек: дедек болуп жүр — бір нәрсені бар ынта-жігерімен, тырыса істеу мағынасын береді (К. Юд. КРС, 1965, 189). Мұнда «дедекте» етістігі де кездесіп, «шапшаң, жылдам» қимылды ұғындырады (бұл да сонда).

1880 жылы Калькуттада түркі тілі туралы шыққан еңбекте дидәк — күң мағынасында көрсетілген (В. Рад. Опыт..., III, 2, 1683).

Біздегі «дедектеу» етістігінің түбі, төркіні «күң» мағынасын беретін «дидәк» сөзімен байланысты болуы мүмкін. Адамдағы жан сала шапшаң, тырыса қимылдау ертеректе тек күң мен күлға тән қасиет, мұны олар өзінің қожасына жағыну ниетімен істеген. Кейін келе осы қимыл, әрекет ауыспалы мағынаға ие болып, кез келген адамға қолданылуы да ғажап емес. Осындай ауыс мағынада, «дэдэнги» тұлғасында маньчжур тілінен де кездестіреміз (ССТМЯ, I, 230).

Осы деректерге сүйеніп, «дедектеудің» алғашқы төркіні түркі тілдерінде пайда болып, кейінірек ауыспалы мағына иеленіп, «күлша, күнше күлшына қимылдау» деген ұғымға ие болған деп қараймыз (дидак>дедак>>дедек+те>дедекте+у>дедектеу).

**Делбе.** Мағынасы — арба-шанаға жегілген көлікті жөнге салып, жүргізіп отыратын қайыс бау, божы. «Делбеші *делбені* қағып жіберді...» (Х. Есенжанов, Көп жыл.) (ҚТТС).

Ерте кездерде делбені тек қана қайыс баудан жасау міндетті болуы мүмкін емес, оны қыл мен жүнді араластырып ескен арқаннан да істеуі ықтимал. Бізді бұл ойға жетектеп отырған якут тілінің дерегі. Якутша бірде «дэлбэргэ» (Э. Пек., СЯЯ, I, 1958, 688), кейде «дэлбиргэ» (Як.-рус. сл., 1972, 122) тұлғалы сөз — Э. Пекарский жасаған сөздікте — жылқының ақ түсті жалынан ескен арқан, ал қазіргі сөздікте — жылқының ақ түсті қылынан жасалған арқан мағыналарын береді. Егер «делбе» сөзінің түбірі бір буынды «дел» болуы мүмкін деп жорамалдасақ, сөз төркініне жол ашылатындығы байқалады. Әсіресе, Э. Пекарский сөздігіндегі түсінікте кездесетін «жал» сөзін нысанаға ала төркіндетсек онша адаса қоймайтын сияқтымыз. Өйткені делбе боларлық бауды ертеде қайыстан емес, жылқы жалынан күзеп алған қылдан есіп жасауы да теріс болмас. Осыған орай, сол құралды жасауға себепші болған зат — жал. Ал «жал» басқа түркі және монғол тобындағы тілдерде қандай дыбыстық құрамда болатындығына назар аударсақ мыналарды көреміз: туваша — чел; якут тілінде — сиэл; монғолдарда — дэл; қалмақша — дел (жоғарыда келтірілген сөздіктерді қараңыз). Бұған қоса, монғол тілінде біздегі «делбе» сөзі «дэлбэг» тұлғасында ұшырайтындығын да ескертпекпіз (ССТМЯ, I, 1975, 232).

«Жал» мағынасын беретін «дел» тұлғасы ерте кездерде монғол, түркі тобындағы тілдерге ортақ болған да, кейін уақыт озған сайын әр тілде дыбыстық өзгерістерге душар болу нәтижесінде қазіргі кезде — қазақша «жал», туваша — чел, якутша — сиэл, қалмақша — дел, монғолша — дэл тұлғаларына дейін жеткен.

Қорыта айтқанда, алғаш жалдан жасалған әбізел өз атауын соны дайындаған заттан ауысып алған. Оны «делбе» не «дэлбэг» тұлғасына дейін қалыптастырып тұрған -бе, -бэг жұрнақтары екендігі баршаға мәлім.

**Дел-сал.** Қазіргі түсінігімізде мұның мағынасы — мең-зең, сүлесөк, бей-жай. «Көш *дел-сал* болған ұйқыдан оянғандай...» (Н. Баяндин, Құм асты.) (ҚТТС).

Қос сөздің қай сыңары болса да, тілімізде көрсетілген мағыналарда жеке тұрып қолданылмайды. «Сал» сөзінің жеке-дара тұрып та қолданылатын жағдайлары

баршылық. Бірақ олар тіпті өзгеше мағынада (сал-серілік; сал-өзеннен өтетін құрал т. б.).

Кейбір түркі тілдерінде осы қос сөз сыңарларының кейде жеке тұрып-ақ, енді бірде басқа сөзбен жанасып қос сөз тудырып барып, мағына беретін реттері бар. Ноғай тілінде «сел» тұлғалы сөз — тынық, ақырын, жай (Ноғ.-рус. сл., 1958, 293), якут тілінде: ээл — дээл — бейқам, салақ (Э. Пек., СЯЯ, I, 1958, 240; Рус.-як. сл., 1968, 35) мағыналарын ұғындырады.

Бұл деректерге қарағанда, «дел-сал» қос сөзінің жеке сыңарларының, ертедегі түркі тілдерінде, өздеріне тән дербес мағыналары болғандығы байқалады. Ал қазақ тілінде бұл екі тұлға қос сөз құрастыра келіп, тиісті мағынаға не болған. Демек, «дээл» және «сел» сөздерінің туу жолы былай болмақ: дээл+сел>дэл-сэл>дел-сал. Тағы бір ескерте кететін нәрсе — тува тілінде «бейқам, салақ» мағыналарын «салгаа» тұлғасы түсіндіре алады. Осы дерек бойынша, тіліміздегі «салақ» сөзінің түбірі де алғашқы кездерде «сал» болуы мүмкін де, кейін оған -ақ қосымшасы жалғанып, дәл қазіргі тұлғаға дейін (сал+ақ) жеткен деуге болады. Сөйтіп, «дел-сал» қос сөзінің әр сыңары — «ақырын, бейқам, салақ» сияқты бір мағынаны қайталап тұрғандығын көреміз.

**Деруу.** Қазақ тіліндегі сөздіктер бұл сөздің мағынасын — тез, жылдам, шапшаң деп түсіндіреді. «Аяш *деруу* төрге көрпе салып, жастық тастады» (А. Хангелдин, Табыс, тағдыр.).

Дәл осы мағынада, «дораан» тұлғасында мұны біз тува тілінен де кездестіреміз (Рус.-тув. сл., 1980, 527). Тува тіліне бұл сөз монғолдардан ауысуы мүмкін. Өйткені Сібірдегі басқа түркі тілдерінде «деруу» сөзіне не оның мағынасына сәйкес тұлға кездеспеді.

Ал монғол тобындағы тілдерде «дерууге» сәйкес сөздердің мынадай мағыналарын байқаймыз: Мон: даруй — қазір; қалмақ тілінде: дарунь — тез, шапшаң.

Сөздің шыққан төркіні монғол тілі деуге тура келеді. Монғол тіліндегі «даруй» сөзінің тұлғасы мен мағынасы түркі тілдеріне ғана емес, қалмақ тіліне өткенде де дыбыстық өзгерістерге кез болған.

Қазақ тілінде ол «қазірдің» орнына емес, тез, жылдам, шапшаң сөздерімен синонимдес болған: даруй>>дерйу (метатеза)>деруу.

**Диірмен.** Түйір дәнді ұнға айналдыру үшін қолданы-

латын еңбек құралы. «Айғаным *диірмен* тартып болып, үсті-басын қақты» (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

Қазақ тілінде зат атауын беретін бұл сөз алғаш етістік болып қызмет атқарғандығын алтай, аладаг тілдеріндегі «термен» сөзінен ғана аңғаруға болады. Бұл тілдерде: термен — айналу мағынасын береді (Вербицкий В. И. Словарь алтайского и аладагского наречия..., Казань, 1884).

Сөз төркінін іздестіруді осымен доғаруға да болар еді. Алайда осы тұлғалас әрі мағынасы сәйкес сөзді монғол тілінен де ұшыратамыз: тойрох — айналу (Мон.-қаз. сөз., 1954, 183). Осы деректерге бой ұрсақ, сөз төркіні түркі, монғол тілдеріне ортақ болғандығын байқаймыз. Алғашқы түбір «тер» және «тойр» болып, осыларға тілдің әр тобына тән жұрнақтары қосылып, түркі тілдерінде «термен», монғолдарда «тойрох» болып қалыптасқан. Ал қазақ тілінде, өзіне тән дыбыс заңдылығына бағына отырып, «диірмен» тұлғасына дейін жеткен.

Бұл топшылауымызды бәрінен бұрын осы еңбек құралының іске қосылғандағы қозғалысы, дәлірек айтқанда, айналу арқылы қызмет атқаратындығы анықтай түседі.

**Доғала.** Түсіндірме сөздіктің көрсетуінше мұны кейде «ноғала» тұлғасында да айтатын сияқтымыз. Мағынасы — көздің қарашығын ақ шел қаптайтын ауру, көзге түскен ақ дақ. «Бір жылқының *доғаласына*... сырттан дәрігер іздейміз — деді» (Ж. Орманбаев, Қос басшы). «*Ноғала* бола бастаған көзге қант және қарағай көмірінің үгінділерін салатын» (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.) (КТТС).

Не түркі, не монғол тобындағы тілдерден мағынасы әрі тұлғасы сәйкес келерліктей сөзді кездестіре алмадық. Алайда, көзге ақ түсуден кейін пайда болатын — «соқырлық» мағынасын беретін сөзді маньчжур тілінен табамыз. Маньчжурларда: дого — соқыр (ССТМЯ, I, 1975, 211).

Біздің шамалауымызша, сөз түбірі алғаш бір буынды және төркіні монғол тілінен болуы мүмкін. Өйткені бұл тілде «толбо» — дақ, таңба, ісік, томпақ, ал «дохио» — белгі мағыналарын береді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 79, 183). Әсіресе, алғашқы «толбо» тұлғасы маньчжур тілінде «дого» қалпына дейін өзгеріп, мағына ауысуы нәтижесінде «соқыр» ұғымына ие болуы таңданарлық

құбылыс емес. Сондай-ақ «дохно» сөзінің де дәл осындай өзгеріске душар болуы ықтимал.

Ал қазақ тіліне ауысқанда монғол тіліндегі бұл тұлғалы сөздер тек қана «ақ түсу» тіркесіне синоним болудан әрі бара алмаған деуге болады.

**Дом, ем-дом.** Қазіргі тіліміздегі «емдеу» етістігінің түбірі «ем», оның алғашқы мағынасы — дәрі екендігін әркім біледі деген оймен біз тек қос сөздің екінші сыңары «дом»-ның төркініне тоқтауды мақұл көрдік.

Түркі тілдерінің бірі туваларда «дом» сөзі жеке тұрып-ақ ауруды дуалау, үшкіру немесе дәрі мағынасын береді (Тув.-рус. сл.). Тува тілінде кездесуіне қарап, сөз төркіні түркі тілдері деп айту қиын. Тунгус-маньчжур тобына жататын кейбір тілде (солон тілінде) доо — дәрі мағынасында қолданылады. Бірақ бұл тілге монғол тілінен өткендігі көрінеді. Сол сияқты тува тіліне де монғол тілінен өткен деуге деректер жоқ емес. Жазба монғол және қазіргі монғол тілінде дом — балгерлік, дуалаушылық, сиқырлық, кей кезде дәрі мағынасында қолданылған. Қазақ тілінде «дом» сөзі «емге» қосарланып, қазіргі тұрғыдан алғанда, «емдеу» сөзінің синониміне айналып кеткен. «Ем-домның» алғашқы мағынасына түсінік берсек «дәрі-дәрмек» дегенмен бірдей.

**Домбыра.** Сөз мағынасын түсіндіріп жату артық. «...баян, домбыра, гитар әкелінді» (С. Бегалин, Мектеп.).

Н. Оңдасынов «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» деген еңбегінде (1974, 138), Л. Будагов сөздігіне сүйеніп, «домбыра»-ның парсының домбе — «құйрық», бәррә — «қозы», «тоқты» деген екі сөзінен қысқартылып алынғандығын көрсете тұрса да, шын мәнінде, оның парсы сөзі екендігіне күмәндана қарайтындығын білдіретін белгі (\*) қойған. Автордың күмәндануы орынды деп білеміз.

«Домбыра» сөзінің төркіні парсы сөзі еместігіне деректерге сүйене дәлелдеуге тырыстық.

Қысқарта айтқанда, сөз төркіні түркі тілдері, әрі кетсе солармен туыстас монғол, тунгус-маньчжур тілдеріне ортақ және алғашқы түбір бір буынды «до», «дә», «те», «тә» қалпында болған деп санаймыз. Ал мағынасы жағынан бұлардың қай-қайсысы да қазіргі тіліміздегі «дөңес» дегенді ұғындырған. Осы мағынаны беруге алғашқы түбірге әр тілдің өзіне тән жұрнақтары қосыла отырып, қазақша — дөңес; якутша — томтогор; тува тілінде — дөстек, дөн; монғолша — товгор; тунгус-маньчжур тіл-

дерінде — тэцнийэ іспеттес тұлғаларды тудырып, бәрінің де беретін мағынасы — дөңес (выпуклый) болған (осы тілдердің жоғарыда келтірілген сөздіктерінен). Осы көрсетілген тілдердің кейбіреулерінде алғашқы түбірге басқа бір сөз тудыратын жұрнақтар жалғанып, түрі, қалпы дөңестеніп келетін заттарға ат та қойылған: қазақша — дөңбек (жуан ағаш кесіндісі); монғол тілінде — домбо (құмыра); тунгус-маньчжурларда — тэцтэ (бөрене) т. б.

Дәл осы жолмен қазіргі тіліміздегі музыка аспабының бір түрін білдіретін «домбыра» сөзі пайда болған деген жорамал айтуға болады. Тілдегі заңдылық тұрғысынан оны былай түсіндіруге болады. Ертеде қазақ тілінде тек «дө» түбірі ғана емес, оған қоса оның дыбыстық баламасы «то» (то + мпайған), «до» (до + мбал) қатар, жарыса қолданылған деп қараймыз. Мағынасы жағынан да бұлар «дөңестің» синонимы. Кейін келе осыларға -м жұрнағы қосылып «дом», «том» туынды түбірлері пайда болған. Қазіргі кезде қолданылып жүрген көптеген заттар атауы ұқсатудан пайда болғандығын ешкім теріске шығармаса керек. Сондай-ақ дөңестік, томпауға ұқсату нәтижесінде тіліміздегі сөз тудыратын жұрнақтар көмегімен, бұл жерде -быр қосымшасы арқылы «домбыра» аспабының аты келіп шыққан: дом + быр > домбыр + а > домбыра. Қазіргі түсінігімізше айтсақ, «томпақша», «дөңесше» құрал болмақ. «Домбыра» сияқты жасалған сөздер тілімізде жоқ емес: жау + быр > жаңбыр, қал + быр > қалбыр т. б. Ал «домбыра» болып қалыптасудағы «а» жұрнағының пайда болуын қалай дәлелдеуге болады деген сұрақ тууы да заңды. Кейде тілімізде сөз соңында осы сияқты дауысты дыбыстардың қосылып отыруы да қағидадан жырақ кетпейді. Мысалы, әдеби тіліміздегі шөмеле, кіре сөздеріне жергілікті тіл ерекшеліктерінде «й» дыбысы қосылып «шөмелей», «кірей» болып та айтыла береді немесе әдебиеттегі көтеріңкі стильде «көктем» тұлғасы «көктеме» қалпында қолданыла береді. Соңғы «а» дыбысының тұрақсыздығын монғол тілі дерегінен де аңғарамыз. Біздегі «домбыра» оларда «домбор» тұлғасында қолданылады (Мон.-каз. сөз., 1954, 77).

«До», «тө» түбірлерінен пайда болған «дөңеске» ұқсатудан туындаған музыка аспабы, жоғарыда көрсетілген, басқа тілдерде ұшыраса ма сияқты сұрақ та орынды. Бұл жағдай тек қазақ тіліндегі ғана құбылыс болып, аталған тілдердің ешқайсысында кездеспесе, біздің жо-

рамалымыз онша сенімді болмас та еді. Дәл қазақ тіліндегі жолмен жасалған музыка аспабын, түркі тілдерін былай қойғанда, тунгус-маньчжур тілдерінен де табамыз. Мысалы, тунгус-маньчжур тілдерінің бірнешеуінде: «тэңкэрэ» тұлғасы біздегі «домбыраға» ұқсас шекті музыка аспабын ұғындырады. (ССТМЯ, II, 1974, 236). Байқаған адамға «тэңкэрэ»-нің дыбысталуы да «домбырадан» алшақ емес. Ал түркі тілдері ішінде туваларда «дошпулуур» сөзі «балалайка» мағынасында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 35).

Жоғарыда біз монғол тілінде «домбыра» мағынасындағы «домбор» тұлғасын көрсеттік. Мұны да ұқсату нәтижесінен туған деуге болар еді. Бұдан гөрі қазақ тілінен ауысқан сөз есебінде көрсеткен жөн болар деп ойлаймыз. Оның есесіне, монғолдарда ұқсатудан пайда болған «домбо» сөзін кездестіреміз. Бұл біздегі «құмыра» мағынасын ұғындырады. Ал құмыра түрі, қалпы дөңестене жасалатынын ескерсек, бұл да ұқсатудың нәтижесі.

**Дөңбектей.** Түсіндірме сөздік бойынша — дөңбек сияқты (жуан ағаштың үлкен кесіндісі, түбірі). «Ауырған баланың бойы ұзарып, жансыз *дөңбектей* икемге келмейді» (З. Иманбаев, Солма гүл).

Э. Севортян бұл сөздің «дөң», «төнгек», «төнеш» және «дөңбек» сияқты төрт түрлі тұлғасын көрсете отырып, олардың бірқатар түркі тілдерінде — дөң, ағаш түбірі, бұдыр, жота, ісік, барабан, төбешік және т. б. мағыналарда қолданылатынын әңгіме етеді (Э. Сев. ЭСТЯ, III, 1980, 279—281). Тағы бір деректерді қарастыра келгенде, түркі тілдерінде мұның «дөңмек» тұлғасымен бірге «сан» (адам, хайуан мүшелерінің бірі) деген мағынасының барлығы назардан тыс қалған. Мысалы, «дөңмек» тұлғасы, тува, тофа, алтай тілдерінде «сан» мағынасында көрінеді (В. Рас., ФЛТЯ, 175; Рус. тув. сл., 1980, 38).

Біздің топшылауымызша, көрсетілген түбірлердің алғашқы мағынасы «бұлтию» болып, тұңғыш мағынасы — адам аяғының сан бөлігіне арналған болса керек. Тарихтың даму заңдылығы да осы ойымызды қостайтын тәрізді. Өйткені адам баласы ең алғаш атау беруді өз мүшелерінен бастаған деу ойға спымды келеді. Әрі «дөңбек» атауын санға меншіктеуі де белгілі бір себеппен байланысты. Оның біріншісі — аяқтың бұл бөлігі, басқаларға қарағанда жуан, дөңестеніп көрінуі, екіншісі —



адамның, хайуанның басқа денесіне оның тірек бола аларлық қасиеті. Соңғы себепті қосып отырғанмыз — монғол тілінде «дөң» тұлғасы белгілі бір заттың тіреуі, төменгі жағы дегенді аңғартады (Э. Сев., ЭСТЯ, III, 281).

Осы деректерге сүйене келіп, «дөңбек» сөзінің тұңғыш мағыналарының бірі — адам және хайуан мүшелерінің бірі — санға меншіктелген де, қалған мағыналар туынды деп қараймыз.

Әңгіме болып отырған «дөңбектей» тұлғасы сын есім жұрнағы -тей арқылы пайда болып, белгілі бір заттың жуандығын, жұмырлығын адам не хайуан санына салыстырудан туғандығы байқалады.

**Дөп, дөп келу.** Дәл, нақ, түп-тура мағыналарын береді. «Кәленнің жас өміріндегі зор қуанышына *дөп келініз*» (С. Омаров, Дала қызы).

Кейбір түркі тілдерінің мәліметтеріне зер салсақ, «дөп» сөзінің ертеректегі тұлғасы мен мағынасы өзгеше екендігі байқалады. Шор тілінде: тәп — уақыт; қойбол, сағай тілдерінде: теп — уақыт (В. Рад. Опыт., III, I, 1108) мағынасында қолданылады.

Осыған қарағанда, араб тілінен «уақыт» сөзі қазақ тіліне ауысқанға дейін «теп», «төп» тұлғаларының бірі қолданылған деуге тура келеді. Кейін келе олар сәл-кем тұлғасын өзгертумен бірге, мағынасына да азын-аулақ өзгеріс енгізіп, «дәл», «нақ» сияқтыларды ұғындырған. «Дәл келдік» деудің орнына «уақытында келдік» десек те түсінікке ақау түсе қоймайды. Ал «тәп», «теп» тұлғаларының «дөп» қалпына келуі де түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігіне қайшы келмейді.

Д у а н. «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде» екі түрлі мағынасы берілген: 1) қала, кент; 2) территориялық бөлініс. «Менімен бірге *дуаннан* келе жатып Тәңірберген де қонған» (Б. Майлин, Таңд.).

Орысша-парсыша немесе парсыша-орысша сөздіктер дерегіне сүйенген Н. Оңдасынов пен Е. Бекмұхаметов «дуан» тұлғасын қазақ тіліне ауысқан парсы сөзі дей отырып, «мемлекеттік кеңес, қала, өкімет мекемелері бар орын» сияқты мағыналарын келтіреді (осы авторлардың, жоғарыда келтірілген, еңбектері, 145, 63-64-беттер).

Солай бола тұрса да, кейбір түркі тілдерінің, әсіресе, Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі халықтары дерегінде осы тұлғалас және мағынасы сәйкес сөздердің кездесуі бас-

қаша бір ойға жетелейді. Мысалы, тува тілінде: дуган — шіркеу, дін үйі (собор) (Рус.-тув. сл., 1980, 546); якутша: дьэ — мекеме (Рус.-як. сл., 1968, 142). Ал монғол тілінде: дог — күмбез (Мон.-қаз. сөз., 1954, 77). Күмбезсіз шіркеу болмайтынын еске алсақ, тува тіліндегі «дуган» тұлғасы монғол тілдеріндегі «дог» түбірінің туындысы демеске болмайды. Монғол тілінен якут тіліне ауысқан сөз тұлғасын сақтай отырып, мағына жағынан өзгеріске душар болған дейміз.

Тунгус-маньчжур тіліне келсек, бұларда: «дували» сөзі бірнеше мағынаға ие, солардың ішінде қоғам, партия, топтасу сияқты мағыналарды баса көрсеткіміз келеді. Өйткені, «мекеме» дегеніміздің өзі — белгілі бір қызметтес, кәсіптес адамдар тобы екендігін аңғарсақ, якут тіліндегі «дьэ» тунгус-маньчжур тілінің әсері деуге болады. «Дували» сөзі тунгус-маньчжур тіліне қытай тілінен ауысқандығы белгіленген. Демек, «дуан» сөзінің төркіні, мына деректерге сүйенсек, қытай тілі болмақ. Қытайша: тунлэй — бір тектес, бір өңкей мағыналарына мезгейді (ССТМЯ, I, 1975, 218). Осы жерде монғол тілінде «мекеме» дегенді «албан газар» сөзі беретінін де еске сала кетпекпіз (Қаз.-мон. сөз., 1977, 217).

Осы көрсетілген қытай сөзі түркі, монғол тілдері арқылы немесе қытай тілінен тікелей парсыларға өтуі де мүмкін.

Бұдан байқайтынымыз, бір тілден өзге тілдерге сөз ауысқанда ұзақ сүре жол кешіп, басынан талай гұлға, мағына өзгерістерін өткізетіндігі көрінеді. Схема бойынша, бұл былай көрінер еді: тунлэй > дували > дьэ > дьэ + ан > дьиган > дузан > дуан.

**Дудар.** Көбіне тілімізде «бас» сөзімен тіркесе «дудар бас» қалпында айтылып, ұйысқан, сабалақтанған, бұйраланған, үрпиген шаш мағыналарын білдіреді. «Көп ұзамай есіктен жеңіл киімді, *дудар* бас Иса көрінді (Баязитов) (ҚТТС, I, 1959).

Сөз төркіні түркі тілдері деп анық, ашық айта аламыз. Және бұл пікірімізді түркі тілдерін түгел шарламай-ақ, бір ғана түркі тілі дерегімен ғана дәлелдеуге болады. Мысалы, хакас тілінде: тугдүр — жүндес, сабалақ, үрпек (Хак.-рус. сл., 1953, 241) мағыналарын береді.

«Тугдүр» сөзінің түбірі, көптеген түркі тілдеріне ортақ «түк» екендігіне де дауласу қиын болар. Хакас ті-

лінде де «түк» тұлғасы қазақ тіліндегі «түкпен» мағыналас. Әрине, кейбір түркі тілдерінде дыбыстық ауытқулар жоқ емес (якутша — түү т. б.). Хакас тілінде «түк» түбіріне -дүр қосымшасы қосылып, «түктің» молдығын, көптігін білдіріп тұр. Демек, «тугдүр» — қазақ тіліндегі «түкті» тұлғасымен мағыналас. Алғаш түркі тілдеріне ортақ «түкдүр» сол қалыптасқан күйінде, қазақ тілінде де сақталған. Алайда қазақ тілі аздап өзгерістер енгізу нәтижесінде «дудар» тұлғасына дейін жеткен: түгдүр > дүгдүр > ду (г) дур > дудур > дудар.

**Дүрбелең.** «... — Сіз неге жөнсіз *дүрбелең* саласыз» (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Сөйлем ішіндегі «дүрбелең» сөзінің мағынасы — қым-қиғаш әуреге түсушілік, маза-сыздық (ҚТТС).

Сөз төркінін іздестіре келгенде бұл сөздің алғашқы мағынасы өзгеше болғандығы, ал біздің тіліміздегі ұғым — алғашқы түсініктің нәтижесі екендігін байқаймыз. Мысалы, монғол тілінде «дүрвэх» сөзі «қашу», «үрку» дегенді білдіреді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 82). «Қашу» мағынасында осы іспеттес тұлғаны тува тілінен де табамыз: дургуннаар — қашу. Мұны, әрине, монғол тілінің әсері дейміз. Өйткені, тува тіліне тән «қажар» («қашу» дегеннің дыбыстық түрі) сөзімен синонимдік қатар құрып қана тұр.

Көрсетілген деректерге сүйеніп, сөз төркіні монғол тілі дей отырып, «дүрвэх» тұлғасының қазақ тіліне ауысқанда «дүрбелең» қалпына жетуі де қиын құбылыс еместігін ескертеміз. Бұл жерде монғол тіліне тән жұрнақ түсіріліп, қазақтар ауысып алған сөзіне өз қосымшаларын жалғаған: дүрвэх > дүрвэ + л > дүрбел + ең > дүргелең. Ал мағынасы — қорқу, қашудан туатын — «әуреге түсушілікпен» алмастырылған.

**Дүрсе, дүрсе қоя беру.** «Тап беру», «шап ете түсу» сияқты мағыналар тілімізде осындай сөз тіркестерімен де беріледі. «Танктер жауға *дүрсе қоя берді*» («Сон. Қаз.»).

Л. Будаговтың көрсетуінше, сөздің шыққан төркіні парсы тілі: дүрусъ — тура, кенеттен (Л. Буд. Срав., I, 1869, 570). Осы бойынша, «дүрсе қоя беру» тіркесінің мағынасын түсініктірек айтсақ — «тура бас салу» немесе «кенеттен бас салу» болмақ. Парсының «дүрусъ» сөзі қазақ тілінде «дүрсе» тұлғасына дейін өзгерген.

**Дүрсін, қара дүрсін.** Қазіргі түсінігімізде қарапайым; жабайы; жоба, мөлшер деген мағыналарды ұғындыра-

ды: «әйтеуір, қара дүрсін, құр жұдырық қой» (Ғ. Мұстафин, Қыр жігіті). «Дүрсін» сөзін жексе, дербес күйінде түркі тілдерін былай қойғанда, соған жақын саналатын топ — монғол тілдерінен де табу қиын. Алайда, арасы өте алшақ жатса да Алтай тілдерінің шеңберіне түркі, монғол тілдерімен бірдей қосылып жүрген тунгус-маньчжур тобына жататын маньчжур тілінде: дәрсен — қарапайым, жай (простой) мағынасында қолданылады (ССТМЯ, I, 237).

Оқырман жұрт біздің бұл топшылауымызға таңырқап қарауы мүмкін. Сонау маньчжур халқының тіліндегі сөз қазақтарға қалай телінбек дер де. Бірақ халық шежіресі мен тіл шежіресін ажыратып қарауға болмайтынын да еске алған жөн. Гун дәуірін орағыта отырып ой жүгіртсек, бір сөз ғана емес, бірнеше сөздің ортақ болып келуін орынды деп санар едік. Бұл жерде «қара» сөзі көптеген сөздермен тіркесіп келгенде (қара халық, қара жаяу, қара жұмыс т. б.) «жай» мағынасында қолданылатындығын айтып жату артық. Өзімен мағыналас осы «қара» сөзіне «дәрсән» тұлғасы тіркесіп, қазақ тілінде «қара дүрсін» қалпына дейін жеткен. «Ә» дыбысы қазақ тілінде «ө»-ге алмасып «дәрсән», одан әрі тіліміздегі ө~у дыбыс сәйкестігі заңдылығымен: дүрсун>дүрсін тұлғасы туған (Қазақстанның бір жерінде — төсек, өгей, дөнен, ал екінші жерінде түсек, үгей, дүнен деп айтыла береді).

Ді л б а с. Сөз мағынасын — тамақтан ауыратын ауру, баспаның бір түрі деп түсінеміз (ҚТТС) «... тәжірибелі малшылар — ділбас.. сияқты түйе ауруларын өз қолдарымен емдеп,... («Лен. жас.»).

Бір қызығы бұл сөзді орфографиялық сөздіктен таппадық. Бірде бірге, кейде қосылып жазылу себебі де соның салдары болса керек. Шын мәнісінде бірге жазу лазым сияқты.

Сөз төркінін түркі, әрі кетсе, тунгус-маньчжур тобына жататын тілдерден табуға болады. «Ділбас» сөзі, біздің ойымызша, екі түбірден біріккен: біріншісі — діл, екіншісі — бас.

Алғашқы сөзді осы бір буын тұлғасында тунгус-маньчжур тілдерінен кездестіреміз. Онда: дәл — ауру (тамақтың) мағынасында көрсетілген (ССТМЯ, I, 1975, 231). Тек осы бір дерекке сүйеніп, «діл» тұлғасын «ауру» мағынасында көрсек, әрине, бұл ешкімді қанағаттандыр-

майды. Бұған қосымша, басқа түркі тілдерін былай қойғанда, қазақ тілінің өзінде «делбе» тұлғасында қолданылып бірде «жылқы ауруы» (ҚТҚЭС, Алматы, 1966, 66), кейде «адамның денесін қыздырып ауыртатын ауру» (ҚТТС, Алматы, 1959, 166) мағыналарында кездеседі. Қазақ тіліндегі тұлғада кездесетін айырмашылық — қосымшамен берілуі ғана (дел+бе>делбе). Көрсетілген деректер «діл» тұлғасы «ауру» мағынасын беретіндігіне толық айғақ.

Сөздің екінші түбірі «бас» — дыбыстық өзгерістерге душар болған кейбір түркі тілдерінде біздегі «тамақ», «өңеш» мағынасын беретін тұлғалардан пайда болған. Ұйғыр тілінде: боғуз — тамақ, өңеш (Ұйғ.-рус. сл., Алматы, 1961, 42), осы мағыналарда туваларда: боостаа, боску (Рус.-тув. сл., 1980, 119) тұлғаларында айтылады. Осы тілдердегі қай тұлға болмасын, қазақ тіліндегі тиісті дыбыс заңдылығына байланысты «бас» қалпына дейін өзгерген деуге болады. Мысалы, қазақ тілінде кейде сөз ортасында «г», «ғ» дыбысы түсіріліп те айтылады. (құм/ғ/ан>құман, ки/ғ/із>киіз). Осы заңдылық бойынша ұйғыр тіліндегі «боғуз» қазақша «бас» тұлғасына дейін жеткен немесе тува тіліндегі соңғы қосымшалар түсірілген: боғуз>бо/ғ/уз>боуз>боз>бос>бас немесе боску>бос>бас.

Осы деректер бойынша, «ділбас» дегеніміз — «тамақ ауруы» (діл — ауру, бас — тамақ) екен.

**Діні, діні қатты.** Әдетте бұл тіркес «мейірімсіз», «қатыгез» мағыналарында қолданылады. «Кеңгірбай ит екенсің *дінің қатты...*» (Дастандар.) (ҚТТС). Кейде «діні қатты, тілі тәтті» сияқты тұрақты тіркес құрамында да айтылады. Сырт қарағанда, тұрақты тіркес ішіндегі сөздердің бәрі де түсінікті, төркінін іздестірудің қажеті де жоқ сияқты. Алайда кейбір тіл деректеріне жүгінсек, алғашқы тіркестегі «дін» қазіргі түсінігіміздегі «дінге» (религия) қатысының шамалы екенін аңғаруға болады. Қазақтарда көп жағдайда «діні қатты» деуден гөрі «дініне берік» тіркесі жиі қолданылады және мұндағы алғашқы сөз қазіргі ұғымымыздағы «дінмен» қабысып жататыны дау тудырмайды.

Осыған орай, біздің ойымызша, «діні қатты» тіркесіндегі «дін» — дыбыстық өзгеріске түскен парсының «жүрек» мағынасында қолданылатын «дәл» сөзі болса керек. Парсыша: дәл — жүрек (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 648). Оны былай қойғанда, парсы тілінде біздегі «діні

қаттыға» мағына жағынан сәйкес келетін және «дәл» сөзінің қатысуымен қалыптасқан тұрақты тіркес те бар: дәл хара — қатал, жүрегі қатып қалған мағынасында қолданылады. Енді осы тіркестегі жеке сөздер мағынасына келсек, «дәл» — жүрек, хара — гранит (Бұл да сонда, 525). Мұнан кейін, граниттің тастың бір түр екендігін, тас болған соң оның қатты болатындығын айтпаса да белгілі. Қазақтардың кейде «қара жүрек» деп қолдануының өзі парсы тіліндегі «дәл хара» тіркесінің жартылай өз тіліне аударма айтуы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін. Демек, «жүрек мейірімсіздігін» тастың (гранит) қаттылығына теңеуден туған.

Парсының «дәл» сөзі «діл» қалпында ертедегі молда, кейбір ақындар тілінде қолданылғанымен (Н. Оң. ПҚТС, 1974, 136), дәл қазіргі кезде жеке тұрып не тіркес құрамында қолданудан тыс қалған. Сондықтан да ұмытылып, нәтижесінде ертеде қалыптасқан тіркестің өзіндегі «діл», осы кездерде жиі қолданылатын «дінге» айналдырылып, тіркестің «діні қатты» қалпына келуіне себепші болған.

Ойымызды дәлелдей түсерлік тағы бір дерек — қырғыз тілінде парсының «дәл» сөзі осы кезге дейін «дил» дыбыстық өзгерісімен жеке тұрып та, тұрақты тіркес құрамында тұрып та қолданыла береді: тили сенде, дили — жат (на языке мед, а на сердце лед) (К. Юд. КРС, 194). Қырғыздың бұл мәтелінің біздегі «тілі тәтті, діні қаттыдан», мағына жағынан ешбір айырмасы жоқ.

Сөйтіп, «Діні қатты, тілі тәтті» тұрақты тіркесі сәл дыбыстық өзгеріске ұшыраған «ділі қатты, тілі тәтті» дегенің бір варианты дей аламыз.

## Е

**Ебей, ебей басты.** «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: ебей басты — басы қауқиған, селтиген деп түсіндіріледі. «Мая, кез, *ебей басты* құба үлектер. Суды іздер қаңсып қалған көп табаннан» (К. Жұмалиев, Қырдағы.). Мына келтірілген мысалда автор үлектің басын белгілі бір затқа сәйкестіре, салыстыра теңеп отырғанын ғана түсінуге болады да, ал «ебей» сөзінің дәл мағынасын білу әркімге де оңайға түспейді. «Ебей» тұлғалы сөз қазіргі тілімізде өте сирек қолданылатындықтан көнерген сөздер қатарына саналады. Сондықтан да болар, сөз төркініне сілтерлік тілдік деректер де табу қиын. Кейде

осы тұлғалы сөз ертедегі батырлар жырында «ебей түсті окты алып» деген тіркесте ұшырасатыны бар. Осыған қарасақ, бұның садақ оғымен де байланысты екені көрінеді. Жорамалымызды якут тілі дерегі жақтағандай: Эбиэн — 1. Жүрекке ұқсата жасалған садақ оғының ұшы; 2. Қарға (карта ойнындағы). (Як. -рус. сл., 1972, 535). Әрине, мұндағы соңғы мағына ауыспалы туындысы.

«Эбиэн» сөзінің қазақ тілі тезіне түскенде «ебей» тұлғасына дейін өзгеріске түсуі заңды: эбиэн > эбэи (метатеза) > ебей.

**Ебелектеу.** Қазіргі кездегі түсінігі — қалтылдау, елпек қағу, ұшып-қону. ” — Әже, жүр, сурет көр! — деп *ебелектеп*, жеңінен тартып, зыр жүгірді., (З. Шашкин. Теміртау.). (ҚТТС).

«Ебелектеудің» ерте кездегі тұлғасы мен мағынасы сәл өзгеше болғандығын дәлелдерлік тілдік деректерді түркі жазба ескерткіштерінен табамыз. Сөздің алғашқы түбірі — «ев» немесе «еп» тұлғаларының өзі-ақ «жедел қимылдау», «асығу» мағыналарын берген. Кейінірек — «ек» жұрнағы жалғанған соң да сол мағынаға ие болған (ДТС, 189).

Осы түбірден өрбіген сөз қазақ тілінде «ебелек», одан әрі «ебелектеу» тұлғасына дейін жетіп қалыптасқан да, мағынасына да біршама өзгеріс кірген дей аламыз: ев > ев + ек > ебек > ев + ел + ек > ебелек + те > ебелекте + у > ебелектеу.

**Ежегей.** Мұның мағынасы — майы алынған сүттің қайнатуынан жасалған қышқылтым уақ күрт. «*Ежегей* мен сары май, ...суық ет әкелінді» (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

Тамақтың бұл түрінің дәмі қышқылдау болып келетінін еске алсақ, өз атауын бойына тән осы қасиетіне байланысты алған деуге болады. Сөз түбірі түркі, монғол тобындағы тілдерге ертеден ортақ болса керек. Тіліміздегі «ашы» сөзі якут тілінде — аһы (Рус.-як., 1968, 115); туваша — ажыг (Рус.-тув. сл., 1980, 120), ал монғолдарда «ашу», «ашыту» етістіктері мағынасын — эсгэх, эсэх тұлғалары (Мон.-қаз. сөз., 1954, 387), қалмақ тілінде — «исгсн» сөзі (Рус.-кал. сл., 1964, 234) береді. Осылардың ең алғашқы түбірі бір болған да, кейін әр тілдің өздеріне тән заңдылықтарына сәйкес дыбыстық өзгеріске түскен. Демек «а» ның орнына «э», «ш, ж, с» дыбыстарының сәйкестігінен бір тілде «ашы» (қазақтар-



да), екінші тілде «ажығ» (туваларда), үшіншісінде «эсэх» (монғолдарда) тұлғаларына дейін өзгерген.

Уақыт өткен сайын, мағына ажырату қажеттігінен қазақтарда «ащы» тағам дәмінің бір қасиетіне меншіктеліп, монғолдардағы бұл мағынаны беретін «эсэх» тұлғасы белгілі бір тағамның атауы болып белгіленген. Сөйтіп, тіліміздегі «ежегей» сөзінің даму сатысы былай болған: эсэх > ежех > ежег > ежегей + ей (жұрнак) > ежегей.

Монғол тілінде біздегі «ірімшік» мағынасын «ээзгий» тұлғасы беретінін де (Мон.-қаз. сөз., 1954, 388) айта кеткен орынды. Қалай болғанда да «ежегейдің» алғашқы түбірі («эсэх» екеніне күмән жоқ. Біздегі ірімшік пен ежегей тағамдарының дәмі де осыны қуаттайды. Ірімшік дәмі тәттілеу де, ежегей қышқылдау. Анығырақ айтсақ, біздегі ежегей — ірімшік пен құрттың аралығындағы тағам.

Келтірілген мәліметтерде монғол тобындағы тілдер дерегі молырақ. Бұған қарасақ, «ежегейді» қазақтар монғолдардан ауысып алған деген пікір айтуға да болады. Бірақ М. Қашқари сөздігінен «қышқыл» мағынасын беретін «екшіг» тұлғасы (ДТС, 168) — «ежегейдің» түпкі төркіні түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ деуді қолайлайтын тәрізді.

**Ежелеу, ежелеп оқу.** 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» «ежіктеу» сөзі жөнінде талдау жасалған (71-б.). Сонда: «Бұл сөз ежіктеу, ежелеу болып Қазақстан территориясында екі вариантта қолданылады. Республикамыздың оңтүстік облыстарында «ежелеп оқу» болып айтылады делінген. Шынын айтсақ, бұл екі сөздің қолданылуы Қазақстанның қай өңірінде болса да бірдей, жарыса жүреді. Ешқайсысы өзіне территория меншіктемейді және бір мағынада, синоним есебінде айтылады. Қазіргі кездегі түсіндірме сөздігіміз арқылы да бұған көз жетеді. Онда: ежелеп оқу — сөзді әріпке, бірнеше бөлшекке бөліп, әрең оқу деген мағынаны түсіндіретіні айтылса, ал «ежіктеп оқу» тіркесіне де дәл осындай анықтама берілген.

«Ежіктеу» жөнінде әңгіме сәл кейін болмақ. Алдымен «ежелеудің» төркініне іздеу сала келгенде, оның түркі тілдеріне жүйесі басқа тілдерден ауысқандығын аңғару қиынға соқпайды. Мысалы, арабша: хаджи —

буындап оқу (Араб.-рус. сл., II, 1970, 1078), ал парсы тілінде: һәджа — буын (сөздегі) (Пер.-рус. сл., II, 1983, 713). Сондықтан да сөздің алғашқы төркіні не араб, не парсы тілі деп анықтай ажырата айту оңай емес. Бірақ түркі тілдеріне «ежелуе» сөзі осылардың бірінен ауысқандығы күмән тудырмайды. Сөйтіп, бұл деректер бойынша сөз төркіні араб не парсы тілі екен де, мағынасы жағынан «ежелеп оқу» дегеніміз «буындап оқумен» бірдей дей аламыз. «Қалима бұл күнде *ежелеп* хат таниды» (Б. Тоқтаров, Ертіс.).

**Ежіктеу, ежіктеп оқу.** «Көптесен оқушылар әлі де *ежіктеп*, буындап оқиды» («Қазақст. мұғ.»). «Ежіктеудің» қазіргі мағынасы «ежелуемен» мәндес екенін көрсеттік. 1966 жылғы сөздік бойынша, «ежіктеу» жоғарыдағы «ежелуедің» дыбыстық түрі әрі бұл да араб, парсы тілдерінен ауысқан деген пікір де айтылады.

Алайда кейбір тілдік деректер оның жүйесі басқа тілден түркі тілдеріне енген деген көзқарасты қолдамайды. Түркі, монғол тобындағы тілдер мәліметіне жүгінесек, «ежіктеу» солардың өзіне ежелден тән деуге болады. Мысалы, тува тілінде: үжүк — әріп, ал үжүклээр — әріпке бөліп оқу (Рус.-тув. сл., 1980, 55). Монғол тобындағы тілдерге келсек, «әріп» мағынасын монғолдарда «үсэг» (Мон.-каз. сөз., 1954), қалмақ тілінде — «үзг» тұлғалары ұғындырады (Рус.-қал. сл., 1964). Тува тіліне монғол тобындағы тілдерден ауысуы да ықтимал.

Тувалардағы «үжүк», монғол мен қалмақ тілдеріндегі «үсэг» не «үзг» тұлғалары қазақ тілінің заңдылығына бағына келіп, «ежік» қалпына дейін өзгеруі тіпті де ғажап құбылыс емес. Оның өзгеру жолы былайша көрінбек: үсэг > үжэг > үжүг > үжүк (тува тілінде) ежүк > ежік (қазақ тілінде) < ежік + те > ежікте + у > ежіктеу. Бұл топшылауымыз бойынша, «ежіктеп оқу» тіркесін түсініктірек етіп айтсақ: «әріптеп» немесе «әріпке бөліп оқу» мағынасын ұғындырмақ.

Сөз төркіні монғол тобындағы тілдер болар деуге себепші — тағы бір тілге тиек етерлік жайт — оларда (монғол, қалмақ тілдерінде) «оқу» («кітап оқу» дегендегі) мағынасын «унших» (монғол тілінде), «умшх» (қалмақша) дыбыстық құрамындағы сөздер береді. Егер осы тұлғаларды сол тілдердегі «әріп» мағынасын беретін «үсэг» не «үзг» сөздерінен дыбыс құрамы жағынан өте алшақ кетпейтінін ескерсек, оларды бір түбірден туындаған деуге де болады. Демек «әріп» пен «оқу» ма-

ғынасын беретін «үсэг» пен «унших» түбірлес болуы да мүмкін.

Езу. «Оң жақ *езуіне* тістеген сигардан ...түтін шығады» (К. Тоқаев, Тасқын.).

«Езу» ауыздың бір бөлігінің атауы екендігін айтып, түсінік беріп жату артық. Сөз төркіні — түркі тілдері және оның пайда болуы — ауыз төңірегіндегі басқа мүшелерге меншіктелген атаулардың әр кезде мағынасын өзгертіп, ауыстырып отыруынан деуге болады.

С. Е. Маловтың түркі тілдерін топтастыруы бойынша, якут тілі ең ертедегі, көне тілдер қатарына жатқызылған. Әңгімені осы тіл төңірегінен бастасақ, онда «ерін» мағынасын «уос» сөзі береді. (Рус.-як. сл., 1969). Бұл сөз якут тілінде «ауыз» мағынасын да береді. Бірақ бұл оның ауыса айтылудан туған қосымша мағынасы сияқты. Өйткені якуттарда біздегі «ауыз» мағынасын түсіндіруде «айах» сөзі жиі қолданылады. Осыған қарағанда «уос» сөзіне тұңғыш, алғашқы меншікті мағына — «ерін» болғандығын аңғарамыз.

Біздегі «ауыз» якуттардағы «уос» сөзінің дыбыстық әрі мағыналық өзгеріске душар болған түрі сияқты. «Уос» тұлғасының бізде «ауыз» қалпына дейін өзгеруі түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктеріне дәл келеді. Мысалы, якуттардағы «ағыс», «үүт» тұлғалары қазақ тіліндегі «сегіз», «сүт» мағыналарын береді. Өзгеріс жолы: уос > а + уос > ауұс > ауыс > ауыз. Бұл дыбыстық құрамдағы сөздің бірде «ауыз», кейде «ерін» мағыналарын беретіндігі ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен де белгілі: ағыз — ауыз; ауыспалы мағынасы — ерін (ДТС, 21).

Бұл келтірілген деректерден түркі, монғол тобындағы тілдерде «с» мен «з» дыбыстары бірін-бірі орын ауыстыра беруі заңға айналғандығын білеміз. Тіпті «з ~ р» болып та бірімен-бірі сәйкесіп келеді. Тілімізде «көз», «көр» (етістік) болуы немесе біздегі «қыз» сөзінің чуваштарда «хийр» болып тұлғалануы да «з» мен «р» дыбыстарының сәйкесе беретіндігіне дәлел бола алады. Осы қағида бойынша өте ертеректе «ауыз» мағынасын берген «уос» (якут тілі мәліметі бойынша) уақыт озып, қоғам дамуымен қоса, басқа түркі, монғол тілдерінде дыбыстық өзгеріске ұшырауы арқылы «уоз» одан әрі «уор» тұлғасына дейін жетіп, әр тілде ауыз немесе сонымен байланысты бөліктердің атаулары пайда болған сияқты жорамал айтуға да жол ашылады.

Монғол, қалмақ тілдерінде біздегі «ерін» мағынасын «уруул» (Қаз.-мон. сөз., 1977), «урл» (Рус.-кал. сл., 1964) тұлғалары берсе, тува тілінде біздегі дыбыстық құрамға сәйкес «эрин» (Рус.-тув. сл., 1980) сөзі береді. «Уруул», «урл», «эрин», «ерін» тұлғаларының әрқайсысының түбірі — «ур», «эр» және дыбыс сәйкестігі заңдылығына байланысты «уос» тұлғасынан шыққан. Түбір соңындағы қосымшалардың -ул, -л, -ан, -ін болып келуі осы тілдерге тән л~н дыбыс сәйкестігінің нәтижесі. Сөйтіп, «ерін» мен «ауыз» сөздерінің арғы тегі бір деп қарауға тура келеді.

Енді «езуге» келетін болсақ, мұны тек «еріннің» дыбыстық өзгеріске түскен түрі деп қана айта аламыз. Мұнда «з» мен «р» арасындағы кері сәйкестікке кез болып отырмыз. Бұл пікір ой ұшқырлығын арқаланудан туған емес, кейбір тілдік деректерге негізделген. Мысалы, тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдерде: he-зун — ерін (ССТМЯ, II, 1977, 360) деген мағынада қолданылады. Осыған қарағанда біздегі «ерін» сөзі «езу» дыбыстық құрамына дейін өзгеріп, «ауыздың екі жақ шеті» дегенді білдіретін жаңа мағына иеленуіне мүмкіндік алған. «Ерін» сөзінің «езу» тұлғасына айналуы біздегі ерекшелік — соңғы -н қосымшасы түсірілген. Ал тунгус-маньчжур тілдерінде ол сақтала отырып, түбір алдына «h» дыбысы қосылған.

Қорыта айтқанда, қазіргі қолданылып жүрген «ерін», «ауыз», «езу» — бүгінгі таңда мағыналары мен тұлғасы әр түрлі бола тұрса да, ең алғаш, өте ерте кездерде бір түбірден, сондай-ақ бір мағынадан өрбіген деуге тура келеді.

**Еліктеу.** Түсіндірме сөздігімізде — біреудің жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне т. б. ұқсауға тырысу, сондай болғысы келу... сияқты мағыналарда қолданылатыны көрсетілген. «Сізге *еліктеп* көзілдірік киіп алыпты, мұрт қойыпты, жаман неме (С. Адамбеков. Қожанасыр.) (КТТС).

Сөз тәркіні түркі тілдері екендігі және алғашқы мағынасы басқаша болғандығына мына түркі тілдері деректері куә болғандай. Якут тілінде: элэк — мазақ; элэк-тээ — біреуді мазақ, келеке қылу (Як.-рус. сл., 1972); телеуит тілінде де «елікте» сөзі — мазақ ету, келеке қылу мағынасын береді (В. Рад., Опыт..., I, I, 818).

Тіпті М. Қашқари сөздігінің өзінде «елүк» тұлғасы «әзіл», «келеке» мағыналарында көрінеді (ДТС, 171).

Демек, біздегі қазіргі мағынасы сәл өзгеріске түскен, ауыспалы мағынасы екен.

**Емеурін.** «Тіке айтпаса да, *емеурінен* белгілі» (З. Шашкин, Тоқаш Бокін). Мысал ішіндегі «емеурін» мағынасын — мақсат, ниетті аңғартатын тұспал сөз, бет-ауыздың қимылы, ишара деп түсінуге болады.

Ниет, ойды айтып жеткізбей-ақ сездіру көп жағдайда бет-ауыз қимылы арқылы болатыны белгілі. Оны, әсіресе, ауыз қимылы аңғартатынын еске алсақ, сөз төркінін іздеп табуға көмектесері анық. Осыған орайлас якут тілінен мынадай деректі ұшыратамыз: эмэрэйдэн — ерін шығару легенді ұғындырса, бұл етістік түбірі «ерін» мағынасын беретін «эмэрэй» сөзінің туындысы екендігін байқаймыз (Э. Пе. СЯЯ, I, 1958, 253). Бұл жерде түркі тілдерінде «ерін» мағынасында қолданылатын тағы бір дыбыстық құрамдағы сөзге кездесіп отырамыз. Мұның өзі басқа бір тілдік деректерде кездеспей, тек якут тілінде ғана кездесе, кездейсоқ құбылыс болар дер едік. Дәл осыған сәйкес тұлғаны және «ерін» мағынасын беретін сөзді тунгус-маньчжур тобына жататын тілдердің бәрінен кездестіреміз: нэмун — ерін (ССТМЯ, II, 1977, 365) мағынасын береді. Егер дыбыс сәйкестіктері мен «р» — дыбысының тұрақсыздығын еске алсақ, мынадай схемаға жол береміз: эмэрэй > нэмэрэй > нэмэ(р)эй > нэмээ(й) > нэмэ + н > нэмэн > нэмун. Мұның өзі «р» дыбысы түсірілмеген «ерін» — мен тұлғалас екендігі байқалады.

Осы топшылау негізінен алып қарағанда, «емеурінен белгілі» тіркесі — «ернінен белгілі» деген ұғымды аңғартпақ.

**Емін, емін-еркін.** Қос сөз қалпындағы мағынасы — ешбір қағажу көрмеу, бетімен, қалауынша сияқты ұғымда көрінеді. «Ыдырыс келіп, столдың бір шетіне *емін-еркін* жантайды» (С. Шарипов, Шығ.). (ҚТТС).

Қос сөздің екінші сыңары — «еркін» сөзінің төркіні жұмбақ емес, бізге бірінші сыңары — «емін» тұлғасының сырын білу қажет.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде тұлғасы осыған сәйкес «эмін» сөзі ұшырасады да, мағынасы — сенімді, батыл деп түсіндіріледі және араб тілінен ауысқандығы белгіленген (ДТС, 75). Осыған алданып, төркіні араб тілі деуге, екінші бір тіл дерегі ырық бермейді әрі осы соңғы мәлімет дұрысырақ болар деген ойға тоқталғандаймыз.

Тува тілінде: «эмнн эрттир» тіркесі біздегі «аса, өте, тіпті» сияқты үстеулер мағынасында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 638, 642). Қазақ тіліндегідей тұлғада, қос сөз қалпында (эмнн-эркнн) түркі тілдері ішінен қырғыз тілінен табамыз (К. Юд. КРС, 1965, 952). Осы деректерге қарағанда «эмнн эрттир» тіркесі түркі тілдерінде ертеден бар тіркес болса керек. Бері келе қырғыз, қазақ тілдерінде соңғы тіркес түсіріліп, оның орнына сонымен үндес «еркін» сөзі қосарлану нәтижесінде осы кездегі мағынаға, анығырақ айтқанда «өте еркін» түсінігін беретін болса керек.

**Еміс-еміс.** Бұл қос сөздің «алдыр-бұлдыр, шала-пұла, сәл-пәл» іспеттес мағына беретіндігі бәрімізге мәлім. «Ақыл-есі де әлсіреп, есін *еміс-еміс* білетін халге жеткен» (С. Алдабергенов, Асу.).

Бізге қос сөз қалпында жеткен бұл тұлға өз алдына, дербес мағыналы сөз болғанын және төркіні түркі тілдерінен екенін тек осы кездегі кейбір, тіл деректері арқылы ажыратып, анықтауға болады. Мысалы, тува тілінде етістік қалпында, «имнстелир» тұлғасында көрініп, біздегі «жылт-жылт», «жыпылықтау» мағыналарын береді (Рус.-тув. сл., 1980, 252). Тува тіліндегі түбір «имис», қазақ тілінде «еміс» дыбыстық құрамында сақтала отырып, қос сөз дәрежесінде қалыптасқан.

**Ен, ен байлық.** Бұдан біз көл-көсір, ағыл-тегіл, мол мағыналарын түсінеміз. «Есенейдің *ен дәулеті* шалқып тұрған шақта...» (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз) (ҚТТС). Мысалда көрінгендей, «ен» сөзі тек «байлықпен» ғана тіркеспей, басқа да молшылық мағынасын беретін сөздермен де қосылып келе береді екен. Бізге дәл қазір «байлық», «дәулет» сияқты сөздердің алдында келетін «ен» тұлғасының алғашқы мағынасын, төркінін табу қажет.

Сөз төркінін түркі, әрі кетсе монғол тобындағы тілдерден табамыз. 1954 жылғы монғолша-қазақша сөздікте: энх — тыныш, бейбіт, ал 1977 жылғы қазақша-монғолша сөздікте: энх — дарқан мағыналарында көрінеді. Осы соңғы «энх» мағынасы жағынан «байлық» сөзімен тіркесуге лайықты. Қазақ тілінде сөздің тек «эн» түбірі ғана қабылданған. Сонда, ен байлық, ен дәулет деген «дарқан байлық», «дарқан дәулет» тіркестерімен, мағынасы жағынан бара-бар екендігі байқалады.

**Ен, ен дала.** Қазіргі мағынасы — жалпақ, кең-бай-

тақ, шалқар, кең. «... *ен далада* өмір сүрген қазақ та тіршіліктің талай тәсілдерін білген» (Ғ. Мұстафин, Дауыл.) (ҚТТС).

Мұндағы «ен» сөзі қазіргі тілімізде тек «даламен» ғана тіркесуге қалыптасқан.

«Ен» тұлғасының алғашқы мағынасы қазіргі бізге белгілі мағынадан өзгеше болғанын басқа түркі тілдерінің дерегі анықтап береді. Қырғыз тілінде «ээн» сөзінің «шөл», «елсіз», «оңаша», «несіз» мағыналарын көрсек (К. Юд. ҚРС, 1965, 972), хакас тілінде де «эн» дәл осы мағынада (Хак.-рус. сл., 1953), тува тілінде «несіз», «елсіз» іспеттес мағыналарда ұшыратамыз (Рус.-тув. сл., 1980, 45, 291). Әрине, мұның бәрі даланың адам мекендемей тұрғандағы анықтауышы болса керек. Ал адам қоныстана бастағаннан кейін «эн» сөзі сол даланың кеңдігі, жалпақтығын анықтайтын мағынаға ие болғандығын қазақ тілінен келтірілген мысалдан көріп отырымыз.

**Ентелеу.** «Жадыра жеңгей азырақ елегізгендей *ентелей* басып, тысқа шықты» (С. Талжанов, Сейфулла.). «Жұрт Мырзашты жан-жақтан *ентелей* қамай түсті») (Ерубәев). Екі сөйлемде де «ентелеу» сөзінің түсіндірме сөздіктерде берілген мағыналарына сәйкестік көрінеді. Біріншідегіні — «ұмтыла басты», екінші сөйлемдегіні — «киіп-жарып қамай түсті» деп өзгертсек те, мағынаға нұқсан келмейтіні байқалады. Демек, «ентелеу» дегенде «ұмтылу, кеуделеу, киіп-жару» мағынасын түсінеміз.

Ал шынына келсек, «ентелеу» етістігінің алғашқы тұлғасы бір буынды, ал мағынасы басқаша болғандығы кейбір түркі тілінің дерегі арқылы анықтала түседі. Якут тілінде «ын» сөзі «жақын келу», «жанаса жақындау» мағыналарын иемденеді (Як.-рус. сл., 1972, 526).

«Ын» түбірінің қазақ тілінде «ен» қалпына дейін дыбыстық өзгеріске түсуі, түркі тілдеріндегі тіл заңдылықтарын ескерсек, таңдандырмаса керек. Ал мағына өзгерісі бір тілдің өзінде де бола береді. Якут тілінде дәл осы түбір арқылы жасалған туынды сөздер «кеуделеу», «өзеуреу» сияқты мағыналарды да ұғындырады. Қазіргі тілімізде осы іспеттес мағына беретінін жоғарыда келтірдік.

«Ентелеу» сөзінің пайда болу кестесі былай болмақ: ын > ен + те > енте > енте + ле > ентеле + у > ентелеу.



**Еңсеру.** Бүгінгі кезде қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы апырып-жапыру, ойсырату, бар күшін салу, тындыру. «Табақтағы еттің жартысын *еңсеріп* барып, Қарасай тағы да үн қатты» (С. Жүнісов, Жапанда.) (ҚТТС).

Сөз төркіні түркі тобындағы тілдерден. Мысалы, қырғыз тілінде: эншер — азайту, кеміту (К. Юд. КРС, 1965, 956). Әлі де мұны біз «еңсеру» сөзінің алғашқы мағынасы дей алмаймыз. Бірақ белгілі бір іс-әрекеттің нәтижесінен туған, ауыспалы мағына деуге тұрады. Бұл ойға себеп — тағы бір түркі тілінің дерегі. Якуттарда «иңсэ» сөзі «ашқарақ», «қомағай» мағыналарын мезгесе, осыдан туындаған «иңсэр» етістігі «қомағайлану», «ашқарақтану» сияқты ұғымдар береді (Як.-рус. сл., 1972, 153). Қомағайлық, ашқарақтықпен қаруланған адам не нәрсені болса да, ойсырата азайтып, кемітетінін есімізге алсақ, қырғыз тіліндегі «эншер» етістігінің мағынасы сондай іс-әрекет салдары екендігін теріске шығару қиын. Ашқарақ, қомағай адамға біткен тағы бір қасиет жан-жағына жалақтап қарау болса, мұндай мағынаны берерлік сөзді ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен табуға болады: іңес: іңес кіші — жан-жағына жалақтап қарайтын адам (ДТС, 1969, 211).

Осыларды жинақтап қорыта келгенде «еңсеру» сөзінің алғашқы тұлғасы «еңсе», ал тұңғыш мағынасы «қомағайлық, ашқарақтық» деп топшылауға болатын тәрізді.

**Еңлік.** Опа-далап орнына қолданылатын тамырлы шөп. Түсіндірме сөздігіміздегі мағынасы осылай түсіндірілген. «Тастақ беткейлерде түкті, аласа *еңлік* те көп кездеседі» (Б. Мұханов, Қазақст. өсімдік.).

Қазақтарда «еңлік» өсімдіктен басқа адамға, әсіресе, қыздарға тән есім екендігін ескерте кетеміз (мыс., Еңлік-Кебек дастанындағы). Қыздарға бұл есім өсімдіктің әсерлі, әдемі бояуымен байланыстырыла қойылуы мүмкін.

«Еңлік» сөзінің төркінін, дәлірек айтқанда, түпкі түбірі мен тұңғыш мағынасын тек түркі тілдерінің өздерінен ғана табамыз. Сөздің түбірі ежелден-ақ бір буынды болғандығын ертедегі түркі жазба ескерткіштерін былай қойғанда, қазіргі түркі тілдерінің деректері де анықтай алады. Кұмық тілінде: энг — бет; кызыл энгли — кызыл бетті (Кум.-рус. сл., 1969); якутша: иң — 1. бет; 2. беттің қызылы деген екі мағынада көрінеді (Як.-рус.

сл., М., 1972, 152). Өткен ғасырдағы кейбір сөздіктерде де осы іспеттес мағыналарды кездестіреміз: ингь (шағатайша) — бет; ингьлік (Қазан татарларында) — далап, бояу (Л. Буд., Срав., I, 1869, 103). Осы соңғы сөздіктегі тұлға мен мағынаны ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен де табамыз: Ең — бет, жақ; еңлік — далап (ДТС, 1969, 174, 175).

Келтірілген тілдік деректерден байқайтынымыз — өсімдік аты — еңлік адамның бетіне байланысты туғандығы. Анығырақ айтқанда, өсімдіктің қызыл бояу шығарып, ертеде ол бояуды бетке жағу үшін қолданылудан бет мағынасын беретін «ең» тұлғасына -лік қосымшасының жалғауынан өсімдік аты пайда болған. Демек, қазіргі күнге сәйкес түсініктірек қазақшаласақ «еңлік» дегеніміз «беттік» болмақ.

**Ептеп-септеу.** Қазіргі кездегі мағынасы — о ғып-бұ ғып, өйтіп-бүйтіп, амалдап, аз-аздап: «Бір жыл *ептеп-септеп* шыдап көрейін» деген оймен жүрген еді» («Лен. жас») (ҚТТС).

Қос сөздің алғашқы сыңары «ептеп» (ептеу) тілімізде өз алдына, жеке тұрып та қолданыла береді. Мағынасы да баршаға мәлім (байқау, абайлау дегендерді білдіреді). Алайда оның алғашқы мағынасы басқаша болғандығын басқа түркі тілдерінің деректері анықтай түседі. Қырғыз тілінде «эпте» тұлғасы «желімдеу» «жалғау», «жөндеу» (К. Юд. КРС, 1965, 958), ал якутша «эп» сөзі «қосу», «үстей түсу» (Як.-рус. сл., 1972, 542) тәрізді мағыналарды береді. Біздің ойымызша, «ептеп» сөзінің алғашқы мағынасы осы тілдердегідей «жамау-жасқау», «жөндеу» болса керек. Бұған қарағанда қос сөздің төркіні түркі тілдеріне тәндігі байқалады.

Қос сөздің екінші сыңары — «септеу» төркіні жөнінде 1966 жылғы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» пікір айтылған (173-бет). Бұл сөз төркіні жөнінде әңгіме қозғаған автордың пікірі шындықтан алшақ емес. Тува тілінде «жөндеу» мағынасын «септээр» сөзі беретіндігі де рас. Дегенмен мына бір деректі де еске сала кету міндет сияқты. Хакас тілінде: сипсет — сақтау, қорғау (Хак.-рус. сл., 1953, 187) тәрізді мағыналарды береді. Осы деректі еске алып, «септеп» тұлғасының алғашқы мағынасын сақтау, қорғау болмады ма екен деген де ой келеді.

Егер «септеп» жөнінде алғашқы автор пікірін қостасақ, «ептеп-септеудің» қазіргі мағынасы «жалғау», «жа-

мау» сөздерінің қайталамасы болмақ. Ал біздің жорамалымыз бойынша, «сентеп-сентеп» қос сөзінің мағынасы «жамап-жасқап сақтау» дегенді аңғартпақ. Ойға салсақ, жамап-жасқау, жөндеу арқылы ғана белгілі бір затты, нәрсені сақтап қалу мүмкіндігі болмақ.

Екі жорамалдың қайсысын қалағысы келеді, ол оқырмандар еркі.

**Ербендеу.** Сөз мағынасы — ербен қағу, ербең-ербең ету, шошандау. «Дәуғара жалаң бас, екі қолы *ербеңдеп*, бұларға қарай жүгіріп келеді екен» (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке) (ҚТТС). Түсіндірме сөздігімізде кездесетін «ербию» сөзінің де мағынасы «ербендеу» тұлғасымен сәйкес келеді.

Сөз төркінін іздестіргенде еске алатын нәрсе — түсіндірме сөздіктерде берілген анықтамалар ішіндегі «шошандау», «селтендеу» сөздерінің мағынасы. Осы мағыналарды кеңірек түсіндірсек — «бір жерде байыз таппай, ұшып-қону». Кейбір түркі тілдерінде, одан әрі барсақ, монғол тілінде қаснеті мен іс-әрекеті дәл осы мағынаға сәйкес жәндік атауын ұшыратамыз. Ол — көбелек. «Көбелекті» сағай тілінде «ербән» (В. Рад. Опыт..., I, 1, стр. 860); хакас тілінде «өрбекей» (Хак.-рус. сл., 1953, 136); монғолша «эрвээхий» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 383); қалмақ тілінде «эрвәкә» (Рус.-қал. сл., 1964, 28) тұлғаларында көрінеді.

Адамда кездесетін «жеңілтектік», «шошандау» сияқты мінездер «өрбән» (көбелек) атауымен байланысты туса керек. Алайда, көбелекке қойылған бұл атаудың (ербән) өзі іс-қимылды ұғындыратын етістік тұлғадан шығуы да мүмкін. Өйткені монғол тілінде «жалп ету», «жалпылдау» мағынасын «эрвән» тұлғасы береді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 382).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «ирви» тұлғасы — «сүйір құлақ» (ДТС.; 213), сондай-ақ якут тілінде — «эрбэй» сөзі — «жан-жаққа сорайып шығып тұру» іспеттес мағыналарды береді (Як.-рус. сл., 1972, 543). Біздің ойымызша, бұл сөздер көбелек қанатына ұқсатудан, бейнелеу нәтижесінен туған сияқты.

Көрсетілген деректерге сүйене келіп, «ербендеу» етістігінің алғашқы төркіні түркі, монғол тобындағы тілдер екен де, тұңғыш түбірі — эрвән, мағынасы — «жалпылдау» деген қорытынды жасауға болатын тәрізді.

**Ер жету.** Есею, азамат болу, үлкею мағыналарында

қолданылатын сөз тіркесі екендігі жұмбақ емес. «*Ер жеткен, жігіт болған баласы бар*» (Ел аузынан).

Қазіргі тілімізде екі сөзден қалыптасқан тұрақты тіркес сияқты көрінгенмен сөз төркінін іздестіре келгенде алғаш бір сөз ғана болғандығына көз жеткізу қиынға соқпайды.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен мынаны оқымыз: «ерэт» немесе «ерэдз» тұлғалары «еркек қалпын игеру, ерлерге ұқсау» (ДТС, 176). Қазіргі біздің түсінігіміздегі «азамат болу» сияқты тіркес те көрсетілген мағыналардан онша алшақ кетпейді. Ескерткіштегі «ерэт» немесе қазіргі қолданылуымыздағы «ер жет» тіркесінің қайсысы да тек ер балалардың үлкейіп, есеюіне арналған. Дәл осы мағына жағына табан тірей отырып, бүгінгі қолданылып жүрген «ер жет» тіркесінің төркіні «ерэт» деуімізге толық мүмкіндік бар. Оның тіркес болып қалыптасуы қазақ тілі заңдылығынан туған: ерэт > арйэт > ернет > ержет > ер жет + у > ер жету. Жазба ескерткіштегі тұлғаға жақын дыбыстық құрам тува тілінде сақталған: элээди (Рус.-тув. сл., 1980, 69). Мұнда тек л ~ р дыбыс сәйкестігі ғана байқалады (ерэт > элээди). Ал монғол тілінде біздегідей сөз тіркесіне айналған: эрийн цээнд хурэх (Қаз.-мон. сөз., 1977, 99).

**Ермек.** Алданыш, жұбаныш, серік мағыналарында қолданылады. «Бұл екі әйелге *ермек*, жұбаныш боп отырған жас қыз» (М. Әуезов, Танд. шығ.) (ҚТТС).

Басқа түркі тілдерінде де осы тұлғалас сөздер кездесіп, бірақ мағына жағынан өзгеше болып келеді. Телеуіт, алтай тілдерінде, сондай-ақ шағатайдың кітаби тілінде «эрмэк» сөзі қазіргі кезде біздегі «әңгіме», «сөз» мағыналарында қолданылады және қолданылған (В. Рад., Опыт..., I, I, 801). Қазіргі түркі халықтарының бірі туба-кижилерде де «эрмек» — әңгіме, сөз, хабар т. б. мағыналарды ұғындырады (Н. Бас. ДЧТ, стр. 170).

Мына келтірілген және қазақ тіліндегі «ермек» сөзінің мағынасы — туынды мағына деп шамалаймыз. Өйткені, тіліміздегі алданыш, жұбаныш сияқты мағыналар көп жағдайда әңгіме, сөзден туындап отырады. Ал әңгіме мен сөз — болмыс пен тұрмыстың көрінісі. Олай болса, «ермек» сөзінің тұңғыш мағынасы «болмыс», «тұрмыс» сияқтыларды ұғындыру үшін қолданылған. Біз бұл ойымызды ертедегі түркі жазба ескерткіштері дерегіне сүйеніп айтып отырмыз. Онда «ермек» сөзінің мағынасы — «болмыс», «тұрмыс» (ДТС, 180).

Осы тұста еске салатын нәрсе — сөздердің дыбыстық құрамы мен мағынасы үнемі қатар, жарыса, байланыса өзгеріске түсе бермейді екен. Тарихта қоғам дамуымен бірге кейбір сөздердің мағынасы өзгерсе де дыбыстық құрамы сол қалпында қала беретіндігі «ермек» сөзін талдағанда байқалады. Бұған керісінше, дыбыстық құрамын жаңартып, тұлғасын өзгертсе де, енді біреулері мағынасын сақтап қала беретін жағдайлар да ұшырасып отырады. Мұндай құбылысқа мысалдар кейінгі жазылған жолдардан талай рет кездеспек.

**Есінеу.** Қазіргі түсінігімізде — шаршағанда не ұйқы келгенде ауызды кең ашып, ішке тартылған ауаны бірден сыртқа серпіп шығару. «Сабира бір-екі *есінеді* де, аздан кейін қайта ұйықтады» (Т. Ахтанов, Боран.) (ҚТТС).

Түсіндірме сөздігімізде «есінеу» сөзінің мағынасына арналған сөйлемнің соңғы бөлімі — «ауаны бірден сыртқа серпіп шығару» дегенге назар аударсақ, «үрлеу» сөзінің синонимі екендігі аңғарылады.

Шын мәнінде де «есіне» етістігінің алғашқы мағынасы түркі тілдерінде «үрлеу» дегенді ұғындырғанын ертедегі түркі жазба ескерткіштер дерегі анықтайды: еснә — үрлеу (ДТС, 184). Осы алғашқы мағына тува сияқты түркі тілдерінде осы кезге дейін сақталған: ажынар — үрлеу (Рус.-тув. сл., 1980, 148). Соңғы сөздегі дыбыс ерекшеліктері түркі тілдеріне тән дыбыс сәйкестіктері заңдылығынан, дәлірек айтсақ, е ~ а, с ~ ж дыбыстарының өзара алмасуларынан туған.

Ертедегі түркі тілдерінде сөз түбірі «ес» екендігі және осы түбірдің өзі-ақ қазіргі тіліміздегі «үрлеу» мағынасын бере алғандығы да сол кездегі жазба ескерткіштерден көрінеді. Байқауымызша осы түбірге -ін жұрнағының қосылуы арқылы сол кездерде «жел» мағынасын берген «есін» сөзі де пайда болған сияқты. Ескерткіштердің бірінде «жел соқты» немесе «жел үрледі» дегенді «есін есді» тіркесі арқылы берілгендігін білеміз (ДТС, 183).

Сөйтіп, қазіргі қолданылып жүрген «есіне» сөзіміздің ертедегі мағынасы — «үрлеу» дегенмен барабар екен.

**Етене.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — тым жақын, бірге өсіп, біте қайнаған. «Нұрғайша бұрын көрмеген, білмеген туыстарды атам заманнан *етене* адамдай қарсы алды» (ҚТТС).

«Етене» сөзінің тілімізде қазіргі қолданылып жүрген, дәлірек айтқанда, түсіндірме сөздіктегі мағынасы — кейін пайда болған туыпды мағына болса керек.

Сөз төркіні парсы тілі болар дерлік те дерек жоқ емес: этэна — көңіл, ықылас, назар аудару, қамқорлық мағыналарында қолданылады (Пер.-рус. сл., 1983, 98). Бірақ қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерін тізіп берген Н. Оңдасынов, Е. Бекмұхаметов кітаптарынан дәл осы тұлғалас әрі мәндес сөзді кездестірмедік. «Етене» сөзін парсы тілінен ауысқан деуге болмайтындығына бұл бір дәлел болса, екіншіден, парсы тіліндегідей мағынада және тұлғасы жағына ұқсас сөзді ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен ұшыратамыз әрі онда араб не парсы тілінен ауысқан деген белгі де жоқ. Онда едзлә — 1. көңіл көрсету, қамқорлық жасау (ДТС, 165) мағынасында көрінеді. Мұның тіліміздегі «етенеден» тұлға жағынан айырмасы — «т» орнына «дз» аффрикатының қолданылуы мен «н» дыбысының «л» қалпында қолданылуы. Бұлар түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері заңдылығынан оқшау тұрған жоқ. Ал мағына өзгерісі қоғам дамуымен туған құбылыс. Қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы алғашқыдан онша алшақ кетпегендігін байқау қиын емес. Ойға салсақ, адамдар арасындағы тым жақын қатынас, олардың біріне-бірі көңіл бөліп, қамқорлық жасауынан пайда болатындығы анықтала түседі.

Осыларды еске ала келгенде «етене» сөзі ежелден түркі тілдеріне тән болса керек, ал парсы тіліне солардан ауысуы мүмкін деген жорамал жасауға болады.

**Етік.** Бұл сөзді естісек, былғары не резина сияқты материалдардан жасалған қонышты аяқ киімді еске аламыз. «Жыртық етік киіп жүріп ер жеттім...» (Т. Молдағалиев, Шақыр.) (ҚТТС).

Сөз тарихы қоғам тарихымен байланысты өрбіп отыратындығына кепіл боларлық тағы бір дерек «етік» сөзінен де көрінбек. «Етіктің» төркіні — түркі тілдері, әрі кетсе, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер екендігіне күмән-күдік жоқ.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде, әсіресе, М. Қашқари сөздігінде «кет» тұлғалы сөз қазіргі тіліміздегі «киіну» мағынасын меншіктенген. Ал біздегі «киім» мағынасын ол кезде «тон» сөзі ұғындырған (ДТС, 303). Түркі тілдеріне тән осы бір ежелгі тіл дерегін қазіргі кездегі тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кө-

бінде кездесетін «тэт» тұлғасымен салыстырғанда, оларда да бұл сөз (тэт) біздегі киіну мағынасында қолданылады (ССТМЯ, II, 241). Бұл салыстырудан екі топтағы тілдер арасындағы к~т дыбыс сәйкестігі заңдылығын көріп отырмыз. Егер М. Қашқари сөздігінде «киіну» мағынасын беретін сөз «кет» тұлғасында көрінсе, ал басқа түркі жазба ескерткіштерінде оны («киіну» мағынасын) «кед», «кедз», «кей», «ки» дыбыстық құрамдарда да ұшыратамыз (ДТС, 292, 294, 305). Бұдан, алғашқы «кет» тұлғасының дыбыстық құрамы өзгере отырып, қазіргі кездегі «кию» етістігіне жеткендігін байқаймыз. Тағы бір сезінетініміз — ертедегі сөз дыбыстық құрамын ғана құбылтып қана қоймай, мағынасын да өзгертетіндігі. Мысалы, «кед» түбіріне -им жұрнағы жалғанып, «кедим» қалпына жетіп, қазіргі кездегі «киім» мағынасын меншіктенген (ДТС, 293).

Сөздегі дыбыс құрамындағы өзгеріс мұнымен тоқтамай, кейде басқы дыбыс түсіріліп те «киім» мағынасын беретін жағдайға да жетеді. Мысалы, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында: этик — киім (ССТМЯ, II, 469) деген мағына береді. Өзгеріс жолы: кэт > (к) эт > эт + ик > этик. Ал түркі тілдерінде басқы дыбыс түсірілумен бірге жалпы мағынадан дараланып, киімнің белгілі бір түріне атау бола бастағанын көреміз: этик — теріден жасалған жұмсақ аяқ киім (ДТС, 187). Қазіргі түркі тілдерінде, әсіресе, хакас тілінде «өдік» болып тұлғаланып, тек қана «аяқ киім» деген жалпы атауды береді (Хак.-рус. сл., 1953, 133). Басқа түркі тілдерінде «аяқ киім» мағынасын беретін осы «етик», «өдік» тұлғалары қазақ тілінде «етік» дыбыстық құрамында көрінуімен қоса, мағынасын да өзгертіп, даралану нәтижесінде аяқ киімнің бір ғана түрін меншіктенуге дейін жеткен дей аламыз. Егер схемамен көрсетсек, өзгеріс жолы былай болмақ: кет//кед (мағынасы — киіну) кед + им > кедим > (к) едим (киім) > едим > ед(им) > ед + ик > едик//өдік (аяқ киім) > етік (қазақ тілінде — аяқ киімнің бір түрі).

Қазақстанның батысында кездесетін «ату» (мәсі мағынасындағы) сөзін де, «етіктің» дыбыстық өзгеріске түскен түрі деуге болады (Ә. Нұр. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні, 1985, 12).



**Жабағы.** Қазақ тілінде бұл сөздің өзі екі түрлі мағынада қолданылады: 1) 6 ай мен 1 жас аралығындағы жылқы төлі; 2) қой, түйе малының көктемде ұйысқан қысқы жүні. Түсіндірме сөздігімізде осы ұғымдарға келтірілген мысалдар: «Жұнттай жабағылар, арда емген тайлар да болатын (М. Әуезов, Шығ.); «...жабағысын қырқып жатыр» (Б. Майлин, Шығ.).

Осы екі мағына ішіндегі біздің назар аударғалы отырғанымыз алғашқысы. 5—6 ай шамасындағы құлынды «жабағы» дыбыстық қалпында атау қырғыз тілінде кездеседі (К. Юд. КРС, 208). Дәл осыған жуық дыбыстық құрамда, біздегі мағынасында якут, тува тілдерінен де ұшыратамыз: якутша — убаһа (Рус.-як. сл., 156), тува тілінде сарбаа (бір жасар құлын) (Тув.-рус. сл., 154). Бұлардағы сәл-кем дыбыс ауытқушылықтарын түркі тілдеріндегі заңдылықтармен дәлелдеп жату артық. Енді бір түркі тілінде, дәлірек айтсақ, туба-кижилерде «дъабаа» немесе «дъава» тұлғаларындағы сөз біздегі «құлын» мағынасында қолданылады (Н. Бас., ДЧТ., 112). Мұндағы айырмашылық біздегі «ж» дыбысы орнына «дь» қолданылған (мысалы, бұл тілде біздегі «жақ» — дъаак дыбыстық құрамда көрінеді). Бұл тілде, аз да болса, мағына өзгешелігінің бар екендігі байқалады.

Аталып отырған, «жабағы» сөзіне сәйкес тұлғаны монғол тілінен де табамыз. Онда: «даага» сөзі қазақ тіліндегі «тай» мағынасын береді. Осы дерекке зер салсақ, «жабағы» сөзінің түпкі төркіні монғол тілі болып, ол кейін кейбір түркі тілдеріне ауысқанда бірінде — жылқы төлінің құлын мен тай аралығындағы жас мөлшерін білдіретін, ал екіншісінде — құлын мағынасын аңғартарлық өзгерістерге түскендігі сезіледі. Бұл сөз тарихының бір жағы. Осы атаудың тууына себеп болған тағы бір сөз болуы мүмкін. Біздің байқауымызша, оның пайда болуы, біз жоғарыда көрсеткен, «жабағы» сөзінің екінші мағынасы — көктемдегі жүнмен байланысты болса керек. Әсіресе, жазда туған жылқы төлінің қысты басынан өткізіп, келесі көктемде үстіндегі ескі түгін тастап, қайта түлеп, жұнттай болатыны мәлім құбылыс. Ал ескі жүннің «жабағы» аталатыны тек бізде емес, қырғыз тілінде де бар: жабағы — көктемдегі қой жүні (түлеуге тиісті); даакы — әлі түлмеген көктемдегі жүн (К. Юд.

ҚРС, 208, 179). Соңғы сөз, қырғыз тілінде көбіне жылқы төліне қолданылатындығы байқалады және оны монғол тілінен ауысқан деуге болады. Монғолдарда «даахь» сөзі біздегі «жабағы» мағынасын ұғындырады (Қаз.-мон. сөз., 104).

Монғол тілін былай қойғанда, түркі тілдерінің өзінде-ақ, «жабағы» тұлғалас сөздің «жүн» мағынасын бергендігіне тілдік деректер жоқ емес. Мысалы, В. Радлов сөздігінен мынаны оқимыз: йапак — жүн. Осы сөздің екінші мағынасы — «енесін еметіп құлын» мағынасына нұсқайды. (В. Рад., Опыт..., III, I, 261).

Қорыта айтқанда, қазір бізде қолданылып жүрген «жабағы» (жылқы төлімен байланысты) сөзінің төркіні монғол тіл де, ал ол тілдің өзінде «тай» мағынасын беретін «даага» тұлғасы жүн түріне берілген «даахь» сөзінен өрбіген деуге тура келеді. Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне «даага» ауысып, алғаш біздегі «тай» сөзімен жарыса қолданылған да, кейін келе мағынасына қосымша реңк берілу нәтижесінде жылқы төлінің 6 айдан 1 жасқа дейінгі жас мөлшерінің атауы болып қалыптасқан. Ал дыбыстық тұрғыдан «даага» тұлғасының «жабағыға» дейін өзгеруі тіл заңдылығына қайшы келмейді (даага > жаага > жа(б)ага > жабага > жабағы).

**Жабы.** Түсіндірме сөздігіміздің анықтамасы бойынша, бұл сөз «қазақ жылқысының байырғы қарабайыр тұқымы» деген мағынаға ие. Сөздікте келтірілген мысал: «Жалы бар деп *жабыдан* айғыр салма» (мақал). Мақалдағы «жабы» — жылқы тұқымының бұл түрін онша мақтап тұрған жоқ. Осыны және кейбір түркі тілдерінің дерегін тілге тиек етсек, сөз төркінін жүйесі басқа тілдерден іздестірудің қажеті жоқ сияқты. Алтай, телеуіт тілдерінде: йабы — жүдеген, арықтаған, жарамсыз, ал Қазан татарлары, қырғыз және Барабин татарларында: йабык — арықтау, жүдеу, әлсіздену деген мағыналарды береді (В. Рад. Опыт..., III, 1, 279). «Йабы» және «йабык» сөздерінің қай-қайсысы да дыбыстық құрамы жағынан тіліміздегі «жабы» тұлғасына жақын келетіндігі даусыз. Егер жылқы тұқымының бұл түрінің онша реңді бола бермейтінін еске алсақ, «жарамсыз» сияқты мағынадан да алшақ кетпейді. Осы деректерді ойға алсақ, «жабы»-ны «йабы» сөзінің дыбыстық түрі деп қарап, оның төркінін түркі тілдері деу де орынды сияқты.

Алайда, іздестіре түскенде жүйесі басқа тілдің дерегіне тап боламыз. Онда бұл сөз үшемі жылқы сөзімен тіркесте көрінеді. Парсы тілінде: йабу — 1. Жүк артатын, жүк таситын жылқы; 2. тұқымы нашар, көтерем, арық ат (Пер.-рус. сл., II, 738). Қазақ тілінде де «жабы» көбіне-көп жылқымен байланысты қолданылады. Сөз төркінін парсы тіліне апарып тіреуге күмән тудырарлық тағы бір себеп болып тұр. Ол — парсы тіліндегі екінші мағынасында кездесетін «көтерем», «арық» сөздері — бұл бір. Екіншіден, қазақ тіліне ауысқан араб, парсы сөздері туралы кітап жазған Н. Оңдасынов не Е. Бекмұхаметовтардың еңбегінде бұл тұлғалас, мағыналас сөз ұшыраспайды.

Осы мәліметтерді салыстырып, ойға салсақ «жабы» сөзінің алғашқы төркіні түркі тілдері болған және ол ертеде тек жылқы, ат сөздерімен тіркесіп қана қоймай, басқа да атаулармен жанаса алғандығын В. Радлов сөздігінің ішінде келтірілген «йабы айуу» (арықтаған аю) тіркесінен байқауға болады (В. Рад. Опыт..., III, 1, 279).

Бұдан шығатын қорытынды — түркі тілдері меншігіндегі «жабы» сөзі парсыларға ауысып, онда ол тек жылқы сөзімен тіркескен түрде қалыптасқан да, сол күйінде түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне қайтадан, кері оралған. Парсы тілінің сөздік қорында «йабу» сөзінің ұшырасуын тек осылай түсінген жөн деп ойлаймыз.

**Жадау, жүдеп-жадау.** Тілімізде жеке тұрып та, сондай-ақ қос сөз құрамында да қолданыла береді. Жеке тұрғандағы мағынасымен қос сөз құрамындағы берер ұғым арасында, түсіндірме сөздіктің баяндауынша, айырмашылық жоқтың қасы. Дәлірек айтқанда, жадау-арық, жүдеу, ал «жүдеп-жадау» — еті жұқарып арықтаған, жүдеген; күйі кеткен мағыналарын білдіреді: «...*жадау* қойлар тізеден су кешіп, әрең жылжып келеді» (Ғ. Мүсірепов, Кездес. кет.) немесе «...Қайтпегенде солар *жүдеп-жадамайды*» (Ерғалиев).

«Жадау» сөзінің тарихы, төркіні туралы бұрынғы бір сөздікте де әңгіме болған. Онда сөздің түй төркінін баршамызға аян «жаяу» сөзімен байланыстырған (ҚТҚЭС, 1966, 75—76). Автор келтірген дәлелдерді баяндау көп орын алатын болғандықтан тоқталмаймыз. Біз ол пікірмен келісе алмағандықтан, өз тарапымыздан кейбір тілдік деректер бойынша басқаша дәлелдеуге беттедік.

«Жадау» сөзі «жаяу» тұлғасының дыбыстық өзгеріске түсуі арқылы пайда болмағандығын тек түркі тілдері емес, басқа монғол, тунгус-маньчур топтарына жататын тілдердің деректері арқылы дәлелдеу қиынға соқпайды. Түркі тілдерінің ішінде қырғызша: «жада» сөзінің бір мағынасы — әлсіз, шаршаған (К. Юд. КРС, 210), хакас тілінде: чадап — әрең, зорға (Хак.-рус. сл., 306) мағынасында көрінеді де, мұнда да «шаршау» әсерінен пайда болған іс-қимыл әрекеті көрінеді. Ал монғол тілінде: ядруу немесе чадан ядан — әзер, әрең (Мон.-каз. сөз., 391; қаз.-мон. сөз., 42) мағыналарын иеленсе, маньчжур тілінде: шада — шаршау, қалжырау, әлсіздену дегенді ұғындырады (ССТМЯ, II, 423). Осы деректерге назар аударсақ «жүдеу» мен «жадау» арасында мағына жағынан айырмасы барлығын ажырату қиын емес. «Жүдеудің» дәл мағынасы — еті жұқарып, арықтау болса, ал «жадаудың» мағынасы жүдеудің нәтижесінен туған — шаршау, әлсіреу, әрең қозғалысқа түспек. Демек, «жадау» — себептен туған салдар. Осы жағынан да «жадаудың» «жаяу» сөзімен байланысы бар деген пікір онша нанымды бола бермес деген ойдамыз. Егер бұл көзқарасты қолдасак, жадау — жаяу жүрудің ең басты себебі болмақ та, басқа іс-әрекеттен адам не басқа жан иелері жүдеп-жадауға ұшырамайтын сияқты көрінбек.

**Жазатайым.** Сөз — түркі тілдеріне ежелден тән, екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған деп шамалаймыз. Оның қазіргі қазақ тіліндегі «кездейсоқ, қапылыста, қатеден» сияқты мағыналары кейін пайда болғандығына басқа түркі тілдері деректері куә.

Біріккен сөздің алғашқы сыңарының түбірі «йас» екенін және «қасынан өту, жанынан өту» мағыналарында қолданылғанын В. Радлов сөздігінен көреміз. Онда алтай, телеуіт тілдерінде: йас, ал Қазан, Қырым татарларында — йаз тұлғаларында айтылған (В. Рад. Опыт..., III, 1, 214). Қазіргі кезде хакас тілінде: чаза — жанынан, қасынан; чаза таста — мүлт кету, белгілі нысананы жанап өту мағыналарында қолданылады. Бұл «чаза» сөзінің бірінші мағынасы ретінде көрсетілсе, ал осы тілдегі оның ауыспалы ұғымы — қателесу, жаңылысу (Хак.-рус. сл., 306). Қателесу, шын мәнісінде, бір нәрсені тап баспай, теріс кетудің нәтижесі екені ешкімге де жұмбақ болмаса керек.

«Иас» түбірінен өрбіген «чазыг» тұлғалы сөз тува тілінде — қате, жаңсақ, жаңылыс мағыналарында қолда-

нылады (Рус.-тув. сл., 290, 337). Мұның өзінен тіліміздегі «жазық», «жазықты» сөздерімен тұлғалас әрі мағыналасығын байқаймыз. Демек, «жазатайым» сөзінің бірінші түбірі — «йас», «жаз», ал алғашқы мағынасы жанынан, қасынан өту дегенді білдіреді екен.

«Жазатайым» құрамындағы екінші түбір — «тайым» төркінін, өте көне тіл деп танылып жүрген, якут тілі дерегінен табамыз: таһынан — қасынан, маңынан, жанынан деген мағыналарға нұсқайды (Як.-рус. сл., 380). Якут тіліндегі «h» табиғаты жағынан «с» дыбысымен мәндес. Сондықтан да «таһынан» сөзінің түбірі осы тілдің өзінде «тас» қалпында кездеседі (Як.-рус. сл., 378). Якут тіліндегі «таһынан» тұлғасының қазақ тілінде «тайым» түріне дейін өзгеруін — түркі тілдерінің өз ішінде кездесіп отыратын дыбыс сәйкестіктері заңдылығымен түсіндіріледі. Мысалы, қазақ тіліндегі «аяқ» («адамның аяғы» дегендегі) хақасша — азах; якут тілінде — атах немесе қазақша — той (тойып ішу) хақасша — тос; якут тілінде — тот. Осы мысалдардан «й», «с», «т», «з» дыбыстарының бірінің орнына екіншісі қолданылу дәстүрге, заңдылыққа айналғандығын көреміз. Осымен байланысты якут тіліндегі «таһынан» сөзінің қазақ тілінде «тайынан» болып өзгеріп, кейін біріккен сөздерге тән қасиет — қысқара түсу нәтижесінде «тайын», одан әрі «н» мен «м» дыбыс сәйкестіктері заңына ұшырап, «тайым» қалпына түскен. Сөйтіп, «жазатайым» сөзінің төркіні — түркі тілдері және бір мағыналас екі түбірден (йас + тас > йаза + таһынан > жазатаһынан > жазатайынан > жазатайын > жазатайым) пайда болып, мағына ауысу нәтижесінде қазіргі қазақ тіліндегі ұғымға ие болғандығы көрінеді. Алғашқы мағынасы — «жанынан-жанынан» немесе «қасынан-қасынан» екендігі жоғарыда түсіндірілді.

**Жайма-шуак.** Қазіргі түсіндірме сөздікте қос сөз мағынасы — тамылжып жадыраған, жайдары деп түсіндірілген. Әрине, әркімге оның мағынасын осылай түсінгенмен, құрамындағы жеке сөздердің алғашқы мағынасы мен түпкі төркінін біле беру қиын.

Түркі және монғол тілдері деректеріне үнілсек, бұл екі сөздің де мағынасы біріне-бірі жақын екендігін тағы көреміз.

Якут тілінде: дьайғар — ашылу (аспанның) мағынасында қолданылады. Кейде якут тілінде қазақ тіліндегі «ж» орнына «дь» дыбысы айтылатынына мына мысалдар

дәлел болгандай, қазақша — жар (өзен, сай жағасындағы), якутша — дьаар; қазақша — жорға, якутша — дьорус т. б. Ал осы тілде «дъайга» тұлғалы сөз — ала бұлтты, аз бұлтты мағынасын берсе, мұның өзі аспан ашық дегенмен бірдей. Осы деректер негізінде қос сөздің бірінші сыңары «жайманың» түбірі «жай» болады да, оның өзі якут тіліндегі түбір «дъай»-мен барабар, ал мағынасы «ашық» дегенді аңғартады.

«Шуақ» сөзінің де төркінін якут, әрі кетсе, монғол тілінен табуға болады. Якутша чуолкай — ашық, анық мағынасына нұсқаса, монғол тілінде «цэгээн» тұлғасы «ашық, анық» дегенді ұғындырады. Егер якут тілімен салыстыра қарасак, бұл тілдегі «ч» -ның қазақ тілінде «ш» -ға айналуы және соңғы -ай қосымшасының, сондай-ақ «л» дыбысының түсірілуі тіліміздегі заңдылықтарға қайшы емес. Сондықтан да якут тіліндегі «чуолкай», қазақ тілінде «шуақ» болмасқа еркі жоқ.

Ал монғол тіліндегі «ашық» мағынасын беретін «цэгээн» тұлғалы сөздің түбірі — цэг десек, оның біздің тілімізде «шуақ» қалпына дейін өзгеруінде де заңдылық жоқ емес. Баскы «ц» қазақ тілінде «ш» болып дыбысталады (салыстырыңыз монғолша — цунхгэр, қазақша — шұңқыр). Монғол тіліндегі қосымша «ээн» түсіріліп, оның орнына тіліміздегі -ақ жұрнағы қосыла келіп «шуақ» қалпына дейін жеткен.

Сөйтіп, «жайма-шуақ» қос сөзіміздің ертедегі мағынасы — «ашық-ашық» немесе «ашық-анық» сияқтыларды ұғындырған деуге болады.

**Жайын.** Балықтың бір түрі екені баршаға мәлім. Түсіндірме сөздігіміздің анықтамасы бойынша, аузының айналасында үш жұп мұртшасы бар... басы үлкен, ірі, жыртқыш балық мағынасын береді. «...шортан, алабұға, нәлім, *жайын* балықтар жыртқыштар қатарына жатады» (Т. Мұсақұлов, Аквариум.).

Балықтың бұл атауы Сібірдегі түркі халықтары арасына жайылмаған. Қазақ тілінен басқа мұны біз қырғыз тілінде — «жайын балық» қалпында (К. Юд. КРС, 217); «яйын» тұлғасына түрікмендерде (Рус.-туркм. сл., 723) ұшыратамыз. Қырғыз тілінде «жайын» сөзінің ауыз әдебиетінде кездесетін екінші мағынасы — балық тәріздес теңіз құбыжығы.

Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі тілдерінде байқалмауына қарағанда, қазақтарға және Орта Азиядағы басқа түркі тілдеріне жүйесі басқа, дәлірек айтсақ, пар-

сы тілінен ауысып алынған сөз деп шамалаймыз. Парсыларда «жийан» сөзінің жыртқыш және үрейлі, қорқынышты іспеттес екі түрлі мағынасы бар (Пер.-рус. сл., I, 781). Балықтың біз білетін басқа түрлеріне қарағанда мынаның түр-тұлғасы қорқынышты әрі жыртқыштығы басымдау екендігі белгілі. Сондықтан да «балық» сөзінің алдына сын есім ретінде парсыдан енген «жийан» сөзінің тіркесуі арқылы «жийан балық» калпында тұрақтап, кейін келе «жайын балық», одан әрі «балық» сөзі түсіріліп, «жайын» десе де түсінікті боларлықтай дәрежеге жетсе керек. Алғаш «жайын балық» тіркесінде көрінгендігін, жоғарыда келтірген, қырғыз тілі дерегі қуаттайды. Сөйтіп, «жайын» атауының қазақша мағынасы — жыртқыш, үрейлі, қорқынышты дегенді ұғындыратын сияқты.

**Жалқаяқ.** Сөз мағынасы түсіндірме сөздіктерде «қабыну салдарынан денеде пайда болатын ірің тәрізді сұйық нәрсе» делінген. «Қазы сорған *жалқаяқ* ісік аз күнде солып, көгілдір таңбалары қалды» (Мұқанов).

Әрине, қазақ тіліндегі мағынасы — туынды мағына деп қарауға тура келеді. Кейбір түркі тілдерінде, атап айтсақ, алтай, телеуіт тілдерінде осы тұлғаға ұқсас «йалғайақта» сөзінің бір мағынасы — еру, жұмсару дегенді аңғартады (В. Рад. Опыт..., III, I, 174).

Бұл тілдерге, сондай-ақ қазақ тіліне «жалқаяқ» монғол тілінен ауысқан деуге тура келеді. Монғол тілінде «жалқаяқ» мағынасын «залхаг» тұлғасы береді (Қаз.-мон. сөз., 110). Монғол тіліндегі «залхаг» сөзінің өзі екі түбірдің қосындысынан пайда болған сияқты. Біріншісі, жұмсақ, жұмсару мағынасын беретін — «жөөлөн» немесе «сул»; екіншісі, еру мағынасындағы — «хайлақ» (Қаз.-мон. сөз., 129, 100). Екі сөздің қосындысы «сулхайлақ» болады да, мағынасын қазақшалағанда — «жұмсап еру» дегенге саяды. «Сулхайлақ» тұлғасы басқа түркі тілдеріне ауысқанда сәл-кем дыбыстық өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс болмақ. Осы себептен де алтай, телеуіт тілдерінде «йалғайақта», ал қазақ тілінде «жалқаяқ» тұлғаларында көрініп отыр. Монғол тобына жататын қалмақ тілінен де дәл осындай сөздерге тап боламыз: «жұмсақ» немесе «жұмсару» мағыналарын — жөөлн, жөөлрх тұлғалары берсе, «еру» — қалмақ тілінде — «хээлх» сөзінен түсіндірілген. Осы екі түбірді қоссақ та (жөөлн + хээлх), тіліміздегі «жалқаяқ» сөзімен үндес сөз туады.



**Жалмауыз.** Бұл күндегі түсінігімізде — тажал, обыр, комағай, сұм, жексұрын мағыналарын береді. «Сорлы жалмауыз, қайдан табақтас болып едің, бір жапырақ жегізбедің ғой»... (Б. Майлин, Шығ.).

Дәл осы тұлғалас сөзді ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің ішінен М. Қашқари сөздігінен табамыз, йамла — жинау, тазалау, сұрту мағынасында қолданылған (ДТС, 231). Кейін бұл етістік метатеза құбылысына ұшырап, «йалма» тұлғасына дейін өзгерген. Уақыт өткен сайын тұлғасы ғана емес, мағынасы да ауыса түскен. Дәлірек айтқанда, қазіргі түркі тілдерінің кейбіреуінде жинау, тазалау, сұрту құралдарының атауы қалпында кездестіреміз. Мысалы, алтай, телеуіт тілдерінде «йалмур», ал Баравин татарларында «йалмаур» тұлғасындағы сөздер біздегі «сыпырғыш» мағынасына ие (В. Рад. Опыт..., III, I, 189, 190). Әсіресе, соңғы «йалмаур» сөзі қазақ тілінде «жалмауыз» тұлғасына дейін өзгеруге бейім. Түркі тілдерінде «р» мен «з» дыбыстарының біріне бірі сәйкесіп қолданыла беретіндігі белгілі құбылыс. Ал қазақ тіліндегі мағынасы — ұқсату нәтижесінен пайда болған. Маңайында түк қалдырмай, жып-жылмағай етіп, сыпырып-сыпырып, тазалап отыратын құбжық іспеттес жан несін «йалмаурға» (жалмауыз), бізше — сыпырғыштан басқа (өз кезінде) не нәрсемен салыстыру мүмкін. Сөйтіп, жалмауыздың тұңғыш мағынасы — жинау, сұрту болса, кейін ол зат атауына көшіп, қазақ тілінде одан әрі ауыспалы мағынаға ие бола түскен.

**Жалпы, жаяу-жалпы(лы).** Әдетте, көліксіз, өз аяғымен жүруді «жаяу-жалпы» немесе «жаяу-жалпылы» қос сөзі арқылы жеткізе береміз. «Жөнелдім жауды қуып содан былай, Ел қалды жаяу-жалпы шулай-шулай (Байзақов). «Көшеден не құба жоннан салт атты, жаяу-жалпылы адам көрсек, үйге тығыламыз...» (Т. Оразов, Қаныш.).

Қос сөздің екінші сыңары — «жалпы» (жалпылы), сырт көзге, күнде қолданылып жүргендіктен мағына жағынан түсініксіздік тудырмайды. Бірақ оның алғашқы мағынасы неге нұсқайды, қос сөз құрамына қайдан, қалайша келіп киліккендігін әркім біле бермесе керек.

Егер түркі тілдерімен туыстас саналып жүрген монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер дерегіне зер салсақ, «жалпы» (жалпылы) сөзінің алғашқы мағынасына жол табамыз. Монғол тілінде явган — жаяу (Мон.-қаз. сөз., 390); қалмақтарда «жаяу» мағынасын — «йовһн»

сөзі береді (Рус.-кал. сл., 457). Ал тунгус-маньчжур тобындағы эвенкі, солон, напай, маньчжур тілдерінде «жаяу» мағынасын түсіндіруде — «йавкан», «йауван», «йафқа», «йафаған» дыбыстық тұлғалары қолданылады (ССТМЯ, I, 337).

Сөздің алғашқы тұлғасы бір буынды және мағынасының өзгеше болғандығын да осы топтағы тілдер дерегінен білеміз. Монғолдарда яв — жүр, кет (Мон.-каз. сөз., 390); қалмақ тілінде йовх — жүру (Рус.-кал. сл., 205); Маньчжур тілінде «жүр, кет» мағынасын беретін сөз бұлардан да гөрі қысқара түсіп, «йо» тұлғасында көрінеді (ССТМЯ, I, 345). Демек, «жаяу» мағынасын беріп отырған «явган» немесе «йафаған» сөздерінің алғашқы тұлғасы «йо», ал мағынасы «жүру, кету» етістіктерінен туындағанын көрдік.

Тіліміздегі «жаяу-жалпы» қос сөзінің екінші сыңары монғол, маньчжур тілдеріндегі «явган», «йафаған» сөздерінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі деуден басқа жол жоқ. Мұндағы дыбыс өзгерістері тілдерге тиісті заңдылық бойынша жүргізілген. Біріншіден, түркі тілдеріне тән «л» дыбысы келіп қиліккен; екіншіден «в», «ф» дыбыстары қазақ тілінде «п» дыбысына айналған да, ең соңында, қазақ тілі өзіне тән жұрнақтардың бірін (-лы) қосқан. Сонда өзгеріс жолы былай болмақ: яв (ган) // йаф(аған) > яв // йаф > я(л)в // йа(л)ф > ялп // // йалп > йалп > жалпы(+лы) > жалпы немесе жалпылы. Бұл жерде басқа тілдерде сөз басында келетін «й» дыбысы қазақтарда «ж» болып келетінін де ескердік.

Түйіндей айтқанда, «жаяу-жалпы» қос сөзі мағына жағынан «жаяу» сөзін қайталау екен де, оны тұлғалық өзгеріске түсіріп тұрған монғол, тунгус-маньчжур тілдерінің өте ертеден сақталған әсерінің ізі деп білеміз.

**Жаңғалақ.** Екі томдық түсіндірме сөздікте мұның мағынасын істің байыбына бармайтын алаңғасар, жеңіл-тек, ұшқалақ қалпында көрсеткен. Бірақ мысал келтірілмеген. Он томдық түсіндірме сөздікке ілінбей қалған.

Тұлғасы сәйкес, мағынасы жақын сөзді маньчжур тілінен кездестіреміз. Онда чаңғали — әлсіз (тез шаршағыш), төзімсіз, қалжыраған мағыналарында қолданылады (ССТМЯ, II, 383). Бұл көрсетілген, маньчжур тіліндегі «чаңғали» сөзінің мағынасы — тұңғыш мағына еместігі байқалады. «Әлсіздік», «төзімсіздік» белгілі бір заттың жетіспеуінің нәтижесі сияқты. Өйткені монғол

тобындағы тілдерде мынадай сөздерді кездестіреміз. Монғол тілінде цангах-шөлкеу, шөлкеу қишалу, дымы куру (Мон.-қаз. сөз., 324); қалмақтарда: цанһәли — шөлкеу (Рус.-қал. сл., 158); бурятша: санга — шөлкеу қалжырау (ССТМЯ, II, 384).

Шыдамсыздық, төзімсіздік әр кез «жеңілтек», «үш-қалақ» қимылдар тудыратыны да белгілі. Тіліміздегі «жаңғалақ» сөзінің төркінін осылардан шығаруға да болады. Алайда, қазіргі монғол тілінде «цанхлах» тұлғасына «қорқу, үрку, шошу...» іспеттес мағыналары тән. Тіліміздегі «жаңғалақ» сөзі және оның мағынасын осы сөзбен байланыстыру әлдеқайда ойға қонымды. Сөйтіп, тіліміздегі «жаңғалақ» сәл-кем мағына өзгерісіне душар болған монғол тіліндегі «цанхлах» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі деуге болады.

**Жаңсақ.** Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз — жаңылыс, теріс, қате деген ұғымдарды меншіктенеді. «Дегені рас, жалғаны жаңсағы жоқ» (М. Әуезов, Шығ.).

Сөз төркіні түркі тілдері екендігін ертедегі жазба ескерткіштер және қазіргі түркі тілдері деректері анықтайды, йаңша — мылжындау, көп сөйлеу; йаңшақ — мылжың, көп сөйлейтін адам (ДТС, 235). Дәл осы мағынада, дыбыс құрамы жағынан да сәйкес сөз тува тілінде кездеседі, чалчаачы — мылжың адам (Рус.-тув. сл., 51). Егер қазақ тіліндегі «мылжынды» ертедегі түркі тіліндегідей «жаңсақшы» деп айтсақ, мына тува тіліндегі сөз дыбыстық құрам жағынан көп ерекшеленбейді. Тіпті монғол тілінде де осы тұлғалас «чалчаа» немесе «яишаа» сөздері біздегі «мылжын» мағынасында қолданылатынын (Мон.-қаз. сөз., 346, 394) ескерсек, «жаңсақ» сөзінің алғашқы мағынасы түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ болғандығы анықтала түседі. «Жаңсақ» сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы — туынды, ауыспалы мағына деп топшылаймыз. Өйткені көп сөйлеген адамның сөзінің ішінде дұрысынан гөрі жаңылыс, теріс, қатесі басым болатыны шындыққа жақын.

**Жарақ.** Кейде мұны «қару-жарақ» қос сөзінің құрамында да жиі ұшыратамыз. Жеке тұрғанда да, қос сөзбен келгенде де берер мағынасы — қару, құрал; жауға қарсы қолданылатын әртүрлі құрал-сайман. «Жауды жайқар жарақ сай, Табанмен таптап басамыз» (Жамбыл).

Шын мәнісінде «жарақ» жалпы атау емес, белгілі

бір құралға меншіктелген сөз екендігін ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне назар аударғанда білеміз, йарақ немесе йарық — батырлар киетін сауыт (ДТС, 239, 241).

Кейбір тіл деректеріне қарағанда «қару» сөзінің де жаугершілік кезінде қолданылатын белгілі бір құралға тән екендігін байқау қиын емес. Ертедегі жазба ескерткіште қарвы йа — иіліп жасалған садақ, жақ (ДТС, 430). Осы тұлғалас сөздің ауыс мағынасын монғол тілінен табамыз: харвуул — садақ оғы (Мон.-каз. сөз., 263).

Сөйтіп, тіл деректерінің көрсетуінше, «қарудың» да, «жарактың» да өздері немденген заттары болғандығы анықталды. Кейін келе қоғам және сонымен бірге тіл дамуының нәтижесінде ескі атаулар жалпылық мағына беруге көшкендігін аңғарамыз.

**Жарасу.** Етістік тұлғасындағы бұл сөздің қазіргі мағынасы — ажарын кіргізу, көрік беру, әдемі көрсету. Оның омырауындағы алтын жұлдызы да сол батырдың тұлғасына қона кетіп, *жарасып тұр*» (С. Мәуленов, Жер нәрі).

Тілімізде «жарасу» етістігінің «келісу, тату тұру» сияқты да мағынасы барлығын ескертеміз. Ал біздің төркінін іздестірмегіміз — алғашқы мағынасы.

«Жарас» тұлғасы түркі тілдеріне өте ертеден тән екендігі және оның бірі — сын есім, екіншісі — етістік сияқты екі түрлі мағынасы болғандығын жазба ескерткіш деректері анықтайды. Біз сөз етіп отырған «жарасу» етістігінің алғашқы мағынасы сын есім не содан туындаған зат есім болғандығы байқалады йараш — сүйкімділік, сұлулық (ДТС, 240). Кейде осы сөз сол кездердің өзінде «көрік» тұлғасымен тіркесе қос сөз тұдырғанын да көреміз: көрк-йараш — сұлулық, әсемдік (ДТС, 317).

Қазіргі қазақ тілінде «жарас» сөзінің дәл бұл мағыналары сақталмаған. Алайда, кейбір түркі тілдерінде оның сын есімдік мағыналары осы күнге дейін қолданылады. Туваларда чараш — сұлу, ал чараш кижи — сұлу кісі деген ұғымдарды береді (Рус.-тув. сл., 227). Немесе хакас тілінде чараш — сұлу, сүйкімді (Хак.-рус., 311). Бұл тілдердегі «чараш» тұлғасы қазақ тілінде «жарас» қалпына дейін өзгеру заңдылығын түсіндіру артық болар.

Осы деректерге қарағанда, қазіргі етістік мағынасында қолданылып жүрген тіліміздегі «жарасу» сөзінің

алғашқы мағынасы — «сұлу», «көркем» сияқты ұғымдарда қолданылған сын есім деуге болады.

**Жәлем, әлем-жәлем.** Қос сөздің алғашқы сыңары туралы сөз қозғамауға да болар еді. Өйткені оның мағынасы ертеден жұртқа мәлім. Әрісі Дулат, берісі қазақ кеңес жазушыларының шығармаларынан табуға болады. Қазіргі түсіндірме сөздікте де мағынасы анық көрсетілген: «Аттың үстінде тақтай тоқым, кекілін кертіп маңдайына *әлем* байлаған» (І. Жансүгіров, Таңд.). Алайда, сөздің түпкі төркіні түркі тілдері емес екендігі аңғарылады. Қ. Мұсаевтың көрсетуінше түркі тобына жататын қарайым тілінде «әлем» тұлғалас сөз «жалау» мағынасында қолданылады (Лексика тюркских языков..., М., 1975, 38). Сөз төркіні араб тілі: аләм — орамал (жоқтау айтқан әйелдер қолданатын).

Екінші сыңары — «жәлем» тұлғалас сөз татар тілінен ұшырасады. Сәләмә — жалба-жұлба, ескі-құсқы, жыртық (Тат.-рус. сл., 1966). Біздің ойымызша, татар тіліндегі бұл тұлға араб тіліндегі «аләм»-ның дыбыстық әрі мағыналық өзгеріске ұшыраған түрі болса керек. Татар тілі арқылы арабтың «аләмі»-мен бірге, оның татарлар өзгерткен «сәләмә»-сі қазақтарға қоса жайылып, тағы тіл талқысына тап болу нәтижесінде «әлем-жәлем» пайда болған.

Ескерте кететін нәрсе — «аләм» сөзінің, біз көрсеткен, «орамал» ұғымы араб тілінің өзінде ауыспалы мағына деуге тура келеді. Өйткені араб тілінде «аләмның» түпкі мағынасы — ренжіту, азап көрсету екендігі байқалады. Демек, түркі тілдеріне араб тілінен «орамал» мағынасын беретін «аләм» тұлғасы өткен де, бұл тұлғаға түркі тілдерінің әрқайсысы өзінше мағына берген.

**Жегі, жегідей жеу.** Он томдық түсіндірме сөздікте: жегі — жеп құртатын құрт; жегідей жеу — жегі сияқты жеді деп түсінік берілген. «Осы оқиға Қамиланың жанын *жегідей жей* берді» (Ә. Қалмырзаев, Ар).

«Жегі» сөзінің алғашқы шыққан тегі түркі тілдері деп шамалауға аз-кем деректер жоқ емес.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері тілінде осындай дыбыс құрамындағы сөздің екі мағынасы кездеседі. Біріншісі, йегу — ас, тамақ (ДТС, 253). Қазіргі түркі тілдері ішінде қырғыздарда осы түбірден туындаған: жегиликүү — ішіп-жеуге жарамды, дәмді мағынасында ұшырасатынын көрсеткен жөн (Қ. Юд. КРС, 243).

Түркі тілдерімен туыстас саналатын монғолдарда:

зоог — ас, тамақ, ас-су мағынасын береді (Мон.-қаз. сөз., 96; Қаз.-мон. сөз., 33). Бұл да «жегі» сөзінен онша алшақ кетпейді.

Осы тілдік деректерге қарағанда, адам немесе жануар тәніне зақым келтіретін құрт атауының шығуына себепші болған жоғарыда келтірілген сөздер болуы мүмкін деген ой оралады. Егер «жегідей жеуді» көрсетілген тілдік деректерге сүйеніп, қазіргі тұрғыдан қазақшала-сақ — тамақ сияқты, тамақша жеу болмақ. Дәлірек айтсақ, құрт қаснеті — тірі тәнді өзінің өмір сүруі үшін жеп пайдаланады. Әрі ойсырата, обыға жейді. Мұндай қаснетті тілімізде «обыр» деп атайтыны да белгілі. Енді осы мағыналас сөз басқа түркі тілдерінде қалай дыбыстала-р екен десек, мына сияқты сөздерге тап боламыз. Хакас тілінде: чеек — обыр (Хак.-рус. сл., 315); туваша: чазый — обыр (Рус.-тув., 314) мағыналарына нұсқайды. Бұл жерде қазақ тілінде «ч»-ның «ж»-ға, «к» немесе «з»-ның «г» дыбысына ауысу заңдылықтарын түсіндіріп жату артық. Соңғы тілдік деректерге сүйенсек, «жегідей жеу» тіркесінің бізге түсініктірек мағынасы — «обырдай жеу» дегенді аңғартады.

Жоғарыда біз, ертедегі жазба ескерткіштерде, бұл сөздің екі мағынасы бар деген едік. Соның екіншісі йе-гу — өткір пышақ, ұстара (ДТС, 253). Шыпдыққа жү-гінсек, еңбек құралының бұл түрі де өзіне жүктелген жұмысты обыға, ойсырата орындап, тиісті ісін тындыра-тыны белгілі. Егер «жегі» сөзінің төркінін осыдан шы-ғарсақ та теріс болмас еді. Бұл әрине, теңеу, бейнелеу арқылы туындаған. Несі бар, түркі халықтары бұл жа-ғынан да, ежелден ұста, шебер. Бірақ, сөз төркінін бұған апарып тіреуге бізді күмәндандыра беретін нәрсе — «өт-кір пышақ, ұстара» мағынасында «жегі» тұлғасының қа-зіргі түркі тілдерінің бірінде де кездеспеуі. Осы себеп-тен де «жегі» сөзінің төркіні алғашқы пікірімізге орай-ласа ма деген ойдамыз.

**Жекей.** Қазіргі тұрғыдан қарасақ, тілімізде өте сирек қолданылатын сөз. Сондықтан да болар «жекей» сөзінің қара басын 1959—61 жылдары баспадан шыққан екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен осы күн-дерде қолданылып жүрген орфографиялық сөздікте де кездестірмедік. Тек он томдық түсіндірме сөздігімізде: «жекей» сөзіне «сәнді, әсем (мода)» сияқты түсінік берілген де, мысал ретінде «Үш ғасыр жырлайды» кітабы-нан мына екі жол өлең берілген: «Жем жейді қара ар-

ғымақ тұрт дегенде, Аяғын *жекей* басар кық дегенде...» Осындағы «жекей» сөзінің мағынасына, сөздік жасаушы авторлардың бірі, түсінікті нақты біле тұрып емес, сөйлемдегі тіркеске қарап, долбарлау, тұспалдаумен бергендігі байқалады. Шамасы, басқа көркем әдебиеттерден «жекей» сөзін қамтыған сөйлем кездеспеген болса керек.

Қазақта әрқайсымыз білетін «Сұржекей» деген халық әні бар. Бұл әннің сөзі — «Мінгенім дәйім менің сұржекейім... Алдында сұржекеймен бір кетейін...» болып келеді. Міне осы өлеңде «сұржекей» біріккен сөзінің құрамында «жекей» кездеседі. Сөйлем мағыналарына зер сала қараған адамға «сұржекей» сөзі атқа және оның түсімен байланысты қолданылып тұрғаны күмән келтірмесе керек. Бір ғажабы осы «сұржекей» сөзі он томдық түсіндірме сөздік пен орфографиялық сөздіктен тыс қалған. Оның себебін түсіндіру біздің міндетіміз емес. Алайда, көне сөз болса да тілімізде оның өмір сүргеніне келтірілген мысалдар дәлел болады.

«Сұржекей» сөзінің алғашқы буыны — «сұр» қазіргі тілімізде қолданылады әрі мағынасы да белгілі. Ал «жекей» сөзінің мағынасы, шыққан тегі бізге беймәлім. Егер халық өлеңіндегі «сұржекейге» көңіл бөлсек, түсіндірме сөздік көрсеткендей «сәнді, әсем» емес, аттың түр-түсін білдіретін мағынада көрініп тұр. «Жекей» сөзінің жылқының түсімен байланысты қолданылғанын дәлелдерлік кейбір тілдік деректер жоқ емес. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірінде: джэкэ — мал түсіне байланысты атау (ССТМЯ, I, 283) деген мағына беретіндігі жазылған. «Жекей» сөзіне дыбыс құрамы әрі мағынасы жақын сөзді түркі тілдері ішінен, якут тілінен табамыз. Онда «дьүһүй» немесе «дьүһун» тұлғалары біздегі «түр, түс» деген мағыналарда айтылады. Мысалы, якуттарда «күөх дьүһун» тіркесі біздегі «жасыл түс» ұғымын береді (Як.-рус. сл., 135). Якуттардағы «дь» біздегі «ж» дыбысы орнына қолданылатынын ескерсек, «дьүһүй» тұлғасының «жекей» қалпына дейін өзгеруі өте заңды құбылыс.

Көрсетілген деректер «жекей» сөзі өте ерте кездерден қазақтарға да тән болған және малдың әсіресе, жылқы түсін аңғартқан. Жоғарыда келтірген халық әніндегі сөзді қазіргі түсінігімізше айтсақ, «Мінгенім дәйім менің сұр түсті атым» болар еді. Әрине, бұл жерде «ат» сөзін түсіріп айтса да, түсінікке нұқсан келмейтіні белгілі.

Осыған қарағанда, «жекей» сөзі ертеден түркі, тун-



гус-маньчжур тобындағы тілдерге тән және ортақ сөз болғандығына шүбә тугызуга болмайтындығын байқаймыз.

**Желеу.** Сылтау, дәлел, себеп мағыналарын тілімізде кейде осы тұлғалы сөз де бере алады. «Қалаға бару үшін мықты *желеу* тапқан жөн» (К. Тоқасев, Көмескі із).

Кейбір тілдік деректерге сүйенсек, «желеу» сөзінің алғашқы мағынасы басқалау болғандығы көрінеді. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында сөздің алғашқы түбірі «джэлэ», ал мағынасы — алдау, өтірік дегенді түсіндіреді (ССТМЯ, I, 284). Монғол тілінде де «алдау», «арбау» мағынасын «залилах» тұлғалы сөз беретінін көрсетіпкіз (Мон.-каз. сөз., 93).

«Джэлэ», «залилах» тұлғасындағы сөздердің қайқайсысы да қазақ тілінде «желе(у)» дыбыстық құрамында көрінуі тілдегі дыбыс сәйкестігі заңдылығының шеңберінен шығып кетпейді. Көрсетілген деректерді ескерсек «желеу» сөзінің алғашқы мағынасы — алдау болып шығады. Ал қазіргі мағыналарын — ауыспалы мағыналар деп қарауға тура келеді.

**Жеңге.** Қазіргі түсінігімізде — ағаның не жасы үлкен туыстардың әйелі. «Шүкіман бір жақын *жеңгесінің* үйіне кетті» (М. Әуезов, Абай).

«Жеңге» сөзінің қандай жолмен пайда болғандығы жөнінде бізден бұрын да пікір айтушы автор бар екенін көрсете кетуді борыш санадық. 1895 жылғы бір мақаласында П. Ерусланов шығыс черемне татарларының тілдеріндегі кейбір сөздерге талдау жасау үстінде сол тілдегі «енгга» (бізше-жеңге) сөзінің төркініне тоқталады. Оның ойынша, көрсетілген сөз екі түбірден құралған, біріншісі — енг («бөтен» мағынасында), екіншісі ака («апа» мағынасында) (П. Ерусланов, ЭО 1895, № 2, кн. XXV, 45). Бұл болжамның шындыққа сәйкестігін біз де құптаймыз. Өйткені қазақ тілінде де «бөтен», «бөгде» сөздерін «өңге» тұлғасымен ауыстырып айтатыны белгілі. Ал «апа» сөзін «ака» деп айтушылық басқа түркі тілдерінде ұшыраса береді. Сөйтіп, түркі тілдерінде ертеде қалыптасқан «енг ака» тіркесі біріге келіп, черемне тілінде «енгга» болып қалыптасса, қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарына сәйкестене келіп, «жеңге» сөзіне дейін өзгерген. Бұл жерде біріккен сөздерде дыбыстардың түсіп қалу, бірімен-бірінің алмасу заңдылықтарын айтып жату артық. Олар жөнінде жол-жөнскей талай

ескертілген болатын. Өзгеру үлгісі былай болған: аиг + ака > енгка > енгга > женга > женге > жеңге.

**Жеңсік.** Түсіндірме сөздікте бұл сөздің бір мағынасына берілген анықтама — әуес, құмар, таңсық. «Біз алып келген жидені *жеңсік* көріп, үлкендер де қаузайды» (Ө. Қанахин, *Жер бас.*). Өз тарапымыздан қоса кететін жайт — бұл сөз «ас», «тамақ» сөздерімен жиі тіркесіп, «жеңсік ас», «жеңсік тамақ» болып та айтыла береді. Осыған қарағанда мұның өзі тамақпен байланысты. Соның сапасын анықтарлық сын есім қызметін атқарған ба деп қаласың. Осы болжамымызды кейбір түркі тілдерінің дерегі қуаттай түседі. Мысалы, тува тілінде «чемзиг» тұлғасы біздің тіліміздегі «нәрлі», «дәмді» мағыналарында қолданылады (А. А. Пальмбах, *Тув.-рус. сл.*, М., 1955). «Чемзиг» тұлғасы қазақтар қолданысында «жеңсік» қалпына дейін өзгеріп, көбіне тұрақты тіркестерде сақталған. Сонымен бірге кейін келе «әуес, таңсық» сияқты мағыналарды да қосып алған.

**Жиен.** Бұл сөзді естігенде — күйеуге шыққан қыздан туған бала — дегенді ұғынамыз. «Нағашы дегенді іздеп барып, бұлар *жиен* боп жетіскен жоқ-ты» (М. Әуезов, *Қараш.*).

Біршама түркі тілдерінің сөздіктерін қарастырғанда «жиен» сөзінің мына сияқты дыбыстық тұлғаларын ұшыратамыз: алтай тілінде — дьеен, қырғызша — жеен, башқұртша — ейен, туваларда — чээн, түрікмен тілінде — еген, хакасша — чеен, якуттарда — сиэн. Мұнда көп жағдайда, түркі тілдеріне тән заңдылық бойынша, сөздің басындағы дыбыстарда ғана өзгешелік байқалады.

С. Е. Маловтың көрсетуінше, көне түркі жазба ескерткіштерінде «жиен» сөзінің «йәгін», «йігүн» сияқты тұлғалануы да кездеседі (С. Мал., ПДП, 387, 388). Осы соңғы дыбыстық тұлғалардағы ерекшелік — «г» дыбысының көрінуі. Қазіргі түркі тілдері ішінен мұндай құбылыс түрік тілінен (иеген) байқалады. Бұған қарағанда, басқа түркі тілдерінде «г» дыбысы түсірілген деген жорамалға нұсқайды. Жорамалды М. Қашқари сөздігі мен Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің дерегі шындыққа айналдыра түседі: чықан — жиен мағынасында **ю**лданылған (ДТС., 150). Демек, қазіргі тіліміздегі «жиен» сөзінің ертедегі тұлғасы «чықан» екен де, көптеген түркі тілдерінде «қ» дыбысы түсірілген, ал бастапқы «ч» дыбысы тува, хакас сияқты тілдерде сақталған.

Тілдік деректер мәліметін салыстыра келгенде туыстықтың бұл түрін білдіретін сөздің алғашқы мағынасы «шық» етістігімен байланысты болса керек деген топшылауға жол ашады. Дәл осы жолмен пайда болған туыстық қарым-қатынастың басқа да түрлері кездеседі. Көптеген түркі тілі мамандары қазіргі тіліміздегі «келін» сөзін етістік түбірі «кел» тұлғасымен байланыстырады (Ф. С. Хакимзянов, Язык эпитафий волжских булгар. М., 1978, 50, 79; Л. А. Покровская. Термины родства в тюркских языках. ИРЛТЯ, М., 1961, 64). Ертедегі түркі тілдері жазба ескерткіштерінде «чық» етістігінің бірнеше мағынасы болған: солардың бірі — бөлініп кету, екіншісі — басқа біреу болу т. б. Егер осы мағыналарды ой елегінен өткізсек, қыздан туған баланың өз жұртынан бөлінуі, өзге жұрттан орын тебуі «чық» етістігінің біз көрсеткен мағыналарынан шалғай кетпейді. «Кел» сөзіне «-ін» жұрнағы қосылуы нәтижесінде «келін» термині пайда болғанындай, «чық» түбіріне -ан қосымшасы жалғануымен «чықан» туыстық сөзі дүниеге келген. Көп дәуірді басынан өткізген осы сөз қазіргі түркі тілдерінде түрліше дыбыстала отырып, жоғарыда көрсеткеніміздей қалыпқа дейін жеткен. Ол өзгеріс жолдары тілдердегі дыбыс сәйкестіктерімен байланысты заңдылықпен ұштасып жатыр. Сонда қазіргі тіліміздегі «жиен» сөзінің пайда болу схемасы мына түрде болмақ: чық+ан>чықан>чы(қ)ан>чыан>шиан>жиан>жиен.

Түркі тілдері негізінде пайда болған бұл сөз олармен туыстас саналатын монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерге ауысқанда «жиен» тұлғасынан да гөрі ықшамдала түссе де мағынасы мен дыбыстық құрамының жалпы нобайын бұзбаған: монғол тілінде — зээ; қалмақтарда — зе (Мон.-қаз. сөз., 1954; Рус.-кал. сл., 1964). Тунгус-маньчжур тобына жататын эвендер мен эвенкілерде: цаа — туыс мағынасында көрінсе (ССТМЯ, I, 239 б.), маньчжур тілінде: шэң — біздегі «жиен» мағынасын береді (ССТМЯ, II, 431 б.). Соңғы — «шэң» сөзі маньчжурларға қытай тілінен ауысқандығы белгіленген. Қытайларда «жиен» сөзі «шээн» болып тұлғаланады. Біздің ойымызша, қытай тілінің өзіне ертедегі түркі тілдерінен ауысуы ғажап емес.

Біз көрсетіп отырған, ертедегі түркі жазба ескерткіштеріндегі «чықан» сөзі, дәл осы дыбыстық тұлғада дерлік түрікмен тілінде сақталған. Бірақ берер мағынасы — туыстықтың басқа түрі. Дәлірек айтқанда, біздегі

«бөде» мағынасын түрікмендердi — «шықан» сөзi ұғындырады (ИРЛТЯ, 54).

**Жолы болу.** Қазiргi түсiнiк бойынша — санарың оң болсын деген тiлек мағынасын бiлдiретiнi белгiлi: «Жолаушылардың бiреуi Дәмештi көрiн, *жолың болсын* дегендей қолың бұлғаиды» (З. Шашкин, Темiртау).

Ой елегiнен өткiзе, санаға салып саралай түссек, осы тiркестегi «жол» тұлғасының ертедегi мағынасы басқа болмады ма екен дегендейсiң. Өйткенi санарға, жолға шығып бара жатқаны белгiлi адамға, «жолың болсын» деген тура бата онша орынды көрiнбейдi. Жолы түсiн, жолы болғалы тұрған шақта дәл мұндай тiлек олқы, сондықтан да бұл тiркестегi «жол» тура мағынасында болуы мүмкiн емес.

Ой толқуын тұрақтандыру үшiн басқа тiл деректерiн қарастырғанда якут тiлiнен мынаны байқаймыз: дьолбақыт, сәт, игiлiк. Якут тiлiндегi — «дь», қазақ тiлiнде «ж» болатынын жоғарыда ескерткенбiз.

Тiптi монғол мен тунгус-маньчжур тобындағы тiлдердiң өзiнен — «зол», «цол» сөздерiнiң «бақыт», «сәт» мағыналарында да қолданылатыны көрiнедi (ССТМЯ, I, 262). Туыс тiлдердiң мына деректерiне табан тiресек, «жолы болу» тiркесiмiздiң ерте кездердегi мағынасы — «бақыты болу», «сәтi болу» дегендi ұғындырса керек. Кейiнгi дәуiрлерде түркi тiлiне тән «игiлiк», «сәт» мағынасындағы «жол» сөзiн парсы тiлiнен енген «бақыт» сияқты сөздер ығыстырған деуге тура келедi.

**Жорық, не жорық, бiр жорық.** Көбiне «не», «бiр» сөздерiмен тiркесе айтылатын «жорық» сөзiнiң мағынасы түсiндiрме сөздiкте — жөн, жосық дегендi ұғындыратыны көрсетiлген. «Аш өзекке самогон iшкенсiн *не жорық*» (М. Сүндетов, Ескексiз.).

Бұл сөздiң мағынасы бiздiң тiлiмiзде бiршама өзгерiске түскендiгiн ертедегi жазба ескерткiштердi қарастырғанда ғана бiле аламыз. Онда йорық — мiнез, құлық; iс, қылық сияқты мағыналарда көрiнедi (ДТС, 274). «Жорық» сөзiнiң осы мағынасы қазiргi кездегi тува тiлiнде сақталған: чорук-iс, қылык (Рус.-тув. сл., 1980, 428).

Бұл туынды сөздiң алғашқы түбiрi — йор — жүру мағынасында қолданылып, кейiн келе онан «йоры» сөзi туындап — аяқ алыс, жүрiс, қадам ұғымдарын берген. «Йорық» сөзiнiң қазiргi қазақ тiлiнде «жорық» болуы

тіл заңдылығынан сырт құбылыс емес, сондай-ақ қоғам дамуымен қатар мағынаға да өзгеріс кірген.

**Жору.** Қазіргі тілімізде тұспалдау, болжалдау, топшылау болып түсіндірілген. «Ербол бұл көріністің мәнін өзінше *жорыды*» (М. Әуезов, Абай).

«Тұспалдау» мағынасында «жору» тұлғасына сәйкес сөзді қазіргі түркі тілдерінен тек якуттардан ғана кездестіреміз. Онда — сэрэһини (Рус.-як. сл., 474). Бұл тұлғалы сөздердің қазақ, якут тілдеріндегі мағынасы кейіннен пайда болған сияқты. Өйткені ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде йор — түсіндіру, ұғындыру тәрізді мағыналарды меншіктенген (ДТС, 274). Ол кездерде осындай мағына беретін дыбыстық тұлға «йөр» болып та айтылатын болған (ДТС, 276).

«Түсіндіру» мен «ұғындыру» да «йөр» тұлғасының тұңғыш мағынасы деуге тағы бір тіл деректері қостамайды.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің тағы бір жерінде «тіл йор», «тіл йорыт» сияқты сөз тіркестерінің мағынасы — ойындағысын айту, сөйлеу дегенге нұсқайды (ДТС, 559). Көрсетілген тіркестерді тіліміздің қазіргі тезіне сала сөзбе-сөз түсіндірер болсақ, «тіл сөйле», «тіл сөйлет» сияқтыларды ұғынар едік. Мұның өзі көне тілімізде «йөр» сөзінің ертеде өз алдына, алғаш мағынасы болғандығын, ол мағына — «айт» екендігін аңғартады. Түркі тілдерінде пайда болған бұл сөз аз-кем дыбыстық өзгеріспен өзге тілге ауысқанына да дерек жоқ емес. Мысалы, монғол тілінде «айту» мағынасын беретін өздеріне тән «хэлэх» сөзімен бірге, синоним ретінде, түркі тілдерінен ауысқан «йөр» сөзінің дыбыстық варианты «рих» тұлғасының «әңгімелесу, сөйлесу, айту» мағыналарында жарыса қолданылатынын көрсеткен жөн (Қаз. мон. сөз., 1977; Мон.-қаз. сөз., 1954).

Сөйтіп, «йөр» сөзінің бері келе, қазақ тілінде, «жор» қалпына дейін өзгеріп, мағынасының «сөйлеуден» қазіргі кездегі «тұспалдау, болжалдауға» жеткенін көрдік.

**Жосық.** Түсіндірме сөздік бойынша, бұл сөздің мағынасы — ырым, салт, жөн, ыңғай, заң, ереже, қылық, мінез. «Сатым бетіне қараса, жөн жоқ, *жосық* жоқ... ыржиады» (Ж. Нәжімеденов, Ақ шағыл). Кейде «жөн» сөзімен тіркесе қолданып, «жөн-жосық» қос сөзінің құрамында да кездеседі.

Түркі тілдерінің ішінде мағынасы әрі тұлғасы бұған

жуық сөздер жоқ емес. Қырғыз тілінде: жосун — тәртіп, ереже (Қ. Юд., ҚРС, 263), тува тілінде ёзу — дәстүр (Рус.-тув. сл., 1980, 327), башқұртша йосок — тәртіп (Баш.-рус. сл., 1958, 227) мағыналарыш береді.

Сөз төркіні монғол тілі деуге тура келеді. Монғол тілінде: ё — әдет, салт, дәстүр (Мон.-каз. сөз., 1954, 87). Бурят тілінің кейбір говорларында: йосо — дәстүр (ИБГ., I, 118). Монғол, тіліндегі осы сөздің, басқа да, «тәртіпсіз» сияқты мағыналары қазақ тілінен сол қалпында орын алғандығын «жосықсыз» сөзінен де аңғару қиын емес. «Тәртіпсіз» мағынасының орнына кейде «жосықсыз» сөзі қолданылып, тиісті мағына неліне алады.

Монғолдың «ёс» сөзі түркі тілдері ішінде қазақ, қырғыз, башқұрт, туваларға ауысып, «дәстүр» мағынасын меншіктенген.

**Жуас.** Момын, момақан, тыныш мағынасындағы сөз осылай дыбысталады. «Қасымыздағы бақылаушылар дәл сол кезде *жуас* болды...» (С. Сейфуллин, Тар жол.).

Қырғыз тілінде бұл мағынадағы сөз «жоош» қалпында айтылады (Қ. Юд, ҚРС, 261). Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі тілдерінде мұндай сөз кездеспейді. Оларда бұл мағынадағы сөз басқаша дыбысталады.

Байқауымызша, сөз төркіні жүйесі басқа тілден сияқты. Қазақ тіліне ауысқан араб, парсы сөздерінің тізімін берген атворлар (Н. Ондасынов, Е. Бекмұхаметов) еңбегінен де бұл сөз сырт қалған. Солай бола тұрса да «жуас» сөзін парсы тілінен ауысқан деуге тура келеді. Ол тілде: йәваш — ақырын, тыныш мағыналарында қолданылатындығы көрсетілген (Пер.-рус. сл. 1959, 756). Осы сөз қазақ тіліне ауысқанда «жуас», қырғыздарға көшкенде «жоош» қалпына дейін дыбыстық өзгеріске түскенде, мағынасы сол қалпында қалған деуге болады: йәваш > йуаш > жуаш > жуас.

**Жұмыла.** Түсіндірме сөздікте бұл сөздің мағынасын ұғындыру ретінде — «жабыла» тұлғасын алған. «...Олай болса, осы мәселені шешуге *жұмыла* кірісуіміз керек» (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

В. Радлов өзінің сөздігінде бұл сөздің тек қазақтарда қолданылатынын көрсете отырып, «бүкіл», «барлық» мағынасын білдіретін арабтардан ауысқан «джумла» тұлғасындағы сөз екендігін айтады (В. Рад. Опыт..., IV, I, 178). В. Радловтың пікірінің дұрыстығы 1984 ж. баспадан шыққан Н. Ондасыновтың «Арабша-қазақша

түсіндірме сөздігінен» (102-б.) анықтала түскендей болады.

«Анықтала түскендей болады» деп күмәндануымыздың да өзіндік мәні жоқ емес. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері дерегіне зер салсақ, дәл сол мағынадағы әрі дыбыстық құрамы жағынан ұқсас сөз кездеседі. М. Қашқари сөздігі мен ұйғыр жазуларында: «йумғы — бәрі; йумғын — бәрі, бірге; йумғу — бәрі, барлығы сияқты мәліметтер бар (ДТС, 279). Әдетте, біз мысал алған сөздікте сөздердің араб, парсы тілінен ауысқандығын аңғартатын белгілер қойылып отырады. Ал мына біз келтірген сөздердің тұсында ол дәстүрдің нышаны білінбейді.

Осы жағдайларды еске ала келіп, «жұмыла» сөзінің төркіні түркі тілдерінің өзі болар деген ойдамыз. Бұған қоса монғол тілінде «барлық», «барша» мағынасын беретін «цөм» сөзінің кездесуі де бұларға ол сөз арабтардан ауысты дегеннен гөрі, түркі тілдерінен енген деу шындыққа жақын болмақ. Кім біледі, арабтардағы «джумла» сөзінің өзі оларға түркі тілдерінен ауысқан болуы мүмкін.

**Жұмыртқа.** Сөз мағынасы әр кімге мәлім. «Үсен жүгіріп барып сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты» (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

Түркі тілдерінде бұл мағынаны беретін сөз дыбыстық құрамы жағынан онша алшақ кетпейді. Түрікменше — юмұртга, қырғыз тілінде — жумұртқа, хакастарда — нымурха, туваша — чуурга, якут тілінде — сымыыт.

Біздегі «жұмыртқа» атауы кейбір түркі тілдерінде, әсіресе, өзбек, ұйғырларда «тухум» дыбыстық құрамында қолданылады.

Қазіргі назар аударып отырғанымыз «жұмыртқа» сөзінің тарихы мен төркіні болғандықтан «тухум» тұлғасына тоқталмаймыз.

Жоғарыда келтірген түрікмен, хакас, тува, якут тілдерінен келтірген деректерден байқайтынымыз — тіліміздегі «жұмыртқа» сөзінде олардың айтуында тек бастапқы дыбыс өзгеріп қана қоймай, бірінде соңғы буындағы «қ» дыбысы «г»-ге ауысса, екіншісінде «т», үшіншісінде «м», төртіншісінде сөз ортасындағы «р», оған қоса соңғы -қа буынына дейін түсіп қалатындығы. Мұның бәрі — түркі тілдеріне тән дыбыс сәйкестіктерінің туындысы.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде — йу-



мурқа, екіншісінде — йумуртқа сияқты дыбыстық құрамда көрінеді (ДТС, 280). Осы тарихи ескерткіш дерегі бізді «жұмыртқа» сөзінің алғашқы мағынасына да жетектен әкеледі. Қазіргі кездегі «жұмыртқамыз» атауын өзіне тән алғашқы қалпына, қасиетіне байланысты меншіктенгендігін сөз болып отырған сөздіктен-ақ табамыз: йымырқа — жұмсақ деген мағына берсе, йымыртқа — жұмсақ, нәзік, күйрек (ДТС, 267). Ертедегі «жұмыртқа» атауының бірде «йумурқа», кейде «йумуртқа» болып қолданылуы да осымен байланысты болса керек. Неге «жұмыртқа» деген атауға келгенде ертедегі жазба ескерткіште «йумурқа» немесе «йумуртқа» тұлғасында көрінеді де, ал «жұмсақ» мағынасында қолданылғанда «йымырқа» немесе «йымыртқа» болып «у» дыбысы орнына «ы» болып айтылған деген сұраққа да жауапты осы сөздіктің өзі береді: йымшақ — жұмсақ, нәзік (ДТС, 267), йумшақ — жұмсақ, қатты емес (ДТС, 279).

Тағы бір ескертер жайт — «йумшақ» сөзінің алғашқы түбірі бір буынды, демек, «йум» болғандығын дәлелдеп жату артық.

«Жұмыртқа» сөзінің алғашқы мағынасы «жұмсақ», ал тұңғыш түбірі «жұм» болғандығын қазіргі кездегі түркі тілдері дерегімен дәлелдеу де онша қиынға соқпайды.

Жоғарыдағы жолдардың бірінде якут тілінде «жұмыртқа» мағынасын «сымыт», хакас тілінде «нымырха» сөздері беретіндігі ескертілді. Көрсетілген сөздердің түбірі «сым», «ным» екендігі талас тудырмайды. Енді осы тілдерде біздегі «жұмсақ» мағынасын «сымна» және «нымзақ» сөздері ұғындырады. Демек, мұның өзі ертедегі түркі жазба ескерткішіндегі деректермен үндес деген сөз.

Қайталап, қорыта айтқанда, түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі «жұмыртқа» өз атауын сол затың алғашқы кездегі күй, қалпына, қасиетіне байланысты меншіктенген. Ол қасиеті — жұмсақтық. «Жұм» түбіріне әр тілдің өзіне тән қосымшалары қосылып, «жұмыртқа» және сонымен дыбыстас басқа түркі тілдеріндегі атаулар пайда болған.

**Жұрқа, жүн-жұрқа.** Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде жүн-жұрқа — тері-терсек, жүн т. б. деп түсіндірілсе, осындай сөздіктің 1959 жылы шыққан бірінші томында — жүн сияқты бұйымдар, солардың қалдықтары деп ұғындырылған. Біздің ойымызша, соңғы

түсінік «жүн-жұрқа» мағынасына орайлас көрінеді. Өйткені «тері-терсек» сияқтылар «жүн-жұрқа» ішіне кіре қоймаса керек.

Осы ойымыз, «жүн-жұрқа» қос сөзіндегі «жұрқа» сыңарының төркінін анықтау үстінде, дұрысқа саятын сияқты.

Якут тілінде «нъырга» тұлғасы — жан-жануарлар үстіндегі түк, қылшықтың, жалпы айтқанда, жүннің сиректігін аңғарту үшін қолданылады. Осы ұғымды еске алсақ, «жүн-жұрқа» қос сөзін түсініктірек болсын десек, «жүн — сирек жүн» қалпында айтуға да болады. Демек, «жұрқа» — тек жүнмен байланысты ғана қолданылатын қос сөз сыңары.

Якут тіліндегі «нъырга» қазақ тілінде «жұрқа» болуы тағы да түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерінен туған. Мысалы, біздегі «жалпаю» етістігі якут тілінде «нъялбай» қалпында айтыла береді.

**Жұрым, жұрым берсін.** Бұл тұрақты тіркес көбіне қарттардың жастарға арнап айтқан жақсы тілектерінде жиі қолданылады.

Ертедегі түркі тайпаларының қолданылуында жеке мағынаға ие болған және жиі айтылған кейбір сөздер кейінірек араб, иран сөздерінің тілімізге сыналап кіріп, қалыптасуынан ығысып шығып, тек тұрақты тіркестерде ғана сақталғандығы байқалады. Осындай сөздің бірі — «жұрым». Алтай тілінің солтүстік диалектісінің бірінде, дәлірек айтсақ, куманды-кижи тілінде «дъүрүм» немесе «чүрим» тұлғасындағы сөз қазіргі тіліміздегі «өмір», «тіршілік» мағынасында қолданылады (Н. А. Бас., М., 1972, 214, 270).

Бұл жерде «жұрым» сөзінің мағынасын түсіндіруде біз қолданып отырған «өмір» — араб тілінен екендігі әркімге де түсінікті. Сөйтіп, «жұрым берсін» дегеніміз «өмір берсін» дегенмен барабар.

**Жүк.** Әдетте, мұндай сөзді естігенде — көлікке артылған, тиелген немесе артылуға, тиелуге тиісті затты ұғынамыз. «Бұл вагон 120 тонна жүкке мыңқ етпейтін мықты екен» (С. Сейітов, Жылдар.).

Біршама туыс тілдердің деректеріне қарағанда, қазіргі кездегі зат атына ие болған «жүк» сөзінің алғашқы мағынасы етістік болғандығын байқаймыз. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында «түк» тұлғалы сөз «алып жүру» мағынасында қолданылады (ССТМЯ, II, 206—207). «Тук» сөзімен «жүк» сөзінің

жақындығы қалай, жақындығы бола қалғанда «алып жүру» мағынасына неідей қатынасы бар деген заңды сұрақ туады. Түркі тілдеріне, тунгус-маньчжур тілінен бір табан жақын монғол тобындағы тілдерге келсек, монғолша: зөөх — тасу (затты) (Мон.-каз. сөз., 99); қалмақ тілінде де «зөөх» тұлғалы сөз осы мағынада ұшырасады (Рус.-кал., 351). Бұл жерде біз «т», «з», «ж» дыбыстарының осы тілдерде бірінің орнына бір қолданыла беретіндігінің куәсі болдық. Алып жүретін немесе тасылуға тиісті белгілі бір нәрсе болу керек. Бар нәрсеге ат қою қажеттігі туады. Осыдан келіп, «алып жүру» мағынасының алғашқы «тук» немесе «зөөх» атаулары іс-қимылдың объектісі болған бұйымға, затқа көшкен. Ол бірден, төтеннен емес, бірте-бірте ауысқан. Оған да кейбір тіл деректері кепіл бола алады. Якут тілінде цук — салу, тиеу мағынасында айтылады (Э. Пек., СЯЯ, I, 718). Алып жүретін затты адам арқасына не бір көлікке арту қажеттілігінен келіп, «алып жүру» мағынасын беретін «түк» немесе «зөөх», енді «салу» мағынасын немдене бастағанын көрдік.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де «йуг» тұлғалас сөз «тнеу», «салу» мағыналарын бере бастағандығын көреміз (ДТС, 283).

Сөйтіп, бұл жолдардан «жүк» сөзінің дәл бүгінгі күнгі мағынаға жету үшін талай тарихты басынан кешіргендігін тіл деректері тапжылтпай дәлелдеп бергендей.

**Жүнжу.** Азып-тозу, жүдеу, еңсесі түсу, берекесі кету тәрізді мағыналарда қолданылатын сөз. «Жігіт... күрт сынып, жүнжіп кетті (Э. Тарази, Үлкен ауыл). Ертедегі түркі жазба ескерткіштеріндегі сөздерден тұлғасын әрі мағынасын көп өзгеріске душар етпей, сақталған сөздердің бірі деуге болады. М. Қашқари сөздігінде йунчы — нашарлуа, қапы қалу; ал йунчыг — әлсіз, жарамсыз..., арық мағыналарына мезгейді (ДТС, 280). «Қажыған, шаршаған» мағыналарында «йунчи» тұлғасында қазіргі кездегі Тобол татарлары тілінен де ұшыратамыз (В. Рад. Опыт..., III, I, 598). Біздің байқауымызша «жүнжу» етістігінің алғашқы мағынасы — «қапы қалу» дегенді ұғындырған сияқты. Ал қалған мағыналар соның салдарынан туындаған деуге болады. М. Қашқари сөздігінде кездесетін «ер йучыды» (ер қапы қалды) мысал біздің осы жорамалымызды онша теріске шығара қоймайды. Өйткені, «нашарлау, әлсіз, жарамсыз болудың» бәрі өмірде қапы қалудың нәтижесі болмақ.

**Жыға танымау.** Орфографиялық сөздікте болмаса да, қазіргі түсіндірме сөздікте — дәл кім екенін жақсы танымау мағынасын беретіндігі көрсетілген. Тіркестегі «жыға» сөзі қазіргі қазақ тілінде жеке, дербес қолданылмайды.

Алайда, басқа түркі тілдерінде, оның ішінде якут тілінде «жыға» сөзімен тұлғалас «ыға» жеке тұрып — күшті, өте мықты сияқты үстеу мағыналарын береді. «Жыға» сөзімен «ыға» тұлғасын салыстыра қарауда, тілдегі тағы бір заңдылықты еске салмаса болмайды. Якут тілінде бізбен ортақ кейбір сөздердің бастапқы дыбысы түсіріліп айтылады. Мысалы, қазақша «сегіз», якут тілінде «ағыс» тұлғасында ұшырасады. «Жыға танымау» тіркесінің мағынасы, дәлірек айтсақ, «мықты танымау», «өте танымау» болады екен: «Есжан..., мені *жыға танымады*» (А. Ханкелдин, Өткен күн).

**Жым-жылас.** Қос сөздің бірінші сыңары тек қазақ тілінде ғана емес, басқа да түркі тілдерінде «тыныш» мағынасын береді, хакасша сым — тыныш; якутша чуумпу — тыныш, тым-тырыс және т. б. Сондықтан бұл туралы әңгіме қозғап, оның төркінін іздестіру артық.

Ал, қос сөздің екінші сыңары — «жылас» қазақ тілінде жеке қолданылмай, тек «жым» тұлғасымен тіркесіп қана — теп-тегіс, жып-жылмағай деген мағынаны береді. «Жалпақ дала *жым-жылас*, ой-шұқырын білу қиын» (Ғ. Мұстафин, Дауыл).

«Жылас»-пен тұлғалас сөздер кейбір түркі тілдерінде жеке, өз алдына тұрып та тиісті мағына беретіндігін көреміз. Хакас тілінде чылаас — жалаң, жалаңаш сияқты мағынада айтылады. Осы дерекке қарағанда, «жылас» тұлғалас сөз өте ертеректе қазақ тілінде де қолданылған да, кейін келе дербестігін жоғалтып, қос сөз құрамында ғана сақталған дей аламыз. Жалаң, жалаңаш жер тек қана тыныштық ұясы бола алатынын ескерсек, қос сөздің алғашқы сыңары (мағына жағынан алғанда) соңғысының нәтижесі екендігін байқау қиынға түспейді.

**Жылмай ағу.** Түсіндірме сөздікте — ішке ас тұрмау, бойына жұқпау мағынасында көрінеді. «Бойларына жұқпай, *жылмай ағып* жатыр (Р. Тоқтаров, Ертiс.).

Тіліміздегі «жылмай» сөзінің алғашқы мағынасы тіпті басқаша болғандығын кейбір түркі тілдері, қала берді монғол тобындағы тілдер дерегі анықтайды. Якут

тілінде ньылба — түсік (Рус.як. сд., 1968, 317). Якут тіліндегі бұл мағынағы өткен ғасырдағы Э. Пекарский сөздігі де толықтырады (Э. Пек., СЯЯ, II, 1843). «Түсік» сөзінің мағынасы әрбір қазаққа мәлім. Дегенмен анықтай түссек, хайуан не адам бойындағы ұрықтың мезгілсіз түсуі. Якут тіліндегі «нь» дыбысы орнына қазақтарда кейде «ж» қолданылатынын тағы ескертеміз (нымпигр — жымқыру т. б.). Ал монғол тілінде «түсік» мағынасы — зулбадас, ал «түсік түсу» — зулбах сөздерімен беріледі (Мон.-қаз., 100). Осылардағы «зулба» — тұлғасы жағынан біздегі «жылмайдан» алшақ еместігі көрініп тұр.

Қазақ тіліндегі «жылмай» түсінігі — ұқсату, сәйкестендіруден пайда болған туынды мағына нәтижесі. Ішкен асты асқазан үлгіртпесе бойға сіңбейді. Ал бойға сіңбеген тамақ бапталмай, сыртқа мезгілсіз шығатыны мәлім. Демек, ішкен дәм түсікке сәйкес. Сұйық зат түспейді, осы себептен де «жылмай» сөзіне «ағу» етістігінің қосарлануы да заңды.

**Жым-жырт.** Кейде «тып-тыныш» сөзінің синонимі ретінде осылай да қолдана береміз. «Жұрт құлаққа ұрған танадай жым-жырт болды» (Ғ. Мүсірепов, Тула толқын.).

Қос сөздің алғашқы сыңары «жым» туралы «жым-жылас» мағынасын талдағанда баяндағанбыз. Ендігі мәселе екінші сыңары — «жырт»-тың тарихы жөнінде. Мұның өзі кейбір қос сөздердегідей мағынасыз дүние емес екендігі басқа бір түркі тіліне назар аударғанда анықталады. Тува тілінде «тыныштық» мағынасында айтылатын «оожум» сөзімен бірге, соған синоним ретінде «ыржым» да қолданылады. Алғашқы «оожум» біздегі «жым» сөзімен тұлғалас екендігі көрініп тұр. Ал екінші «ыржымға» қазақ тілінде сәйкес сөз табу қиын. Алайда ерте кездерде бұл тұлғалас сөздің түркі тілдерінде болғандығына тува тілінде кездесуі куә.

Тілде қатар тұрған дыбыстардың орын алмастыру (метатеза) заңдылығы бар. Осыны тілге тиек етсек, тува тіліндегі «ыржым» қазақ тілінде «ыжрым» тұлғасына айнала отырып, соңғы «м» орнына «т» дыбысын қосып алып «ыжырт» тұлғасына дейін жеткен. Одан әрі қос сөз құрағанда өзімен мағыналас «жыммен» тіркесе келіп — «жым-ыжырт» түріне түскен деуге болады. Кейін келе екінші сөздің басындағы «ы» түсіріліп, «жым-жырт» күйінде «тыныш-тыныш» мағынасын иеленген.

**Жырғалу.** Мағынасы — аспай-саспай, керіліп-созылу, манаурау делінген түсіндірме сөздікте, «Сенің бәйбішең *жырғалып* бір тамақ істеп бергенше шегіміз шұрқырайтын болды» (Луызскі тіл). Дәл осы існеттес мағынада кейде «ырғалу» дыбыстық құрамда да айтылады. «Ырғалып, орнынан ол әрең тұрды, Түрегеліп ант ұрған шалды көрді» (Абай тілі сөздігі, 1968, 177). Екі сөз бірігіп «ырғалып-жырғалып» сияқты қос сөз қалпында да қолданылады. Мұның өзі олардың мағына бірлестігін білдіреді.

Сөз төркініне шолу жасай келгенде «жырғалу» сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы — туынды мағына екені анықталады.

Қырғыз тілінде жырға — рақаттану, ләззат алу, ал жырғал — рақат, ләззат (К. Юд., КРС, 283), якуттарда үөрүү — 1. рақаттану, 2. қуаныш, көңілдің көтерілуі (Рус.-як., 659; Як.-рус., 455). В. Радловтың сөздігі бойынша, Алтай төңірегіндегі кейбір түркі тілдерінде, <:иырға — тайлак, көңіл көтеру; иырғал — той, қуаныш көңілділік (В. Рад., Опыт..., III, 1, 476).

Адам баласы тойлап, қуанышқа бөленуден көңілі рақат тауып, ләззат алатынын ескерсек, Алтай төңірегіндегі түркі халықтары тіліндегі «йырға» сөзінің мағынасы алғашқы болу керек те, қырғыз тіліндегі «жырға» мағынасы одан кейінірек пайда болған сияқты. Ал қазақ тіліндегі «жырғалу» мағына жағынан бәрінен соң туынды. Қазақтарға «рақат», «ләззат» сияқты араб. парсы тілдерінен ауысқан сөз «жырғалу» мағынасын меншіктенген соң, ол өзіне басқа мағына қабылдаған.

Шындап келгенде, «жырғал» мен «ырғалдың» алғашқы тұлғалары да бірдей болған. Басқа түркі тілдерінің біріндегі «йырғал», екіншісіндегі «үөрүү» тұлғалары қазақ тілінде «жырғал», «ырғал» дыбыстық құрамында көріне отырып, өмірде екеуі де қолданылатын болған. Демек, екі сөздің алғашқы тұлғасы да, мағынасы да, бірдей болған. Рақат өмір нәтижесі «жай қозғалып, салғырттыққа жетектейтіндігін «жырғал» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасынан байқап отырмыз.

**Жігіт.** Бүгінгі түсінігімізде — ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат, бозбала. «Елемес — аузынан мәйегі шығып тұрған жас *жігіт*» (С. Омаров, Қайырлы.).

«Жігіт» сөзінің ертедегі, алғашқы мағынасы өзгешерек болған. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі Кюль-Тегин немесе Тоныкөк жазуларына көңіл аудар-

сақ, «ігід» сөзін оқып, «қолдау, көтермелеу» деген түсінік аламыз. Ал Юсуп Баласағұнның «Хұдатқу білігі» еңбегінде «ігід» — тәрбиелеу, дағдыландыру, өнеге беру мағыналарына ие (ДТС, 204). Осы деректерге қарағанда, қазіргі қолданылып жүрген «жігіт» деген сөзіміздің алғашқы мағынасы «қолдау, көтермелеу», одан бері келе «өнеге беру, тәрбиелеу» мағынасына дейін жетіп, ең соңында, біздің кезімізде, өнеге көрген, тәрбие алған, ой-өрісі қалыптаса бастаған адамға айтылатындығын көріп отырмыз.

**Жіпсу.** Қазақ тілінде терлей бастау, бусану осылай айтылады. «От қызуына жазық маңдайы *жіпсіген* Ақан басын төмен салып, ұзақ ойланып қалды» (С. Жүнісов, Ақан сері).

Бірқатар түркі тілдерін қарастыра келгенде дәл бұл тұлғадағы және мағынасы сәйкес сөзді кездестіре алмадық. Дегенмен кейбір түркі тілі мен тунгус-маньчжур тілдерінің дерегіне сүйеніп жорамал айтуға бет алдық. Тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде: чив — ағу (ССТМЯ, II, 389). Сөздікте бұл тілдерге якут тілінен ауысқандығы белгіленген. Якуттарда чіпкын — саңылаудан құйылу мағынасына нұсқайды (бұл да сонда). Байқап қарасақ, ағу, құйылу — белгілі бір сұйық заттың қозғалысына арналған сөз. Ол сұйық зат — кейде адам денесіндегі тер бөлуі. Бір ғажабы «тер ақты», «тер шықты» деп айтамыз да, ал «тер жіпсіді» тіркесін қолдану дағдыға айналмаған. «Тер» сөзін қоспай-ақ «жіпсіді» десе адамға тердің келе бастағанын түсінеміз. Мұның өзі ертеден келе жатқан, қалыптасқан дәстүр сияқты. Сондықтан да «жіпсудің» берер мағынасын «термен» қосақтамай іздестіруге болатындығы байқалады. Бұл ретте бізге жәрдем беретін тіл — тува тілі болмақ. Оларда шимчээр — 1) қозғалу; 2) қозғала бастау (Рус.-тув. сл., 127) мағыналарына нұсқайды. Тіліміздегі «жіпсу» де, немесе «шып-шып терлеу» де осындағы түбір сөз «шим» тұлғасымен байланысты болуы ықтимал. Өйткені «жіпсу» дегеніміз әлі шындап терлеу емес, оның тек қозғала түсіп, денеден көріне бастауы.

**Жіптіктей.** 10 томдық түсіндірме сөздігіміздің ұғындыруы бойынша, жіптіктей мағынасы «сыптығыр етіп ширатылған жіңішке жіп немесе сол сияқты басқа бір зат; талшық; жіп-жіңішке» делінген де, мысалға мына сөйлемді келтірген: «Ол *жіптіктей* болып, ордың ішінде тұр екен» (Ә. Нұршайықов, Батыр.). Ал 1959—61 жыл-



дары шыққан екі томдықта: жіптіктей — тәп-тәуір, теп-тегіс, ып-ықшам, әп-әдемі, сымбатты мағынасында түсіндірілген де, «Түтіктің аузы дөн-дөңгелек, орта белінен жоғары жері *жіптіктей* түп-түзу қырлы екен (Иманжанов)» деген мысал берілген.

Осы екі түсініктің қайсысы дұрыс деп талдап, сарапқа салу, дәл қазір, біздің міндетіміз емес. Ол туралы **төрелікті оқырмандар** айтқаны лазым.

Өз міндетіміз — «жіптіктей» сөзінің тарихи дамуына бет бұрсақ, дәл осы тұлғаға сәйкес сөзді тек якут тілінен табамыз, бірде: сөптөөх — тұрарлық, лайықты, қолайлы мағынасын берсе (Як.-рус. сл., 336); екінші бір — «чэбдик» дыбыстық құрамдағы сөз — дені сау, ширақ, сергек, күшті іспеттес мағыналарында қолданылады. (Як.-рус. сл., 516).

Біздің шамалауымызша, қазақ тіліндегі «жіптіктей» сөзі осы якут тіліндегі тұлғалармен дыбыстық құрамы әрі мағына жағынан қабысып, жағысып жатқандай. Якут тіліндегі «сөптөөк» сөзі және оның мағынасы алғашқы болса керек те, ал «чэбдик» тұлғасы мен оның мағынасы кейін пайда болған деп жорамалдаймыз. Өйткені алғашқы сөздің түбірі «сөп», ал мағынасы — дұрыс, жақсы, жарамды деген ұғымға нұсқайды.

Якут тілінің өзінде дыбыс сәйкестігі нәтижесінде алғашқы бір түбірдің өзгеріске түскенімен жалпы ұқсастығын жоймай, мағына жағынан да бірі екіншісінің салдары, нәтижесі екендігі байқалады.

Ал Қазақ тілі қолданылуында якут тіліндегі туынды түбір «сөптөөк» не «чэбдик» тұлғасына сын есім жұрнағы -тей қосылып, «сөптөөктей», «чэбдиктей» тұлғаларын **тудырып**, тіліміздегі заңдылыққа сәйкес «жіптіктей» қалпына жеткен. Мағына жағындағы өзгеріс онша алшақ кетпеген.

**Жіті.** Қазіргі қазақ тілінде — қырағы, көргіш, байқағыш мағынасында, көбіне тек «көз» сөзімен тіркесе қолданылады. «Күйшінің *жіті* көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады» (Т. Ахтанов, Дала сыры).

«Жіті» сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы түркі тілдерінде өте ертеде пайда болған тұрақты тіркестің сақталғандығын аңғартады. Онда йіті көзлүг — өткір көзді (ДТС, 263) мағынасында қолданылған. Ал басқа заттың өткірлігіне «жіті» сөзі қазақ тілінде айтылмайтыны белгілі.

Ертедегі түркі тілдерінде «йіті», «йітіг» тұлғалы сөз-

дер кесетін құралдың өткірлігін білдірген: «бу менің йіті қылышымын көрүңләр» (ДТС, 263) — «мына менің өткір қылышыма қарандар» немесе «нечә йітіг бичәк ерсә өз сапын йонумас» (сонда) — «иынақ қанша өткір болса да өз сабын жона алмас».

Қазіргі кездегі көптеген түркі тілдерінде әр түрлі дыбыстық ауытқушылықпен «йіті» немесе «йітіг» сөздері «өткір» (кесетін заттар үшін) мағынасын осы күнге дейін сақтаған: әзербайжан, түрік, қырым татарларында — іті (В. Рад. Опыт..., I, 2, 1502); түрікмендерде — йити (Рус.-туркм. сл., 1956, 435); тува тілінде — чидиг (Рус.-тув., 1980, 346); хакасша — чітіг (Хак.-рус., 1953, 319), якуттарда — сытыы (Рус.-як., 1968, 377) және т. б.

Қорыта келгенде, ертеден мәлім, «йіті» сөзі қазақ тілінде тек көзбен тіркесте ғана сақталған да, қалған жағдайларда оны қазір қолданылып жүрген «өткір» сөзі ығыстырған.

### 3

**Зуылдау (зу ету).** «Өткен өмірім, маған бір сәттей жоқ, *зу етіп* көз алдымнан өте шықты» (І. Есенберлин, Алтын.). Қазіргі түсінігіміз бойынша «зу ету» немесе «зуылдау» етістігінің мағынасы — көз ілеспейтін тездікті ұғындырады.

Сырт қарағанда, «зу» сөзінің алғашқы пайда болу негізінде дыбысқа еліктеушілік бар сияқты. Бұлай көрінудің себебі — сөздің түркі тілдеріне парсы тілінен өте ертеде ауысып, етене болып кеткендігінен деп шамалауға болады. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде зуд — «жылдам» мағынасында қолданылғандығы көрсетіліп, парсы тілінен ауысқандығы белгіленген (ДТС, 639). Мұның дұрыстығын парсы тілінің деректері анықтай түседі: зуди — жылдамдық, шапшаңдық; асығыстық мағыналарында қолданылады (Пер.-рус. сл., 1983, I, 771). Жоғарыда мысал үшін келтірілген сөйлем ішіндегі «зу етіп» тіркесі орнына «жылдам», «шапшаң» сөздерінің бірін қойсақ та мағынаға нұқсан келе қоймауының өзі айтылған пікірімізді теріске шығармайды.

**Зымиян.** Қазіргі түсінігімізде сұм-сұркия, залым, қу мағыналарына нұсқайды. «Шорқақ, аңғал жігітке *збл-миян* қыз түлкіше құйрығын шалдырып жүрсе керек» (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

Кейбір түркі тілдері деректеріне қарағанда, «зымиян» сөзінің біздегі қазіргі мағынасы кейінірек пайда

болған, туынды мағынаға ұқсайды. Мысалы, якут тілінде «сымыйа» тұлғасы қазақ тіліндегі - - отірік, жалған ұғымында қолданылады (Рус.-як. сл., 1968, 262). Көрсетілген тұлға (сымыйа) қазақ тілі қолданысында сөзкем дыбыстық өзгерістерге түсіп («о» орнына «э») және соңына «п» жұрнағының қосылуы нәтижесінде мағына жағынан да өзгеріске душар болған. Шып мәнісінде де, отірік пен жалғандықтың өзі сұрқиялық, залымдық, қулықпен негіздес екенін теріске шығару оңай жұмыс емес.

Сөйтіп, «зымыян» сөзі тұлғалық жағынан мынадай өзгерістерді басынан өткізген де (сымыйа+п>сымыйан>зымыйан>зымыян), үстеме мағынаға ие болған.

**Зілдей.** Қазіргі қазақ тілінде бұл тұлғалы сөз «шамадан тыс ауыр» мағынасын аңғартады: «Батыр үлкендігі баланың басындай, *зілдей* қайың шоқпарын үйіріп... Ақжол биді көргеннен-ақ ақырды» (І. Есенберлин, Алмас...).

Сөз түбірі «зіл» екендігі даусыз. Төркінін іздестіргенде де осыны еске алмасқа болмайды. Шынына жүгінсек, тілімізде «зіл» жеке тұрып та белгілі бір мағына беретіні рас. Ол да салмақтың ауырлығымен байланысты. Мысалы, «зіл қара тас» тіркесіндегі «зіл»— «ауыр» мағынасына нұсқайтыны баршаға мәлім. Әдетте, сапалық сын есімдерге -дай, -дей сияқты жұрнақтар қосылмайды. Демек, «ауыр» сын есіміне -дай жұрнағын жалғап «ауырдай» деп айту сөлекет көрінсе, оның баламасы есебінде қолданылып отырған «зіл» сапалық сын есіміне -дей қосымшасын жағыстырып «зілдей» деу де ерсі. Осыған қарағанда біз талдағалы отырған «зілдей» сын есімінің түбірі «зіл», біз ойлағандай, сапалық сын есім емес, басқа сөз табы, дәлірек айтсақ, зат есімнен -дей жұрнағы арқылы жасалған қатыстық, басқаша түсіндірсек, туынды сын есім. Олай болса; «зіл» алғаш белгілі бір нәрсенің атауын білдірген, соны анықтау қажет.

Араб тілінде «жилле» сөзі «үлкен», «ұлы» мағыналарында қолданылады (Араб.-рус. сл., т. I, 162). Сөз таптары тұрғысынан қарасақ, бұл сөздер де сапалық сын есімдер. Бұған бізге тән -дей жұрнағы қосылған десек, жоғарыда көрсеткеніміздей, тіл заңдылығына қайшы келеді. Демек, бұл жорамал іске аспайды.

Монғол тобына жататын тілдердің кейбіреуінде «зіл» тұлғасына сәйкес сөздер кездеседі. Монғол тілінде

«заан», қалмақтарда «зап» тұлғалары біздегі «піл» мағынасында қолданылады. Ал тунгус-маньчжур тілдерінде, әсіресе, эвенкі тілінде «сэлс» немесе «сэлли», тунгус тілдерінің диалектілерінде «хэллн» сөздері «мамонт» мағынасын ұғындырады. Ең соңында, кет тілінде «сыл» тұлғасы да «мамонт» мағынасын береді. (ССТМЯ, т. I, 1975, 140). Түркі тілдерінде «фил» немесе «пил» тұлғалары қазақ тіліндегі «піл» мағынасымен бірдей. Келтірілген деректерден байқайтынымыз — бірнеше дыбыстардың өзара сәйкестігі. Сөз басында з-с-ф-п-х, ортасында а-э-и-і, ал сөз соңында н-л дыбыстары бірінің орнын бірі алмастырып тұр. Дыбыстардың бұндай өзара сәйкестіктері алтай тілдері, оның ішінде түркі тобындағы тілдерде жиі ұшырайтын заңды да табиғи құбылыс. Мұның өзі бізге ХІХ ғасырдан, Н. И. Золотницкийдің «Корневой чувашско-русский словарь, сравненный с языками и наречиями разных народов тюркского, финского и других племен (Казань, 1875 г.)» атты еңбегінен белгілі. Дерегіміз дәлелді бола түсуі үшін осы еңбектен екі-үш мысал ұсынайық. Қазақ тіліндегі «жұлдыз», «сегіз», «су» сөздері татарларда «йулдуз», «сигез», «су»; якуттарда «сулус», «агыз», «у»; чуваштарда «счулдыр», «сагыр», «шу» тұлғаларында көрінеді (еңбектің VII, VIII беттері). Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері міне, осы қалыпта көрініп отырады.

«Заан», «сэлле», «сыл», «хэллн», «фил», «пил», «піл» сөздері қалай, қандай жағдайда «мамонт», «піл» мағынасына ие болған? Бұл сұраққа жауап беруде сол хайуанның мөлшер, салмағын еске алған лазым. Өте ерте дәуірде, өз кезінде құрылықтағы хайуандар ішінде ең ірісі мамонт болғаны белгілі. Ірілігі, көлеміне қарай оның салмағының өзі де өте ауыр болуы табиғат заңдылығы. Олай болса, осы тұста, сөз болып отырған хайуанның бұндай қасиетін білдіретіндей түркі тілдерінде сөз кездесе ме деген тағы бір сұрақ көлденең тұр. Ондай сөз түркі тілдерінде бар. Мысалы, якут тілінде сүннэ — үлкен; орасан зор; урду тілінде пинн — жуан, семіз, ауыр (Г. Е. Корнилов, Алтайские параллели к чувашским названиям оленя, верблюда и слона. В сб.: Проблема общности алтайских языков. Л., 1971, 212) мағыналарына мезгесе, монғолша жин — ауырлық; жинтэй — ауыр мағыналарын түсіндіреді. Бұл жерде тағы да дыбыс сәйкестіктерін ескермеске болмайды. Шамасы, бір замандарда үлкен, зор әрі ауыр салмақты хайуандарға

жоғарыда көрсетілген, «жин», «нинн», сөздері атау болып берілген сияқты. Осы соңғы ойымызды тағы бір түркі тілінің дерегі дәлдеп, анықтай түседі. Ноғай тілінде «зил» сөзі «бегемот» мағынасында қолданылады (Ног.-рус. сл., 114).

Біздің топшылауымызша, «зил» және осы іспеттес, жоғарыда келтірілген, дыбыстық сәйкестіктегі сөздер алғаш зор, үлкен және ауыр деген мағыналарды меншіктеніп, кейін келе осындай қасиеттерді иеленген мамонт, піл, бегемот тәрізді ірі хайуандарға атау болып қалыптасқан.

Кейінірек түркі тілдерінде, оның ішінде қазақтарда -дей жұрнағын қабылдау нәтижесінде белгілі бір заттың немесе жан иесінің ауырлық салмағын анықтайтын өзгеше мағынаны иеленген. Сөйтіп, «зілдей» сөзі қазіргі қазақ тілінде мамонт, піл, бегемот сияқты салмақты хайуандармен салыстыру арқылы пайда болған. Кейде тілімізде «пілдей» деп қолданылудың өзі де осы ойымыздың куәсі бола алады. Әрине, «зілдей» теңеуі «пілдей»-ден әлдеқайда бұрын пайда болған.

Ноғай тілі мен қазақ тілінің өте жақындығын еске алсақ, «зілдей» дегеніміз «бегемоттай ірі, ауыр» дегенге нұсқайтынын дәл, кесіп, анық айтуға тура келеді.

## И

**Игеру.** Түсіндірме сөздікте бұл сөздің мағынасы — меңгеру, басқару, іске асыру, пайдалану. «Жас лейтенант... механиктермен танысып, мұндағы жаңалықтарды лезде *игеріп* алды» (Т. Бигелдинов, Асп. аяқас.). Мысал үшін алынған осы сөйлемде игеру етістігі «меңгеру» мағынасының орнына қолданылып тұрғаны рас.

Ертедегі түркі тілдерінің жазба ескерткіштеріне назар аударсақ, «игеру» сөзінің алғашқы кездегі тұлғасы мен мағынасы сәл өзгеше болғандығын байқаймыз: едгәр — жөндеу, жақсарту мағыналарында қолданылған (ДТС, 163). Қазіргі қазақ тілінде «едгәр»-дің тұлғасы «игер» қалпына дейін, мағынасының «меңгеру, іске асыру» сияқты болып өзгеруі таңдандырмаса керек. Өйткені дыбыстардың өзара сәйкестігі тілдегі заңдылық болса, сөз мағыналарының ішінара өзгеруі де қоғам дамуымен байланысты болып отыратын құбылыс. Шындап келгенде, жөндей білу, жақсарту білу ғана меңгеру

білуге жеткізеді. Демек, кейінгі мағына іс-әрекет нәтижесінен туындағаны сезіліп тұр.

**Итаршы, итаршы болу.** Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде «итаршының» жеке тұрғандағы мағынасы кішкене, шәуілдек ит деп түсіндіріліп, «көне сөз» деген белгі қойылған. Ал, «Итаршы болу» тіркесі сойылын соғып, жарамсақтану сияқты мағына беретіндігі көрсетілген.

«Итаршының» кішкене, шәуілдек ит тәрізді мағынасын біз ертедегі жазба ескерткіштер дерегінен кездестіре алмадық. Алайда, көне түркі сөздігінде (итөрчи — құсбегі, сұңқар салушы (хандардың қол астындағы) адамдар деген мағынада ұшыратамыз (ДТС, 215). Хандар қарамағындағы мұндай адамдар жағымпаз, жарамсақтанғыш болатындығы әркімге де аян. Осындай мінездерге ұқсату, салыстыру нәтижесінде кейбір адамдарға «итаршы болу» атағы тағылып, қалыптасып кетуі сенбестік нәрсе емес: «Малшы болса да, итаршы болмаған кедей жақсы» (М. Әуезов, Абай жолы.).

**Итию.** Қазіргі түсінігіміз бойынша, «құлап кетердей, ілгері қарай еңкею, итіну» мағыналарында көрінеді (10 томдық түсіндірме сөздіктен). Мысалы, «Олар отқа итие, бірін-бірі ықтай берді» (А. Жүнісов. Өмір ізі.).

Егер «Түсіндірме сөздіктегі» осы сөздің мағынасына берілген анықтамаға бой ұрсақ, «итию» дегеніміз «итінудің» синонимы қалпында көрінеді. Міне осындай сөз түсінігіне күмәндану туған шақта, оның тарихына үнілу қажеттігі пайда болады.

Қырғыз тілінде «итий» сөзінің мағынасы «рахит» ауруын білдіреді (К. Юд. КРС, 305). Біздің байқауымызша, мұндай ауруға ұшыраған адамның (кішкене балаларда болатын ауру) қол-аяғы жіңішкеріп әрі қисайып, дене құрылысы ұсқынсыз өзгеріске ұшырайды. Сондықтан да «итию» сөзінің «итіну»-ге синоним болуы екіталай.

Сөйтіп, біз әңгіме етіп отырған «итию» етістігінің төркіні — «итий» аурумен ауырған адам денесіне ұқсату нәтижесінен пайда болған сияқты.

## К

**Кебіс.** Мәсінің сыртынан киетін галош сияқты аяқ киім түрі тілімізде осылай аталады. «Ол иығына шапан, аяғына кебіс киіп, топқа қарай жөнелді» (Д. Әбілов, Арман.).

Бұл сөз аяқ киім мағынасында прап тілінде де бар. Бірақ тұлғасы «кәфш» қалпында көрінеді (Пер.-рус. сл., 1983, 335). Әрине, бұл сөз түбірінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын да прап тілінен іздеп табамыз. Онда «кәф» немесе «кәфф» — аяқтың табаны деген мағынада қолданылады (бұл да сонда, 333). Дүние жүзіндегі бірқатар тілдерде (үнді, араб, ескі ағылшын, фин, эстон сияқты тілдерде) «лоф», «кәпп», «кәппә» тұлғалы сөздер «табан» мағынасында (В. М. Ил.-Св., ОСНЯ, 1971, 347) ұғынатындығын да ескерте кетеміз. «Табан» мағынасын беретін басқа тілдердегі «кәф», одап туындаған «кәфш» сөздері қазақ тіліне ауысқаннан кейін «кебіс» іспеттес дыбыстық өзгеріске ұшырап, мағынасын дәлірек қазақшаласақ — «табандық киім» болмақ.

**Кезену.** Қазіргі түсінігіміздегі бұл тұлғалы етістік мағынасы қолындағы қаруын біреуге не бір нәрсеге қарай оңтайлау, оқтау; көздеу. «Салт атты адамдар сойылдарын оңтайлап, найзаларын *кезен* күйғытып келеді (З. Ақышев, Ақбал.).

Сөздің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы аз да болса өзгеріске түскендігін басқа түркі тілдерінің деректері арқылы айқындау қиын емес. Дәлірек айтсақ, біздегі мағына белгілі бір ойға алған мақсатты орындау үстінде қолданылатын іс-әрекет негізінде пайда болған. Қазақтарға тіл жағынан бір табан жақын хакас, қырғыз тілдерінде мынаны көреміз. Хакас тілінде кизен — қорқыту, қауып төндіру (Хак.-рус. сл., 1953, 73); қырғызша кезен — қауып төндіру, сескендіру (К. Юд. КРС, 1965, 366). Бұл тілдердегі «кизен», «кезен» сөздерінен іс-әрекеттің тура мақсаты көрініп тұр да, ал біздегі осы тұлғалас етістіктен сол мақсатты орындау жолында қолданылатын айла, әдіс байқалады.

**Кейуана.** Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде кейуана жасы ұлғайған, ақ ниет әйел; кәрі, қарт мағыпаларында көрінеді. «Үстін-үстін күрсініп алған *кейуананың* әлсіз үні қалтырап шықты» (Ж. Еділбаев. Тергеуші.).

«Кейуана» тұлғасын көрсетілген мағынада басқа түркі сондай-ақ араб, парсы тілдерінен кездестіре алмадық. Алайда, осыған негіз, төркін боларлық сөзді монғол тобындағы тілдерден ұшыратамыз. Монғол тілінің өзінде хэээний — көптен бергі, ежелгі (Мон.-қаз. сөз., 1954, 310), қалмақ тілінде кезәнә — әлдеқашан, бұрыннан (Рус.-кал. сл., 1964, 127) деген мағыналарға нұсқайды.



Егер осы деректерге табан тіресек, «кейуана» сөзінің төркініне, тарихына жорамал айту қиынға соқпайды. Бізде бұл сөз көбіне адаммен байланысты қолданылатындығы жоғарыда келтірілген мысалдан белгілі. Көп жасаған адам өзінен кейінгі жастарға ежелден, әлдеқашаннан келе жатқан сияқты болып көрінуі заңды жағдай. Монғол тілдеріндегі, әсіресе, қалмақ тіліндегі «кезәнә» сөзі қазақтарға ауысып, кейін келе төл сөзіндей қалыптасқан деу шындықтан алыс кетпейтін тәрізді. Сондай-ақ, оның дыбыстық өзгеріске ұшырауы да тіл заңдылығына қайшы келмейді. Өйткені, басқа тілден ауысқан сөз былай тұрсын, түркі тілдерінің өзінде де т~з~й дыбыстарының өзара сәйкестеніп қолданыла беретіні белгілі нәрсе (якутша — атах, хакасша — азах, қазақша — аяқ). Дәл осы жолмен «кезәнә» сөзі қазақ тіліне ауысқаннан кейін «кейәнә» қалпына түскен де, одан әрі «кейуәнә», «кейуана» күйінде айтылу дағдыға айналған деуге болады. Көрсетілген сөз үнемі жасы ұлғайған адамға айтылатындықтан оған «қарт», «ана», «ата» сияқты сөздердің қосарлануын артық көрген деп білеміз. Сөйтіп, «кейуана» дегенде, «ежелден, әлдеқашаннан келе жатқан», «көпті көрген адамды» ұғынатынымыз дағдыға айналған.

**Келемеж.** Біреуді келекелеп, ажуалап, мазаққа, күлкіге айналдыруда осы сөз жиі қолданылатыны әркімге белгілі. «*Келемежге* үйір, ойын тура айтатын Шукарь шал Макардың суретін айна-қатесіз келтірді». (І. Омаров, Шабыт.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерін қарастырғанда «келемечі» тұлғалы сөз қазіргі тіліміздегі «аудармашы» (переводчик) мағынасында қолданылғандығын көреміз (ДТС, 296). Аудармашының ол кездерде неліктен «келемечі» аталуының өзінде де сыр бар. М. Қашқари сөздігінде «келәчү» сөзі қазіргі тіліміздегі «сөз» дегеннің орнына жүрген. Аудармашының негізгі жұмысы — бір тілден екінші тілге сөздерді аудару екендігін білген адамға оның «келемечі» аталуының да себебі түсінікті.

Ендігі жауап күтетін сұрақ — біреуді ажуалап, мазақтауға мына «келемечі»-нің қандай қатысы бар, бұл сөздерге (мазақтау, ажуалау, келеке ету) қалайша синоним болып қалыптасқан? Мұның басты себебі қоғам дамуымен байланысты сөз мағыналарының қозғалысқа түсіп, өзгеріп отыруында деп білеміз. Біреуді мазақтау дегеннің өзі — белгілі бір адамның жүріс-тұрысын, соған

тән қимылды, бет әлпетіндегі түрлі құбылыстарды екінші адамның өзіне аударып, сол қалыптас, пішіндес қозғалыстарды бейнелеп көрсету. Бұл жерде біз сөзді аударумен емес, адам бойындағы іс-қимыл, қозғалысты аударумен істес болып, соның куәсі болғандаймыз. Осындай себептермен «келемечі» сөзі алғашқы мағынасынан ажырасып, жаңа, біз әңгіме етіп отырған мағынаны меншіктенген. Кейін келе, біздің тілімізде, бұрынғы «келемечі» мағынасын «аудармашы» сөзі иеленген деп топшылаймыз.

**Келкі, біркелкі.** «... *біркелкі* салынған бұл көшедегі қарағай және тас үйлердің төбесі маған көкті тіреп тұрған сияқты» (С. Мұқанов). «Біркелкі» сөзінің мағынасын, әдетте, біз бірыңғай, бір қалыпты, біртектес деп түсінеміз. Сөз екі түбірден тұратындығы сырт қарағанда да көрініп тұр, алғашқысы — бір, екінші түбір — келкі. «Келкі» сөзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды. Ал кейбір түркі және туыстас саналатын тілдерде жеке, дара тұрып та тиісті мағына бере алады. Якут тілінде холку — бірдей, тең дегенді ұғындырса, тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде һэлки — бірдей, тең мағыналарында қолданылады (ССТМЯ, II, 364). Демек, өте ерте кездерде «келкі» сөзі жеке тұрып та, тиісті мағына бере алған.

**Келте.** Дәл бұл тұлғада — қысқа, шолақ мағынасын түсіндіреді. «Маңмаңгер, кекілің *келте*, жалың майда» (Ақан сері, шығ.).

«Келте» сөзіне -к жұрнағын қоссақ, «келтек» тұлғасында көрініп, берер мағынасы — ағаштан жасалған жуан, қысқа таяқ. «Қолына ұстап бір *келтек*, Айқайлайды жерді өртеп» (Қамбар батыр).

Осылардың қай-қайсысы болса да (келте, келтек) тілімізде жиі қолданылып, бірі сын есім, екіншісі зат есім қызметін атқаратыны белгілі. Алайда, сөздің алғашқы мағынасы әркімге анық бола бермесе керек. Ертеректе бұл тұлғалы сөз (келте) етістік қызметін меншіктенгенін, кейін келе зат есімге ауысқанын туыстас деп саналатын монғол, маньчжур тобындағы тілдер дерегінен көреміз. Монғолдың ертедегі жазба тілінде келтеле — сындырып алу; қазіргі монғол тілінде хэлтлэ — сындырып, бөліп алу; буряттарда хэлтэл — сындырып, бөліп алу. Осы тілдерден ауысқан болуы керек, тунгус-маньчжур тобына жататын нанай тілінде кэлтээ — бір заттың сынғандағы бөлігі (ССТМЯ, I, 446).

Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне монғол тілінен ауысқан «келте» етістігіне қазақ тіліне тәп -к жұрнағы қосылуы нәтижесінде «келтек» сөзі пайда болып, мағынасы бүтіннен сындырып, кесіп алған бір бөлек нәрсенің атауы есебінде қалыптасқан деуге болады. Бүтін не ұзын нәрседен бір бөлегін сындырып алса, алғашқы заттың қысқарып, шолақ болуы да табиғи заңдылық. Сондықтан тіліміздегі осы мағыналардың синонимі болып тұрған «келте» сын есімі де алғашқы етістік «келте» -ден пайда болған. Етістіктен -ақ, -ек, -к жұрнақтары арқылы туындаған зат есімдерге тілімізден көптеген мысалдар келтіру қиынға түспейді (жет+ек, қос+ақ, кес+ек т. б.).

**Кемпірқосақ.** Сөз мағынасы кез келген қазаққа түсінікті. Ал сөз төркіні қайдан шықты деген мәселеге келсек, бұл жөнінде бірен-саран автордың аңызға сүйенген тұспал, долбарын ғана кездестірдік. Мысалы, 1918 жылы Б. А. Куфтиннің ел арасынан жинап,бастырған аңыз, ертегісі. Автордың ойынша, мыстан кемпір аспанда, жаңбырдан кейін өзінің түрлі-түсті қойларын қосақтап саууының нәтижесінде табиғат құбылысының бір атауы келіп шыққан. Ғылымда бұл сияқты жорамалды «халықтық этимология» дейді. Оның дұрысынан бұрысы молырақ болатындықтан, таза тілдік деректерге сүйенген жөн.

Қолда бар тіл деректеріне назар аударсақ, «кемпірқосақ» біріккен сөзінің төркінін анықтауға боларлық мынадай мәліметтерге тап боламыз. 1970 жылғы арабша-орысша сөздікте кузах — әшекейлеу, безендіру сияқты мағына меншіктенсе, ал «кус кузах»— біздегі «кемпірқосақ» дегенді ұғындырады. Араб тіліндегі «кус кузах» тіркесінің алғашқы сыңары — «кустың» мағынасы — «иілген» немесе «доға сияқты» мағыналар береді. Демек, бұл тілдегі «кус кузах» тіркесін қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ «әшекейлі доға» болмақ. Арабша «кус» сөзі «садақ» мағынасына да ие. Жалпы алғанда, иілген заттарға осы сөз қолданылатындығы байқалады.

Тіліміздегі «кемпірқосақ» сөзінің соңғы сыңары (қосақ) қайдан пайда болғандығы дау тұдырмаса керек. Араб тіліндегі «кузах»— бізге ауысқанда «қосақ» қалпына дейін өзгерген. Енді осы өзгерген «қосақ» сөзінің алдына «кемпір» қалайша киліккен. Шын мәнісінде, қазіргі біз қолданылып жүрген «кемпір» мағынасындағы сөз бе? Біздің ойымызша, оның қазіргі «кемпірге» үш қай-

наса сорпасы қосылмайтын сияқты. Мысалы, иран тілінде әрбір піліп жасалған зат атауының түбірі — кем, кеман — садақ; кемер — 1. белбеу; 2. күмбез т. б. В. Рад., Опыт..., II, 2, 1203, 1206). Иран тіліндегі «күмбез» мағынасын беретін «кемер» араб тілінің «кузах» сөзінің алдында тұрып, тіркес құрып, сол күйінде («кемер кузах») қазақтарға ауысып, дыбыстық өзгерістерге ұшырай отырып, «кемпірқосақ» қалпына дейін жеткен. Бұл ойымызды басқа да түркі тіліндегі осы мағынаны беретін сөздер анықтай түседі. Түрікмен тілінде — әлемгошор, якутша — кустук. Осы тілдердегі «гошар», «кустук» араб тіліндегі «кузах» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен тұлғасы деп қарауға болады.

Сөйтіп, «кемпірқосақ»-тың нағыз қазақша мағынасы — «әшекейлі күмбез». Бұл жерде сөздердің орын ауыстыруы да болған (кемер//кемпір — күмбез, қосақ — әшекейлі).

**Кеп.** «Халықтың қарызын өтей алмай, қас масқаралық кепте екенбіз деді» (Бозінген).

Осы сөздің мағынасын берерлік тілімізде кейіп, қалып, сиық сияқты баламалары бар. Осылардың ішінен «кеп» сөзіне мағына жағынан жақыны «қалып» та, тұлға жағынан сәйкестеуі «кейіп». Түркі тілдерінің ішінен бізден басқа «кеп» сөзі якуттарда «киеп» дыбыс құрамында ұшырасып, «форма» мағынасын береді. Біздің жобалауымызша сөз төркіні монғол тілдері болса керек. Монғолдарда хэв — қалып (Қаз.-мон. сөз., 1977, 175); Қалмақ тілінде кев — тұлға (фигура) (Рус.-кал. сл., 1964, 751). Осы сөздер қазақ тіліне ауысып, «кеп» тұлғасына дейін өзгерген де, мағына жағынан өзіміздегі «қалып» сөзімен сәйкестенген.

**Кеп, сөз-кеп.** Қос сөздің соңғы сыңары — «кеп» тілімізде жеке тұрып та, «пікір», «сөз» мағыналарында қолданыла береді: «Ендеше киқақты қой да, шерте баста кебіңді...» (К. Сатыбалдин, Қызыл жалау). Немесе «Құлақпен естімей кепке жарымайсың, қолмен жемей етке жарымайсың» (Мақал). Осы сөйлемдердің қайсысында болмасын «кеп» — әңгіме, сөз мағынасында қолданылып тұр. Сөз төркінің бұрынырақ қарастырған кейбір авторлар «кеп» сөзін қазақ тіліне иран тілінен ауысқандығын айтады (ҚТҚЭС., 1966, 102, Н. Он., ПҚТС., 1974, 231). К. Юдахин түзеген қырғызша-орысша сөздікте де «кеп» — иран сөзі деп белгіленген. Өткен ғасырдағы

Л. Будагов сөздігінде де иран тілінен екендігі көрсетілген.

Әрине, иран тілінде «кеф» тұлғасының «сөз» мағынасында қолданылуы бар. Сондықтан да жоғарыдағы авторлар пікірін теріс деу қиын. Алайда, басқа түркі тілдері және соған жақын саналып жүрген басқа топтағы — монғол, тунгус-маньчжур тілдерінің деректері өзгеше бір мәліметке нұсқайды. Түркі тілдерінен құмық тілінде кап — өтірік, өсек сөз; якуттарда хоп — өсек. Ал монғол тілінде хов — өсек. Тунгус-маньчжур тобына жататын біршама тілдерде ково — өсек (ССТМЯ., I, 403).

Біздің ойымызша, «сөз-кеп» қос сөзінің соңғы сыңарының мағынасы «өсек сөз» дегенді ұғындырса керек. Өйткені «сөз-кептен аулақ жүрген жөн» сияқты нақыл да осыған мезгейді. Және иран тіліне түркі-монғол тобындағы тілдерден ауысуы ықтимал. Сол сөзімізді қайта қабылдап, парсы сөзі деп тану да болмайтын құбылыс емес. Мысалы, парсы тілінің сөздігінде кісі, күшік, жайлау, төсек, батпақ, есту т. б. көптеген сөздер кездеседі. Мұның бәрі сол тілде қолданылады екен деп, төркінін де иран тілі деп танысақ, үлкен қателескен болар едік. Аталған және т. б. көптеген сөздер түркі-монғол тілдерінен иран тіліне ауысқандығы дау тудырмайды.

**Кепелеу.** Түсіндірме сөздікте белгілі бір заттың үйліп жатуын осылай атайтындығы көрсетілген де, «диалектизм» деп белгі соғылған. «Саздан, торталар қабыршықтанып, қақталып кепеленіп жатты» (Ғ. Сланов, Дөң асқан). «Кепелеу» сөзін диалектизм деп қарау күмән туғызады. Өйткені оның Қазақстанда жайылу аумағын шектеп көрсету қиын және кез келген қазақ түсінетін сөз. «Кепелеп ішіп...» сияқты тұрақты тіркесте де кездеседі. Біз көрсетіп отырған мағынасы ұқсатудан пайда болғандығы аңғарылады. Оның алғашқы мағынасы ноғай тіліндегі «кепелей» тұлғасынан көрінеді. Оларда бұл тұлғадағы сөз қазақы қойдың құйрығы мағанасында қолданылады (Ног.-рус. сл., 1963, 161).

**Кереге.** Қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы — киіз үйдің ағаштан жасалған қабырғасы екені белгілі. «...Бізге жаңа уық, кереге керек» (Дала қырандары). Сөздің алғашқы мағынасы — «тор» екендігін сарыкөл тілінің дерегінен білеміз. Онда керган — тор (решетка) (Т. Пах.,-рус. сл., 1971, 88). Бұл тілде осы сөзден пайда

болды дерліктей, киіз үй мағынасында қолданылатын «хирги» тұлғасын да ұшыратамыз (сол сөздік, 204).

Кейде бір зат атауы екінші пәрсеге ауысып отыратын жағдай тіл заңдылығында жиі ұшырасатынын жоғарыда жазылған жолдардан кездестірдіңіздер, сондай-ақ ілгеріде де сөз болмақ. Осыны дәлелдейтін тағы бір дерек киіз үйдің негізгі жабдығының бірі — тор көз, монғол, қалмақ тілдерінде киіз үй атауына айналған. Айырмашылық тек соңғы екі-үш дыбыстың түсіріліп «гэр» не «гер» тұлғаларында көрінуі (Мон.-каз. сөздік, 1954, 69; Рус.-кал. сл., 1964, 794). Ал қазақ тілінде -еге жұрнағын сақтай отырып, киіз үй жабдығының бірі болып қала берген.

**Кере қарыс.** «Кере қарыс маңдай ақыл-парасаттың қоймасы сияқты» (Р. Әутәліпов, Той тарқар.). Сырт қарағанда, тұрақты тіркес құрамындағы сөздердің кез келгені, мағына жағынан, түсініксіздік тудырмайды. Алайда, тіліміздің қазіргі түсіндірме сөздіктерінде әр түрлі ұғымға нұсқайды. Екі томдық түсіндірме сөздікте кере қарыс — кең, жазық; ал он томдықта кере қарыс — қарыс жетпейтіндей кез деп баяндалған. Шындап келгенде, осы екі сөздің алғашқы мағыналары нені аңғартқанын біле бермейміз.

Тунгус-маньчжур, монғол тобындағы тілдер дерегінде хир, кірі, кирэ тұлғалас сөздер «өлшем», «өлшеу» мағыналарын береді (ССТМЯ, I, 399). Ал ауыспалы мағыналары «көлем», «аумақ» сияқты түсінікке ие. Дегенмен, алғашқы, тұңғыш мағынасын «өлшем» деп қараймыз. Анығырақ айтқанда, «кере» сөзінің қазақшасы — «өлшеу».

Тіркестің екінші сынары иран тілінен табылады гәрс — ен, енділік (Пер.-рус. сл., 1959). Қазақ тілінде осы тұлға «қарыс» қалпына дейін өзгеріске түскен. Егер «кере қарыс» сөзін алғашқы мағыналары бойынша қазақшаласақ «өлшеу енділік» немесе «енділікті өлшеу», «ендік өлшем» болар еді. Қазақтар қолданылысында да осы жағдай анықтала түседі. Мысалы, «маңдайы кере қарыс», «жылқының қазысы кере қарыс» іспеттес сөз тіркестерінде заттың ұзын тұрқы емес, енділігі өлшеніп отырғанын байқау қиын емес.

**Керіс, ұрыс-керіс.** Қос сөз құрамындағы сыңарлардың ішінде тарихына назар аударуды қажет ететіні — екінші, «керіс» тұлғасы. Тілімізде «ұрыс» тұлғасына қарағанда сирегірек қолданылады. «Керістің неден шық-

қаны Төленке бірден түсінікті болды» (Б. Соқпақбаев. Жекпе-жек.). Тұлға жағынан ерекше болып көрінгенімен екі сөздің де мағынасы бірдей екенін тува тілінің дерегінен көреміз қырыш — ұрыс (Рус.-тув. сл., 1980, 573). Осы тұрғыдан қарағанда, тіліміздегі «ұрыс-керіс» қайталама қос сөз деп қарап, оның «ұрыс-ұрыс» деп айтудан айырмасы шамалы екендігі аңғарылады.

**Көбең.** Тез семірген, еті бос жылқы малын осылай атау тілімізде дағдыға айналған. «Жазғытұрғы көкпен көбең семірген желқуық айғырлар қайта мінілді» (М. Әуезов, Көксерек).

Мұндай тез семірген жылқы көп мініс бермей, борпылдақ болып, етінен тез айырылады. Осы қасиетіне қарай, «көбең» деген атауға ие болған. Бұл сөз басқа сөздермен көп тіркесе де бермейді. Бізге алғашқы мағынасы нені аңғартатыны да белгісіз.

Біздің шамалауымызша, алғаш ол бос, көпсіп тұратын қасиетке ие нәрсенің атауы болған тәрізді. Іздестіре келгенде жорамалымыздың теріске кетпегендігін байқаймыз. Тува тілінде «хөвең» тұлғалас сөздің мағынасы — мақта дегенді ұғындырады (Рус.-тув. сл., 1980, 60). Демек, ерте кездерде қазіргі «мақта» орнына қазақ тілінде «көбең» сөзі қолданылып, кейін ұмытылып, тек қана соған ұқсатудан қалыптасқан кейбір тіркестерде сақталып қалған тәрізді. Әрі кетсе, монғолдардан ауысып алынған сөз деуге де болады. Өйткені монғол тілінде де «хөвөн» сөзі біздегі «мақта» мағынасында айтылады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 212). Осы соңғы жорамалымыз шындыққа жақын көрінеді.

**Көбең, ала көбең.** Тілімізде «таң атар-атпас, алагеуім» және «ымырт жабыла, қараңғы түсе» сияқты екі мағынада қолданылады. «Ала көбеңнен оянып, дереу қағаз-қарындаштарына жармасты» (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). «Кешкі ала көбең уақыт еді» (А. Лекеров, Түз гүлі).

«Ала көбең» тіркесі — «алагеуім» сөзімен синонимдес. Соңғы сөздің (алагеуім) төркіні жөнінде бұрын бір автор жазған болатынды. Сондықтан біз оған тоқталмаймыз.

Қазіргі тілімізде «ала» сөзі жеке тұрып та жиі қолданылса, ал «көбеңде» ондай қасиет жоқ. Алайда, кейбір түркі тілдерінде, дәлірек көрсетсек, хакас тілінде «көбең» жеке қолданылып та, өзіне меншікті мағынасын сақтайды көбең — қара көк (Хак.-рус. сл., 1953).



Кейде бұл тілде — сағым, бұлдыр мағынасына да ис. Ойлап қараған адамға, түн мен таң немесе күйбату мен ымырт аралығындағы кез осы түстес (қара көк) болатынын байқау қиын емес. Осы түстің алдына «ала» қосылып, белгілі бір мезгілді көрсететін болып қалыптасқан сияқты. «Ала» жәрдемімен жасалған тілімізде бұл сияқты түр, түсті білдіретін тіркестер аз емес (ала көлеңке, ала шабыр, ала шұбар т. б.).

Біздіңше, «геуім», «көбөң» сөздерінің алғашқы түбірі бәрімізге аян — «көк» сөзі болуы ықтимал. Мұны біз түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктеріне сүйене айтып отырмыз. Тілімізде «к», «у», «п» т. б. дыбыстар бірінің орнын бірі алмастырып отыратын жағдай жоқ емес (елік — елу, жау — жап, егек — егеу және көптеген мысалдар табуға болады).

**Көбік.** Сұйық зат қайнағанда, шайқағанда көпірін бетіне шығатын жеңіл нәрсе. «...Әйелдердің... бірі қазанның *көбігін* алып жатыр» (С. Мұратбеков, Жабайы алма).

Алғашқы кезде бұл сөздің етістік қызметін атқарғанын монғол тобындағы тілдер дерегінен білеміз. Монғолдарда қазіргі кезге дейін «хөвөх» тұлғасындағы сөз «жүзу», «қалқу» мағыналарында қолданылады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 92, 174). Қалмақ тілінде де «көвк» сөзі «қалқу; қалқып бетіне шығу» дегенді ұғындырады (Рус.-кал. сл., 1964, 89). Жеңіл заттың қалқып, жүзіп жүретін қозғалысы өзіне атау болып меншіктелгендігін көріп отырмыз.

**Көк.** Бұл жерде біздің әңгіме етпегіміз заттың түсіне немесе жаңа шыққан жас шөп, аспанның синонимі ретінде айтылатын «көк» туралы емес. Осы «көк» не 10 томдық түсіндірме сөздігімізге, не орфографиялық сөздікке ілінбеген. Бірақ қазіргі қазақ халқының тілінде жиі болмаса да, қолданыста болып тұратын сөз. Кейде қарттардың аузынан шыққан «көгі жақсы», «көгі жаман» сияқты тіркестерде де кездеседі. Аталған сөздің тілімізде өте ертеден келе жатқандығына ежелгі түркі жазба ескерткіштері және қазіргі кейбір түркі тілдері деректері куә. Мысалы, М. Қашқари сөздігінде «көкүң кім» сияқты тіркестің аудармасы — «сеңің шыққан тегің қандай?» дегенді ұғындырады (МК, II, 284). В. Радловтың көрсетуінше, телеуіт тілінде «көгі» сөзі «ру» мағынасында қолданылатындығын байқаймыз (В. Рад. ,Опыт..., II, 2, 1232).

Сөйтіп, «көк» сөзінің біз білетін мағыналарынан басқа, ертеде жиі қолданылып, қазір сирек қолдану нәтижесінде ұмытылуға, естен шығуға айналып бара жатқан да мағынасы барлығын білдік.

**Көлгір.** Қазіргі түсінігімізде — мүләйім; жасанды қылық көрсету. «Енді ол көңілденіп, *көлгір* сыпайылыққа ауысты» (С. Омаров, Қиыр жол). «Ойында ештеме жоқ адамша... *көлгірси* қалды» (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

Адамның құбылмалы, тұрақсыз мінезін көрсетуде ғана «көлгір» сөзі қолданылатыны әркімге мәлім. Осы жағдайды ойға орайластыра қарап, біздің болжауымызша, сөздің пайда болуы ұқсастыру, сәйкестірумен байланысты сияқты. Мысалы, монғол тілінде «гялгар», «гулгуур» тұлғалы сөздер біздегі «тайғанақ», «сырғанақ» мағыналарында қолданылады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 287, 291). Осы сөздер кейбір түркі тілдеріне ауысқанда, мағынасына да өзгеріс кіргендігін тува тілінен көруге болады: көгүдер — азғыру, аздыру, еріксіз қызықтыру сияқты мағыналарды ұғындырады (Рус.-тув. сл., 1980, 320). Дәл осы сияқты монғол тіліндегі «гулгуур», «гялгар» сөздері қазақ тіліне ауысып, ұқсатудан туған мағынада қолданылатын болған. «Ұқсатудан туған» деген пікірді былай түсіндіруге болады — сөзінде тұрақ жоқ, қулықпен құбылып тұратын адамның тайғақ мұздан несі артық. Осындай реттермен жылпос жандарға «көлгір» сөзі тағылған.

**Көл-көсір.** Қос сөздің бұл түрін естігенде белгілі бір нәрсенің өте көп, ағыл-тегіл, мол екендігін әрқайсымыз да түсінеміз: «Дәл осыны түсіндірудің өзі оның бойына *көл-көсір* күш бітіріп, сенімін арттырып жібереді» (С. Сейітов, Сөз сұра.). Алайда, алғашқы кездегі, тұңғыш мағыналарының болғандығын түптеп, зерттей келгенде ғана анықтауға болады. Қос сөздің алғашқы сыңары — «көл» де теңеу арқылы пайда болған көптік, молдықтың белгісі. Бірақ оның алғашқы мағынасы қазіргі түсінігіміздегі «көл» емес. Ертедегі түркі тілдерінде осы түбірлес етістік сөз болған. Мысалы, М. Қашқари сөздігінде көлер — жиналу, топталу (су жөнінде) (ДТС, 314). Демек, судың бір жерге жиналуын түсіндірген. Олай болса, ертеде «көлер су» немесе «көл су» дегеніміз, қазіргі тілімізге аударғанда — «жиналған су» болмақ. Бірақ алғашқы тұлға «көл су» қалыптасып, бері келе «су» сөзі түсіп қалып, «көл» тұлғасы су көп жи-

налған жерге атау күйінде қала берген (Балқаш көлі, Байқал көлі т. б.). Сөйтіп, қос сөзіміздің алғашқы сыңары — көл — жиналған, топталған дегенді аңғартады екен.

Енді екінші сыңары — көсірдің түпкі тегі түркі тілінен еместігі сезіледі. Оның төркіні — араб тілі. Арабша кусер — молшылық, өте көп (Араб.-рус. сл., 1970).

Түркі және араб сөздерінің қабаттасуынан «көл-көсір» қос сөзі пайда болып, оның қазіргі қалыптағы аудармасы — «жиналған молшылық» дегенді ұғындырады.

**Көлік.** Әр түрлі жұмысқа және жол қатынасына пайдаланылатын малды осылай атаймыз. «Жауынбай аға, бүгіннен бастап жұмыс *көлігіне* сіз жауаптысыз» (Б. Майлин, Шығ.).

Ертедегі жазба ескерткіштердің бірінде осы сөздің түбірі «көл» — қазіргі тіліміздегі «жегу» мағынасында қолданылған (ДТС, 314). «Жегу» мағынасындағы «көл» тұлғасы қазіргі кезде сағай, қойбол сияқты түркі тілдерінде сақталған (В. Рад. Опыт..., II, 2, 1268). Ал монғол, тілі сол түбірге өзіне тән -лөх жұрнағын қоса отырып «хөллөх» сөзін тудырып, мағынасы — «жегу» қалпында қала берген (Мон.-каз. сөз., 1954, 288).

Ал қазақ тілінде ертедегі «көл» етістігіне -ік жұрнағы қосылу нәтижесінде зат есім, басқаша айтсақ, жегілуге тиісті мал мағынасы пайда болған. Сөз тарихында мұндай құбылыстардың жиі болып тұратындығына бұл да бір айғақ.

**Көрші.** Үйлері жақын, іргелес тұратын адамдар. «Мырзатай үйі мен Күлән үйі *көрші*, Күлән бұл үйге келіп-кетіп жүреді» (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

«Көрші» сөзі қазақ тіліне монғол тілінен ауысқан дерлік деректер жеткілікті. Біріншіден, біздегі «көрші» мағынасын «хөрш» тұлғасы береді (Қаз.-мон. сөз., 1977, 159). Екіншіден, монғол тілінің өзінде бұл сөздің «көрші» ұғымы алғашқы мағына еместігін көреміз. «Хөрш» тұлғасының монғол тіліндегі әуелгі мағынасы біздегі «дәмдес» түсінігін берген (Сонда, 88). Ойға салып қарасақ та, қатар, іргелес үйдегі адамдар бірінің үйіне бірі кіріп, дәм-тұз татыспай тұрмайтыны бесенеден белгілі. Дәлірек айтқанда дәмдестік пайда болады. Демек, монғол тіліндегі «хөрш», қазақ тіліндегі «көрші» сөздерінің тұңғыш мағынасы — «дәмдес» дегенді білдірген.

**Көрік.** Тіліміздегі қазіргі мағынасы — ұста дүкенін-

дегі былғарыдан немесе теріден жасалған үрлеуіш. «Көрігің желді болса, көлігің жемді болар» (мақал).

Ұстаның бұл құралы өзінің атауын атқаратын қызметімен байланысты меншіктенгеніне бірнеше тілдік деректер ұсынамыз. Түркі тілдерінің кейбіреуінде, атап айтсақ, якут, тува тілдерінде «көрік» сөзімен түбірлес тұлғалар мынадай мағыналарда қолданылады: якуттарда күөртээ — үрлеп жандыру (Рус.-як. сл., 1968, 526); тува тілінде хөөредир — үрлеу (Рус.-тув. сл., 1980, 484). Тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде: хурху — отты үрлеу (ССТМЯ, I, 478) деген түсінік береді.

Келтірілген сөздердің түбірі біреуінде «күөр», екіншісінде — «хөөр», үшіншісінде — «хур» тұлғалары да, қалған соңғы буындар әр тілдің өзіне тән жұрнақтары. Осыларды еске алсақ, ертедегі түркі тілдерінің бірқатарында қазіргі қазақ тіліндегі «үрлеу» мағынасын «хөөр» және осыған сәйкес тұлғалы түбірлер бергендігі байқалады. Қазақ тілінде бұл іспеттес тұлға ұмытылып, тек ұстаның үрлеуші құралы «көрік» -те ғана сақталған. Онда да алғашқы түбірге қазақ тіліне тән -ік жұрнағы қосылып барып қалыптасқан (көр+ік). Сөйтіп, көріктің түпкі мағынасын қазіргі тілімізбен түсіндірсек, «үрлеуші» болмақ.

**Көтере алу.** Саудаға түскен товарды бөлектеп, біртіндеп алмай, түгел сатып алу — қазіргі тілімізде осылай қалыптасқан. Бұдан басқа жағдайда «көтере» сөзі жеке не басқа сөзбен тіркесе түсіп, дәл осындай мағынада қолданыла бермейді.

Ерте кездерде жеке қолданылып, кейін қазақ тілінде кейбір тіркестерде ғана сақталып қалғанын басқа түркі тілдерінің деректері арқылы білеміз. Мысалы, алтай (ойрат) тілінің туба-кижи диалектісінде көтөри немесе көтүре — бәрі, барлығы мағынасында қолданылады (Н. А. Баскаков, ДЧТ., 1966, 131). Осы дерекке қарағанда, «көтере алу» түсінігі — бәрін, түгел алу дегенмен барабар.

**Көш, бір көш жер.** Қазіргі сөздігімізде — бір қонатын жер; едәуір қашықтық деп түсіндірілген. «... бір көш жерде көгілдірленіп зор жота тұр» (Ол күндер. 4-том, 92). Әрине, сырт көзге, мағынасына бой ұрсақ, қашықтық, алыстық өлшемі деу жөн сияқты. Кейде бұл тіркестің «жер» сөзінсіз де қолданылатыны бар. Мысалы, «ол бізден бір көш алда келе жатты» дегенде, мұнда «бір қонатын жер» деген мағынаға жуық келмейді. Осыған

орай көне түркі тілдерінің жазба деректеріне үніле түссек, «көш» сөзінің басқа да мағынасы болғандығы анықтала түседі. М. Қашқари сөздігінде көч — мезгілдің, уақыттың азғана бөлігі деген де түсінік бар. Және «бір көч күйгіл» сияқты мысал да келтірілген, оны қазіргі тілімізге аударсақ — «аз уақыт күт» дегенді ұғындырады (ДТС, 311). Осы деректі тілге тиек етсек, «бір көш жер» дегеніміз — «аз уақытта жетерлік жер» болмақ.

**Күнелту.** Сөз түсінігі — күн көру, өмір сүру, тіршілік ету екендігі рас. «Жалданып байға күнелту, Басқан таңба жарлыға» (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

Сөз екі түбірден құралған — күн және елту. Қазіргі тілімізде бұлардың екеуі де бар әрі мағыналарын да ұғындырып жатуды қажет етпейтін тәрізді. Бірақ мына біріккен сөздегі «күн» мен «елту» бізге мағынасы мәлім зат есім және етістікке жуық келмейді. Оның мәнісі — алғашқысы араб тілінің сөзі де, соңғысы түркі тілдерінің біріндегі өзгеше тұлғадағы етістік. Арабша кун — болу, бар болу, өмір сүру деген мағына береді (Араб.-рус. сл., 1970). Екінші сөз «елту», В. Радлов сөздігі бойынша, «еліт» (шағатай тілінде) тұлғасында беріліп, мағынасы — ұстау, қолға алу деп түсіндірілген (В. Рад., Опыт..., I, 1, 819). Әрине мұның түбірі — ал, алу екендігі көрініп тұр. Сөйтіп, араб және түркі тілінің сөздері бірігіп, «күнелту» болып қалыптасып, қазіргіше айтсақ — «болуды қолға алу» немесе «өмірді, тіршілікті ұстау» деген мағынаға мезгейді.

**Күпі.** Матамен тысталған тері тон не жабағы киімді қазақтар осылай атаған. «Айтжан үстіндегі тер сінген ескілеу түйе жүнді ауыр қара күпісін шешіп, желпінді» (С. Сейфуллин, Шығ.).

Іздене қарағанда «күпі» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын анықтайтын тіл деректеріне кез боламыз. Хакас тілінде «күп», якут тілінде «көп» тұлғалас сөздер «жұмсақ», «үлпілдеген» немесе «түкті, жүндес» мағыналарында қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 97; Як.-рус. сл., 1972, 180). Осыларды еске алсақ, алғаш түкті, жүндес мағынасында қолданылған «күп» не «көп» сөзі, кейін сондай заттардан жасалған киімге атау есебінде ауысқан. Айырмашылық — тек -і жұрнағының қосылып, қазақ тілінде «күпі» тұлғасына дейін жетуі ғана.

**Кілең.** Түсіндірме сөздіктің көрсетуінше, бұл сөздің мағынасы — ылғи, үнемі, әрқашан. «Журналға кілең

мінсіз жақсы шығармалар түсіп тұрса құба-құп» (С. Мәуленов, Үркер.).

Мысал үшін келтірілген сөйлем ішіндегі «кілең» сөзіне ой жүгіртсек, түсіндірме сөздікте келтірілген мағыналардан өзгеше екенін аңғару қиын емес. Мұнда «үнемі» мағынасынан көрі «іріктелген, сұрыпталған» дегенге нұсқайды. Өйткені «мінсіз жақсы шығармалар» тек сұрыптау, таңдап алудың нәтижесі болмақ. Осыған қарағанда «кілең» сөзінің алғашқы мағынасы өзгеше болар деген ойдамыз. Бұл ойымызды түркі тілдері ішінде ең көне деп саналатын якут тілі дерегі растайды. Оларда «қылаан» тұлғалы сөз біздегі «іріктелген, ең жақсы, сұрыпталған» деген мағыналарды ұғындырады (Як.-рус. сл., 1972, 205), дұрысын айтқанда, бұлардың өзі — якут тілінде туынды мағына. Ал алғашқы мағынасы («қылаан» сөзінің) — негіз, өзек дегендерге сілтейді. Шынында да таңдау, сұрыптау заттың негізі мен өзегін анықтауға жол ашады. Біздегі «кілең» сөзінің — «ылғи, үнемі, әрқашан» сияқтыларға синоним болуы соңғы кезеңдерде пайда болса керек.

**Кісен.** Әдетте, бұл сөзді естігенде малдың аяғына немесе жазалы, қылмысты адамның қол-аяғына салынатын темір бұғау еске түседі. «...қол-аяғы темір кісенде болған Уәли Қангелдин маған хат жазды» (С. Сейфуллин, Шығ.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне зер салсақ, сөздің алғашқы түбірі «кіше» етістігі болған да, мағынасы — шырмау, байлау (ДТС, 310). Қазіргі түркі тілдерінде — ұйғырларда осы тұлғалас (кіжә) әрі мағыналас сөзді кездестіреміз (Рад., Опыт..., II, 2, 1394).

Бергі кездерде осы түбірге -н жұрнағы қосыла отырып, қазақ тілінде «кісен» сөзі осы күнгі мағынаны беретін болып қалыптасқан.

## К

**Қабак.** Қазіргі тілімізде қас пен көздің аралығын осылай атаймыз. «Қішкене мұрны көз қабағына үйлеспейді» (М. Әлімбаев, Тәрбие).

М. Қашқари сөздігінде «қапақ» тұлғалы сөз қазіргі қазақ тіліндегі мағынада қолданылған (МК, I, 382). Бір қызығы, дыбыстық құрамы жағынан «қабақ» сөзімен сәйкес келіп жататын сөздер қазіргі кейбір түркі тілдерінде кездескенімен мағына жағынан адам басындағы

басқа мүшелер атауы болып қалыптасқан. Мысалы, хақас тілінде: хамах — маңдай (Хак.-рус. сл., 1953, 270); туваларда: хавак — маңдай (Рус.-тув. сл., 1980, 241) мағынасын түсіндіреді. Бұларда қабақтың орналасқан жерінің атауын алған. Ал біздегі «қабақ» мағынасын беретін сөз — якуттарда «халтаһа», туваларда «карак хавыы» тұлғаларында кездеседі (сол тіл сөздіктері, 55, 63). Қазақ тіліне аударғанда бұл сөздердің мағынасы «қап», екіншісі «көз қабы» дегенді ұғындырады.

Келтірген деректерден байқайтынымыз, «қабақтың» алғашқы мағынасы «маңдай» болған да, кейінгі кездерде, тіл дамуының нәтижесінде, қазақ тілі сияқты кейбір тілдерде адам басының алдыңғы жоғарғы тұсы «маңдай» аталып, хакас, тува тілдерінде «қабақ» тұңғыш мағынасын сақтап қала берген. Тіл заңдылығында мұндай құбылыстарды мағына қозғалысы деп те атайды. Мағынаның өзгеріп отыруы адам қоғамының дамуымен байланысты да, осыған орай тіл де қоса дамиды. Мұндай құбылыстар алда талай кездеседі (Қараңыз саба, ыдыс сөздерін).

**Қаба, қаба сақал.** Қалың әрі көлемді болып өскен сақал түрін осылай атайтынымыз бар.

«Қаба» сөзі сақалдан басқа сөзбен (қазақ тілінде) өте сирек (қаба жал), тіпті тіркеспейді десе де болады.

Ал басқа түркі тілінде, әсіресе, гагауз тілінде бұл сын есім кез келген зат есіммен тіркесіп келе беретінін «қаба суван» деген тіркеспен дәлелденеді. Мұның қазақшасы — «ірі жуа». Және «қаба» тұлғасы біздегі «ірі» мағынасын беретіндігін гагауз тілі дерегі анықтай түседі (В. А. Мошков, Гагаузы Бендерского уезда. ЭО., 1902, № 4, кн. IV, 77). Сөйтіп, тіліміздегі «қаба сақал» тіркесі «үлкен, ірі сақал» деген түсінікке мезгейтіндігі көрінеді.

**Қабыну, сүрініп-қабыну.** Қос сөз құрамындағы екі сөз де қазақ тілінде жеке тұрып қолданыла беретін тәрізді. Бірақ соңғы сыңары — қабыну басқа тіркестермен келіп («өкпе қабыну» деген сияқты) жеке қолданыла беретін «қабыну» сөзінен мағынасы басқаша деп ойлаймыз. Өйткені оның өзге түркі тілдерінде жеке тұрып та дербес мағына меншіктенетіні бар. В. Радлов сөздігінде кавін (шағатайша) — қуу, асығу, шабуылдау мағыналарында қолданылады (В. Рад. Опыт..., II, I, 470). Ноғай тілінде абынұв — сүріну мағынасына ие (Ног.-рус. сл., 1963). «Қабыну» сөзін алғашқы дерекке жанастырсақ та қисынсыз көрінбейтін сияқты. Өйткені, сүріну асығудан



пайда болмақ, сондықтан да екі сөздің қос сөз құрауға мүмкіндігі жоқ емес.

Ал поғай тіліндегі «авынув» та тілімізде қос сөз жасауға қақы бар дей аламыз. Мысалы, тіліміздегі «бала-шаға» сияқты қос сөз дәл осындай жолмен жасалған. Біздегі «бала» орнына кейбір түркі тілдерінде (әзербайжан, түрікмен) «шаға» дейді. Сүрініп-қабыну қос сөзі де осы жолмен жасалған десек, дұрысырақ болмақ.

**Қағанақ, сағанақ.** «Қағанағы қарық, сағанағы сарық». Осы бір тұрақты тіркестің мағынасы жалпы түсінікті. Тіліміздің түсіндірме сөздігінде оны — маз-мейрам, уайым-қайғысы жоқ деп ұғындырады. Мысалы: «Адамы тоқ, малдары күйлі, егіншөптері шығымды... дегендей, ауыл адамдарының қағанағы қарық, сағанағы сарық» (С. Мұқанов, Есею.). Сәбең құрастырған осы сөйлемнің өзінде де тұрақты тіркес мағынасы айқындала, анықтала түседі.

Алайда тіркестегі төрт сөздің ішінен «қарық» қана ішінара басқа сөздермен тіркеске түскенмен («қарық болу» сияқты) қалған үшеуі жеке-дара қазіргі тілімізде қолданылмайды десе де болады. Осы сөздердің алғашқы мағынасын, төркіндерін іздестіре келгенде мынаны байқаймыз.

«Қағанақ» — қазақ тіліне ерте кезден тән сөз. В. Радлов сөздігінде қағанақ — сиыр бұзаулағаннан кейінгі пісірілген бірінші сүт (В. Рад. Опыт..., II, I, 72). Дәлірек айтсақ, алғашқы уыз сүт.

«Қарық» сөзінің түбірін М. Қашқари сөздігінен табамыз. Онда қар — ыдыс ернеуінен асып төгілу мағынасын береді (ДТС, 422). Әрине, бұл мол дүниенің белгісі. Бұл жерде мынадай жорамалға жол беруге де болады. Бір кезде түркі тайпалары «қарық» сөзін араб тілінен ауысып алса керек. Арабтарда «ғарих» сөзінің бірнеше мағынасы бар. Солардың бірі — 1. шектен асқан, шексіздік; 2. шому, бату (Араб.-рус. сл., 1970). Араб тіліндегі мағыналар да белгілі бір нәрсенің молдығын аңғартады.

Енді екі сөздің басын қосып, қазіргі қалыпта мағынасын түсіндірсек, «қағанағы қарық» дегеніміз «уызы шексіз» болмақ. Демек, ертедегі қазақ сияқты мал баққан халықтың басты қорегінің молдығының белгісі.

«Сағанақтың» әзірге біз білетін екі мағынасы бар. Оның бірі М. Қашқари сөздігінде: сағнағи — кептірген асқабақ (ДТС, 481). Екіншісі бізде — сағанақ, қырғыз-

дарда — саканак тұлғасында ұшырасатын сөз. Мұның мағынасы «кереге жасайтын таяқшалар».

Біздің назарымызды көбірек аударатыны соңғы тұлғалы сөз бен соның берер мағынасы. Себебі, ертеде көшіп, қонып өмір өткізген қазақ халқы асқабақ егіп, оны кептіріп, кәделеп, қадірлеп тұтынды деу ойға сиыспайтын сияқты: Көшпелі халыққа баспананың қымбаттысы, қолайлысы да киіз үй және оның ағаш тасы, әсіресе керегесі десек орынсыз болмас. Осы ойымызға ат басын тіресек, сағанақ керегеге теңеліп, баланып айтылып отыр.

«Сарық» сөзінің төркінін көп іздеп қиналуға болмас. Өйткені, ол қазіргі тілімізде жиі қолданылатын түс түрі — сарының ертедегі дыбыстық тұлғасы. Оның ертедегі түркі тілдері сөздігінен — сарығ (ДТС, 488) немесе өзбек тілінен де («сарық» қалпында) кездестіреміз. Әрине, кереге таяқшаларының алтын түстес сары сырмен боялуы да ертеде дәулеттіліктің нышаны демеске болмайды. Сөйтіп, «сағанағы сарық» дегеніміз «кереге ағашы сары» болып түсіндірілмек.

Қорыта айтсақ, «қағанағы қарық, сағанағы сарық» тұрақты сөз тіркесін қазіргі тілімізге сөзбе-сөз аударсақ, «уызы шомылуға жетеді, керегесі сары алтындай» болып шығар еді. Демек, «тамағы тоқ, үйі күмбездей көк» — бұл сәл ауыспалы мағына.

**Қағыс есту.** Сөз тіркесінің түсіндірме сөздіктегі мағынасы — анық емес, жаңылыс, басқаша есту болып түсіндірілген. «Әмірші қатты шошынды, қағыс естідім бе деп қалды» (Д. Досжанов, Жібек.).

«Қағыс» тұлғасы тілімізде кез келген сөзбен тіркесе бермейді. Көбіне «есту» етістігінің алдында келеді. Кейде «қағыс қалу» болып та тіркеседі. Мұндағы «қағыс» сөзін «қаға берісте» тіркесімен өзгертуге болады да, ал «қағыс есту» тіркесіндегі «қағыс» ондай өзгеріске көнбейді.

Тілімізде кездесіп, әңгіме болып отырған «қағыс» сөзінің төркіні боларлық тұлғаны басқа түркі тілдерінен кездестіре алмадық. Алайда, түркі тілдеріне жақын, жуық саналатын тілдерден мына сөзді кездестіреміз: хагас — жарты, жартылай, шала (Қаз.-мон. сөз., 1977, 345) мағыналарында қолданылады. Монғол тілінен ауысқан «хагас» сөзінің қазақ тілінде «қағыс» болып өзгеріп, «есту» етістігімен тіркеске түсіп, қалыптасуына толық мүмкіндігі бар деп топшылаймыз. Өйткені «қағыс есту»

орнына «шала есту», «жартылай есту» деген тіркестердің қолданылуы тілімізде ұшырасып отырады.

**Қадағалау.** Мұқият бақылау, тәптіштеп тексеру мағыналары орнына тілімізде осы кезде де қолданыла береді. «...ұдайы өз көзімен көріп, *қадағалап* отырады» (С. Аққошқаров, Бақыт.).

Түркі тілдері ішінде туваларда осыған сәйкес «қадағалар» тұлғасы кездеседі де, мағынасы — сақтау, қорғау дегенді білдіреді (Рус.-тув. сл., 1980, 555). Шамасы, бұл сөз оларға монғолдардан ауысса керек. Себебі монғол тілінде «хадгалах» тұлғасы да қазақ тіліндегі «сақтау» мағынасында қолданылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 251).

Осы деректерге қарағанда сөз түбірі ертеден түркі-монғол тобындағы тілдерге ортақ болып, кейінгі кездерде осы топтағы тілдердің әрқайсысы өзінше мағына бергендігі сезіледі. Бірақ ол мағыналар бірінен-бірі онша алыс кете қоймаған. Жорамалымызды құптарлықтай тағы бір деректі хакас тілінен табамыз. Онда «хадаг» сөзі біздегі «күзетші» мағынасына нұсқайды (Хак.-рус. сл., 1953, 262). Қазақша «бақылау», хакас тілінде «күзету», шынында да, мағына бірлігін тудырып тұр. Монғол, тува тілдеріндегі «хадгалах», «қадағалар» тұлғаларының берер мағынасы — «сақтау» да, «бақылау» мен «күзету»-ден жырақ кетіп тұрған жоқ. Бұл жерде әр нәрсенің сақталуы бақылау мен күзету нәтижесі екендігін еске алсақ болды.

**Қадақ.** Тіліміздің 10 томдық түсіндірме сөздігінде бұл сөздің мағынасына — екі жүз грамға тең салмақ өлшемі деген анықтама берілген. «Қоржынның бір басындағы 5—6 *қадақ* кепкен өрікті үлестіріп бердім» (Б. Момышұлы, Шығ.).

Қазақ тілінен басқа бұл тұлғалас әрі мағыналас сөзді — қырғыздарда — кадак (К. Юд. КРС, 1965, 313), түрікмендерде — гадак (Рус.-туркм., 1956, 823), өзбектерде — қадоқ (Уз.-рус. сл., 1959) тұлғаларында кездестіреміз де, ал мағынасына келгенде түрліше түсінік аламыз. Қырғыз, өзбек тілінде тек «фунт» деген түсінік берілген де, қазақ, түрікмен тілдерінде бұған қоса, мұндай салмақ өлшемі — 409,5 грамға теңдігін және бұрынғы орыс өлшемі екенін көрсеткен.

Фунттың 409,5 грамға, ал қадақтың 200 грамға тең болуы таңдандырмаса керек. Өйткені фунттың алғаш шыққан тегі — латынның «салмақ», «ауырлық» мағынасында қолданған «pondus» сөзі. Осы сөз Европа елдері-

не тарағанда «бір фунт» деген сөз түрліше өлшем ұғымына ие болған (ағылшындарда — 453,6 грамға, орыстарда — 409,5 грамға тең болса, аптекалар өлшемінде — 373,2 грамм. (СЭС, М., 1985, 1431).

Осындай есептерден де екі тілдік сөздіктерде «фунтын» аудармасын «қадақ» деп түсіндіру шартты түрде алынған деу жөн.

Тіліміздегі «қадақ» сөзі ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де «қадаһ» тұлғасында кездеседі. Бірақ түркі тілдеріне меншікті сөз емес, араб тілінен ауысқандығы белгіленген. Алайда, кейбір түркі тілдеріне етене болып, сіңіп кеткен. «Қадаһ» сөзінің араб тіліндегі мағынасы — сопақша келген метал ыдыс (кубок), тостаған (чаша) (ДТС, 401).

Біздің ойымызша, қазақ арасына жайылған қадақ өлшемі арабтардың осы сөзімен байланысты болса керек те, ал салмақ жағы сол ыдыс ішіне сиған затпен өлшенген деуге болады. Демек, ыдыс ішіне 200 грамм зат сыйса, ол бір қадақ болып қалыптасқан.

**Қазан, асқазан.** Тамақ қорытатын мүше екені бәрімізге мәлім. «Дәрігерлердің зерттеулері бойынша ешкі сүті асқазанға өте жағымды...» (Тарту).

Алғашқы кезде сөз екі түбірден құралған да, кейін бірігіп кеткен. Бірінші сыңары — ас (тамақ мағынасында) сөзі — түркі тілдерінің төл сөзі. Кейде осы тұлғаның өзін иран тілінен ауысқан болар деген жорамал да кездеседі. Бірақ оған екі түрлі жағдай ырық бермейді. Бірінші — ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінің бір жерінде «аш» сөзінің тұсына «иран тілінен» деген сөз беріледі де, іле-шала оның тұсына сұрақ белгісі қойылған (ДТС, 61). Мұның өзі иран тілінен деу күмәндандырады деген сөз. Екінші — иран тілі әсерінен қағастау саналатын якут, хакас, тува тілдерінде де «ас» тұлғалы сөз «тамақ» мағынасында қолданылады.

Сөздің екінші сыңары — «қазан» — қазақтарға және Орта Азиядағы басқа да түркі тілдеріне ауысып келген жүйесі басқа тілдің, дәлірек айтсақ, иран тілінің сөзі. Иран тілінде «һазэм» болып тұлғаланады да, мағынасы — тамақ қорытатын, тамақ қорытуға көмегін тигізуші дегенді тісіндіреді (Пер.-рус. сл., 1983, II, 712).

Қорыта айтқанда, тіліміздегі «асқазан» сөзі түркі тілдерінің өзіне тән сөз бен иран тілінен ауысып келген тұлға қосындысынан туғанын көреміз.

**Қаймана.** Бұл сөздің мағынасын түсіндірме сөздік-

те — еш қатысы жоқ, көлденең, бөгде қалпында ұғындырады. «...өзге қаймана қазақтың бұнымен ісі жоқ» (Б. Аманшин, Көкжар). Сөз төркіні — араб тілі. Онда бұл тұлғалас сөздің мағынасы — құшыя, жасырын. Біздің тілімізде, көп жағдайда, «қазақ» сөзімен тіркесіп келсе, қырғыз тілінде басқа да сөздермен қосарланып айтыла береді (қаймана сөз, қаймана болу сияқты). Қазақ тіліне енген арабтардың бұл сөзінде мағына өзгерісі болғандығы жоғарыда көрсетілген түсініктен көрініп тұр. Шынында да, сырын білмейтін көлденең адамның құшыя көрінетіні де белгілі.

**Қайран.** Қазіргі түсінігімізде — әл-дәрмен, қауқар дегенді білдіреді. «...оған қарсы қоюға өзімнің еш қайраным жоқ...» (Ө. Канахин, Жер бас.).

«Қайран» сөзінің бір ерекшелігі көбіне «жок» тұлғасымен тіркесте көрінеді. Сөз төркіні түркі тілдері деуге дерек жоқ емес. Хакас тілінде «хайрал» тұлғасы үш түрлі мағынада кездеседі: 1) қам, қамқорлық; 2) жәрдем; 3) құтқару, құтылу (Хак.-рус. сл., 1953, 267). Монғол тілінде «хайран» сөзі — біздегі «қайран» тұлғасы беретін мағынамен қоса «аянышты», «сорлы» дегендерді де меншіктенеді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 253).

«Қайран» сөзінің тарихы қалай болғанда да түркі, монғол халықтарының тілімен байланыстылығына шек келтіруге болмайтын сияқты. Өйткені тұлға жағының сәйкестігін былай қойғанда, мағыналарының өзі бірінен-бірі алшақ кетіп жатқан жоқ. Бір тілде «әл, дәрменді» ұғындырса (қазақтарда), екіншісінде — осылармен байланысты жәрдем, құтқару (хакастарда) немесе сорлылық, аянышты (монғолдарда) жағдайларды түсіндіреді. Демек, іс-қимылдың шама-шарқы және содан туындайтын нәтиже мағыналарын сезінеміз. Анығырақ айтқанда, әл, дәрмені жоқ адамның қолдан келер жәрдемі, қамқорлығы да жоқ, осылардың бәрінен жұрдай адам сорлы да аянышты болары өзінен-өзі белгілі.

**Қайық.** Суда жүзіп жүруге арнап жасалған астау іспеттес жабдықты тілімізде осы тұлғада атайды. «...қайықпен жүзіп өтейікші — десім мен» (Х. Рахимов, Қызғалдақ).

Сөз төркіні ежелден түркі тілдері және бір буынды етістік екендігін көптеген түркі тілдері деректері дәлелден береді. Түрік, әзербайжан, телеуіт, алтай, сағай, қойбол тілдерінде «қай» тұлғалас сөз — сырғанау, жылжу мағыналарында қолданылады (В. Рад., Опыт..., II, I,

3). Енді бір түркі тілдерінде «қайы» біздегі «жүзу» мағынасын береді (Н. А. Бас., 1966, 45). Бұларда дәл осы түбірден -к жұрнағы арқылы жасалған «қайық» сөзі қайықтың ең басты, керекті жабдығы «ескек» мағынасында қолданылады (Сонда, 122). Әрине, бұл мағынаны ауыстырып қолданудың бір түрі.

Осы деректердің мәліметіне сүйене отырып, тіліміздегі «қайық» сөзі «қай» түбіріне -ық жұрнағы қосылу арқылы пайда болып, мағынасы жағынан суда жүзіп жүретін құралды ұғындыратын дәрежеге жеткен.

**Қайым, қайым өлең.** Түсіндірме сөздік анықтамасында — бірден ойдан шығарып айтылатын... өлең, қара өлеңнің бір түрі делінсе, Қазақ Совет энциклопедиясында — қайым айтыс — «әріптестер бір ауыз өлеңмен қайырып отыратын айтыстың шағын, жеңіл түрі» екендігін түсіндіреді (КСЭ, VI, 410). «Айман қыз қайым өлең жақсы айтады...» (Айтыс).

Өздеріңіз көріп отырғандай, «қайым» сөзі тілімізде тек «өлең» не «айтыс» сөздерімен ғана тіркеске түсе алады екен. Демек, тілімізде жеке әрі жні қолданылмайтын сөздер қатарына жатады.

Бізге қажеті — «қайым» сөзінің шыққан төркіні және алғашқы мағынасының қандай болғандығын анықтау. Өзге тілдерде — араб, парсы, монғол не тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің ішінде дәл бұл тұлғалас, мағыналас сөз кездеспеді. Тек түркі тілдері ішінен тувалардан тілге тек, топшылауымызға тірек боларлықтай сөзге тап болдық. Онда «хайым» тұлғалы сөз, қазақша айтқанда «теңбе-тең», «жеңіліссіз», «ұтыссыз» (вничью) деген мағыналарға нұсқайды да, мысалда «хайым ойнаар» тіркесін келтіреді. Мұның қазақшасы «тең ойнау» (сыграть вничью) (Рус.-тув. сл., 1980, 75). Осы дерекке сүйене отырып, біздегі «қайым» сөзінің о бастағы мағынасы «теңбе-тең», «жеңіліссіз» деген болса керек деп ойлаймыз. Әдетте, екі адам өлеңмен айтысқанда біреуі басым түсіп, жеңіп шығуы керек. Ал мына өлең айтысында әрқайсысы алдарына ондай талап, міндет, қоймайтындығын байқаймыз. Тек өлең шығарып, оны жұртқа әсерлі түрде жеткізе білуге машықтану, дағдылану. Қайым өлеңнің көбіне жастар арасында өтуінің өзі осы ойға жетелейді. Үйрену, жаттығу үстіндегі айтыста жеңу, жеңілу шарты болмаған сияқты.

**Қақаған.** Сөздік жасаушыларымыздың түсінігінше, мұның мағынасы — қатты суыну, үскірік ату. «Қақаған

аязда туған құлын көп кешікпей қата қалуы күмәпсіз» (Ж. Тілсков, Хинған асу.).

Мына мысалға қарағанда «қақаған» есімше тұлғасы үнемі «аяз» сөзінің анықтауышы болуға жаратылғандай. Шынында да солай. Қыстың күніндегі аяздың күштілігін, қаттылығын сипаттауда «қақаған» және соған сай келерліктей «сақылдаған», «сықырлаған», «қытымыр», «қызыл шұнақ» сияқты анықтауыштардың «аяз» сөзінің алдында келуі қазақ тілінде жиі кездесетін дәстүр. Бұл жерде біз оның бәріне мысал келтіріп жатуды артық көрдік. Тек қана «қақаған» сөзінің төркінін анықтауға себі тиер мына бір-скі мысалмен шектелеміз, «Дала *сықырлаған* аяз» (С. Мұқанов, Аспаз). «Сырттағы *сықырлаған* сары аязға қарамай, төбеге кеп қалған күн терезеге төнді (Ә. Нұрпейісов, Сергелден). Осы мысалдарға қарағанда «қақаған» тұлғасын «сықырлаған» сөзімен де алмастырып қолдануға болады екен. Осыған бой ұрсақ, «қақаған» мен «сықырлаған» мағыналас болар деген жорамал туады. Сонда сөз түбірі «қақ» не «қақа» болмақ. Бұл жорамалымызды кейбір түркі тілдері, қала берді, монғол тілінің деректері құптағандай. Мысалы, якут тілінде біздің тіліміздегі «сықырлаған аяз» тіркесін «хатан дьыбар» (трескучий мороз) тұлғалы сөздер береді (Як.-рус сл., 1972, 489). «Хатан» сөзіндегі түбірдің «қақ» болмай, «хат» болуы түркі тілдеріне тән дыбыс сәйкестігі заңдылығымен байланысты (ол туралы талай еске салынған). Демек, якут тіліндегі «хатан» біздегі «сықырлаған» мағынасымен бірдей деген сөз. Мұнан да гөрі ойға қонымды, сендірерлік деректі монғол тілінен ұсынамыз. Оларда «хахинах» қазақ тіліндегі «сықырлау» мағынасымен бірдей (Мон.-қаз. сөз., 1977, 268). Шамасы, «қақ» не «хах» түбірлері өте ертеден түркі және монғол тобындағы тілдерге ортақ болса керек.

**Қақбас.** Түсіндірме сөздіктен екі түрлі мағынасын келтірейік: 1. Баласыз, жалғыз адам; 2. Жексұрын, сұмырай. «...*Қақбас*сың, жүрген жерің бәрі бүлік (С. Торайғыров, Танд. Шығ.). «Бәрің шығарып жүрген сол *қақбастың* өзі емес пе (І. Есен., Катерлі өткел).

«Қақбас» сөзінің тарихы, шыққан тегі туралы екі түрлі болжам айтуға тура келеді. Біріншісі — түркі тілдерінің өз дерегі негізінде. В. Радлов сөздігінде Сібірдегі кейбір түркі тілдері «какпас» тұлғалы сөзге «қайыңның қабығы» мағынасын беретіндігін көрсете келіп, «Н. Қа-



тановтың сөзіне қарағанда, ескі, құрап қалған ағаш қабығы» екендігін ескерте кетеді (В. Рад., Опыт..., II, I, 70). Бұған қоса, қазірдің өзінде хакас тілінде «хахпас» сөзі «қылқан жапырақты ағаштардың қабығы» деген ұғымда қолданатынын да еске саламыз (Хак.-рус. сл., 1953, 281). Тіліміздегі «қақбас» сөзінің (бірінші мағынасында) төркінін осылармен байланысты деуге де болатын сияқты. Өйткені, баласыз, жалғыз адамды өнім бермейтін құраған ағаш қабығымен теңеу халық арасында бола беретін жағдай. Демек, ұқсату, сәйкестендіруден туған ауыспалы мағына.

Екінші бір деректі парсы тілінен кездестіреміз: «хакбэрсэр» және «хакбэсэр» тұлғасындағы парсы сөздері қазақ тіліндегі 1) бақытсыз, сорлы; 2) жексұрын, сұмырай сияқты мағыналарды меншіктенеді. Осылардың қайсысы болса да түсіндірме сөздікте келтірілген екінші мағынаға өте сәйкес келіп тұр. Парсы тіліндегі тұлғалардың қазақ тіліне ауысқанда «қақбас» қалпына дейін ықшамдалуы тіл заңдылығынан сырт кетпейді.

Сөйтіп, біздің тұспалдауымызша, «қақбас» сөзінің біздегі бірінші мағынасының төркіні — түркі тілдерінің өзіне тән де, ал екінші мағынаны беретін «қақпас» сөзінің төркіні — парсы тілі.

**Қақпан.** Аң аулауға қолданылатын темірден жасалған, шаппалы құралды қазақ тілінде осылай атайды. «Жолда бұларға қақпан байланған екі адам кездесті («Лен. жас»).

Сөз төркінін түркі тілінің өздерінен табамыз. Якут тілінде «хап» (Э. Пек., СЯЯ, 1959, III, 3318), туба-кижи тілінде де дәл осы тұлғалы сөз (А. Бас., ДЧТ, 1966, 125) «ұстап алу», «шап беріп ұстау» мағыналарында айтылады. Құралдың осындай іс-әрекетіне байланысты -қан жұрнағын қосып «қаққан» атауын берген. Біздің тілімізде оның «қақпан» тұлғасында көрінуін тілдегі метатеза (дыбыстардың орын ауыстыруы: (қолқап — қолбақ) құбылысынан деп қараған жөн.

**Қақсал.** Мағынасы — кексе тартқан, қартая бастаған. «Біздің қақсал құдашалардың көңілі көкте» (С. Бегалин, Замана.).

«Қақсал» сөзінің төркініне жанастырарлық тұлғалар түркі тілдерінен де табылады. Мысалы, қырғыз тілінде какшаал — қатал, тағы (К. Юд., КРС, 1965, 327), хакастарда хахса — кебу, құрғау (Хак.-рус. сл. 1963, 282) мағыналарында қолданылады. Бірақ бұлардың тұлғалары

«қақсал» сөзіне сәйкес келгенмен мағыналары өте алашақ. Сондықтан басқа бір тілдерден іздестіруге тура келеді. Парсы тілінде «коһан және «коһәнсал» тұлғалары «кәрі, жасы ұлғайған» әрі «кәрілігі жеткен, өте кәрі» мағыналарында айтылады (Пер.-рус. сл., 1983, II, 376). Мұның бәрі адамның жасымен байланысты жұмсалады. Сөз тарихын одан әрі жалғастыра түссек, парсы тілінің өзінде «коһәнсал» екі сөздің бірігуінен пайда болған. Біріншісі — «коһән», екіншісі — «сал» (Пер.-рус. сл., 1983, II, 376, 12). Алғашқысының мағынасы «ескі», кейінгісі «жыл» деген ұғымдарды береді. Егер екі сөздің қосындысын сөзбе-сөз аударсақ «ескі жыл» болады да, «көп жылдан келе жатқан» деген түсінікке мезгейді. Кім біледі, жоғарыда «қақсал» сөзінің мағынасын түсіндіру үшін келтірілген «кексе тартқан» деген тіркестегі «кексе» сөзінің өзі де парсының осы «коһәнсал» сөзінің қазақ тілінде қысқара түскен қалпы болуы мүмкін.

**Қақтау.** Қазіргі түсінігімізде — отқа не ыстыққа ұстап, қыздырып пісіру. «Бұғының етін... істік ағашқа тізіп, отқа қақтап та жестік (Қ. Қайсенов, Жау тылы).

Кейбір ертедегі тіл деректеріне назар сала қарастырсақ, бұл етістіктің де алғашқы тұлғасы мен мағынасына пікір айтуға болады. Ескі шағатай тілінде «коғ» тұлғалы сөз, қазіргі түсінігіміздегі «ұшқын» мағынасын берсе, осыдан пайда болған «коғла» етістігі «отқа ұстап кептіру» ұғымын береді (В. Рад., Опыт..., II, I, 515, 519). Қазақ тілінде «қақтау» етістігі сақталған да, оның негізі — «коғ»-ты «ұшқын» сөзі ығыстырып, алғашқы тұлға ұмытылған.

**Қалас, «ықылас қалас».** «Барға ырза болыңыз, *ықылас қалас* деген» (Ел аузынан). Тұрақты тіркес құрып тұрған екі сөз де араб тілінен келген. Алғашқы «ықыластың» мағынасы — ниет, ниғыл екендігі бәрімізге аян. Ал екіншісі де түсіндірме сөздік бойынша, онан қалды кейбір авторлардың баяндауынша да белгілі сияқты. Түсіндірме сөзлікте қалас — а) құтылды, босанды; б) бітті, тамам болды, «Бұлардан қалас болған соң, Бойын жазып алған соң» (Қобыланды). Е. Бекмұхамбетовтың 1977 жылғы «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» деген кітабында қалас — құтылу, босану, еркіндік алу. «Жуымас аққа пәле деген сөз бар, Қалас боп құтыларсың бір күн ақыр» (Мәшһүр Жүсіп). Араб тіліндегі біз көрсеткен мағыналарында бұл сөз «хәлас» тұлғасында парсы тілінде де кездеседі (Пер.-рус. сл., 1959). Сөздің түпкі

төркіні араб тілі екендігі дау тудырмайды. Тіпті ертедегі түркі тілдері сөздігінде де халас — құтқару, босату мағыналарында қолданылғандығы және оның араб тілінен екендігі көрсетіледі (ДТС, 635).

Бірақ бұл көрсетілгендер 2—3 қатардағы мағыналары деп түсінген дұрыс. Өйткені, араб тілі сөздігінде екі жерде де I — ретке «қалас» сөзінің мына мағыналары қойылған — жасанды емес, таза, адал болу, адалдық көрсету. (Араб.-рус., сл., 1970).

Осымен байланысты ел аузынан алынған, біз келтіріп отырған мысалдағы «ықылас қалас» тіркесіндегі «қалас» мағынасы — шын, адал дегенді ұғындырмақ. Демек, «ықылас қалас» — «ишет адал» қалпында түсіндіріледі.

**Қала, қаласын бұзу.** «Біреудің қаласын бұзып, жаласына қалар жайым жоқ» (Ел аузынан). Баршамызға аян «қала» сөзі болмаса («аққала», Алматы қаласы немесе «қала» (етістік) сияқтылар), дәл мынадай ерекше мағынасы бар «қаланы» түсіндірме сөздіктен таппадық. Алайда ел аузында кейде айтылып жүретіндігі мысалдан көрініп қалады. «Қала» сөзінің алғашқы мағынасы — үй іші (семья), ру сияқты болғандығын түркі тілдерімен біртектес деп саналып жүрген тунгус-маньчжур тобындағы тілдер дерегінен байқаймыз. Оларда «хала» болып тұлғаланған. Сөйтіп, «қаласын бұзу» дегеніміз «семьясын бұзумен» мағыналас екендігін шамалаймыз.

**Қалбағайлы.** Тарихын, төркінін іздестіріп отырған басқа сөздерден «қалбағайлы» сөзінің бір ерекшелігі қазақ тілінде тіпті қолданылмайды десе де болады. Оны біз тек Абай өлеңдерінде, онда да бір рет қана ұшыратамыз: «Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы, Алдыарты бірдей келсе ерге жайлы». 10 томдық түсіндірме сөздікте «қалбағайлы» сөзінің мағынасына «кең жаялы» деп түсінік берсе, 1968 жылы шыққан «Абай тілі сөздігінде» — «мықын сүйегі шығыңқы» сияқты анықтама берген. Енді осы сөз мағынасына берілген түсініктерге зер сала, сәл тоқтап өтейік. Түсіндірме сөздікте мағына ажыратқан автордың «қалбағайдың» «жаямен» синоним болатындығын қайдан білгеніне таң қаласың. Өйткені мұндай сөз оған тұрмыста кездесіп көрген емес қой? Ал «Абай тілі сөздігіндегі» анықтама ақынның суреттеуіне тіпті қарама-қарсы. Абай өз өлеңінде «тар мықын» деп отырса, «қалбағайлы» сөзінің мағынасын ашушы автор «мықын сүйегі шығыңқы»-мен түсіндіреді. Егер «мықын сүйегі шығыңқы» болса, ақын айтып отырған «тар мы-

қын» жайына қалмай ма?! Сөз мағынасын анықтауда, ең болмай бара жатса, айналасындағы сөздермен сәйкестіре, салыстыра қарап шешім қабылдау жөн ғой деп ойлаймыз.

Біз өз міндетімізге көшейік. Түркі тілдері және соларға жақын монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер дерегіне көңіл аударғанда мына жағдайларды байқадық. Э. К. Пекарский түзген якут тілінің сөздігінде «халбыгалах» тұлғасына «мал санындағы жұмырланған үлкен бұлшық ет» деген түсінік береді (Э. Пек., СЯЯ, 1959, III, 3263). Тува тілінде біздегі «бұлтиып, бөлектену» мағынасын «халтығыр» тұлғасы түсіндіреді (Рус.-тув. сл., 1980, 349). Ең соңында, монғол тілінде: «галбиртай» сөзі қазақ тіліндегі «мүсінді» мағынасын береді (Қаз.-мон. сөз., 1977, 223). Бұлтиып бөлек шығып тұратын бұлшық етті якутша — «халбыгалах» десе, бұл дененің мүсінді болуының алғы шарты. Ал «мүсінді» сөзінің мағынасын монғолдарда «галбиртай» тұлғасы берсе, осы тұлғалар түбіріне қазақтар өздеріне тиісті жұрнақты жалғап «қалбағайлы» сөзін тудырған деуге мүмкіндік мол.

Сөйтіп, Абай өлеңіндегі «қалбағайлы» сөзінің мағынасын қазіргі тұрғыдан түсінгіміз келсе, «бұлшық етті, әрі кетсе, «мүсінді» деп ұғынған жөн.

**Қалжыңбас.** Әзілқой, күлдіргіш адам. «Тәкежан Абайдан екі жас үлкен, қалжыңбас, әзілқой болатын» (М. Әуезов, Абай).

Сөздің екі түбірден біріккені сырт көзге де анық. Алғашқы түбір — қалжың, екіншісі — бас.

Бірінші түбірдің төркіні түркі-монғол, әсіресе, қазақ пен монғол тілдеріне ортақ деп қарарлық деректен құр алақан емеспіз. Біздегі «қалжың» тұлғасына сәйкес монғолдарда «хөгжөөнтэй», «хошин» сөздерінің алғашқысы — әзілқой, соңғысы — қалжың мағыналарында қолданылады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 42, 174). Бұл көрсетілген мағыналар олардың алғашқы мағынасы емес екендігі де байқалады. Монғолдарда алғашқы тұлғаның түбірі — «хөгжөөн» қазақ тіліндегі «қуаныш», «көңілді» дегенді ұғындырады (бұл да сонда, 158, 192). Ойын-күлкі, әзілдің тек көңілді адамдар арасында болатынын ескерсек, сөздің алғашқы мағынасы — қуанышты, көңілді де, ал әуелгі тұлғасы — «хөгжөөн» деген лазым. Сөз түркі тілдерінен монғолдарға немесе керісінше ауысты ма, әлде әуелден ортақ па бұл арасын кесіп айту қиын. Қалайда

«қалжың» мен «хөгжөөн» тұлғаларының бірінің бірі дыбыстық өзгеріске түскен түрлері екені даусыз деп ойлаймыз.

Ал біріккен сөздің екінші сыңары — «бас» сөзін тек кейбір түркі тілінен ғана кездестіреміз. Тува тілінде біздегі «әзіл» мағынасын — «бастак», ал «әзілқой адам» дегенді — «баштак кижі» сөз тіркесі ұғындырады (Рус.-тув. сл., 1980, 561).

Осыларды қорыта айтқанда, «қалжыңбас» сөзі — түркі, монғол тілдеріндегі екі сөз тіркесінен (хөгжөөн + баштак) қысқара келіп пайда болған деп ойымызды доғаруға да болар еді. Бірақ тағы бір тіл дерегі оған ырық беретін емес.

Парсы тілінде «кәчәләкбази» сөзі — ақымақтану, ақымақтың ісін қылу дегенге нұсқаса, «кәджбаз» — арам ойыншы, шулер, алдамшы адам мағыналарында қолданылады (Пер.-рус., сл., 1983, II, 314, 312). Әсіресе соңғы, «кәджбаз» сөзінің тұлғасы мен мағынасы біздегі «қалжыңбасқа» өте жуық. Мұның өзі кездейсоқ сәйкестік пе, әлде түркі, монғол тілдерінен ауысты ма, бұл арасын анықтау оңай емес. Өйткені парсы тіліндегі «кәджбаз» тұлғасын да екі түбірдің қысқара келіп, бірігуінен пайда болған деуге дәлел баршылық: «кәдж» — қисық, қыңыр (Пер.-рус., 1980, II, 311); «бозбаз» — күлдіргіш (скомо-рох) (сонда, I, 205). Ал «кәчәләкбази» сөзінің алғашқы сыңары: «кәчәләк» та парсы тілінде жеке сөз қалпында қолданылып — қуыршақ, қуыршақ адам мағынасын иеленеді (сонда, II, 314). Бұл да — адамды күлдірудің бір жолы.

Өз шамалауымыз бойынша, «қалжыңбас» сөзі түркі, монғол тобындағы тілдер негізінде пайда болған тәрізді.

**Қалт еткенде.** «Бір қалт еткенде өзіміздің ауылға барайық (Т. Ахтанов, Дала сыры). «Қалт» қалпындағы бұл сөзді «е» көмекші етістігімен тіркесте ғана көреміз. Қос сөз қалт-күлт құрамындағы «қалтты» еске алмағанда, жеке тұрып қолданбайды. Түсіндірме сөздікте бұл сөздің түсінігі алғашқы мағынасына жақын, жуық берілген. Кей тілде дара тұрып та дербес мағына бере алатынын сарыкөл тілінің дерегінен білеміз. Онда қалт-босаған, бос кез (Т. Пах., (Саык-рус. сл., 1971). Осы дерекке қарағанда, «қалт еткенде» тіркесінің түсініктірегі — «бір босағанда», «бос кезде» болмақ.

**Қалтқысыз.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — күмәнсіз, кәміл, сезіксіз, шүбәсіз, бүкпесіз, адал. «Ғазиз

жүректер бір-біріне қалтқысыз сенді» (С. Досанов, Қыран.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің дерегіне қарағанда, бұл сөздің тұлғасы мен мағынасы аз да болса, өзгеріске ұшыраған. Онда дыбыстық құрамы «қалысыз» қалпында да, мағынасы — қалдықсыз, тұтас, толық, әбден дегендерді білдіреді (ДТС, 412, 413).

Басқа түркі тілдерінен бұл тұлғалы әрі мағыналы сөзді тек түрікмен тілінен кездестіреміз. Онда гаты — әбден (Рус.-туркм. сл., 1956, 717). Қазақ тіліндегіге қарағанда мынаның тұлғасы көне түркі тілдегіге ұқсас. Айырмасы — «л» орнына «т» қолданылып -сыз жұрнағының түсіп қалуы мен т ~ л дыбыстарының сәйкес келуінде ғана.

**Қамшы.** Көлікті айдап жүргізетін құрал. «Бұл Шоқанның қамшысы еді» (С. Мұқанов, Аққан Жұлдыз).

Сөз төркінін алыстан іздемей-ақ түркі тілдерінің өзінен табамыз. Чуваш тілінде «хаамсар» тұлғалы сөз «сілтеу, сермеу» мағыналарында қолданылады (СЧЯ., 1941, вып. 16, 333). «Сілтеу, сермеу» етістігінің алға қойған мақсаты бір нәрсені ұру, осу болмақ. Тува тілінде ұру, осу етістері «кымчылаар, шыкпыртаар» тұлғалары арқылы түсіндіріледі (Рус.-тув. сл., 1980, 530, 564). Осы деректерге сүйене отырып, «қамшы» сөзінің түбірі «қам», осыған -шы жұрнағы қосыла келіп (қазақ тілінде) көлікті ұрып, соғып жүргізетін құрал атауы пайда болғаны байқалады.

**Қанық, бояуы қанық.** Түсіндірме сөздік анықтамасы бойынша, мұның мағынасы — кемеліне келген, бабына жеткен. «...өрелі ізденіс коллективтегі ізденіске ұласқанда ғана қанық бояулы спектакльдер туатынын тәжірибеден... көріп жүрміз» (С. Омаров, Серпін). Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне жүйесі басқа араб тілінен ауысқан. Арабша қаниғ — ашық (заттың түсі жөнінде) (Араб.-рус. сл., 1970). Түсіндірме сөздік анықтамасына қарасақ, мағынасына өзгеріс енген. «Бояуы қанық» дегеніміз, мағынасы жағынан, «бояу ашық» тіркесімен барабар.

**Қанігі.** Машықтанған, үйренген, төселген мағынасында қолданылатын сөз. «Медеу малға үйір, мал өміріне кәнігі бала» (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Орфографиялық сөздігімізде «кәнігі» болып жазылатыны ескертілген. Біз түсіндірме сөздіктегі жазылуын сақтап бердік.

Араб тілінде «қанек» тұлғалы сөз «тәжірибелі ету,

өмірге үйрету», ал «конек» сөзі «өмір тәжірибесі, тәжірибелі» мағыналарында қолданылады (Араб.-рус. сл., 1970, I, 251). Осы сөз қазақ тіліне ауыса отырып, мағынасын да сақтай білген.

**Қаңқу.** Сөздіктен — өсек-аяңға негізделген алып-қашты сөз деген мағынаны көреміз. «Сөзде қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман» (мақал).

«Қаңқу» — түркі тілдерінің төл сөзі. Сондықтан да оның төркінін, тұңғыш мағанасын солардың арасынан іздеп табамыз.

Ноғай тілінде: канькув — сөгу, балағаттау мағынасында айтылға (Ноғ.-рус., сл., 1983), қырғыз тілінде қаңқуу-тұспалдап сәйлеу, зәрлі тұспалдауды түсіндіреді (К. Юд., КРС, 1965).

Бұл тілдерде мақал құрамында ғана емес, «қаңқу» басқа сөздермен де тіркеске түсе береді. Біздің болжауымызша, «қаңқудың» алғашқы мағынасы «зәрлі сөз» болуы мүмкін. Сондықтан да мақалдағы «қаңқу жаманды» қазіргі кезде «зәрлі сөз жаман» қалпында түсінген дұрыс деп ойлаймыз.

**Қаңтар.** Январь айының аты қазақтарда бұрын осылай аталған. «Марттағы бұл аяз қаңтар мен ақпандағыдан да өтімді» (Ақ бидай).

Бұдан бұрынғы жолдарда жазылған «аяз» сөзінің төркінін анықтауда, оның тува, хакас тілдерінде күннің ашықтығын түсіндіретінін айтқан болатынбыз. Тағы да сол тува тілінде «аяз» сөзінің синонимі ретінде «қаан» тұлғасы қолданылады. Дәлірек айтқанда «қаан» сөзінің мағынасы біздегі «ашық күн» дегенмен бірдей. Ал «қааннаары» — күннің, ауа райының ашылуы деген түсінік береді (Рус.-тув. сл., 1980, 471). Әдетте, қаңтар айының көбіне боранды, жауын-шашынды күндерінен, суық болса да, ашық күндерінің молырақ болып келетіні бар. Осы қалпына қарай қаңтар ертеректе түркі тілдерінде «қааннаары айы» атанып, оның қазақ тілінде «қаңтар» тұлғасына дейін өзгеруі тілдегі дыбыс сәйкестік заңынан тыс кетпейді. Жорамалымыз жөнге сокса, «қаңтар айы» дегеніміз «ашық күнді ай» деген түсінікке тең келеді.

**Қаңтару.** Етістік мағынасы түсіндірме сөздікте былайша берілген: шөп жегізбес үшін, аттың басын көтере, кекжитіп байлау. «Сәлима ақ боз атты етекке қаңтарып тастап, өзі тастың басына шықты» (З. Ақышев, Достар).

Якут тілінде «хантарға» біздің тіліміздегі «тізгіш»



мағынасында айтылады (Як.-рус. сл., 1972, 479). Сөздің туынды түбірі, якут тілінде, «хантай». Мұның мағынасы — көтеру, басып көтеру. Осы соңғы етістік мағына — алғашқы мағына болу керек те, ал аттың басын көтеріп ұстауға арналған «хантарға» (тізгін) туынды деп қарауға болады. Дәл осы тұлғалас, мағыналас сөз тек якут тілінде ғана емес монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде де бар. Мысалы, монғолдарда «хантра» қатты тартып байлау дегенді білдірсе, маньчжурларда «қантара» тізгінді тарту сияқты мағынада қолданылады. (ССТМЯ, I, 375). Сөздің негізгі түбірі осы тілдердің қайсысында болмасын бір буынды «қаң», ал мағынасы — басты кейін қақшиту, көтере ұстау екенін де көрсетілген сөздіктерден табамыз.

**Қапсағай.** Түсіндірме сөздіктегі мағынаға қарасақ — зор денелі, биік те жуан. «Бойы екі метрге жақын, кең жауырынды қапсағай жігіт... өзі сұранып балуандыққа түсті» (З. Шүкіров, Сарша тамыз).

«Қапсағай» сын есімінің берер мағынасы зор, биік болуы мүмкін, бірақ «жуандық» қасиет (түсіндірме сөздік көрсеткендей) оған жанаспайды. Өз ойымызды былай қойғанда, кейбір түркі тілдері деректері де осы пікірімізді қуаттайды. Тува тілінде капшағай — епті, оңтайлы, ал кашпағай — өткір, өжет, пысық (Рус.-тув. сл., 1980, 241, 50) мағыналарында қолданылады. Тува тіліндегі бұл сын есім мағыналары бірінен-бірі туындаған ауыс мағыналар, тұлғаларындағы айырма-қатар дыбыстар орын ғана алмастырған (метатеза құбылысы). Адам епті оңтайлы болу үшін, жуандық пен семіздік қажет емес, керісінше, жіптіктей сом дене керек. Якут тілі дерегіне көңіл аударсақ, «хапсағай» тұлғалы сөз біздің тіліміздегі «шапшаң, епті, тез» сияқты мағыналар меншіктенеді (Як.-рус. сл., 1972, 480). Бұл қимылдар да адам денесінің жинақты, сұңғақтылығына байланысты болса керек. Демек, «қапсағай» адамның дене пішіні ашаң, арық болса да жұмырлана біткенде ғана оңтайлы, шапшаң, епті боларына сөз жоқ.

Біздің байқауымызша, сөздің ең алғашқы мағынасы етістік тұлғалы сөзге соқтырады. Мысалы, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде «хабсара» сөзі — арықтау, ал «хабсахун» тұлғасы «ашаң, арық» мағыналарына нұсқайды (ССТМЯ, I, 457). Дәл қазір әңгіме болып отырған «қапсағай» сөзінің алғашқы мағынасы мен тұлға-

сына арқау боларлық деректер осылар болар деген ойдамыз.

Бұл жерде жер атымен байланысты кездесетін «қапшағай» сөзін мұнымен жанастыруға болмайтын сияқты. Біздегі жер атымен байланысты «қапшағай» тұлғалас сөзді қырғыз (К. Юд., КРС, 1965, 344), якут (Рус.-як. сл., 1972, 481), монғол (Мон.-қаз. сөз., 1954, 248) тілдерінен кездестіреміз. Олардың мағынасы таулы жерде кездесетін үңгір, шатқалдарға мезгейді. Бұл — өз алдына мәселе.

**Қапсыру.** Түсіндірме сөздікте екі түрлі мағынасы көрсетілген: 1. Қамтып, қапсыра ұстау; 2. бір нәрсені (есікті т. б.) жабу. «...Ана есікті қапсыра салыңызшы... деді Майлық» (А. Нұрманов, Құлап.).

Сөздіктегі алғашқы мағына соңғысының туындысы. Сондықтан біздің баса көңіл аударарымыз — екінші мағынасы.

Тарихи жағынан алып қарағанда, «қапсыру» сөзінің ең алғашқы түбірі — «қа». Өйткені, монғол тобындағы бурят тілінің бір говорында «хаа» тұлғасы «жап» деген етістік мағынасын береді (ИБГ, II, И. Бур., Некоторые..., 117). Осыдан бара-бара туынды түбір «қап» қалыптасқан. Бұған дәлел — Евпатория мен Бахчасарай маңындағы қараим тілінде (түркі тілінің бірі) «есікті жап» деген мағынаны — «қапа қапыны» тіркесі береді (ВДТЯ, К. Мус... Заметки..., 100). Мұнда «қапа» сөзі «жап» мағынасында қолданылып тұр. Топшылауымызды басқа да түркі тілдері мәліметі дәлелдей түседі: татар тілінде «қап+ла», чуваштарда — «хупла» сөздері қазақ тіліндегі «жабу» (етістік) мағынасын білдіреді (ПОАЯ. С. Мур., О тюркских..., 341).

Түркі, монғол тілдерін былай қойғанда «жап» мағынасының «қа» түбірі арқылы айтылатынын араб тілінен де байқаймыз: қафәл — бекіту, жабу. Егер біз семитохамит, үндіевропа, алтай, картвел тілдерінің деректеріне үңілсек, олардың бірқатарында «қап» сияқты түбір — «жабу», «бекіту» сияқты сөздер мағынасын білдіреді (В. Илл.-Св., ОСНЯ, 336, 337).

Сөйтіп, «жабу» мағынасындағы «қапсыру» сөзінің түбірі қа>қап екен де, оның төркіні бірнеше топтағы тілдерге ортақ екендігі анықталып отыр.

Қазіргі тілімізде «есікті жап» деудің орнына кейде «есікті қапсыр» деп те айтыла береді. Бірақ бертін келе «жап» пен «қапсыр» мағыналары даралана, ажыратыла

бастаған. Егер үйдің есігі тұтаас болса, онда көбіне «жап» етістігі қолданылады да, есік жарма — екі жаққа ашылатын болып жасалса, «қапсыр» жиі қолданылады. Осы ерекшелікті аңғармаудан бірін («жап» сөзін) әдеби тіл қалпы, екіншісін («қапсыр») диалектизм деп қарайтын жаңсақ көзқарас та ішінара кездеспейді емес (КТДС, 1969, 190).

**Қара басу.** Біздің түсіндірме сөздігіміздегі мағынасы — албасты басты, құдай ұрды, жолы болмады, оңбады. «Көшкенде *қара басып*, тарс есімнен шығып кеткен» (Ө. Қанахин, Жер бас.).

Сырт көзге түркі тілдерінің сөзі әрі екі түбірдің тіркесінен туған сияқты. Осылай деп ойлағандықтан да болар «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (1978) екі сөз есебінде бірінен бірі бөлек жазылған. «Түсіндірме сөздікте» мағынасын анықтаудың өзінде де тіркес құрып тұрған жеке сөздердің («қара» мен «бас») ұғымына жақындатушылық бар.

Дәл осындай тіркес қырғыз тілінде де кездеседі: *қара бас* — жып басу мағынасында түсіндірілген (К. Юд. КРС, 1965).

Біздің жобалауымызша, тіркес қалпында қабылдап отырған бұл сөздің төркіні араб тілі және бір ғана сөз сияқты. Араб тілінде: *ғаребасат* — 1. шырмалу, шатысу; 2. шатақ, шытырман (Араб.-рус. сл., 1970).

Егер осы деректі дұрыс деп ұқсақ, «қарабасу» сөзінің шын мағынасы — шырмалу, шатысу болмақ.

Кім біледі, түркі тілдерінен араб тіліне ауысып, оларда сәл өзгеше мағына иеленуі де ғажап емес.

**Қарақан, қарақан басы.** Қазіргі тілімізде «жеке басы, соқа басы» тіркестерінің орнына «қара басы, қарақан басы» деп те айтыла береді. «Төлеп үй ішіне көмектеспек түгіл, өзінің *қарақан басын* эзер асырап жүрді» (С. Мәуленов, Шыңда.).

Қазірдің өзінде осы тұлғаға сәйкес әрі мағынасы да жақын сөзді чуваш тілінен табамыз. Онда «харак» сөзі «екінің бірі немесе сыңар», ал «харахан» тұлғасы — «сыңар» сияқты мағыналарда көрінеді (СЧЯ., 1941, вып. 16, 358, 359).

Ертеде түркі тілдеріне ортақ саналған осы сөз қазақ тілінде «басы» сияқты тұлғалармен тіркесте сақталып, бізге дейін жеткен.

**Қарак, қарак ойнау.** Мұндай сөзді және сөз тіркесін не түсіндірме сөздікте, не орфографиялық сөздікте кез-

дестіре алмадық. Алайда, өмірде ел аузынан талай естіген сөздер. «Ол жұртты *қарақ ойнаумен* ұтады».

Бізге бұл тұлғалас әрі мағыналас сөз түркі тілдерінен кездесе қоймады. Соған қарағанда қазақтарға жүйесі басқа тілден ауысып келгендігі байқалады. Парсы тілінде «хэрэнғ» тұлғасындағы сөз «алдау, адастыру» іспеттес мағыналарда қолданылады (Пер.-рус. сл., 1983, I, 547). Егер «қарақ ойнау» тіркесін түсініктірек болсын десек, «алдап ойнау» деп айтуға да болады.

**Қарақты, көзі қарақты.** Тіркес мағынасын түсіндірме сөздікте — хат танитын, сауатты деп көрсетеді. Біздің байқауымызша, осы сөз тіркесіне түсінік берген авторлазда аңғармаушылық болған сияқты. Қелтірілген мысалдың мағынасына ой жүгіртсек те сол жағдай сезіледі. «Тоқсанбай елдегі *көзі қарақты* молдалар мен тәуіптерді шақырып, ем-дом істеп жатыр» (С. Омаров, Қайырлы.).

Шынына көшсек, «көзі қарақты» сөз тіркесі ертеде қазақтар арасында «тәуіп» аталған, ем-дом жасауды кәсіп еткен, өздерін түк білмесе де «балгер» санаған дүмше молда, бақсыларды дәріптемек болғанда ғана қолданылғанын ескермесек болмайды. Мұндай тіркестің басқа жағдайда қолданылғанын білу былай тұрсын, ешкім де естімеген болар. Бұл бір, реті келгенде, жол-жөнекей айтылған пікір ғана. Мәселе — сөздің алғашқы мағынасын іздестіруде ғой. Мұнда бізге тарихын қарастыруды талап ететіні — тіркесіп келген сөздің соңғысы — «қарақты».

Тілде мынадай заңдылық та жиі ұшырасады. Әсіресе, қос сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінде тұлғасы әртүрлі болғанмен мағынасы бірдей сөздер ғана ыңғайлашып отырады. Мысалы, бала-шаға, қыз-қырқын қос сөздерінің бірінші сыңарлары бізге түсінікті де, ал екіншісін біле бермейміз. Шындығына келгенде, олар да «бала», «қыз» сөздерінің басқа түркі тілдеріндегі тұлғасы: түрікменше біздегі «бала» мағынасын «шаға», чуваштарда «қыз» сөзін «хиір» тұлғалары береді. Дәл осы сияқты, мына «көзі қарақты» тұрақты тіркесіндегі сөздер де мағыналас болуы мүмкін деп жорамалдап, іздестіре түссек, жорамалымыз теріске кетпейтініне көзіміз жетеді. Якут тілінде — «харах», тува тілінде — «карак», хакасша — «харах» дыбыс құрамындағы сөздер қазақ тіліндегі «көз» мағынасы орнына қолданылады (Рус.-як. сл., 1968, 109; Рус.-тув. сл., 1980, 114; Хак.-рус. сл.,

1953, 275). Осы тілдерде көрсетілген тұлғалардан («көз» мағынасын беретін) туындаған етістік мағынасындағы сөздер «жақсы көре алатын», «көргіш», «алыстан көретін» сияқты мағыналарды да береді. Мысалы, хакас тілінде «харахтығ» тұлғасы «көргіш» мағынасында қолданылады (көрсетілген сөздік, 276). Басқа түркі тілдеріндегідей емес, қазақ тілінде соңғы «ғ» дыбысы түсіп қалып отыратыны белгілі (сарығ — сары; кішіг — кіші т. б.). Осы дәстүрге сай «көз» сөзіне «харахтығ» тіркесіп, қалыптасқан десек, «көзі қарақты» дегеніміз «көзі көргіш» болып шыға келеді. Ертеде қазақтар аурудың жағдайынан бірнәрсе біледі деп ойлаған тәуіптерін осындай сөз тіркесі арқылы дәріптегенін байқаймыз.

Бір ескерте кетер жайт — «қарақ» сөзінің қазіргі біздегі «көз» мағынасын беруі ертедегі түркі тайпаларына да тән болған (ДТС, 425).

**Қараңғы.** Қазіргі кездегі түсінігіміз — жарық жоқ, қараңғылыққа шомған, түнек (түсіндірме сөздіктен). «... Қалды қапы Қарғабай, *Қараңғыда* өз итін Атып апты аңдамай» (С. Мәуленов, Құлыншақ).

Сөздің әуелгі, ертедегі түбірі «қара» екендігі дау тудырмайды. Мәселе — сол түбірдің алғаш нендей мағынаға ие болғандығында. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «қара» сөзінің бірнеше мағынасы бар. Оның бірі бәрімізге мәлім — заттың түсімен байланысты. «Қараңғы» сөзінің түбірімен байланыстыруға да болар еді. Бірақ түркі тілдеріндегі басқа бір дерек ырық бермейді. Сібірдегі түркі тілдерінің бір қатарында (телеуіт, шор, т. б.). «караа» тұлғалы сөз бізде қазір қолданылып жүрген «түн» мағынасын ұғындырады (В. Рад., Опыт..., II, 1, 142). Тіпті қазіргі кездегі хакастарда да «түн» мағынасын «хараа» сөзі береді (Хак.-рус. сл., 1953, 274). Ал «хараағы» — «түнгі» мағынасында көрінеді.

Ой елегінен өткізіп, салыстыра қарасақ, топшылауымыздың теріс еместігіне сенім мол. Біріншіден, қазіргі зат түсіне байланысты «қара» (қара бояу т. б.) сөзінің өзі «түн» мағынасындағы «қараа»-ның туындысы демекпіз. Өйткені адам баласы белгілі бір затқа алғашқы атауларды табиғат құбылысына сәйкестендіре беруі мүмкін. Демек, түннің түсіне басқа заттардың түсі ұқсастырылған. Екіншіден, әдетте бір сөзді екінші сөзбен ауыстырғанда мағынасы сәйкес сөздер ғана қолданылатыны, біздің еркімізден тыс, табиғи нәрсе. Бұл табиғилық олардың алғашқы төркіндерінің, дәлірек айтқанда,

мағыналарының тамырластығымен байланысты. Мысалы, «қара түнек» тіркесін «түн түнек» десе де ұғынуға түсініксіз болмайды. Себебі, екеуінің мағынасы бір, синоним сөздер. Алғашқы, тұңғыш қолданысқа түскені «қара» да, «түн» кейінірек пайда болған деп топшылауға болады.

Қазіргі тілімізде «қара түнек» жиірек қолданылады да, «түн түнек» сирегірек. Сондықтан да болар соңғы тіркес орфографиялық сөздікке ілінбеген. Оның есесіне түсіндірме сөздігімізде «түн түнек» ұмыт қалмаған. «Сен күн адамы емес, *түн-түнек* адамысың» (Ө. Тұрманжанов, Адам.). Немесе, «Жатқан елім ғасыр бойы *түн-түнекте* тұншығып, Жайнап кетті төбесінен сәуле шашқан күн шығып» («Қазақст. мұғ.»). Осы сөйлемдердегі «түн» орнына «қара» сөзін қойсақ та мағына өзгермейді. Әрі «күн» сөзіне қарама-қарсы қалыпты да сақтай алады. Сөйтіп, «қараңғы» сөзін дәлірек түсіндірсек — «түнгі» деген болып шығады.

**Қараңғы, су қараңғы.** Түк көрмейтін соқыр. «Ықсан оның *су қараңғы* екенін енді ғана аңдады; ...» (М. Сүндетов, Ескексіз.).

Тіркестегі алғашқы «су» сөзінің мағынасын, дәлірек айтқанда, алғашқы төркінін қарастыра келгенде түркі, монғол және тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден кездестіреміз. Якут тілінде: суй — мүлде, тіпті (Як.-рус. сл., 1972, 340); монғолша: суу — мүлде (Т. А. Бер., МССМЯ, М., 1969, 26); тунгус-маньчжур тілдерінде: чуу — өте (ССТМЯ, II, 410) мағыналарында қолданылады. Тунгус-маньчжур тілдеріне түркі не монғол тобындағы тілдерден ауысса керек. Біздің тілімізде «су» тұлғасы «жаңа» сөзімен де қосылып келіп, «су жаңа» тіркесін тудырады. Жоғарыдағы деректер бойынша бұл «мүлде жаңа» мағынасын ұғындырады.

Сөз тіркесіндегі екінші сөз «харагүй» тұлғасында монғол тілінде (Т. А. Бер., МССМЯ, 1969, 83), «харан уча» тіркесінде қалмақ тілінде (Рус.-кал. сл., 1964, 652) кездесіп, біздегі «соқыр» дегенді білдіреді.

Осы деректегі тұлғаларды жинастыра келіп, қазақ тіліне қарай бейімдегенде «су қараңғы» тұрақты тіркесі қалыптасып, «мүлде соқыр» мағынасын берерліктей болып орналасқан. Бұл жерде «қараңғы» сөзінің одан арғы тарихына үңіле түссек, жоғарыда келтірілген «қараңғы» сөзімен тамырлас болуы ықтимал. Оны қайталап жату артық.

**Қараспанды жаудыру.** Қазіргі тілімізде: 1. ақыр заманды төндіру, қауін-қатерді өсіріп айту; 2. күдер үзіп, түңіле сөйлеу мағыналарында қолданылады. «Бұйра шаш қолы дірілден, неісенені кеңсірігіне орнықтырып алды да, *қара аспанды жаудыра* бастады» (М. Қаратаев, Далада.).

Бұл тұрақты тіркестің алғашқы сыңарының өзі де (қараспан) екі сөзден құралған деп ойларлықтай (қара және аспан). «Қараспан» сөзінің төркінін іздестіру де, («қара басу» сияқты) көп қиындық тудыруының себебі осында. Екі сөзден құралған деп қарасақ, оның төркіні тек түркі тілдері болмақ. Бірақ мұндай болжамға жібермейтін тағы бір тілдік дерек алдан шығып отыр. Иран (парсы) тілінде: һәрас — үрей, зәре, қорқыныш мағыналарын береді. Осы сөз түркі тілдеріне ауысып, «Қараспан» қалпына дейін өзгеруі де мүмкін. Олай болса «қараспанды жаудыру» тіркесі «үрей, қорқыныш жаудыру» деген түсінікпен бірдей.

**Қарғыс.** Біреуге айтылатын жаман тілек, нәлет мағынасындағы сөз. «Айғаныстың *қарғысына* шыдай алмаған Бәйтік те тілін тартқан жоқ» (К. Оразалин, Абай.).

Бұл сөз осы мағынада бірқатар түркі тілдерінде, атап айтқанда — қырғыз (қарғыш), түрікмен (ғарғыш), хакас (харғас), тува (қарғыш), якут (карыыс) т. б. кездеседі. Тіпті, монғол тобындағы тілдерде: монғолдарда — хараал, қалмақтарда — харал дыбыстық құрамдарда айтылып, «қарғыс» сөзінің мағынасын береді (көрсетілген тілдер сөздігін қараңыздар).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде, әсіресе, М. Қашқари сөздігінде «қарғыс» мағынасындағы сөздердің мынадай тұлғаларын ұшыратамыз — қарғағ, қарғыш (ДТС, 426). «Қарғыс» сөзінің төркіні боларлық алғашқы мағынаны да осы сөздіктен табамыз: қырға — ұрысу, балағаттау, ал қырғағ — ашу, ыза, қаһар; жаза (ДТС, 445) ұғымдарында қолданылған. Осыларды салыстыра қарасақ, тұңғыш мағына «ашу», «ыза», одан туындағаны — «ұрысу» болып, мағына ауысуының тоқтаған шегі — «жаза» болса керек деген ойдамыз.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінен — якут тілінде «қарғыс» сөзінің алғашқы тұлғасы мен мағынасы болар дерліктей мәлімет те бар. Якуттарда: «харғыс» тұлғалы сөз «кедергі, бөгет болу, қиындық туғызу» сияқты мағыналар орнына қолданылады. Бұл да кейін пайда болған



тушпды мағына деуге болады. Өйткені, ұрысушы адамдар ызаланып, біріпс-бірі қастандықпен кедергі, бөгет болуы да мүмкін нәрсе.

**Қарману.** Қазіргі кездегі түсінігіміз бойынша — ұстау, тұту, жармасу мағыналарында қолданылады. Қырғыз тілінде де «қарман» тұлғасы біздегі мағынадағыдай. Әрине, мұның бәрі соңғы кездерде пайда болған мағыналар. «Білім де, өнер де, мамапдық та — бәрі де жас шағында *қарман* қалмасаң, ұстатпайды» (С. Байжанов, Жастық шақ.).

Бұл етістіктің алғашқы тұлғасы мен мағынасы жөнінде кесіп-пішіп пікір айту да қиын. Дегенмен, кейбір тіл деректерін арқалана отырып, мынадай жорамалға жол бермекпіз.

Бірқатар түркі тілдерінде біздегі «қалта» сөзі өзгеше дыбыстық құрамда: якуттарда — «хармаан» (Рус.-як. сл., 1968, 221), туваларда — «кармак» (Рус.-тув. сл., 1980, 208). Кейбір ғалымдар бұларға орыс тілінен ауысқан деп қараса, Рясянен бұған қарама-қарсы, түркі тілдерінен шыққандығын дәлелдеу үшін шағатай тілінде «кар» тұлғасы барлығын және оның мағынасы — баса-көктеп кіру, ішіне кіру екендігін айтады (М. Фасмер, ЭСРЯ, 1966, II, 201).

Якут, тува тілдеріндегі тұлғаларды орыс тілінің әсері делік. Ал, «қалта» мағынасын беретін монғол тіліндегі «хармаа», қалмақ тіліндегі «хор» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 174; Рус.-кал. сл., 1964, 229) сөздерін басқа бір тілдің әсері деу үшін көптеген дәлелді керек етеді. Ондай деректі кездестірмедік.

Біздің топшылауымызша, ішіне зат салатын, кіргізетін нәрсенің атауы Рясянен көрсеткен «кар» етістігінен пайда болуы ықтимал. Осыдан монғол тілдеріндегі «хармаа», «хор» сөздері жасалған деуге болады. Соған салған нәрсенің бар, жоғын іздестіргенде қолмен ұстап байқау да дағдылы іс-қимыл. Осыдан келіп, қазіргі қазақ, қырғыз тілдеріндегі «қарману», «қарман» етістіктері туған. Әрине, бұл тұлға, мағына өзгерістері жағынан басынан көптеген дәуірді өткізген. Сондықтан да онша нанымды бола бермеуі де мүмкін. Дегенмен, өз жорамалымызды тиянақтай түсу үшін, халық есінде көптен сақталып, қалыптасқан «жатқа жалынғанша, жат та жаныңды *қарман*» мақалын көлденең тарталық. Мұның мағынасын қалай түсінуге болады? Біздің шамалауымызша, «өзінде жоқты басқадан іздеп әуре болғанша,

қалтаңды қара, жатқан-тұрған бір нәрсе қалуы мүмкін» деп өзін-өзі жұбатушылық — деп ойлаймыз.

Сөйтін, «қарману» — өте ертеде етістік, одан кейін зат есімге айналып, соңғы кездерде өзінің бұрынғы күйі — етістікке қайтадан ауысқан деуге болады.

**Қаршадай.** Халық арасына жайылған қазіргі түсінік бойынша — тұлғасы кіші, көзге қораш мағынаны иеленіп, «қаршадай бала», «қаршадайыннан» сияқты сөз тіркесі мен жеке сөз қалпында жиі қолданылады.

Сөз төркінін іздестіруде мынадай дерекке кездесеміз.

Л. З. Будаговтың сөздігінде — Бамбери мәліметіне сүйене отырып, «карчэ» деген тұлғаға сұңқардың кішірек қара түсті тұқымы деген түсінік аламыз (Л. Буд. Срав., II, 9). Мұның өзі біздің шамалауымызша, қазіргі қазақ тіліндегі «қаршыға» тұлғасының ертедегі қалпы болса керек. Қаршыға сұңқар тектес құсқа жататынын түсіндіру артық. Дегенмен ойымыздың дұрыстығын басқа бір түркі тілі дерегімен дәлелдей кеткен орынды. Тува тілінде бізде «сұңқар» (сокол) атауындағы құсты «хартыға» деп те атайды (Рус.-тув. сл., 1980, 550). Бұл оның сұңқармен тектестігінің айғағы.

Қазіргі «қаршыға» ертедегі түркі тайпаларында «карчэ» тұлғасында айтылуы ғажап емес. Өзінің тұрқы сұңқарға қарағанда кіші болса, атауы «карчэ» делінсе, осы тұлғаға ұқсату нәтижесінде -дай қосымшасының көмегімен «карчэ — дей», одан әрі біздің тіліміздегі «қаршадай» теңеуі туған деп топшылаймыз.

**Қарым-қатынас.** Тіліміздегі «байланыс» сөзінің синонимі. «...Көрші мемлекеттермен қарым-қатынастың Жапония үшін ерекше маңызы бар» (Ә. Кекілбаев, Тырау.).

Қос сөздің бірінші сыңары «қарым» жеке тұрып, «қатынас» сияқты мағына бере алмайды. Алайда, қос сөздің мағынасыз сыңары деп қарауға кейбір тіл деректері дес бермейді. Түркі тілдері ішінен — туваларда «өзара байланыс» мағынасы «харылзаа» (Рус.-тув. сл., 1980, 355) тұлғасы арқылы берілсе, монғолдарда «харилцаа» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 264), қалмақ тілінде «хэрлцэн» (Рус.-кал. сл., 1964) сөздері арқылы айтылады. Осы деректерді еске алсақ, «харым» тұлғасы мағынасы жағынан «қатынас» сөзімен бірдей екен. Сөздің алғашқы түбірі «қар» өте ертеден түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ деп қараймыз. Бұл ойымызды да дәлелдерлік дерек жоқ емес.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде «қар» сөзі «араластыру» мағынасын берген. Сол кездердің өзінде-ақ «қар» сөзінің синонимі «қат» болып, екеуі де бір мағынада — араластыру мағынасында қолданылған (ДТС, 422, 432). Қазіргі әңгіме болып отырған «қарым-қатынас» қос сөзінің екі сыңарының да түбірі ертеден «аралас» мағынасын беретіні бесенеден белгілі екендігін көрдік. Сөйтіп, қос сөз бір сөздің қайталануынан пайда болған.

**Қарымта, қарымта қайтару.** «Қарымта» сөзінің мағынасы — еткен еңбек, жасалған жақсылық, қылған қиянат үшін қайтарылатын есе делінген «Түсіндірме сөздікте». «*Қайырам деп қарымта, Дүрбелеңге жылқыны, Үйіріпті барымта*» (Қ. Мырзалиев, Көш.).

«Қарымта» сөзі тілімізде тұлға жағынан қысқара түсіп, «қарымын қайтару» болып та айтыла береді. Сөздің негізгі шыққан төркіні түркі тілдері емес, монғол тобына жататын тілдер деген пікірдеміз. Оны мына деректер дәлелдейді: монғол тілінде: хариу — 1. жауап; 2. қарсы соққы, тойтарыс. (Мон.-қаз. сөз., 1954). Қалмақтарда: хәру — жауап (Рус.-қал. сл., 1964). Шамасы осы тілдерден ауысқан болу керек, ойрат тілінің туба-кижи диалектісінде: каруун — жауап мағынасында қолданылады (Н. Бас., ДЧТ., 1966, 125).

Сайып келгенде, «қарымта қайтару» тұрақты тіркесінің тіліміздегі тағы бір синонимі «жауап қайтару» болмақ.

**Қарын, қарын бөле.** Туысқан апалы-сіңілілердің балаларының бір-біріне туыстық қатынасын «бөле» сөзі арқылы ұғынамыз. Ал «қарын бөле» тіркесінің дәл мағынасын білу оңай емес. «Тұрлыбек — Еснейдің туысқаны, *қарын бөлесі*» (Ғ. Мүсірепов, Ұлпан). Бұл сөйлемнен де «қарын бөленің» туыстық қатынасының қаншалықты дәрежеде екенін айыру қиын. Қазақта «сұрай келе қарын бөле шығады» деген мақал бар. Дәл осыншай мақал қырғыздарда да кездеседі (К. Юд., ҚРС, 1965, 152). Сөз тіркесінде мағынаны жұмбаққа айналдырып тұрған сыңары — «қарын».

«Бөле» сөзінің қара басы тұрып-ақ етене туыстық қалыпты білдіреді. Осыған қарағанда, «қарынның» қосарлануы текке болмаса керек. Сібірдегі түркі тілдерінде «бөле» тұлғасы кездескенмен, дәл мынадай (қарын бөле) сөз тіркесін байқамадық. Осыған қарағанда, «қарын» сөзі қазақ, қырғыз тілдеріне жүйесі басқа тілден

ауысқан болар деген той келеді. Іздестіре келгенде мұндай ойға тірек табылғандай болады. Парсы тілінде: «ғарин» тұлғасының бір мағынасы біздің тіліміздегі «жақын, жуық» дегендерді ұғындырады (Пер.-рус. сл., 1983, II, 266). Осыған қарағанда, «қарын бөле» — «жақын бөле» дегеннің баламасы болмақ.

**Қасапшы.** Түсіндірме сөздікте мағынасы — мал соятын маман. «Қойын базарға кіре бере, бір қасапшы қағып әкетті». (Қ. Құттыбаев, Оның ұрпағы.).

Е. Бекмұхаметовтың «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» кітабында (1977) бұл сөздің араб тілінен ауысқандығы және мағынасы — малды сойып, етін сатушы деп түсіндірілген (98). Бұл дау тудырмайды. Бірақ «қасапшы» зат есіміне дейін оның араб тілінде қай сөз табына жатқандығы, тұңғыш мағынасы анықталмаған. Әрине, бұл ол кітаптың міндеті де емес. Араб тілінде: қасаб — кесу, бөлшектеп кесу (Араб.-рус. сл., 1970, II, 820). Осы іс-әрекетті атқарушы адам, сол тілде «қасап» болып аталып, қазақ тіліне ауысқаннан кейін -шы жұрнағы қосылып, «қасапшы» болып қалыптасқан.

**Қауесет.** Алып қашты сөз, өсек-аян, өтірік деп ұғындырады, қазіргі түсіндірме сөздікте. «Жылан ордасын көрген бақытсыздыққа ұшырайды» деген қауесет бер» (Қ. Қайымов, Қызықты зоол.).

Сөз төркіні парсы тілінен. Оларда: «һоу» тұлғалы сөз «сыбыс», «ұзын құлақ хабар» мағыналарында кездеседі (Пер.-рус. сл., 1983, II, 731). Біріккен сөздің екіншісі «һичид» бұл тілде — естілу (сол сөздік, I, 323; II, 731) дегенге мезгейді. Екі сөздің тіркеуі «һоу һичид» тұлғасын құрастырып, қазақ тіліне ауысқаннан кейін (һау ичид>һау ечид>қауесид>қауесет) дыбыстық құрамына дейін өзгеріске түсіп, мағынасы «сыбыс естілу» немесе «хабар естілу» болып қалыптасқан. «һау» сөзінің араб тілінде де кездесетінін мына төмендегі «қаулы» сөзінің төркінін іздестіруде сөз болмақ.

**Қаулы.** Жиналыста... алынған шешім, қарар қазіргі тілімізде осылайша аталады. «Мейрам бюроның қаулысына үнілуде. Бұл бір өзгеше маңызды қаулы» (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

Сөздің алғашқы шыққан төркіні — араб тілі: қаул — «сөз» мағынасын берген (Араб.-рус. сл., 1970, II, 852). Арабтың осы сөзі ерте кезде-ақ, осы мағынасында, түркі тілдерінен орын алған (ДТС, 437). Арабтарда осы түбірден өрбіген «қауле» тұлғасы — айту, сөз сөйлеу, пі-

кір айту сияқтыларды ұғындырады. Арабтардан ауысқан «қауле» қазақ тілінде «қаулы» түріне еіп, «айтылған сөздер түйіні» деген мағынада қалыптасқандығын көріп отырмыз.

Жоғарыдағы «қауесет» сөзіндегі бірінші буындағы, парсы тілінен деп көрсетілген, «һау» сөзі де бұларға араб тілінен ауысқан болса керек. Сөйтіп, «қауесет» пен «қаулы» сөздерінің түбірі бір әрі араб тілінен басқа тілдерге тараған.

**Қашау.** Тілімізде бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар. Оның бірі етістік — ағашты не тасты белгілі бір құралмен шаба отырып, тиісті қалыңқа келтіру; екіншісі зат есім — шабу, кесу жұмыстарын атқаратын құрал. Біздің тілімізде — кейінгі мағына (зат есім) алғашқысының туындысы. «Таудың да тасын *қашадық*, Талай қидыным таппастан» (С. Жәнібаев, Таңд. шығ.).

«Қашау» сөзінің шыққан төркінін араб тілі дерлік дерек жоқ емес. Арабтарда «хаджар» тұлғасындағы сөз біздегі «тас» мағынасында қолданылса, «хаджджар» — тас шабушы, жонушы деген түсініктер береді (Араб.-рус. сл., 1970, I, 195).

Біздің тілімізде, әдетте: ағашты жонады, шабады. Ал тасты өңдеуді білдіретін арнайы етістік араб тілінен ауысқандығы көрінеді. Ағашты пышақпен жонып, шанапшотпен шабуға болғанмен, тасқа бұл құралдар батпайды. Сондықтан да тасты өңдейтін ерекше құрал жасалып, оған да арабтардан ауысып келген «тас» мағынасындағы «хаджар» тұлғасын атау етіп берген. Қазақ тіліндегі айырма — соңғы «р» дыбысы түсіріліп, өзімізге тән -у жұрнағы қосылып, әрі тұйық етіс, әрі тас өңдейтін құрал қалпында қолданылу қалыптасқан.

**Қашыр.** Түсіндірме сөздікте бұл сөздің мағынасы — бие мен есек айғырының шағылысуынан туған мал. «Есектің айғыры мен биеден *қашыр* туады» (Шопан кітабы).

Дәл осы тұлғалас әрі мағыналас сөздер басқа да түркі тілдерінде бар: қырғыздарда — қашыр, түрікмендерде — гатыр, құмықтарда — қыачыр (осы тілдердің екі тілді сөздіктерінен).

Сөз төркіні түркі тілдерінен. Алғашқы түбір, ертедегі түркі тілдерінде кездесетін «қат» екенін, ал мағынасы — «араласу» болатындығын «қарым-қатынас» қос сөзі туралы жазылған сөздерде айтқан болатынбыз. Бұған қосымша, құмық тілінде жануарлар араласуынан пайда

болған мал тұқымын «кыатыш» тұлғасы беретіндігін еске салсақ та жеткілікті (Кум.-рус. сл., 1969). Бізде «қашыр», қырғыз бен құмықтарда «качыр», «кыачыр», түрікмендерде «гатыр» тұлғаларында көрінуін түркі тілдеріндегі ш~ч~т дыбыстарының сәйкестігінен деп ұғынған жөн.

Қорыта айтқанда, «қашыр» сөзінің алғашқы түбірі «қат», мағынасы — «аралас». Демек, мал тұқымдарының араласынан пайда болған жануар түрі.

**Қиғылық, қиғылық салу.** Қазіргі түсінігімізше — ша-тақ шығару, қырсығу; әлек салу. «Атқа мінгесемін деп, қиғылық салды» (Т. Әлімқұлов, Қері толғау.).

Сөз төркіні қай тіл екенін тап басып, ажырату қиындау. Өйткені түркі тілдерінің кейбіреулерінде, атап айтсақ, хакастарда: хыйғы — әкіреңдеу, айқайлау (Хак.-рус. сл., 1953, 297), туваларда: кыйгырыг — үндеу (Рус.-тув. сл., 1980, 79); туба-қижилерде: кыйгы — айқай (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 134). Бұл деректер сөздің алғашқы шыққан тегі түркі тілдері деуге толық мүмкіндік береді. Алайда, парсы тілінде «ғэйғ», «ғһһ» тұлғалары да «айқай» мағынасында қолданылады (Пер.-рус. сл., 1983, II, 283, 284).

Сібірдегі түркі тілдерінде «хыйғ» түбірлі сөздердің жиі кездесуіне қарағанда, түркі тілдерінен парсы тілдеріне ауысуы ықтимал. Қалай болғанда да, сөздің алғашқы мағынасы «айқайлау» екендігі анық.

**Қит етсе.** Бұл тұлға — бірдене десе, сәл нәрсе жаса-са деген мағыналарды иеленеді. «Мадияр мені неге үйден шығармайды. Қит етсе, кім көрінгеннен қызғанатын болды» (С. Омаров, Өмір.).

Қырғыз тілінде «кыйыт» сөзі — «ишара» мағынасында қолданылады (К. Юд. ҚРС, 1965, 483). Өзіміздегі «ишара» сөзі — тек қимыл көрсетумен мәндес. Осыған қарағанда, «қит ету» — «қимылдау» сөзімен де синонимдес болмақ. Бұл тұрғыдан алсақ, сөз төркіні түркі тілдері болмақ.

**Қиық, қыздан туғанның қиығы жоқ.** Осы мақалдағы «қиық» сөзінің төркіні жөнінде бұрынғы бір еңбекте әңгіме болған («Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» 1966). Онда сөз төркіні түркі тілдері екендігін дәлелдеу үшін, хакас тілінен «хыйых» сөзі келтіріліп мағынасының — өкпе, наз екендігі көрсетілген. Сондай-ақ «Құтты біліктегі» қисық, қыңыр, кетік мағынасын бе-

ретін — қыйығ тұлғасы да айтылған. Мұның бәрін теріс дей алмаймыз. Бірақ сөздің шыққан төркіні түркі тілдері ме, әлде жүйесі басқа тілден ауысқан ба, бұл жағы күңгірт қалған. Әрі, автор көрсеткендей, «қиық» сөзін наз, өкпе немесе қисық, қыңырмен ауыстырсақ орынды болар ма екен. Қыздан туғанды былай қояйық (әрі жиен ғой) жалпы туыс адамдар арасында да өкпе, наз, қыңыр, қисықтық болмай тұрмайды. Осы себептерден де «қиық» сөзінің төркіні әрі мағынасы ерекшелену болса керек. Кейбір тілдік деректер бұл жорамалды қуаттайды да. Араб тілінде: һикд — кек, ыза, өшпенділік (Араб.-рус. 1970). Осы тұлғада — дұшпандық, жаулық мағынасында да көреміз және онда араб сөзі деген белгі соғылған (ДТС, 200). Көрсетілген тұлға қазақ тіліне ауысқанда, тіліміздегі заңдылыққа байланысты, соңғы «д» дыбысынан айырылып, «қиқ» қалпына дейін жеткен. Жоғарыда көрсетілген «Құтты біліктегі» «қыйығ» сөзі де араб тілінен еніп, мағынасына сәл өзгеріс кірген болса керек (XI ғасыр жазуы болғандықтан, солай болуы мүмкін де).

Енді мақалдағы «қиық» сөзінің орнына оның қазақша аударылған мағыналарын қойып қарасақ, «Қыздан туғанның дұшпандығы (өшпенділігі, жаулығы) жоқ» қалпында көрінеді де ойға қонымды, оралымды сияқты.

**Қия, ұя.** «Қызын қияға, ұлын ұяға қондыру» фразеологизміне «Қазіргі түсіндірме сөздікте» — бала шағасы өсіп, ер жетті, отау тікті деген анықтама берілген. «Менің сегіз балам бар, ұлым ұяға, қызым қияға қонды» (С. Талжанов, Адам тур.).

Осы фразедағы «ұя», «қия» сөздері алғаш қандай мағынада қолданылғанын білу өте лазым.

Қазіргі тілімізде «ұя» да, «қия» да жеке тұрып жиі қолданылатын сөздер қатарына жатады. Алайда, мына тұрақты тіркесте сол сөздердің түпкі мағынасының лебі еседі. Біздің шамалауымызша, екеуі де түркі тілдеріне меншікті, төл сөздер. Уақыт өтіп, қоғам дамуымен байланысты сөздер де мағына жағынан талай тарихты басынан өткізгенге ұқсайды.

Хакас тілінің дерегі бойынша: хыя — шет жақ, басқа жақ (Хакас.-рус. сл., 1953). Ертеде түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде жиі қолданылған осы сөз мағынасы, қазір мына сияқты тұрақты сөз тіркесінде сақталған дей аламыз. Мұның өзі ой шеңберіне де сиымды. Өйткені ерте кезде қыз баланың өз төркінінен жырақ, алыс



жақтан (тұрмысқа шығып) қоныс тебуі заңды құбылыс.

«Ұя» сөзінің қазіргі біз білетін «құс паналайтын орын», «аң жатағы болған апанын» басқа (өте ертеде) ерекше мағынасы болғандығын көне түркі жазба ескерткіштерінен табу қиын емес. Енисей бойынан табылған жазуда: «уйа — туыс, ағайын (ДТС, 607). Ақылға салсақ, бұл да сенерлік мағына — ұл бала, көп жағдайда, үйленіп, отау тіккенде де өз туыс, ағайындарының арасында қала бергендігі, ерте кезден мәлім.

Фразадағы көне сөздерді бізге түсінікті жаңа тұлғамен ауыстырсақ та, мағынасы өзгермейтіндігіне көз жетеді. Демек, «ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» — «ұлын туыс, ағайын ортасына, қызын шетке қондырды» дегенмен бірдей.

Сөз болып отырған тұрақты тіркеске мағынасы жағынан кейде жақын, кейде қарама-қарсы (антоним) — «ұлын ұрымға, қызын қырымға» сияқты фраза да бар. Ол туралы сәл кейін әңгіме болмақ.

**Қиян, ит арқасы қиян.** Мағынасы — тым алыс, шалғай жер. «Аудандық оқу бөлімі *ит арқасы қиян* Шұбар-ағашқа жолдама берді» (О. Бөкеев, Қамшыгер.).

Қазақ тілінде «тым алыс», «шалғай» сияқты мағыналарды кейде «қиян» тұлғалы сөз де түсіндіре алатыны жұрт білмейтін сыр емес. Олай болса, мынау сияқты күрделі тұрақты тіркестің тууына қандай себеп болды екен деген ой келеді. Фразадағы «қиянның» мағынасы біз білетіндей болса, оған «ит арқасын» қосақтаудың қандай ділгерлігі бар.

Осы жағдайды ой елегінен өткізе келіп, «қиянның» басқа да мағынасы болуы ғажап емес деген пікірді тіл дерегімен бекіте түсіп, жорамал жасауға болады.

Ең алдымен «ит арқасын» анықтауға кіріссек, мұндай тіркес тілімізде жоқ емес. Көші-қон кезінде уақытша екі керегені біріне-біріне иек арттырып жасаған баспана-қостың түрін де «итарқа» деп атайтыны ертеден белгілі. «Қиян» тұлғасының алдындағы «итарқасы» да осымен тамырлас болса керек. Әрине, қостың атауы ұқсатудан, теңеу арқылы пайда болған деуден басқа жол жоқ. Олай болса, «қиянның» өзге бір мағынасын іздестіру ойы теріс те болмайды.

Кейбір тіл деректерінде оның мына тәрізді мағыналарын ұшыратамыз. Якут тілінде: хайа — тау (Рус.-як. сл., 1968); монғолша: хяган — тау қырқасы; маньчжур

тобындағы тілдерде: Інцан — тау жотасы (ССТМЯ, II, 1977, 326).

Алыстан қарағанда тау қыркасы не жотасы ит арқаланып тұратынын еске алсақ, «ит арқасы қиан» тіркесіміз — «ит арқасындай тау жотасы» болып түсіндірілмек. Оның «алыс» пен «шалғайға» синоним болуын — жақын көрінген таудың өзі жүре келе алыстай түсуінен тумады ма екен деген ой келеді. Әрі таулы жермен жүру жазыққа қарағанда қиын-қыстауының мол болатындығы да ескерілген болса керек.

**Қобыз.** Ұлттық музыка аспабының бұл түрін білмейтін адам кемде-кем. «Қобыз да көп жерлерге тараған» (Қазақ ССР тарихы).

Музыкалық аспаптың атауының пайда болуы өзінің қалпына байланысты деп қараймыз. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «қобы», кейде «қовы» тұлғалы сөздер қазіргі тіліміздегі «қуыс, бос» мағыналарын берген (ДТС, 451, 461). Осы түбірлерді негізге ала отырып, түрлі жұрнақтар жәрдемімен сол кездің өзінде іші қуыс ыдыстарға «қова» (шелек, күбі мағынасында) сияқты атаулар берілген (ДТС, 461). Қазіргі әңгіме болып отырған «қобыздың» өзі М. Қашқари заманында да «қобуз» дыбыстық құрамда қолданылған (ДТС, 451).

«Қобыз» атауының шығуы — оның ішін қуыстап жасалуымен әрі ұқсатудан туғандығына тағы бір деректі якут, тува тілдерінен кездестіреміз: якуттарда — «хомуос», тува тілінде — «хымыш» тұлғалы сөздер «ожау», «шәміш» мағыналарында қолданылады (Як.-рус. сл., 1972, 496; Рус.-тув. сл., 1980, 214). Осы аталған ыдыстың тұртұлғасын сипаттасақ — бас жағы қуыс, үңгіп жасалған, сабы — ұзынша, жіңішке. Сырт қарағанда айнымаған қобыз. Ең алдымен ыдыс (ожау) атауы, соған ұқсатудан «қобыз» сөзі шыққан. Түркі тілдерінен ауысқан болса керек, осыған сәйкес музыкалық аспап (варган) тунгус-маньчжур тілдерінде де «камус» болып дыбысталады (ССТМЯ, I, 372).

Ескерте кетерлік нәрсе — «қобыз» атауының пайда болуына негіз боларлық сөз жүйесі басқа тілдерден де ұшыраспайды емес. Мысалы, парсы тілінде «кәбус» тұлғасы «қисық, иілген» іспеттес мағыналарда айтылады (Пер.-рус. сл., 1983, II, 307). Қобыз тұлғасының пілін, қисық көрініп тұратыны да бекер емес. Алайда, алғашқы — түркі тілдері негізінен пайда болған деген жорамалымыз шындыққа жақын деп ойлаймыз.

**Қодырең.** Сөз мағынасын «бұрынғы егін орнына жабайыланып шыққан бидай» деп түсіндірме сөздікте біршама дұрыс көрсетілген. «Біршама» деп отырғанымыз, ол тек бидай ғана емес, тары да, сұлы да, арпа да т. б. дәнді егіс бола берсін. «Қырманның түбін суырдық, қодырең бидай жұлдық...» (Н. Әбдікәрімова, Сенім.).

Бұл сөздің айтылуында да бірізділік жоқ. Орфографиялық сөздікте «қодыраң», Қазақстанның кей жерлерінде «қодірен» болып дыбыстала береді. Бұлай болу — оның парсы тілінен ауысқандығынан. Парсы тіліндегі «ходру(й)» бізге ауысқанда әркім өзінше қабылдаған. Ондағы мағынасы — жабайы өскен, жабайы (Пер.-рус. сл., I, 578). Сөз төркінін шындап іздей келгенде, парсы тілінің өзінде оның екі сөзден құралғандығын аңғару қиын емес. Біріншісі, «ход» — біздің тіліміздегі «өз», «өзі» есімдігі орнына қолданылады (Пер.-рус. сл., 1983, I, 575). Ал екінші сөз «ру» немесе «руй» сөздерінің парсы тіліндегі алғашқы тұлғасы «руйа» болып келеді де, мағынасы — өсіп жетілу, өсу (сол сөздік, I, 744). Парсы тілінде осы көрсетілген екі сөз қосыла келгенде, тұлғасы жағынан қысқара түсіп (ходру) мағынасына да сәл өзгеріс енген (жабайы өсетін). Дұрысына сайғанда, біздегі «қодырең» сөзінің шын мағынасы «өзі өсіп жетілетін» дегенді ұғындырады.

**Қожырау.** Берекесі кету, ыдырау, тарау сияқты түсініктер береді. «Іргесі бұзылмаған берекелі ауылдың бірлігі қожырады» (Ж. Еділбаев, Түркістан.).

Бұл келтірген мағыналар кейінгі — туынды деп қарауға болады. Алғашқы мағынасы — «қартаю, шөгу» екендігіне якут тілінің, қала берді монғол тілінің деректері куә. Осы мағынадағы сөз якуттарда — «ходьурай» (Як.-рус. сл., 1972, 492), монғолдарда — «хөгшрөк» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 179) тұлғаларында қолданылады. Бұл жерде якуттардағы «дъ», монғолдардағы «ш» дыбысына тілімізде «ж» дыбысының сәйкес келетінін ескерсек болды.

**Қоқан-лоқы көрсету.** Қазіргі мағынасы — қорқыту, үркіту, қоқаңдау. «... қызға біраз қоқан-лоқы көрсетті: (Б. Нұржекеев, Күй.).

Дыбыстық құрамы жағынан «қоқан-лоқы» қос сөзіне жақын тұлғалар сирек болса да кездеседі. Оның бірі — «қоқаңдау» дегендегі «қоқаң», екіншісі — жылқы шоқтығында пайда болатын жара атауы — «лоқы» (кей

жерде «лоққа»). Бірақ соңғы сөз диалектизм деп сана-лып жүр.

Дыбыс үйлестігіне қарап, «қоқан-лоқы» қос сөзін солармен жанастыру өте қисынсыз болар еді.

Н. Оңдасынов «Парсыша-қазақша түсіндірме сөзді-гінде» (1974) «лоқы» сөзін парсының «күш, сес» мағы-наларын беретін «доқ» тұлғасымен байланыстырады. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін еске алсақ, мұ-ны теріс деу де қиын. Алайда автор өзінің бұған күмән-данатынын сездіріп, «лоқы» сөзінің шекесіне белгі қой-ған (142-б.).

Басқа түркі тілдерін былай қойғанда, монғол тобына кіретін тілдерден де «қоқан-лоқы» қос сөзіне негіз, төр-кін боларлық тұлғаны, әзірше, кездестіре қоймадық.

Дегенмен, түркі, монғол тобындағы тілдермен тектес делініп жүрген тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден аталып отырған қос сөзге, тұлғасы әрі мағынасы жағы-нан, төркін боларлық сөздер табылып қалады. Мысалы, маньчжур тілінде кооқан — пышақ (садақ оғын кесетін) (ССТМЯ, 1975, I, 404). Сондай-ақ, маньчжур және осы топтағы басқа да тілдерде луху, лукии, локи — садақ-тың оғы, жебе мағыналарында айтылады (ССТМЯ, 1975, I, 507-508).

«Қоқан-лоқы»-ның мағынасын қорқыту, үркіту, күш көрсету деп түсінсек, сол қорқыту мен үркітудің ерте кездегі құралы не болған? Әрине, садақ оғы мен пышақ-тың ұшы. Қорқыту үшін оларды жұмсамай-ақ, көрсетсе де жетіп жатқан. Осыдан «қоқан-лоқы көрсету» тұрақ-ты тіркесі туған деп түюге болады. Қазіргіше айтсақ «оқ, пышақ көрсету».

**Қоқтық.** Қазіргі түсінігімізде — сыпырынды зат, ескі-құсқы үйінді, қоқсық. «Кең қорасының іші былыққан қоқтық әрі бұрқыраған шаң» (С. Мұқанов, Аққан жұл-дыз.). Сөз түбірі «хог» монғол тілінде біздегі «сыпырын-ды» мағынасында қолданылады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 287). Бұған қарап сөз төркіні монғол тілі деуге тіпті де болмайды. Өйткені ерте кездердегі түркі тілдес тайпа-ларда «қоқтық» сөзінің «қоқ» түбірі қолданылып, мағы-насы тек қана «шаң, тозаң» дегенді ұғындырған (ДТС, 457). Кейін келе біздің тілімізде -тық жұрнағын қосып алып, мағынасын сәл өзгерткен.

**Қоламта.** Жанып біткен оттың ыстық күлі тілімізде осы тұлғада қолданылады. «Кетерінде оттың орнын, қоламтаны сөндіріп кет» (Ш. Айманов, Қыран.).

Сөз төркіні — монғол тілдері. Монғол тілінің өзінде «голомт» (Мон.-каз. сөз., 1954, 62); бурят тілінде — «голомта» (Т. Бер., МССМЯ, 140) тұлғалы сөздер «ошақ, пен» мағыналарып береді. Мұның бәрі туынды сөздер. Монғол тобындағы тілдерде сөздің негізгі түбірі — бір буынды және мағынасы да басқаша болған: монғол тілінде — гал (Қаз.-мон. сөз., 1977, 236), қалмақтарда — һал (Рус.-кал. сл., 1964, 382), бурят тілінің Сартуль говорында — гал (И. Бур., ИБГ, 1965, I, 112) сияқты негізгі түбірлер «от» мағынасында қолданылады.

Якут тіліне монғол тілінен ауысқан болса керек — ондағы «холумтан» сөзі «пештің алдындағы от жағатын орын» ұғымын білдіреді (Э. Пек., СЯЯ, 1959, III, 3464). Дәл осы сияқты қазақ тіліне де монғол тілінен ауысып, «қоламта» қалпында дыбыстық өзгеріске түсіп, тіліміздегі осы кездегі мағынаны иеленген дей аламыз.

**Қолаңса.** Қолтық терлегенде шығатын жағымсыз сасық иіс. «... кірден, қолаңсадан арылып, тері көздері ашылады» (Б. Елқондиев, Жүзу.).

«Қолаңса» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы бертінде пайда болған деуге дерек жоқ емес. Кейбір түркі тілінің өзінде, әсіресе, якуттарда «көлөһүн» немесе «холоңсо» сөздері біздің тіліміздегі «тер» мағынасында қолданылады (Рус.-як. сл., 1968, 466; ССТМЯ, I, 408). Якуттарға бұл сөз монғол не тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден ауысуы ықтимал. Маньчжур тілінде: қолонсу — тер, терлеген мағынасына нұсқайды (ССТМЯ, I, 408). Монғолдарда «хөлс», қалмақ тілінде «көлсн» дыбыстық құрамдағы сөздер де «тер» деген ұғымға ие (Қаз.-мон. сөз., 1977, 305, Рус.-кал. сл., 1964, 512).

Көрсетілген деректерді салыстыра келгенде, сөздің алғашқы түбірі монғол, қалмақ тілдеріндегі «хөлс», «көлен» тұлғалары, ал тұңғыш мағынасы «тер» деп ұғынып, якут, маньчжур тілдерінде тұлғасын жұрнақ арқылы өзгерткенмен мағынасын сақтаған да, ал қазақ тілінде мағынасы басқарақ болып қалыптасқан.

**Қолғабыс.** Тілімізде себін тигізу, жәрдемдесу мағыналары орнына жиі қолданылады.

Сөздің екі түбірдің бірігуінен пайда болғанын қырғыз тілінен байқау қиын емес. Қол қабыш — жәрдемдесу, көмектесу, қолдау дегенді түсіндіреді (К. Юл., ҚРС, 1965, 311). Бұл тілде тұрақты сөз тіркесі қалпында көрініп тұр. Былайша қарағанда, мұның төркінін іздесті-

рудің де қажеті жоқ сияқты. Мәселе біріккен сөздің екінші түбірі «ғабыста» болып тұр. Бірінші түбір «қол» (адам мүшесі) екендігі белгілі. Екінші түбірдің жеке қолданылуын хакас тілінен табамыз: хабас — көмек көрсету, жәрдемдесу дегенді ұғындырады (Хак.-рус. сл., 1953, 261). Демек, «қол» және «хабас» сөзінің бірігуінен келіп, тіліміздегі «қолғабыс» (қол хабас > қол хабыс > қолғабыс) сөзі пайда болған да, мағынасы «қол жәрдемі» дегенді ұғындыратын болып қалыптасқан.

Бір қызығы — тұлғасы мен мағынасы осыған сәйкес сөзді араб және парсы тілдерінен де кездестіреміз.

Парсыларда да, арабтарда да «ғаус» тұлғасы «жәрдемдесу», «көмек көрсету» мағыналарын түсіндіреді. (Пер.-рус. сл., 1983, II, 213; Араб.-рус., 1970, II, 736). Парсыларға араб тілінен ауысқан болса керек.

Осыларды айта келіп, біздегі «қолғабыс» сөзіндегі екінші түбір (қабыс) түркі тілдеріне төл сөз бе, әлде арабтардан ауысты ма деген сұраққа жауап беру қиын екендігін ескертеміз. Кім біледі, екі топтағы тілдерге ертеден ортақ сөз болып келуі де мүмкін.

**Қомағай.** Тамақсау, ашқарақ, қанағатсыз мағыналарын беретін сөз. «Әлгі қомағай екен, тамақты көп жеді, одан кейін шайды да жетерліктей ішті» (Н. Әбуталиев, Сахара.).

Қолдағы деректерге қарағанда, «қомағай» сөзінің төркіні монғол тілінен деп ойлаймыз. Монғолдарда да «хомхой» тұлғалы сөз біздегі мағынамен бірдей. Оларда бұдан басқа — «ховдог» сөзі де беретін ұғымы жағынан «қомағай» сөзінен онша ерекшеленбейді. Әрине, монғолдардағы «хомхой» немесе біздегі «қомағай» сөздерінің алғашқы тұлғасы әрі мағынасы да басқаша болғаны күмән тудырмайды. Іздестіре келгенде, монғолша «хомс» сөзінің «аз, кішкентай» дегенді, ал «хомс үзэх» тіркесі «азыну, аз көріну» мағыналарында қолданылатынын көреміз. (Мон.-қаз. сөз., 1954, 278; Қаз.-мон. сөз., 1977, 187). Адамға бар заттың аз көрінуі — қанағатсыздық тудырудың белгісі. Монғол тілінің өзінде «хомс үзэх» сөз тіркесін ықшамдап, бір сөзбен беру қажеттігінен «хомс» сөзіне өздеріне тән -хой жұрнағын қосып, «хомхой» тұлғасын тудырған (хомс + хой > хомсхой > хомхой). Қазақ тілінде оның «қомағай» тұлғасында көрінуі де тіл заңдылығына қайшы келмейді.

**Қоныш.** Етік, пима сияқты аяқ киімдердің балтырды жауып тұратын бөлігі. «...аяғындағы байпағының қоны-

шын барқытпен көмкерген жаңа қара етік» (М. Әуезов, Қараш.).

«Қоныш» сөзі қазіргі кездегідей аяқ киім бөлігін білдіретін мағынаға иеленбегендігі кейбір туыс тілдер дерегінен белгілі. Тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде «көнчэн» тұлғасы біздің тіліміздегі «жіліншік, сирақ» мағыналарында қолданылады (ССТМЯ, I, 420). «Көнчэн» сөзі кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде аяққа киетін киім бөлігін білдіретін мағынаға көшіп, тұлғасы «қоныш» болып қалыптасқан. Монғол тобына жататын тілдердің бірі — қалмақтарда тунгус-маньчжур тілдерінің осы сөзі «носн» тұлғасына дейін өзгеріске түсіп, «етік» мағынасында айтылатынын да еске сала кетеміз (Рус.-кал. 1964, 528). Мұндай жағдайлар тілдерде жиі кездесіп отыратын құбылыс.

**Қоңқақ.** «Өзен жағасында, қолау тайға мінген қоңқақ мұрын, арық бала Байсүгір» (М. Әуезов, Танд. шығ.). «Бірі — ірі тұлғалы, қарулы, бұйра шашты, қоңқақ мұрын Неперешвили...» («Лениншіл жас», 10. VIII, 1967, № 156). Осы сөйлемдердегі «қоңқақ» сөзін, өз тіркесінен бөліп алып қарағанда, мағынасы кім-кімге де өте айқын бола бермейді. Бір таңданарлық нәрсе — бұл сөз мұрыннан басқаны менсінбей, үнемі сонымен тіркескенде ғана мағынасынан түсінік аламыз. Мұның мәнісі мынада. Монғол тілінде «хоншоор» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 279), қалмақтарда «хөңшар» (Рус.-кал. сл., 1964, 359) тұлғалары «мұрын, тұмсық» мағыналарын ұғындырады. «Қоңқақ» сөзі көрсетілген тұлғалардан тууы ықтимал. Монғол не қалмақ тілдерінің бірінен қазақтарға өткен сол тұлғалар тек «хон» не «хоң» түбірін сақтап, біз өз тілімізде сөздер тудыратын -қақ жұрнағын қосқан болуымыз керек (қат — қақ, ес — кек т. б.) Бұл топшылауымыздың орынды екендігін «қоңқақ» сөзінің тек «мұрынмен» ғана тіркесуінің өзі де дәлелдейтін тәрізді. Түптеп келгенде, қазақ тіліне көшкенде сын есім мағынасына ие болып, мұрынның үлкендігін аңғартатындығын байқаймыз. Кейде «қоңқаш» болып та айтыла береді.

**Қоңыр, қоңыр дауыс.** Бүгінгі түсінігімізде қоңыр дауыс — бір қалыпты ырғақпен айтылған жайлы үн. «Ақыры Аманкелді Әлібидің қоңыр даусын естіді» (М. Жұмағұлов, Қыран.). «Түсіндірме сөздікте» берілген анықтамаға дау айта алмаймыз. Өйткені осы күнде әнші болмаса да, ептеп өлең айтуға ебі бар адамның даусын бағалауда «әжептәуір қоңыр даусы бар» сияқты мақтау



лебізін әрқайсысымыз естіп жүрміз. Демек, «қоңыр дауыс» — естір құлаққа онша жағымсыз емес деген сөз.

Ал ертеректе, дәлірек айтсақ, М. Қашқари заманында конур — булыққан, қарлыққан, қырылдаған (дауыс жөнінде) (ДТС, 456) мағынасында қолданылғандығын білеміз.

Бұл жерде уақыт өткен сайын сөздің тұлғасы өзгермесе де, мағынасы жаңарып отыратындығынан мәлімет алып отырмыз.

**Қортық.** Қазіргі түсінік бойынша — аласа бойлы, тапалтақ дегенге меңзейді. «Дүйсенбайдың баласы да Бибажарға тең емес, бір *қортық* көрінеді» (С. Сейфуллин, Шығ.).

Біз келтіріп отырған мағынаға қарап-ақ, сөз төркіні парсы тілі екендігін бірден айта аламыз. «Хорд» тұлғалы сөз бұл тілде «кішкентай» және «түкке тұрғысыз» мағыналарында көрінеді (Пер.-рус. сл., 1983, I, 545). Осы тұлғаға қазақ тілінде -ық қосымшасы жалғану арқылы (қорд + ық > қортық) қазіргі мағына қалыптасқандығы байқалады.

Түркі тілдерінің ішінде — хакастарда «хортых», туваларда «кортук» сияқты сөздер «қорқақ, жүрексіз» мағыналарында ұшырасады. Біздегі «қортықты» осылармен де байланыстыру жөн сияқты. Бірақ біздің түсінігіміздегі мағынасына қарағанда, парсы тілінен ауысқан деген пікіріміз дұрыс тәрізді.

**Қу, қу басы.** Жеке басы, қарақан басы мағыналарында қолданылады. «*Қу басыма* жетпей жатқан ештеңе жоқ, қай баламды асырай алмай отырмын» («Мәдениет және тұрмыс»).

Қазақ тілінде «қу» сөзінің дәл мұндай түрі жеке қолданылмайды әрі «бас» сөзінен басқамен тіркеске де түспейді. Бірақ басқа түркі тілдерінің ішінде — чуваштарда «ху» (СЧЯ., 1941, вып. 16, 138) тұлғасында «өзі» мағынасын, ал тува тілінде «хуу» дыбыстық құрамда «жеке» ұғымында (Рус.-тув. сл., 1980, 637) жеке де, басқа сөздермен тіркесіп те келе береді. Осыларға қарағанда ертеректе қазақ тілінде де жиі қолданылып, кейінгі кезде тек тұрақты тіркес құрамында сақталған.

**Қуыршақ.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — сәби бейнесіндегі қыз балалар ойыншығы. «... Жаңыл *қуыршағына* көйлек тігіп, әуреленіп отыр» (М. Сүндетов, Балық аула.).

Қырғыз тілінде — куурчак (К. Юд. КРС, 1965, 456),

түрікмендерде — гуржак (Рус.-түркм. сл., 1956, 280). Бұларды баса көрсетіп отырған себебіміз осы тұлғалы сөздер қазақтар мен Орта Азиядағы басқа түркі тілдеріне ғана жайылып, Сібірдегі түркі тілдерінде (якут, тува т. б.) мұндай мағынаны басқа дыбыстық құрамдағы сөздер береді. Осыған қарағанда, сөздің (қуыршақтың) шыққан жері жүйесі басқа тіл болар деген болжамымызға парсы тілінің дерегі сүйеу болғандай. Онда «ғурус» тұлғасының «жаңа түскен жас келін» деген мағынасы бар. Бұған қоса, желегі бар жас қызға ұқсатудан -сәк қосымшасы арқылы жасалған «ғурусәк» сөзі (Пер.-рус. сл., 1983, II, 180) қазіргі біз әңгімелеп отырған «қуыршақ» мағынасында қолданылады. «Гурусәк» тұлғасының қазақ тіліне ауысқанынан кейін «қуыршақ» дыбыстық құрамына дейін өзгермеске амалы жоқ екенін айтып жату артық.

**Құдандалы.** Қазіргі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша — қыз алысып, қыз беріскен сүйек шатысы бар (адамдар) мағынасын беретін сөз. «Бұлар алты атасынан бермен қарай *құдандалы жегжат*» (Б. Тәжібаев, Қараторғай.).

Сырт қарағанда да, қазіргі біздің қолданысымызда да бір сөз қалпында танылып жүр. О бастағы жеке түбірлер бірігіп, біте қайнап, тұтас сөз тұлғасына жеткенше бастарынан талай өзгерістерді өткізген деп ойлаймыз. Бұлай ойлауға тілдік деректер мәжбүр етеді. Алғашқы сөз — құда. Ол туралы түсініктің көп қажеті жоқ. Екіншісі — анда. Осы екі сөз бірікпестен бұрын қос сөз қалпында көріне келіп, ақыры біріге отырып, кірігіп тыным тапқан. Кіріккен дейтін себебіміз — алғашқы не соңғы сөздің бірі «а» дыбысынан айырылып барып біріккен.

Біріккен сөздердің екіншісінің мағынасын басқа тіл деректері анықтап береді. Монғол тілінде анд — дос, жолдас (Мон.-қаз. сөз., 1954); бурят тілінде анда — жақын дос, туыстасушылық, әрегірек барсақ, маньчжур тілінде анда — дос (ССТМЯ, I, 42-б.). «Құда» сөзіне осы сөз қосарланып, «құда-анда» қос сөзі түзелген, келе-келе «құда(а)нда» тұлғасы пайда болған. «Құданда» сөзінің мағынасын қазіргіше түсіндірсек — «құда дос», «құда жолдас». Демек, құдалық арқылы дос, жолдас болған адамдар деген ұғым береді. Сөз сөзіндегі -лы жұртының екендігі белгілі (ағайын-құды т. б. сөздерде кездесетін).

**Құз.** Түсіндірме сөздікте «тау... шыңы; тік шатқал, биік жартас» деген түсінік берілген. «Тау бүркіттері ұясын биік құзға... салады» (А. Сейдімбеков, Ақнық.).

«Құз» көбіне тау бедеріне байланысты қолданылатыны рас. Бірақ биік жартас, тау шыңының бәріне бірдей бұл атау беріле бермейді. Шың мәнісінде шың мен құздың мағына жағынан айырмасы бар. Ертедегі түркі тілдерінде «құз» деп таудың күн түспейтін жағын атаған (ДТС, 475). Мұның дұрыстығына сол кезден келе жатқан «құздың қары кемімес, қойдың майы кемімес» деген мақал да дәлел.

**Құйын.** Үйіріле, ұйтқи соғатын күшті де қатты жел қазіргі тілімізде осылай аталады. «Кең далада құйын да көп... ойды-қырды кезеді де жүреді» (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Әдетте, ауаның қозғалысынан жел пайда болатынын білмейтін адам жоқ. «Құйын» сөзінің тарихын осымен байланыстыра қарасақ, оңай табамыз.

Монғол тілінде «хий», буряттарда «хин» сөздері біздің тіліміздегі «ауа» мағынасын береді. Сондай-ақ тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде де «кэй», «ки» тұлғалары да осы мағынада қолданылады. Монғол тобындағы тілдерде кейде «кей» — жел мағынасын да бере алады (ССТМЯ, I, 443, 444)

Ерте кездерде түркі тілдерінде де «құй» түбірлес сөз «ауа», «жел» мағыналарын берген де, сол түбірге -ын қосымшасы жалғанып, қазіргі тілімізде, ауа қозғалысы — желдің қатты екпінін түсіндіретін — «құйын» сөзі қалыптасып, осы кезге дейін сақталған. Ойымызды хакас тілі дерегі анықтай түседі: «хуйбыр» — желдің үйіріле соғуы (Хак.-рус. сл., 1953, 291).

Түркі тілдерінде ертеден келе жатқан «құй» сөзін кейінгі кездерде «ауа», «жел» тұлғалары ығыстырып шыққан да, тек «құйын» сөзінің түбірінде сақталып қалған.

**Құйысқан.** Ер-тоқым аттың мойнына қарай жылжымас үшін ердің артқы жағы мен ат құйрығының астыңғы жағын жалғастыратын қайыстан не былғарыдан әшекейлеп жасалған әбзел атауы. «...Құйысқаны құйма алтын...» (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

Ертедегі түркі тілдерінде «құдұчақ» тұлғалы сөз қазіргі қазақ тіліндегі «құйымшақ» дегенді түсіндірсе (ДТС, 463, 464), қазіргі чуваш тілінде «хыдж» — біздегі «арт, бөксе» сөздерінің орнына жүреді (СЧЯ., 1941, вып.

16, 102). Бұлардан байқайтынымыз — сөздің ең алғашқы түбірі «құд», ал қазіргі қазақ тілінде ол «қүй» қалпына дейін өзгерген (қүй+рық). Осы деректер арқылы «құйысқан» сөзінің бірінші буынының мағынасы мәлім. Екінші түбірді — түркі тілдеріне туыстығы жақын тунгус-маньчжур тілдеріндегі «қайыс» мағынасын беретін «ношшан» тұлғасы болар деп ойлаймыз (ССТМЯ, II, 335). Екі түбірді қоса келгенде «қүй ношшан» тіркесі пайда болады. Сөз тіркесі біріге келіп (қүй ношшан > құйношшан > құйосхан > құйысхан > құйысқан), қазақ тілінде «құйысқан» түріне дейін өзгеріп, мағынасы — «құйрық қайыс» дегенді білдіретін болған деген топшылау жасаймыз.

**Құла түз.** Тіркестегі екінші сөз — «түз» жеке тұрып та қолданыла беретіндігін әрі «дала» сөзінің синонимі екендігін кез келген адам біледі. Оның төркінін іздестіру қажет те бола бермес.

Әрине, «құланың» жеке тұрып та, басқа сөзбен тіркесіп те қолданылуы сирек демейміз. Оның да «құба» сияқты синонимі бар. Дегенмен оның түркі тіліндегі «құла» сөзінен (құла жорға, құла кер т. б.), мағына жағынан ерекшелігі бар деп шамалап, түпкі төркінін іздестіруді жөн көрдік.

Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — елсіз, иен дала. «Бұлар жүр даурығып осы сөзге, Құдайдың құба жоны, құла түзде» (М. Ж. Көпеев, Тірлікте.).

Дәл осы тіркестегі «құла» сөзінің төркінін араб тілінен деп жорамалдаймыз. Онда кулу — 1. бос (кеңістік); 2. бос орын (Араб.-рус. сл., 1970). Осы дерек бойынша, «құла түз» — «бос дала» мағынасында түсіндірілмек. Кейде «құлазыған дала» деп те айтамыз. Бұл да «бос қалған дала» дегенді аңғартады.

«Құла», «хул» тұлғалары түркі, монғол тобына жататын тілдерде де бар. Бірақ бұлар көбіне жылқының түсін білдіретін мағынада жұмсалады.

Ал «құба жон» тіркесіндегі «құба» сөзі түркі тілдерінің өзіне тән. Қазақ тілін былай қойғанда, кува, хуба тұлғаларында ойрат, хакас тілдерінде бірде «жалаңаш» (дала), кейде «сұрғылт» (дала) мағыналарында кездеседі (Хак.-рус. сл., 1953, 290).

**Құлқын.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — қара бастың қамы, пайдасы. «Өз құлқыны үшін қандай болса да сатып кете беретін жігіт» (Б. Майлин, Шығ.). Сырт қарағанда, қазіргі түсінігіміз — туынды, ауыспалы мағы-

на нәтижесі. Дәл осы тұлғалас араб сөзі «күлқум» -ның мағынасы — жұтқыншақ, адамның тамағы мағынасында қолданылады (Араб.-рус. сл., 1970, I, 242). Осыған қарағанда, кейбір авторлардың сөз төркіні араб тілі деп белгілеуіне қосылуға да болады. Мысалы, К. Юдахин қырғыз тіліндегі «кулқун» (жұтқыншақ) сөзінің тұсына араб тілінен дегенді көрсеткен (К. Юд., КРС, 1965, 442). «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты кітабында Е. Бекмұхаметов те осы пікірде (1977, 102).

Арабтарға түркі, монғол тобындағы тілдерден ауысып баруы да мүмкін. Кейбір тіл деректері осы ойымызды қуаттағандай болды. Монғол тілінде «хоолой» сөзі — адамның тамағы, жұтқыншағы, ал «хоол» — ішетін ас, тамақ мағыналарында кездеседі (Мон.-қаз. сөз., 1954, 279, 280). Мұнда біз бір түбірден пайда болған, мағынасы бірімен бірі байланысты сөздермен кездесіп отырмыз. Демек, тамақты адам асқазанына жеткізетін жолдың — жұтқыншақтың атауы монғолдарда алғашқы «хоол» сөзінен пайда болған. Тағы бір мысал, қалмақ тілінде «жұтқыншақ» мағынасы «хол» сөзі арқылы айтылады да, ал талан-таражға салу — «хулхалх» (Рус.-кал. сл., 1964, 116, 607).

Түркі тілдері ішінде якуттарда «жұтқыншақ» мағынасын «қуолай» сөзі ұғындырады (Рус.-як. сл., 1968, 109), «кылк гын» сөз тіркесі қазақ тіліндегі «жүту, жұтып қою» етістігі мағынасы орнына қолданылады (Як.-рус. сл., 1972, 206).

Қорыта айтқанда, сөз төркіні түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ болған да, кейін келе әрқайсысы өздерінің тіл заңдылығына қарай дыбыс өзгерістерін кіргізген әрі алғашқы түбірге түрлі жұрнақтар жалғай отырып, жаңа мағыналар туғызған. Монғол тіліндегі «о» дыбысының орнына түркі тілдерінде бірде «ы», кейде «ұ» дыбыстары айтылатынын якут («кыл»), қазақ тілдерінен («күл») байқалып отыр. Көрсетілген түбір (хоол, қыл, күл) ең алғаш «тамақ» (ішетін), одан әрі тамақ жүретін жол («жұтқыншақ»), бері келе, әсіресе, қазақ тілінде қазіргі кездегі мағынаға дейін өзгеріске түскен (күл — тамақ, ас > күл + қын (жұтқыншақ) > күл-қын (өз пайдасы, бас пайдасы).

**Құнттау.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — ынта, ықылас қою, ұқыптау, қадағалау. «... адам нені құнттап, соңына түссе, содан қызықты нәрсе жоқ» (Ш. Айманов, Қыран.).

«Құнттау» сөзінің алғашқы тәркіні монғол, түркі тілдерінен дерліктей деректер барыншы. Монғол тілінде «хүндэтгэх» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 304) — «құрметтеу, сыйлау», ал қалмақтардағы бұл мағынаны — «күндлх», «сыйлы» дегенді «күндта» (Рус.-қал. сл., 1964, 517) сөзі ұғындырады. Ал түркі тілдерінен — туваларда «сыйлау, құрметтеу» мағыналары «хүндүлүг» сөзімен түсіндіріледі де, мұның өзі сол тілдегі «құрмет» мағынасындағы «хүндү» сөзінің туындысы екенін көреміз (Рус.-тув. сл., 1980, 432). Көрсетілген тілдердің бәрінде «құрметтеу, сыйлау» мағынасын берген тұлғалар қазақ тілінде «құнттау» дыбыстық өзгерісінде көрініп, мағынасына да аздап ерекшелік енген. Демек, құрметтеуден пайда болатын ұқыптылық пен қадағалау мағынасы қалыптасқан.

**Құнығу.** Түсіндірме сөздікте берілген мағынамен келісу қиын. Онда — бір нәрсеге мейлінше құмарту, қызығу, дәнiгу делінген. «Долгов қымызға құнығып алған» (М. Әуезов, Абай жолы.).

Біздің байқауымызша, құмарту, қызығу дегеннен көрі, қазіргі қазақ тілінің өзінде «үйрену, дағдылану» деген мағыналар «құнығу» сөзіне сәйкес келетін сияқты. Кейбір түркі тілдерінің дерегі де біздің осы ойымызды мақұлдағандай. Чуваш тілінде «хынынык» (СЧЯ., 1941, вып. 16, 337, 338), хакас тілінде «хыных» (Хак.-рус. сл., 1953, 300) тұлғалары «үйрену, дағдылану» (привыкать) мағыналарында қолданылады.

**Құрық.** Жылқы ұстау үшін, ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық. «Ол алғашқы еңбек жолын қарына құрық іліп, жылқы бағудан бастады» (Х. Ермұратов, Октябрь.).

«Құрық» сөзінің тұңғыш мағынасы өзгеше болғандығы жөніндегі мәлімет ертедегі түркі жазба ескерткіштері арқылы белгілі. М. Қашқари сөздігінде «арқанмен жерге тау иілмес, қайық теңізге бөгет болып, су иірмес» деген мақал бар (еркін аударма Ә. Н.). Біз келтірген, «арқан» сөзінің орнына М. Қашқарида «укруқ» тұлғасы қолданылған (ДТС, 613). Қазіргі «құрық» аталатын құралдың басты бөлегі — ілмектен жасаған арқан. Ерте кезде-ақ «укруқ» аталатын зат, сонымен жабдықталған құрал атауына көшіп, қазіргі қолданылып жүрген «құрық» қалыптасқан. Кейде арқаннан жасалған ілгекке де «укруқ» сөзінің атау болып көшкенін маньчжур тілін-

дегі «хурда» (ілгек), монғол тіліндегі «хурақа» (тұзақ) тұлғаларынан білеміз (ССТМЯ, II, 353).

Тағы бір еске сала кететін жайт — ертедегі түркі тілдерінде «арқан» мағынасын беретін «укрук» — қырғыз тілінде қазіргі кездегі «құрық» мағынасына да қолданылып, сақталғандығын көреміз, «курук», «укурук» қалпында жарыса айтыла береді (К. Юд., ҚРС, 450, 801).

**Құрым, кешқұрым.** Қазіргі тілімізде «кешке таман, кешке қарай» мағынасында түсінеміз. «Есенеі тапсырған ту бие *кешқұрым* сойылды» (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.).

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» (1966 ж.) кейбір авторлар «құрым» (құрым киіз, құрымдай дегендегі) сөзінің төркінің іздестіру барысында, «кешқұрым» сөзінің құрамындағы «құрымды» да өздері қарастырып отырған «құрымның» алғашқы мағынасы — «күйе», «ыс» дегендермен байланыстыра келіп, «күйе мен ыс түс жағынан қара нәрселер. Сонда «құрым» сөзі «кеш» сөзімен бірігіп «кешкі қараңғылық <кешкі уақыт> дегенді білдіріп кеткен болар деп шамалаймыз» (134-бет.) дейді.

Бұл топшылаудың шындыққа маңайламайтындығына басқа бір тілдік деректер куә болғандай. Сібір татарлары тілінің Томск диалектісінде құрам — «кешке» мағынасында қолданылады (Д. Тумашева, ЯСТ., Қазань, 1968, 131). Осыған қарағанда, «құрым» түркі тілдерінің өз туындысы ма деп ойлап қалуға болады. Бірақ бұған тағы бір мәлімет бой бермейді. Иран тілінде ғоруб — күннің батуы (Пер.-рус. сл., 1959). Мұның «құрым» қалпына дейін өзгеруіне түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігінің заңдылығы жол береді. Бір таңданарлық жайт қалмақ тілінде хург — кеш, кешкі мезгіл дегенді ұғындырады (Рус.-кал. сл., 1964). Біздіңше, оларға бұл сөз түркі тілдерінің бірінен ауысуы мүмкін. Өйткені монғол тобына жататын басқа тілдерде «кеш» мағынасын берерлік мұндай тұлға кездеспеді.

Сөз соңын түйе келгенде, «құрым» сөзі парсы тілінен ауысқан болса керек. Саяй болса, «кешқұрым» сөзі түркі тіліндегі «кеш» сөзіне иран тілінен енген сөз қосарланып, бір мағынаны қайталап тұр.

**Құсқы, ескі-құсқы.** Қос сөздің мағынасы қай-қайсымызға да түсінікті. «Сарай толған кедей ауылдың *ескі-құсқы дүниелері...*» (С. Жүнісов, Жапанда.).

Мәселенің түйіні — қос сөздің екінші сыңары — «құс-



қының» масынасы мен туған төркіні. Іздестіре келгенде «құсқы» тұлғасымен дыбыстас сөз басқа бір тілдерде «ескінің» мағынасын қайталайтындығы байқалады. Мысалы, монғол тілінде хуучи — ескі, көне (Мон.-каз. сөз., 1954); қалмақша хуучи — тозған (Рус.-кал. сл., 1954). Тілдегі дыбыс заңдылығына сүйенсек, монғол тобына жататын тілдерден ауысқан сөздердегі «ч» дыбысының түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде «с» дыбысына ауысуы оңай құбылыс. Сондықтан да «хууч» түбірінің «құс» болып өзгеруіне таңданбаса да болады. Ал «құс» соңындағы -қы жұрнағы бөтен тілден енген тұлғаны өз сөзіне — «ескі» сөзіне сәйкестіру, үндестіруден пайда болған деп жорамал жасаймыз. Қос сөз құрылысында мұндай құбылыс кездесіп отырады. Осы келтірген деректеріміз «құсқы» сөзінің төркіні монғол тілі демеске болдырмайтын сияқты еді. Бірақ тағы бір мәлімет бұл болжамға келісім бермейді. Араб тілінде күсәке — сыпырынды, ескі-құсқы (мусор) (Араб-рус. сл., 1970). Егер осы сөз қазақ тіліне ауысқан болса, мұның «құсқы» болып өзгеріске түсуі монғол тіліндегі «хуучиннен» де оңай. Монғол, түркі тобындағы кейбір тілдерге арабтардан ауысуы да мүмкін. Немесе керісінше болуы да ықтимал. Қалай болғанда да «құсқы» қазақ тіліне ертеден тән сөз емес. Не монғол, не араб тілінен ауысқан деп қараймыз.

Сөйтіп, «ескі-құсқы» қос сөзі «ескі-ескі» болуға тиісті мәндес сөздер орнына жүріп тұр.

**Құтан, құл-құтан.** Қос сөз қалпындағы мағынасын — малшы-жалшы, кедей-кепшік деп ұғындырады түсіндірме сөздікте. «...Кешегі есіктегі құл-құтандар, Бас жейді төрде отырып, енді бүгін (Б. Майлин, Шығ.).

Қазақ атаулыға қос сөздің алғашқы сыңары — «құл» түсінікті әрі оның өз басы кез келген сөзбен тіркеске түсуге еркі бар. Ал «құтан» жеке тұрып мағынаға не болғанын не қолданғанын көрмейміз. Сонымен бірге «құл» сөзінен ажырасса болды-ақ жұрт түсінбейтін сөз болып қала бермек. Алайда зер салып, түпкі төркінін іздестірсек, өз алдына мағынасы бар сөз екендігіне көз жетеді. Араб тілінде кутун — құл, малай мағыналарын түсіндіреді (Араб.-рус. сл., 1970). Былайша айтқанда, қазақ тіліндегі «құл» сөзінің өзге тілдегі баламасы. Сөйтіп, «құл-құтан» дегеніміз, мағынасы жағынан, «құл-құл» деумен бірдей.

**Құты қашу.** Түсіндірме сөздігімізде — берекесі кету,

ұсқыны қашу мағыналарын беретіндігін айтады. «Күнде көріп жүрген Жақаннан сонша құтың қашады» (Қ. Мұқамеджанов, Өзіме де.).

«Құт» тұлғасы «зәре-құты» қос сөзінің құрамында да кездеседі. Мұндағы «зәре» сөзінің мағынасы — қорқу, шошу, төркіні — парсы тілі. Ал «құт» сөзінің алғашқы мағынасын іздестіру қажет.

Тілімізде «құт» сөзі «ырыс», «байлық» мағыналарымен синонимдес болып та келеді. Бірақ, біздің байқауымызша, «құты қашу» тіркесіндегі және «зәре-құты» қос сөзіндегі «құт» тұлғасының мағынасы өзгеше деп ойлаймыз. Осы ойымызды көне түркі жазба ескерткіштері растай түседі. Ертедегі сөздікте «құт» сөзінің екі мағынасы кездеседі. Біріншісі — бақыт, ырыс сияқтылар болса, екіншісі — жан, рух (ДТС, 1969, 471). Біз әңгімелеп отырған «құты қашу» тұрақты тіркесіндегі «құт» сөзінің мағынасы — «жан» деп жорамалдаймыз. Дәл осындай мағынада татар тілінде «кот» қалпында айтылады (Тат.-рус. сл., 1966). Көрсетілген тілдік деректерге табан тіреп «құт» — түркі тілдерінің өзіне тән және мағынасы жағынан «құты қашу» — «жаны қашу» дегенмен тепе-тең. Әрине, «жаны қашу» — қорқу, үрейлену нәтижесінен туатын құбылыс. Сондықтан тілімізде оның «қорқу», «шошу», «үрейлену» мағыналарының орнына қолданылуы да заңды құбылыс. Осындай қолданыс түрі якут тілінде де кездеседі: куттан — қорқу, жасқану (Як.-рус. сл., 1972).

**Құян.** Белдің ауруын қазақ тілінде осылай атайды (радикулит). «Орта жасқа келгенде белінен құяң болып, кейін мал бағудан да қалды» (Түсіндірме сөздіктен).

Кейбір түркі тілдеріндегі деректерге қарағанда аурудың бұл атауы оның қалай ауыратындығымен байланысты болса керек. Якут тілінде «кый» (Як.-рус. сл., 1972, 205), туваларда «хыйланыр» тұлғалы сөздер біздің тіліміздегі «сырқырау, сыздау» мағыналарында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 311). Осы тұлғаларға жұрнақ қосылу нәтижесінде «құян» (кый + аң) сөзі қалыптасып, ерте кезде ауру атауына көшкен сияқты.

Екінші бір жорамалды қырғыз тілі дерегіне сүйене отырып айтуға болады. Бұл тілде жамбас шұқыры мағынасын «құян» сөзі береді (К. Юд., КРС, 1965, 457). Құян ауруының көбіне жамбас төңірегін ұялайтынын ескерсек, адам мүшесінің осы атауы ауруға да ортақ

болған деуге болады. Соңғы жорамалымыз сөз тарихын таңудағы шынықтыққа жақындағы сезіледі.

**Қыбын табу.** Тіркес мағынасы — тілін табу, көңілінен шығу дегенді аңғартады. «Бәйбішенің қыбын тауып, қымызды көбірек ішпек болды» (Б. Майлин, Шығ.).

«Қыбы» сөзінің түпкі төркіні түркі тілдері екендігі шүбә туғызбайды. Мына тіл деректері соның айғағы. Э. Пекарский құрастырған якут тілі сөздігінде қыбыы — ұрыларша қағып алу, жасыру (Э. Пек., СЯЯ., II, 1959, 1359, 1403); Қазіргі якут тілі сөздігінде қыбыы — ұрлық (Як.-рус. сл., 1972); телеуіт, алтай тілдерінде қыбы — ойдан шығару, зеректік, қулық (В. Рад., Опыт..., II, 1, 845); қырғызша қыйпы — амал, айла, қулық (К. Юд., КРС, 1965); ноғай тілінде де соңғы мағынада қолданылып, «кылып» тұлғасында айтылады (Ноғ.-рус., 1963), тек айырмасы бұл тілде «л» дыбысы қосылып тұр.

Біздің бағдарлауымызша, «қыбы» немесе «қып» сөзінің ең алғашқы мағынасы якут тіліндегідей болса керек. Өйткені, түркі тілдерін зерттеушілердің пікірінше, якут тілі көне тілдер қатарына жатады. Ал басқа тілдердегі мағыналар кейін пайда болған деп қараймыз.

**Қылдырықтай.** Жіп-жіңішке, қылдай, нәзік затқа арналған атау екендігі түсінікті. «Әлпеш қылдырықтай белі үзіліп кетердей майысып, құлаштап келіп түйіп жатыр» (Н. Сералиев, Бістық күлше.).

Сөздің алғашқы түбірі бір буынды «қыл» екендігі әрі мағынасы да айқын. Дәл осы түбірдің өзіне -дай жұрнағы қосылып, «қылдай» қалпында өте жіңішкелікті білдіретін сын есім жасалатыны да мәлім. Тілімізде негізгі түбірден туынды сөздер жасайтын -дырық, -дірік іспеттес жұрнақтар барлығы да баршамызға әйгілі (табал+дырық, өміл+дірік т. б.). Бізге тек «қылдырық» туынды түбірінің ерте заманда қандай мағына бергендігін ашу қажет. Оны да М. Қашқари сөздігінен табамыз. Онда қылдрүк — егін масағындағы (дән басындағы) қылқан (ДТС, 442) деген түсінік берілген. Осы тұлғаға қосымша -тай жұрнағы қосылып, жіңішкелікті одан әрі көркейте, бейнелей көрсетіп тұр.

**Қылау, қылау түспеу.** Қазіргі түсінігімізде — дақ түспеген, нұқсап келмеген дегенді сезінеміз. «... тасқа 3,5 ғасырдан бері қылау түспепті» (Т. Ахтанов, Үндістан.).

Жалпы мағынасы түсінікті болғанмен «қылау» сөзінің жеке басының әуелде нендей нәрсе, құбылыс атауына арналғанын әркім біле бермейді. Алайда, түркі тілін-

де ертеден келе жатқандығын және белгілі бір затқа атау болғандығын баниқұрт тілі дерегінен білеміз: қылау — көзге түскен ақ (погала) (Банш.-рус. сл., 1958, 356). Бұл сөз бұрын қазақ тілінде де өз мағынасында қолданылуы мүмкін. Кейінгі кездерде басқа бір пәрсеге түскен дақ, басқа да жарамсыз белгілерді көзге түскен ақпен ұқсатудан «қылау» сөзі «түсу» етістігімен тіркесте ғана сақталғандығын көрдік. Мұндай құбылыстарға алда талай кездесеміз.

**Қымыран.** Тілімізде «қырсыққанда қымыран іриді» деген мәтел бар. Жалпы «қымыран» сөзін «қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» — сүттен ашытылып жасалған сұйық тамақ — айранның бір түрі немесе түйенің шұбаты мен сиыр сүтінің араласы т. б. деп түсіндірілген. Егер қымыранның бастапқы мағынасы осындай болса, оның іруі заңды. Бірақ оңай іритін затты, қазақтың сөз саптаудағы дәстүрі бойынша, қырсықтың сипатына сай деп ұғынып, идиома ішіне кіргізе қоймаса керек еді. Сондықтан да «қымыран» — құрамы жағынан басқа бір сұйық тағам болуы керек деген ой туады. Бұл ойдың онша оқшау еместігіне тува тілінің дерегі куә: хымыраан — өте қою емес, болмашы ғана сүтпен ағартылған сұйық шай (Тув.-рус. сл., 1955). Ой елегінен өткізе бағдарласақ, шайдың ірі қоюының өзі екі талай. Осы себептен де асқынған қырсықты бейнелеуге сүттен жасалған сусыннан гөрі, ірі қоймайтын шайдың балама ретінде алынуы нанымды.

**Қыңыр.** Көбіне мінезге байланысты қолданылатын қарыспа, қисық, қиқар, қыршаңқы сөздерінің орнына қолданылады. «Нағашысы Тұяқпай қарадан шыққан қыңыр еді, көрдің бе жиенінің қалай қарай тартқанын» (І. Есенберлин, Қаһар.).

Сөздің алғашқы мағынасына төркін боларлық тұлғаны ескі шағатай тілінен ұшыратамыз. В. Радловтың сөздігінде «кіңір» жабайы есек мағынасында көрінеді (В. Рад., Опыт..., II, 1, 857). Қырғыз тілінде де «қыңыр» сөзі қазақ тіліндегідей «қиқар, қырсық» мағыналарын меншіктенеді (К. Юд., КРС, 1965, 492).

Жабайы есек былай тұрсын, қолдағы есектің де қырсықтығы өзіне жүк болғандай. Мінезі өте қырсық, қарыспа адамды жабайы есекке теңеуден «қыңыр» сөзі қалыптасқан.

**Қыпылықтау.** Түсіндірме сөздіктен бұл сөздің мағынасына — тынышы кету, дегбірсіздену деген анықтама

аламыз. «Бөлекбас өзінің аңдамай сөйлегенін енді ғана сезіп, екі жақтан бірдей қысылып, *қыпылықтап* отыр» (Ә. Әбішев, Жас түлек.).

«Қыпылықтау» сөзінің қазіргі біз қолданып жүрген мағынасы кейін пайда болғандығы байқалады. С. Е. Маловтың түркі тілдерін топтастыруы бойынша, Чуваш, якут тілдері көне тілдерге жатады. Чуваш тілінде «хыпалан» тұлғасы қазіргі тіліміздегі «асығу» мағынасында көрінеді (СЧЯ., 1941, вып. 16, 90). Осы тұлғалас — «ховлукмак» сөзі түрікмендерде де «асығу» орнына қолданылады (Туркм.-рус. сл., 1956, 731). Түрікмен тіліндегі тұлға қазақтардағы «қыпылықтау» сөзіне өте сәйкес. Осыларға қарағанда, біздегі мағына — себептен туған салдар іспеттес. Басқаша айтқанда, «асығудан» пайда болған «тынышы кету» мағынасы келіп шыққан.

**Қыран, қыран бүркіт.** Түсіндірме сөздікте «қыран» сөзінің мағынасы — бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі сияқты алғыр құстардың жалпы атауы деп баяндайды. Әрине, бұл мағына аталған құстардың қасиетіне қарай кейін пайда болса керек.

Кейбір түркі тілдерінде, атап айтқанда, қырғыздарда қыран — епті, алғыр сияқты мағыналарда қолданылады (К. Юд., КРС, 1965, 493). Және бұл тілде тек жыртқыш құс қана емес, аңға салатын иттерге де (тазыға) айтыла береді.

Шамалауымызша, сөздің алғашқы тұлғасы «қыр» болып, мағынасы — жою, құрту етістіктерімен синонимдес болуы ғажап емес. Құс атауы — «қырғи» да осы түбірден туындаған деуге болады.

Бұл деректер бойынша, «қыран бүркіт» тіркесі «епті, алғыр бүркіт» түсінігімен деңгейлес келеді. «...жаз — қаршыға, қыс — бүркіт дегендей босағасынан бір *қыраны* арылмайтын еді» (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.).

**Қырбық.** Түсіндірме сөздікте бұл сөздің екі мағынасы көрсетілген: 1. Ұшқындап жауған жұқа (қар); 2. Сирек, тықыр. «Ана жылы *қырбық* қана мұрты бар Рақан, қазір қауға сақалды адам...» (С. Мұқанов, Есею жыл.).

Қазақ тілінде «қырбық» өзімен сабақтасуда сөз талғайды. Оның көбіне анықтайтыны «қар», сирек болса да, «мұрт» сөзімен де үйлеседі.

Түпкі төркіні түркі тілдерінің өзі. Сөз түбірі «қыра» екендігін якут тілі дәлелдейді. Оларда: «қыра» сөзі «ұсақ», «жартымсыз» мағыналарын ұғындырады (Рус.-як. сл., 1968, 272). Осы түбірлерден «кішкентай, көрік-

сіз» мағыналарын беретін қырғыздардағы «қырбый» (К. Юд., ҚРС, 1965, 494), «ұсақ» дегенді ұғындыратын хакас тіліндегі «хырбых» (Хак.-рус. сл., 1953, 300), ең соңында, қазақ тіліндегі «қырбык» сөздері өрбіп, әр тіл өзінен аздап қосымша мағына үстеп отырған.

**Қырт.** Қазіргі кезде бұл сөз мағынасын — мылжың, езбе, көн сөзді қалпында түсінеміз, «... жол тосып жүрген жалқау-жампоз, қырт еркектер де бар екен» (Ғ. Мүсірепов, Қездесп. кет.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірі — М. Қашқари сөздігінде «қырт» сөзінің екі түрлі мағынасы кездеседі: бірі — қысқа, екіншісі — сараң, қарау (адам) (ДТС, 446).

Уақыт озған сайын сөз мағыналарына да өзгеріс кіріп отыратыны белгілі құбылыс. Кейде дыбыстардың орын ауыстыруынан (метатеза) алғашқы тұлғаға өзгеріс те енеді. Тұлғасында осындай өзгеріс болғанына қарамастан «қырт» сөзінің алғашқы мағынасы сақталған. Түркі тілдеріндегі тілдердің бірі — якут тілі. Олардың қазіргі қолданысындағы «күтүр» сөзі «сараң» мағынасын береді (Рус.-як. сл., 1968, 581). Егер метатеза құбылысына ұшырамаса бұл тұлға М. Қашқари дәуіріндегі «қырт» тұлғасынан алшақ кетпеген болар еді.

Енді бір түркі тілдерінде, мысалы хакастарда, алғашқы тұлғаны сақтап «хырт» болып айтылғанмен мағынасын өзгерткен де — «жек көру, көре алмау» дегенді ұғындырады (Хак.-рус., сл., 1953, 301). Ең соңында, қазақ, қырғыз тілдерінде де тұлғасын сақтағанмен тағы да мағына өзгерісіне душар болған. Қырғыз тіліндегі айырмашылық — біздегі «мылжың» мағынасын беруде — «қырт» түбіріне -ыл жұрнағы қосылған (К. Юд., ҚРС, 1965, 497).

Хакас, қазақ, қырғыз тілдеріндегі мағыналардың негізінде сараң адамнан шығатын іс-қимыл, әрекеттер жатқандығын аңғаруға болады. Жек көру, көре алмаушылық — сараң жанның бойына біткен қосымша қасиеттердің бірі. Осы қасиетке нұсқайтын мағына хакас тілінде қалыптасқан. Сараң, қарау адамның тағы бір жанама қасиеті — өзінен сабақты жіп шығармау үшін кездескен адамын сөзбен алдандырып, көрінгенді көкіп, көп сөйлеу. «Көп сөз — бос сөз» дегендей — мұның өзі «мылжыңның» синонимі. Бұл жағдай қазақ, қырғыз тілдерінен, «қырт», «қыртыл» сөздерін меншіктеніп, орын тепкен.

**Қыруар.** Қазақ тілінде — сансыз көп, мол мағынасында айтылады. «...малдың басқа күтіміне де *қыруар* еңбек жұмсалады» (С. Жүнісов, Жапанда.).

Л. З. Будаговтың сөздігіне назар аударсақ, «курур» парсы тілінде біздегі «миллион» деген сан мөлшерін білдіретін ұғым орнына жүреді. (Л. Буд., Срав. II, 125). Енді бір тіл дерегі автордың бұл көрсеткен мағынасына түзету кіргізеді. Парсы тілі сөздігінде «корур» болып тұлғаланып, мағынасы — «500 мың, жарты миллион» деп көрсетілген. (Пер.-рус. сл., 1983, II, 322).

Л. Будагов бұл сөздің парсы тіліне үнділерден ауысқандығын көрсетеді. Бір тілден екінші тілге сөз ауысқанда мағына ауытқушылығы бола беретінін талай ескерткенбіз. Сондықтан да Л. Будагов сөздігінің мағынасына қол қоямыз.

**Қыршын.** «Өте жас» мағынасында қолданылады. «Қыршыныңнан қиылып кетесің ғой!» (Қырық өтірік.).

Мысалдағы тіркесте де, сондай-ақ «қыршын жас» тіркесінде де бұл сөз буыны катпаған, жас өспірімді бейнелейді.

Алайда бұның алғашқы мағынасы басқаша әрі түркі тілдеріне тән болған. Хакас тілінде «хырчын» (Хак.-рус. сл., 1953, 301), қырғыз тілінде «қырчын» (К. Юд., КРС, 1965, 497) тұлғасындағы сөздер «жіңішке шыбық» немесе «тал» мағыналарында қолданылады.

Біздіңше, алғашқы мағынасы жас, жіңішке талға арналса, кейін ұқсату нәтижесінде ол сөз жас адам өмірін бейнелеуге арналған. Мұны қырғыз тіліндегі «қыршын» сөзінің екінші, туынды мағынасы — «жас өспірім» дәлелдейді.

**Қырым.** «Ұлын ұрымға, қызын *қырымға*» тәрізді тұрақты тіркесте кездесетін сөз. Ескерте кетер жайт, тіркес құрамындағы «ұрым» сөзі де көпшілікке, мағынасы жағынан, аса мәлім бола бермес. Сөйтсе де біз оған талдау жасап, төркінін іздестіруді міндет етпедік. Себебі бұдан бұрын ол туралы жазған автор болған (КТҚЭС, 1966, 205—206). Оның пікіріне біз де қосыламыз.

Ал «қырым» сөзінің төркіні жөнінде де, жол-жөнекей болса да, қалам тартқан автор жоқ емес. «Ұрым» мен «қырым» сөздерінің этимологиясы жөнінде соңғы автордың пікірін дәлме-дәл келтіруді көздедік. «Ұрым, не үрім ескі әдебиетте Византия (немесе Кіші Азия) деген ұғымды білдіреді. Осы сөздің ауанына қарай Қырым (ұйқас қуудан туған болу керек) сөзі жарыса қолданылады»



деп тұжырым жасайды («Сөз өнері» жинағы, 1978, 61-б.). Мұндағы «Қырымы» былай тұрсын, «ұрым (үрім)» туралы пікірге де қосылуға болмайды. Оның себебін жоғарыда келтірілген «Этимологиялық сөздіктің» көрсетілген беттерін оқыған адам анық біле алады. «Ұрымның» мағынасы Византия, «қырымның» мағынасы ұйқас қуудан туған Қырым (түбегі) еместігін қырғыз тіліндегі осы іспеттес «уулуң өссө — урумға, қызың өссө — қырымға» деген мақалдан аңғару қиын емес. Мұның мағынасын былай түсіндіреді; егер ұлын өссе туысына (ұрпақ жалғастырады), егер қызың өссе алысқа (кетеді) (К. Юд., ҚРС, 1965)— бұл бір. Екіншіден — қазақ халқы мақалды ұйқастыра қалуға шебер екені рас. Бірақ ол ұйқас ой желісіне нұқсан келмейтіндей әрі өздерінде ғана бар сөздер негізінде жасалып отырғанын еске алған лазым.

Сондықтан да, мына тұрақты тіркестегі «қырым» сөзін Қырым түбегіндегі ел деп қарамай, ертеде қазақтарда осындай сөз болған, кейін ұмытылып, тек тұрақты тіркестерде сақталып қалған десек, пікіріміз шындыққа бір табан жақын әрі жөнді де болар еді. Осындай сөздің болғандығына тағы да қырғыз тілі куә бола алады: қырым — алыс, алыстағы ел (К. Юд., ҚРС, 1965). Мұны қазақ және қырғыз тілдеріне ортақ — «құс баласы қырымға, ит баласы жырымға қарайды» сияқты мақал тағы да қуаттай түседі.

«Ұлын ұрымға, қызын қырымға» фразасы кейде «ұлын ұяға, қызын қияға» тұрақты тіркесімен, сирек болса да, синонимдес болатыны бар. Алайда қазақ тілінде «жіберді» етістігімен жиі қолданылып, антоним боларлық жағы басым.

## Л

**Лағу.** Қазіргі тіліміздегі мағынасын, «Түсіндірме сөздікте», бетімен кету, ләйлу немесе бетімен сөйлеу, бөсу қалпында ұғындырады. Осы түсініктегі сөз құрамына назар аударсақ, біздің тілімізде оған «бетімен» сөзінің тұрақты тіркес ретінде қалыптасқаны да байқалады. Оны жиі айтылатын «бетімен лағу» сөзінен де аңғару қиын емес. Кейде «лағу» жеке тұрып та сөйлем ішінде өз мағынасын иемдене алады. Шын мәнінде бұл сөздің араб тіліндегі дыбыстық құрамы «лагвь», ал мағынасы — бос сөз, бөспе сөз. Қазақ тіліне ауысқан бұл

сөздің мағынасы кеңі түсіп, «бетімен кету» дегенді де ұғындыратын болған: «Бір түлкі жортып келе жатып, лағып бара жатқан бір түйеге кездеседі» (Қаз. ертегілері). Араб тіліндегі алғашқы түбірі «лаг», тұңғыш мағынасы — іске алғысыз, түкке тұрмайтын дегенді білдіреді.

«Лағу» сөзінің түсінігі ретінде, жоғарыда келтірілген, «лэйлу» сөзі түркі тілдеріне тән жазба ескерткіш — «Алтын йарукта» (X ғ.) кездеседі. Оның да мағынасы — «мағынасыз, сандырақ сөз» дегенге мезгейді (ДТС, 332).

**Лаж.** Тілімізде көбіне «бар», «жоқ» сөздерімен тіркесіп, кейде -сыз жұрнағын қабылдап та қолданыла береді. Қазіргі түсінігімізде — әдіс, айла, амал мағыналарында қолданылады: «Тал түсте бағанағы Кірме деген есікке кіріп кетті бар ма *лажың*» (Абай).

Бүгінгі таңда өзіміздің төл сөзіміздей болып, қалыптасып кеткен бұл сөздің түп төркіні — араб тілі. Онда «ғиладж» болып дыбысталады. Араб тілінің өзінде оның бірнеше мағына иеленгендігін көреміз. Солардың ішінде ең алғашқысы — «дәрі» мағынасы. Кейін келе «ем», «емдеу», «өндеу», «жөндеу» сияқты мағыналарды да қабылдаған. Осылардың ішінен қазақ тіліне ауысқаны «ем» мағынасындағы «ғиладж» деп қараймыз. Өйткені «лаж жоқ» деудің орнына «ем жоқ» тіркесін де қолдана береміз. Одан әрі «амал жоқ», «шара жоқ» сияқты синонимдік тіркестер мағынасының да орнын басқан.

**Лаң.** «Лаң салу», «лаң шығару» сияқты тіркестерде жиі қолданылады. Кейде сөйлем ішінде жеке тұрып та тиісті мағынасын бере алады. Түсіндірме сөздікте — қырсықты, әлек, бүлік мағыналарын ұғындыратындығы көрсетілген. «...Мәсен мен Шегірдің *лаңы* ғой, амал бар ма?» (Сейфуллин).

Бұл тұлғалас сөз басқа да түркі тілдерінде ұшырасады. Мысалы, ноғай тілінде: лаңка — 1. Жанжал; 2. арсыздық; 3. тентектік тәрізді үш түрлі мағына меншіктенеді. Әрине, бұларды «лаң» сөзінің алғашқы мағынасы деп қарау қиын. Ал башқұрт тілінде: ылаң — ұран, дауыстап шақыру мағыналарын беретіндігі көрсетіліп, «әскери ескі сөз» деген белгі соғылған. Осы соңғы мағына кейін келе кеңейе түсіп, бүлік, әлек сияқты ұғымдарды да беретін болған демекпіз.

**Лек, лек-лек.** Қазақ тілінде бұл сөз көп жағдайда қос сөз қалпында қолданылып, мағынасы тізбек-тізбек, топ-топ дегенге мезгейді. «Бұлардың сөзін көшедегі *лек-*

лек топ, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан халық бөлді» (С. Бақбергенов, Кентау).

«Лек» сөзінің тағдыры да «қыруар» сөзімен сәйкес. Мұның да иран тілі арқылы қазақтарға енген үнді сөзі екендігіне тағы да Л. З. Будагов сөздігінен мәлімет аламыз. Онда «лек»—«жүз мың» деген сандық ұғымды түсіндіреді (Л. Буд. Срав., т. II, 190). «Лек-легіміз» шындап келгенде, тек белгісіз, өлшемсіз топты білдірмейді екен, «жүз мыңдаған» сияқты нақтылы санды ұғындыратындығын көреміз. Қазіргі парсы тілінде де «лек» тұлғасы «жүз мың» мағынасын береді (Пер.-рус. сл., II, 1983, 428).

**Локсу.** Осы кездегі түсінігіміз бойынша, бұл сөздің мағынасы — жүрегі айну, құсқысы келу. Дәл осы мағынаны қырғыз тілінде «локшу» тұлғасы береді (К. Юд., КРС, 1965, 506). Якут тілінде бұл тұлғалас — «лохсуй» сөзінің екі мағынасын көреміз: біріншісі — жүректің соғуы; екіншісі — біздегі — «жүрегі айну», «құсқысы келу» дегендерді аңғартады. Маньчжурларда лукси — бастың қатты ауруы. Осы тілдердің қай-қайсысына болмасын «локсу» тұлғалас сөз монғол тілінен ауысқан. Жазба монғол тілінде: лүксі — тамырдың соғуы, сыздап ауыру; қазіргі монғолдарда да «лугши» тұлғалы сөз дәл осы мағыналарда қолданылады. Алайда, монғол тіліндегі осы көрсетілген тұлғалардың өзі туынды, дыбысқа еліктеуден пайда болғандығын байқаймыз. Қазіргі тілімізде жүректің соғуын «лүп-лүп» сияқты еліктеу сөзі арқылы түсіндірсек, монғолдарда оны «лүг-лүг» қос сөзімен аңғартады (ССТМЯ, I, 1975, 508). Осы еліктеуіш сөзге монғолдар -ши жұрнағын қосу арқылы жүректің соғуын білдіретін «лугши» сөзін тудырған. Түрлі жағдайлармен жүрек айнып, құсқысы келгенде жүректің соғуы да жиірек әрі қаттырақ байқалады. Монғол тілінде осылайша пайда болған «лугши» сөзі басқа түркі тілдерінде сәл тұлғалық өзгеріске түсіп, мағына жағынан да аз-кем реңк иеленіп, қазақ тіліндегі «локсу» осылайша пайда болған.

**Лыпу, лыпып тұру.** Түсіндірме сөздік бойынша, «жылдам істеу; қайралып өткірлену» сияқты мағыналарды меншіктенеді. «...келіні ...атасының ойын қас-қабағынан танып..., ұстарадай *лыпып тұрады*» (Н. Сералиев, Ыстық күлше.).

Алтай, Сібір өңіріндегі түркі тілдерінде бұл тұлғалас әрі мағыналас сөз кездеспейді. Осыған қарағанда,

Орта Азиядағы түркі тілдері мен қазақтарға жүйесі басқа тілдердің бірінен, дәлірек айтсақ, иран тілінен ауысып келгендігін байқаймыз. Иран тілінде: ләбэ — үш, жүз (бір нәрсенің — пышақтың, қылыштың) деген мағынада қолданылады (Пер.-рус. сл., II, 1983, 420). Осы сөз қазақ тіліне ауысқанда мағынасын етістік қызметін атқаруға дейін өзгертіп, сол күйінде қалыптасқан. Сондықтан да «лыпып тұру» тіркесі қазіргі түсінігіміздегі «жүзіндей боп тұру» (ұстараның, пышақтың) мағынасын ұғындырарлық дәрежеге жеткен.

## М

**Маза.** Мазасы жоқ, мазасы болмау сияқты тіркестерде жиі кездеседі. Қазіргі тілімізде «маза» сөзінің жеке өзі — тыныштық, дамыл деген мағыналарды білдіреді. «Жатқансын да Құмардың мазасы болмады» (Р. Нұрманов, Аққу.). «Шынын айтқанда, Алматыдан шыққалы Жақыпбекте маза жоқ еді (Иманжанов).

«Маза» сөзінің алғашқы шыққан төркіні иран тілі: Мэзэ — дәм, татым (Пер.-рус. сл., 1983, 500). Бұл тілде оның басқа да мағыналары кездеседі. Бірақ түркі тілдеріне алғаш «мэзэ» сөзі біз көрсеткен мағынада ауысқандығы ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен байқалады. Онда мэзэ — дәм, тәттілік сияқты мағыналармен қатар, кейін келе ауыспалы — «рақаттылық, сүйсінушілік» тәрізді мағыналарды да меншіктенгендігін байқаймыз (ДТС, 340). Демек, «маза» сөзінің қазіргі түсінігіміздегі «тыныштық», «дамыл» мағыналары да осы соңғы ауыспалы ұғымдар нәтижесі деуге болады. Иранның «мэзэ» сөзінің алғашқы мағынасын осы күнге дейін сақтаған түркі тілі де жоқ емес. Мысалы, қырғыз тілінде «маза» тұлғасының бірінші мағынасы — «дәм» дегенге нұсқайды (К. Юд. КРС, 1965, 509).

**Мақтау.** Түсіндірме сөздікте «біреуді немесе бір затты ерекше дәріптей сөйлеу, мадақтау» деген мағынада қолданылатындығы көрсетілген. «Жақсы атын мақтайды, жаман қатынын мақтайды» деген осы!» (Ә. Нұрманова, Ұлбала.).

«Мақтау» сөзінің төркіні жөнінде 1966 жылғы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» әңгіме қозғалған. Онда «мақтау»-дың түбірі «мақ», ал «та» қосымша дей келіп, «мақ» түбірінің өзі-ақ ертеден түркі тілдерінде «мақтау» мағынасын бергендігі ғана сөз бол-

ған (141—142). Бұл сөздің тек түркі тілдеріне ғана емес, басқа да тілде кездесетіндігі және алғашқы мағынасы нені аңғартқандығы ұмыт қалған. «Мақтау» тұлғалас әрі мағыналас сөз монғол тобындағы тілдерден де табылады: монғолша — «магтах», қалмақ тілінде — «магтх» дыбыс құрамындағы сөздер біздегі «мақтау» мағынасында қолданылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 110; Рус.-кал. сл., 1964, 756).

Біздің байқауымызша, түркі, монғол тобындағы тілдерде бұл сөздің түбірі ежелден «мақ» болғанымен, мағынасы ертеректе өзгеше болған сияқты. Мұны кейбір тілдік деректерге сүйеніп дәлелдеу де қиынға соқпайды. Мысалы, монғол тілінде «магтах» тұлғасы қазіргі біздің тіліміздегі «көтеру» етістігі мағынасын да береді. Осыған қарасақ, «мақ» түбірінің алғашқы мағынасы — «көтер» болуы ғажап емес. Бұл ойымызды қазақ тілі арқылы да қостай аламыз. Тілімізде «мақтау» сөзінің орнына «дәріптеу», «мадақтау» сияқты тұлғалармен бірге кейде «көтермелеу» де қолданылатынын ешкім теріс дей алмаса керек. Осы жерде «мадақтау» сөзінің араб тілінен ауысқанын айта кетпекпіз. Сөйтіп, «мақтау» сөзінің алғашқы түбірі «мақ» монғол, түркі тобындағы тілдерге ортақ та, тұңғыш мағынасы — «көтеру» дегенді ұғындырған дей аламыз.

**Мамыр.** Қазіргі кездегі мағынасын — баяу қозғалып, жай басу; маңғаздану деп ұғындырады түсіндірме сөздікте. «*Мамырлап* үйрек-қаздар жайылымынан қайтып келеді» (Х. Әдібаев, Таңбалы адам).

Басқа түркі тілдері деректерімен салыстыра қарағанда «мамыр» сөзінің ертеректегі тұлғасы мен мағынасы өзгешерек болғандығын байқаймыз. Қырғыз тілінде мамыр — тыныш, бейбіт, берекелі (К. Юд., КРС, 1965, 515); туваларда амыр — тыныш (Рус.-тув. сл., 1980, 558); хакашша амыр — тыныш, бейбіт (Хак. -рус. сл., 1953, 26). Мағынасы жағынан осылармен сәйкес монғол тілінен «амар» сөзін де кездестіреміз (Қаз. -мон. сөз., 1977, 321). Біздегі «мамыр» сөзінен бұлардың тұлға жағынан айырмасы сөз басындағы «м» дыбысының түсіріліп айтылуы ғана. Осы тілдердегі мағына, біздің жорамалымызша, тұңғыш болса керек те, ал біздегі мағына — ауыспалы, туынды деп қараймыз. Оның да өзіндік себебі бар. Баяу қозғалып, жай басу, маңғаздану — тек қана тыныш, бейбіт те берекелі жағдайлар нәтижесінде болатын қозғалыстар мен құбылыстар. «Мамыр» сөзі-

нің, біз көрсеткен, алғашқы мағыналары — тыныш, бейбіт, береке дегендерді қостай түсерлік тағы бір дәлел — тіліміздегі «мамыр» айының атауы. Май айының бұлай аталуы — шаруаға жайлы, жағымдылығынан болса керек.

**Манду.** Сөз мағынасын түсіндірме сөздік — өнімді болу, алға басу, көбею деп ұғындырады. «Жұмыс қолы кеміген, іс *мандымайды*» (Ә. Жәмішев, Армысың.).

Тіліміздегі бұл мағына — «манду» сөзінің кейін пайда болған туынды түрі. Сөздің осы сияқты туынды мағынасын ноғай тілінен де ұшыратамыз: мандув — 1. түзетілу жөнделу; 2. түзеу, жөндеу (Ноғ. -рус. сл., 1963, 214).

Сөздің алғашқы мағынасы мен дыбыстық құрамын монғол тілдерінен табамыз. Жазба монғол тілінде манду — 1) шығу, көтерілу; 2) өсу, қазіргі монғолдарда манда — 1) шығу, көтерілу; 2) өсу, гүлдеу; ал бурят тілінде де бірінші мағынасы — шығу, көтерілу; екінші мағынасы — жайылу, даму. Монғол тілінен ауысқан осы сөз маньчжурларда «манду» тұлғасында көрініп, «өсу» мағынасын меншіктенген (ССТМЯ, I, 1975, 527). Қалмақ тілінде «мандлх» тұлғалы сөз тек аспан әлеміндегі ай, күн, жұлдыздардың шығуына, жарқырап көрінуіне байланысты ғана қолданылады (Рус.-кал. сл., 1964, 83).

Осы деректерді салыстыра келіп, қорыта айтқанда, «манду» сөзінің шыққан төркіні монғол тілдері, ал тұңғыш мағынасы «шығу», «көтерілу» болған деп жобалаймыз. Түркі тілдеріндегі мағынаның қай-қайсысы болма-сын туынды, ауыспалы деуге тура келеді.

**Маңғаз.** Қазіргі түсінігімізде — 1) паң, керенау, кербез, тәкаппар; 2) байсалды, байыпты, салмақты тәрізді мағыналарын білеміз. «...анау бір кекірейген *маңғаз*» (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Күләш отыр сыпайы ғана үлбіреп, Жүсіпбек отыр *маңғаз*» (И. Жақанов, Екі жирен.).

Бұл тұлғалас әрі мағынасы жуық келетін сөзді араб, парсы, монғол тілдерінен кездестіре алмадық. Тұлға жағынан «маңғазға» сәйкес якут тілінде «манаас» сөзі ұшырайды да, мағынасы «ақ бас» дегенді білдіреді (Як.-рус. сл., 1972, 235). Бірақ біздегі «маңғаз» сөзін онымен жанастырудың жөні жоқ.

Іздестіре келгенде, «маңғаз» сөзінің алғашқы төркіні боларлық тұлғаны тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден ұшыратамыз. Сөздің алғашқы түбірі «маң» болғандығын осы топқа жататын эвен тілі дерегі анықтайды.

Бұл тілде «маң» тұлғасының өзі — қатты, мықты, табанды, ауыр, мызғымайтын сияқты көптеген мағыналарды меншіктенеді. Осы түбірге түрлі қосымшалар жалғану арқылы сол топтағы басқа тілдерде де жоғарыда аталғандай мағыналарды немденеді. Мысалы, маньчжур тілінде: «маңға» тұлғасы «күшті, мықты, салмақты, тапжылмайтын» іспеттес мағынада қолданылса, «маңғаса» батыл, епті, азамат мағыналарына нұсқайды (ССТМЯ, I, 1975, 529-530).

Біздің тілімізде «маңғаз» дыбыстық қалыпта тұрақтап, ертедегі көп мағыналар ішінен тек «салмақты» дегенді сақтаған да, бері келе сол «салмақтылықтан» туындайтын «байсалды, паң» сияқты үстеме мағыналарға да ие болып, қазіргі кездегі ұғымымыздың пайда болуына көмек жасаған.

**Маңдай.** Бастың жоғарғы жағының алдыңғы бөлігі тілімізде осылай аталады. «Айжан Аняны... маңдайына ернінің үшін тигізіп сүйген болды» (М. Дүйсенов, Ант.).

Сөздің ең алғашқы төркіні түркі тілдері, оның ішінде якут тілі екендігін іркілместен айта аламыз. Якут тілі түркі тілдері ішінде көне тілдің бірі болып саналады. «Маңдай» сөзінің якут тіліндегі мағынасы өзгеше болған. Онда маңнай — әуелде, алғашқыда, бұрын, ал маңнайгы — бірінші деген мағыналарда қолданылады (Як.-рус. сл., 1972, 235; Рус.-як. сл., 1968, 405). Бас құрылымында өзінің орналасқан ретіне қарай, дәлірек айтсақ, бұрын, алдыңғы жағында көрінуімен байланысты, якут тіліндегі осы сөз қазақ, қырғыз тілдерінде бас бөлігіндегі белгілі бір мүшенің атауы болып қалыптасқан. Ойымызды дәлелдей түсу үшін тағы бір түркі тілінен дерек ұсынайық. Түрікмен тілінде осы мүшенің атын білдіретін «маңлай» сөзімен жарыса «алын» тұлғасы да синоним болып қолданылады (Рус.-туркм. сл., 1956, 294). «Маңдай» сөзінің тұңғыш мағынасы — әуелгі, алдыңғы болғандығына қырғыз тілінің дерегі де кепіл бола алады: маңдайқы — алда болу (К. Юд., КРС, 1965, 517). Түркі тілдері ішінде өзбектерде «манглай» сөзінен гөрі парсы тілінен ауысқан «пешана» жиі қолданылады (Уз.-рус. сл., 1959, 249, 324). «Маңдай» сөзі сол тұлғасы әрі мағынасымен монғол, қалмақ тілдеріне де ауысқан — магнай, маңна (Қаз.-мон. сөз., 1977, 213; Рус.-кал. сл., 1964, 272).

**Маңырау.** Қой, ешкінің дыбыс шығаруы осылай аталатынын білеміз. «Қой маңырап, түйе боздап, сиыр мө-



ңіреп, жылқы кісінен, ойнақтап құлын тайы» (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне, әсіресе, М. Қашқари сөздігіне зер салсақ мынаны көреміз: «ер маңырады» тіркесі қазіргі тілімізде «ер адам айқай салды» болып түсіндіріледі. Демек, «маңырау» сөзінің ертедегі мағынасы — айқайлау, қатты дауыс шығару (ДТС, 337). Бұдан білетініміз, өте ерте кезде «маңырау» сөзі адамдарға да қолданылған сөз екендігі. Кейін келе бұл сөз малға, оның ішінде қой, сиырға меншіктеліп, сәл дыбыс өзгерістері арқылы «мөңіреу» — сиырға, «маңырау» — қойға телінген. Бұл ойымызды якут тілі дерегі қостай түседі. Оларда біздегі «мөңіреу» — маңыраа, «маңырау» — мэнгирээ қалпында айтыла береді. (Рус.-як. сл., 1968, 40, 288). Демек, дыбыс айырмасы онша ерекшеленбейді.

**Мардамсу.** Түсіндірме сөздікте бұл сөз мағынасы мықтымсу, мығымсу деп берілген. «Кептерді өнері асып алғансиды, Құнжындап арам шіркін арлансиды. Қорғансыз аңғал құсты бұғып ұстап, Мақтанып, қоқиланып *мардамсиды*» (С. Сейфуллин, Шығ.).

Түркі тілдері ішінен бұған сәйкес тұлға тува, якут тілдерінде кездеседі. Тува тілінде: бардам — тұрпайы, өрескел (Рус.-тув. сл., 1980, 132); якутша: бардам — әдепсіз, арсыз (Як.-рус. сл., 1972, 64) мағыналарына нұсқайды. Монғол, бурят тілдерінде «бардам» тұлғалы сөз — мақтаншақтық, өр көкіректік, дандайсу сияқты ұғымдарда қолданылады. Мұндай жағдайда сөз төркіні қай тіл екенін дәл ажырата айту қиын. Егер мақтаншақ, өр көкіректік тұрпайы, әдепсіздіктен өрбитінін еске алсақ, онда сөз төркіні түркі тілдерінен деуге тура келеді. Қалай болғанда да сөздің түпкі мағынасы — тува, якут тілдеріндегідей болса керек.

**Мардымды.** Қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы — өнімді, нәтижелі, жартымды. «...бірдемелер айтпақ боп көріп еді, онысынан да *мардымды* ештеңе шықпады» (Ө. Қанахин, Жүрек.).

Іздестіре келгенде, сөз төркіні жүйесі басқа араб, парсы тілдері екендігі байқалады. Араб тілінде «мәрәде» сөзінің бір мағынасы — зор, үлкен (Араб.-рус. сл., II, 1970, 956), ал парсы тілінде «мәрдан» тұлғасы — батыл, ер жүрек (Пер.-рус. сл., II, 1983, 492). Араб, парсы тілдерінен ауысқан деуге болады, ноғай тілінде кездесетін «мардым» тұлғасындағы сөздің «үлкен, зор,

күшті, мықты» сияқты мағыналарын кездестіреміз (Ног.-рус. сл., 1963, 216). Осы тұлғаға қазақ тілінде -ды қосымшасы жалғанып, «мардымды» сөзі пайда болған әрі мағынасына да аз-кем өзгеріс енген.

**Масаты.** Қазақтар түсінігінде, бұл сөздің мағынасы — жұмсақ түкті барқыт, жібек мата. «Қазақ әйелдерінің үстінде *масаты* ма, жібек пе, шағи ма... әйтеуір, бәрі жарық-жұрық етеді» (С. Шарипов, Шығ.).

Бір сөздікте бұл сөздің төркінін араб тіліне апарып тірейді де, мағынасын — «түгі құбылып тұрған барқыт тәрізді мата» деп түсіндіреді (Е. Бек. ҚТАПС., 1977, 114). Араб тілінің сөздігінде автор көрсеткендей, «бәсат» сөзінің бары рас, бірақ мағынасы — «кілем» деп түсіндіріледі (Араб.-рус. сл., I, 1970, 85). Бұл ретте біз К. К. Юдахин сөздігін қолдаймыз. Онда «машаты» сөзін иран тілінен екендігін белгілейді де, «килем» сөзін карауды нұсқайды. Нұсқаған беттен «машаты килем» тіркесін ұшыратамыз да оның тұсындағы аудармасы — мешхедский ковер делінген (К. Юд., ҚРС, 1965, 386, 520). Енді осыны ой елегінен өткізсек, біздің «масаты» тұлғасында қолданылып жүргеніміз дыбыстық өзгерістерден өткен Иран жеріндегі Мешхед қаласы болмақ. Демек, сол қаладан жасалып шыққан кілем, маталардың алдына Мешхед сөзі қосылып, кейін келе біздің тілімізде «масат>масаты кілем» немесе «масаты» күйінде қалыптасып кеткен. Осы себептен де оның араб емес, парсы сөзі екендігіне күмән келтіре алмаймыз.

**Масыл болу.** Жұмысқа құлқы жоқ, біреудің енбегімен жатып ішуге дағдылану, арам тамақ болып, кесірін тигізу қазіргі қазақ тілінде осындай сөз тіркесі арқылы да түсіндіріледі. «— Әй, балам-ай, кәрі әкеңнің мойнына өмір бойы *масыл болып* отыруың ұят қой» (Бал дәурен).

«Масыл болу» тіркесіндегі алғашқы — «масыл» сөзі не түркі, не монғол тобындағы тілдерге тән еместігін жүйесі басқа — иран, араб тілдерінің дерегі анықтайды. Иран тілінің сөздігінде «мәслуб» сөзінің 1) айырылу, 2) тартып алу сияқты мағыналарын көрсете отырып, бұл сөз (мәслуб) араб тілінде басқа сөздермен тіркескенде — «бір заттан, нәрседен айырылу» деген мағынаға нұсқайтындығына бірнеше мысалдарды көлденең тарта келіп, иран тілінде — «мәслү болмәнфәэ» тұлғалы сөздің «кіріс, пайда келтірмейтін» деген мағынада қолданылатындығын айтады (Пер.-рус. сл., II, М, 1983, 510). Осы дерек бойынша, біздегі «масыл» сөзінің алғашқы шық-

қан төркіні араб тілі болады да, әуелгі мағынасы «бір нәрседен айырылу» дегенге нұсқайды. Біреуге біреудің масыл болуының бірнеше түрлері бар. Солардың ең жаманы — жалқаулық, бойкүйездікпен еңбектенгісі келмеу, дәлірек айтсақ, еңбек етуден айырылу. Әсіресе, парсы тіліндегі «мәслуболмәнфәз» сөзі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне ауысқанда, келе-келе өз тіліміздің айту, сөйлеу дағдысымен «масыл болу» болып қалыптасқан да, мағынасы сол қалпында — пайда келтірмейтін (арам тамақ) қалпында қала берген.

**Мауқын басу.** Түсіндірме сөздігімізде бұл сөз тіркесінің анықтамасы — құмарын қандырды, сағынышын басты. «...Ырысты... Ұрқияны... бауырына қысып, *мауқы* *басылғанша*... сүйіп, ұзақ егіліп жылады» (С. Жүнісов, Ақан сері.).

Қырғыз тілінде осы сөз тіркесінің алғашқысы «моок» болып тұлғаланып, «тілек, ықылас» мағынасында қолданылатынын білеміз де, оның бұл тілге араб тілінен ауысқандығынан да мәлімет аламыз (К. Юд., КРС, 1965, 532). Бір ғажабы парсы тілінде де «моуһум» тұлғасы кездеседі де, мағынасы — қиал, елестеу дегендерге нұсқайды (Пер.-рус. сл., II, 1983, 582). Ал «тілек» мағынасы бұл тілде «мэйл» сөзі арқылы беріледі (Сонда, 590).

Біздің ойымызша, тіркесте кездесетін «мауқын» сөзінің төркіні араб тілі болғандығы шындық. Бірақ оның алғашқы мағынасы осы тілдің өзінде басқаша болған сияқты. Оған араб тілінде кездесетін «мағиқ» дыбыс құрамындағы сөздің «жылау, еңіреу» мағыналарында қолданылуы куә болғандай (Араб.-рус. сл., II, М., 1970, 945). Мұны «мауқын бассын» тіркесінің синонимі ретінде өзіміздің төл тіркесіміз «өксігін бассын» деген де анықтай түсетін тәрізді. Ал қазіргі — «құмарын» қандыру іспеттес мағыналар — кейін пайда болған — ауыспалы мағыналар деуге болады.

**Мауыздай.** Қазіргі қазақ тілінде «мауыздай» сөзі ірі, зор мағыналарында қолданылғанмен, жағымсыз реңкті аңғартады. «Сырттан келген түні *мауыздай* 10 жігітті Сапидың ауылына аттандырды» («Қазақст. мұғ.»).

Дыбыстық құрамы жағынан бұған сәйкес сөзді парсы тілінен кездестіреміз: моуз — банан (ыстық жақта өсетін үлкен жапырақты биік өсімдік) (Пер.-рус. сл., II, М., 1983, 582). Осымен сәйкестіруге өсімдік ағашының ірілігі ұқсас болғанмен, адам жеміс ретінде кәдеге асы-

ратын нәрсенің, жағымсыз нәрсенің теңеуіне ілігуі күмән тудырады.

Сондықтан «мауыздай» сөзінің түбірін түркі тілдерінің өзінен іздестірген жөн көрінеді. Тува тілінде «моос» тұлғалы сөз — ертегілерде кездесетін керемет қорқынышты мақұлық мағынасын ұғындырады (Рус.-тув. сл., 1980, 643). Дәл осы сөз якут тілінің жергілікті ерекшеліктерінің бірінде «монус» қалпында ұшырап, «мешкей, обыр» мағыналарын береді (С. А. Иванов, Аканье и оканье в говорах якутского языка, автореферат канд. наук, 1981, 24). Монғол тілінде «жалмауыз» мағынасын «мангас», қалмақтарда «мус» сөздері түсіндіреді (Мон.-каз. сөз., 1954, III; Рус.-кал. сл., 1964, 775).

Біздің байқауымызша, сөздің алғашқы дыбыстық құрамы «монус», одан әрі тува тіліндегі «моос» туындап, түркі тілдерінен қалмақтар қабылдап, «мус» қалпына дейін өзгертсе керек.

«Моос» — қазақ тілінің өзіне тән дыбыс заңдылықтарына байланысты «моуз», одан әрі «мауыз» болып өзгеріске түскен (қырғызша — тоо, қазақтарда — тау екенін ескерсек те жеткілікті). Осы өзгерген түбірге теңеу тудыратын -дай жұрнағы қосылып, «мауыздай» сөзі пайда болған.

Тілімізде ұшырайтын «маубас» сөзінің де негізі осы «мауыз»-бен байланысты болуы мүмкін. Ертеректе «мауыз бас» тіркесі қолданылып, кейін тіліміздегі бірқатар сөздерде дыбыс түсуі нәтижесінен пайда болған біріккен сөздер сияқты (бүгін — бұл + күн, биыл — бұл + жыл) «з» дыбысының түсіп қалуынан «мауы бас», одан әрі «маубас» түрінде қалыптасқан деуге болады.

**Мәзір.** Қолдан келер сый-саяпат, құрмет мағынасын қазір осы сөзбен де жеткіземіз. «— Табылған бар мәзірім осы болды. Мейманым риза бол,— деді, Ықыласқа» (Үш ғасыр жырлайды). Халық арасында «Бар мәзір, жоқ жағдай» сияқты мәтел де бар.

Қырғыз тілінде бұл сөз «маазир» тұлғасында айтылып, «кешірім, кешіру» мағыналарын береді (К. Юд., ҚРС., 1965, 507). Әрине, бұл бірнеше өзгерістерге кез болып, талай сатылардан өткен ауыспалы мағына. Қазақ тіліндегі мағына да — өзгерістер нәтижесі.

Сөздің түп негізі — араб тілі. Оларда «маззе» тұлғалы сөз біздегі «жеңіл тамақ» (закуска) мағынасында қолданылады (Араб.-рус. сл., II, 1970, 944). «Дастарқан

мәзірі» деп жүрген тіркестегі «мәзір» де «тамақ» мағынасын береді.

**Мәйек.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын іріткіш. «...өзінен көп кейін оянған әйелі намазын оқып, сиырын сауып, сүтіне *мәйек* салып та үлгерді» (Ғ. Мұстафин, Дауыл). Е. Бекмұхаметов «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» (1977) деген кітабында бұл сөздің парсы тілінен ауысқандығын көрсете отырып, мағынасын дәл жоғарыдағыдай қалыпта түсіндіреді (116). Ал Н. Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» (1974) атты еңбегінде бұл сөз парсы сөзі есебіне алынбаған.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде майе — мән; негізгі бастама (ДТС, 335) мағынасында беріледі де, парсы тілінен деп белгіленеді.

Шын мәнісінде бұл сөз араб және парсы тілінде де кездеседі. Сондай-ақ мағыналары да бірдей. Арабша майеғ — 1. ағатын, сұйық; 2. сұйықтық; парсы тілінде майеғ — 1. сұйық, ағатын; 2. сұйықтық (Араб.-рус. сл., II, М., 1970, 989; Пер.-рус. сл., II, М., 1983, 447).

Осы деректерге қарағанда, «мәйек» сөзінің алғашқы мағынасы араб, парсы тіліндегілер де, түркі тілдеріндегі мағыналар туынды, ауыспалы деуге болады. Тағы бір еске алатын жайт — араб тілінде «муййе» сөзі «су» мағынасын береді. Осыған қарағанда, бұл тілдегі «майеғ» сөзінің түп төркіні — «су» мағынасындағы «муййе» сөзі болуы да ғажап емес. Өйткені ағатын сұйық түрінің алғашқысы «су» екенін теріске шығару қиын.

**Мәстек.** Қазақ тілінде үнемі бойы тапал, кішкене жылқыға айтылады. «Әнеугүні ауылыңызға келіп еді ғой. Астында құла қасқа *мәстегі* бар» (С. Шарипов, Бекболат.).

Сөздің шыққан тегі — қалмақ тілі. Оларда маштг — төмен, аласа, тапал мағыналарында қолданылады (Рус.-кал. сл., 1964, 355). Қалмақ тілінде «маштг» сөзі тек жылқыға ғана емес, кез келген аласа, тапал заттар мен жан иелеріне бірдей айтыла береді.

**Мелжемдеу.** Түсіндірме сөздікте бұл етістік тұлғасын — мылжаллау, мыжу деп ұғындырады да «мелжем» дегенді — күш, қайрат деп түсіндіреді. «...мені ұстай ап, *мелжемдеп* сабағысы келген болу керек» (С. Мұқанов, Мөлдір махаббат.).

В. В. Радлов сөздігінде түрік тілі мен Қырым татар-

ларында «пенче» сөзі — бес саусақ, жұдырық мағыналарын беретіндігі, ал «пенчелен» тұлғасы түрік тілінде — қолмен ұстау дегенді түсіндіретіндігі жазылған (В. Радлов, Опыт..., IV, 2, 1222, 1223). Қазіргі қырғыз тілінде манча, манжа — саусақтар, алақан мағынасында қолданылады (К. Юд., КРС., 1965, 516).

Көрсетілген сөздердің төркіні парсы тілі екендігін кезінде В. Радлов көрсеткен болатын. Шынында да парсы тілінде пәндже — 1) қолдың саусақтары, алақан мағыналарын ұғындырады (Пер.-рус. сл., I, 1983, 310). Бұл тілде оның бұдан басқа «тырнақ» және т. б. мағыналары бар.

Парсы тілінің осы сөзі қазақ тіліне де ауысып, дыбыс алмасуларының заңдылығына сәйкес «мелжем» тұлғаларына дейін өзгеріске ұшыраған. Одан әрі -де қосымшасы арқылы етістікке айналып, «мелжемдеп ұстау» сияқты сөз бен сөз тіркесін тудырған. Әрине, қазақ тіліндегі бұл сөздердің мағынасына да өзгеріс енген. Мысалы «мелжемдеп ұстау» дегеніміз көбінесе өз тіліміздің төл тіркесі «уыстап ұстау» мағынасына сәйкес келеді.

**Мес.** Әдетте, сұйық тамақ құю үшін бітеу сойылған қой терісінен жасалған ыдысты осылай атаймыз. «...меске қымыз толтырып алып, ауылға озып кеткен» (А. Жұмаділдин, Сен.).

Қырғыз тілінде де «меш» қалпында тұлғаланып, қазақ тіліндегі мағынаны меншіктенеді (К. Юд., КРС., 1965, 526).

Парсы тілінде: мәшк — мес мағынасын бергенімен бұл туынды мағына (Пер.-рус. сл., II, М., 1983, 516). Түптей келгенде, парсы тіліндегі «мәшк», қазақ тіліндегі «мес» — ыдысқа тиісті атауды, сол ыдыстың жасалуына себепші болған мал атауынан алынған. Мысалы, парсы тілінде миш — қой (бұл да сонда, 589), ал Л. Будаговтың көрсетуінше, «мишь» сөзі парсы тілінде «құйрықты қой» мағынасын бергендігін байқаймыз (Л. Буд., Срав..., II, 274). Қалай болғанда да парсы тіліндегі «қой» мағынасындағы «миш» сөзі «мес» болып ыдысқа атау қалпына көшкен.

**Мешел.** Қазіргі түсінігімізде — сүйектердің дұрыс өспеуіне байланысты ауру; рахит. «Күтімсіз болудың салдарынан ит аурумен ауырып, аяғы әлі шықпаған мешел» (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Сөз төркінін іздестіре келгенде түркі тілдері ішінен

тек чуваш тілінен ғана кездестіре аламыз. Мұның өзі де заңды. Өйткені С. Е. Маловтың топтастыруынша чуваш, якут тілдері түркі тілдері ішіндегі ең көнелері болып саналады. Чуваш тілінде «мешел» тұлғасындағы сөз «қозғала алмау» немесе «баяу, жай қозғалу» мағыналарын береді (Чув.-рус. сл., М., 1985, 242). Шынында да, жоғарыда көрсетілген ауруға ұшыраған адамның қозғалысы, қимылы аз болатындығын ескерсек, «мешел» сөзінің төркіні — чуваш тілі деу орынды болмақ.

**Малдас құру.** Бұл сөз тіркесінің түсіндірме сөздіктегі мағынасын — екі аяғын астыға жіберіп ..отырыс деп ұғынамыз. «Төрде *малдас құрып*, құрметті қонақтар отырды» (С. Мәуленов, Үркер.).

Қазіргі қалпында, сөз болып отырған, тұрақты тіркестің екінші сыңары ғана түсінікті сияқты көрінеді. Ал «малдас» сөзінің қандай мағына беретінін ешкім де айтып бере алмаса керек. Шынына жүгінсек, осы кезде жазып жүрген «малдас құру» дегеніміз қазіргі орфографиялық сөздігіміздің ыңғайына көндіріп, икемдей түсіп, бір қалыпта тұрақтандыру ниетінен туған тіркес. Ауызекі тілімізде мұны әркім «молда соқыну», «малдасын құру» сияқты түрде де айта береді. Дұрысын айтсақ, тұрақты тіркестегі екі сөздің әрқайсысының да мағынасы беймәлім.

Біздің байқауымызша, әуелгі кезден-ақ бұл екі сөздің тіркесінен құралған. Бірақ ол сөздердің алғашқы дыбыстық құрамы танымастай өзгерістерге ұшыраған. Түркі тілдерді былай қойғанда, монғол тобындағы, тіпті араб, парсы тілдерінде де тіркестің бірінші сыңарына (малдас) мағына жағын айтпағанда, дыбыстық құрамына сай келерліктей сөз табу қиын. Солай бола тұрса да біз өз жорамалымызды ұсынып көрмекпіз.

«Малдас» сөзімен дыбыстық құрамы жағынан ұқсас сөзді тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден кездестіреміз. Эвенкілерде — мокойи, негидаль тілінде — моокласин, ульчтерде — моқйлан, орокша — моңилатчи, маньчжур тілінде — мосэла қалпында дыбысталатын сөздердің қай-қайсысы да — аяқты айқастыра жиыстырып астыға баса отыру деген мағыналарда қолданылады (ССТМЯ, I, 1975, 543). Осы тұлғалардың кез келгенін, біз әңгімелеп отырған сөз тіркесінің алғашқы сыңарымен сәйкестіруге әбден болады. Әсіресе, «малдас» сөзіне негидаль тіліндегі «моокласын» өте жуық келеді. Бір-біріне үндес осы сөздердің алғашқы мағынасы «аяқты



айқастыра астыға басу» деген мағынада қолданғандығын ажырату енді қиын емес сияқты.

Келесі жорамал — «малдас құру» тіркесінің екінші сыңары «құру» туралы. Мұның алғашқы дыбыстық құрамы мүлде басқаша әрі мағынасы да «құру» сөзінің қазіргісінен алшақ болған демекпіз. Оның алғашқы тұлғасы мен мағынасын монғол тобындағы тілдерден табамыз. Монғолдарда — суух (Қаз.-мон. сөз., 1977, 237), қалмақ тілінде — суух (Рус.-кал. сл., 1964, 642, 643) дыбыстық тұлғалар біздің тіліміздегі «отыру» мағынасында қолданылады. Осы тілдердің ықпалын түркі тілдерінің ішінде башқұрттардан табамыз: сүкәйеу — отыру (Баш.-рус. сл., 1958, 486).

Сырт көзге, бұл топшылауымыз оғаш көрінсе де, тіл туыстығы, олардың ішіндегі заңдылықтар теріске шығара қоймайды. Өйткені түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер туыстық жағынан бір семьяға кіргізіліп жүр. Осыны еске ұстай отырып, «малдас құру» тұрақты тіркесінің алғашқы құрамы «моокласин суух» немесе осыған сәйкес болуы мүмкін де, мезгіл өткен сайын талай өзгеріске түсіп, қазақтардың ауызекі қолданысында «малда соқыну», «молдасын соқыну», «молдас оқыну» дәрежелеріне жетіп, ал мағынасы көп өзгеріске ұшырамай — «аяғын айқастыра отыру» қалпын сақтағандығы байқалады. Ал қазіргі «малдас құру» дегеніміз, жоғарыда көрсеткеніміздей, күштеп өзгертуден пайда болған кейінгі нәтиже.

**Мөлдір.** Бұл сөзді естісек, есімізге «тұнық, таза (су)» ұғымы түседі. «*Мөлдір* бұлақтан су ішудің өзі — бір ғанибет» (І. Омаров, Шабыт.).

Қырғыз тілінде дәл осы мағынада «мөлтүр» болып дыбысталады. Сөздің алғашқы түбірі «мөл» болғандығын да қырғыз тілі дерегінен байқаймыз. Мұнда «тұнық, таза» мағыналарын -түр қосымшасынсыз-ақ, «мөл»-дің қара басы бере алатыны былай тұрсын, «адал», «сұлу» іспеттес ауыспалы мағыналарды да меншіктенеді (К. Юд., КРС., 1965, 534). Ал қазақ тілінде бұл жоқ.

Монғол тобындағы тілдерді айтпағанда, түркі тілдерінің кейбіреуінде дәл осы тұлғаға өте сәйкес сөздердің екінші мағынасы ұшырасады: қырғызша — мөндүр (аталған сөздік, 534), хакас тілінде — миндір (Хак.-рус. сл., 1953, 107), ұйғырша — мөлдүр (Уйғ.-рус. сл., 1961, 131) сөздері біздегі «бұршақ (жауын-шашын түрі) мағынасына нұсқайды.

Монғолша — мөндөр (Мон.-қаз. сөз., 1954, 113), қалмақша — мөндр (Рус.-кал. сл., 1964, 122) сөздері де аспаннан жауатын «бұршақ» мағынасында қолданылады. Монғол тобындағы тілдерге түркі тілдерінен ауысуы ықтимал. Өйткені тазалық пен тұнық мағынасын білдіретін сөз түбірі — «мөл» түркі тілдері ішінен (қырғыз тілінен) табылуы осыған жетектейді. Әрине, кесіп-пішіп айту қиын. Аспаннан жауған бұршақтың да өте тазалығын теріске шығару қиын. Жердегі судың тазалығын бұршақ тазалығына теңеу арқылы да қазақ тіліндегі «мөлдір» сөзінің пайда болуы мүмкін. Алғашқы кездерде монғол, түркі тілдеріне ортақ болып, кейін әрқайсысы өзінше мағына беру де болмайтын құбылыс емес.

**Мөлию.** Көзін сатып, жалынышпен телміру сияқты қалыпты осы сөзбен де ұғындырамыз. «Жамал болса, мөлиіп саған қарайды» (Т. Жанкелдин, Сын.).

Қырғыз тілінде мөлүй — жалына, кешірім сұрай қарау (К. Юд., КРС., 1985, 534) мағынасында айтылады. Қазақ тіліндегі мағынамен бірдей.

«Мөлию» сөзінің шыққан тегі монғол тілі екенін дәлелдейтін дерек мынадай. Монғолша «мэлмий» тұлғасы біздегі «көз» мағынасында қолданылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 115). Сөз түбірі «мелмий» болса, монғол тілінде осы түбірден өрбіген «мэлрэх» (қазақша — көзін сату), «мэлийх» (көзі жаудырау) сияқты туынды сөздерді де кездестіреміз (Қаз.-мон. сөз., 1977, 118, 155). Дәл осы соңғы сөздердің негізінде қазақ тіліндегі «мөлию» етістігі пайда болған. Демек, қазақ, қырғыз тілдеріне монғол тілінен ауысқан.

**Мұқаба.** Қазіргі кезде кітап, дәптерлердің сыртындағы қалың қабын, тысын осылай атап жүрміз. «Балзия кітаптың мұқабасын айналдырып, ... бір ән тексін ішінен оқыды» (С. Омаров, Өмір.).

Сөз төркінін араб, парсы тілдерінен табамыз. Арабтарда «мұхабба» тұлғасындағы сөз біздің түсінігіміздегі «тығылған», «жасырынған» ұғымын береді. Араб тіліндегі бұл сөздің түбірі «хабба» — жасыру, тығу мағынасында қолданылады (Араб.-рус. сл., 1970, 262). Осы түбірге араб тілінде сөз алды қосымшасы (префикс) -му қосылу нәтижесінде «мұхабба» туынды тұлға пайда болған. Ойға салсақ, кітаптың ішкі беттерін сақтап, бүлінуден жасыратын осы сыртқы тысы екені де рас.

Кейде «мұқаба» сөзін парсы тілінен ауысып келген дерлік те дерек жоқ емес. Онда «моғэвва» сөзі біздің

түсінігіміздегі қалың қатырма қағаз (картон) мағынасында қолданылады. Қітап тысының көбіне осындай қағаздан жасалатынын ескерсек, онда «мұкаба» сөзінің тегі парсы тілі десек те қателеспейміз. Осы екі тілдің бірінен ауысып келгені күмән тудырмайды.

**Мұрын.** Адамда, жануарларда болатын иіс сезу мүшесіне тілімізде осындай ат берілген. «— Сен бармысын дегім келіп тұрдым да, Қоя қойдым қарадым да *мұрнына*» (Ғ. Қайырбеков, Большевик.).

«Мұрын» сөзінің алғашқы мағынасы мен тұңғыш тұлғасын түркі тілдерінің өзінен-ақ іздеп табамыз.

Қырғыз тілінде «мурун» сөзінің екінші мағынасы — «бұрын» дегенді ұғындырса (К. Юд., КРС, 1965, 539), тува тілінің дерегі айтқалы отырған ойымызды анықтай түседі. Туваларда «алда», «алдыңғы жақта» сияқты мағыналарды — мурнунда, мурнунга сөздері ұғындырады, ал бір заттың алдыңғы бөлігін түсіндіру үшін «мурну» тұлғасы қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 86, 309). Мұның өзі «мұрын» өз атауын орналасқан орнына қарай меншіктенген деген жорамалға тірейді. Шын мәнісінде де, адам мен жануарлар денесінің алдыңғы жағында орналасқан мүше тек мұрын ғана, одан озық орналасқан басқа мүшені айта қою қиын.

**Мүдіру.** Тілімізде кейде бұл сөз — тоқтау, бөгелу, кідіру немесе сөзден тосылу сияқты ауыспалы мағынада қолданылады. «Жасырынған жау кім?— деген сұраққа *мүдіріп*, жауап таба алмады» (К. Тоқаев, Көмескі.).

Басқа түркі тілдерінде бұл сөз өзінің алғашқы мағынасында ғана қолданылады: қырғызша — мүдүрүл (К. Юд., КРС., 1965, 542), якут тілінде — мүдүрүй (Э. Пек., СЯЯ, II, 1645) тұлғалы сөздер біздегі «сүріну» мағынасында қолданылады. Осыған сәйкес қалмақ тіліндегі «бүдрх» (Рус.-кал. сл., 1964, 678), монғолдардағы «бүдрэх» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 283) сияқты сөздер де қазақ тіліндегі «сүріну» мағынасының орнына жұмсалады.

**Мүлік.** Қазіргі түсінігімізде — ірілі-уақты дүние, бұйым, жиһаз деп ұғынамыз. «Алмаймын *мүлкіңнен*, Қойсаң да сен жайып, Өйткені күлкіңнен, Қайтамын мен байып» (Ө. Нұрғалиев, Нөсер.).

Түркі тілдеріне, қала берді қазақ тіліне араб, парсы тілдерінен ауысып, мағынасы бізде — мал, дүние қалпына айналған. Ал аталған тілдердегі мағынасы өзгеше. Арабтарда мүләк — меншік, иелік (Араб.-рус. сл., II,

1970, 977), парсы тілінде мәлкі — жеке меншік (Пер.-рус. сл., II, 1983, 557). Осы сөзден, әсіресе, араб тілінде «иеленуші, билеуші, жеке меншік иесі» деген мағыналарды беретін «мәлік» сөзі пайда болған. Бұл сөз қазақ тілінде адамға есім болып қойылады.

**Мүсәпір.** Бүгінгі күнде қазақтар қолданып жүрген мағынасы — жоқшылық зардабын көп тартқан, бейшара, қарып-қасер, сорлы; қайыршы. «...*мүсәпір* шалдың алдына аударып салып, жүріп кетеді» (А. Жұбанов, Замана.).

Сөздің шыққан тегі араб тілі мусафыр — 1) саяқатшы; 2) жолаушы; 3) қонақ. Араб тілінің өзінде бұл оның алғашқы мағынасы емес. Бұл жерде сөздің мағынасымен бірге дыбыстық құрамына да өзгеріс кірген. Сөз түбірі «сафар» (жол, жорық, саяқат мағыналарында қолданылады). Осы түбірдің алдына сол тілге тән -мү қосымшасы (префикс) қосылып, «мүсәпір» туынды сөзі пайда болған (Араб.-рус. сл., I, 1970, 451—452). Қазіргі тілімізде «сафар» сөзі «сапар» қалпында дыбысталып «жол, жолға шығу» мағыналарында да, адам аты қалпында да қолданылатынын білеміз. Сөйтіп, тілімізде «мүсәпір» сөзінің шамадан тыс мағына өзгерісіне түскендігі байқалады.

**Мырғайға бату.** Бұл сөз тіркесінің мағынасы — қарық болды, кенелді сияқты ұғымдарға нұсқайды. «...егер Жарыпшыққанға да қызыл балықтар ұрық салар болса, қандай *мырғамға* батар едім...» (Ғ. Сланов, Дөң асқан).

Түсіндірме сөздікте «мырғай», жазушылар шығармасынан алынған мысалда «мырғам» тұлғаларында кездесуіне таңырқауға да болмайды. Тіпті орфографиялық сөздікте бұл тұлғалас сөз кездеспейді де. Мұның да өзіндік себептері жоқ емес. Ол себеп — сөздің ежелден қазақ тіліне меншікті болмай, басқа тілден ауысып келуімен байланысты.

Сөздің арғы тегі — араб тілі. Онда дәл осымен сәйкес «марехи» тұлғалы сөз біздегі «бәлі, жарайсың» деген сияқты одағай орнына айтылады. Бірақ бұл сол тілдің өзінде туынды тұлға мен ауыспалы мағына. Шын мәнісінде, сөздің алғашқы түбірі — «марах», ал мағынасы — қуаныш, шаттық, көңіл тасу (Араб.-рус. сл., II, 1970, 956). Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген «мереке» сөзінің өзі де арабтың осы сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі болмақ.

**Мыту.** Тілімізде бұл тұлғаның «мытқу», «мытыңқы»

рау» іспеттес түрлері де кездеседі. Түсіндірме сөздікте «мытқытып жіберу» деген тіркеске — қатты қысып жіберу, батыра ұстау мағыналарын жағыстырады. «Оны *мытыңқырап* қысып жібердім де, жерге атып ұрдым» (М. Танекеев, Қажымұқан.).

Қазіргі біз қолданып жүрген мағына, қалай болғанда да, қазақ тіліне ауысқаннан кейін пайда болған. Сөздің алғашқы төркіні — иран (парсы) тілі: мошт — жұдырық. Осы тілден қырғыз тіліне ауысқанда тұлғасы «муш», өзбектерде «мушт» болып өзгерген де мағынасы «жұдырық» қалпында қала берген (К. Юд., ҚРС., 1965, 541; Уз.-рус. сл., 1959, 275). Қазақ тілі өз заңдылығына сәйкестіріп «мыт» дыбыстық құрамына дейін өзгерткен. Жалпы түркі тілдерінде «ш» мен «т» дыбыстарының бірінің орнына бірі жұмсалуы жиі құбылыс. Мысалы, біздің тіліміздегі «қашыр» сөзі кейбір түркі тілдерінде «қатыр» (құмықша) болып дыбысталады. Мұны былай қойғанда, парсы тобына жататын сарыкөл тілінде «мыт» болып тұлғаланып, «жұдырық» мағынасын беретіндігін көреміз (Т. Пах., Сарык.-рус. сл., 1971, 106).

Осы деректерді жинастыра келіп, қорыта айтқанда, алғашқы мағынасы «жұдырық» болған. Осыған сәйкес «мыту» дегеніміз «жұдырықтау», ал «мытып немесе мытқытып жіберу» сөз тіркесі — жұдырықтап жіберу дегенді түсіндіреді.

**Мінгесу.** Қөлікке, дәлірек айтқанда, атқа, түйеге бірі алдына, бірі артына отырып екі адамның орналасуын тілімізде «мінгесу» етістігі арқылы түсіндіріледі. «Бір атқа *мінгевкен* екі адам ауыл алдындағы жылға тасасына түсті» (Ә. Көшімов, Қысталаң.).

Сырт қараған адамға «мінгес» сөзінің түбірі «мін» ал «гес» жұрнақ болып көрінеді. Сөздің түбірі «мін» екені рас. Бірақ бұл түбірдің алғашқы мағынасы қазіргі ұғымдағыдай емес, басқаша, анық айтсақ «көтерілу, шығу» мағыналарын бергендігін ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен білеміз (ДТС., 344). «Көтерілу» мағынасы осы кездегі алтай, телеуіт, ұйғыр тілдерінде сақталғандығын В. В. Радлов сөздігінен оқимыз (В. Рад. Опыт..., IV, 2, 2152). Бұл деректер арқылы «мін» сөзінің алғашқы мағынасын аша алдық.

Сөздің екінші құрамы -гес — біз ойлағандай сөзден сөз тудыратын қосымша еместігін де ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің жәрдемі арқылы анықтай аламыз. М. Қашқари сөздігінде «кечік» тұлғалы сөздің мағына-

сы — «бір атқа екі адамды отырғызу» деп түсіндіріледі де, жақша ішінде «аттың сауыры» делініп, тұсына сұрақ белгісі қойылған (ДТС., 291). Бұдан байқайтынымыз, ерте кездің өзінде «мін» түбір сөзсіз-ақ «кечік» сөзі жеке тұрып та қазіргі кездегі «мінгес»-тің беретін мағынасын ұғындыра алғанын аңғарамыз. Кейін келе «мін» мен «кечік» сөзі біріге отырып «мінгес» тұлғасына дейін өзгерген. Оның өзгеріс жолы: мін+кечік>мінкечік>мінкеч>мінгес. Бұл жерде сөз соңындағы «к» дыбысының түсірілуі мен біріккен кезде екінші сөздің басындағы «к»-ның «г»-ге айналуы да түркі тілдеріндегі дыбыс өзгерісі заңдылықтарына қайшы келмейді (мыс., өзбектерде — сарық, бізде — сары, ал екінші мысалға «бүгін» сөзінің бұл+күн сөздері қосындысы екенін еске салсақ та жеткілікті). «Кечік» сөзінің тұңғыш мағынасы нені білдірген деген сұрақты, бар мүмкіншілігімізше, ашық қалдырмау да қажет. Алайда, қолдағы тілдік деректердің тек жорамалға ғана күші жетерліктей. Мұнда біз, жоғарыда жазған, «аттың сауыры» деген күмәнді тіркесті тілге тиек етпекпіз. Түркі тілдері ішінде көне саналатын якуттарда «арқа» (спина) мағынасы «көғүс» тұлғалы сөзбен беріледі (Як.-рус. сл., 1972, 176). Осының өзі ертедегі түркі тілдерінде «ат сауырын» білдіретін «кечік» сөзімен тұлғалас. Айырма — тек дыбыстардың орын алмастыруында (метатеза) ғана сияқты. Сөйтіп «кечік»-тің ертеректе «арқа» мағынасын берерлік те қасиеті болған тәрізді. Түркі тілдерінде «арқа» мағынасын берерлік басқа да сөздердің бар екендігіне тілімізде ұшырасатын «мінгесу» етістігімен мағыналас «мінгесіп-ұшқасу» қос сөзі арқылы да дәлелдеу қиынға соқпайды.

«Мінгесіп-ұшқасу» да екі адамның бір көлік үстіне жайғасуын түсіндіреді. «Мінудің» мағынасы белгілі, ал «ұшқасу» сөзінің мағынасын да түркі тілдерінен табамыз. Оның алғашқы тұлғасы «ұша» болғандығын өз тілімізден де білеміз. Түсіндірме сөздігімізде ол туралы түсінік берілген (9-том, 505). Ал, Алтай төңірегіндегі кейбір түркі тілдерінде, дәлірек айтсақ хакастарда, «уча» біздегі «арқа» мағынасына мезгейді (Хак.-рус. сл., 1953, 252). Осыны еске ала келгенде, «мінгесіп-ұшқасудың» алғашқы мағынасы — «арқаға көтерілу» екен. Демек, бір аттың арқасына екі адамның мінуі. Әрине, алғашқы зат есім «уча»-ның етістікке айналғанын да ескерген жөн.

**Мінеу.** Бұл сөздің де ежелгі мағынасы өзгеріп, қазір «біреудің кемшілігін көрсету, сынау...» сияқты түсінік иеленген. «... әр оқушының өзімізше кемшілігін тауып, *мінеп* жатырмыз» (Ә. Нұршайықов, Махабб.).

**М.** Қашқари сөздігінде «мүне» дыбыстық құрамдағы сөз «кесу, қырку, кесіп қысқарту» сияқты мағыналарда қолданылған (ДТС., 353).

Осы етістік кейін келе қазақ тілінде адам мінезі мен іс-әрекетіндегі артық, көрер көзге әбес жағдайларын сөз арқылы әшкере, ашып айтып, жоюға ниеттену қалпын білдірерлік мағынаға ауысқан. Дәл айтсақ, нақтылы қимылды білдіретін сөз дерексіз (абстракт) ұғымды білдіруге көшкен.

**Мір, мірдің оғындай.** Тұрақты тіркестің қазіргі мағынасы — жанға қатты бататын, адам өңменінен өтетін зәрлі сөз. «Біреудің шын мүсіркегені маған *мірдің оғындай* тиеді» («Лениншіл жас» газеті.).

Бізге тіркестің екінші сыңары «оғындай» сөзінің түбірін (оқ) талдау қажеттігі жоқ. Мағына жағынан күңгірт тартып, түсініксіздік тудыратыны бірінші сыңар — «мір». Кейде бұл түбір -дей жұрнағын қосып алып, «мір-дей» қалпында жеке де қолданыла береді.

Айта кетерлік жағдай, Н. Оңдасынов пен Е. Бекмухаметов өздерінің қазақ тіліне енген араб, парсы сөздері туралы жазған кітаптарында «мір» сөзін арабтың «әмир» (әкім, бастық мағынасындағы) деген тұлғасынан қысқарған деп санап (258, 124-беттер), оған «оғындай» сөзін тіркестіре отырып, көркем әдебиеттен мысалдар келтірген. Шынын айтсақ, мұның өзі шындыққа жанаспайтын жорамал. Әмірдің оғы ғана адам жанын жара лап, басқаның атқан оғы дарымауы — сенімге симастық жайт.

Ойға салсақ, бұл екі сөз (мір мен оқ) мағыналас, әрі кетсе, осы жағынан бірімен-бірі байланысты. Оны тілдік деректермен анықтай түсуге болады. Өте ерте кезде адам баласына тағы хайуандарды аулау үшін құрал қажет болды. Ол кездерде мұндай құрал қызметін жай ғана таяқ атқарған. Таяқ жақындағы аңды ұруға, алыстағыны атуға арналған. Кейбір түркі тілдерінде осындай қарапайым құрал мен оны қолдану әдісіне берілген атау бүгінгі күнге дейін сақталған. Мысалы, хакас тілінде «миргеле» тұлғасы «лақтыру» дегенді білдірсе (Хак.-рус. сл., 1953, 108), ал туваларда «мирге» таяқ мағынасында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 368).



Тофа тілінде де «таяқ» мағынасын «мерше» аңғарта, алтай тілінде «мергеде» — лақтыру дегенді ұғындырады (В. Рас., ФЛТЯ., 1971, 207). «Таяқ» мағынасындағы көптеген «мирге» басқа түркі тілдерінде, соның ішінде, қазақ тілінде «оқ» сөзін меншіктенген. Біздің болжамымыз тунгус-маньчжур тілдерінің кейбір деректерімен анықтала түседі. Эвендерде «миир» — садақ оғы дегенге мезгесе, ал нанай тілінде «морали» деп «садақты» айтады (ССТМЯ, I, 1975, 537).

Осыларға қарағанда, ерте заманда қазақтарда да «садақ» мағынасын «мір» сөзі бере алған. Уақыт өтіп, қоғам дамуымен қоса тіл байлығының өсуі нәтижесінде «мір» атауы «садақ» немесе «мылтық» сияқты сөздермен алмастырылған. Алайда, алғашқы атау «мір» осы кезге дейін тіліміздегі тұрақты сөз тіркесінде сақталғандығының куәсі болып отырмыз. Сөйтіп, «тілі мірдің оғындай» дегеніміз қазіргі түсінік бойынша, «тілі садақ оғындай» сияқты мағынамен бірдей.

Ескерте кетер бір жағдай — сөйлегенімізде «мір» сөзінің тілмен қосақтала айтылатын (тілмар) басқа да дыбыстық түрі кездеседі. Бірақ мұндағы «мар» тұлғасын «мір» сөзімен сәйкестендіруге болмайды.

## Н

**Назар, назар салмау.** Қазақ тіліндегі мағынасы — көңіл аудармау, зейін қоймау. «Сәулетай... ешкімге *назар салмастан*,... бұлардың дәл қасынан өте берді» (С. Мұратбеков, Дос іздеп.).

Сөздің шыққан тегі, төркіні — араб тілі: нәзәр — көз. Осы сөздің негізінде пайда болған оларда «қарау, көру, бақылау» сияқты туынды мағыналары да бар (Араб.-рус. сл., II, 1970, 1032, 1033). «Назар салмау» тіркесінің нағыз қазақ тіліндегі сөзбе-сөз аудармасы — көз салмау болмақ.

**Найзағай, нажағай.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — жауын-шашын кезінде... ауада пайда болатын күшті жарқыл; жай.-«Қаражарға *найзағай* түскен, өрт содан... — деді» (З. Шашкин, Сенім.).

Кейбір авторлардың еңбегінде «найзағай» тұлғасы парсы сөзі мен қазақ тіліндегі қосымша арқылы (нәйзә+ғай) пайда болғандығы көрсетіледі де, сөз түбірін ұрыста қолданылатын қару түрі «найза»-ға әкеп тірейді (Н. Оң., ПҚТС., 1974, 272). «Найза» сөзі парсы тіліне

тән болуы мүмкін. Бірақ «найзағай» тұлғасының одан туындауы күмән келтіреді.

«Найзағай» сөзінің түп төркіні түркі тілдерінен, қала берді, монғол тілі деуге мына сияқты тілдік деректер жетектейді. Якут тілінде «қатты күркіреу» мағынасын «нъиргий» (Як.-рус. сл., 1972, 260) тұлғасы берсе, хакас тілінде бұл мағынадағы сөз «нызыра» немесе «нызыр-ға» қалпында көрінеді (Хак.-рус. сл., 1953, 119). Осылардың ішінде, әсіресе, якут тіліндегі «нъиргий»-дің қазақ тілінде «найзағай» тұлғасына дейін өзгеруі әбден мүмкін. Мұнда тек «р» мен «з» дыбыс сәйкестіктерін еске алсақ болғаны.

Әрі кетсе, монғол тіліне апарып телуге де дерек табылғандай. Монғол тілінде: ноцоох — жандыру, жану мағыналарында қолданылады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 113).

Ауа райында болатын бұл құбылыстың жерге түскенде жандыру, күйдіру қасиеттерін ескерсек, сол әрекетіне сәйкес қазақ тілінде «нацоох» тұлғасы «найзағай» дыбыстық құрамына дейін өзгерген деуге де болады. Қорыта айтқанда, «найзағай» сөзінің негізі, жоғарыда көрсетілген, якут, хакас тілдерінен, әрірек сілтесек, монғол тілінен шыққан сияқты.

**Намаз.** Сөз түсінігі — мұсылмандардың аллаға бағыштап, күніне 5 рет дұға оқып өтейтін құлшылығы. «Мұсылмандар күніне бес рет намаз оқуға тиіс» (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

Әдетте, сөздің алғашқы шыққан төркіні парсы тілі деп танылып жүр. Оның «нәмаз» тұлғасы мен беретін мағынасы (дәл қазақ тіліндегідей) парсы тілінде де кездесетіні рас (Пер.-рус. сл., II, 1983, 663). Кейбір түркі тілдеріне парсылардан ауысуын да теріс деуге болмайды.

Түптеп келгенде, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде сөздің алғашқы тегі санскриттен (ескі индустардың әдеби тілінен) екендігі анықталады. Санскритте нама — тізе бұғу, еңкею, пілу (ДТС, 355). «Намо» түбіріне парсы тілінде «з» дыбысы қосылып, бас ню, құлшылық, құрмет ету мағынасына дейін өзгерген.

**Нарттай.** Сөздікте бұл сөз мағынасы — қып-қызыл боп қызарған, албыраған. «Баламның беті нарттай болып... балбырап жатты» (С. Жүнісов, Құстар.).

Қазақ тілінде сөз түбірі — «нарт» жеке қолданылмайды. Дыбыс құрамы жағынан бұған сәйкес сөз мон-

ғол тобындағы тілдерде кездеседі. Монғолша нар — күн (Мон.-қаз. сөз., 1953, 118), қалмақтарда бұл мағынадағы сөз «нарн» (Рус.-қал. сл., 1964, 668) қалпында айтылады. Біздің байқауымызша, қалмақ тіліндегі «нарта» (мағынасы — бұлтсыз ашық күн) сөзі қазақтарға ауысып, олар сөз түбірі «нарт» деп ұғынып, өздеріне тән-тай жұрнағын қосу арқылы «нарттай» сөзін тудырып, «қып-қызыл» мағынасында қолдануды дағдыға айналдырған. «Екі беті нарттай» тіркесінің сөзбе-сөз түсінігі — «екі беті ашық күндей».

**Нөсер.** Қазіргі түсінігімізде — шелектеп құятын өткінші жаңбыр. «Шелектеп құйғандай нөсер сабалап тұрды» (Ә. Шәріпов, Алыс жаға.).

Сөз төркіні тек монғол тілі деп шамалауға болады, «нүсэр» тұлғалы сөз монғолдарда «қиын, ауыр» мағыналарында кездеседі (Қаз.-мон. сөз., 1977, 184; Мон.-қаз. сөз., 1953, 124). Осы сөздіктерге қарағанда, «нүсэр» сөзі монғолдардың өзінде сирек қолданылатын тәрізді. Өйткені, келтірілген мысалдарда «нүсэр» сөзінің орнына, оның синонимі «хүнд» жиі тіркеседі. Осыған қарағанда, ескі сөз бе деген ойға қаласын. Жауған жаңбыр сипаты — «нүсэр» сөзін анықтауыш ретінде қолдануға керек көрінбейді. Өйткені жаңбырдың күштілігі қиындыққа ұшырататыны да белгілі. Осы себептенде алғаш «нөсер жаңбыр» (қиын жаңбыр мағынасында) тіркесі пайда болып, кейінгі кездерде «нөсер» жеке тұрып та жауынның күштілігін аңғартарлық дағдыға айналуы мүмкін.

## О

**Обыр.** Біздің ұғымымызда — көзі тоймайтын, ашқарақ, жебір, қомағай. «Өскен, жетілген обыр балапанды асырау оңайға соқпады» (Д. Қасенов, Жаза).

Қазақ тілінен басқа түркі тілдері ішінен бұл тұлғалас әрі мағынасы сәйкес сөзді қырғыздардан ғана ұшыраттық («обур») (К. Юд., КРС., 1965, 559). Тіпті монғол тобындағы тілдерде де мұндай мағына басқа дыбыс құрамында айтылады.

Осыларға қарағанда, сөздің төркіні қазақ тіліне тән болар деген ойдамыз. Ойымызды төмендегі деректер қоспайтын тәрізді. Біріншіден, «обыр» сөзінің түбірі өзімізге аян «обу» етістігі. Ал мұның мағынасы түк қалдырмай жалмап жеп, жұтып қою екендігі бәрімізге бесене-

ден белгілі. Қырғыз сөздігін құрастырушы — Қ. К. Юдахиннің көрсетуінше, «обур» сөзі Қырғызстанның тек солтүстік тұрғындары тілінде қолданылады. Демек, ондағы қырғыздарға шекаралас, көрші отырған қазақтардан ауысқан, бұл — екінші. Етістік түбіріне -быр, -ыр жұрнақтары қосылып, зат есім тудыратын заңдылықтарды, бұл жерде, айтып жату артық.

Бір таңданарлық жайт — парсы тілінде «оубар» тұлғалы сөздің «жеп қою, жұтып қою» мағыналарын меншіктенуі (Пер.-рус. сл., I, 1983, 140). Бірақ сөздікте осы сөздің тұсына парсы тілінде сирек қолданылатындығы айтылған. Осының өзі де бұл сөздің парсыларға басқа тілден, әсіресе, түркі тілдерінің бірінен ауысқандығына кепіл болмақ.

**Ойқастау.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — бір жерде тұрмай ойнақшу, орағыту. «Тор құлын енесінің о жақ-бұ жағына *ойқастап* шыға берді» (Б. Дәулетбаев, Парыз.).

Біздің тілімізде, сондай-ақ қырғыз тілінде бұл тұлғалас сөз тек етістік түрінде қолданылады. Қырғыздарда «ойкушта» сөзінің мағынасы қазақ тіліндегімен сәйкес (Қ. Юд., КРС., 1965, 561).

«Ойқастау» етістігінің төркіні тек түркі тілдері екендігі күмәнсіз. Оның алғашқы мағынасы тіпті басқаша болғандығын якут тілінің дерегі анықтап береді. ХІХ ғасырдың аяқ кезінде Э. Қ. Пекарский түзген якут тілінің сөздігінде «ойоғос» тұлғасы «бүйір, жаны» сияқты мағыналарға нұсқаса, «ойоғоло» — бүйірлей, жанында жүріп отыру түсінігіне нұсқайды (Э. Пек., СЯЯ, II, 1959, 1802). Қазіргі кездегі сөздіктен де «ойоғос» сөзінің 1) бүйір (адамның, жануарлардың); 2) бүйір жақ мағыналарын оқимыз (Як.-рус. сл., 1972, 267), ал «ойоғолоо» болса, «қатар, жанында жүріп отыру» түсінігін береді.

Ерте кездерде қазақ тілінде де «ойоғос» тұлғалас әрі мағыналас сөз болғандығын қазіргі тіліміздегі «ойқастау» етістігі еске салып отыр. Бірақ бізге оның алғашқы заттық мағынасы сақталмай, етістік қалпы жеткен. Оның өзінде де алғашқы — бүйірлес, жанында жүру сияқты мағынасы ұмытылып, кейін пайда болған ұғымды меншіктенген. Якут тіліндегі «ойоғос» -тың біздің тілімізде «ойқас» болып, оған етістік тудыратын жұрнақ -та-ның қосылуы таңдандырмаса керек.

**Оқтау.** Қамыр жаятын ұзынша жұмыр ағашты қазір

осылай атаймыз. «...бұлардың келгенін аңғармаса керек, қолына оқтау, пышақ ұстап, бейқам жүр» (К. Жұмаділов, Соңғы.).

Үй тұрмысына жарататын бұл зат атауы түрікменше — оклав (Рус.-туркм. сл., 1956, 698), қырғызша — октов (К. Юд., КРС., 1965, 564) дыбыстық құрамда қалыптасқан.

Түркі тілдеріндегі бұл құрал өз атауын сыртқы пішініне қарай меншіктенгендігі ертедегі тіл деректерінен анықталады. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген «дөңгелек, жұмыр» сияқты сын есімдер ертедегі түркі тілдері ескерткіштерінде «оқлағу» болып аталған (ДТС., 369). Біздің қамыр жаятын құралымыз әрегіректе «оқлағу таяқ» немесе «оқлағу ағаш» аталып, кейін «таяқ, ағаш» сөздері түсіріліп, «оқтағу», одан әрі қазақ тілінде «оқтау» болып қалыптасқандығы байқалады. Тілімізде «оқтау» сөзі басқа бір реттерде де айтылады. Әсіресе, жылқы малының жақсы жарағанын немесе күйлілігін білдіруде «оқтаудай» сын есімі айтылады. Мұның «жұмыр», «жүп-жұмыр» дегенді ұғындыратынын білмейтіндер кемде-кем.

**Орай.** Адам басындағы шаштың үйіріле тік өсуінен болатын белгі қазақ тілінде осылай аталады. «Шүйденнің екі орайы бар екен, екі қатын аласың,— деуші еді шешем...» (Ауызекі тіл).

«Орай» сөзі түркі тілдерінің бірқатарында ұшырасады да, мағыналары да бірінен-бірі алыс кетпейді. Барабин татарларында орай — тік тұру (В. Рад., Опыт..., I, 2, 1049); якут тілінде орой — 1) төбе, бастың төбесі (Як.-рус. сл., 1972, 277); алтайша: өрө — бастың төбесі (Н. Бас. Алтайский язык, М., 1958, 41).

Қазіргі монғол тілінде «орой» тұлғасы бір нәрсенің «ұшы, басы, шыңы (таудың)» мағыналарында қолданылса (Мон.-қаз. сөз., 1954, 131), ертедегі монғолдарда «орай» — адам басының төбесін ұғындырған (Э. Пек., СЯЯ, II, 1959, 1868). Осыған қарағанда, сөздің шыққан төркіні — түркі, монғол тобындағы тілдер де, ал алғашқы мағынасы — адам басының төбесін білдірген деуге тура келеді.

**Орған, орған қол.** Бес саусақтың ортасындағысы, үшіншісі. «Мынау-мынау орған қол, Кішілерге қамқор қол. Төртеуінің ағасы, Білектің үлкен баласы» («Балдырған»).

Төркінін іздеп әуре болмай-ақ, мұның «орған қол»

аталынуы өзінен-өзі белгілі емес пе деушілерге қарсы дау айту да қиын. Былай қарағанда бұл атауды алған саусақ қалғандарының дәл ортасында орналасқан. Осының өзі де оның «ортан қол» аталуына жеткілікті себеп. Алайда, сөз төркінін, тіл деректеріне сүйене отырып, басқаша іздестіру орынды көрінді.

Түркі тілдерімен туыстас саналатын монғол тілінде «урт» сөзі біздегі «ұзын» мағынасын береді де, «уртын» болса, «ұзындық» ұғымын меншіктенеді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 218; Қаз.-мон. сөз., 1977, 327). Өте ертеректе түркі тілдерінде де «ұзын» мағынасын «урт» не «уртын» тұлғалас сөздер беруі мүмкін. Олай деуіміздің себебі қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде, дыбыстар сәйкестігіне бйланысты, сәл өзгеше дыбысталуы да кездесіп қалып отырады. Туваларда «үр», якут тілінде «усун» сөздері мағына жағынан біздегі «ұзынмен» барабар (Рус.-тув. сл., 1980, 136; Рус.-як. сл., 1968, 136). Тіпті монғол тобындағы қалмақ тілінде дыбыстық жағынан сәл өзгеріс байқалады: ут — ұзын (Рус.-кал. сл., 1964, 140). Осыларды салыстыра келгенде, біздегі «ұзын» сөзінің өзі «урт» (монғолдардағы), «үр» (тувалардағы) тұлғаларының өзгеше түрі болуы ықтимал (салыстырыңыз: көр ~ көз). Демек, «р» мен «з» дыбыстарының сәйкес келуі заңды құбылыс. Сөйтіп, біздің топшылауымызша, «ортан қол» дегеніміз мағынасы жағынан «ұзын қол» дегенмен бірдей.

**Осу, осып жіберу.** Түсіндірме сөздікте — қамшы, шыбық сияқтылармен бірдемені тартып жіберу; салып қалу; тіліп түсу сияқты мағыналар беретіндігі айтылған. «...оның қылыш *осқан*... бетінен... жас сорғалады» (Д. Досжанов, Тұлпар.).

Қазіргі кезде, жоғарыда көрсеткендей, қолға ұстайтын белгілі бір қарудың жәрдемімен ұрып-соғуды ғана түсінеміз. Мысалы, «қамшымен осып-осып жіберді» деген сөйлемді естісек, қамшымен сабағандықты ұғынамыз. Бізге «осу» етістігінің түбірінің төркіні, алғашқы кезде нендей мағына білдіргені беймәлім. Ойлап отырсақ, қамшысыз, шыбықсыз және т. б. құралдардың көмегінсіз-ақ «осу» іс-әрекетін жүзеге асыруға да болады. Оны іске асырарлық құрал адамның не жануарлардың өз бойынан да табылады. Кейде «тырнағымен осып жіберді» сияқты сөздерді де құлақ шалатыны бар. Осыған қарап, «осу» етістігі тырнақпен байланысты тумады ма екен деген ой түседі. Әрине, «тырнақ» мағынасын берер-

лік мұндай тұлға түркі, монғол, араб, парсы тілдерінде кездеспесе де, түркі, монғол тілдерімен бірге алтай тобын құратын тунгус-маньчжур тілдерінен «осу» етістігіне төркін боларлық тұлғалар жиі ұшырасады. Эвенкі тілінде «осии» тұлғасы «тырнау, қасу» мағыналарын берсе, маньчжур тілінде «осиқа», «ошохо» сөздері «құстың, аңның тырнағы» мағыналарында жиі қолданылады. Осы топтағы солон, эвен, негидал т. б. көптеген тілдерде «осии» тұлғалас сөздер жалпы «тырнақ» ұғымында көп айтылады (ССТМЯ, II, 1977, 26—27).

Осы тілдік деректерден «осу» етістігінің ең алғашқы мағынасы — зат есім — «тырнақ», ал соның іс-әрекеті «тырнау» дегенмен ұғымдас болғандығы айқын байқалып отыр.

## Ө

**Өгейсу.** Қазіргі сөздігімізде бұл сөздің мағынасын — бөтенсу, жатсыну; құлазу; аңсау, сағыну сияқты сөздермен түсіндірген. «Әжесін өгейсін, менен қашқалақтап жүр» (Қ. Оразалин, Абай.).

Сөз түбірі «өгей» екені даусыз. Бірақ «өгей шеше», «өгей әке» тіркестеріндегі «өгей» -мен мағыналас, түбірлес деп қарасақ кателескен болар еді. Алғашқы төркіні — монғол, қалмақ тілдері. Монғолдарда «үгүй» (Мон.-қаз. сөз., 1977, 125), қалмақ тілінде «уга» (Рус.-қал. сл., 1964, 352) біздегі «жоқ» мағынасында қолданылады. Тіпті монғол тілінде «үгүйлех» тұлғасындағы сөз — жоқсыну, жоқтығын байқау мағыналарын меншіктенеді (Мон.-қаз. сөз., 1954, 228). Осы сөздің соңындағы монғол тіліне тән қосымша -лех түсіріліп, қазақтар өздеріне тән -сін жұрнағын қосқанда, алғашқы кезде «үгүйсін» кейін өз тіліміздің ыңғайына түсіп, «өгейсін» болып қалыптасқан деп жорамал жасаймыз. Сонда «өгейсу» дегеніміз «жоқсыну»-мен мағына жағынан бірдей. Жоғарыдағы сөйлемді «әжесін жоқсынып, менен қашқалақтап жүр» десек те, мағынасына нұқсан келмейді. Жалпы алғанда, «Түсіндірме сөздігімізде» берілген «бөтенсу, жатсыну, құлазу» сияқты түсініктер «өгейсуге» балама бола алмайтын тәрізді. Қалған түсініктер (аңсау, сағыну) — ауыспалы мағына ретінде болса да, дұрыс балама деп қараймыз. Монғолдың «үгүй» тұлғасының «өгей» қалпына дейін өзгеруін түсіндіріп жату артық.



**Өкпе.** Адамның кеуде қуысында орналасқан тыныстау, дем алу мүшесі.

Сөз түбірі мен алғашқы мағынасын түркі тілдерінің өзінен табамыз. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде, дәлірек айтсақ, М. Қашқари сөздігінде «өп» сөзінің мағынасы «жүту, ішу» дегенді білдіреді (ДТС., 387). Осы түбірге тіліміздегі -пе жұрнағы қосылу нәтижесінде адамның тыныс мүшесінің атауы туындағанын көріп отырмыз. Бұл мүшенің негізгі қызметі — сырттан ауаны жұтып, кейін серпіп шығару. Осы қызметіне аты да сәйкес. Қазіргі емілемізде «өкпе» қалпында жазылатындығы көрсетілген. Алғашқы кездегі «өпке» тұлғасының бұлай өзгеруі — тілдегі метатеза құбылысының нәтижесі. Кейбір түркі тілдерінде осы күнге дейін алғашқы қалпын сақтаған: қырғызша — өпке (К. Юд., ҚРС., 1965, 597), чувашша — үпке (Чув.-рус. сл., 1985, 522).

**Өксу, өксіп жылау.** Қазіргі түсінігімізде — қатты күйінгендіктен солық-солоқ етіп жылау. «Еркежан жер бауырлап, өксіп жылап жатып алды» (М. Әуезов, Абай жолы).

Жылаудың мұндай түрінде — адам өз еркінен тыс қатты дыбыс шығарады. «Жылау» сөзінен басқамен тіркеске де түспейді. Осы сипатына қарап, сөз төркінін басқа бір түркі тілінде кездесетін тұлғамен сәйкестіруге болады. Алтай тілінің туба-кижи диалектісінде «өксө» тұлғалы сөз қазақ тіліндегі «айқайлау» деген мағынаны түсіндіреді. Осы тілде кейде оның көсемше түрі «өксөп» біздегі «айқайлап» сөзімен мәндес келеді (Н. Бас., ДЧТ., 1966, 142).

Көрсетілген деректі еске алсақ, «өксіп жылау» сөз тіркесі бізше «айқайлап жылау» дегенді түсіндіреді. Демек, сөз төркіні — түркі тілдерінен екендігі байқалады.

**Өлара.** Ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, уақыт деп түсіндірілген 10 томдық сөздігімізде. «Мамыр мен маусымның өларасы» (А. Әлсеров, Ауыл).

Сырт қарағанда, «өлара» сөзін екі түбірдің бірігуінен пайда болған ба деп те қаласыз. Іздестіре келгенде, оның әуелден-ақ бір сөз әрі мағынасының да тіпті өзгеше болғандығына көз жеткізу қиын емес. «Өлараға» сәйкес сөздің якут тілінде ұшырасуына қарап, сөз төркінін түркі тілдері болар деп те қаласын. Якутша «уларый» тұлғалы сөз біздің ұғымымыздағы «өзгеру, өзгеріске түсу» дегендермен бірдей (Як.-рус. сл., 1972, 433). Бұл сөз якуттарға монғол тілінен ауысқан. Монғолдарда «ули-

рах» тұлғасы — өзгеру, алмасу мағыналарында айтылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 212). Монғолдардан якут тіліне ауысқанда, соңғы «х» дыбысы түсіріліп, якуттар өз тілінің заңдылықтарына икемдеуі нәтижесінде «уларый» тұлғасы туған. Ал қазақтар қабылдағанда бастапқы «у» дыбысын «ө» -ге өзгертіп, монғол тіліндегі «и» дыбысы орнына «а»-ны қолданған, мұнда да соңғы «х» дыбысы түсірілген. Осының нәтижесінде «өлара» сөзі пайда болған. Әдетте, ескі ай мен жаңа айдың түйіскен шағында ауа райында өзгерістер болып тұратыны ертеден белгілі. Осы өзгерісті біріне-бірі жеткізе білу ниетімен әр кез осы «өлара» сөзі қолданылып отыру ежелден қалыптасқан. Сөйтіп тіліміздегі «өлара» тұлғасының туу тарихы осылайша түсіндірілмек.

**Өмілдірік.** Аттың омырауына салынып, ерді артқа сырғытпай тұратын ... жабдық, әбзелдің тілімізде осылай аталатыны белгілі. «Таулы, сайлы жерлерде құйысқан, өмілдірікті пайдаланған дұрыс» (Ғ. Әбішев, Мал жарақат.).

1966 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде», «өмілдірік» сөзінің төркіні жөнінде айтылған тұжырымға (156-б.) тәнті емес екендігімізді еске сала кетіп, өз жорамалымызды да жариялауды жөн көрдік.

«Өмілдірік» сөзіне этимологиялық талдау жасаған автордың болжамы бойынша, сөз түбірі «өміл» — монғол тілінде біздегі «ер» мағынасын беретін емел, эмээл тұлғаларының түркі тілдерінде өзгеріске түскен түрі дей отырып, екінші бөлігін түркі тілдеріне тән -дірік және осының дыбыстық варианттарының бірі екендігін айтады да, мысал үшін «сағалдырық, кемелдірік, мойынтұрық, табалдырық» сөздерін тізіп береді. Осы сөздердің ішіндегі «кемелдірік» сөзін не түсіндірме, не орфографиялық сөздіктерден кездестірмедік. Оның орнына автор «көзілдірік» не «төбелдірік» сөздерінің бірін алғанда дұрысырақ болатын еді. Бұл сөздерден қашқалақтаудың да өзіндік себебі бар сияқты. Өйткені мына сөздердегі «ілдірік» қосымшалары автор қалап алған -дірік және оның дыбыстық түрлеріне сәйкес келмейді. Демек, ерте-ректе жеке сөз болып, кейін қосымша қалпына түскен тұлғалар, автор көрсеткендей -дірік емес, -ілдірік. Мұның алғашқы түбірі «іл» (ілу) етістігімен байланысты болуы мүмкін (көз+ілдірік, төбе+ілдірік, саға+ілдірік>сағайлдырық>сағалдырық). «Өмілдірік» сөзінің

жасалу жолы да осылай қарастырылғаны лазым. Мұндағы ең басты нәрсе — сөздің алғашқы түбірі — «өм» тұлғасының нендей мағына меншіктенгендігінде болып отыр.

Біздің байқауымызша, «өм» сөзінің алғашқы тұлғасы — кейбір түркі тілдерінде кездесетін «өмген», «омых», «омыр» сөздерімен тамырлас, тектес. Шағатай тілінде өмген — аттың кеудесі (В. Рад., Опыт..., I, 2, 1315); Қазіргі хакас тілінде «омыр», «омых» тұлғалы сөздер де «аттың кеудесі» мағыналарында қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 126). Тіпті монғол тілінің дерегінде де «омруу» тұлғалы сөз — төс, кеуде, омырау мағыналарында айтылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 129). Әсіресе, шағатай, хакас тілдеріндегі «өмген», «омых» сөздерінің тек жылқының кеудесімен ғана байланысты қолданылуы, біздің «өмілдірік» сөзіндегі «өм» түбірін солармен байланыстыруымыздың дұрыстығын анықтап қана емес, қостай түседі.

Қорыта айтсақ, «өмген» не «омых, омыр» сөздерінің біріне «ілдірік» тұлғасының қосылуы арқылы (өмген + ілдірік немесе омых + ілдірік, одан әрі ом(ых)ілдірік > өмілдірік > өмілдірік) «өмілдірік» жабдығы пайда болған. Мұны толығырақ түсіндірсек — аттың кеудесіне ілетін, тағатын дегенді ұғындырмақ. Жоғарыда талданған «құйысқан» сөзінің «құйрықпен» байланысты туғаны сияқты «өмірдірік» те ат кеудесіне берілген атау негізінде пайда болған.

Жорамалымызды ертедегі түркі жазба ескерткіш деректері де қуаттайды: өмген — кеуденің жоғарғы жағы, ал өң — алдыңғы (ДТС, 384, 385). Сондай-ақ, монғол тілінде: өмно — алды, алдыңғы жақ (Қаз.-мон. сөз., 1977, 24).

Тілімізде қолданылатын «өңмен» сөзінің де алғашқы мағынасын осы көрсетілген «алды, алдыңғы» деген ұғыммен ұштастыру дұрыс тәрізді.

**Өркені өсу.** Түсіндірме сөздігіміздегі мағынасы — басқа бас қосылу, үрім-бұтақты болу. «Рахмет, балалар, өркендерің өссін. Мына шоколадты бөліп жеңдер, — деп, тұман көз балаға ұсынды» (С. Шаймерденов, Өмір.).

«Өркен» сөзінің алғашқы түбірі мен мағынасын монғол тобындағы тілдерден табамыз. Монғолдарда: үр — 1. тұқым, дән; 2. бала, сәби, ал бурят тілінде: урһэн — тұқым (ССТМЯ, II, 1977, 538).

Түркі тілдерінен «тұқым, ұрық» мағыналарын беретін

осы тұлғалас сөздер қырғыз, тува тілдерінде ұшырасады. Қырғызша — «үрөн» (К. Юд., КРС., 1965, 824), тува тілінде — «үрезин» (Рус.-тув. сл., 1980, 528). Осы деректерге қарағанда, сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасы монғол, түркі тобындағы тілдерге ортақ болуы да мүмкін. Тіпті мағынасы мен дыбыстық құрамы сәйкес сөздер тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде де кездеседі. (ССТМЯ, II, 1977, 537, 538).

Көрсетілген деректерге сүйенсек, «өркені өсу» тұрақты тіркесінің мағынасы, алғашқы кездерде, «тұқымы өсу» ұғымымен бірдей болған.

**Өркеш.** Сөздің мағынасы — түйенің арқасына бір не екі айыр болып жиналатын жота майы. «...екі өркеші тік шаншылған семіз буыршын шөгіп жатыр» (С. Мұқанов, Танд. шығ.).

Осы көрсетілген мағынада — қырғыз тілінде «өркөч» (К. Юд., 1965, 599), түрікмендерде «өркүч» (Рус.-туркм. сл., 1956, 121), ұйғырша «өркәш» (Уйғ.-рус. сл., 1961, 262), өзбек тілінде «үрқач» (Уз.-рус. сл., 1959, 586).

Сібірдегі якут, тува сияқты түркі тілдерінде түйе өркеші басқа сөзбен ұғындырылады. Дыбыстық құрамы жағынан біздегі «өркеш» мағынасын беретін монғол тіліндегі «бөх» сөзіне сәйкес. Демек, бұл тілдерге монғолдардан ауысқандығын аңғарамыз.

Әңгіме болып отырған «өркеш» М. Қашқари сөздігінде «өркү» тұлғасында берілген (ДТС., 389). Осыған қарағанда, түркі тілдерінде сөз соңындағы «ш» немесе «ч» дыбыстары кейін қосылғандығын байқаймыз.

Түйе арқасында орналасқан бұл сүйір мүшенің «өркеш» аталуына, кейбір тіл деректеріне қарағанда, екі түрлі себеп болған деген жорамалға жол бергелі отырмыз. Біріншіден — «өркеш» атауы ұқсатудан, екіншіден — өзінің орналасқан орнына байланысты пайда болуы мүмкін. Ұқсатудан туған деуге сүйенетін дерегіміз мыналармен дәлелденбек. Ертедегі жазба ескерткіштерінің бірі М. Қашқари сөздігінде «өркүч» сөзінің бір мағынасы — толқын, күшті толқын (вал) (ДТС., 389). Түркі тілдері ішінде көне деп саналып жүрген якут тілінде «өргөс» сөзінің бірнеше мағыналары бар. Солардың ішінен «буда, шок» және «бір нәрсенің үшкір ұшы» сияқты мағыналар түйе өркешіне де атау болуға сәйкес (Э. Пек., СЯЯ, II, 1959, 1956; Як.-рус. сл., 1972, 288). Дәл осындай көне тілдің бірі чуваштардағы «шоқтық» мағынасын меншіктенетін — «үрче» сөзін де естен шығаруға болмай-

тын сияқты (Чув.-рус. сл., 1985, 523). Бұл тұлғаның М. Қашқари сөздігіндегі «өркү» (өркеш мағынасындағы) сөзінен ерекшелігі — «к» дыбысының орнына «ч»-ның қолданылуы. Мұндай құбылыс түркі тілдерінде жиі кездеседі (мыс. қазақша — кім?; ұйғырша — чім?). Атаудың ұқсату нәтижесінде пайда болған деуіміздің себебі — оның будаланып, шоқтанып, сүйірленіп келуі мен толқын сияқты бұйраланып көрінуі. Заттың сүйірленуіне сәйкестендіре якуттар сиыр мүйізін — «өргөс» деп атауының өзі де осыған дәлел сияқты (Як.-рус. сл., 1972, 288).

«Өркеш» атауының шығуын орналасқан орнына байланыстырудағы тілдік дерегіміз — ертедегі түркі жазба ескерткіштері. Онда «жоғарыдағы нәрсе» деген мағынаны түсіндіруде «өркі» немесе «орүкі» тұлғалы сөздер қолданылған (ДТС., 389, 391). Бұл жағдайда, сөз жоқ, сөз түбірі «өр» болмақ («көтерілу» мағынасын береді). Бізше, алғашқы топшылауымыз, соңғыға қарағанда, шындыққа жуық тәрізді.

**Өріс.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы: 1) ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер. «Қойды өріске шығарғанда... шөбі қалың жерге жайған жөн» (Ш. Қалықов, Қой мен ешкі.); 2) үрім-бұтақ, жегжат. «...өздерің де отау тігіп, бізге өріс боласындар» (М. Дүйсенов, Ант).

Тіліміздегі екінші мағынасы ауыспалы, кейін пайда болғандығы айтпаса да анық. «Өріс» сөзінің төркінін іздестіргенде біз бірінші мағынаны төңіректегеніміз жөн. Өйткені сөздің алғашқы мағынасы мал жайылымымен байланысты. Осыны ескерсек, сөздің алғашқы түбірі «өр» тұлғалас болар деп тұспалдаймыз да, тұңғыш мағынасы малмен байланыстыра қарағанда ғана мәлім болмақ.

Біздің тілімізде «үйір» сөзі тек жылқы тобына қолданылса, хакастарда «өөр» (Хак.-рус. сл., 1953, 136), туваларда «өөр» (Рус.-тув. сл., 1980, 575), якуттарда «үөр» (Як.-рус. сл., 1972, 454) тұлғасындағы сөздер кез келген малдың тобына, табынына қолданыла береді. Ертеректе осы тұлғалардың біріне сөз тудыратын -іс жұрнағы қосылып, «өріс» тұлғасы пайда болған да, мағынасы мал жайылымы дегенді ұғындырған сияқты.

**Паз, аспаз.** Тағам дайындайтын адамды — аспаз, аспазшы деп айту қалыпқа айналған. «...қолдарына шөміш ұстап, *аспаздар* жүр» (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

Байыбына бармай, үстірт қараған адамға «паз» тұлғасының төркінін іздеудің қажеті де жоқ. Екінші бірі білетін — «өнерпаз», «білімпаз», «әсемпаз» сияқты сөздерде ұшырасатын парсы тілінен ауысқан тұлға деп қарауға да болады. Шын мәнісінде, тіпті де олай емес.

Кейбір еңбектерді қарай келгенде «паз» тұлғасы парсы тілінде тек жұрнақ қана емес, кейде «пісіру» мағынасын ұғындырарлық дербес сөз қалпында да кездеседі (Л. Буд. Срав..., I, 316; Пер.-рус. сл., I, 1983, 295). Сөздің парсы тілінде дыбысталуы — паз. Біздің тілімізде ол «ас» сөзімен тіркеске түскендіктен «паз» қалпына дейін жуан айтылатын болып қалыптасқан. Сөйтіп, «аспаз» дегеніміз — ас пісіру дегенмен мағыналас екен.

Сөз төркінін парсы тілі болар деген жорамалымызға күмәндана қарауға да тура келеді. Оның да себебі жоқ емес. Парсыша — паз, якут тілінде — бус (Рус.-як. сл., 1968, 53), хакасша — пыс (Хак.-рус. сл., 1953, 171), түрікмен тілінде — биш (Рус.-туркм. сл., 1956, 56), қырғызша — быш (К. Юд., КРС., 1965, 173), ең соңында, қазақтарда — піс. Салыстыра қарасақ, осылардың дыбысталуында, айта қаларлықтай, кереғар алшақтық жартымсыз. Осыны еске алсақ, кімнен кім ауысып алды сияқты мәселе де кесе-көлденең кеп килігеді. Мұны анықтау, әрине, өз алдына зерттеуді талап етеді.

**Перне.** Домбыра мойнына ішектен байланған белгілер. Соларды саусақпен басқанда әртүрлі дыбыс береді. «Жақай *пернелерді* басып көріп, домбыраның бұрауын даусына ыңғайлады (Б. Нұржекеев, Бір ғана).

Сырт қарағанда, «перне» сөзінің саусақпен ешбір байланысы жоқ болғанмен, саусақпен баспаса перне тиісті әуен шығармаған болар еді. Осының өзі олардың арасында байланыстың болғандығына ой салады. Бұл ойды чуваш тілінің дерегі қуаттай түседі. Оларда «пүрне» тұлғалы сөз біздің тіліміздегі «саусақ» мағынасын ұғындырады (Чув.-рус. сл., 1985, 323). Өте ертедегі осы сөз бізде тек домбыра пернесі есебінде ғана сақталған.

**Пес, алапес.** Бұл сөз жұқпалы тері ауруының аты — «алапес» құрамында ғана кездеседі. «*Алапес* ерте за-

маннан белгілі, ол тері ауруларының тобына жатады» (С. Сүбханбердин, Дәрі-дауа.).

Тілімізде «алапес» сөзінің ауыспалы, туынды мағынасы да бар. Оған тоқталмадық. Сөз төркінін іздестіруде оның алғашқы «ала» түбіріне талдау жасауды артық көрдік. Өйткені оның мағынасы әркімге де аян.

«Пес» сөзінің төркіні — парсы тілі. Оларда «пис» тұралы сөз, біздің тіліміздегі «терідегі дақ» дегенді ұғындырады. Бұл тілде оның осыдан туындаған екінші мағынасы — есек жем, қышма (экзема) сияқты ауру түрі (Пер.-рус. сл., I, 1983, 326). Сөйтіп, «алапес» дегеніміз «ала дақ» мағынасымен бірдей болып шығады.

**Пұшпақ.** Он томдық түсіндірме сөздігімізде аталған сөздің бірінші мағынасының түсінігі — малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі. «Қойдың, ешкінің, тайлақтың *пұшпақтарынан* құрап тіккен ішіктер де болады» (С. Қасиманов, Қаз, қолөнері). Мына мысалда көрсеткендей, ішік тек мал пұшпақтарынан ғана емес, терісі бағалы — түлкі, қарсақ, қасқыр сияқты аңдардың пұшпақтарынан да құрастырып тігіледі. Дәл осындай сырт киім қазақтарда «пұшпақ ішік» деп атау қалыптастырып, дәстүрге айналғалы не заман. Алайда дәл осы тұрақты тіркеске түсіндірме сөздіктен орын тимегеніне танданамыз. Оның есесіне, орфографиялық сөздікте ұмытылмаған.

Зер сала қарасақ, «пұшпақ» сөзінің қазақ тіліндегі бірінші мағынасы деп танылып жүргенінің өзі кейінгі дәуірдің туындысы екендігін аңғарамыз. Түркі тілдері ішінде өте көне саналатын якут тілінде «быстах» сөзі біздің тіліміздегі «кесінді, үзінді, сынық бөлік» іспеттес мағыналар орнына жұмсалады (Як.-рус. сл., 1972, 94). Дәл осындай мағыналарды білдіруде тува тілінде «быжынды» сөзі қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 359). Сөз төркініне дұрыс жол табу үшін, осы сөздердің түбіріне үңілсек — «быс» екенін байқаймыз. Якут тілінде быс — кесу, кесіп алу ұғымына нұсқайды (Як.-рус. сл., 1972, 94). Ал Алтай өңіріндегі хакастарда «кесу» мағынасын білдіруде — «пыс» сөзі қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 170).

Түркі тілдері ішінде бір дауыссыз дыбыс орнына олардың екіншісі, сондай-ақ дауыстылардың да бірін бірі алмастыра беретіндігі жөнінде, өткен жолдарда, талай қайталаған болатынбыз. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыдағы, якут тіліндегі «быстах» сөзінің біздің тіліміз-



де «пұшпақ» түріне дейін өзгеруі заңды. Өзгеріс жолын түсіндіре түскенде, өз тіліміздегі қазіргі «кес» сөзінің ертеректегі синонимі «піш» етістігін алып, оған -пек жұрнағын жалғасақ «пішпек» тұлғасы туады. Осы тұлға тіл дамуының нәтижесінде «пұшпақ» қалпына дейін түрлене түсіп, қазіргі мағынасы — белгілі бір тұтас заттың «кесіндісі, бөлігі» дегенді аңғартатын дәрежеге жеткен. Қазіргі тілімізде «пішу» мен «кесу» етістіктерінің арасында мағыналық реңк бар екендігін түсіндіріп жатуды артық көрдік. «Пішу» етістігінің ертедегі мағынасы бір ғана іс-әрекетте (еркек малды піштіру де ғана) сақталған. Кесу мен пішудің алғаш синоним болғандығына — тіліміздегі «кесіп-пішу» қос сөзі де дәлелдейтін тілдік дерек. Тіліміздегі «пышақ» сөзінің төркінін де «піш» етістігімен байланыстырған жөн.

**Пұшық.** Түсіндірме сөздіктен екі түрлі мағынасын оқимыз: 1. Жұқпалы ауру салдарынан мұрны кем болып қалған, батық біткен. «Одан да не ақсақ, не пұшық етіп, бақытты етсе болмас па еді!» (М. Дүйсенов, Гүлжан); 2. Келте, таңқы (мұрын). «Тәпелтек қара пұшық бала Мақан жүзіне жаутаңдай қарайды» (З. Шүкіров, Ізгілік.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен, дәлірек айтсақ, М. Қашқари сөздігі мен Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан «бычук» тұлғалы сөздің «жарым, жарты» сияқты мағыналарын кездестіреміз (ДТС, 105). Дәл осы мағына кейбір түркі тілдерінде бүгінге дейін сақталған дерлік дерек те жоқ емес. Қырым татарларының тілінде «буджук» сөзі — біздің түсінігіміздегі «жарты, жарым» (В. Рад., Опыт..., IV, 2, 1864).

Сөз төркінін осыған әкеп тіресе де болар еді. Бірақ «жарты» ұғымының қалай пайда болғандығын білу қажеттігі ойға оралып, тыным, маза берер емес. Ой елегінен өткізе қарасақ, жарты — белгілі бір тұтас заттың екіден бір бөлігі. Табиғатқа тұтастық тән. Демек, жарым, жарты — сол тұтастық пен бүтіннің бөлігі. Бүтінді жартыға айналдыру — тағы да адам іс-әрекетінің немесе табиғаттың дүлей күшінің нәтижесі. Жарым не жартыны жасау үшін бүтінді кесіп немесе шабу қимылын жүргізу қажет. Осы себептен де «пұшық» сөзінің пайда болуына негіз тағы да «пыш» етістігі болмақ. Бұған деректі ертедегі түркі жазба ескерткіштері бере алады: быч — кесу, шабу мағыналарын берген (ДТС, 104). Осы түбірге тілімізде жиі қолданылатын -ық жұрнағы арқылы «бы-

чық» одан әрі «пұшық» сөзі қалыптасқан. Луру нәтижесінде бұрынғы қалпынан айырылған мұрын немесе жаратылысынан келте, таңқы мұрындар дағдыдағы мұрынга қарағанда «жарты» сияқты болып көрінетіндіктен де ертеде осы мағынаны меншіктенген «бычук» сөзімен тіркесіп «пұшық мұрын», қазіргі түсінігімізше «жарты мұрын», пайда болған да, кейін «мұрын» сөзі түсіріліп, «пұшық» десе де түсінікке зиян келмейтін қалыпқа жеткен.

**Пысу.** Қорқу, зәрессі ұшу деген анықтама берілген түсіндірме сөздікте. «Келіпті деп бір ку мысық, Тышқан біткен кетті *пысып*» (Ө. Тұрманжанов, *Менің кітаб.*). «Жылқышының бәрі қорқып, *пысып* жүр» (М. Әуезов, *Таңд. шығ.*).

«Пысу» етістігінің мағынасы ертеректе қазақ тілінде де өзгеше болған деген болжамға басқа түркі тілдері деректері жетектейді.

Қырғыз тілінде — пыс (К. Юд., КРС., 1965, 614), ногайша — пысув (пыс) (Ног.-рус. сл., 1963, 273) тұлғалы сөздер қазақ тіліндегі «жасырыну, тығылу, көзден таса болу» деген мағыналарда қолданылады. Ал якут тілінде «жасыру, тығу, бой тасалау» мағыналарын — «кистээ» дыбыстық құрамдағы сөз жеткізе алады (Як.-рус. сл., 1972, 168). Сөз түбірі бұл тілде «кис» немесе «кист» деп қарасақ, қырғыз, ногай тілдеріндегі «п» дыбысы орнына «к» қолданылып тұр. Бұл да түркі тілдеріне тән заңдылықтан туған құбылыс. Сөйтіп, сөздің алғашқы мағынасы — жасырыну, тасалану, тығылу. Демек, қорқу, зәрессі ұшудан құтылудың шарасы, айласы ертеректе «пыс» сөзі арқылы түсіндірілген. Жорамалымыздың дұрыстығын түркі жазба ескерткіштері одан әрі қуаттай түседі. Онда пус — жасырыну, тығылу мағынасында (ДТС., 398).

## С

**Саба.** Жүнін қырқып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс. «Жақында ыстан шыққан кең *сабаға* құйылып, қымыз жарықтықтың өзі бір балдай тәтті боп тұр еді» (С. Мұқанов, *Жұмбақ жалау.*).

Қазақ тілінде сабаның көрсетілген мағынасы өте ертеден белгілі. Бұл сөзді қырғыз тілінде де дәл осы тұлға мен мағынада кездестіреміз (К. Юд., КРС., 1965, 618). Осы екі тілдегі мағынасына қарап «саба» сөзінің ертедегі ұғымы да солай екен деп қалуға да болар еді. Бірақ

кейбір түркі тілдері мен монғол тобындағы тілдер дерегі өзгеше топшылау жасауға мәжбүр етеді.

Тува тілінде — «сава» (Рус.-тув. сл., 1980, 428), монғолдарда — «сав» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 363), қалмақтарда — «сав-сарх» (Рус.-кал. сл., 1964, 512) тұлғалы сөздер қазақ тіліндегі жалпы «ыдыс» деген мағынаға нұсқайды.

Көрсетілген деректер «саба» тұлғалас сөздің тұңғыш мағынасы «ыдыс» дегенді ұғындырып, қазақ, қырғыз тілдерінде қоғам, сонымен жарыса тіл дамуының нәтижесінде ыдыстың жеке түріне меншіктеліп, тува, монғол тілдерінде алғашқы мағынасын сақтап қала берген.

Біздің тілімізде «саба» сөзінің алғашқы мағынасы «сабасына түсу» (тасыған өзен сабасына түсті немесе ашудан кейін қалпына келген адамға да «сабасына түсті» дейміз) сияқты тұрақты тіркестерде сақталған.

**Сабақтау.** Бүгінгі күнгі түсінігімізде — жіпті иненің көзінен өткізу. «Қарлығаш әкесінің қолынан инені алып, дереу *сабақтап* берді» (С. Омаров, Өмір.).

Қазірдің өзінде «сабақты ине» тіркесін естісек, жібі бар инені ұғынамыз. Бірақ осы күндері тілімізде «жіп» мағынасын беретін «сабақ» сөзін кездестірмейміз де, қолданбаймыз. Соған қарамастан өткен дәуірде сөздік қорымызда осы іспеттес сөз болғандығына туыстас түркі тілдерінің кейбір деректері куә. Алтай төңірегіндегі шор, лебеді татарлары тілінде «сабақ» дыбыс құрамындағы сөз қазіргі тіліміздегі «жіп» мағынасында қолданылған (В. Рад., Опыт..., IV, I, 412). «Сабақ» сөзінің алғашқы түбірі «сап» болып, «жіп» мағынасын бергендігін якут тілі анықтай түседі (Як.-рус. сл., 1968, 315). Осындай тіл деректеріне сүйеніп, қазіргі қолданылып жүрген «ине сабақтау», «сабақты ине сәтімен» сияқты сөз тіркестерінің «ине жіптеу», «жіпті ине сәтімен» деген мағыналар орнына жүретінін білеміз.

**Сабын.** Жуынуға, кір жууға қажетті зат. «*Сабын* кірді ашады, Сабырсыз сырды ашады» (Мақал).

Түркі, монғол тобындағы тілдерді былай қойғанда, араб тілінде «сабун» болып дыбысталып, мағынасы да біздегімен бірдей (Араб.-рус. сл., I, 1970, 539). Осы себептен де болар кей автор оның шыққан тегін арабтарға телиді (Е. Бек., КТАПС., 1977, 147).

Біздің байқауымызша, сөздің алғашқы тұлғасы қазіргі «сабын» сөзіне сәйкес болғанмен, мағынасы өзгеше әрі шыққан төркіні монғол тобындағы тілдер тәрізді. Топшылауымызға мына деректер дәлел болғандай. Қа-

зіргі монғол тілінде «цавуу(н)» сөзі — біздің түсінігіміздегі «желім». Бурят тілінде де «сабуу(н)» тұлғасы «желім» мағынасында қолданылады (ССТМЯ, II, 1977, 375).

Сөз төркінін арабтарға емес, монғол тіліне апарудағы басты себебіміз — «желімнің» басты қасиеті жапсыру әрекетін атқару екендігі әркімге белгілі. «Жапсыру» деген мағынаның өзі монғолдарда «цавуудах» сөзі арқылы түсіндіріледі (Қаз.-мон. сөз., 1977, 114). Шамасы, якут тіліне монғолдардың тілдік әсері болса керек, оларда «жабысу» ұғымы «сыбан» сөзімен беріледі (Рус.-як. сл., 1968, 485). Монғолдарда біздегі «сабын» ұғымы «саван» тұлғасында айтылатынын көреміз.

Ой елегінен өткізсек, бірінің қатты зат, екіншісінің сұйық қалпында кездесетіндігі болмаса, қасиеті жағынан біріне бірі сәйкес екендігін теріске шығару оңай емес. Міне осындай ұқсастығы ескеріліп, алғаш біріне меншіктелген атау (монғол тілінде) екіншісіне де берілуі мүмкін. Әрине, дыбыстық құрамы жағынан өзгеріс енгізген деуге болады (бірі — цавуу(н), екіншісі — саван). Сабынның қайнау кезіндегі сұйық күйі желім сияқты созылмалы болып келетіндіктен, соған ұқсатқан болса керек.

**Сабыр.** Әңгіме дәл қазір араб тілінен ауысқан «шыдам, төзім» мағыналарын берстін, кейде адамға есім ретінде таңылатын «сабыр» туралы емес, жер топырағына байланысты болмақ. Көбіне «жер сабыр болу» тіркесінде жиі кездеседі. Түсіндірме сөздіктегі анықтама — жауыншашын көп жауып, жердің батпағы шығып, лайсаңға айналуы. «Жер сабыр болса батпақтайсың, тіпті жүрмей жатып қаласың» (І. Жансүгіров, Шығ.).

«Сабыр» сөзінің шыққан тек-төркіні монғол тобындағы тілдер деп шамалау теріске соқпайды.

Монғол тілінде — «шавар» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 53), қалмақша — «шавр» (Рус.-кал. сл., 1964, 116), бурят тілінің говорларында — «сибар» немесе «шибар» (СИБГ, 1968, 106) тұлғасындағы сөздер қазақ тіліндегі «балшық, саз» мағыналары орнына қолданылады. Осылардың ішінде, әсіресе, қалмақ тіліндегі «шавр» сөзі — қазіргі қолданып жүрген біздегі «сабыр» тұлғасымен өте үндес. Сондықтан да бұл сөз қазақтарға қалмақ тілінен ауысқандығын іркілмей-ақ айтуға болады. Егер осы тұрғыдан «жер сабыр болды» дегенді түсініктірек айтсақ — «жер балшық болды» қалпында көрінеді.

**Сағым.** Сөздікте «ауаның біркелкі қызбауына байла-

нысты табиғатта болатын құбылыс» деп түсіндірілген. «Біз бір төбенің басына шығып тұрмыз. Айнала толқып тұрған *сағым*» (А. Тоқмағамбетов, Жазғы.).

Сібірдегі якут, тува сияқты түркі тілдерінде мұндай мағынаны басқа дыбыстық құрамдағы сөздер ұғындырады. Сондай-ақ монғол тобындағы тілдерден де осындай жағдай байқалады.

Қырғыздарда — «закым» (К. Юд., КРС., 1965, 287), түрікмен тілінде — «салғым» (Рус.-туркм. сл., 1956, 319) сөздері қазақ тіліндегі «сағым» беретін мағынаны меншіктенген.

Монғол тілдері мен Сібірдегі түркі тілдерінде кездесуіне қарағанда, қазақ, қырғыз, түрікмен т. б. Орта Азия түркі халықтарына «сағым» сөзі жүйесі басқа тілден ауысып келген деген ой туады. Ойымызды парсы тілінің дерегі дұрысқа шығарғандай болады. Бұл тілде «сәғим» тұлғасындағы сөз — теріс, дұрыс емес; жалған мағыналарын меншіктенеді (Пер.-рус. сл., II, 1983, 49). Ауада болатын бұл құбылысты қадағалай қарап, байыбына барсақ, шындықтан тыс, ақиқаты жоқ, жалған көріністерді байқаймыз. Міне, осыған байланысты болымсыз дүниелер өзіне парсының «сағым» тұлғалас сөзін иеленуі әбден мүмкін де, кейбір түркі тілдерінде тұрақтап, қалыптасқан деген жорамал айтуға болады. Сонда тіліміздегі «сағымның» шын мағынасы «жалған» немесе «жалған көрініс» болып шығады.

**Сағы сыну.** Тауы шағылу, беті қайту. «Соңғы сөз шымбайына батты ма, әлде қарулы қолдан жасқанды ма, Әделбайдың *сағы сына* бастады» (Б. Тоғысбаев, Асыл адам.).

Сөз төркіні түркі тілі дерлік те дерек жоқ емес. Хакас тілінде «сағ» — қазақтардағы «күш» мағынасын берсе, оларда «күшім бітті» деген тіркес орнына «саам сыхты» сөз байланыстары қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 176). Тұлға жағын сәйкестірсек біздегі «сағы сыну» дегенді осыған жағыстыруға да болар еді. Бірақ басқа түркі тілдерінде «күш» мағынасын беретін «сақ» түбіріне ұқсас сөз ұшыраспады. Сондай-ақ монғол тілдерінен де кездестірмедік. Бұл бір. Екіншіден, ойға салып қарасақ, «күш сынбайды» тек таусылып, бітуі мүмкін.

Келесі топшылауымыз — «сақ» сөзінің төркінін жүйесі басқа тілге жағыстырумен байланысты. Парсы тілінде «сағз» тұлғасындағы сөз біздің тіліміздегі ағаш т. б. сабағы, бұтағы мағынасында қолданылады (Пер.-рус. сл.,

II, 1983, 11). Сынуға бейім зат осылар екендігін түсіндіріп жату артық. Бейнелеп, әсерлей айту нәтижесінде «сағы сыну» тұрақты тіркесі парсы тіліндегі «сағэ» сөзі көмегі арқылы пайда болуы мүмкін деген жорамалға да жол бердік.

**Сазару.** Сөздіктегі түсіндіруде — мелшип қарап қалу, бедірею делінген. «Шалғай шепте шалқайып сар тап болып, *сазарып* үстірт жатыр» (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). «Ағасында өң-түс жоқ, бір бозарып, бір *сазарды*» (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Екі мысалдың, бірінің соңынан екіншісін қатар берілу себебін сезген де боларсыздар. Мағына жағынан, мысалда келтірілген «сазарудың», түсіндірме сөздікте көрсеткендей, «мелшию мен бедіреюге» жанасымы шамалы. Сөйлем ішіндегі «сазар» сөзі арқылы да, оның төркініне жорамал жасау қиынға соқпайды. «Сазарудың» алғашқы мағынасы «сарғаю, сарғылттану» десек, құрғақ ойдың жетегіне кеткендік бола да бермейді. Өйткені, кейбір түркі тілдері дерегі ойымыздың шыңдыққа жақындығын жақтайды.

Қырғыз тілінде «сазар» — сарғылттану (К. Юр., Кир.-КРС., 1965, 621), якуттарда «сасар» — сарғаю (Як. рус. сл., 1972, 318) мағыналарында түсіндіріледі. Бұларды былай қойғанда, якутша біздегі «сары» мағынасындағы сөз — «сасархай» тұлғасында беріледі. Екі тілдің қайсысында да сөз түбірі бірінде — «саз», екіншісінде — «сас» екендігін іркілмей айта аламыз. Бұл жерде тағы да түркі тілдеріндегі дәстүрлі дыбыс сәйкестіктеріне (р ~ с, р ~ з: көз ~ көр сияқты) жүгінуіміз керек. Осы себептен де «саз», «сас» тұлғалары біздегі «сар(ы)» сөзімен теңбе-тең.

Сөйтіп, «сазар», етістігінің алғашқы мағынасы «сарғай» деген болып шығады.

**Сайдауыт.** Қазіргі тілімізде бұл сөзге -тай жұрнағы жалғанып «сайдауыттай» қалпында да кездеседі.

Түсіндірме сөздік «сайдауыт» мағынасын — сайдақ, ірік; сайдауыл сөздерімен ұғындырады. «Еркінбектің соңында толып жатқан *сайдауыт* жігіттер бар» (Б. Майлин, Шығ.).

Бұл жерде «Түсіндірме сөздіктің» түсінік беруінде кездескен «сайдақ», «сайдауыл» сөздерінің мағынасы да — «тандаулы», «ығай мен сығай» тұлғаларымен синонимдес.

«Сайдауыт» төркініне дұрыс топшылау жасай алсақ, қалғандары (сайдақ, сайдауыл) сонымен байланысты.



«Сайдауыт» сөзінің төркініне жол сілтерлік тұлғаны қырғыз тілінен табамыз. Ол тілде «шайдоот» сөзінің өте ертеден келе жатқандығы және мағынасы — үстіне жүк аз салынып және ең алдында жүріп отыратын жүк артатын мал деп түсіндіріледі. Осы сөздің екінші мағынасы — ширақ, шапшаң, сергек (К. Юд., КРС., 1965, 895). Әдетте, керуенді бастап жүретін малдың мықты, ширақ әрі жол ыңғайын білетіндігін түсіндіріп жату артық. Бір сөзбен айтқанда, сом денелі, шымыр, дене мүшелері жетілген мал. Бұл ойымызды тағы бір түркі тілінің дерегі қуаттайды. Якуттарда біздің тіліміздегі «нығайған», «жетілген» деген мағыналарды «сайдыылах» тұлғалы сөз бере алады (Як.-рус. сл., 1972, 310). Түркі тілдеріндегі дыбыстар сәйкестігін еске алсақ, мына сөздің қырғыздардағы «шайдоот», біздегі «сайдауыт» тұлғасынан алшақ кетпегені көрініп тұр.

Одан әрі талдай түссек, «шайдоот», «сайдауыт» сөздері екі түбірден біріккен деп топшылауға тура келеді. Топшылау тағы да тілдік дерекке негізделеді. Қырғыз тілінде «шай» сөзінің бір мағынасы — күшті, мықты (К. Юд., КРС., 1965, 894). Мұның қазақ тілінде «сай» дыбыстық құрамында көрінуі — тіл заңдылығы. Екінші түбірді түркі тілдерімен ертеден тектес, туыстас саналатын монғол тобындағы тілдерден ұшыратамыз. Монғол тілінде — давуу (Мон.каз. сөз., 1954, 71), қалмақтарда — давлһи (Рус.-кал. сл., 1964, 520) қалпындағы сөздер «басым, артық» мағыналарында қолданылады. Әсіресе, қалмақ тіліндегі «давлһи» тұлғасы «сай» түбірімен біріккенде, жоғарыда көрсетілген, «сайдауыл» сөзінен ерекшелігі жоқтың қасы. Бірде «сайдауыл», кейде «сайдауыт» түрінде кездесуі — тіліміздегі дыбыс сәйкестіктерінің нәтижесі. Қазіргі түсінігімізде бұл сөздердің мағынасы — «күші басым» дегенмен бірдей. «Сайдауыт» соңындағы -тай жұрнағының пайда болуын да дәлелдеу қиынға соқпайды. Басқа бір жан иелерінің, оның ішінде адамның да шымыр, ептілігін бейнелеп көрсету үшін «шайдоот» сөзіне -дай қосылып, ол біздің тілімізде «сайдауыттай» болып қалыптасқан. Мұндай ұқсату тілімізде өте ертеден келе жатқан құбылыс. Бір ғана мысал, М. Қашқари сөздігінде біздегі қазір қолданылып жүрген «жылқы» сөзінің орнына «йунд» тұлғасы қолданылған (ДТС, 281). Осыған -тай жұрнағы қосылуы нәтижесінде, түпкі мағынасы кез келген адамға түсінікті бола бермейтін, «жүнттай» сөзі қалыптасқан. Мұның негізгі мақ-



саты — басқа хайуанды жылқы мүшесінің сұлулығына теңеу.

**Сайысу.** Түсіндірме сөздікте екі түрлі мағына көрсетілген. Соның алғашқысы — адамның бір-бірімен күш, өнер салыстырып, сайысқа түсуі, жарыс. «Сайысқа түсу, көкпар тарту, жерден теңге алу, қыз қуу ойындары кімнің етін қыздырмаған» (Тарту). Екінші мағына — туынды мағына, оған тоқталмадық.

Қазіргі қазақ тіліндегі, мына көрсеткен, бірінші мағына деп отырғанымыздың өзі кейінірек пайда болғандығын басқа түркі тілдері деректерінен, әрі барсақ көне жазба ескерткіштер арқылы білеміз.

В. Радловтың көрсетуінше, Сібірдегі алтай, телеуіт, шор, сағай т. б. түркі тілдерінде «сай» тұлғалы сөз «шаншу, сұғу, қадау» мағыналарында қолданылады (В. Рад., Опыт..., IV, I, 221). Э. Пекарский сөздігі бойынша, якут тілінде де «сай» сөзінің осы мағыналарда қолданылатынын байқаймыз (Э. Пек., СЯЯ, II, 1959, 2025).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде сай — түйреу, шаншу (ДТС., 481) мағыналарында көрінеді.

Көрсетілген деректер, тіліміздегі «сайыс» сөзінің тұңғыш тұлғасы — «сай», ал алғашқы мағынасы — шаншу, қадау, сұғу, түйреу екен де, тіліміздегі қазіргі кездегі «сайыс» — түбірге-ыс жұрнағы қосылуы арқылы пайда болып, мағынасына да біршама өзгеріс кірген деп жорамалдауымызға жол беріп отыр. Сөз жоқ, сайысу іс-әрекеті ертедегі кездерде қолына қару ұстаған екі адамның жекпе-жек айқасуының нәтижесі. Найзаласса шанышады, түйрейді. Осы қимылдар алғаш «сай», «сайысу» сөздері арқылы берілген.

**Сақал.** Еркек адамның иегі мен жағына шығатын түкті, әдетте осылай атайды. «Қара шал сақалы шошаңдап, еңіреп қоя берді» (Н. Сералиев, Ыстық күлше).

Қолда бар тіл деректеріне қарағанда, сөз төркіні түркі, монғол тілдеріне ортақ екендігі байқалады. Алтай тілінің тубакижи диалектісінде «саак» сөзі «жүн» мағынасында қолданылса (Н. Бас., ДЧТ., 1966, 145), якут, Э. Пекерский жасаған сөздігінде, «сохсох» — «жүндес» мағынасына нұсқайды (Э. Пек., СЯЯ, II, 1959, 2296). Дәл осындай мағынаны монғол тілінде «сахлаг» сөзі бере алады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 155). Монғол тілінде де иек астына өсетін түкті, «сахал» сөзі ұғындырса, мұның өзі де оның ертеде «жүн» мағынасын берген «сах» түбірінен өрбігендігін анықтауға себепші. Бір қызығы

қалмақ тілінде «сахл» дыбыстық құрамдағы тұлға «мұрт» мағынасында қолданылады (Рус.-қал, сл., 1964, 743).

Бұл деректер сөздің алғашқы тұлғасы «сақ» болып, кейінгі кездерде оған -ал қосымшасының жалғануы арқылы «сақал» сөзі туындап, монғол тілдеріндегі қазіргі мағынаны меншіктенгенін ашып беріп отыр.

**Сакию.** Қазіргі түсінігімізде — қакию, сіресу. «Қар әбден *сақия* қатқан» (Ө. Қанахин, Дәмелі).

Қолда бар деректерді қарастыра келгенде сөз төркіні — жүйесі басқа араб, парсы тілдерінен болса керек деген байламға келдік.

Парсы тілінде «сәхт» тұлғалы сөз біздегі — катал, қатқыл, қатты іспеттес мағыналарды ұғындырады (Пер.-рус. сл., II, 1983, 24). Алайда, парсы тіліне бұл сөз арабтардан ауысқандығын аңғарамыз. Араб тілінде «сақиғ» сөзінің мына сияқты мағыналары кездеседі: 1) тоңазыған, қатқан; 2) қатты суық, ызғырық. Табиғаттың осы құбылысының нәтижесінен пайда болатын — аяз, мұз сияқтыларды да арабтар «сақиғ» сөзі арқылы түсіндіреді (Араб.-рус. сл., I, 1970, 557). Көп жағдайда біздің тілімізде де «сакию» сөзінің «қату» етістігімен тіркеске түсуінің өзі де қара жаяу емес. Біздегі жердің, судың, қардың қатуы да — қатты суық, аяздың нәтижесі. Соның бірі мұз да араб тілінде «сақиғ» болып аталатынын көрдік. Осыларды еске алсақ, «сақия қату» тіркесіміз «мұз боп қату» дегенмен барабар.

**Сал.** Мағынасы — терең сулардан жүзіп өту үшін қолданылатын, бірін-біріне байлап қосақтаған жуан бөрене ағаштар. «Сал жасағандар аман қалған» (Шарапат).

Қырғыз, түрікмен, хакас, тува сияқты түркі тілдерінде де «сал» болып айтылып, қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады.

«Сал» — ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де бар. Мағына жағынан өзгеріс болмашы ғана. Мысалы, М. Қашқари сөздігінде «салдың» местен жасалғандығын көрсетеді (ДТС, 482). Көрсетілген тілдік деректер бұл сөздің әуелден түркі, монғол тілдеріне тән екендігін анықтайды. Монғол, қалмақтарда да біздегідей мағынаны «сал» сөзі береді (Қаз.-мон. сөз., 1977, 259; Рус.-қал. сл., 1964, 462). Сондықтан да «сал» сөзінің тұңғыш мағынасын осылардан іздесек қана табамыз.

Тува тілінде «салдаар» сөзі «жүзу», «батпау» сияқты

мағынаны берсе (Рус.-тув. сл., 1980, 388), монғолдарда дәл осы мағынаны «сэлэх» сөзі меншіктенеді (Қаз.-мон. сөз., 1977, 131). Демек, «сал» сөзін тудыруға себепші болған «салдаар» тұлғасындағы (тува тіліндегі) етістік тұлға деуге болады. Ол монғол тілінде сәл дыбыстық өзгерісте —«сэлэх» түрінде қалыптасқан. Сөйтіп, «сал» сөзінің алғашқы мағынасы «жүзіп жүру, батпау» дегендерді білдірген. Ойымызды дәлелдей түсетін тілдік дерек қазақ тілінен де табылады. Біздегі «жүзу» сөзінің кейде «жалдау» қалпында да айтылатыны бар. Туваларда сөз түбірі —«сал» болса, бізде —«жал». Мұндағы ерекшелік «с» мен «ж» дыбыстарының сәйкесуі ғана.

**Сал, көксал.** Түсіндірме сөздікте «көксал» анықтамасын «көксауыр» тұлғасына берілген түсініктен қарау ұсынылған. Қарастырғанда, бұл екі сөздің мағынасы көк бояуға боялған сапалы көн, былғары екендігін ұғынамыз. «Көксал» мен «көксауыр» синонимдес сөздер ретінде танылған. «Қақ қалдырған бүлдіршін, сыртына көксал қаптатып, Сап қылдырған бүлдіршін, Тайбуырылдың санына» (Манас).

«Көк» түбірімен біріккен «сал» сөзінің түбірін әрі алғашқы мағынасын тек түркі тілдерінен іздеп табамыз.

Ертедегі түркі жазба ескерткіші мәліметінде «чал» тұлғалы сөз «күлгін» түсті білдірген (ДТС., 137).

Қазіргі түркі тілдері ішінде қырғыздар мен хакас тілінде «чал» сөзі сақталған да, мағынасы — сұр, буырыл сияқты түсініктерге сілтейді (К. Юд., КРС, 1965, 838; Хак.-рус. сл., 1953, 308).

Ойымызға оралған дүниелерді сарапқа салып, саралай түссек, күлгін, сұр, буырыл түстерінің қайсысы болмасын, басқаларға қарағанда «көк» түсімен тектес, туыстастығын байқаймыз. Осыны еске алар болсақ, біз көрсетіп отырған «сал» не «чал» сөздерінің өте ертеректе қазіргі «көк» беретін мағынаны да меншіктенбеді ме екен деген болжам киліге түседі. Топшылауымызды түркі тілдері ішінде өте көне саналатын чуваш тілінің дерегі құптағандай болады. Біздегі «көксал» орнына, чуваштарда «шал» десе де, аяқ киімді мәнерлеуге арналған жасыл былғары екендігін бірден түсінеді (чув.-рус. сл., 1985, 601; СЧЯ., вып. 17, 1950, 99).

Алғаш бұл түсінікті беру үшін «шал былғары» (кей тілде «сал былғары») тіркесі қолданылып, осы тіркес қазақтар тілінде «көк» сөзін қабаттастырып, «көксал былғары» түрінде қалыптасуы болмайтын құбылыс

емес. Кейін келе «былғарыны» қосарламаса да түсінікке жеңіл болғандықтан «көксал» қалпында айту дағдыға айналған.

**Сал.** Ертеректе әдемі киініп жүретін, ойын-сауықшыл, өлеңші, әнші адамды осылай атаған. «Қайдасың сал боп өткен бойдақ күнім?» (С. Асанов, Алматым.).

Сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасын ертеден келе жатқан көне түркі тілдерінің бірі — якут тілінен кездестіреміз: «джалы» — қазіргі біздің тіліміздегі «еркін білу», «өз еркімен жүріп тұрушы» сияқты мағынаны білдіреді (Э.Пек., СЯЯ, I, 1959, 781). «Сал» атағына ие болған адамдар әр кезде ешкімге тәуелді болмай, өз ойы, еркімен жүретінін ескерсек, якут тіліндегі деректің шындыққа жақындығына әрі шүбәсіздығына сенім мол. Осылайша, өз еркімен жүріп-тұратын, өнерлі адамдар «сал» аталған. Шындығына келгенде бұл сөздің алғашқы мағынасы өнермен ғана байланысты емес, адам еркіндігі, бостандығынан туғандығын айыру қиынға соқпаса керек.

**Салақ, бөлек-салақ.** Қос сөз құрамындағы бұл «салақтың» мағынасы тілімізде «ұқыпсыз» сөзінің синонимі ретінде қолданылатын «салақтан» тіпті өзгеше. Оның «бөлек» сөзімен қосарлаңа айтылуының өзінде де мән бар. Дәлірек айтсақ, осы сөзбен мағыналас болуы мүмкін. Ойымыздың орынсыз емес екендігін монғол тілдеріндегі деректер қостай түседі. Монғолша «салах», қалмақ тілінде «салх» тұлғалы сөздер біздің тіліміздегі «бөліну», «ажырау» сияқты ұғымдар орнына жұмсалады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 149; Рус.-қал. сл., 1964, 585).

Бұл деректер тіліміздегі қос сөздің екінші сыңары — «салақ» төркіні монғол тобындағы тілдерден екендігін ашса, мағынасы — «бөлек» сөзімен сәйкестігін аңғартады. Деректің осы түрін еске алсақ, «бөлек-салақ» деген қос сөзіміздің мағынасы — «бөлек-бөлек»-пен бірдей.

**Салдыр, салдыр-салақ.** Қос сөздің соңғы сыңары — «салақтың» мағынасы баршамызға мәлім. «Салдыр-салақ» қос сөзінің түсінігі — іске немқұрайды қарайтын ұқыпсыз, орашолақ. Бұл да «салақ» тұлғасының жеке тұрып беретін ұғымынан алшақ емес. «Ана тіліміздің барша әуезін, әрін, нәзік мінездерін жете білмей, *салдыр-салақ* сөйлеуді айтып отырмыз» (І. Омаров, Серпін).

Қазіргі тілімізде «салдыр» сөзі жеке тұрып, «салақ» беретін мағына орнына жұмсалмайды. Осыған қарап

оны әуелден мағынасыз сөз деп ойласақ, кателескен болар едік. Бізде болмаса да, кейбір түркі тілдерінде жеке тұрып-ақ мағына меншіктенген қалпы жоқ емес. Якут тілінде «джалыр» тұлғасындағы сөз қазақ тіліндегі «салақ» мағынасын ұғындырады (Ә. Пек., СЯЯ, I, 1958, 782). Демек, осы дерекке қарағанда, ерте кездерде қазақ тілінде де, жеке қолданылған да, бері келе ұмытылып, тек қос сөз құрамында сақталған. «Салдыр-салақ» дегеніміз «салақ» сөзінің қайталауы.

**Салқын.** Әдетте, бұл сөзді құлақ шалса, суықтау, ызғарлы мағынасын түсінеміз. «Бір уыс *салқын* топырақ алып, бетіме бастым» (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

Туыс тілдердің өз ішінде де дыбыстық құрамы жағынан бірдей, сәйкес бір сөздің бірнеше мағына беретінін жоғарыда талай кездестірдіңіздер. Дәл осы сияқты «салқын» сөзі әр тілде біздегіден өзгеше мағына меншіктенеді. Тува тілінде салғын — әлсіздеу жел (Рус.-тув. сл., 1980, 66); хакасша салгах — толқын (Хак.-рус. сл., 1953, 179); алтай, якут тілдерінде салқын немесе салғын — жел (В. Рас., ФЛТЯ, 1971, 225).

Монғол тобындағы тілдерде — монғолша «салхи» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 119), қалмақтарда «сальки» (Рус.-кал. сл., 1964, 60) тұлғалы сөздер де біздегі «жел» мағынасында қолданылады. Монғол, якут тілдерінен ауысқан осылар тұлғалас — «салгин» сөзі тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдерде «ауа» мағынасын ұғындырады (ССТМЯ, II, 1977, 58).

Келтірілген тілдік деректерге сүйене отырып, сөздің алғашқы тұлғасы мен тұңғыш мағынасы жөнінде жорамалға жол берсек, «салқын» сөзінің түбірі — «сал», әуелгі мағынасы — қазіргі түсінігіміздегі «ауа» дегеннің орнына қолданылған деуге болады. Мысалы, якут тілінде «салғын» тұлғасының бірінші мағынасы — ауа, ал екіншісі — ауаның қозғалысы (Як.-рус. сл., 1972, 311). «Жел» құбылысының ауа қозғалысынан пайда болатынын ескерсек, кейбір тілдердегі «жел» мағынасын беретін «салхи», «сальки» сөздері — туынды мағынаны меншіктеніп тұр. Қазіргі біздің, татар, башқұрт тілдерінде «салқын» тұлғалы сөз ауа қозғалысынан пайда болған ызғарлы леп, суық мағынасында қалыптасқан. Сөз жоқ. қазақ тілінде де ертеде «салқын» сөзі өзінің алғашқы мағынасында қолданылған. Кейін оны арабтардан ауысқан «ауа» сөзі ығыстырып, енді «салқын» тұлғасы өзге бір ұғымды меншіктенуге мәжбүр болған.

**Салмауырдай.** Біздің түсінігімізше «салмауырдай» сөзінің мағынасы — өте салмақты, ауыр дегенге мезгейді. Дәлірек айтсақ, жоғарыда әңгіме болған, «зілдей» сөзінің қазіргі мағынасына жуық келеді. «Мынауың салмауырдай ғой», «салмауырдай затты қалай көтеріп жүрсің» сияқты сөз тіркестерінің талай рет құлағымызға шалынғаны есімізде.

Қазақ тілінің ешбір сөздігінен іздеп таппасақ та, түркі тілдерінің бірі — қырғыздарда осы тұлғалас сөзді кездестіреміз: «салмоор»-дың бұл тілдегі бірінші мағынасы орысша «праща» деп түсіндірілген (К. Юд., КРС КРС, 1965, «28»). «Праща» сөзінің қазақшасы — бір сөзбен айтсақ, сақпан. Сақпанның толық түсінігі — тас салып ататын өте ежелгі заманда қайыстан жасап, қолданылған қару түрі. Қайыстың тас салатын жері енді, жалпақтау болып келеді. Тас жауға қарсы лақтырылғанда қайыс қолда қалып отырады. Түрікмен тілінде біздегі сақпан мағынасын — «сапан» сөзі береді (Рус.-туркм. сл., 1956, 553).

Біздегі — сақпан, түрікмендердегі — сапан атты құралдың ертеректе өзгеше аталғандығын М. Қашқари сөздігінен оқып білеміз. Онда — «салну» (ДТС, 483). Бұл деректен қазақша «салмауыр», қырғыз тіліндегі «салмоор» біріккен сөздің бірінші түбірінің төркініне жол тапқандаймыз. Дәлірек айтқанда, «сақпан» атты құралымыз ертедегі түркі тілдерінде «салну» сөзін меншіктенген. Енді сөздің екінші түбірі, біздің ойымызша, шамадан тыс салмақ өлшемін ұғындыратын — бізше «ауыр», қырғызша «оор» сөздері деп білеміз. Осы екі түбірді қосқанда «салну ауыр» тіркесі туындап кейін келе «н» дыбысын «м» алмастырып, қазақтардағы «салмауыр», қырғыз тіліндегі «салмоор» қалыптасқан. Мұны қазіргі түсінігімізге сәйкестесек «сақпан ауыр» немесе «ауыр сақпан» болмақ. Ішіне тас салған құралдың ауыр болуы да дағдылы құбылыс. Белгілі бір салмақтың ауырлығын бейнелеуде «салмауыр» (ауыр сақпан) сөзіне -дай жұрнағы қосылуынан «салмауырдай» (ауыр сақпандай) тұлғасы келіп шыққан.

**Самаладай.** Біздің түсінігімізде — нұр шашқан сәуле сияқты жап-жарық, жарқыраған. «Түнде Қалқаман даласынан самаладай оттар жарқырайды» (Ә. Нұршайықов, Жер.).

Сөздің шыққан төркінін араб тілі деуге тура келеді. Арабтарда шамес — күн мағынасын береді (Араб.-рус.

сл., I, 1970, 523). Байқауымызша, парсы тіліне арабтардан ауысса керек, бұларда «сәмави» тұлғалы сөз «көкшіл аспан» («Пер.-рус. сл., II, 1983, 56) мағынасында қолданылады. Мұнда алғашқы араб тіліндегі мағынаға өзгеріс кіргені көрініп тұр. Ал арабтың «шамеә» сөзі қырғыздардың қолданылуында «шамана» болып айтылып, мағынасын — шырақ, факел деп өзгерткен (К. Юд., КРС., 1965, 900).

Қазақтар араб сөзін «самала» тұлғасына дейін өзгерте отырып әрі -дай жұрнағын қосып, «самаладай» сөзін тудырған да, мағынасына да өзгеріс кіргізген. Тура мағынасын айтсақ, «самаладай жарық» тіркесі «күндей жарық» қалпында ұғынылмақ.

**Самғау.** Түсіндірме сөздіктегі бірінші мағынасы — қатты екпінмен ұшу, шарықтау. «Самолет бұйра бұлттардың үстімен *самғап* келді де, аппақ ақ тұманның арасына кеп килікті» (Р. Токтаров, Ертіс.).

Біздің тілімізге бұл сөз де арабтардан ауысып келген. Оларда «самағ» тұлғалы сөз «аспан» мағынасын меншіктенген (Араб.-рус. сл., I, 1970, 472). Бұл дерек бойынша, сөз төркіні — араб тілі де, «самғаудың» дәл мағынасы — «аспандау» дегенмен бірдей.

**Санат, санда бар, санатта жоқ.** Бұл тұрақты сөз тіркесінің мағынасы — түсіндірме сөздікте «еске алынбайтын, ескермейтін». «Сол сол-ақ екен, осы *санда бар, санатта жоқ* екеуінің еңбек ақысы әр айда Ырсалдының қалтасына келіп құйыла берді» (К. Тоғызақов, Таңд.).

1966 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» «санат» сөзінің екі мағынасына талдау жасалған (165). Бірақ олар мына біз қарастырып отырған тұрақты сөз тіркесі құрамындағы «санаттан» қай жағынан да баққаша (мағына әрі шыққан төркіні). Әңгіме болып отырған тіркестегі «сан» сөзіне тоқталмаймыз. Өйткені ол «есеп» сөзінің синонимі ретінде қолданылып тұр. «Санат» сөзі парсыларда «сәнәд» тұлғасында көрініп, «документ» мағынасын білдіреді (Пер.-рус. сл., II, 1983, 60). Бұл дерек бойынша, «санда бар, санатта жоқ» дегеніміз «есепте бар, документте жоқ» мағынасымен бірдей.

**Саңырау.** Құлағы естімейтін, керек адамды көбіне осылай атаймыз. «*Саңырау* адамдар бар жағдайды кісінің қас-қабағынан, қимылынан таниды» (Т. Ахтанов, Көк құтан).

Іздестіре келгенде «саңырау» сөзінің түбірі «саң»



екендігі анықталады. Түркі, монғол тілдеріне туыс саналып жүрген тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің көбінде «сеен», «сан» тұлғалы сөздер қазақ тіліндегі «кұлақ» мағынасын бере алады (ССТМЯ, II, 1977, 70). Сол тілдерде осы түбірлерге жұрнақ қосылып, «сеңан», «соңанил» қалпына дейін өзгерген де, біздегі осы әңгіме болып отырған «саңыраумен» мағыналас болады. Осы дерекке қарап, біздегі «саңырау» сөзінің де түпкі түбірі «саң»-ның құлақпен байланысты болуы ықтимал. Бұл ойымызды -ырау жұрнағы арқылы пайда болған қонырау, шыңырау сияқты сөздер құптайды.

Сонда «саңырау» дегеніміз «кұлақсыз» мағынасының орнына жүріп тұрған болады.

**Сарғаю, таң сарғаю.** Бұл тіркес түсіндірме сөздікке ілінбеген. Бірақ орфографиялық сөздікте бар.

Сырт көзге тіркес құрамындағы «сары» сөзінің төркінін іздестірудің қажеті жоқ сияқты. Алайда, ол қазіргі түсінігіміздегі заттың түсін білдіретін мағынада қолданылып тұрмағанын ескерткен лазым. «Таң сарғаю» — «таң ату» мағынасына жуық екені рас. Бірақ бізге тіркес құрамындағы «сарының» ертеректе нендей мағынада қолданылғанын білу қажет. Іздестіре келгенде мынаны байқаймыз.

Түркі тілдері ішінде якуттарда «сараа» немесе «сырдаа» тұлғалы сөздер біздің түсінігіміздегі «жарық болу», «жарқырау» мағыналарында қолданылады (С. В. Яст. ГЯЯ., 1933, 43; Рус.-як. сл., 1968, 565). Дәл осындай мағынаны қалмақ тілінде «сару болх» немесе «сарул» сөздері бере алады (Рус.-кал. сл., 1964, 633). Біздің шамалауымызша, ерте кезде қазақ тілінде де осындай мағына берген «сары» түбірлес сөз болып, кейін жеке қолданудан қалып, тек «таң» сөзімен тіркесте сақталған. Бұл жорамалымыз бойынша, «таң сарғаюдың» қазіргі түсінігі — «таң жарық болу», «таң жарқырау».

**Сар, сар желу.** Өкінішке орай, тілімізде өте ертеден, ат жалын тартып мінген аталарымыздан бері өмір сүріп келе жатқан бұл тұрақты тіркестің тез ұмытылғанына таңданамыз. «Ұмытылған» деуге дәлел — «сар желу» сөз тіркесіне не орфографиялық, не он томдық түсіндірме сөздіктен орын тимей, қаға берісте қалған. Оқырман қауымның: «мынау автордың өз ойынан жасаған сөз тіркесі ғой» деуінен қашқалақтап, тіркестегі «сар» сөзінің төркінін іздестіргіміз де келмеп еді. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, 1964 жылы жарық көрген «Орысша-қа-

зақша сөздіктен» мынаны кездестірдік: Рысью-нареч... 2. разг. қатты желу, сар желу... (709.). Демек, тілімізде «сар желу» тұрақты тіркесі бар екен.

Тілімізде «сары» (сар) тұлғасымен тіркеске түсетін сөздер саны бірнеше ондаған. Әрине, олардың бәрі бірдей заттың түсімен байланысты қолданыла бермейді.

Дәл сол сияқты біз әңгімелеп отырған «сар желу» сөз тіркесіндегі «сар» (сары) сөзінің де түсті білдіруге үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Және төркіні де түркі тілдерінен емес екендігін байқаймыз. Араб тілінде «сариф» тұлғасы біздің түсінігіміздегі «жылдам», «шапшаң», «асығыс» мағыналары орнына жұмсалады (Араб.-рус. сл., I, 1970, 446). Болжамымызша, «сар желу» тіркесінің нағыз қазақша мағынасы «жылдам желу» болмақ.

**Сасу.** Бұзылу, шіру, иістену орнына «сасу» сияқты сөзді де қолдана береміз. «Базарда ет арзан екен, *сасу*тын болған соң бере салдым» (С. Жүнісов, Жапанда.).

«Сасу» етістігінің алғашқы түбірі — «сас», ал әуелгі ғынасы сәл өзгеше әрі түркі тілдерінен шыққандығын бірден айтуға болады. Осы түбірге (сас) дыбыстық жағынан сәйкес басқа түркі тілдеріндегі сөздер біздің тіліміздегі «иіс» мағынасында қолданылады: туваларда — чыт (Рус.-тув. сл., 1980, 173), якут тілінде сыт (Рус.-як. сл., 1968, 180), хакасша — чыс (Хак.-рус. сл., 1953, 327), чуваштарда — шаш СЧЯ, вып. 17, 1950, 363). Түркі тілдерінде ч, с, т, ш дауыссыздары мен а, ы дауысты дыбыстарының бірінің орнына бірі қолданыла беретін заңдылықты қайталап жатпасақ та болады. Сайып келгенде «чыт», «сыт», «чыс», «шаш», ең соңында біз талдап отырған «сасудың» түбірі «сас» — алғашқы кезде бір дыбыстық құрамда болған да, кейін келе әр халықтың өзіне тән тіл заңдылығына қарай сәл өзгеріске түскен. Кім біледі, біздегі — «иіс», түрікмендердегі — «ыс» тұлғалары да сол дыбыс өзгерістерінің туындысы болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, «сасу» етістігінің алғашқы түбірі «сас» екені және ол ертеректе біздің тілімізде де қазіргі «иіс» сөзінің орнына қолданылғаны күмән келтірмейді. Оған, әсіресе, чуваш тіліндегі «шаш» тұлғасы куә болғандай. «Сасу» дегеніміз қазіргі «иістену» дегенмен барабар.

**Сауқат.** Тілімізде жеке тұрып та, «сәлем-сауқат» қос сөзі құрамында да қолданылады. «Біздің қолымыздан дәм татсын деп, сізге азғана *сауқат* жібердік» (С. Ома-

ров, Қызыл.). «Жолда Қызылордаға түсіп, сол жердегі дивизияға арналған *сәлем-сауқат* ала кететін болдық» (Ә. Нұршайықов, Ақиқат.). Мысалда көрінгендей, «сауқат» сөзінің жеке не қос сөз құрамындағы мағынасы — бір жақтан біреу арқылы жіберілетін сәлсәлдеме.

«Сауқат» тұлғалас сөз басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Ноғайларда савқат — сыйлық, тарту (Ноғ.-рус. сл., 1963, 281), әзербайжан тілінде сауғат — тарту, сыйлық, базарлық (В. Рад., Опыт..., IV, I, 234).

Түркі тілдерінің қай-қайсысына болмасын бұл тұлғалас сөз парсы тілінен ауысқан. Оларда «соуғат» дыбыстық құрамдағы сөз «тарту, базарлық» мағынасын білдіреді (Пер. рус. сл., II, 1983, 70).

**Сауыс, сауыс-сауыс.** Мағынасы — сірі боп баттасып, қатып қалған кір дегенді ұғындырады. «Сауыншылар шелектерін жерге қойып, *сауыс* болған тері алжапқыштарын, дізе қаптарын байлай әңгімелесіп тұр» (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). «Сулықтың етегі шұбалып еденге тиеді, омырауы мен жеңінің аузы *сауыс-сауыс*» (Б. Соқпақбаев, Балалық.).

Сөз төркіні, шыққан тегі тек қана түркі тілдері дерлік деректер жеткілікті. Түсіндірме сөздікте кірдің бұл түрі не өте дұрыс анықтама берілген. Ол киімге жұғып, жабысатын басқа кірлерден өзгеше — оңайлықпен кете қоймайтын шырышты да, жуып кетіруде шырғалаңы мол кір. Ой таразысына салсақ, кірдің бұл атауы сәйкестіруден, сәйкестіре отырып бейнелей айтудан туған деуге тура келеді. Адам денесіне не киіміне жұғатын заттардың ішінде ең жабысқағы, жармасын айырылмайтыны — сағыз. Қазіргі түркі тілдерін былай қойғанда, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен бері мұның «сағыз» аталып, «шайнайтын шайыр» мағынасын беретіні мәлім (ДТС, 1969, 481). Осы атау, сол мағынасында қазақтардан басқа да, кейбір түркі тілдерінде сәл дыбыстық өзгеріске ұшыраған қалпында сақталған. Қырғыздарда — сағыз (К. Юд., КРС., 1965, 620), якутша — ыас (Як.-рус сл., 1972, 521), тува тілінде — чук (Рус.-тув. сл., 1980, 543), хакастарда — сағыс (Хак.-рус. сл., 1953, 177). Осылардың ішінде, сырт көзге, күдік тудырып тұрғаны — якут, тува тілдеріндегі тұлғалар. Мұның себептерін түркі тілдеріндегі дыбыс заңдылықтарымен түсіндіру қиын емес. Мысалы, біздегі «сегіз» сөзі — якуттарда «ағыс» (Рус.-як. сл., 1968, 77). Демек, якут тілінде кейде бастапқы дыбыстар түсіріліп айтылатын заңдылықтар да

бар. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «сары» сөзі — өзбектерде «сарик» (Уз.-рус. сл., 1959, 356). Дәл осы сияқты тува тілінде соңғы дыбыс түсіріліп «чук» болып қалыптасқан.

Ойымызды жинақтап, түйіндей келгенде, «сауыс-сауыс» сөзінің алғашқы тұлғасы мен мағынасы ертедегі түркі тілдеріне тән «сағыз» сөзімен бірдей. Бұл жерде «ғ» -ның орнын «у», «з» дыбысын «с» -ның алмастыруы да түсініксіз болмаса керек (біздегі — тау, кейбір түркі тілдерінде — тағ; біздегі — сағыз, хакастарда — сағыс). Сөйтіп, «сауыс» немесе «сауыс-сауыс» дегендеріміз «сағыз» не «сағыз-сағыз» ұғымдарымен бірдей.

**Саяқ.** Түсіндірме сөздікте мұның екі түрлі мағынасы берілген. Бірі — өз алдына бөлек жүретін, тусыған, бойдақ; екіншісі — жападан-жалғыз, жеке, ала бөтен. Онда екінші мағынаны «ауыспалы» деп белгілеген.

«Саяқ» сөзі кейде «некен-саяқ», «сүйек-саяқ» сияқты қос сөздер құрамында да кездесіп отырады.

Біз төркінін қарастырғалы отырған «саяқтың» алғашқы қос сөзге (некен-саяқ) аздап қатысы болуы мүмкін, ал соңғысына (сүйек-саяқ) жанаспайды.

Бір ғана түркі тілінің дерегі «саяқ» сөзінің төркінін шешуге мүмкіндік бергендей. Хакас тілінде «сая», «саяғ» тұлғасындағы сөздер біздегі «шешу» деген етістік мағынасында қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 184). Біздің тілімізде «шешу» сөзінің ауыспалы мағынасы «босату, ерік беру» дегенге нұсқайды. Ерік берілген, бос жан иесінің беті ауған жаққа баруына қақы бар. Сондықтан да болар қырғыз тілінде «саяқ» сөзінің мағынасы — жалғыз, қаңғыбас (К. Юд., КРС., 1965, 639).

Сөйтіп, біздегі «саяқ» сөзінің алғашқы мағынасы — шешіп жіберілген, босатылған дегенді аңғартады.

**Селебе.** Қазір бұл сөзді біз тек пышақ ұғымында түсінеміз. Сондықтан да болар, түсіндірме сөздікте — ұшы үшкір, үлкен өткір пышақ деген анықтама берілген. «Ол беліндегі күміс белбеуіне былғары қынды селебе таққан» (І. Есенберлин, Қаһар).

Сөздің алғашқы тұлғасы мен тұңғыш мағынасы жөніндегі деректерді монғол тобындағы тілдерден кездестіреміз. Монғол тілінде сэлэм — қылыш (Мон.-қаз. сөз., 1954, 170), қалмақтарда біздегі «қылыш» мағынасы — «селм» сөзі арқылы түсіндіріледі (Рус.-кал. сл., 1964, 624). Түркі тілдері ішінен туваларда «селеме» сөзі «қылыш» ұғымын береді (Рус.-тув. сл., 1980, 516). Мұның

мағына жағы болмаса, дыбыстық құрамы жағынан біздегі «селебе» сөзінен айырмасы жоқ.

Шамалауымызша, сөз тұлғасы ертеден түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ та, мағынасы қазіргі біздегі «қылыш» ұғымын меншіктенген болса керек.

**Селсоқ.** Ықлассыз, енжар мағыналары кейде осы сөзбен де айтылады. «Лейтенант мені аса елемегендей, селсоқ тындады» (Ж. Қизатов, Өмір.).

«Селсоқ» сөзінің төркіні жүйесі басқа тілден. Дәлірек айтқанда, парсы тілінен ауысып келген. Бұл тілде «дэлсухтэ» сөзі біздің түсінігіміздегі «ренжіген», «қамыққан» мағыналарында қолданылады (Пер.-рус. сл., I, 655). Бір тілден екінші тілге сөз ауысқанда аз-кем дыбыс өзгерістері болып отыратынын жоғарыда талай кездестірдік. «Дэлсухтэ» тұлғасы парсы тілінің өзінде екі түбірдің бірігуінен пайда болған: біріншісі — дәл (біздегі «жүрек» мағынасында), екіншісі — сухтэ (бізше — мұнды, жабырқау) (Пер.-рус. сл., I, 1983, 648; II, 1983, 66). Осы деректер бойынша, «дэлсухтэ» сөзін қазақ тіліне аударғанда «жүрек мұңы» немесе «мұнды жүрек» мағынасын береді. Жүрегі мұңды адам ренжулі, қамығуда болатынын ескерсек, «дэлсухтэ» тұлғасының парсы тілінің өзінде дұрыс мағынасында қолданылып тұрғанын байқаймыз. Біздің тілімізге ауысқанда қамығу, ренжу нәтижесінен туатын — ықлассыз, енжарлық мағыналарын меншіктенген.

**Сеңгір.** Түсіндірме сөздікте бұл сөзге — зәулім, биік, заңғар деген анықтама берілген. Ал «көк сеңгір» тұрақты тіркесін — қарлы, мұзды, зәулім биік, көк сауысты шың деп ұғындырады. «Сен сеңгір шыңға, көк аспанға ғана қарайсың» (М. Мағауин, Қияда.). «Сонау алыстан бұлдырап көрінген көк сеңгір тауларға қарап тұрды» (С. Жүнісов, Өмір ізі.).

«Сеңгір» қайталап айтылып, қос сөз де құрайды. Оның мағынасы да «биік-биік», «шоқы-шоқы» қалпында түсіндіріледі. «Манастан батысқа қарай созылған сеңгір-сеңгір таулар» (Ш. Мұртазаев, Интернат.).

Қазіргі біздің тілімізде қолданылып жүрген «сеңгірдің» бұл қағыналарының бәрі — кейін пайда болған туынды ұғымдар. Тіпті М. Қашқари кезінде де бұл тұлғалас сөз — «сеңір» қазіргі ұғымымыздағы «тау мүйісі» мағынасында қолданылған (ДТС., 495). «Сеңір» сөзінің дәл осы мағынасы түркі тілдері ішінде алтай, телеуіт тілдерінде сақталған (В. Рад., Опыт..., IV, I, 448). Бұлар

да кейінгі мағыналар деген ойдамыз. Өйткені біршама түркі тілдерінде (әсіресе, өте көне саналатын тілдерде) өзгеше мағынаны ұшыратамыз. Чуваш тілінде шенкер — көкшіл түс (СЧЯ., вып. 17, 1950, 160), якуттарда чэңкір немесе джэңкир — мөлдір (Э. Пск., СЯЯ, III, 1959, 360б; Рус.-як. сл., 1968, 498). Басқа түркі тілдерінде де осындай мағыналар байқалады. Казан татарларында зэңгэр — көкшіл (В. Рад., Опыт..., IV, I, 886), тува тілінде чиңгир — көк, көкшіл мағынасында жұмсалады (Рус.-тув. сл., 1980, 235).

Монғол тілінде «цэнхэр», буряттарда «сэнхир» тұлғасындағы сөздер де «көкшіл» мағынасында қолданылады (ССТМЯ, I, 1975, 285). Келтірілген тілдік деректерге қарап, топшылау жасасақ, «сеңгір» сөзі алғаш түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ болған да, тұңғыш мағынасы «көкшіл» деуге болады. Оның «биік», «зәулім» мағыналарын беруі — ұқсату нәтижесі.

**Сергек, сергу.** Алғашқы сөз мағынасы — сақ ұйықтайтын, ал сергу — денесі сергек тарту, жеңілдену деген ұғым беретінін көрсеткен (түсіндірме сөздікте). «Қашанда *сергек* жататын шешесі есік ашты» (Бал дәурен). «Ұйқысы ашылып, бойы *сергіген* Сүңгібай айналаға көз қадады (А. Хангелдин, Фани.).

Кейбір тіл деректеріне қарағанда, аталған сөздердің негізі бір сияқты. Сондықтан да бірге, қоса қарастыруды жөн көрдік.

Монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер дерегіне назар аударғанда, «сергек», «сергу» сөздерінің бізде қолданылып жүрген мағыналарының кейін пайда болғандығын байқау қиын емес. Монғол тілінде біздердегі «ояту», «ояну» деген мағыналарды «сергеге», буряттарда — «сэргээ» (ССТМЯ, II, 1977, 145), калмақша — «сергэх» (Рус., кал. сл., 1964, 48) сөздері бере алса, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің көбінде «сэри» тұлғалары түсіндіреді (ССТМЯ, II, 1977, 145). Осы тілдердің қай-қайсысында болса да көрсетілген дыбыстық құрамдағы сөздердің (сергеге, сэргээ, сергэх, сэри) туынды, ауыспалы мағыналары дәл біздегі сияқты — «ширак, жеңіл» іспеттес ұғымдарда да қолданыла береді.

Сөйтіп, «сергек», «сергу» сөздерінің алғашқы мағынасы ұйқыдан ояну іс-әрекетімен байланыстылығын байқадық. Сөздің тұңғыш тұлғасы мен мағынасы монғол, тунгус-маньчжур тобында ғана сақталған.

**Сеңсен.** Марқайған қозының жүні қырқылмаған те-



рісі осылай аталады. «*Сеңсең* жағалы қара ішіктің етегі далнып жатыр» (І. Жансүгіров, Шығ.).

Сөз төркіні түркі, монғол тілдерінен деуге біршама деректер бар. Алтай тілінің солтүстік диалектісінің бірінде саак — жүн (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 145), якуттарда сохсоқ — жүндес (Ә. Пек., СЯЯ, II, 1959, 2296), монғолша сахлаг — жүндес (Мон.-каз. сөз., 1953, 155).

Келтірілген деректердің ішінен, әсіресе, «саак» тұлғасы «сеңсең» сөзінің алғашқы түбірі, ал мағынасы «жүн» дегенді ұғындыратынын көріп отырмыз. Осы сөздің қосарланып айтылуы жүннің молдығын, көптігін білдіріп тұр. Демек, әдеби тіліміздегі «жүн-жүн», «түк-түк» қос сөзінің беретін мағынасымен тең. «Саак-саак» сөзінің әдеби тілімізде қалайша «сеңсең» тұлғасына дейін өзгергендігін қырғыз тілі арқылы-ақ дәлелдеуге болады. Оларда біздегі «сеңсен» сөзі «саксак» немесе «саңсаң» болып та айтыла береді (К. Юд., КРС., 1965, 623, 634).

**Снық.** Қазіргі түсінігімізде — түр-түрпат, сұрық («Түсіндірме сөздік» бойынша). «Бізде кісі қарайтын *снық* жоқ та еді» (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

Сөздің шыққан тегі, төркіні туралы жазған автор, мағынасын қазіргі қолданысымыз тұрғысынан түсіндірген: снық — түр, нұсқа, бейне, кескін, сұрық, ұсқын, келбет (Е. Б. Бек., ҚТАПС., 1977, 158). «Снық» сөзінің ол тілдегі тура мағынасы тіпті өзгеше: снғ — сұлу, өте әдемі (Пер.-рус. сл., II, 1983, 79). Парсы тіліндегі осы түпкі мағынасы біздің тілімізде -ты немесе -сыз жұрнақтары қосылғанда ғана анықтала түседі, снықты — көркем, сұлу, әдемі; снықсыз — сұлу емес, көріксіз, ажарсыз.

**Сныр.** Төрт түлік малдың бірінің атауы екенін білмейтін қазақ жоқ. Түсінік беру артық. «Бір ат, бір *сныр* параға жараудан қалған екен» (Ғ. Мүсірепов, Танд. шығ.).

Сөз төркіні түркі тілдерінің өздерінен екендігіне якут, тува тілдерінің деректері мәлімет береді. Якут тілінде ыанар — сауатын (Рус.-як. сл., 1968, 140), дәл осы мағына туваларда «саар» сөзі арқылы түсіндіріледі (Рус.-тув. сл., 1980, 138). Якут тілінде «ыанар» тұлғасында көрінуі көбіне сөз басында «с» дыбысының айтылмауымен байланысты (бізде — сегіз, якуттарда — ағыс; су — уу; сүт — үүт т. б.).

«Сныр» сөзінің төркінін якут, тува тілдеріндегі «сауу» мағынасын беретін тұлғалармен байланыстырудың тағы бір себебі — ертедегі М. Қашқари сөздігінде сныр мағы-



насын беретін сөз «сығыр» тұлғасымен айтылған (ДТС., 502). Екінші себеп — түркі тілдерімен туыс саналып жүрген тунгус-маньчжур тілдерінің көбінде «сир», «сирри» тұлғалы сөздер «сығу», «сығып шығару», «сауу» мағыналарында қолданылады (ССТМЯ, II, 1977, 93).

Тілдік деректерге сүйенсе келіп жорамалдасак, «сир» дегеніміз алғаш «сығыр мал» тіркесінде қолданылып, «сауатын мал» мағынасын берген де, кейін «мал» сөзі түсіріліп, «сығыр», берсегіректе, біздің тілімізде «сир» болып қалыптасқан.

**Соқ, өтірікті соқты.** Түсіндірме сөздігімізге қарап отырсақ, «соқ» етістігінің мағыналары алуан түрлі, бір басына жетерлік. Солардың бірі — бір нәрсені айту, зуылдату; көйту. «*Соқ өтірікті. Қорықпасаң өтші, кәнеки, — деді Темірхан*» (М. Гумеров, Хазірет).

Біздің тілімізде де «соқ» етістігінің өте ертеректе қазіргі кездегі «айт» «айту» орнына қолданылғанын кейбір түркі тілдері мәліметіне қарап, көз жеткізуге болады. Мысалы, тува тілінде «чугаа» (Рус.-тув. сл., 1980, 116), якуттарда «саңар» (Рус.-як. сл., 1968, III) дыбыс құрамындағы сөздер біздегі «айту» мағынасын түсіндіреді.

Осы деректерді еске алсақ, «өтірікті соқты» тіркесі «өтірікті айтты» дегенмен мағыналас.

**Соқыр.** Бұл сөздің мағынасын түсіндіріп жату артық. «Үйдегі барлық шаруаны жайлап отырған шешесі жиырма күннен бері көзінен айырылып, *соқыр* болды» (М. Дүйсенов, Мейман.).

«Соқыр» сөзінің төркіні ешбір тілде «көз» сөзімен байланысты екенін көре алмадық. Бірақ көзді көлденең кездесетін қауыпты заттардан сақтай алмаудан «соқыр» тұлғасының пайда болғандығын дәлелдерлік тілдік деректер жоқ емес.

Маньчжур тілінде «соги» немесе «сохи» тұлғалы сөздер біздің түсінігіміздегі «ластау», «қоқым түсу» сияқты мағыналарда қолданылады. Бұл сөздер, әсіресе, көзбен байланысты жиі айтылады. Сондай-ақ «күңгірттену» мағынасы да сол тұлғалар арқылы беріледі. Маньчжурларға бұл тұлғалар монғолдардан ауысқандығы белгіленген (ССТМЯ, II, 1977, 105). Монғол, бурят тілдерінде «көзден айырылу» түсінігін «сохрь», «сохорто» сөздері береді (Бұл да сонда). Түркі тілдерінің ішінде якуттарда ғана «қиқым түскен», «ластанған» сияқты мағыналарды «сыһыр» сөзі береді. Және мұнда тек көзбен байланысты ғана емес, барлық заттар үшін ортақ қолданыла бе-

реді. Мысалы, «орманды ластау» тіркесі якуттарда «тыаны сыһырт» қалпында көрінеді (Рус.-як. сл., 1968, 186). Осыған қарағанда бұл сөзді якуттарға монғол тілінен ауысқан шығар деуге ауыз бармайды. Ертеден түркі тілдеріне де ортақ болуы мүмкін. Қалай болған күнде де көздің көрмей қалуына алғашқы басты себеп — қиқым түсіп, кірленіп, ластану болса, дәл осы мағынаны беретін сөз ертеректе «сохи» іспеттес болғандығын теріске шығару қиын. Осыған жұрнақ жалғану арқылы қазақ тіліндегі «соқыр», монғолдардағы «сохор» сөздері пайда болып, мағынасы — «көзі көрмейтін» болып қалыптасқан.

**Сомадай.** Мұның түсінігі — үлкен, дәу, енгезердей. «Төр алдында *сомадай* боп отырған Жауғашар отағасы бірер күрсініп қояды» (Б. Майлин, Шығ.).

Сөздің төркіні боларлықтай, мағынасы — ұзын, биік; тұлғасы — «сама» қалпындағы сөзді араб тілінен кездестіргенмен (Араб.-рус. сл., I, 1970, 471), «сомадай» сөзін онымен жағыстырудың қисыны келмейді. Сондықтан «сомадай» сөзінің арғы тегін түркі тілдерінен іздестірген жөн сияқты. Айта кететін нәрсе қырғыз тілінде де «сомодой» тұлғасы «ірі, тұлғалы, енгезердей» мағынасында жұмсалады (К. Юд., КРС., 1965, 653).

Қазақ және қырғыз тілдерінде «бүтін, тұтас» мағыналарына қолданылатын «сом» сөзі бар. Осыған -дай жұрнағы қосылудан «сомадай» тұлғасы туындаған деп жорамал айта салу да оңай. Бірақ, әрбір тұтас, бүтін затқа қандай қосымша қоссақ та одан зораю, ірілену мағынасын беретіндей сөз жасалмайды. Жалпы «сомнан» — сомадай сөзі пайда болды десек, оны тіл заңдылығына сәйкестендіру керек. Демек, бұлай қараудың мүмкіндігі жоқ.

«Сомадай» сөзінің төркіні боларлық тұлғаны, іздестіре келгенде, якут тілінен ұшыраттық. Көрсетілген тілде «сомого» тұлғалы сөздің бір мағынасы — мұз дәуірінен қалған тау жынысты үлкен домалақ тастар (орысшасы — валун) (Як.-рус. сл., 1962, 332). Сондықтан да тіліміздегі «сомадай» тұлғасы ежелгі заманнан қалыптасып, осы кезге дейін жеткен. Якут тіліне тән жұрнақ түсіріліп, қазақ пен қырғыздар өздеріне меншікті бірі -дай, екіншісі -дой қосымшалары арқылы «сомадай», «сомодой» сөздерін тудырған. Жорамалымыз дұрыс болса, «сомадай» -дың сөзбе-сөз мағынасы бейнелеу, ұқсатудан туған — «үлкен тастай» дегенді білдірмек.

**Сорғалау.** Төмен қарай ағу, саулау, құйылу сияқты қимылдарды осылай да атай береміз. «Қамшының ұшы тиген негінің астынан қан *сорғалап* қоя берді» (И. Есқараев, Тосқауыл).

Етістіктің пайда болуына нақтылы зат атауының ықпалы, әсері болды дерліктей деректерге тап боламыз. Қырғыз тілінде «чорго» (К. Ю., КРС., 1965, 868), хакастарда «сорға» (Хак.-рус. сл., 1953, 194), тіпті монғолша «цорго» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 358) сөздері қазақ тіліндегі «шүмек» мағынасы орнына жүреді. Әсіресе, хакас тіліндегі «сорға» біздің тіліміздегі «сорғала» етістігінің тууына әкеліп соқтырған. Әрине, біздің тілімізде өте ертерек пайда болып қалыптасқандықтан қазіргі түсінігіміздегі «шүмектеп ағумен» тең мағынасы ұмытылған. Дегенмен, қырғыз тілінде ұмытылмағандығын «чорголоп куй» сияқты тіркестен аңғару қиын емес. Түйіндей айтқанда, «сорғалау» — қазіргі қолданылып жүрген «шүмектеудің» ертедегі синонимі.

**Состию.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — үдірею, оқыраю, акшию деп берілген. «Әмина *состиып*, не қыларың білмей, әрі Малдыбайдың түрінен қорқып, босағада тұрып қалды» (Ж. Тәшенов, Қаратас).

Сөздің шыққан төркіні — парсы тілі. Онда «сости» тұлғалы сөз бірнеше мағынаны береді: 1) әлсіз, күшсіз; дәрменсіздік, жүдеулік; 2) босандық; 3) жасықтық, ынжықтық (Пер.-рус. сл., II, 1983, 44). Осы сөз түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне ауысқанда тұлғасын сол қалпында сақтап, мағынасына — жоғарыда аталған сипаттағы адамдарда болатын — үрейлену, қорқу, шошыну сияқты өзгерістер енген.

**Суқан, суқаны сүймеу.** Сөз тіркесінің мағынасы — жақтырмау, ұнатпау. «Әйтеуір, сол жігітті *суқаным сүймейді*» (К. Жұмаділов, Көкейкесті).

Сөз құрылысын, шыққан тегін ашуда — монғол тобындағы тілдерге назар аударғанда ғана мүмкіндік аламыз. Монғол тілінің өзінде цус — қан (Қаз.-мон. сөз., 1977, 176), қалмақтарда цусн — қан (Рус.-кал. сл., 1964, 258) мағыналарын білдіреді.

Бір кездерде монғол, әсіресе, қалмақ тілінде біздегі «қан» мағыналы сөз — «цусн» қазақ тіліне сыналап кіріп, өзіміздің төл сөзімізбен (қанмен) қабаттаса қолданған мезгілдер болған деген жорамалға жол бермекпіз. Соның нәтижесінде, екі сөз (цус + қан, немесе цусн + қан) біріге, кіріге отырып «суқан», одан әрі «суқан»

тұлғасы қалыптасуы ықтимал. Екі сөз біріккен кездерде дыбыстар түсіп қалып отыратын заңдылықтарды қайталау артық.

Сөйтіп, «суқан» екі тілдегі бір мағыналы сөздің қайталануынан туып (қан-қан), шын мәніндегі мағынасы — «қаны сүймеу» дегенді ұғындырады.

**Су-суан.** Қос сөз мағынасына түсіндірме сөздікте — су, шалап, көже сияқты сұйық тамақ деген анықтама берілген. «Құр сұлдері қалған жұрт кешкі *су-суанын* ұрттар-ұрттамастан төсегіне құлайды» (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

Қос сөздегі тарихы мен шыққан тегін іздестіретініміз екінші сыңары — «суан». Қадағалап қараған адамға мұның өзі көптеген қос сөздер құрамында ұшырасып отыратын мағынасыз, мәнсіз тұлға емес. Іздестіре келгенде оған да нелік жасап, меншіктенетін тілдердің барлығын көреміз. Қазақ тіліндегі «сүт» мағынасы қалмақтарда — «үсн» (Рус.-қал. сл., 1964, 298), бурят тілінің кейбір жергілікті ерекшеліктерінде — «сүн» (ИБГ., II, 1968, 51), монғолша — «сүн» (Н. Бас., АЯ, 1958, 42). Көрсетілген тұлғалардың қазақ тіліне ауысып, «суан» болып қалыптасуы тіл заңдылығына кереғар келе қоймайды. Осының нәтижесінде тілімізде «су-суан» қос сөзі пайда болған да, тура мағынасы, бір кездерде, «су-сүт» дегенге нұсқаған.

Осы тұста ескерте кетерлік жайт, біздің ойымызша, қазіргі тілімізде жиі қолданылып жүрген — «сусын» сөзінің де төркіні «су-суан» қос сөзімен тектес болса керек. Әрине, мұнда біздегі «су» мен монғол тілдеріндегі «сүн» тұлғалары біріге келіп, бір сөз құрастырған деуге болады.

**Суық, суық хабар.** Тұрақты тіркес құрамындағы «хабар» туралы сөз қозғамаймыз. Тілімізге оның араб тілінен ауысқаны әлмисақтан бері белгілі. Әңгіме — осы тіркестің бірінші сыңары — суық жөнінде. Бұл «суық», әдетте, қазір жиі қолданып жүрген «жылы» сөзінің антонимі емес. Сондықтан да түсіндірме сөздігіміздің «суық» сөзіне берген анықтамасы бұған жарамсыз. «Суық хабар» естір құлаққа жағымды сөз тіркесі емес. Оны жағымсыз көрсетіп тұрған да бірінші сөз. Дәл бұл жердегі «суық» бейнелеу, ұқсатудан туған ауыспалы мағынаға да жатпайды. Сөздің түп төркіні — парсы тілі. Парсыларда «суг» тұлғасының тура мағынасы — қайғы; мұң; қаралы (Пер.-рус. сл., II, 1983, 71). Демек, «суық

хабар» тіркесіндегі сөздің бірі — парсы, екіншісі — араб тілдері де, екі сөздің қосындысы, қазақша айтсақ, «қайғылы мәлімет».

**Сұқ, сұқ қол.** Бас бармақ пен ортан қол аралығындағы саусақ осылай аталады. «Сапар кітаптың арасына *сұқ қолын* салып, жаба тұра сөйлесті» (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

Әділін айтсақ, бұл өзі бес саусақтың ішіндегі елгезек, тіл алғыш, еңбек сүйгіші. Қалам ұстап жаза бастағанда қаламды үстінен басып, қағазға із түсіруге де, бір нәрсені санауға да, кітап бетінен керегінді іздеп табуға да, «дәл осы» деп нұқып көрсетуге де — бәрінде де қызмет атқарып, көмек көрсететін саусақ — сұқ қол. Өзіне меншікті атауды осы еңбектеріне байланысты алғандығы байқалады.

Монғол тілінде, қалмақтарда «заах» тұлғалы сөздер біздегі «көрсету» мағынасында жұмсалса (Қаз.-мон. сөз., 1977, 159; Рус.-кал. сл., 1964, 731), түркі тілдері ішінде Тюмень татарларында «сук» сөзі қазақ тіліндегі «іздеу» мағынасында қолданылады.

Осылардың қайсысы болса да (заах, сук сөздері) сөз болып отырған саусаққа атау болуға лайық әрі алғашқы кездерден-ақ солай қалыптасқан дей аламыз. Келтірілген деректерді негізге ала отырып, «сұқ қол» атауын қазіргі тілімізге бейімдесек, «көрсетуші қол», «іздеуші қол» түсінігін бермек.

**Сұңғақ.** Ұзын бойлы, бойшаң адам кейде осылай да бейнеленеді. «Абайлар Ділдәның бойын ғана көрді, сырт сымбаты талдырмаш, бірақ аса *сұңғақ* көрінді» (М. Әуезов, Абай).

«Сұңғақ», «сұңғақты» сын есімдерінің мағыналарына қай қазақ та қанық. Бірақ оның алғашқы түбірі қалай, тұңғыш мағынасы қандай болғаны беймәлім.

Ертедегі жазба монғол тілінде «сунуға», ал қазіргі монғолдарда «сунга», бурятша «сунгаа», сондай-ақ тунгус-маньчжур тобындағы көптеген тілдерде «суун» тұлғалы сөздер біздің түсінігіміздегі «созу», «керу», «ұзарту» сияқты етістік мағыналарында қолданылады (ССТМЯ, II, 1977, 126). Қалмақ тілінде де «созыла түсу» деген мағынаны «сунх» тұлғасы бере алады (Рус.-кал. сл., 1964, 607).

Түркі тілдері ішінен хакастарда «сун» сөзінің «созу» мағынасын кездестіреміз (Хак.-рус. сл., 1953, 201). Кезі келгенде айта кетейік, қазақтың ауызекі сөзінде де «қол

созым» орнына «қол сұным» сөз тіркесі де кейде ауызға алынады.

Келтірілген деректер — сөздің алғашқы түбірі етістік «сун» тұлғалас сөз де, тұңғыш мағынасы — «созу», «керу» екенін әрі түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерге ортақтығын дәлелдеп береді. Тарихта қоғам, онымен қоса тіл дамуының нәтижесінде бұл сөздің морфологиялық тұлғалары өзгере түсіп, сын есімге айналып, мағынасы да басқаша баяндала бастаған. Анығырақ айтқанда, «созу», «керу» қимыл-әрекеттері заттың ұзаруына әкеліп тіреген. Өсудің осы жолы арқылы қазіргі әңгімелеп отырған «бойшаң, ұзын бойлы» мағынасын беретін «сұңғақ», «сұңғақты» тұлғасындағы сындық сөздер пайда болған.

**Сүбе, сүбе би.** Дәл осы тіркестегі «сүбе» сөзінің төркінін іздеп, сарапқа салмастан бұрын, азғана түсінік беруге ділгерміз.

Көне заманда ел билеген әкімшілік орындарында «төбе би», «сүбе би» аттарын жамылған лауазым иелері болған. Осындағы төбе де, сүбе де біздің бүгінгі таңдағы түсінігіміздегілердің біріне жанаспайды. «Төбе би» туралы кезегі келгенде кеңес құрармыз.

Түсіндірме сөздігімізден (10 томдық) мынаны оқымыз: сүбе — 1) қабырға етегіне біткен, майлы қалың ет (одан әрі мысалдар берілген); 2) (ауыспалы мағына есебінде) маңдай алды, таңдаулы іспеттес мағына жүктейді де, бірнеше мысал келтірілген. Солардың бірі — «Қыпшақтың сүбе биінің бірі — топ жарған шешен Құба би» (І. Есенберлин, Алмас.). Байымдаудың бұл түріне сенсек, сөйлем ішіндегі «сүбе биіміз», алғашқы мағынадан туындаған болып тұр.

Енді біз «сүбе би» тұрақты тіркесіндегі «сүбе» сөзінің төркінін іздестіруге тікелей кірісейік.

Кейбір түркі тілдері деректеріне зер салғанда мынаны байқаймыз. Якут тілінде «сүбэ» (Як.-рус. сл., 1972), 347), туваларда «сүме» (Рус.-тув. сл., 1980, 547) сөздері қазақ тіліндегі «кеңес», «кеңесу» мағыналарында қолданылады. Әрегірек барсақ, монғолша «зөвлөх» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 99), қалмақтарда «сүв-селвч» (Рус.-кал. сл., 1964, 663) тұлғалары біздегі «кеңесу», «кеңесші» ұғымдарының орнына жұмсалады. Келтірілген деректердің қайсысы болса да, біздің тіліміздегі «би» сөзімен тіркесте қалыптасқан «сүбе» тұлғасының әуелден-ақ дербес мағынасы болғандығын және шыққан төркіні түркі, мон-

ғол тобындағы тілдер екендігін дәлелдей алса керек. Сонда «сүбе би» -дің мағынасын қазіргі тұрғыдан түсіндірсек — кеңесші би. Демек, «төбе бидің» кеңесшісі.

**Сүзек.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — қатты сандырақтап ауыратын жұқпалы ауру «— Жұбай, сенің науқасың да сүзек, — деді Тояш» (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

«Сүзек» сөзінің төркіні парсы тілінен деуге тура келеді. Аурудың сипаты осыған жетектейді әрі Сібірдегі түркі тілдерінде, монғолдарда аурудың бұл түрі басқаша аталады.

Парсыша «сузэк» сөзі ыстықтан, терден пайда болған бөртуді түсіндірсе, осының түбірі «суз» — күйдіріп, жандыру мағыналарында қолданылады (Пер.-рус. сл., II, 1983, 68—69). Парсы тілінде қызу көтеріліп пайда болатын ауру түрлері көбіне осы тұлғалас сөздермен беріледі. Солардың бір түрі қазақтарға ауысып, «сүзек» түрінде қалыптасқан. Бізден басқа бұл мағыналы сөз қырғыздарда «сүзөк» түрінде ұшырасады (К. Юд., КРС., 1965, 669).

**Сүйем.** Бас бармақ пен сұқ қол аралығымен өлшенетін мөлшер осылай аталады. «Қазақ жауынгерлері Украина, Белоруссия, Кавказ жерлерін өзіміздің жер, Отан жері деп бағалап, оның әрбір сүйемі үшін жаумен жан аямай жұлқысты» (Р. Ыдырысов, Отты жыл.).

Қырғыз тілінде осы мағынаны «сөөм» сөзі ұғындырады. Осы тіл дерегіне одан әрі зер салсақ, «сөөмей» тұлғасын кездестіріп, мағынасы — біздегі «сұқ қол» екенін білеміз (К. Юд., КРС., 1965, 660). Дыбыстық құрамы жағынан осы тұлғалас якут тіліндегі «сөмүйэ» сөзі «сұқ қол» мағынасында ұшырасады (Як.-рус. сл., 1972, 336). Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреуінен де осыны байқаймыз (ССТМЯ, II, 1977, 125).

Тілдік деректер мәліметін қорыта келгенде, «сүйем» сөзінің алғашқы мағынасы — сұқ қол. Ал бізде соның қатынасымен жүргізілетін өлшемде ғана сақталған.

**Сүлгі.** Беті-қол, ыдыс-аяқ сұртетін мата орамал. «Кәрім жақсылап жуынып, ақ сүлгімен денесін әбден ысқылап сұртінді» (С. Алдабергенов, Әңгім.).

«Сүлгі» сөзінің арғы түбірі «сүл» етістігі, ал тұңғыш мағынасы қазіргі біздің түсінігіміздегі «сұрту» болғандығын кейбір түркі тілдері әрі кетсе монғол тілінің дерегінен білеміз. Туваларда «чүлгүүр», ал монғол тілінде «зулгэх» сөздері біздегі «сұрту» дегенге нұсқайды (Рус.-тув. сл., 1980, 324; Қаз.-мон. сөз., 1977, 283). Мұн-



дағы сөз түбірлері бірінде — «чүл», екіншісінде — «зул» екендігі айтпаса да түсінікті. Қазақ тілінде бұл түбірлер «сүл» тұлғасында қалыптасып, -гі жұрнағы қосылу нәтижесінде «сүлгі» зат есімін тудырып, қазіргі ұғымымыз бойынша, сүртетін, сүртіп тазартатын нәрсе атауы.

**Сүліктей.** Түсіндірме сөздіктегі бұл сөздің мағынасы — жіңішке, жұмыр, жылтыр. «Наурызбай бас бәйгеге тігілген *сүліктей* қара су жорғаны жанындағы жолдасын жыққан айыбым деп, Ақбөкенге тартқан-ды (І. Есенберлин, Қаһар).

Түсіндірме сөздікте дәл осыған (сүліктейге) анықтама беруші автор сөз түбірін қан сорғыш құрт — сүлікпен байланысты қараған болса керек. Бүгінгі күнде, әділін айтсақ, бәріміз де «сүлік» дегенде соны ғана ұғынамыз. Өте ертеректе «сүліктің» басқа да мағынасы болғанын білмеу автордың кінәсі емес. Өйткені ғасырлар өткен сайын ол сөз дыбыстық өзгерістерге ұшырап, тұлғасын танытпастай түрге енген.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен «сүліктей» сөзінің төркіні дерліктей деректер жиі ұшырасады. Солардың бірінде сілік — таза; асыл; әсем, көркем мағыналарын білдіретіндігі айтылады да, VIII ғасырдағы Күлтегін құрметіне арналған ескерткіштен — «сілік қыз оғлуң күң болты» сөйлемін алып, «әсем қыз балаларың күң болды» деп аударған. Осы мағынада бұл сөз М. Қашқари сөздігінде де кездеседі (ДТС., 500). Шағатай сияқты түркі тілдерінде «сілі», «сіліг» тұлғалары өткен ғасырда да «таза, жарқылдаған, бедерсіз тегіс» мағыналарын сақтаған (В. Рад., Опыт..., IV, I, 712). Хакастарда «сіліг» сөзі «сұлулық, көркемдік» мағынасын ұғындырады (Хак.-рус. сл., 1953, 188).

Уақыт озған сайын сөздердің тұлғасы түгіл, мағынасына да өзгеріс еніп отыратыны бұрынғы жолдарда талай ескертілді. Сол сияқты ертедегі «сілік» дыбыс құрамындағы сөз бері келе, әсіресе, халықтар қалыптаса бастағаннан кейін тұлғасын түрлендіре түсіп, біздің тілімізде «сұлу» болып қалыптасқан. Өзгерістің бәрі тіл заңдылығынан ауа жайылмаған. Ертеректегі «еліг» сөзі — қазір бізде — елу, кейбір түркі тілдеріндегі — тағ, бізше — тау. Дауысты дыбыстардың бірінің орнына екіншісінің алмасуы тіпті оңай құбылыс. Осындай тәсілдер нәтижесінде ертедегі түркі тілдеріне ортақ — «сілік», қазақ тілінде «сілік» тұлғасына ауысқан. Байқауымызша, тенеу тудыратын -тей жұрнағы «сілік» сөзіне өте

ерте жармасып — «сіліктей», бері келе «сүліктей» ұқсату, бейнелеу тұлғасы жасалған.

Қорыта келгенде, «сүліктей» сөзін қазіргі тұрғыдан түсініктірек айтар болсақ «сұлудай» деген.

**Сүмесін.** Аталған сөз мағынасын «сүт, ақ; сүме» деп ұғындырады түсіндірме сөздік. Ал «сүме» сөзіне «сүт өнімі» деген анықтама береді. «Жалғыз сиыр мен екі-үш тұяқтың *сүмесіні* бір үйлі жанның ауыз шаюына да жетпейтін болған...» (З. Ақышев, Ақбел.).

Қазақ тіліндегі «сүмесін» сөзінің «сүт, ақ» мағыналарын беруі — соңғы дәуірдің жемісі.

М. Қашқари сөздігінде сума — ашытқы үшін буландыратын бидай немесе арпа (ДТС., 513). Буландырылған бидай немесе арпадан сөл бөлініп шығатыны өзінен-өзі белгілі. «Сүме» сөзінің «сөл, нәр» мағыналары осы кезге дейін түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреулерінде сақталған: монғолша «шим, сімэ»; буряттарда «шэмэ»; маньчжур тілінде «симэ» (ССТМЯ, II, 1977, 394; Э. Пек., СЯЯ, II, 1959, 2222); қалмақша «шим, шүүсін» (Рус.-кал. сл., 1964, 667). Якут тілінде де «сүмэсин» тұлғасы «сөл» мағынасында қолданылады. Мұның тұлғасы қазіргі біздің тіліміздегі сүмесінге өте жақын.

Аталған деректерді жинақтай айтқанда, қазіргі «сүсүме» «сүмесін» сөзінің шыққан төркіні — түркі, монғол, маньчжур тілдері де, ал тұңғыш мағынасы — «сөк, нәр, шырын».

**Сыбау.** Біреуді балағаттау, жаман сөздермен тілдеуді кейде осы сөз арқылы береміз. «Қасымдағы екі шалды да, әлгі екі жігітті де қайдағы бір жаман сөздермен балағаттап, *сыбап* алған» (С. Омаров, Қныр жол).

Дәл осы мағыналы сөзді арабтарда «сибаб» немесе «суббэ» сөздері береді (Араб.-рус. сл., I, 1970, 429). Демек, бұл сөз бізге арабтардан ауысқан. Араб, парсы тілдерінен қазақтарға ауысқан сөздерді түзуші авторлар кітабына кірмеген.

**Сыдырғы, бір сыдырғы.** Біздің тіліміздегі қазіргі мағынасы — бір шама, тәп-тәуір, әжептәуір. «Ол енді қараса, келіншектің *бір сыдырғы* көркі де бар екен» (М. Хасенов, Нартәуекел.).

Басқа түркі тілдерінің деректеріне үңілсек, бұл тұлғалы сөз, біріншіден, өзінің алдына «бір» сөзін салмайды, екіншіден, мағынасында да бірқатар ерекшелік барлығы сезіледі. Ноғай, құмық тілдерінде — біріншісін-

де — «сыдыра», екіншісінде — «сыдра» дыбыстық құрамдағы сөздер біздегі «рет, қатар» мағыналарында қолданылса (Ног.-рус. сл., 1963, 317; Кум.-рус. сл., 1969), якут тілінде «судургу» тұлғалы сөз қазақ тіліндегі «қарапайым, жай, кәдімгі» мағыналарды ұғындырады (Ә. Пек., СЯЯ, II, 1959, 2321; Як.-рус. сл., 1972, 340).

Тілімізде кейде «бір сыдырғы» орнына «бір қатар» деп те айта береміз. Бұл жағынан біздегі «сыдырғы» мағынасы ноғай тіліндегіге жақын келеді. Ал якут тіліндегіден алшақ. Басқа түркі тілдеріне қарағанда, якут тілінің өте көнелігін ескерсек, онда сөздің алғашқы мағынасы осы тілдегідей де, қазақ, құмық, ноғай тіліндегілер кейінірек пайда болған, туынды мағына.

**Сынтас.** Бұл сөздің түсіндірме сөздік бойынша, қазіргі түсінігі — ерте кездердегі адамдардың тастан қашап салған бейнесі; балбал. «Қыпшақтар өздерінің тастан салған сымбаттарын *сынтас* деп, яғни бейне деп атаған екен» (ҚазССР тарихы).

Сөздің екі түбірден құралғаны ескертпесе де түсінікті (сын+тас). Төркінін іздестіргелі отырғанымыз «сын» сөзі. Оның түпкі төркіні түркі тілі әрі алғашқы мағынасы өзгеше болғандығына деректі тағы да ертедегі түркі жазба ескерткіштері береді. М. Қашқари сөздігінде «сынқа кірүп керү йанмас» сөйлемінің аудармасы «(адам) молаға кірсе, қайтып оралмайды» делінген. Осындағы «сын» сөзін мола деп түсіндіреді (ДТС., 503). Ертедегі қыпшақтар тас кездескен жерде содан қашап өздерінің бейнелерін жасай бермеген болар. Оның жасалуына белгілі бір себеп әсер етсе керек. Себеп — соғыста, не өз ажалынан өлген белді адамдарының моласына ескерткіш орнату. Мұны дәлелдірек деректі осы күнгі түркі тілдерінің кейбіреуінен ұшыратамыз. Құмық тілінде «сын» — мола басындағы ескерткіш, ал «сынташ» — қабір, мола басындағы тас деген ұғымда қолданылады (Кум.-рус. сл., 1969). Енді бір түркі тілінде — ноғайларда «сынтас» тұлғасының мағынасы — мүсін, балбал (Ног.-рус. сл., 1963, 321). Бұл қазақ тіліндегі түсінікпен бірдей. Әрине, бұл жерде біз өте ертеректегі дерек мәліметіне сенімді молырақ артамыз. Қазақ, ноғай тілдеріндегі мағына кейін пайда болғанына дау айту қиын. Сөйтіп, «сынтас» дегеніміз бүгінгі түсінікке аударсақ — мола тас (мола басындағы тас).

**Сыңар.** Сөз мағынасы — екеудің бірі, егіздің серігі; «жалғыз» дегенмен бірдей екені әркімге аян. «Айырыл-

ған *сыңарынан* қоңыр қозым! Қайдасың қалқатайым? Күн мен айдың, Айтсаңшы, кездескенше көбіп-азың» (М. Әлімбаев, Өшпес от.).

«Сыңар» сөзінің ертедегі мағынасы өзгеше болған. Орхон-Енисей ескерткіштерінің біріндегі «сыңары бодун ічкіді» деген жазу қазақшаға аударғанда «халықтың жартысы (бізге) бағынды» дегенге мезгейді. Осындағы «сыңар» сөзінің мағынасын сөздікте «жарты» деп ұғындырады (ДТС., 504). Бұған сенбеске қақымыз жоқ әрі соны куәландыратын тағы бір дерек алдымыздан шығады. Қазіргі якут тілінде «аңар» тұлғасы «жарты» мағынасын ұғындырады (Як.-рус. сл., 1972, 43). Ертедегі жазба ескерткіш пен қазақ тілінде «сыңар», ал якуттарда неге «аңар» қалпында көрінуін түсіндіру артық.

Келтірілген деректерге сүйенгенде, қазіргі «сыңар» сөзінің ертедегі тұлғасы сақталған да, тек мағынасына ғана өзгеріс енген.

**Сыптай.** Түсіндірме сөздікте бұның екі мағынасы берілген: 1) Тартылған сымдай түп-түзу, оқтай. «Сонан кейін *сыптай* сымбатты теректер өскен қатармен жүріп отырды» (Қ. Әміров, Революция.); 2) қынап тігілген, тап-тар, құнтиған. «Қыздардың үшеуінің де кигені — *сыптай* трико шалбар» (Ө. Қанахин, Жүрек.). Бұл мағыналардың қайсысы да қазіргі түсінік.

Сөз түбірі «сып» қазіргі қазақ тілінде жеке қолданылмайды («сып етті», «сып берді» тіркестеріндегі «сыптың» табиғаты басқаша). Алайда, кейбір түркі тілдерінде дыбыстық құрамы жағынан «сып» сөзіне сәйкес тұлғалар өз алдына мағына меншіктеніп, жеке тұрып та қолданыла береді. Туваларда — «сып», хакасша — «сап», ноғай тілінде — «шаьп» (Рус.-тув. сл., 1980, 564; Хак.-рус. сл., 1953, 181; Ног.-рус. сл., 1963, 405). Осылардың бәрі мағынасы жағынан — сабақ, өсімдік сабағы деген түсінік береді. Әсіресе, тува тіліндегі «сып» — біздегі «сыптай» сөзінің түбіріне өте сәйкес.

Ертедегі түркі тілдері сөздігінде және тунгус-маньчжур тобындағы тілдерде де дыбысталуы жағынан ұқсас сөздер жоқ емес. Бірақ олардың мағынасы өзгеше реңкте, демек, туынды, ауыспалы мағынаны иеленген. М. Қашқари сөздігінде сып — тай (екі жастағы жылқы төлі) (ДТС., 504). Мұның өзі тай мүшесін өсімдік сабағымен теңеп, көркем көрсету нәтижесі деуге болады («кұлын мүшелі» дегенді еске алайық). Тунгус-маньчжур тілдерінің біріндегі «сырғауыл» (жіңішке ағаш)

мағынасын беретін «сииптэ» сөзін «сыптай» тұлғасындағы «сып»-пен жанастыру да қисынсыз болмас (ССТМЯ, II, 1977, 93).

Осыларды ескере келіп, тіліміздегі «сыптай» сөзінің мағынасы — түзулік, биік көркемдігін өсімдік сабағымен салыстырудан пайда болған демекпіз.

**Сіле, ішек-сілесі қату.** Ішегі түйілгенше күлуді кейде «ішек-сілесі қатты» деген қос сөзді трікеспен де ұғындырамыз. «Вагоннан үшеуіміз шыққанда, көршілес купе-лерде біздің жайымызды білетін адамдар *ішек-сілесі қатып* күліп қоя берді» (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» (1966, 179—180) «сіле» сөзінің қатысымен жасалған «сілесі қатты», «ішек-сілесі қатты», «сілесі құрыды» іспеттес тұрақты сөз тіркестерінің төркінін іздестіруші автор түркі, монғол тілдеріндегі «эл, күш, жүйке тамыр, желке тамыр» мағыналарын беретін «сілеге» сәйкес тұлғаларды дерек ретінде алып, «ішек-сілесі қатты» фразеологиясын да солармен байланыстыра қарайды. Біздің байқауымызша, «сілесі қатты», «сілесі құрыды» деген тіркестердегі «сілені» автор көрсеткен тілдік мәліметтермен жұғыстыруға болғанмен — «ішек-сілесі қатты»-ны олармен қатар қоюға реті келмейтін сияқты. Бұнда тек қана «сіле» емес, «қатты» етістігінің де төркініне көңіл аудару қажеттігі туатын тәрізді.

Әдетте, тіл заңдылығы бойынша, қос сөз құрамындағы сөздер мағына жағынан өте жақын болып келіп отырады (жақын-жуық, ілік-шатыс т. б.). Тіпті екінші сыңары түсініксіз деп саналатындары да төркінін аша келгенде мағына жағынан бірдей болады. Мысалы, балашаға, қыз-қырқын сияқты қос сөздердегі соңғы «шаға», «қырқын» сыңарларының алғашқысы, түрікмен тілінде — бала, соңғысы, чуваштарда — қыз мағыналарын ұғындырады. Біздің тілімізде олардың мағыналары ұмытылған.

Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында «сила», «силуқта» тұлғалы сөздер біздің түсінігіміздегі «ішек» мағынасында айтылады (ССТМЯ, II, 1977, 85). Берегірек келсек, түркі тілдерінің бірі — туваларда «шөйүндү» сөзі де «ішек» деген ұғымда қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 212). Дыбыс сәйкестіктері нәтижесінде «сила», «шөйүндү» тұлғалары біздегі қос сөздің екінші сыңары болып отырған «сіле» қалпына жеткен. Осы тілдік деректерге сүйене келіп, «ішек-сіле»-ні «ішек-іш-

ек» деп ұғынуға болады. Демек, қайталама қос сөз екен.

Енді тұрақты тіркестің соңғы — «қатты» сөзін іздестіргенімізде оның да төркінін ертедегі түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінен ұшыратамыз. М. Қашқари кезінде түркі тілдерінде «қат-ғур» немесе «қатур» тұлғалы сөздер «қарқылдап күлу, күлкіге кенелу» мағыналарында айтылатын болған (ДТС, 433, 436). Қазіргі алтай тілінің туба-кижи диалектісінде «қатқы» сөзі біздегі «күлкі» мағынасы орнына жұмсалады (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 125).

Сөздің тобықтай түйініне тоқталғанда мынаны байқаймыз. Адам аса көңілдене күлгенде оның белгісі тек бет пішінде ғана сезілмей, бүкіл денесіне әсер ететіні белгілі. Қарқылдап күлкіге кенелген адамның иығына дейін солқылдайтыны да бар. Күлкінің осы қалпын бейнелеуде кейде «ішегі түйілгенше күлді» деу де тілімізде жиі кездеседі. Дәл осындай бейнелеудің бірі — «ішексілесі қатты». Демек, адам өзі күліп қана қоймай, «ішек-ішегіне дейін күллі» деген ұғымның ертедегі тұлғасы.

## Т

**Табанды.** Дәл осы тұлғалы сөз түсіндірме сөздікте — алған бетінен қайтпайтын тұрақты, сөзіне, уәдесіне берік мағынасында көрінеді. «Бұл шығармада қажырлы ерлердің, *табанды* большевиктердің кескіні-кейпі көрсетіледі» (Ғ. Мүсірепов, Суреткер).

Сөз төркіні парсы тілінен екенін бірден айтуға болады. Өйткені Сібірдегі түркі тілдері мен монғол тобындағы тілдерде бұл тұлғалас сөздер ұшыраспайды. Парсыларда таб — төзімді, шыдамды, берік; қарсы тұруға қабілетті деген ұғымға ие болса, тәбан — қуат, күш дегенге нұсқайды (Пер.-рус. сл., I, 1983, 340, 406). Әсіресе, соңғы «тәбан» сөзі қазақ тілінде -ды қосымшасын қабылдап, қазақ тіліндегі «мықты, төзімді» сөздерінің синониміне айналғаны көрініп тұр.

Қазақ тіліне араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер жөнінде кітап жазған авторлардың тізіміне ілінбеген. Сол себептен де біз сңбегімізге кіргізіп отырмыз.

**Тайшы.** Түсіндірме не орфографиялық сөздіктерде бұл тұлғалы сөз кездеспейді. Ол заңды да. Өйткені бүкіл халық аузындағы сөзді жинақтап хатқа түсіру қиын іс. Дегенмен, ел арасында ақсақал, қариялардың айтуынан «*тайшы* атағымыз болмаса да, қойшы атағымыз бар» деген мақалды құлағымыз шалғаны бар. «Қойшы-

сы» түсінікті, бірақ мал баққан қазақтарда тайды бөліп алып бағу кәсібі болмағандықтан «тайшы» деген атау болуы да мүмкін емес, бұл не сөз болды екен деп те ойлайсың.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде осы тұлғалы сөзді кездестіргенде көне түркі тайпалары тілінде қолданылғанына күмән келтіру қиын. Тайшы — 1. аға ұстаз, оқытушы; 2. атақты, әйгілі адам (ДТС., 528). Монғол тілінде тайж — ақ сүйек (дворянин) (Қаз.-мон. сөз., 1977, 89), маньчжурларда тайдзи — тахтың мұрагері (ССТМЯ, II, 1977, 152). Көрсетілген тілдердің қайсысында болмасын сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасына өзгерістер кірген. Сөздің шыққан төркіні — қытай тілі. Оларда «тайцзы» — тахтың мұрагері дегенді білдірсе, «тайцзу» тұлғасы — династияның негізін құрушы (ССТМЯ, II, 1977, 152).

Сонда бізге жеткен мақалдың түсінігін қазіргіше айтсақ — «әйгілі атағымыз болмаса да, қойшы атағымыз бар» дегенді аңғартады.

**Тақыр.** Құлаққа бұл сөз шалынғанда есімізге ешқандай өсімдік өспейтін қуқыл жер түседі. «Құм болғанда құстың қанатын қиып, тұлпардың тұяғын тілетін тақыр жер» (Н. Әбуталиев, Сахара сыйы.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде ұшыраспауына қарағанда, түркі тілдеріне, оның ішінде қазақтарға жүйесі басқа тілден, туралап айтсақ, парсылардан ауысқандығы байқалады. Бірақ мағына жағынан әжептәуір өзгеріске душар болған. Парсы тілінде «таһэр» біздегі «таза, бұзылмаған», «былғанбаған» мағыналары орнына қолданылады (Пер.-рус. сл., II, 1983, 151). Жер бедері — «тақыр», парсы тіліндегі мағынаны елестету, бейнелеуден туған.

**Талай.** Әлденеше, бірнеше; көптеген сөздерінің мағынасын беруде осы сөз де қолданылады. «Талай» сөзінің бұдан басқа да ауыспалы мағыналары тілімізде баршылық. «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» (Абай, Шығ. жин.).

«Талай» сөзінің шыққан төркіні — араб тілі. Олардағы мағынасы өзгешелеу: тала — ұзақ; созылу, ұзару. (Араб.-рус. сл., II, 1970, 617, 618).

**Таңсық.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы: 1) жеңсік, құмар, әуес; 2) қат, зәру. «Қысы-жазы дастарқанымызда таңсық дәм тұрса жараспай ма» (Т. Иманбеков, Тұт.).



Аталған мағыналардың қайсысы болмасын тілімізде кейін пайда болған. Кейбір түркі тілдеріндегі мағынасы қазақ тіліндегіден срекшелену. Қазан татарларында «таңсық» тұлғасы «сирек кездесетін» мағынасында (В. Рад. Опыт..., III, 1, 834), якут тілінде «тоңсуқ» сөзі «жаңалық», «сиректік» ұғымдарында қолданылады (Э. Пек., СЯЯ, III, 1959, 2732).

«Таңсық» сөзінің өте ертеден түркі тілдерінің меншігі екендігін жазба ескерткіштер еске салады. Алғашқы тұлғасы да ықшамдау болған. Көне ескерткіштерімізде «таң» сөзінің екі мағынасын оқимыз: бірінші — ғажап, керемет; екіншісі — таңданарлық, дағдыдан тыс. Қазіргі біз қолданып жүрген «таңсық» сөзінің өзі «таң» түбірінен туындағанын осында кездесетін «таң-таңсуқ» қос сөзі-ақ нұсқап тұр (ДТС., 532). Әрине, «таңдану» кейінгі мағына екені айтпаса да түсінікті. Өйткені бұл етістіктің тууына себепші — нәрсенің не құбылыстың ғажаптығы мен кереметтігі десек, теріс болмас.

**Тапа, тапа тал түс.** Түсіндірме сөздіктегі түсінік — шаңқай түс. «Дені сау адам *тапа тал түсте* із-тозсыз жоғалады деген не сұмдық» (Е. Оразақов, Дәрігер.).

Бұл сөз тіркесіндегі бізге мағынасы түсініксіз — «тапа». Ал қалған «тал түс» сөздерінің төркінін іздеп жатудың қажеті шамалы. Өйткені екеуі де өте ертеден қолданылып келе жатқан сөздер (ДТС., 600).

Кейбір деректерге қарағанда, «тапа» сөзін «дапа» тұлғасымен байланыстырған жөн сияқты. Қырғыз тілінде «дапа» — мезгіл, уақыт мағынасында қолданылады. Қырғыздарға бұл сөздің арабтардан ауысқаны белгіленген (К. Юд. КРС., 1965, 185). Егер осы мәлімет бойынша, түсінігін жеңілдетсек, «тапа тал түс» — «уақыт дәл түс» дегенмен бірдей.

**Таралғы.** Үзеңгіні ерге жалғастыратын, айылбасы бар қайыс бау. «*Таралғысы* жұмсақ қоңыр былғарыдан жасалыпты» (М. Әбдіхалықов, Алыстағы.).

Қазір бізде қолданылып жүрген «үзеңгі» сөзінің мағынасын монғолдарда «дөрөө» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 333), қалмақ тілінде «дөрә» (Рус.-кал. сл., 1964, 689) тұлғалары ұғындырады. Сондай-ақ, монғолдар мен қалмақтарда «баспалдақ» мағынасын да, біріншісінде — «даруулга», екіншісінде — «дөрә» дыбыс құрамындағы сөздер бере алады (Мон.-каз. сөз., 1954, 76; Рус.-кал., 1964, 269).

Осыған қарағанда, өте ерте заманда «үзеңгі» сөзі

қазақтарда да «таралғы» қалпында аталуы мүмкін. Кейін тілімізге парсы тілінен ауысқан «зинэ» (баспалдақ) сөзі (Л. Буд., Срав..., I, 610) біздің тілімізде «үзеңгі» қалпына дейін өзгерумен бірге «таралғының» бұрынғы мағынасын иеленіп, соңғының (таралғының) қайыс бауға атау болуын белгілеген.

Келтірілген тілдік деректер «таралғы» сөзінің төркіні — монғол тілдері, ал тұңғыш мағынасы «үзеңгі», одан кейін сол тілдерде «баспалдақты» қоса иемденіп, қазақ тілінде ер мен үзеңгіні жалғастыратын қайыс бау ұғымын беретін болып қалыптасқанын дәлелдейді.

**Тары-талқан.** Қазіргі кезде бұл қос сөз мағынасын — тары және оның жармасы, тарыдан жасалған азық, тағам деп қана түсінеміз. «Талшық етер *тары-талқан* жетерлік» («Қаз. әдеб.»).

Ең алдымен қос сөздің бірінші сыңары — «тары» туралы талдау жүргізсек, түркі тілдеріндегі оның алғашқы тұлғасы дәл осындай болғанымен, мағынасы — себу, егу дегенді білдірген. Сол дәуірдің (ертеде) өзінде-ақ, «тары» түбіріне -ғ жұрнағы қосылған соң, бірінші мағынасы — дән, астық түсініктерін берсе, екінші ұғымы — қазіргі қолданылып жүрген «тары» мағынасында қалған (ДТС., 537).

Осы күнгі хакас тілінде «тары» — себу, егу; «тарығ» — егін болып, ертедегі тұлғасы мен мағынасын сақтап қалған (Хак.-рус. сл., 1953, 220).

Қос сөздің екінші сыңары — «талқан» қазақ тілінде ерте кездегі мағынасын сол күйінде сақтаған (ДТС, 529). Алайда туыс тілдердің кейбіреуінде, әсіресе, монғол тобындағы тілдерде «талқанның» кейде тұлғасымен бірге мағынасына да жаңалық енген. Мысалы, монғол тілінде «талх» сөзі біздің түсінігіміздегі «нанды» білдірсе (Қаз.-мон. сөз., 1977, 226), бурят тілінің бір диалектінде әңгіме болып отырған қос сөзіміз «таряа талхан» түрінде қалыптасып, «егін өнімі» сияқты жалпы мағына меншіктенген (ИБГ, I, 1965, 93).

**Тату, қымыздың татуы.** Қымыздың дәмі бұзылып, ішуге жарамсыз болуын осылай атайды. «*Қымыз татып кетті*» (Б. Майлин, Шығ.).

Әдетте, ішуге жарамайтын тамақ болса, «бұзылған, иістенген» сияқты сөздермен тіркестіре айтамыз да, қымыз көп тұрып бұзылса, оған тек қана «таты» сөзін таңуымыздың себебі не? Бұған жауап беру үшін сол сөздің тарихына үңілу керек сияқты.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде «татығ» сөзі «астың дәмі» мағынасынан басқа, «тәтті» деген ұғымда да қолданылған (ДТС., 541). Сөз жоқ, ертедегі «татығ», қазіргі «тәтті» бір түбірдің жемісі екені ешкімге де жұмбақ емес. Солай бола тұрса да, дәмі жағынан жағымдылықты ұғындыратын «тәтті» немесе ерте кездегі «татығ» сөзінің қымызға телінуінің себебі — бұзылған қымыздың белгісі оның дәмінің тәттірек болуымен ғана ажыратылады. Осылайша «татыған қымыз» тіркесі «тәттірек қымыз» дегенге нұсқаса, оны «бұзылған қымыз» деп ұғыну қалыптасқан.

**Таяу.** Жақындау, жету сөздерінің синонимі ретінде қолданылады. «Жаудың алды бізге *таяп* қалды» (Н. Көшекбаев, Қарулас.).

Қазіргі түсінігімізде «таяп қалды», «таяу келді» сияқты тіркестер біз үшін жалпы ұғым. Өйткені «таяу келді» дегенде ешқандай өлшем, мөлшер жоқ. Ал ертедегі түркі тайпаларының тілінде «таяп қалды» десе, санауға боларлықтай белгілі бір қашықтық өлшемін ұғынған. М. Қашқари заманында «тада» тұлғалы сөз «он қадам алыстық» мағынасында қолданған (ДТС, 526). Ертедегі «тада» сөзінің біздің тілімізде «тайа» тұлғасына жетуі көп дәлелді тілеп жатпайды. Өйткені түркі тілдері заңдылығында «д», «т», «з», «й» дыбыстары бірін-бірі алмастыра береді (біздегі «айақ» басқа түркі тілдерінің бірінде — адақ, екіншісінде — атақ, үшіншісінде — азақ). Сөйтіп, «таяу» дегеніміз бүгінгі түсінігіміз бойынша, «он метр жақындық» екен.

**Тәрізді.** Бұл сөз тілімізде сияқты, секілді, сәйкес, ұқсас сөздерінің орнына қолданыла береді. «Олар дүниеге жаңа келген нәресте *тәрізді*» (Д. Әбілев, Арман.).

Сөздің алғашқы шыққан төркіні — араб тілі. Арабша «тариз» тұлғасындағы сөз біздің түсінігіміздегі «түр, бейне, қалып» мағыналарының орнына қолданылады. Арабтың бұл сөзі Сібірдегі түркі тілдеріне тармаған. Тек қазақ, қырғыз т. б. тілдерге ауысып қалыптасқан. Қырғыз тілінде де «тариз» тұлғасы кейде араб тіліндегі мағынасында көрінеді (К. Юд., КРС., 1965, 707). Қазақ тілінде бұл сөздің «сияқты», «секілді» сөздерінің орнына жүруін дәлелдеп жату қажет бола қоймас. Өйткені, бір нәрсені екінші нәрсеге ұқсатудың ең басты шарты — солардың сыртқы бейне, түрі, қалпымен байланысты екенін ұмытпасақ болды. Осы себептен де «сәйкес, сияқты»

сөздері орнына «бейнелес», «қалыптас» деп айта береміз.

**Төбірену.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — бір нәрсеге жан дүниесі толқу, толғану. «Азын-аулақ өмірдің ішінде *тебірене* еске алатын сәттердің болғаны да жақсы екен-ау» (Ш. Құмарова, Қос шынар). Осы сөйлемде «тебірене» сөзі, сөз жоқ, қазіргі түсінігіміздегі «толғана» мағынасына сәйкес. Бірақ бұл тіл даму нәтижесіндегі кейінгі, туынды ұғым.

Ертедегі түркі тілдерінде «тебрэ» сөзінің 4-5 мағынасы болған. Солардың ішінде алғашқысы — қазіргі түсінігіміздегі — «қимылдау, қозғалу» (ДТС, 546). Ертедегі осы мағына қазіргі түркі тілдерінің кейбіреуінде сақталған. В. Радлов сөздігінде шағатай тілінде «тэбрэн» — қозғалу, қимылдауды аңғартқан (В. Рад. Опыт..., III, 1, 1124). Қазіргі хакас тілінде де «тибіре», «тибірен» сөздері дәл осы көрсетілген мағыналарда қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 224).

Қазіргі қолданылып жүрген «тебірену» сөзінің төркіні — түркі тілдері, ал тұңғыш мағынасы — қозғалу, қимылдау.

**Телегей-теңіз.** Қос сөздің осы күнгі тіліміздегі мағынасы — ұшы-қиыры жоқ, көз жеткісіз немесе орасан көп, ессіз. «Біреуге бір ауыз сөз айтпайтын тұйық адамның мұншалықты *телегей-теңіз* біліміне қайран қалды» (Е. Домбаев, Фашықтық.).

Қос сөздің бірінші сыңарының төркіні жөнінде бұдан бұрын да әңгіме қозғаған автор болған (ҚТҚЭС., 1966, 185). «Телегей» сөзінің алғашқы мағынасы жер кеңістігімен байланысты екендігін анықтай түсетін тілдік деректерді тағы да ұсына кетуді орынды санадық. Якут тілінде «дэлегей» сөзінің бір мағынасы «кең, байтақ» дегендерге нұсқайды. Осы тұлға, мағынасымен қоса якут тілінен кейбір маньчжур-тунгус тілдеріне өткен (ССТМЯ, I, 1975, 233, 234), Әр кезде «кеңдік, көлем» сөздерінің жермен, соның өлшемі аңғартумен байланысты қолданылатынын да ескерген дұрыс. Бұл ретте тағы бір тіл дерегі келіп килігеді. Монғол тілінде «жер» мағынасын «дэлхий» сөзі де бере алады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 122). Бұған бой ұрсақ, «телегей» сөзінің алғашқы түбірі «дэл» болғандығы күмән тудырмайды. Еске сала кететін тағы бір мәлімет — якуттарда «дэлэгэй» сөзінің мағынасы біздің қазіргі тіліміздегі «телегейдің» ұғындыратын «жеткілікті».

молшылық» дегенге нұсқайды. Әрине, якут тіліндегі бұл сөздің мағынасы да — біздегі сияқты ауыспалы мағына.

Сөйтін, қос сөздің бірінші сыңары, «телегей» — байтақ, кең жер ұғымымен тең деп қараймыз.

«Теңіз» — қос сөздің екінші сыңары. Қолда бар азын-аулақ деректерге сүйеніп, бұның да төркініне жорамал жасай кетейік. Хакас тілінде «теңіс» сөзі біздегі «мұхит» мағынасында қолданылады. Оның өзі екі түбірден құралғандығынан хабар аламыз. Біріншісі: тинь — тегіс мағынасын берсе, екіншісі: іс — сол тілде «су» мағынасын беретін «ус»-тың дыбыстық өзгеріске түскен түрі (Хак.-рус. сл., 1953, 225). Хакас тілінің дерегі бойынша, «теңіз» дегеніміздің ертедегі мағынасы — «тегіс су» болмақ.

Деректерді ықшамдап, түйіндей сөйлесек, «телегей-теңіз» қос сөзіміз — «жер-теңіз», қарапайымырақ айтсақ, «жер-су» дегеннің баламасы. Аспан кеңістігіндегі планеталарды қоспай, өзіміз өмір сүріп отырған планетамызда ұшы-қиыры жоқ, көз жетпес нәрсе не десек, жер мен су деп қана жауап беруге болады. Әр нәрсенің молдығын жер мен су мөлшерімен салыстырудан келіп, олардың ертедегі атауы «телегей-теңіз» молдықты ұғындыратын атау болып қалыптасқан.

**Телі-тентек.** Есер, есуас, содыр-сотқар адам кейде осы қос сөзбен де сипатталады. «Қарсылық күнде қылған *телі-тентек* Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр (Абай, Тол. жин.).

Екі сөздің де ерте заманда берген мағынасы біздің тілімізде көп өзгере қоймаған. Тек қос сөздің алғашқы сыңары қазір жеке тұрып өз мағынасында қолданылмайды. Ал кейбір түркі тілдерінде «телі» тұлғалас сөз жеке тұрып та тиісті мағынасын береді. Башқұрт тілінде «тиле» (Башк.-рус. сл., 1958, 525), қырғыздарда «тели» (К. Юд., КРС., 1965, 721), телеуітше «телі» (В. Рад., Опыт..., III, 1, 1083), ноғайларда «дели» (Ног.-рус. сл., 1963, 99), хакастарда қолданылысында «теліг» (Хак.-рус. сл., 1953, 223) сөздері біздің түсінігіміздегі «ақымақ, есі ауысқан, жынды, топас» тәрізді жағымсыз мағыналарда жұмсалады. Демек, бұл тілдерде ертедегі түркі тілдерінде қолданылған «телу» (мағынасы — жарымес) сөзінің дербестігі сақталған (ДТС, 1969, 551).

«Тентек» сөзі алтай тілінің туба-кижи диалектісінде «тенек» (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 154), монғолдарда «тэнэг», бурятша «тэнэг» (ССТМЯ, II, 1977, 236), қалмақ тілінде

«тенг» (Рус.-кал. сл., 1964, 153) тұлғаларында көрініп, мағынасы біздің тіліміздегідей. Бұл деректерден «тен-тек» сөзі әуелден түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақтығы байқалады. Сонымен «телі-тентек» қос сөзі «ақымақ-ақымақ» дегенге нұсқайды.

**Тесірею.** Көз алмай тесіле, қадала қарау мағынасы осы сөзбен де айтылады. «Мені көзімен атып жіберетіндей тесірейеді» (А. Жақсыбаев, Менің дос.):

Сөз төркінін монғол тілдері деп жорамалдауға жол бердік. Монғолдарда «тэсрэх» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 206), қалмақ тілінде «тасрх» (Рус.-кал. сл., 1964, 274) дыбыстық құрамындағы сөздер қазақ тіліндегі «атылу, жарылу, шытынау» іспеттес мағыналарда қолданылады. Кейде тілімізде «көзімен ату» тіркесі жақтырмай, тесіле қарау орнына жүреді. Осы тіркесті (көзімен ату), «тесірейе қарады» десек те айтқалы отырған ойдың мәніне нұқсан келмейді. Осы себептен де «тесірею» — біздің тілімізде «көзімен ату» тіркесімен мәндес.

**Тоғышар.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — ой өрісі тар, ұсақ (адам). «Ол — өз заманында көп тоғышармен жалғыз алысқан жан, айтар сөз көп» (С. Талжанов, Ұлдай.). «Ораздының баласы он үшінде баспын дер, тоғышардың баласы жиырма бесінде жаспын дер» сияқты халық арасында мақал да бар.

«Оразды» сөзінің төркіні жөнінде жазған автор бар (Р. Сыздықова, Сөздер сөйлейді, 1980, 98). Сондықтан біз тек «тоғышар» төркініне іздеу саламыз.

Бір тілдік деректе «тучар» тұлғасына «сауда адамы» (купец) деген мағына береді де, араб тілінен ауысқандығы айтылады (В. Радлов, Опыт..., III, 2, 1498). Саудамен айналысқан адам сол кәсібiнен басқа нәрсеге зейiн қоймауын ескерсек, қазiргi түсiнiгiмiздегi тоғышар сипатына сай келетiндiгi көрiнедi. Бұл — бiрiншi жорамал. «Тоғышар» сөзiнiң төркіні дерлік мәліметті монғол тобындағы тілдерден де ұшыратамыз. Монғолша «догшин» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 77), қалмақ тілінде «догшарх» (Рус.-калм. сл., 1964, 634) сөздері — бiрiншiсiнде — «мейiрiмсiз, қатал», екiншiсiнде — «мейiрiмсiздiк, қаталдық жасау» мағыналарында қолданылады. Ойлап қараған жанға мұндай қылықтар жасау да ой өрiсi тар адамдарға тән. Бұл дерек бойынша, бiздегi «тоғышар» төркіні монғол, қалмақ тілдері деуге тура келеді. Ой елегiнен өткiзе келгенде соңғы болжам шындыққа жақын, жана-

са түсетін сияқты. Сонда «тоғышардың» алғашқы мағынасы — қатал, мейірімсіз, дөрекі.

**Той.** Бүгінгі күнгі түсінігімізде бұл сөздің мағынасы — қуанышты жайға байланысты ел шақырылып өткізілетін ырду-дырдулы жиын, ойын-тамаша. «Күн батқан соң-ақ үйде үлкен *той* басталады» (І. Жансүгіров, Шығ.).

Бір себептен «той» сөзінің төркінін іздестіріп, тарихына барудың да онша ділгерлігі жоқ сияқты. Өйткені, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де «той» тұлғалы сөз дәл қазіргі мағынасында қолданылған (ДТС., 572). Тек қазақ тілінде ғана емес, түрікмен, қырғыз, хакас, тува сияқты басқа да түркі тілдерінде осы тұлға мен мағына сақталған.

Іздестіре, зер сала қарағанда мына сияқты мәліметтер де ұшырасып, «той» сөзінің төркіні жөнінде ой салады. Біріншіден, көне түркі жазба ескерткіштерінде «тойдың» біз білетін — шамадан тыс ішіп-жеу мағынасынан басқа, көңіл тоқтатарлық деректің бірі — оның («той» сөзінің) «жиын, топ» ұғымында қолданылуы (ДТС., 572). Екіншіден, тунгус-маньчжур тобына жататын нанай, негидал, орок, орош, ульч, эвен, эвенкі тілдерінде «төй», «туйу» дыбыс құрамындағы сөздер біздің тіліміздегі «қонақ етіп, сыйлау, құрмет көрсету» мағыналарында жұмсалады (ССТМЯ, II, 1977, 206).

Енді осы тілдік деректерді жинастыра келгенде «тойдың» үш түрлі мағынасына тап болып отырмыз. Біріншісі — қарынды толтыра тамақ ішу. Бұл мағына түркі тілінде қазір де, ерте заманда да қолданылған (ДТС., 572). Екіншісі — жоғарыда көрсетілген, «жиын, топ». Үшіншісі — тунгус-маньчжур тілдеріндегі — «қонақ ету, сыйлау, құрмет көрсету». Осы үш түрлі мағынаның бәрі қуанышқа арналған мерекеді кездесетінін түсіндіру артық. Онда жиын, топ та бар, онда құрмет көрсете сыйлау басты қағида, онда жиналған топтың қарын толтыра ішіп-жеуге де еркі мол.

Біздің ойымызша, мағына жағынан тығыз байланысты үш «той» тұлғасы бастарын қоса келгенде, қуанышқа арналған мерекенің басты белгілерін құрастырып тұрғандықтан оның да атауын «той» деп тағайындауға тура келген. Осылайша жиналып, бас қосып, ойын-сауық, ішіп-жеммен өтетін, сый-сыяпат көретін қуанышымыз «той» атауын алған.

**Тоқал.** Тілімізде бұл сөздің, мағына жағынан, бірше-



бірі онша жуыса бермейтін екі түрі бар. Оның бірі: тоқал — мүйізі жоқ, тұқыл. «...көршінің тоқал сиыры да маңғаз басып, өріске беттеп барады» (Д. Досжанов, Кісі.).

Түркі тілдері ішінде бұл сөз (токол) осы мағынада қырғыз тілінде де бар (К. Юд., КРС., 1965, 743).

Көне түркі жазба ескерткіштерінің ішінде М. Қашқари сөздігінде «тоқ» және «тоқлуқ» тәрізді екі түрлі дыбыстық құрамда кездестірсек те мағына бірлігін көреміз — 1. қасқа; 2. мүйізсіз дегенді білдіреді. Сондай-ақ, М. Қашқари сөздің алғашқы шыққан төркіні қытай тілі екендігін көрсете кетеді. Қытай тілінде «ту», «thog» тұлғалары — «қасқа», «мүйізсіз» мағыналарын берген (ДТС., 576, 577). Осыған қарағанда, ертеректе тек мүйізі жоқ емес, шашы жоқ жан несі де «тоқал» аталғандығын аңғарамыз.

«Тоқал» сөзінің тағы бір мағынасы — түсіндірме сөздікте — қатын үстіне алған әйел. «Нұртаза әлгі әзірде тоқалының үйінен шығып, ...екі шақырымдай жердегі қойлы ауылға келген» (С. Жүнісов, Ақан сері.).

Біздің байқауымызша, мына «тоқал» тұлғасының «мүйізсіз» ұғымын беретін «тоқал» сөзімен мағына жағынан ешбір байланысы болу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан сөз төркінін басқаша іздестірген жөн болмақ.

Парсы тілінде біздегі «екі» мағынасын «до» тұлғалы сөз берсе, «екілік», «екінші» ұғымдарын «дохал» сөзі түсіндіреді (Пер.-рус. сл., I, 1983, 669, 672). «Дохал» сөзі кейбір түркі тілдеріне ауысып, «тоқал әйел» тіркесі пайда болып, кейін «әйел» сөзі түсіріліп, «тоқал» қалыптасуы ғажап емес. Бұл тұрғыдан қарағанда «тоқал әйел» біздің қазіргі түсінігімізге аударғанда «екінші әйел» болады. Бәйбішеден (қараңыз «бәйбіше» сөзінің төркінін) кейінгі алған әйелдің «екінші» болып аталуы да дағдыдан тыс көрінбесе керек.

**Тоқпақ, тоқпақ жілік.** Түсіндірме сөздікте — жауырын мен кәрі жілік аралығындағы жілік деп анықтама берілген. «Ал қара бала... тоқпақ жілікті аштан келгендей боп, ...сирек тістерімен жұлмалап жатыр» (Ә. Нұршайықов, Батыр.).

Тіліміздегі «жілік» өзінің орналасқан орнына не бойындағы басқа белгілеріне қарай, «кәрі жілік», «асық жілік», «ортан жілік», «тоқпақ жілік» сияқты атаулар меншіктенеді. Осылардың ішінде біздің сөз етпегіміз соңғысы.

Біздің топшылауымызша, жіліктің бұл түрі өз атауын түр-тұлғасына байланысты меншіктенген сияқты. Ол басқа жіліктерге қарағанда пішін жағынан қысқа болса да, жуандау, дөңестеу, томпақтау жаратылған. Міне осы тұлғасы оның атауын тудырған. Хакас тілінде «тоқпай» — ісіну, дөңестену, ал «тохпах» — дөңес, томпақ мағыналарын мезгейді (Хак.-рус. сл., 1953, 233, 234). Ойымыздың оғаш еместігін, асығы бар жіліктің — «асық жілік», жамбас пен асық жілік ортасында орналасқан жіліктің — «ортан жілік» аталулары куәландырғандай. Дәл сол сияқты, өзінің тұлғасына (дөңестігі мен томпақтығына) қарай «тоқпақ жілік» есімін алуға қақысы бар сияқты.

**Томаға, томаға-тұйық.** Ешқандай аралас-құраластығы жоқ, бір шет, оқшау, қағыс деген түсінік берілген (түсіндірме сөздікте). «Ағажайдың өз-өзінен тыртысып томаға-тұйық жүруі осыдан да шығар» (О. Бөкеев, Қайдасың.).

Біздің іздестіргелі отырғанымыз қос сөздің алғашқы сыңары «томаға» тұлғасының төркіні.

М. Қашқари сөздігінде «томлығ» дыбыс құрамындағы тұлғаның бірінші мағынасы — суық, салқын болса, туынды, ауыспалы түсінігі — көңілсіздік, қаталдық (ДТС., 574). Қазіргі түркі тілдері ішінде туваларда дәл осындай мағынаны «дүмбей» (Тув.-рус. сл., 1980, 261) сөзі береді. Енді бір түркі тілдерінде, атап айтсақ, құмықтарда мағына ауысуы алшақтай түсіп, «томақ» тұлғасы — «топас» (Кум.-рус. сл., 1969), татарларда «тома» — жан-жағы бітеу (Тат.-рус. сл., 1966, 544) іспеттес түсінікке нұсқайтын болған. Осылардың қай-қайсысының да тұңғыш түбірі — «том», ал бірінші мағынасы — «суық» (ДТС., 574). Бертін келе ол тұлғасын өзгерте түсіп, кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, алғашқы «суық» мағынасы адам мінезіндегі «жабырқаңқылық, көңілсіздікті» бейнелеп көрсету қызметін атқаруға көшкендігін байқаймыз. Бұл жорамалымыз бойынша, «томаға-тұйық» қос сөзін мағына жағынан «салқын-тұйық» деп айтуға да болады.

Тіліміздегі «томыртқа» аталатын («Түсіндірме сөздіктің» 9-томын қараңыз) сусын түрінің де төркінін ертедегі «том» (суық) сөзімен байланыстыра қарау теріске соқпайды.

**Тонқылдақ.** Ол томдық түсіндірме сөздікте бұл тұлғалы сөздің тек дыбысқа еліктеуден пайда болған —

«тоңқылдау» етістігі мен «тоңқылдақ» сын есімі мағыналарына ғана анықтама берілген.

Біздің төркішін әңгімелеселі отырғанымыз — ертегі кейіпкерлері «тоғыз тоңқылдақ...».

Алтай, шор, сағай сияқты түркі тілдеріндегі «тоң» сөзінің мағыналарының бірі — дөрекі (В. Рад., Опыт..., III, 1, 1170). Якут тілінде: тоң — білмейтін, ал тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде осы тұлғалас сөз «олақ, тәжірибесіз» мағыналарын түсіндіреді (ССТМЯ, II, 1977, 197). Бұл деректерден аңғарарымыз «тоңқылдақ» сөзінің алғашқы түбірі — «тоң», мағынасы — олақ, дөрекілік екендігі. Чуваш тілі де якут тілі сияқты өте көне тілдердің біріне саналады. Сондықтан да болар «тоң» сөзіне жұрнақтар қосылып, жаңа мағынаға ие болғанын чуваш тілінен табамыз. Онда «тункалтак» сөзінің «есуас, ақымақ» деген мағынасын кездестіреміз (Л. Серг., ДСЧЯ, 1968, 72). Соңғы дерек бойынша, «тоғыз тоңқылдақ...» — «тоғыз есуас» немесе «тоғыз ақымақ» деген ұғыммен бірдей.

**Топас.** Осы күнгі түсінігімізде бұл сөздің мағынасы — ой-өрісі нашар, надан, ақымақ, кеше. «Қаншама топас, тас бауыр болса да жақсылыққа жібімейтін адам жоқ» (Ө. Қанахин, Жүрек.).

Сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасын осы күнгі түркі тілдерінен-ақ іздеп табуға болады. Хакас тілінде — «тоо» сөзі — біздің түсінігіміздегі «тыңдау, тіл алу», ал «тообас» тұлғасы — «еш нәрсемен санаспайтын, тыңдаусыз» мағыналарында жұмсалады (Хак.-рус. сл., 1953, 232). Ал тува тілінде «тоовазы» — тыңдаусыз, «тоовас» — қайырымсыз, керенау мағыналарында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 297, 115). Қайырымсыздық, тыңдамаушылықтың ақыры — надандық, ақымақтыққа әкеп соқтырады. Қазіргі біздің тіліміздегі «топас» — осы, соңғы мағынаны меншіктенген.

**Тостаған.** Ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс осылай аталады. «Олар қымызды әдемі сырлы ағаш тостағандарға құйып ішті» (Б. Балабеков, Ән.).

Көне дәуір адамдары бұл сияқты ыдысты кез келген ағаштан ойып жасауға еңбек құралдары тапшы болғаны тарихтан белгілі. Дегенмен, алғаш ағашты кесіп, одан ойып ыдыс жасамаса да бір лажын тапқан болу керек. Ол лаж — ағаш қабығы. Онда да кез келген ағаш емес, қайыңның қабығы. Қайыңның қабығы қазіргі тілімізде «тоз» болып аталатыны баршамызға аян. Осы мағынада-

ғы бұл атау ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен қазіргі күнге дейін сақталған (ДТС., 579). Мысалы, якуттарда «туос» (Рус.-як. сл., 1968, 34), өзбек тілінде «түс» (Уз.-рус. сл., 1959, 467), туваларда «тос» (Рус.-тув. сл., 1980, 42). Ал хакас тілінде «түүс» сөзі — тоздан жасалған ыдыс мағынасын білдіреді. Мұның өзі біздің жорамалымыздың шындықтан алшақ еместігінің айғағы. Хакас тіліндегі тұлғаға қазақ тіліне тән жұрпақтар қосыла отырып (тос+та+ған), «тостаған» қалпына дейін жеткен. Егер бұны ерте кездегі дәстүрмен түсіндірсек, «тоздан жасалған ыдыс» болмақ.

**Төбе, төбе би.** Тіркес мағынасы — негізгі шешімді айтатын басты би. «...жауаптылықты арнаулы төбе биге беретін» (С. Бегалин, Замана.).

«Төбе бидің» ертеде қолданылған көне тіркес екендігін «сүбе би» тіркесін талдағанда айтқанбыз (қараңыз: «сүбе, сүбе би»).

Ертедегі жазба ескерткіштерде «төпү» сөзінің адам басының төбесінен басқа, «шын», «шоқы» сияқты мағыналары кездеседі (ДТС., 58). «Төбе би» -дегі «төбе» сөзін бұл мағыналармен жанастыру ыңғайсыз. Алайда, ерте кездегі «төпү» тұлғасының үшінші мағынасы — «бас». «Бас» сөзінің көп мағыналығын ескерсек, «төбе би» тіркесіне жуық болуы заңды. Қазіргі түркі тілдері ішінде якуттарда да «төбө» сөзі біздің түсінігіміздегі «бас» мағынасында қолданылады (Як.-рус. сл., 1972, 393). Бұдан әрегірек барсақ, монғол тілінде «тойв», бурят тілінің бір диалектісінде «томо» (ИБГ, I, 1965, 185; ИБГ, II, 1968, 106) дыбыстық құрамдағы сөздер «үлкен», «ірі» ұғымдарында айтылады.

Деректерде келтірілген «бас, үлкен, ірі» мағыналарын беретін «төпү», «төбө», «томо» сөздерінің бірімен «би» сөзі тіркеске түсіп, «төбе би» тұрақты тіркесі қалыптасқан.

**Төбет.** Үлкен арлан итті осылай атаймыз. «Таяуда Полкан деген төбет ит әкелдім» (Ж. Молдағалнев, Самал.).

Түркі тілін зерттеуші ғалымдардың бірі — А. Шербак хайуанаттар жөнінде жазған мақаласында «төбет» сөзінің шыққан төркінін түркі тілдерінің негізінде анықтау қиын екендігін көрсеткен болатын (А. Шерб., Названия..., сб. ИРЛТЯ, 1961, 128). Бірақ біз сөздің негізі көптеген түркі тілдеріне ортақ «ит» атауынан шыққандығын былайша дәлелдемекпіз.

Әдетте, жануарларды еркек, ұрғашы деп бөлгенде, алғашқысы соңғыға қарағанда ірілеу болуы — жаратылыс заңы. Ірілік, үлкендік мағынасын беретін монғол тілдерінде «тойв», «томо» сияқты сөздер бар екендігін жоғарыда атап өттік. Біздің топшылауымызша, сол сөздердің бірі, айталық — «тойв» тіліміздегі «ит» сөзімен тіркесу нәтижесінде қалыптаса келіп, «төбет» тұлғасы пайда болуы ықтимал. Тіркестен кейін біріге бастаған сөз түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылықтарына бағына отырып, «в» дыбысы «б», «й» дыбысы «е» дыбысына өзгерген. Демек, *тойв + ит > товит > төбет* схемасы арқылы қалыптасу жолын көруге болады.

«Тебен» (ұзын әрі жуан ине) сөзінің де төркінін дәл осылай іздестіруге болады. Мұнда да тіліміздегі «ине» сөзінің алдына «тойв» қосарлана келіп, ақыры бірігу салдарынан (*тойв + ине > товине > товен > тебен*) «тебен» атауы туған. Осы тұрғыдан қарағанда, «төбет» мағынасы — ірі ит, үлкен ит, «тебен» ұғымы — үлкен ине дегенмен барабар.

**Төңкеру.** Сөздің негізгі мағынасы — бір нәрсенің астын үстіне қарату, аударып тастау. «Ол ауылдың ортасына Исабайдың келісін *төңкеріп*, үстел қып, мәжіліс ашты» (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

Біз түсіндірме сөздік берген түсінікті өзімізше анықтай түссек, «астын үстіне қарату» дегеніміз «түбін үстіне қаратумен» мағыналас. Бұлай құбылтуымыздың себебі — мәселенің түйінін шешу үшін бізге «түп» сөзі қажет.

Белгілі де беделді ғалымның сөздігі бойынша, «төңкер» етістігінің түбірі — «төң» шағатайдың кітаби тілінде қазіргі түсінігіміздегі «түп» (ыдыстың түбі) мағынасын берген (В. Рад., Опыт..., III, I, 1246).

«Төң» сөзінен туған «төңдер» етістігі (қазіргі қазақ тіліндегі «төңкер» ұғымында) М. Қашқари кезінде қолданылған (ДТС, 580). Қазіргі түркі тілдерінде: якуттарда — «таннар» (Ә. Пек., СЯЯ, III, 1959, 2555), хакас тілінде — «түндер» (Хак.-рус. сл., 1953, 243) және т. б. нәрсенің түбін жоғары қаратып қою, аудару түсініктерінде қолданылады. Осы деректердің бәрі — қазіргі кезде «түп» аталынып жүрген мағынаның көне заманда «төң» қалпында тұлғаланғандығының бұлжытпас куәсі.

Қазақ тілінде өзімізге тән -кер жұрнағы қосылуы нәтижесінде көп заман бұрын «төңкер» етістігі қалыптас-

қан. Сөйтіп, «төңкер» сөзінің тура мағынасы — түбін үстіне шығару.

**Төсек.** Адам жатып, тынығатын орынды осы атаумен ұғындырамыз. «Күләнда Төке мен хатшыға төсекті төргі үйге қатар салды» (М. Дүзенов, Әкс.).

Түркі не монғол тобындағы тілдерден «төсек» төркініне тілге тиек етерлік дерек ұшырамады. Алайда, осы тілдерге тегі жақын саналып жүрген тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірі әрі сан жағынан басқаларына қарағанда молырағы — маньчжурларда «дэдун», «дэдэчэ» тұлғалы сөздер біздің ұғымымыздағы «жату» етістігі орнына қолданылады. Осы тұлға сол топтағы эвенкілер, ороцтар тілінде қысқара, ықшамдала — «дээ» тұлғасында дәл біздегідей «төсек» мағынасы орнына жүреді (ССТМЯ, I, 1975, 227).

Монғол тобындағы тілдерге тунгус-маньчжурлардан ауысқан болуы мүмкін, монғол тілінде «төсек» мағынасын «ор» сөзі берсе, ал «төсек-орын» қос сөзін түсіндіруде «ор дэвсгэр» тіркесін пайдаланады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 312), қалмақша «төсек» сөзін ұғындырудың өзінде-ақ «дер-девскр» тұлғасы жұмсалады (Рус.-кал. сл., 1964, 510).

Түркі тілдері ішінде — туваларда «дөжек» сөзі біздегі «төсек» орнына жүреді (Рус.-тув. сл., 1980, 427).

Жоғарыда жазылған тіл деректерінен байқайтынымыз сөздің алғашқы түбірі — «дэ», ол монғол тобындағы тілдерге өткенде «дэ»—«де», одан әрі түркі тілдерінің бірінде — туваларда — «дө» қалпына дейін өзгерген. Қазақ тілінде сөз түбірі — «тө» тұлғасына жеткен. Тува тілінде -жек қосымшасы жалғанғанындай, бізде -сек жұрнағы қосылып, «төсек» пайда болған. Сөйтіп, «төсек» сөзінің тура мағынасы — «жататын» (орын) болмақ.

**Тұмау.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасын қысқарта айтсақ — ...салқын тиюден болатын... өтпелі ауру, жөтел. «...тұмау кезінде жөтел пайда болады» (Ғ. Қыдыр-ниязов, Шопан.).

Жоғарыда жазылған жолдардың бірінде, көне түркі жазба ескерткіштерінде «том» сөзінің қазіргі тіліміздегі «суық» мағынасы орнына қолданылғанын айтқанбыз (ДТС., 574). Сол кездегі тұлға (том) өз мағынасында қазіргі түркі тілдері ішінде якуттарда сақталған: тымныы — суық, аяз (Як.-рус. сл., 1972, 420), ал тымнььрғат — суықты сезіну (С. Яст., ГЯЯ, 1938, 119). Соңғы тұлға біздегі «тұмаурату» етістігіне өте жақын.

Міне, осы тұлғалар негізінде ертеректе біздің тілімізде «тұмау» сөзі қалыптасып, мағынасы — «суықтан ауыру» болып қалыптасқан.

**Тұңғыш.** Бұл сөздің тілімізде «ен алғашқы, бірінші» мағынасын беретіні баршаға мәлім. «Бір тамшы жас шықты көзден мөлдіреп, *Тұңғыш* рет жылағаным сол болар» (Т. Молдағалиев, Қош.).

Мағынасы — «бірінші», тұлғасы — «тун» қалпында болған (ДТС., 586). Осы тұлға қырғыз тілінде сақталып (К. Юд., ҚРС., 1965, 766), бізде -ғыш жұрнағын қосып алған.

**Тұрман.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — ер-тоқымның жабдығы. «Соның ішінде әсем *тұрманы* бар әдемі шананың қос қара атын айдаған осы Мәмбетпен таныстым» (І. Жансүгіров, Шығ.).

«Тұрман» сөзі тілімізде «ат-тұрман», «ер-тұрман» (қараңыз: Орфографиялық сөздік, 1978) қос сөздері құрамында да кездеседі. Сөздің алғашқы төркіні — парсы тілі. Онда: дарэман — атқа қажетті әбзел мағынасына мезгейді (Л. Буд., Срав..., I, 389).

Түсіндірме сөздіктегі «ер-тоқым жабдығы» сияқты анықтама «тұрман» сөзінің тақиясына тарлау. Ер-тоқымның өзі атқа қажетті жабдықтың бір бөлегі ғой.

**Тұрым, жазғытұрым.** Кейде «жазғытұры» деп те айтылады. Мағынасы — көктем, жазға салым мезгіл. «*Жазғытұры* қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі» (Абай).

Сөздің екі түбірден біріккені әркімге де көрініп тұр. Біріншісі — -ғы жұрнағын қабылдаған «жаз» (жазғы) сөзі. Мұның төркінін, мағынасын іздестіруді міндет етпедік. Өйткені, көпшілік қауымға түсінікті. Екіншісі — «тұры» немесе «тұрым». Міне осы тұлға тілімізде жеке қолданылмайды әрі мағынасы да көмескі, түсініксіз.

Зер сала, іздестіре келгенде оның да сыры мәлім бола бастады. Монғол тіліндегі «түрүүн» (Мон.-қаз. сөз., 1954, 199; Қаз.-мон. сөз., 1977, 46) сөзі қазақ тіліндегі «әуелі, бұрын» орнына қолданылса, қалмақ тіліндегі «түрүләд» та осыны көрсетеді (рус.-қал. сл., 1964, 675). Көрсетілген тұлғалар қазақ тілінде «тұры», «тұрым» болып өзгерген де, мағынасын сақтай отырып, «жаз» сөзімен бірігіп кеткен. Сонда «жазғытұры» -ның қазіргі түсінік бойынша берер мағынасы — жаздан бұрын, «жаздың әуелі. Демек, жыл мезгілінің «жаздан» бұрын, «жаз-



дың» хабаршысы ретінде келетін маусым ұғымын білеміз.

**Түйдей, түйдей құрдас (жасты).** Бір жылда туған; жасы қатар. «Оспанның шешесі Қәлім Сұлтанмен *түйдей құрдас*» (С. Жүнісов, Жапанда.).

«Түйдей» сөзінің шыққан тегі — түркі тілдері. Ерте-ректе біздің тілімізде де жеке тұрып, өз алдына, дербес мағынасы болғанмен кейін ұмытылып, тек осы тұрақты сөз тіркесінде сақталған.

Сібірдегі көптеген түркі тілдерінде біріне бірі сәйкес қосарлы затты білдіруде «төөй» тұлғасы қолданылған (В. Рад., Опыт..., III, I, 1241). Қазіргі кезде хакас тілінде «төөй» (Хак.-рус. сл., 1953, 153, 235), туваларда «дөмей» (Рус.-тув. сл., 1980, 329, 432) сөздері біздің түсінігіміздегі «бірдей», «ұқсас» орындарына жүреді. Дәл осындай мағынада бурят тілінде «түһөөтэй» тұлғасы ұшырайды (ИБГ, 1968, 95). Әрине, бұл төңірегінде көрші отырған түркі тілдерінің әсері. Кейбір тунгус-маньчжур тіліне ауысқан «төөй» сөзі түркі тілдеріндегі «бірдей», «ұқсас» мағыналарынан айырылып, «құрдас» ұғымын қабылдаған (ССТМЯ, II, 1977, 201). Бір тілден екінші тілге сөз ауысқанда мағына өзгерістерінің болып тұратыны осы сәтте де белгі бергендей. Сөйтіп, «түйдей құрдас» деген — «бірдей құрдас, ұқсас құрдас» екен.

**Түлен, түлен түрту.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — сайтан түртіп, бір пәлеге ұрыну. «*Түлен түртіп*, ажал айдап әкелді ме сені байлап» (Ж. Сыздықов, Асулар).

Сөз төркінін ашуға көне түркі тілдерінің бірі — якут тілінің дерегі себепші болғандай. Бұл тілде «түлүөн» сөзі жеке қолданып та, қазақ тіліндегі «қырсық, әбігер» мағыналарын береді (Як.-рус. сл., 1972, 411). Біздің тілімізде бұл тұлғалы сөз ұмытылып, тек «түлен түрту» тұрақты тіркесінде сақталған. Мағынасы бүгінгі түсінігімізше, «қырсық түрту», «әбігер түрту» дегенге мезгейді.

**Түндік.** Бұл сөзді естігенде, киіз үйдің шаңырағына жабылатын төрт баулы киіз еске түседі. «Киіз үйдің туырлық, *түндігін*, шилерін де былай қояйық» (М. Дүйсенев, Ант).

Ертедегі түркі тайпаларында «тунлук» сөзі қазіргі түсінігіміздегі «терезе» мағынасында қолданылған (ДТС., 586). Осы мағына якут тілінде «түннүк» тұлғасымен беріледі (Э. Пек., СЯЯ, III, 1959, 2894). Осылардың қайсысы болмасын туынды мағыналар деп қарауға

тура келеді. Өйткені, ескі, көне түркі тілдері саналатын — чуваштарда «теенни» сөзі «тесік, саңылау» мағыналарында қолданылады (Л. Серг., ДСЧЯ, 1968, 70). Монғол тілінде осымен тұлғалас келетін «тооно» тұлғасы біздегі «шаңырақ» түсінігін береді (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 185). Бұл да туынды мағына.

Біздің тілімізде «тесік» мағынасын беретін «теенни» тұлғасына тиісті жұрнақ қосылуы нәтижесінде (теенни + +дік > теңдік > түндік) киіз үйге әрі жарық беретін, әрі түтін шығатын «түндік» атауы пайда болған. Ол тесікті қажетті кезде жауып тұратын киіз де осы атауға ие болған.

**Түнеугүні.** Қазіргі түсінігіміздегі мағынасы — бұдан бірнеше күн бұрын. «Түнеугүнгі уәдесінде тұрса, Есенгелді бүгін біздің отарымызға келіп қалар» (Н. Абдуллин, Өмір күйі).

ҚТҚЭС-інде «түнеугүні» сөзінің төркініне талдау жүргізген автор, оның шыққан тегін тіліміздегі «ту» және «анау» сілтеу есімдіктерінің бірігуімен байланыстырады (198-б.). Бұл пікірмен келіспеуіміздің басты себептері түркі тілдеріндегі басқа көптеген деректер арқылы дәлелденбек. Автор тілге тиек еткен В. Радлов сөздігіне біз де жүгінейік. Қазан татарлары тілінде «түне» — кеше; «түнегі» — кешегі; «түнегін (түне + күн)» — кеше мағыналарын түсіндірсе (В. Рад., Опыт..., III, 2, 1288), сағайларда «түне» — 1. кеше; 2. ертеде, бұрын; «түнегін (түне > күн)» — кеше мағыналарын береді (Бұл да сонда, III, 2, 1549, 1550). Енді басқа түркі тілдеріне зер сала келгенде: құмықтарда — тюнегюн (Кум.-рус. сл., 1969), ноғай тілінде — туьнегуын (Ноғ.-рус. сл., 1963, 380), туваларша — дүүн (Рус.-тув. сл., 1980, 94) тұлғалы сөздер де қазақ тіліндегі «кеше» мағынасында жұмсалады.

Осыларды жинақтай келгенде, «түнеугүнгі» сөзіміздің алғаш екі түбір екендігі, біріншісі, «кеше» мағынасындағы «түне», екіншісі, «күн» ұғымындағы «гүн» екендігі тайға таңба басқандай айқындала, анықтала түседі. Сөзбе-сөз түсіндірсек, «түнеугүні» — «кешегі күн» -мен мағыналас. Оның тіліміздегі қазіргі мағынасы — уақыт өтіп, қоғам дамуымен бірге өзгеріске түскен түрі. Тілімізде мұндай жағдай болатынын қазіргі қолданып жүрген «кеше» тұлғасының қатысымен де дәлелдеу қиын емес. Мысалы, бұдан көп бұрын өткен оқиғаны көрсету-

де де «кешегі күні» тіркесінің бейнелеп көрсету мақсатымен қолданылып жүргенін жиі естиміз, көреміз.

**Тыр, тыр жалаңаш.** Үстінде ешқандай киімі жоқ деген мағынада айтылады. «Киімі жоқ шыға келді *тыр жалаңаш*, Ағарған жауған қардай сақал мен шаш» (Дастандар).

«Үстінде киімі жоқ» мағынасын тілімізде «жалаңаш» сөзінің қара басы да бере алады. Ал осыған қосарланып тұрған «тыр» тұлғасының не сыры бар.

Монғол тобындағы тілдердің бірі буряттарда «жалаңаш» мағынасын «шараа» тұлғалы сөз бере алады (ССТМЯ, II, 317). Осы сөз кейбір түркі тілдеріне, оның ішінде қазақтарға ауысқанда «ш» орнына «т» дыбысымен айтылып, «тараа» болып, одан әрі «а» орнына «ы» дыбысы қолданылу нәтижесінде «тыры» тұлғасына дейін өзгеріп, «жалаңаштықты» әсірелей көрсету үшін, соның алдына келіп қосылып «тыр жалаңаш» қалыптасқан сияқты. Бұл болжамымызды татар тілі дерегі қуаттай түседі. Онда біздегі «тыр жалаңаш» сөзі «шир яланаш» қалпында қолданылады (Тат.-рус. сл., 1966, 744).

Сонымен «тыр жалаңаш» тұрақты тіркесі — «жалаңаш жалаңаш» деген қайталама сөз болып шығады.

**Тілге тиек ету.** Түсіндірме сөздікте — сөзіне сүйеніш, ойына таяныш, себеп деген мағынада көрінеді. «Мен де өз айтарымды айтып болған соң *тілге тиек* таппай, амалсыздан үнсіз отырмын» (С. Байжанов, Жастық.).

Тұрақты тіркесте ұйтқы болып тұрған «тіл» сөзі екендігі дау шығармаса керек. Сондай-ақ әр кезде бәйек болып қызмет атқаруға құмар елгезек етістік — «ет» -тің де килігуін теріс демелік. Мәселе — араға киіп-жарып киліккен «тиек» тұлғасында. «Тиек» сөзінің жеке тұрғанда берер мағынасы түсіндірме сөздікте санап келтірілген. Олардың ішінде домбыра шегің көтеріп тұратын тиектен басқасының тілге жағыстырарлық не тура, не ауыспалы (бейнелі) мағыналары жоқ. Сөйлеп отырған сөзіндегі оқиғалар сенімді болу үшін, тірек, таяныш керегі рас. Бірақ соған көмегі тиер деп, домбыра тиегің тілге әкеліп жағыстыру да ойға снымсыз әрекет. Әңгіме тындаушыны нандыруда, сөз сөйлеп отырған тілге сүйеніш, негіз қажет-ақ. Ол негіз — тек қана себеп. Тіліміздегі араб тілінен ауысқан «себеп» тұлғасының екінші бір баламасы — қашаннан түркі тілдеріне тән сөз — «сылтау». Егер «сылтау» сөзінің ертеректе қандай ды-

быстық құрамда айтылғанын тапсақ, көлденеңнен киліккен «тиектің» сыры ашылмақ.

М. Қашқари сөздігінде «тылдағ» сөзінің мағынасы — сылтау; себеп, негіз. «Ол аңар тылдағ қылур — ол бұған сылтау табады» (ДТС., 566). X ғасыр шамасында жазылған «Алтын йаруқ»-та «тылтағ» мағынасы — себеп, сылтау, негіз деп түсіндірілген (ДТС., 567).

Шынын айтсақ, бүгінгі таңда қолданылып жүрген сөзіміз «сылтау»— ертедегі түркі тілдеріндегі «тылдағ», «тылтағ» тұлғаларының дыбыстық өзгеріске душар болған түрі. Мұны түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылықтарымен дәлелдеп, сөзді көбейтпей-ақ, осы тұлғалардың басқа түркі тілдеріндегі қазіргі кездегі дыбысталуын атап өтсек те сенім беки түсер. Қырғыз тілінде — чылтак (К. Юд., КРС., 1965, 886); туваларда — чылдак, сылдағ (Рус.-тув. сл., 1980, 394); хакасша — сылтағ (Хак.-рус. сл., 1953, 207); якуттардың айтуында — сылтах (Рус.-як. сл., 1968, 429). Тіпті монғол тілінде де ертедегі түркі тілдеріндегі тұлғаға сәйкес — «шалтах» -ты кездестіріп, мағынасын — сылтау деп оқимыз (Қаз.-мон. сөз., 1977, 285). Мұның өзі бұл сөз бен мағынаның түркі, монғол тілдеріне ортақ болғандығын байқатады.

Сәл шегініс жасап, «тиек» жөніндегі сөзімізді сабақтастырайық. Көне түркі тілдеріндегі «тылтағ» түбірі — сөз жоқ, «тыл». Бұл қазіргі түсінігіміздегі «тіл» дегенмен бірдей. Өйткені ол кезде «тыл» немесе «тіл» деп те айта берген (ДТС., 566, 559). Басқа түркі тілдерінде «тіл» түбірінің өзі де талай дыбыс өзгерістеріне түссе де, біздің қазіргі тілімізде сол қалпында сақталған.

Біздің топшылауымызша, «тілге тиек» тіркесі «сылтау» сөзімен бірге (бұрын да болуы мүмкін) жасасып келе жатқан түрі бар. О бір замандарда біздің аталарымыз «тілтағ» (тылтағ) тұлғасын екі сөз тіркесі ретінде қабылдай отырып, ажырата келгенде «тіл» және «тағ» деп түсінген де, «тіл» тұлғасын өзгеріссіз қалдырған. Өйткені ол жасалу жағынан біздің дыбыстық орындарымызға бөтен емес. Ал «тағ» тұлғасындағы соңғы «ғ» — қазақ тілінде сөз аяғында келмейтіндіктен не түсіріп тастауға, не басқа дыбыспен ауыстыруға тура келген. Егер «ғ» -ны «қ» -мен ауыстырса, тіркес сөз «тіл так» болады да тағы үндестік заңы бұзылады. Тіркестің екінші сынары қайткен күнде де алғашқы «тіл» сөзімен үндес болу міндетті. Осыдан барып, «тақ» болуға тиісті тұлға «тек» қалпына айналып барып, тіркесу нәтижесін-

де «тіл тек» пайда болған. Әлі де бұт — тіркестің алғашқы түрі. Кейін келе «тек» тұлғасы тілімізде бар «тиек» сөзімен сәйкестіру қорытындысында «тіл тиек», одан әрі, тілімізде септік жалғауларының дамуы басталғанда (тіл+ге) «тілге тиек» болып қалыптасқан. Біздің тілімізде бұл сөздің тұңғыш тұлғасы қалай өзгерсе де, мағынасын осы күнге дейін жоғалтпаған деуге себеп — «тілге тиек ету» десе де, «сылтау» деп айтса да түсінікке қиындық тудырмайды.

Осы жорамалға итермелеп отырған екінші бір себеп — дәл мұндай тіркестің (сол мағынасымен) ешбір түркі тілінде кездеспеуі.

Қазақ халқы сөздің мағынасын бұзбай, тұлғасын түрлендіруге шебер екендігі әркімге мәлім. Осыған сүйеніп отырып тағы бір жорамалға жол ашқымыз келіп отыр.

Қазіргі күнде жиі қолданылатын — «тілі мен жағына сүйену» деген бар. Төрт сөзден құралған бұл тұрақты тіркеске — әр нәрсені желеу етіп, істің байыбына, сөздің орайына көнбеу деген түсінік беруге болады. «Шындап ызаланса, *тілі мен жағына сүйенген*, сөзге бар да іске жок, көк езу пысықтарды қың демей-ақ қылғи салады» (Ә. Әлімжанов, Махамбет.).

Жасыратыны жоқ, «тілі мен жағына сүйену» фразеологиялық тіркесінің төркінін де жоғарыда келтірілген, көне түркі тілдеріндегі «тілдағ» тұлғасына телу ойындамыз.

Ертедегі қазақтар сөйлеуге тек қана тілдің емес, жақтың да қатынасы барлығын еске ала келіп, алғашқы кезде «тілдағ» сөзін қос сөз деп қабылдай отырып, өз дағды, дәстүрімен «тіл-жақ» деп ұғынуы да болмайтын іс емес. Бұл жағдайда алғашқы тұлғаны (тілдағ-ты) өзгертіп, құбылту «тілге тиек» -ке дейін ауыстырудан гөрі оңайырақ. Өйткені, соңғы «ғ», дауысты «а» дыбыстарын алмастыру да талап етілмейді тек «д» дыбысын «ж»-мен алмастырса болғаны — «тіл жағ» тіркесі немесе қос сөзі дайын. Осыған тәуелдік, септік жалғауларының қосылуы нәтижесінде, алғашқы «тіл-жағына» (сүйену) тіркесі туған. Бері келе екі сөз арасына «мен» шылауы араласып, осы күнгі «тіл мен жағына сүйену» қалыптасқандығын көреміз. Мұнда да сөздің ертедегі «сылтау, себеп» мағыналарының сақталғандығын — «сылтауға сүйену» немесе «тілі мен жағына сүйену» деп қалаған тіркесті қолдансақ та, түсінікке нұқсан келмейтіндігінен білеміз.

Қорыта айтқанда, «тілге тиек ету», «тілі мен жағына сүйену» тұрақты тіркестері — ертедегі түркі тіліндегі тұлғаны (тылдағ, тылтағ) тілімізде ежелден бар сөздерге ұқсату, сәйкестендіру нәтижесінде туған. Соның өзінде көне тұлғалардың тұңғыш мағыналары бұзылмаған.

**Тірнектеу.** Түсіндірме сөздіктегі мағынсы — аз-аздап, там-тұмдап, тырнақтап жинау. «Жаздайғы *тірнектеп* жинаған шөбін аттылы-жаяу аулаға таситын» (О. Бөкеев, Қайдасың.).

Сөз төркінін қарастырып отырғанда кейде танданарлық жайттарға тап боласын. «Тірнектеу» етістігі, әдетте, тек «жинау» сөзінің алдында ғана келіп отырады. Осыған қарап өзінше мағынасы бар екен деп, көп іздеп әуреленеміз.

Оның мағынасына түсінік беруде де сөз таппай, «аз-аздап», «там-тұмдап» сияқтыларды «жинау» етістігі алдына әкеп жармастырамыз. Ол былай тұрсын, бір нәрсені жинаудағы негізгі құрал — қолды ұмытып, қиындықпен жиналған дүние екені сезілсін дегендей, тырнаққа жұмыс артамыз.

«Тірнектеу» түркі тіліне әуелден тән екіндігі сөзсіз. Түріктерде дәл осыған ұқсас «дэрнек» немесе «дирнек» тұлғалас сөздер қазіргі біздің тіліміздегі «жинау» ұғымында жұмсалады (Л. Буд., Срав..., I, 556). Осы тұлғалардағы сөз түбірі «дэр» не «дир» екені тағы даусыз. Тағы бір ескертетін нәрсе — түрік тілі, түркі тілдерін іштей бөлгенде, оғуз тобына жатады. Қыпшақ тобына жататын тілдерде (соның бірі — қазақ тілі) сөз басында «т» дыбысы жиі қолданса, оғуз тобындағыларда «д»-ның айтылуы басым. Осыны есепке алғанда «дэр», «дир» түбірлері біздің тілімізде «тер» немесе «тир» болмақ.

Енді ерте кездегі түркі жазба ескерткіштеріне назар салсақ «тер» және «тир» түбір сөздері қазіргі кездегі «жинау, толтау» мағыналарын берген (ДТС., 553, 561).

Біздің тілімізде де бір кезде -нақ, -нек жұрнақтары сөз тудыруға жиі қатысқандығын осы тұста байқаймыз. Сол кезде «тир» түбіріне -нек қосымшасы жалғанып «тирнек» (бізде қазір — тірнек) пайда болып, танытпас, шешілмес жұмбаққа айналып отыр. «Тер» етістігінің баламасы «жи» да -ның жұрнағы арқылы «жинақ» тұлғасын иеленген. Бірақ біз оны жақсы танимыз. Өйткені «тернек» қолданудан қалған да, «жинақ» осы күнге дейін бізбен қатар жүріп келеді.

Сөйтіп, «тірнек» — қазіргі «теру» етістігінің ертеректе

жұрнақ қабылдап қалыптасқан тұлғасы. Ал кейінгі дәуірлерде біздің тілімізде қолданудан қалып, тек өзімен мағыналас «жию» етістігімен тіркесте ғана сақталған. Сондықтан «тірнектеп жинаудың» ертедегі мағынасы — «теріп жинау» болған.

## Ұ

**Ұғу.** Бүгінгі түсінігіміздегі сөз мағынасы — түсіну, санаға тоқу, жадында сақтау. «Дүние ойдан шығады, Өзімді-өзім ұмытып, Көңілім әнді ұғады» (Абай, Тол. жин.).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері мәліметінде «ук» сөзі түсіну, есінде сақтау мағынасында көрінеді (ДТС., 613). Бұл қазіргі қазақтар қолданып жүрген «ұқ» сөзімен мағыналас. Сондықтан оның алғашқы төркінін іздеп әуреленудің де қажеті жоқ сияқты. Алайда, қазіргі кездегі бірлі-жарым түркі тілдерінде өзгеше деректерге кез боламыз. Қырғыз тілінде «ук», «угуу» тұлғалы сөздер (К. Юд., КРС., 1965, 800, 798), хакастарда «ух» дыбыстық, құрамдағы тұлға қазақ тіліндегі «есту, тыңдау» мағыналарын білдіруде қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 252).

Ой елегінен өткізе келгенде, соңғы — қырғыз, хакас тілдеріндегі «ұқ», «ұғу» сөздері үшін, «есту», «тыңдау» — тұңғыш, алғашқы мағына болар деп топшылаймыз. Өйткені, түсіну, жадында сақтаудың ең алғы шарты — тыңдау, есту. Естімеген, тыңдамаған дүниені еске сақтап, түсіну мүмкіншілігі болмайтыны бесенеден белгілі.

**Ұйқы.** Сөздің қысқаша түсінігі — іс-әрекетке араласпай, түн мезгілінде жатып, дем алудың табиғи тәсілі. «Пырылдап жұрт ұйқыда, мал күйісте, өтпейді жүргінші де қара жолдан» (Б. Майлин, Танд. шығ.).

Қазіргі тіліміздегі «ұйқы» мағынасын беретін сөздің алғашқы тұлғасы «у» болған (ДТС., 603), ал беретін мағынасы дәл қазіргі біздің тіліміздегідей. Осы тұрғыдан келсек, «ұйқы» сөзінің де төркінін, тұңғыш мағынасын іздеп, әуреленбесе де болғандай. Әйтсе де, қармана іздену үстінде кейбір тілдік деректерге тап боламыз. Мысалы, Сібірдегі сағай, койбол тілдерінде «үг» сөзі — көзді жұму мағынасында қолданылады (В. Рад., Опыт..., I, 2, 1807). Осыдан кейін ұйқы бұрын ба, әлде оның басты белгісі — көз жұму бұрын ба деген сұраққа кез келген адам — «көз жұму» бұрын деп жауап



берген болар еді. Олай болса, «ұйқы» сөзінің ең әуелгі мағынасы — «көз жұму» қимылы деп шамалаймыз.

**Ұзын-ырғасы.** Қос сөздің түсіндірме сөздіктегі мағынасы — бір нәрсенің жалпы нобайы, жобасы, желісі. «Екеуі Алтайдың келген шаруасының ұзын-ырғасын ғана әңгіме етті» (Ә. Шәріпов, Қапаста.).

Ертедегі түркі тілінің жазба ескерткіштерінде бұл тұлғалы сөзді ұшырата алмадық. Осыған қарағанда қос сөздің бұл түрі басқа тілден, дәлірек айтқанда, монғол, қалмақ тілдерінен ауысып келген шамасы бар. Монғолдарда «учир» сөзі — мән, «утга» — мағына ұғымдарына мезгесе (Қаз.-мон. сөз., 1977, 216, 211), қалмақтарда «учр-утх» қос сөзі — мән, мағына түсініктерін береді (Рус.-кал. сл., 1964, 659). Монғолдың, қалмақтың осы сөздері түркі тілдері ішінде тува, қазақ тілдеріне ауысқан. Тува тілінде «ужуру», «утказы» сөздері «мән», «мағына», «мазмұн» мағыналарында қолданылады. Көбіне олар «ужуру-утказы» қалпында құралып, қос сөздер тудырады (Рус.-тув. сл., 1980, 544, 548, 573). Монғолдардан тува тіліне ауысқаннан кейін қандай дыбыстық өзгеріске ұшырағанын көріп отырсыздар.

Осы тұлғалар қазақ тіліне енгеннен кейін одан әрі дыбыстық өзгеріске тап болып, «ұзын-ырға» қалпына жеткен. Болжамымыз шындыққа жуысса, «ұзын-ырға» қос сөзінің алғашқы түсінігі — мән-мағына болмақ.

**Ұлтан.** Қазіргі түсінігімізде — аяқ киімнің табанына салатын қалың, қатты былғары. «Етіктің ұлтанын шегелеп жатқан Жәуке бізді абайсызда саусағына тықты» (Б. Майлин, Шығ.).

Бұл сөз осы мағынада, «ултуң» тұлғасында ертедегі түркі тілдерінде де қолданылған (ДТС., 610). Дегенмен, бұл сөздің алғашқы түбірі «ул», ал мағынасы «негіз» (фундамент) болғанын да ежелгі түркі тілдері ескерткіштері арқылы білеміз (ДТС, 1969, 608). Біршама түркі тілдерінде осы кезге дейін ертедегі түбірді сақтай отырып, біздегі «ұлтан» мағынасында қолданылады: туваша — улдуң (Рус.-тув. сл., 1980, 403), якуттарда — уллун (Рус.-як. сл., 1968, 439), монғол тілінде «ул» ешқандай жұрнақ қабылдамай-ақ «ұлтан» мағынасын беретін болып қалыптасқан (Қаз.-мон. сөз., 1977, 329). Қалмақ тілінде де дәл солай (Рус.-кал. сл., 1964, 480).

«Ұлтан», шын мәнінде де, аяқ киімнің негізі екенін ескерсек, біздің бұл жорамалымыз онша оғаш емес.

**Ұршық.** Шүйкелеген жүннен жіп иіріп алуға арнал-

ған аспапты осылай атаған. «Зырқыраған ұршық жүнді созып үлгертпей үзіліп жерге түсті» (Б. Майлин, Шығ.).

Қолдағы бар тілдік деректермен санассақ, сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасы түркі, монғол тілдеріне ертеден ортақ екендігін аңғарамыз. Тува тілінде «эргидер» (Рус.-тув. сл., 1980, 231), якутша «эргичий» (Рус.-як. сл., 1968, 248), ал монғолдарда «орчих» (Мон.-каз. сөз., 1954, 132), қалмақ тілінде «эргх» (Рус.-кал. сл., 1964, 260) дыбыстық құрамдағы сөздер қазақ тіліндегі «айналу, шыр айналу» мағыналарын білдіреді.

Осыларды салыстыра келгенде, өзіміздің тіліміздегі «үйіру» сөзінің бір мағынасы «айналуға» сәйкес екендігі есімізге түседі. «Ұршық» атағына ие болып отырған аспаптың негізгі қызметі — «айналу, үйірілу» арқылы жүннен жіп ширату. Олай болса, «ұршық» өз атауын үнемі адам жәрдемімен айналып, үйірілуіне сәйкес меншіктенген. Сөз түбірі — «үйір», осыған сөзден сөз тудыратын -шық жұрнағы жалғанып, мынадай дыбыстық өзгеріс жолдарынан өткен: үйір + шық > үйіршық > ұйыршық > ұршық.

**Ұтыр.** Түсіндірме сөздікте «диалектизм» деп белгіленіп, мағынасы «жөні, реті, қисышы» қалпында берілген. «Ұтыры келген жерде сені бірер ауыз жырмаменен шалады ол» (Ә. Сәрсенбаев, Жауынгер.).

Қазіргі қазақ тілінде «ұтыр» сөзі жергілікті тіл ерекшеліктері (диалектизм) қатарында көрінгенмен, ертедегі түркі тілдерінде жиі қолданылып, өзінің сол дәуірге тән мағынасы болғандығын дәлелдейтін деректер бар: утру — қарама-қарсы, қарсы шығу, алдынан шығу мағынасында қолданылған (ДТС., 618).

Біздің тілімізде ұмытыла бастап, белгілі бір өңір тұрғындары тілінде тұлғасы сақталып, мағынасына өзгеріс кіре бастаса да, кейбір түркі тілінде тұлғасы да, мағынасы да баяғы, қаз-қалпында сақталған. Тува тілінде — «удур» (Рус.-тув. сл., 1980, 266, 277), якуттарда — «утары» (Рус.-як. сл., 1968, 292, 304) сөздері «қарама-қарсы, қарсы шығу, алдынан шығу» мағыналарында осы күнге дейін сақталған.

Қазақ тілінде «утру» тұлғасына айта қаларлықтай өзгеріс кірмесе де, мағынада ауытқушылық бар. Алғашқы мағына бізде «қарсы келсе» (қарсы шығу орнына), одан әрі «кездессе», ең соңында, «жөні, реті» дегенге жеткен.

**Үйек.** Түсіндірме сөздіктегі түсінікті қысқарта айт-

сақ — ...табиғаты қолайлы, күні жылы, шөбі шүйгін жер. «Ол ... ыстық үйекке саяхат жасады» (С. Омаров, Өмір.).

Көп реттерде «үйек» сөзі біздің тілімізде алдына «жер» тұлғасын сала отырып, «жер үйек» тұрақты тіркес қалпында айтылады.

Ертедегі, қазіргі тіл деректеріне зер салғанда, біздегі «үйек» сөзінің тұлғасы мен мағынасына біршама өзгерістер кіргендігі сезіледі.

Якут тілінде — «уйгу» (Як.-рус. сл., 1972, 431), туваларда — «хөйү» (Рус.-тув. сл., 1980, 315) сөздері қазақтар түсінігіндегі «молшылық, байлық» мағыналарын береді. Монғолдарда «оег» — ток, тоқмейіл (Мон.-қаз. сөз., 1954, 134; Қаз.-мон. сөз., 1977, 308) мағыналарына нұсқаса, «мол» дегенді «их» сөзі түсіндіреді. Ал қалмақтарда «ик» — «көп» ұғымына нұсқайды (Қаз.-мон. сөз., 1977, 220; рус.-кал. сл., 1964, 295).

Осы деректерге сүйенсек, «үйек» тұлғасы бір нәрсенің көптігі, молдығына мезгейді. Ойымыздың дұрыстығын ертедегі түркі жазба ескерткіштері қуаттайды: үкүш — көп; үкіл — көптген, көп (ДТС., 623). Мұның өзі сөздің алғашқы түбірі «үк» болғандығын айқындай түседі.

Сөйтіп, «жер үйегіміз» — «байлығы мол жер» болмақ.

**Үй, үйіне жету.** «Иттің бір жасқа толуын» тілімізде осылай атау қалыптасқан. «Сапардың Аманында екі тазы бар, үйіне биыл ғана жетті» (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

Қазақ тілінде «үй» сөзінің бұл түрі тек «жет» етістігімен тіркесте кездесіп, белгілі бір мағынаға ғана ие болып дағдыланған. Бірақ басқа тілдердің дерегі оның жеке тұрып кез келген сөзбен жағыса беретіндігін дәлелдейді. Осыған сүйенсек, ертеректе бізде де дербестігін сақтаған дей аламыз.

Тува тілінде — «үе» (Рус.-тув. яз., 1980, 88), якуттарда — «үйэ» (Як.-рус. сл., 1972, 450) сөздері — мезгіл, уақыт мағыналарында осы кезде де қолданылады. Дәл осы жағдайды монғол тобындағы тілдерде де ұшыратамыз. Біздегі «уақыт» мағынасы монғолша — «үе» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 325), қалмақша — үй (Рус.-кал. сл., 1964, 86) сөздері арқылы жүзеге асады.

Қазіргі қолданылып жүрген «үйіне жету» дегеніміз «туған уақытына жету» мағынасымен бірдей.

**Үр, үр жаңа.** Су жаңа, жап-жаңа орнына «үр жаңа» деп те айтылады. «Саржанның аяғында үр жаңа қисық

табан етік, қара көк галепсі шалбары бар» (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.).

«Үр» сөзі де қазіргі тілімізде сын есім қалпында «жаңа» тұлғасынан басқаға жоламайды, жеке тұрып қолданылмайды. Алайда, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде осы сөздің төркіні боларлық «үрүн» сөзін кездестіреміз де, екі түрлі мағынасын оқимыз: 1. ақшыл, мөлдір; 2. таза (ДТС., 627). Кейінгісі ауыспалы мағына. Осы ауыспалы мағына біздің тілімізде тек «жаңа» сөзімен тіркесте сақталған да, тұлға жағынан ықшамдалып, «үр» қалпына жеткен. Сонда «үр жаңа»—«таза жаңа» болмақ. Ертедегі тұлға мен мағына тек якут тілінде сақталған (Рус.-як. сл., 1968, 34).

**Үргін-сүргін.** Бұл қос сөздің мағынасы «қуғын-сүргін, әуре-сарсаң» дегенмен бірдей. «...жерінің кеңдігінен, елінің кеңпейілінен зардап шегіп, *үргін-сүргінді* көп көрген бақытсыз халық» (С. Жүнісов, Ақан сері).

Қос сөздің алғашқы сыңары «үргін» өткен ғасырлардағы және осы күнгі кейбір түркі тілдерінде жеке-дара қолданып та тиісті мағына меншіктенген. Шағатай тілінде «үргүн» сөзі «ызалану», «қозғалыс шығару» мағынасында жұмсалған (В. Рад., Опыт..., I, 2, 1840). Қазіргі түркі тілдері ішінде қырғыздарда—«үркүн» тұлғасы «әбігер, астан-кестен, абыржу, босып қашу» іспеттес мағыналарға нұсқайды (К. Юд., ҚРС., 1965, 824).

Енді ертедегі жазба ескерткіштерге бет бұрсақ, «үркүн» сөзінің «қорқыныш, үрей» сияқты мағыналарын кездестіреміз (ДТС., 625). Сөздің алғашқы, тұңғыш мағынасы осы болса керек.

Қос сөздің екінші сыңары—«сүргін» туралы сөз қозғамаймыз. Өйткені, оның төркіні туралы өткен бір кітапта әңгіме болған (ҚТҚЭС, 1966, 178).

**Үсігу, асығып-үсігу.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы—асып-сасу, саскалақтау. «...өзі де *асығып-үсігіп* киініп жатыр» (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

Біздің тілімізде «үсігу» сөзі жеке тұрып қолданылмайды да, дербес мағынасы да жоқ. Алайда, хакас тілінде «үстік» сөзі жеке тұрып-ақ біздегі «асығу» мағынасын меншіктене алады (Хак.-рус. сл., 1953, 257). Ал якут тілінде осы тұлғаның метатеза құбылысы нәтижесінде сәл өзгерген түрі—«ыксаа» сөзінің де мағынасы қазақ тіліндегі «асығумен» бірдей (Рус.-як. сл., 1968, 608).

Осыларды есепке алсақ, «асығып-үсігу» бір ғана мағынаны қайталап тұрған болады. Яғни «асығып-асығып».

**Үтік.** Қыздыру арқылы киімнің қыртыс-тыртысын жазуға арналған тұтыну құралының атауы. «Келе жаңа костюмді үтікке басып, үсті-басымды реттеуге кірістім» (З. Қыстаубаев, Ақ түн.).

Бұл сөздің төркіні жөнінде ұзақ та, қысқа да әңгіме етуге болады. Біз соның соңғысын қаладық. Көп уақыттар бойы «үтік» сөзін орыс тілінен ауысқан деп келдік. Олай еместігіне бір ғана дерек — көне түркі жазба ескерткіштері сөздігінде үті — тегістеу. М. Қашқари сөздігінде одан әрі мынадай сөйлем келтірілген: ол тонуг үтіді — ол киімін тегістеді (үтіктеді) (ДТС., 629). Сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасы — түркі тіліне тән.

### Ш

**Шағыр.** Көбіне көздің түсіне байланысты айтылатын сөз. Енді түсіндірме сөздіктің осы жөніндегі анықтама-сын, сөз қоспай, дәл келтірейік, «ағы мен аласы көп, шегір (көз)». Ізін суытпай, автор нұсқап отырған «шегір (көз)» түсінігін оқысақ: «сарғыш келген көз» делінген. Соңғы автор пікірі шындыққа бір табан жақын. Оны келтірген мысалдан көру де қиын емес. «Үйге *шегір көз*, бетінде қаны жоқ, қатқан сары жігіт кірді» (І. Есенберлин, Қаһар). «Шағыр» сөзіне түсінік берген автордың мысалы — «Көзінің *шағыры* бар, қараңғыда қарап қалғанда, от жарқ еткендей болады» (З. Ақышев, Достарым.). Мына мысалдағы адамның көзі — мысықтың көзіндей. Ал ондай көздің қараңғыда жарық беруі түсіне байланысты. Осы автордың дұрыс не бұрыс пікірлерін анықтауды тілдік деректер төрелігіне салайық.

М. Қашқари сөздігінде «чакыр» сөзінің мағынасын «күлгін-сұр» деп түсіндіреді де жақша ішінде «көзге байланысты» екендігі айтылады (ДТС., 140). Түрік тілінде чакыр — көкшіл, сұрғылт-көкшіл (В. Рад., Опыт..., III, 2, 1934). Осы екі мәлімет, әсіресе, алғашқысы «шағыр» сөзінің қандай түсті көзге меншіктеле айтылатынын анықтағандай. Қазіргі қазақ тілінде де сол мағына, әзірге, жоғала қойған жоқ. Демек, «шағыр» дегенімізді көзге байланыстыра айтсақ, қазіргі түсінігімізде — «сұрғылт-көкшіл» (көз).

**Шайдай.** Түсіндірме сөздікте — мөп-мөлдір, түп-тү-

ның деген мағына берілген. «Күн *шайдай* ашық әрі жылы екен» («Қаз. әдеб.»).

Сөздің алғашқы төркіні монғол — тобындағы тілдер. Монғолдарда «цайрах» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 14), қалмақ тілінде «цәэх» (Рус.-кал. сл., 1964, 35) сөздері біздің түсінігіміздегі «ағару» мағынасын береді. Күннің бұлт басып, түнерген кезінен кейін бұлт ыдырап, күннің көзінің көрінуі — ақ та ашық аспанды аңғартады. Монғол тіліндегі осы сөз якут, тува тілдеріне ауысқанда, біздегі сияқты, мағыналық жағынан сәл өзгеріске ұшыраған. Якуттарда чайға халлаан — ашылған, бұлтсыз аспан (Э. Пек., СЯЯ, I, 1958, 773); тува тілінде чайын — жарық; хуннұң чайыны — күннің жарығы, сәулесі (Рус.-тув. сл., 1980, 48). Осы деректер бойынша, «күннің шайдай ашылуы» тіркесіміз, қазіргі түсінікке аударсақ, «күннің ағарып ашылуы» дегенді түсіндіреді.

**Шақша.** ...мүйізден жасалған, насыбай салатын құты. «Көктөбет мүйіз *шақшасын* алып, алақанына бір төбе қарабұйра насыбайды үйді (А. Нұрманов, Құлан.).

Сөз төркіні парсы тілінен. Оларда шах — хайуанның мүйізі. Бірақ бұл сол тілдің өзінде туынды мағына деуге болады. Өйткені парсы тілінде ағаш бұтағын — «шахэ» сөзімен ұғындырады (Пер.-рус. сл., II, 1983, 84). Міне осыған ұқсату нәтижесінде «мүйіз» мағынасын беретін «шах» сөзі тууы ықтимал. Парсы тілінен ауысқан болуы керек, түрік тілінде де «мүйіздің» мағынасын «шах» тұлғасы түсіндіреді (В. Рад. Опыт..., IV, I, 940). Алғаш мүйізден жасалған насыбай салатын ыдыстың «шақша» аталудан басқа жолы жоқ. Сөз түбірі мен тұңғыш мағына — парсы тілінен де, ұған жалғанған қосымша -ша бізге тән. Сонда «шақшаның» дәл түсінігі — «мүйізше».

**Шала-шарпы.** Толық емес; жартылай; шалағай. «Қыздар қуанып *шала-шарпы* киінді» (І. Жансүгіров, Шығ.).

Қос сөздің бізге екі сыңары да түсініксіз. Алайда, тува тілінің дерегіне қарағанда, «шала»-ның да, «шарпы»-ның да мағынасын табуға болады. Мысалы, «шала» қазақ тіліндегі «жартылай» мағынасында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 87). Ал қос сөздің екінші сыңары — дыбыстық өзгеріске ұшыраған біздегі «жарты» сөзі. Сонда «шала-шарпы» мағынасы — «жартылай-жарты» болмақ.

**Шам, айып-шам.** Өрескел, ерсі, сөлекет деп ұғындырады түсіндірме сөздікте. «Тілеп алған немересін қызық-

тап бауырына салғанның не *айып-шамы* бар екен (С. Омаров, Тастағы жазу.).

Қос сөздің алғашқы сыңарына бөгелмейміз. Оның төркіні араб тілі екені көптен мәлім.

Ал екінші сыңары түркі тілдеріне ертеден ортақ екендігін ежелгі дәуірдегі ескерткіш тілінен білеміз. Бірақ «шам» сөзінің түпкі төркіні қытай тілі екендігі көрсетілген: чам (қытайша чан — мағынасы «жала») — айтыс-тартыс, талап, дау. Осы сөздіктегі «чам чарым» сөз тіркесі де көрсетілген мағыналарда қолданылады (ДТС., 137) (салыстырыңыз біздегі «дау-шар» қос сөзін).

Біздегі қос сөздің екінші сыңары «кінә, айып» мағыналарында кейбір түркі тілдерінде жеке тұрып та қолданылады: қырғызша — чабы (К. Юд., ҚРС., 1965, 831), алтай тілінде — чам (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 164), туваларда — чеме (Рус.-тув. сл., 1980, 610), якутша — сэмэ (Рус.-як. сл., 1968, 667).

Жоғарыдағы мәліметтердің көрсетуінше, сөз төркіні — қытай тілі. Түркі тілдерінде ол аз-кем мағына өзгерісіне түскен. Сөйтіп, біздің тіліміздегі «айып-шам» қос сөзі — «айып-кінә»-нің баламасы. «Дау-шар» қос сөзіндегі «шар» сөзі де ертеде «шам» тұлғасымен мағыналас болған. Ал қазіргі қазақ тілінде «тартыс» ұғымын иеленіп, «дау-шарымыз» — «дау-тартыс» дегенмен бірдей.

**Шаңырақ.** Киіз үйдің ... үстіндегі дөңгелек шеңбер осылай аталатыны белгілі. «Ортада темір пеш, тұрбасы шаңырақтан асып шығып жатыр» (Ғ. Сланов, Замана.).

Сөздің түпкі тегі монғол тілдерінен деп жобалаймыз. Жазба монғол тілінде — «чағарығ», қазіргі монғолдарда — «цагариг», буряттарда — «сахариг» тұлғалары біздегі «шеңбер», «кұрсау» орнына жұмсалады (ССТМЯ, II, 1977, 378).

Монғолдардағы осы тұлға басқа түркі тілдеріне өткенде шеңбер қалпындағы заттарға атау болып тағылғандығын мына бір деректер анықтайды: якут тілінде «күмбез» мағынасын «чампырық» тұлғасы берсе (Э. Пек., СЯЯ, III, 1959, 3567), бізде киіз үйдің жабдығының бірі — шаңырақ. Осыған қарағанда, қазақтар қолданып жүрген «шаңырақ» — «шеңбер» баламасы.

**Шашау, шашау шығармау.** Түсіндірме сөздікте бәрін бір жерге жинақтап ұстау, шоғырландыру мағынасында айтылады. «Айғыр мінген екі жылқышы бірін *шашау шығармай* тығыз иіріп тұрды» (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

Түрік тілінде осы сөздің алғашқы мағынасы дерлік



«сачак» тұлғасы ұшырасады. Оның мағынасы біздің түсінігіміздегі «шет, жисқ» дегендерге нұсқайды (Л. Буд., Срав..., I, 696). Соңғы «к» дыбысы қазақ тілінде «у»-ға айналу заңды құбылыс. Сонда «шашау шығармау» тұрақты тіркесін «шетке шығармау» деп түсінеміз.

**Шеге.** Ұрар жағында қалпақшасы бар, үшкір келген ұзын жіңішке темір. «Пальтомды шешіп босағадағы шегеге ілдім де, үстіне ала кепкамды қойдым» (Б. Нұржекеев, Бір өкініш.).

«Шеге» сөзінің алғашқы тұлғасы мен мағынасы монғол тілінен екендігін, сол тілдің дерегі анықтайды. Онда біздің тіліміздегі «түйреу, қадау» сөздері беретін мағынаны «шигэх» тұлғалы сөз атқарады (Қаз.-мон. сөз., 1977, 316). Алғаш етістік мағынасында қолданылған осы сөз қазақ тіліне ауысқанда заттанып, орындайтын іс-әрекетіне лайықты «шеге» атауында қалыптасқан. Оның іс-әрекеті — қадалу, қағылу екені айтпаса да мәлім.

**Шежіре.** Тарихи оқиғаларды жазып отыратын жылнама деп баяндалған түсіндірме сөздікте. «*Шежіре* деген болады қазақта. Орысшасы — летопись» (Ғ. Сланов, Асау арна.).

Қазақ арасында «шежіре» сөзінің көп тараған мағынасы — адамның арғы ата-бабаларынан (ру, тайпа) бері қарай тарауы жөніндегі мәлімет. Бұл көбіне ертеректе жазу арқылы емес, еске сақтаумен жүзеге асып келгенін айта кету, сөз төркінін ашуға себін тигізбек.

Кейбір автор «шежіре» сөзінің араб тілінен ауысып келгендігін айтады (Е. Бек., КТАПС., 1977, 189). Бірнеше тілдік деректерді көлденең тоса отырып, өзіміз бұған келіспейміз. Арабтарда «шәджәрә» сөзінің мағынасы тек «ағаш» дегенге ғана нұсқайды да, «алнысып шәджәрә» тұрақты тіркесін келтіріп, «шежіре» (родословное дерево) деп түсіндіреді (Араб.-рус. сл., I, 1970, 493, 494).

Түркі және монғол тілдерінің ішінде Тува тілінде «жаттап алу», «жатқа білу» мағыналарын — «шээжилээр» тұлғалы сөз береді. (Рус.-тув. сл., 1980, 99, 187, 271). Әрине, бұл сөз оларға монғол тілінен ауысқан. Монғол тілінде «цээжээр» (Қаз.-мон. сл., 1977, 117), қалмақтарда «чеддәр дасх» (Рус.-кал. сл., 1964, 97) дыбыстық құрамдағы сөздер «жатқа білу», «жаттап алу» мағыналарында қолданылады. Сондай-ақ монғолдарда «дастан, шығарма, шежіре» сөздерінің «шасар» тұлғасы арқылы берілетінін де ескертеміз (Мон.-қаз. сөз., 1954, 360).

Көне заманда өткен оқиғаларды ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізудің ең мықты тәсілі — ойға сақтау, жаттан алу екенін ешкім теріске шығара қоймас. Сондықтан да, «шежіре» сөзінің алғашқы төркіні араб тілі емес, монғол тілі және оның пайда болуы «жаттау» іс-қимылының негізінде жатыр. Демек, «шежіре» дегеніміз — жаттап, еске сақтау арқылы жеткен тарих.

**Шеке.** Біздің түсінігімізде — құлақ пен маңдай арасындағы бас сүйектің бір бөлігі. «Жан-жағыма алақтап келе жатқанымда... байқамай *шекемді* соғып алдым» (Ө. Күмісбаев, Ауыл.).

Сөз төркіні — монғол тілдері. Бірақ олардағы мағынасы біздегіден өзгеше. Монғолдарда — «чих», буряттарда — «шэхэн», қалмақ тілінде — «чикн» сөздері (Мон.-каз. сөз., 1954, 350; ССТМЯ, II, 1977, 391; Рус.-кал. сл., 1964, 746) біздегі «құлақ» мағынасында қолданылады. Тунгус-маньчжур тілдеріне монғол тілінен ауысқан «шеке» тұлғалас сөздер бірінде «құлақ», екіншісінде «самай» мағыналарында көрінеді (ССТМЯ, II, 1977, 391).

Бізде ертеден бері келе жатқан «құлақ» сөзі болғандықтан, алғаш монғол, түркі тілдеріне ортақ «шеке» тұлғалас сөз бас бөлігінің біріне атау болып қалыптасқан. Мұндай жағдайды басқа түркі тілдерінен де байқаймыз. Мысалы, якут тілінде чэчэгей — самай (Рус.-як. сл., 1968, 65), туваларда чаак — шеке (Рус.-тув. сл., 1980, 651). Осыларды ескеріп, түйіндей келгенде біздегі «шеке» сөзінің алғашқы төркіні — монғол тілі, тұңғыш мағынасы «құлақ» болып шығады.

**Шекісу.** Біреумен біреудің қарсы келіп, қақтығысып, ұрсысуын осылай да айтамыз. «Қатуланса қалың ел, хан төремен *шекісер* (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

Сөздің тұңғыш тұлғасы мен мағынасы түркі тілдерінің ішінде чуваштарда сақталған тәрізді, «шекееш» немесе «сеекееш» тұлғалы сөздер біздің түсінігіміздегі «сүзісу» мағынасында көрінеді (СЧЯ, вып. 17, 1950, 373; Чув.-рус. сл., 1985, 359).

Біздің байқауымызша, чуваш тіліндегі «сеекееш» — қазіргі қазақ тіліндегі «сүзіс» сөзінің ертедегі дыбыстық құрамы. Дыбыстардың сәйкестік заңы бізге осылайша қарауды талап етеді. Ал мағына жағы — бейнелеп, ұқсата көрсету нәтижесі. Адамдар сүзіспейді, оның орнына сөздерін сүзістіреді, қақтығыстырады.

**Шешен, кірпікшешен.** Кішігірім тікенді жәндік. Қөбі-

не оның «кірпі» атауы қолданылады. «Қарға баласын апағым дер, *кірпі* баласын жұмсағым дер» (мақал).

Түркі тілдеріндегі алғашқы атауы — «кірпі» (ДТС, 309). «Кірпінің» төркіні туралы болжам айтуға ділгерміз. Якут тілінде ағаштың тікенегі «киирбитэ» болып айтылады. (Рус.-як. сл., 1968, 179). Осыған қарағанда, ертедегі түркі тілдерінде қазіргі түсінігіміздегі «тікенек» — «киирбитэ» тұлғалас сөзбен түсіндірілген болса керек деп шамалаймыз. Осы түбірден ұқсату нәтижесінде — көздің асты-үстіндегі тікелей қылдың «кірпік», одан әрі мына мақұлықтың «кірпі» атаулары пайда болуы мүмкін.

«Кірпікшешен» атауындағы екінші бөлегі — «шешеннің» төркіні парсы тілі екенін толғанбастан айта аламыз. Оларда «чежк» немесе «чизу» сөздері біздегі «кірпі», «кірпікшешен» деген мағыналар орнына жұмсалады (Пер.-рус. сл., 1983, 467, 483). Көрсетілген тұлғалардың біздің тілімізде «шешен» болып өзгермесе лажы жоқ. Сөйтіп, «шешеніміз» де «кірпі» болып шығады. Демек, бір мағына қайталанып отыр (кірпі + кірпі).

**Шибөрі.** Ит тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Түсіндірме сөздікте «шибөріден» басқа «шиөбөрі», «шүйебөрі» атауларын ұшыратамыз. «Бұл тоғайда жабайы қабан, қасқыр, *шибөрінің* бұрыннан-ақ мол екенін Қанат жақсы біледі» (Қ. Құттыбаев, Оның ұрпағы.).

Біріккен сөз құрамындағы «бөрі»-нің төркініне тоқталмаймыз. Бізге қажеті — сөздің алғашқы бөлігі — «ши, шне, шүйе» түбірлерінің тұңғыш мағынасы мен төркіні.

Біздің тіліміздегі «жирен» мағынасын түсіндіретін сөздер тува тілінде — «шилги» (Рус.-тув. сл., 1980, 514), якуттарда — «сиэр» (Рус.-як. сл., 1968, 556) тұлғалары арқылы беріледі. Осы сөздердің қайсысы болмасын (тіпті қазақ тіліндегі «жирен» де) өте ерте кездерде «бөрі» сөзімен тіркеске түсіп, кейін біріге, кіріге келе алғашқы түбірде кейбір дыбыстар түсіріліп, дыбыс сәйкестіктеріне ұшырауынан «шибөрі» қалпына дейін жеткендігіне жорамал жасаймыз. Жорамалымызды тува тілі дерегі тағы бекіте түседі. Біздегі «шибөрі» оларда «шөө-бөрү» қалпында айтылады (Рус.-тув. сл., 1980, 644). Сөйтіп, «шибөріміздің» дәл мағынасы «жирен қасқыр» немесе «қызыл қасқыр» деп қорытындылаймыз.

**Шикіл, шикіл сары.** Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — сап-сары, шикі сары. «Шет жақтан бір *шикіл сары*

...орысша мен татаршаны араластыра сымнылдады» (Ж. Тілеков, От кешу.).

Бізге төркіні қажет болып отырғаны «сары» сөзінің алдындағы «шикіл» тұлғасы. Чуваш тілінде — «шакаал» (Л. Серг., ДСЧЯ, 1968, 87), якуттарда — «чыңкыл» (Э. Пек., СЯЯ, I, 1958, 830) сөздері біздегі «аса», «тым», «ерекше» үстеу сөздері орнына қолданылады. Тіпті якут тілінде «чыңкыл хара» тіркесі — тым қара мағынасын береді (Э. Пек., СЯЯ, I, 1958, 830). Демек, бұл тілде тек «сары» сөзімен ғана емес, басқа да сөздермен (түсті білдіретін) тіркесетін қабілеті бар екен. Сонда, біздегі «шикіл сары» — өте сары, тым сары дегендерге мезгейді.

**Шола, жер шола.** Тұрақты тіркестегі «шола» мағынасы түсіндірме сөздіктегі «шола»-ға сәйкес келмейді. Бұлт ала, *жер шола*, қырдағы ел жұтаса, ойдағы ел аман» (М. Тиссов, Дала.). Мысалға келтірілген сөйлемнің ішіндегі «шола» сөзінің бойынан сөздікте көрсеткендей, «біркелкі емес, ...ала-құла жер» деген мағынаны іздеп таба алмайсыз. Аспандағы бұлттың ала болатындығына анықтама берудің қажеті шамалы. Ал «жер шоланы» тағы да «жер ала» деп түсінудің қисыны жоқ.

Кейбір түркі тілдері, әрі кетсе, монғол тілі деректерінен мынаны байқаймыз: телеуіттерде «чөлө» тұлғасы — жазық, кеңістік (В. Рад., Опыт..., III, 2, 2043), алтай тілінде «чөл» — дала (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 165), ең соңында, монғолша «шулуун» — тегіс (Қаз.-мон. сөз., 1977, 304) мағыналарында қолданылады. Осы деректер бойынша; «жер шола» тұрақты тіркесіміз — «жер жазық», «жер дала», «жер тегіс» сияқтылардың мағыналарымен бірдей.

**Шора.** Бұл көне сөзді түсіндірме сөздікте — феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім, бек, мырза, шонжар деген ұғымда түсіндіреді. «Күні кеше аға боп қосылған Жеті рудың өзінде қанша *шора*, қанша жақсы бар» (Ә. Кекілбаев, Үркер.).

Жүйесі басқа тілден ауысып келгендіктен мағынасында ауытқушылық көп болады. Сондай сөздің бірі — «шора» қазақ тіліне парсы тілінен келіп, ертедегі ел билеушілерінің дәрежелеріне атау болуы да заңды құбылыс. Бұл сөздің парсы тіліндегі тұлғасы «шоура», «шора» калпында көрініп, берер мағынасы — 1. кеңес; 2. мәслихат, мәжіліс (Пер.-рус. сл., II, 1983, 118). Сонда «шора» дегеніміз ерте замандағы кеңес, мәжіліс иелері.

**Шөмеле.** Төбе-төбе етіп үйілген шөп. «Олар әр жерде *шөмеле* боп үйіліп жатқан шөптерді арбаға тиеді» (Б. Тоғысбаев, Ақиық.).

Кейбір түркі тілдерінің мәліметтеріне қарағанда бұл сөздің алғашқы тұлғасы етістік мағынасында қолданылған. Якут тілінде «чөмөхтө» сөзі қазіргі қазақ тіліндегі «жиннау», «салу» мағыналарында жұмсалады. Шамасы, осы тұлға ертеректе біздің тілімізде қолданылып, қазір «жнюдың» нәтижесінен пайда болған үйінді (шөп) атауына ғана не болып қалған. Якут тіліндегі етістік мағынасы кейбір тунгус-маньчжур тілдеріне де ауысқан (ССТМЯ, II, 1977, 414).

**Шұқшию.** Бір нәрсеге зер салып үнілу, қадағалап ден қоюды осы сөзбен де береміз. «Менің бұдан былайғы *шұқшиятыным* орыс тілі мен орысша оқу болады» (С. Мұқанов, Өмір мектебі.).

Әдетте, бір нәрсеге зер сала қарау дегеніміз көбіне сйлана қараумен мағыналас болып отырады. Осымен «шұқши» етістігіне тәркін боларлық тұлғаны көне тілдердің бірі — чуваш тілінен табамыз. Чуваштарда «шухаш» Чув.-рус. сл., 1985, 624), кейде «шухши» сөздері қазақ тіліндегі «ой» (ойлау) орнына қолданылады (СЧЯ, вып. 17, 1950, 258). Осыған қарағанда, «ой» орнына жүретін «шұх» түбірлес сөз ертеректе біздің тілімізде де болып, кейін қолданудан қалып, тек «шұқши» етістігінде сақталған демекпіз. Сонда «шұқшию» — қазіргі кездегі «ойлану»-дың баламасы.

**Шұлғау.** Қонышты аяқ киім кигенде аяққа орайтын матаны осылай атайтынымыз белгілі. «Қонған жерде *шұлғауларымызды* сығып кептіреміз» (С. Сейфуллин, Тар жол.).

«Шұлғау» сөзінің шыққан тәркінін және алғашқы мағынасын мына мәліметтер-ақ анықтайды. Қырғыз тілінде «чулга» (Қ. Юд., КРС., 1965, 874), ноғайларда «шұлгав» (Ног.-рус. сл., 1963, 418), туваша «шуглаар» (Рус.-тув. сл., 1980, 159), хакастарда «сулга» (Хак.-рус. сл., 1953, 201), якут тілінде «суулаа» (Рус.-як. сл., 1968, 164) дыбыстық құрамдағы сөздер қазақ тіліндегі «орау», «қымтау» мағыналары орнына қолданылады. Демек, «шұлғау» зат есімі «шұлға» (бізше — «ора») етістігінен.

**Шүйгін.** Қазіргі түсінігімізде — құнарлы шөбі, суы мол, шұрайлы жер. «Бүкіл жаз бойы мал аяғы тимеген қыстау төңірегіннің шөбі *шүйгін*» (Береке.).

Бүгінгі күні «шүйгін» сөзі тек шөптің құнарлылығына байланысты ғана айтылатын болса, көне түркі тілінде өзгешелеу мағына меншіктенген: чівгін — тоқ, жұғымды, кенеуі мол ұғымында адам пайдаланатын ас, тағамға да қолданылған. «Чівгін аш» — жұғымды ас (ДТС., 147). Осы мағынада қазіргі түркі тілдері ішінде қырғыздарда сақталған чүйгүн — жұғымды (тамақ жөнінде) (К. Юд., КРС., 1965, 877). Біздің тілімізде тек, жоғарыда көрсетілген, шөппен байланысты айтылады.

**Шыбыртқы.** Бұл сөздің қысқаша түсінігі — мал айдауға арналған ұзын қамшы. «Қазтай қолына тобылғы сапты, бүлдіргі таққан шыбыртқысын алған» (З. Ақышев, Бұршақ.).

«Шыбыртқы» сөзінің -қы жұрнағынсыз тұлғасы ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де қолданылып, «шыбықпен ұру, соғу» мағыналарын ұғындырғанын білеміз (ДТС., 147). Ерте кездерде, әлі «шыбыртқы» сияқты мал айдау құралын жасамай тұрғанда, адамның қолданған құралы жіңішке ағаш бұтағы, шыбық болғандығы әр кімге де аян. Сондықтан да сөздің алғашқы түбірі «шыбық» болғандығын батыл айта аламыз. Осы түбірге -ыртқы күрделі жұрнағының қосылуы нәтижесінде қазіргі кездегі еңбек құралы «шыбыртқы» пайда болған.

**Шылбыр.** Атты байлау үшін, нөқта не жүгеннің сулығына тағылатын жіңішке, қылдан есіп жасалған жіп немесе жалпақ қайысты қазақтар осылай атайды. «...Тәнештің кер атының шылбырынан жетектеп, үй сыртындағы мама ағашқа байлады» (С. Бегалин, Сәтжан.).

Ертеректе «шылбыр»-дың жасалуына қандай заттардың қатынасы болған десек, ең алдымен есімізге жүн, қыл сияқтылар еске түседі. Осы арқылы сөз төркінін анықтау қиынға соқпайды. Көне кезде түркі тілдерінде «чүбүр» сөзі қазіргі түсінігіміздегі «жүн, қыл» мағынасын берген (ДТС., 157). Кейінгі дәуірде шағатай тілінде «чубур» тұлғасы «қой және ешкі» жүні түсінігін меншіктенген (Л. Буд., Срав., I, 491). Бұл біздің топшылауымызды шындыққа жақындата түседі. Өйткені, «шылбыр» сияқты жіңішке баулар жүнге қыл араластырылып есіледі. Қысқарта айтсақ, «шылбыр» — өзін жасап шығарған заттардың атауын ауыстырып алудан келіп шыққан. Қазіргі қазақ тілінде жүннің алғашқы атауы сәл дыбыс өзгерісімен «жүн-жыбыр» қос сөзінде сақталған (орфографиялық сөздік, 1978, 158).

**Шымылдық.** Қазіргі кезде бұл сөздің мағынасы өте

кең, көлемді ұғым меншіктенген. Оны түсіндіріп жатпай-ақ мысалмен шектелейік. «Шашағы кереқарыс қыжым орамал бүркенген келін ... *шымылдық* ішінде отырды» (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз.). «1926 жылдың 13 январь күні «Еділік-Кебек» спектаклімен қазақ театрының *шымылдығы* ашылды» (І. Омаров, Сербін).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері дерегінде: «чом» түбірі — «суға сүңгу, бату», ал «чомуш» — суға бірге сүңгісу мағыналарында айтылған (ДТС., 153). Алтай, телеуіт тілдерінде бұл тұлға мен мағына сол қалпында сақталған (В. Рад., Опыт..., III, 2, 2031, 2032). Тува тілінде «сүңгу» мағынасы — «шымныр» сөзі арқылы түсіндіріледі (Рус.-тув. сл., 1980, 311). Ал қазіргі біздің тіліміздегі «шомылу» (суға түсу) да көрсетілген түбірлерден пайда болған.

Ежелгі дәуірде суға түсіп шыққаннан кейін сол орынға керіліп ұсталатын матаны (пердені) «чомушлуқ» деп атаған. Міне, осы сөз біздің заманымызға жетіп, қазақ тілінде «шымылдық» түрінде қалыптасқан. Сөйтіп, бұл сөздің арғы түбірі (чом) суға шомылу етістігімен байланысты екенін көріп отырмыз.

**Шыр, шыр жұқпау.** Түсіндірме сөздік бойынша, тіркес мағынасы — ет алмады, семірмеді, қон бітпеді. «Рас, қайсы біреулер қаншама тамақ ішсе де *шыр жұқпайды*» (Т. Жармағанбетов, Ақ жауын).

Ежелгі кезде түркі тілдерінде «шыр» тұлғасының мағынасы — «май дегенді ұғындырған. М. Қашқари сөздігінде «бу еттә чир йоқ» (бұл етте май жоқ) деген сөйлемді ұшыратамыз (ДТС., 146). Міне осы тұлға қазақ тілінде тіркесте сақталып, «шыр жұқпау» дегеніміз — «май жұқпаумен» мағына жағынан бірдей.

**Шыртылдақ.** Қаншалықты дұрыс екенін анық айту қиын, түсіндірме сөздікте «тортасы айырылған сары майға жылқы майын қосып жасаған тағам» мағынасы берілген.

Қазақстанның кей жеріндегі тұрғындар тілінде — қорытылған сары май да «шыртылдақ» қалпында аталады. «Дастарқанға ірімшік, құрт, сары май, *шыртылдақ*, жент қосарластыра төгілді» (Ә. Көшімов, Қысталаң.).

Түркі жазба ескерткіштерінен мынаны оқимыз: серіт — қорытылған (май) (ДТС., 497). Қазіргі түркі тілдері ішінде бұл мағына чуваш тілінде сақталған: шаарат — еріту, қорыту (Чув.-рус. сл., 1985, 612). Осы де-



рекерге сүйенсек, қазақ тілінде де алғаш «шырт май» тіркесінде қолданылып, бірте-бірте «май» сөзі түсіріліп, «шырт» тұлғасына жұрнақтар қосыла келіп, «шыртылдақ» болып қалыптасқан. Сонда «шыртылдақ» тұлғасы қазіргі түсінігіміздегі «қорытылған» болмақ.

## Ы

**Ығай мен сығай.** Қазіргі түсінігімізде — іріктелген, таңдаулы. «Профессорлардың бәрі де *ығай* мен *сығайлар*» (С. Мұқанов).

Екі сөздің біреуі де қазақ тілінде жеке тұрып қолданылмайды әрі мағына да иеленбейді. Бірақ кейбір түркі тілдері мен монғолдарда әр қайсысының өзіне меншікті мағыналары бар. Якуттарда — «ығай» (Э. Пек., СЯЯ, III, 1969, 3754), тува тілінде — «чугула» (Рус.-тув. сл., 1980, 59), ал монғолша — «чухал» (Қаз.-мон. сөз., 1977, 214) тұлғалы сөздер «маңызды» дегенге мезгейді. Ал бізде осы екі сөзді қоса қабаттастыра айтқанда ғана жоғарыдағы өзімізге тән мағынаны түсіндіретін болып қалыптасқан.

**Ыдыс.** Ас-су құйуға арналған, ішіне нәрсе салынатын тұрмысқа қажетті бұйымдарды, жалпы алғанда, осылай атаймыз. «Сервант ішіндегі *ыдыстар* да көз жауын алады» (М. Сқақбаев, Сұлутөр.).

Тілдегі сөздер тарихын, төркінін іздестіруде тосын жайттарға тап болу таңдандырмаса керек. Қоғам дамуымен қоса тіл де дамып, оның құрамындағы жеке сөздердің мағыналарына да жаңалық кіріп, өзгеріп отырады. Сондай сөздердің бірі — ыдыс.

Кейбір түркі тілдері деректеріне карағанда, біздегі «ыдыстың» қазіргі мағынасы — соңғы дәуірдің жемісі, туынды мағына. Якут тілінде «ытыс» (Як.-рус. сл., 1972, 533), тофа тілінде «адыш» (В. Рас., ФЛТЯ, 1971, 151), туваларда «адыш» (Рус.-тув. сл., 1980, 235) сөздерінің бәрі де қазақ тіліндегі «алақан» түсінігін береді. Бір кездерде осы іспеттес тұлға (ыдыс) біздің тілімізде де алақан орнына жүргендігіне қалған із де жоқ емес. Қазіргі біздегі «уыс» сөзі сол «ыдыстың» жұқанасы деуге болады.

Ойға салып салыстырсақ, көне заманда су ішуге де, затты салып алып жүруге де арналған қуыс жабдығымыз екі қолдың алақаны болды. Кейін ондай қызметті қолдан жасаған іші қуыс бұйымдар атқарған кезде ала-

қанның алғашқы атауы «ыдыс» соларға көшкен. Ал якут, тува сияқты тілдерде алғашқы атауы сақталған.

**Ымы-жымы.** Бұл күндегі түсінігімізде — қулық-сұмдық, айла-тәсіл. «Бұл екеуінің *ымы-жымын* әзір тірі пенде сезген емес» (З. Ақышев, Жааяу Мұса.).

Қос сөздің тұңғыш мағынасы боларлық түсінікті түркі тілдерінің бірі якуттардан кездестіреміз. Оларда «йәм-джаам» қос сөзі — келісім, қарым-қатынас мағыналарында қолданылады (ССТМЯ, I, 1975, 315). Қос сөз құрамындағы сөздерді жеке-жеке алсақ мынадай түсініктерді байқаймыз: йәм — келісім; джаам — қатынас (Рус.-як. сл., 1968, 595, 389). Осыларды еске ала отырып түсіндірсек, «ымы-жымы» қос сөзінің алғашқы мағынасы — «қарым-қатынас, келісімдері бір» сияқты ұғымға сілтейді.

**Ындын, ындыны кебу.** «Қатты шөлдеді, қаталады» мағынасын қазақ тілінде осы тіркеспен де жеткізеді. «*Ындыным кеуіп*, екінші самаурын еселенуін күттім» (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Қазақ тіліндегі сияқты ауыспалы мағыналарда болмаса, «ындын» сөзінің алғашқы мағынасы боларлықтай сөз басқа түркі тілдерінде кездеспеді. Мысалы, қырғыз тілінде «ындын» тұлғасы — «көңіл-күй» мағынасын береді (К. Юд., КРС., 1965, 931). Одан әрі, монғолша «ундаан» (Қаз.-мон., сөз., 1977, 279), қалмақтарда «унди» (Рус.-кал. сл., 1964, 458) біздің түсінігіміздегі «сусын» мағынасына нұсқайды.

Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреуінде «уннун» сөзі — «таңдай» дегенді ұғындырады (ССТМЯ, II, 1977, 275). Міне осы сөз монғолдарға, бері келе түркі тілдерінің кейбіреуіне ауысып, мағына өзгерістеріне ұшырауы ықтимал. Сонда «ындыны кебу» біздің түсінігіміздегі «таңдайы кебуді» білдіреді.

**Ынжық.** Бұл сөздің қазіргі мағынасы — жасық, жігерсіз. «Әйелінің бетіне қарап бір сөз айта алмайтын сол *ынжықты* қойшы» (Ж. Алтайбаев, Сыпырғыш.).

Уақыт өткен сайын сөз мағынасының неше саққа құбылып отыратындығына тағы бір айғақ. Ертедегі «ынчак» (кейде «ынчық») тұлғасы — қайғылы, қапалы мағынасында айтылған (ДТС., 219). Кейін монғол тіліне ауысқанда «унжих» тұлғасына өзгеріп, «салбырау» мағынасында қолданылатын болған (Қаз.-мон. сөз., 1977, 259). Дәл сол сияқты, қазіргі қазақ тілінде де мағына өзгерісіне ұшыраған.

**Ырым-жырым.** Қос сөздің алғашы сыңарының мағынасы кім-кімге де түсінікті. Ал «жырым» мағынасының да одан алшақ кетпейтініне сәл кейін көз жетеді. «Бұл жақтың қыз ұзатысы тіпті қызық, ескі *ырым-жырымдары «көп»* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.).

Тува тілінде *чурум* — заң (Рус.-тув. сл., 1980, 434); монғолдарда *журам* — әдеп (Қаз.-мон. сөз., 1977, 41) мағыналарын көрсетеді. Осыларды ескергенде, ырым да ырым, жырым да ырым болып шығады.

## I

**Іңір.** Қазақтардың түсінігінде — күн батып, қараңғы түсе бастаған кез. «Талтаяқ шал күнді батырып алды да, кешкі *іңір* қараңғысында тайып берді» (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Кейбір түркі тілінің дерегіне қарағанда, «іңір» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғанға ұқсайды. Тува тілінде — «имир» тұлғасы біздің қазіргі тіліміздегі «мұнар, тұман, қараңғылық» мағыналарына нұсқайды (Рус.-тув. сл., 1980, 249). Күннің батуымен байланысы жоқ, жалпы қараңғылық ертеде осылай аталуы мүмкін.

**Іскек.** Сақал-мұртты, қасты жұлатын кішкене тістеуік темір осылай аталады. «Ақан жез *іскекпен* жуан екі қылды жұлып тастады» (Т. Әлімқұлов, Сейтен.).

«Іскек» сөзін құрал атауына иелік жасатып тұрған -к жұрнағы. Көне жазба ескерткіштер сөздігінде «іскә» сөзі қазіргі түсінігіміздегі «жұлу» етістігінің орнына жұмсалған (ДТС., 214). Сөз болып отырған құрал атауы кейін пайда болған. Ерте кездің өзінде-ақ етістік тұлға түркілерден тунгус-маньчжур тілдеріне де ауысқан (ССТМЯ, I, 1975, 330).

**Ішінара.** Бұл сөз тілімізде «кейде, ара тұра» мағыналарының орнына тұтынылады.

«Ішінара» сөзін ежелден келе жатыр деудің де себебі жоқ емес. Сөз екі түбірден біріккен. Соның алғашқысы ертедегі түркі жазба ескерткішінде «ічін» қалпында да, ал оған «ара» сөзі көмектесіп, «ічін-ара» қос сөз түрінде де берер мағынасы — қазіргі біздің түсінігіміздегі «өзара». Әрине, бұл жерде де уақыт озған сайын сөз мағынасына өзгерістер еніп, қазіргі кездегі «кейде, ара тұра» ұғымдарына көшкен.

## 1. Кыскартылып көрсетілген әдебиеттер түсінігі

- Н. Бас., А. Я.,— Н. А. Баскаков. Алтайский язык, М., 1958.
- Н. Бас., ДК — Н. А. Баскаков. Диалект кумандинцев. М., 1972.
- Н. Бас., ДЧТ — Н. А. Баскаков. Диалект черневых татар. М., 1966.
- Т. Бер., МССМЯ — Т. А. Бертагаев. Морфологическая структура слова в монгольских языках. М., 1969.
- Л. Буд., СРАВ... — Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. т. I, II, Спб., 1869, 1871.
- И. Бур., Некоторые... — И. Д. Бураев. Некоторые фонетические особенности говора аларо-унгинских бурят. ИБГ, выпуск II, Улан-Удэ, 1968.
- В. Ил.-Св., ОСНЯ — В. М. Иллич-Свитыч. Опыт сравнения нестратических языков. М., 1971.
- С. Мал., ПДП — С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951.
- С. Мур., О тюркских... — С. Н. Муратов. О тюркских аффиксах — таш// -даш и -турук// -дурук . свете данных других алтайских языков. ПОАЯ, Л., 1971.
- К. Мус., Заметки... — К. М. Мусаев. Заметки о языке крымских каранмов. ВДТЯ, т. IV. Баку, 1966.
- Н. Он., ПКТС — Н. Ондасынов. Парсыша-казакша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974.
- Т. Пах., Сарык-рус. сл. — Т. Н. Пахалина. Сарыкольско-русский словарь, М., 1971.
- Э. Пек., СЯЯ — Э. К. Пекарский. Словарь якутского языка, т. I, II, III, М., 1958—1959.
- В. Рад., Опыт... — В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. т. I—IV. Спб., 1893—1910.
- В. Рас., ФЛТЯ — В. И. Рассадин. Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1971.
- Э. Сев., ЭСТЯ — Э. В. Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. Книги 1, 2, 3, М., 1974, 1978, 1980.
- Л. Серч. ДСЧЯ — Диалектологический сл. Чувашского языка, 1968.
- Д. Тумашева, ЯСТ — Д. Г. Тумашева. Язык сибирских татар. Казань, 1968.
- М. Фасмер, ЭСРЯ — М. Фасмер. Этимологический словарь русского языка. т. I—IV. М., 1986, 1987.
- А. Шерб., Названия... — А. М. Шербак. Названия домашних и диких животных в тюркских языках. ИРЛТЯ, М., 1961.
- К. Юд. КРС — К. К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1965.
- С. Яст., ГЯЯ — С. В. Ястремский. Грамматика якутского языка. М., 1938.

## 2. Қыскартылған жинақ, журнал атаулары

- ВДТЯ — Вопросы диалектологии тюркских языков.  
ДТС — Древнетюркский словарь. Л., 1969.  
ИБГ — Исследование бурятских говоров.  
ИРЛТЯ — Исторические развитие лексики тюркских языков.  
КСЭ — Қазақ совет энциклопедиясы.  
КТДС — Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.  
КТКЭС — Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.  
КТТС — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (он томдық).  
МҚ — М. Қашқар. Девону лұғатит түрк. I—III томдары.  
ПОАЯ — Проблема общности алтайских языков, Л., 1971.  
ССТМЯ — Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. т. I, II, Л., 1975, 1977.  
СЧЯ — Словарь чувашского языка, Чебоксары, 1941, 1950.  
СЭС — Советский энциклопедический словарь. М., 1985.  
ЭО — этнографическое обозрение.

## 3. Қолданылған белгілер

- > Алғашқы түбір не мағынадан туған тұлғалар мен ұғымдар.  
~ Жарыса қолданылатын сәйкес дыбыстар, сөздер.  
+ Түбірге түбір не қосымшаның қосылуы.  
= Түбірге жалғануға тиісті қосымшалар.

Справочное издание

Абилбек Нурмагамбетов

**ПЯТЬСОТ ПЯТЬ СЛОВ**

(Этимологический толковый словарь)

(На казахском языке)

Редакторы *М. Қаниұлы*  
Көркемдеуші редакторы *В. Логинов*  
Техникалық редакторы *Г. Сұлтанова*  
Корректоры *Б. Тәттібаева*

ИБ № 6167

Теруге 6.05.93 жіберілді. Басуға 25.10.93 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Баспаханалық қағаз. Шығыңқы басылыс. Әріп түрі «әдеби». Шартты баспа  
табағы 15,96. Шартты бояулы беттаңбасы 16,117. Есепті баспа табағы 16,659.  
Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс № 1404.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің  
«Рауан» баспасы. 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің  
«КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фаб-  
рикасы. 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.







